

Қайрат САҚ

АЛАШ КӨСЕМСӨЗІ:

ТІЛ МӘСЕЛЕСІ

КӨПТОМДЫҚ

2 том



Алматы
2014

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3(5Қаз)

С 17

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және Спорт министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

**Ғылыми жоба жетекшісі
және жалпы редакциясын басқарған:**
Қайрат Сақ – ф.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің профессоры

Құрастырушылар:
Эльмира Ерікқызы – жобаның ғылыми қызметкері
Алтынтас Дәулетқызы – жобаның ғылыми қызметкері.

САҚ Қ.

С 17 **АЛАШ КӨСЕМСӨЗІ: ТІЛ МӘСЕЛЕСІ.** – Алматы: «Қазақ
энциклопедиясы», 2014.

Т. 2. – 400 бет.

ISBN 9965-883-98-5

Ұлттың тұтастығын сақтайтын рухани құндылықтардың ең негізгісі саналатын тіл мәселесі қай заманда да өзекті болды және өз кезеңінде ел зиялыларын бейжай қалдырмады.

Жинақта XIX ғасыр аяғында жарық көрген «Дала уалаятының газетінен» бастап, XX ғасырдың 30-жылдарында шыққан «Жас Түркістан» журналы аралығындағы Алаш басылымдарының тіл мәселесіне қатысты құнды жарияланымдары топтастырылған. Сонымен бірге мұрағаттардан алынған тарихи құнды құжаттар мен алаш қайраткерлерінің жеке жинақтарына енген тілге қатысты көсемсөздері енгізіліп отыр.

Кітап елдіктің тұғыры саналатын тіл мәселесін зерттеп жүрген ғалымдарға, алаштанушы мамандарға, сонымен бірге Алаш көсемсөзі қайнар көзінен нәр алғысы келетін жалпы оқырмандарға арналады.

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3(5Қаз)

ISBN 9965-883-98-5

© Сақ Қ., 2014

© «Қазақ энциклопедиясы», 2014

«СӨЗІ ЖОҒАЛҒАН ЖҰРТТЫҢ ӨЗІ ДЕ ЖОҒАЛАДЫ»

Алғы сөз орнына

Қазақ елінің азаттығын аңсап қана қоймай, ұлт тәуелсіздігі жолында күрес көрігін қыздырған Алаш ардақтыларының тіл тақырыбында жазған көсемсөз мұраларын жүйелі жинау, егжей-тегжейлі зерттеу, нәтижелерін ел игілігіне жаратудың маңызы орасан зор.

Ұлттық құндылықтардың ішінде өзектісі болып саналатын тіл мәселесін оң шешу қашанда маңызды болып қала беретініне ешқандай күмәніміз жоқ.

XX ғасыр басында Алаш көсемсөзінің көш басшысы Ахмет Байтұрсынұлы «төңірекке қарасак түнерген-түнерген бұлттар көрінеді» деп жазып, қауіп-қатердің қайдан келіп жатқанын дөп басып танып, ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалудың жолын іздеді. Әсіресе, біртіндеп қолдану аясын қолдан тарылта бастаған қасиетті ана тіліміздің қамын ойлағанда жанын қоярға жер таппай, шыр-пыр боп араша түсті, қолы қабарғанына қарамастан көсемсөз жазып, дамылдамай дабыл қақты, күрескерліктің тың даңғылын салды. Солардың бірінде бүй дейді: «...Қазақ деген қашаннан өз алдына ұлт болып, Еділден Ертіске, Оралдан Ауғанға дейін тұтас тұрған халық еді. Арамызға әр түрлі жұрт кіріскенде солармен қатар, атымыз жоғалмай, қазақ ұлты болып тұра аламыз ба? Осы біздің төсекте дөңбекшітіп ұйқымызды бөлетін нәрсе. Басқа жұртпен араласқанда өз алдына ұлт болып, өз алдына тілі бар, өз тілінде жазылған сөзі (әдебиеті) бар жұрттарға не тұрады. Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егерде біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек. Қазақтың балалары қалай оқып жүр?

Елде оқыса, он жыл оқып хат жазуды білмейтін ескі жолмен оқиды. Шаһарда оқыса, я сарт, я ноғай медреселерінде оқиды. Рус школында оқитыны русша кітап, үйренетіні русша жазу, қазақша көбі оқи да, жаза

да білмейді. Мұсылман медреселерінде оқығандардың естігені әдеби тіл, оқығаны әдеби тілмен жазған кітап, жазғанда да сол кітаптардың тіліне салып еліктеу. Ол әдеби тіл деген қандай тіл? Араби, фарсы сөздер көп кірген тіл. Неғұрлым араби, фарсы сөздер көп қосылса, неғұрлым кара халық түсінуге ауыр, тіпті түсінбейтін болса, соғұрлым әдебиырақ болады деп, тұтынған жолдан шыққан тіл. Бұл тіл халықтан тумаған, жаны жоқ тіл. Мұсылманша оқығандарымыз әдеби тілімен сөйлейміз, әдеби тілімен жазамыз, қазақша жазсақ әдеби болмайды деп қазақ тілімен жазуға ұялады, қорынады.

Русша оқығандарымыз қазақ тілімен пікірімізді толық айта алмаймыз, жетпейді, русша жазғанымыз оңай дейді. Қысқаша, русша, мұсылманша оқығандарымыз қазақ тілімен жазуға қорынып, біреуі русша жазады, біреуі әдеби тілмен жазады.

Бұлардың өз тілінен қорынып жиренетін себебі не? Менің ойлауымша, бұл әдеттенуден бірі русша оқып, бірі әдеби тілмен оқып қазақша жазу әдетінде болмағандық. Әдетінде жоқ нәрсе қалыптан тысқары болып, басында ерсі көрінеді. Қазақ тілі мен жазу әдетінде болмаған соң русша һәм мұсылманша оқығандарымыз қорынады. Бір-біріне жазған хаттарында қазақша жазбайды. Бұлай істеулері ұнамды емес. Бірақ қазақ балаларын аталары осы күнгі оқытуына қарағанда «бұл неге солай?» деп ғажаптанар да іс емес. Сегіз, тоғыз жасынан оқуға түссе, оқыған тілі басқа болса, оқитын кітабы басқа тілде болса, жазғанда сол кітаптардан үлгі алып жазса, олар қайдан қазақша жазуға әдеттенер? Мұнан былай да осы бетімізбен жүре берсек, ақтығында қазақ тілі азып-тозып, бірте-бірте тұтынудан шығып, әуелі қазақша жазу ұят көрінер, сонан соң қазақша сөйлеу ұят көрінер, онан әрі не болары белгілі. Оқыған жастарымыз қазақ тілінен жиренсе, қарттарымыз мың жасауға болмаса, қазақ тілі жан сақтайтын орын жоқ. Сондықтан бұлтақтамай осы бастан істің бетін тура жіберу үшін анықтап ашатын нәрсе мынау: қазақ тілін сақтау керек пе, болмаса русша болсын, басқаша болсын сөйлеуге жараған соң бәрі тіл ғой, қазақ тілі жоғалса жоғала берсін дейміз бе? Біздің газетіміздің таңбасы «Қазақ», яғни қазақтығымызды сақтау Қазақтық әрине аты мен тілі жоғалмаса сақталады. Бұл айтқанымыз русша, я басқаша оқымасын деген емес, русша тілін де білу керек. Бірақ өз тілінен жиренбеске керек деген сөз. Тұтынбаған нәрсе жоғалады. Он жыл, он бес жыл еңбек етіп, қиналып рус яки әдеби тілдерді үйренгендерге өз тілімен жазуды үйрену қиын деп ешкім айта алмас».

Ел қамын, «ұлт сақталуына себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» жайын жеріне жеткізе, егіле жазған Алаш арысынан артық ешкім айта алмасы хақ.

Көңілге медет тұтатынымыз, Қазақ елі тәуелсіздігін жариялағаннан кейін бірінші кезекте қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беріліп, батпандап енген дерттен мысқылдап айыға бастағандаймыз. Десек те, шешімін күткен мәселелер де аз емес.

Осы орайда, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруде қайраткерлік танытқан еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін» деген қағидасы Алаш арыстарының идеясымен ұштасатынын айтуға тиістіміз. Елбасы «Тарих толқынында» атты тарихи еңбегінде: «Малшысы мен манабының бір деңгейде сөйлейтініне мақтана алатын халық әлемде сирек болар. Осы орайда, қазақ тілінен аударма жасаушылардың тарапынан болып тұратын күдік-күмән еске түседі. Олар қазақтың әдебиетшілеріне «осы бір тұста әсіре сөз жоқ па?!» деген сұрақты жиі қояды. Жоқ. Себебі, тілдік шығармашылықтың мың-миллион ғажайып мүмкіндіктері арқылы жүзеге асатын қазақ санасының ерекшелігі, белгілі дәрежеде, төл мәдениетімен шын мәнісінде етене болғандықтан, қазақ тіліндегі көркемдік сезімнің барша бояуы мен көзден таса мағыналық тереңдігін кез келген қазақтың парықтай алатындығынан болу керек. Сондықтан да қазақ тілінің әдебиетшілдігі дегеніміз, түптеп келгенде, ойлаудың ұлттық ерекшелігі болып шығады. Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұ дүниеде қымбат не бар екен?! Әрине, одан қымбат ештеңе жоқ деп айтуға болады. Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі», – деп жазып, қазақ тіліне жоғары баға беруі Алаш көсемсөзшілерімен үндес келеді.

Қазақ тілінің дамып-жетілуі бағытында ізденген Алаш қалам қайраткерлері, ең алдымен, қазақ тілінің жүйелі жазу емлесін қалыптастыруды көздеді. Осы жолда аянбай қызмет етті.

Жинақты құрастыру барысында байқағанымыз, тіл мәселесін ең көп көтерген көсемсөзші – тұңғыш қазақ лингвист-ғалымы Ахмет Байтұрсынұлы. Ол өзінің алдына жүйелі мақсат, айқын бағдарлама қойып, сол бойынша өз бетінше жұмыс істеген тәрізді. Мәселен, оның бірінші мақсаты – қазақ баласының сауатын ашу болса, осыдан барып «Оқу құралы» пайда болды, содан кейін қазақ тілінің грамматикалық құрамын ана тілінде талдап беруді мақсат етеді де, «Тіл-құралды» жазады. Тілді дұрыс жұмсай білу тәртібіне байланысты ойға қалады да, «Тіл жұмсарды» ұсынады, оқытудың методикасын жасау мақсатында «Баяншыны» береді. Кезінде әлденеше басылуының өзі бұл еңбектердің зәрулігі мен бағасының қаншалықты дәрежеде болғанын аңғартса керек.

Осы орайда, Алаш қайраткерлерінің көсемсөздерінде көтерілген ой-толғам, идеялар бүгінгі күні де практикалық тұрғыдан өте құнды екені талас тудырмаса керек. Тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде елімізде қазақ тіліне байланысты үлкенді-кішілі іс-шаралар жүзеге асырылып келеді. Көп мәселе айтылып та, жазылып та жатыр. Бірақ олардың басым көпшілігі бізге жаңалық емес. Мұның дені – кезінде Алаш қайраткерлері айтып, көсемсөздерінде жетер жеріне жеткізе жазып кеткен мәселелер. Сондықтан тіл мәселесінде үлкен жаңалық ойлап табамыз деп шаршап-шалдықпай, сол Алаш қайраткерлерінің көрсетіп берген бағыт-бағдарымен жұмыс істесек, тіл саласында көп мәселе қазіргіден әлдеқайда тез, әлдеқайда жемісті шешілер еді.

Сақ Қайрат Өмірбайұлы,
Л.Н.Гумилев атындағы
ЕҰУ профессоры

«ДАЛА УАЛАЯТЫНЫҢ ГАЗЕТІ»

(1888–1902)

«Дала уалаятының газеті» – «Түркістан уалаятының газетінен» кейін шыққан екінші қазақ тілді басылым болды. 1888 жылдың 1-қаңтарынан бастап 1902 жылдың 12 сәуіріне дейін шығып тұрды. Дала генерал-губернаторлығының ресми органы ретінде Омбыда жарық көрген «Акмолинские областные ведомости» газетінің қосымшасы ретінде «Особое прибавление к Акмолинским ведомостям» деген атпен басылды. 1894 жылдан бастап «Дала уалаятының газеті» болып шыға бастады. Орысша нұсқасы – «Киргизская степная газета». Басылымға әр кезде редактор ретінде қол қойып отырғандар – И.Козлов, К.Михайлов, Г.Абаза, А.Попов және Д.Лавров. Ал, қазақшасын тұрақты редакциялағандар – Е.Абылайханов пен Д.Сұлтангазин. Р.Дүйсенбаев, Б.Чалымбеков және тағы басқалар газетте аудармашы әрі әдеби қызметкер болып еңбек етті. Газеттің таралымы туралы нақты бір ақпарат жоқ, дегенмен басылымның бір мәліметінде 1332 деген дерек кездеседі.

Газеттің тұрақты авторлары қатарынан О.Әлжанов, Ш.Айманов, Ж.Аппасов, Д.Иманқұлов, А.Қылышбаев, А.Нөгербеков, М.Ж.Көпеев, А.Шонаев, Б.Әбдіков, А.Құрманбаев және Қ.Жаңатаевтың есімдерін кездестіруге болады.

Сол кездегі өзге газеттер секілді бұл басылымның да ресми және ресми емес бөлімдері болды. Ресми бөлімінде патша үкіметінің үкім-жарлықтары, заң-закондары, жергілікті басқару әкімшілігінің бұйрықтары мен шешімдері жарияланды. Оларды қарапайым халыққа түсіндіре отырып, отарлық жүйені күшейтуді көздеді.

Ресми емес бөлімі түрлі тақырыптарды кеңінен қамтыды. Оқу-білім саласындағы мәселелер, шаруашылық жайы, ғылыми зерттеулер, қазақтың халық ауыз әдебиеті үлгілерінен айтыс, мақал-мәтелдер, дастан-жырлар басылды, сонымен бірге әдеби аудармалар мен этнографиялық мақалалар, қоғамдық-публицистикалық жазбаларды кездестіреміз.

«Дала уалаятының газеті» – өз кезеңінде Ресей патшалығының жергілікті басқару органдары тарапынан шығарылған басылым бола тұра, қазақ халқының мәдени-әдеби, қоғамдық-әлеуметтік дүниетанымының жетіле түсуіне әсер еткені өз алдына, елдің саяси сауаты мен көзқарасына да зор ықпал еткен басылым болғаны сөзсіз.



Ғылымға қарай тағы бір қадам

Өткен декабрьде Семейден отыз шақырым тұратын Ақкөл-Қызылкөл қаласында қазақ, ноғай болып бір медресе ашты. Онда балалар орысша, мұсылманша оқиды. Мұны байқау керек, Семей облысының ішінде орысша оқитын мұсылман медресесінің әуелі бұл, мұнан басқа жоқ.

Семейдің оязнай бастығы айтылмыш медресеге молла болуды қабыл көресіз бе деп, податной инспектордың переводчигі Ауафи Әбішұғлынан сұраған еді, бұл бек қабыл алды. Ауафи мырза өзі қазақ. Оқуды Омбыдағы учительский семинариядан 1893 жылы бітірген. Арыз ісін жақсы білетін хәм бала оқытуға түсінген молда алыпты. Оның үшін Ақкөл-Қызылкөлдегілерге құтты, қайырлы болсын айтамыз. Мұндай қуанышты хабарды білдіре тұрып ноғай, қазақ балаларына орыс тілін хәм ғылым білгізуге тырысқанын артық болмас деп ойлаймыз. Бұл күнде орысша өз балаларына білгізуге әсіресе қыр қазағы қатты ұмтылып тұр. Бірақ бұларда баласын орыс медреселерінен оқытуға қаражат жоқ. Көбінесе қырда қалай медресе ашуын, қайдан істің жөнін білетін молла алуын білмейді, бұлардың көңіліне қандай адам жағады. Қазақтардың өздері де «Дала уалаяты» газетіне жазып жатыр ғой, біздерге қазақша хәм орысша тіл білетін молла керек деп. Тіпті жақсы болар еді, егерде бұл молдалар қазақтан болса. Бірлі-жарымды кісілер медресе ашайын десе, көңілдегі молла жоқ болған соң ілгері күнге қалдыра береді. Мысалы Кереку оязының Ақбеттау елінің қазағы Х. П. өз аулымда медресе ашамын деп, бір жылдай орысша-қазақша білетін молла іздеп жүрді. Және де Атбасар оязына қарайтын Құмқоңыр елінің қазағы былтырғы жылы осындай молланы іздеді, анау да, мынау да табылмады. Бұлардан басқа да балаларымызды оқуға берейік десек те жерімізде медресе жоқ деп жүрген көп қазақтарды көрдім. Бұл қазақтар айтады: «қалайша медресе ашуын білмейміз және де молла табылмайды, егерде молла табылса, медресе ашар едік», – дейді. Рас, қазақтарға молла болатын қырда бұл күнде ешкім де жоқ. Бұлай болған себебі қазақтардың қалауы жоғарғы ұлықтар молла табуға өздері жаһұт етсе екен демек.

Бұл үшін Омбыдағы учительский семинария медресесінен орын ашса екен. (Семинариядан шыққандар бала оқытатын молла болады). Бұл семинарияға осы күнде де түсуге мүмкін, бірақ оған қаражат жоқ. Егерде қауымнан ақша беріп тұрса, мұнда қазақтан оқитындар көбейер еді.

Отыншы Әлжанов

Қаріп турасының сөзі

Көп-ақ білетін шығар біздің қазақ халқының өз тіліне шығарған харпі жоқ болып, араб жұртының харпін ешбір қазақшаға түзетпей сол жұртта қалай жазылса, сол бойымен алған еді. Және де бұл араб әліпбінің қазақ сөздерін жазуға толық емес көп кемдігі бар һәм қайсы бір харіптері керексіз артық екені де оқу білетіндерге белгілі. Қайда болса да харіптің керексізі дауысты харіп. Дауысты харіпсіз сөзді үн шығарып оқи алмайды. Оқыса да аса қиын. Мысалы, «жаманат» деген сөздің әліптерін алып тастасақ, «жмнт» болып қалады, осыны әліпті қоспай оқып байқасаң дауысыңды шығарып оқу аса қиын. Шала хат танытындар оны тіпті оқи алмайды. Араб тілінде дауысты харіп аз. Бірлі-жарым дауысты харіптерін олар асты-үсті үгір қылып көрсетеді. Мысалы, біздің «мата» деген сөзіміз арабша «мт» деп жазылар еді. Бүйтіп астын-үстін қойып арабтар құран һәм сондай үлкен кітаптарды жазады, жеңіл-желпі кітаптарды астын-үстін қоймай-ақ жазады, мысалы, мата дегенді «мт» қылып қояды. Осы кейінгі формамен араб дініне кірген түркі һәм өзге халықтардың көбі жазады. Бұлардың арасында қазақ та солай жазады. Мысалы, қазақ дегеннің орнына «қзқ» деп, халық дегеннің орнына «хлқ» деп жазамыз.

Мұндай дауыссыз харіппен жазған соң түзу оқу аса қиын екенін айттып болмайды һәм ұйқас сөздер аса көбейіп, бек шатақ болады. Мұндай шатақтығы әсіресе бір аса белгілі емес сөздерді жазғанда білінеді. Өзге бір ұйқас сөздер орнына оқып кетпесін деп жазған кісі соның не сөз екенін білдіруге керексіз, бөгеті көп сөздер қосады. Егер сол сөздерді қазақ тіліне әдейілеп шығарған харіптермен жазса, бір де ұйқас болмас еді. Мысалы, «бөлінбек» деген сөзді екі түрлі ұғуға болады. Бірі – бұзылды деген сөз, бірі – екі бөлек болды деген сөз. «Мін» деген сөзді үш түрлі ұғуға болады:

Мін деп айыбын, кемдігін айтады.

Атқа мін деп бұйырғанын айтады.

Мен деп сөйлесіп отырған кісі өзін айтады.

«Сен» деген ол екеуі де үш-үш сөздің орнына жүреді.

Мұндай болатынының бәрі қазақтың дауысына дұрыс келетін харіптің жоқтығы. Дауысты харіптің орнына осы күнгі қазақ жазуында үш харіп жүреді: А, у, и. Анықтап байқасаң, қазақ тілінде 12 дауысты¹ харіп бар. Қатты әліп (мысалы, ат деген сөздегі), жұмсақ әліп (мысалы бәсе деген сөздегі). Екі деген сөздегі (е) һәм (и), (у) һәм іні деген сөздегі (і) дауысты жазатын харіп тіпті жоқ. «Ол» деген сөздегі (о) қойылған дефисті жазатын екі түрлі, бірі қатты, бірі жұмсақ. Соларды да жазатын харіп жоқ. Мысалы, «ол» деген сөзді екі түрлі оқуға мүмкін. Біреуі өлмек

¹ Дауысты харіп деп мынаны айтады, мысалы ағаш деген сөздің харпін алайық, «а», «ә» бұл екеуі дауысты; «ғ», «ш» дауыссыз.

деген сөзден шыққан, біреуі (ол барды) деген жауаптағы сөз. Әуелгі сөзде «ә» жұмсақ, екіншіде қатты. Онан соң «у», «бұ», «ту» сөздерге «у» мен көрсеткен харіп жоқ. Осынша харіптердің бәрін «А», «О», «И» мен-ақ бірдеме қылып ілөлап жазады. Қайсы уақытта арабтардың қылғанын қылып, сол үш харіптің өзін де жазбайды.

Осы турада Сұлтанғазыұғлы мынадай депті: «Араб харіптерінің түрік сөздерін анықтап жазуға онша ұнамды емес екенін недәуір заман болды, түрік жұртының ғұлама білімдәрі де байқаған екен. Сол жарықтықтардың бір бөлегі араб әліпбиін тастап, жаңадан әліпби шығарайық деп таласып, таласып ақыры араб әліпбиін қалдырыпты. Осы күнде түрік жұртында араб әліпбиімен жазса да өз харіптері бір түрлі болып азырақ өзгеріп кеткен, парсыларда өзгергендей болып. Сол себептен парсы, түрік тілдерінде бір харіптермен жазатұғын екі халыққа бірдей сөздер де екі түрлі болып оқылады. Мысалы, араб әріптерімен былайша «тоты» деп жазғанда, түрікше «додо» деп оқылады. Парсылар дұрысырақ оқиды. Түрік жұрты араб әліпбиін тіпті түзеткен жоқ, сол бойымен осы күнге шейін жүргізіп тұрады. Мұны түрік кітабын оқысаң көресің. Олардың жазуында дауысты харіпті көбінесе біздіңше қоймайды. Және де түрік һәм парсы жұрты «тоты» деген сөзді әр қайсысы өз тіліне келтіріп, түзу оқығаны харіптерін түзеткенінен емес. «Екі» деген қазақ сөзін мен жазғанындай оқымай, қазақша қалай айтса, солай оқимын. Олар да «тоты» дегенді солай оқиды. Харіптің кемдігін Дінмұхамед мырза айтады, інжу кітабымен жеңгізу керек дейді. Інжу кітабы тоқтау қылар пәлен сөз солай жазылсын деп. Мысалы, мен шәкірттерге үйретсем, меніңше ойымның аймағының форымын «екі» деген сөз деп біліңдер десем, інжудің көрсеткені сол секілді болып кетпей ме, қозғалмаған әліпбидің кемдігі түзелмеген соң.

Қазақ тіліне жаңа харіп шығаруға, не болмаса осы күнгі жазып жүрген әліпбиді түзетуге көп тіл білетін ғұлама адам керек дейді қайсы бір адамдар. Бір кісінің оқудан қайтқан баласы құдыққа құлап кеткен соң, әкесі арқан салып келіп: «мынадан ұстап шық, мен тартайын» десе, баласы айтқан екен: «әуелі арқан деген нәрсе, соның мәнісін маған айт, құдыққа түсіп кеткен кісіні тартып шығаруға өзгеше бір машина шығару керек» деп шықпаған екен. Жоғарғы айтқандардың осыған ұқсайды. Біздің көп тіл білеміз деген ғұламамыз түгіл хатты шалашала танитынымыз да аз. Бұ күнде құдықта жатқан баладаймыз. Әуелгі әліпбиді шығарған кісі көп тіл біле қойған жоқ шығар. Не жұмысқа да болса рас, білім керек, мен оған таласпаймын. Сөйтсе де, қандай ғұлама данышпан жер астынан шықса да қазақ тіліндегі осы күнгі бар әртүрлі дыбыстан артық-кем ойлап таба қоймас, сол дыбыс нешеу болса сонша харіп шығарады. Егерде біз өз көшімізге қарап шамамыздың келгенінше ескі әліпбиді жетпегенін қосып түзетсек, аз-мұз қате кетсе соңына

бір ғұлама шыға қалса түзетер, онша тілден көп білмесек те үлкен қателер бұл турадан кете қоймас. Және де мұндай ғұлама қазақ ішіне қайдан келеді, қашан шығады? Мен сіздерге мырзалар, айтайын, ғұлама өз тұсынан жерден тезінен шыға келмейді, ғұлама үлкен оқулы адамдар кішкентай адамдардың жаһұтымен шығады. Істі жалғыз ғұламадан басқа қыла алмайды емес, кім қыламын деп талаптанса, кім жақсылық қыламын десе сол қылады. Мұнда қандай әліпби қазақ тіліне дұрыс келеді яки ескі араб әліпбиін қалайша түзетеміз деген жауап көп сөз болы жатқан. Әйтеуір қазақ тіліне анық жететін қылып әлібиді түзету керек. Әліпбисіз ешбір халық ғылым, білім болмайды. Осы күнгі білімді халықтардың бәрі әліпбиі болғаны үшін ғылым, білімді болды. Қайсы бір халықтарда әліпбиі бар да, бірақ қиын шатағы көп. Сол себепті ғылым, білім түгіл хат жазуды үйренуге аса бай адамдарының яки үлкен ұлықтарының балаларының ғана шамасы келеді. Бұрынғы Мысыр жұртында солай болған. Осы күнгі Қытай харіптері біздің қазақтікінен қиын болған, себебі жалғыз оқып жаза білуіне онда он бестеп жыл өткізеді. Бұл күнгі Ағылшын, Француз, Италия, Германия, Испания, Америка халықтары әліпбиін сондай оңайлатқан, екі-үш күнде бала хат танып, жазу да жазады.

Және де олардың ауызша айтқанынан жазғанын жақсы ұғасың. Біздің жазғанымыздан үйтіп ұғу қиын, себебі ұйқас сөздер көп болады, харіп түгел болмағаны үшін Әліпби шықпай тұрып ғылым, білім жоқ. Онсыз бола алмаған. Әліпби шыққаннан кейін ғылым, білім де шықты. Әліпби бар болғанымен қиын шатағы көп болса, ғылым, білімге де көп бөгет қылады. Бір іс бастап, ол ісің оңай болса, көңілденіп қызығына кіріп жұмыстайсың. Егерде шатақ, бөгет шыға бастап, өзін ұға алмасаң көңілің қайтып, қылғың келмейді. Бала оқи бастағанда өзі түсініп оқытқанының байыбына барса, көңілденіп оқиды, мұнысы оқу бітіруіне көп себеп, әр қайсы уақытта бүтіл ғұмырына жақсы-жаман тұруына да себеп болады. Араб әліпбиінде қазақ тіліне кемдігі, шатағы бар. Харіптері басында бір түрлі жазылады, аяғында, ортасында әр қилы болып, баланың басын қатырады. Менің ойымша, құран кітабын дін жөнінен оқығанда араб әрпімен оқи берсін, қазақша жазылған хиса, өлең, ертегі сөздер хәм бір ғылым жайлары қазаққа деп оңай қылып әдейілеп түзеткен харпімен жазылса екен.

Өзге жұрттардың әліпбиінде неше түрлі тыныстар бар, бізде о да жоқ. Қазақ тіліне әлі көп қиын кітаптар жазылмаған соң, бұлар керегі жоқ секілді көрінеді, қиын бірдеме жаза бастасаң бұл аса керек. Және де қазақ жазуында біреудің есімін құрмет тұтқаныңды көріп, басына жазуға үлкен харіптер де жоқ.

Рақымжан Дүйсенбаев

Мемлекет тілдері

Бір мемлекеттің қол астына қарап тұрған неше түрлі халықтар мұқтаж болып, бек қатты керек қылады, бір-бірін біліп танымақтарын. Соның үшін олардың әр қайсысына тиісті бірнеше түрлі тілдерді білмектік. Бірақ мұның бәрін білу бек қиын хәм мекен-жайы сонан болса да әрбір мемлекеттерде мүмкін қатары жаһұт етіп білуге тырысады, қарап тұрған жайттарының тілдерін үйреніп білмектеріне, керекті мақсатына қарай. Еліне мұндай болмаған мезгілінде қиын болмай, жеңіл болса керек.

Біздің уақытымызда шыққан машина арқылы жүретұғын нәрселердің себебіменен қандай үлкен дүниенің жүзін ойыншық секілді қылып, адамдардың жүріп-тұруларына жақын қып қойғандарының себебінен әрбір жұрттардың бір-біріне араласып, қатынасулары көбейіп кеткеннен кейін, бүткіл халық араларына керекті тілдерді үйреніп білмектеріне керектігінің барлығы білініп қалды. Соның үшін ең белгілі халықтардың бір-біріменен көнісіп уағда қылғандары баршаға керекті тіл болсын француз тілі деп.

Осылай болған мезгілде әрбір адам тәлім қылып, уақыты бола қалған кезде оған керекті білмектік ең жоқ дегенде үш түрлі тілді. Тұрмыс уақытында қиыншылық көрмей біреудің болыспағын сұрап, оған тәуелді болғанша. Әуел білмек керек өз тілінді. Онан кейін қарап тұрған мемлекетінің тілін және мүмкін қатары француз тілінде. Бұл тілді барша халықтар үйреніп, жатыр, орыстар, арабтар, немістер, қытайлар хәм басқалары да.

Тұрмыс мемлекетінің тілін білмектік әр қайсысына пайда хәм қарап тұрған мемлекетінің өзіне де пайдасы бар. Қолдарындағы халықтары тілдерін біліп төзімдеріменен мекеме бұйрықтарын ұғып тұрғаннан кейін оларды жақсы қылып сақтап ұстамақтарына. Соның үшін әр бір мемлекет жайлары жаһұт қылады, қол астына қарағыштары мүмкін қатары білсе екен деп, тұрмыс жағының тілдерін.

Және неміс ұлтының мемлекеті жаһұт етіп қалайды, қол астарына қараған Россия халқыменен поляк халықтары неміс тілдерін үйреніп білсе екен деп. Және Россия халықтары жаһұт етеді, өзіне қараған халықтары орысша ұғып, тілдерін білсе екен деп. Соның үшін міндеттілі қылып қойған баршаларына тілді үйретпектерін хәм бүкіл медреселерде де оқытып білдірмектерін хәм бүкіл медреселерде табиғи қаратып қойған ең үлкен ғылым мекемесіне әрбір тексеруші жайларда және мемлекетке қараған мекеме жайларында басқа тіл болмасын, жалғыз қарап тұрған мемлекет тілінен болады деп.

Ғылым, оқудың қажет екенінің баяны

Біздің қыр даласындағы қызметтегі қазақтарға орысша тіл білмектің қажет екені, мұның баршаға бірдей пайдалы екені төмендегі жазуда баян етіледі.

1891-інші жылы 25-інші мартта патша хазіретінің әмірі бойынша бекіліп шығарылған Дала уалаятына тиесілі низам бойынша қыр даласындағы бес облыстағы халықтың сайланған билеріне әділетпен билік қылмақ үшін ықтияр берілген еді. Би басына қылған бітімдерін жазатұғын книгалар берілді. Закон книгадан билер өздеріне қандай ықтияр, қандай міндет тиесілі екенін қарап білсе керек. Билік книгаларына дау жұмыс-тар турасынан қылған кесімдерін жазғанда олай-бұлай қисық қылмай әділеттік жөніменен жазар деп ойлаған едік Енді мұның бір қапалығы бар, сайланған халық билері орысша түгіл, қазақша жазу білмейтұғын адамдардан болады. Мәзкөр книгалар қолдарына тиген соң қалайша бітім жазуларын білмей қапа болады. Орысша жазуменен тіл білмектің мұқ-таж екендігі бек қатты батып тұрады.

Осы уақытта біздердің арамызда шатақ болып тұрады. Халық арасындағы ұлықтардың қылған істеріне адамның ақылы жетіп болмайды. Халықтың пайдасын ойлаған адамдар аз. Қазақ арасында бекер айтпайды мына мақал: «болыс бөлтірік, би қарға» деген. Қасқыр мешкей болған соң малдарға шабатұғын, қарға ақымақ болған соң бет алдына қарқылдай беретұғыны кімдерге мағлұм емес. Бұл себептен болыс нашарларды сыпырады, билер ақымақ болған соң жұмысын қалай болса солай тиянақсыз қылады.

Болыс пенен билер, сіздерге жаман атақтан құтылуға уақыт жетті ғой. Бұл атақтан сіздерді жамандаған адамдарды жаза штраф салып құтыламыз дегендерің бекер болса керек. Мұндай амал қылғандарыңмен оңдай алмассындар. Өздеріңді жақсы көріндірейін десендер өзге бір түрлі дұрыс, анық амал бар, ғылым, оқу оқып ақылды, әдепті болсаңдар керек, орысша тіл үйреніңдер, орысша оқу үйреніңдер. Орысша кітап оқысаңдар ақыл табарсындар, білімдерің артар, тастай болып қатып қалған жүректеріңе дән беріп жібітер, қараңғылықтан көздеріңді ашар. Сіздерге бұл қажет болса керек. Мұнан кейін жақсыны жаманнан айырасыңдар, біреудікінің обал екенін білерсіңдер. Мұнан кейін сіздер бөтендікіне құрмет етіп, жақсылық өздеріңдікің қорғарсындар. Сіздер мұнан соң дұшпандарыңның қылған жамандық залымдығын законный құрметі бойынша һәм таза амалменен тоқтатарсындар һәм қас қылған адамдардың өсегінен құтыласындар. «Білегі жуан біреуді жығады, білімді мыңды жығады» деген мақалды өздерің де білесіңдер, ғой. Оқуды үйреніп қуаттанып, орысша тілді үйренсең ғұмырыңда аштан өліп, көштен қалмас едің. Балаларымызды орысша школдан оқытсақ қымбат

емес қой, мұнан оқып шыққан балалар өзіміздің халқымызға көп пайда келтірер еді. Оқу оқып, орысша тілді үйренген соң біздің арамыздағы ретсіздікті жоғалтқаннан басқа хал-ахуал шаруамыз да ілгері басып, көтерілер еді. Біздің төмендегі бара жатқан шаруамызды көтеретұғын үйренген жай өнеріміз де һәм оқуменен білген өнеріміз де жоқ. Осы уақытқа шейін шаруаны реттеп жайғастыруда да жөндеп біз білмейміз. Осы кезде өзге халықтар жыл сайын ілгері басып, әр түрлі шаруа өнерлерін асырып кетіп бара жатыр. Біздің байлығымыздың тиянағы мал шаруамыз дегеннен күннен күнге нашарланып барады. Біздің өлі малдарымызбен тірі малдарымыздың жақсысы қандарымызды сүлікше сорған ноғай, сотқар адамдар, сарттардың қолына кетіп барады. Мұның барша себебі надандықтан һәм орысша тіл білмегендіктен. Бізге орысша тіл мен орыстың кітабы қажет. Кітаптан жай білім білгеннен басқа жан-жақтағы дүниеде не хабар, не керемет болып жатқандарын білеміз. Мұнан кейін көк өгіз жерді көтеріп тұр деп айтқан ертегі сөздерге иланбас едік. Мұнан соң ноғайлардың айтқан жалған сөздеріне де иланбас едіңдер, біз бұлардан гөрі оқымысты, өнерпаз болар едік. Неге десеніз, біздің арамызда ондай-мұндай жалған сөздерге иланатұғындарымыз ноғайлықтардан гөрі аз болса керек.

Орыстың тілі мен оқуын білуге бір-бірлеп қадам басқан сайын қажет болып келеді. Қалаға келгенде переводчик таба алмай әуре боламыз. Бұған жалынып сөзімізді жеткіз табып, малымызды сатысып бергеніне көп ақша төлейміз.

Солай біз бұрынғы өткен заманнан қалған жаман әдетке сеніп надандықтың ішінде қалғанымызға бек қайғыланамыз. Орыстар біздің қамымызды ойлап неше жүз жылдан бермен қарай ұйықтаған ұйқымыздан оятып жаһұт қылады. Орыс біз үшін шаруа школын ашты. Біздің балаларымызға оқу оқуға әрбір школ-медресеге бостандық беріп тұрады. Мысалы, Омбы шаһарындағы әр түрлі школ-медреселерде біздің балаларымыз оқып жатады.

Бірақ өкінеміз біздің надандығымызбен теңестіре қарағанда оқыған қазақтардың көптігі теңізден тамған тамшыдай ғана болып көрінеді. Сонда да біздер бұларды қуат қылып қырдың ішінде жатып қашан олар қайтып келіп өздерінің өніп-өскен туған халқына орыстың школынан алған өнерлерін көрсетер екен деп күтіп тұрамыз.

Қорабай Жапанұлы

Оны-мұны

Әскери уәзіріне табиқ Каспий облысына қараған жерлерде әр жеріне Каспий облысынын ниеттері бар Россия һәм мұсылман білімінше

оқылатұғын медресе ашпаққа ілгері Түркістан уалаятында болған медреселерге ұксаған. Сол медреселерде оқытылса керек Россия тілі, бір жерінде түрік тілі, оған парсы тілі. Мұның қақында қоспаққа іле көрдік, төменде Түркістан газетінің жиырма екінші нөмерінде жазылмыш сөзінен. Жазушысы мағлұм емес, біреу Піскент шаһарында Россияның жерлік медресесін көргені туралы жазған сөзі мынау:

– Осы июннің 3-інші күнінде Сырдария жағындағы медреселерді қарап тұрушы Смирнов деген бастық пенен Піскентке барып едім. Піскент көп адам тұратын үлкен шаһар болса да, ондағы орыс медресесінде он шақты ғана мұсылман баласы оқиды екен. Кім орыс ұлықтары мұсылман балаларын орыс тіліне уақытында үйретіп, оларды солдаттыққа алады деген бірнеше ақымақ адамдардың сөздеріне бағзы мұсылмандар сенеді деп. Бұ тәрізді мектептердің үстінен қарайтын бастықтары дұрыс жауап береді. Орыстардың ұлықтары жұмысында бұ тәрізді ой ойлау лайық емес. Елге ұлықтар мұсылман пақырларға һәм олардың балаларына жақсылық қана ойлайды және орыс ұлықтары әрбір бұйрықтарын жасырын қылмай әшкере қылады. Өзінің күш-қуатына сенбеген адамдар ғана айла қылып, өз ойлаған нәрселерін жасырып тұтынады. Орыс жұрты – үлкен қуатты жұрт. Қуатын арттырмақ үшін жылында екі жүз мыңнан көбірек кіші-жас солдат жиып алады. Оны әр уақытта барша халық біледі. Басқа жұрттар да біледі. Бұл хақында газеталарға да басып тұрады. Егерде орыс ұлығы мұсылман балаларын солдатқа алмақты қаласа, бұл туралы да халыққа мағлұм етіп, газеталарға бастырар еді. Мұнан басқа орыс әскерінің ішінде жас солдаттар бар, хат білмейтін, қуаты жоқ. Оларды қарастылы қылмақ үшін солдат болған соң оқытады. Орыс ұлықтары өз көңіліне алған мақсаттарын қылмаққа күші жетіп тұрып айла қылмақ не керек. Орыс ұлықтарына бұ тәрізді бағуда бір мағына жерді халық ортасында надан, жаман ниетті адамдар жаяды, олардың сөздеріне құлақ салу керек емес. Мұсылман іштеріне мектеп ашпақ, мұсылман балаларын оқытпақ, мұсылмандардың пайдасы үшін-жүр. Орыс тілін білген граматлы адамдар басқа білмегенге қарағанда ізгі артық тұр. Басқа оларға пайда келтіргені сол емес не, неше уақыт өткен соң мұсылмандар өздері фаһимлап өтінеді екен. Жаһұт етерлері орыс тілін білуге һәм өкінер оқымағандар, бекер оқымай уақытты босқа өткізгендеріне.

Біз өзімізден бұл сөзді қосамыз, орыс тілін білген солдаттыққа алынады деген бекер сөз. Бізге бұрыннан мағлұм-дүр. Бұл турада осы газетте бірнеше мәрте басылған еді. Бұ тәрізді бекер ой Піскенттегі мұсылмандар арасында осы уақытқа шейін бар екеніне қайран боламыз Осындай лайықсыз сөз, надан, бұзғыш адамдардың сөзіне әлі күнге ер-мек – артық ұят. Мұсылмандарға әр уақытта жақсылық қалағыш ұлықтарға айналмақ керек еді.

«АЙҚАП» ЖУРНАЛЫ

(1911–1915)

1911 жылы 10 қаңтарда Троицкіде қазақ халқының тарихындағы тұңғыш «Айқап» ұлттық журналының бірінші нөмірі шықты. Ұйымдастырушы және редакторы – М.Сералин. «Айқап» журналы 1911 жылғы қаңтардан 1915 жылғы қыркүйекке дейін әуелгіде айына бір рет, 1912 жылдан соң айына екі рет, 12-24 бет көлемінде шығып тұрды. Барлығы 89 нөмірі жарық көрді, таралымы 1000 данаға дейін жетті.

Троицкіде шығаруға рұқсат беру туралы 1910 жылы 18 қаңтарда берілген куәлікте басылымды төмендегі бағдарламамен басу көрсетілген:

1. Бас мақала. 2. Шет ел хабарлары. 3. Мұсылман өмірінен мәселелер. 4. Хроника. 5. Фельетондар мен өлеңдер. 6. Библиография және ғылыми мақалалар. 7. Әртүрлі хабарлар мен редакцияға хат.

«Айқаптың» бірінші бетінде елдегі жаңалықтар, ресми хабарлар, екінші және үшінші беттерінде «Ашық хат» деген айдармен оқырман хаттары басылып тұрды. Төртінші, бесінші, алтыншы беттерінде проблемалық мақалалар берілді. «Фельетон», «Хабарлар» айдарлары журналдың орта тұсынан, шетел хабарлары мен көңіл айту, басқарма ескертулері мен рецензиялар соңғы жағынан орын алды.

М.Сералинмен қатар Б.Қаратаев, Ж.Сейдалин, С.Торайғыров журналдың рухани жетекшілеріне айналды. 1911–1912 жылдары Ә.Ғалымов, 1913–1914 жылдары С.Торайғыров журналдың жауапты хатшысы болды. Басылым бетінде М.Жолдыбаев, Т.Жомартбаев, М.Кашимов, Қ.Кемеңгеров, М.Ж.Көпеев, А.Мұсағалиев, Б.Сыртанов, С.Лапин, Н.Манаев, С.Дөненбаев, С.Сейфуллин, С.Көбеев, Ж.Сейдалин, Б.Бекжанов сынды тұрақты авторлардың мақалалары жарияланып тұрды.



Бірге қозғалалық

«Айқап» журналы жарыққа шыққаннан бері қарай онда бірталай сөз, бірталай ой жазыла келді. Бірақ ондағы ой, іс сөздердің көбі шаруашылық жайында болды. Оқу, оқыту турасында бүгінгіше (құдай біледі) сөз шыққан жоқ шығар. Сондықтан мен ойлаушы едім, бұл турада қазақ білімділері неге кеңеспейді? Әлде осы татарлардың бастапқы төрт жылғы жаңа мектептерінің барлық программаларын қабыл қылып, тек сол жөніндегі кітаптардай қазақ тілінде мектеп кітаптарын шығарар ма екен? – деп. Көп кешіккен де жоқ нақ сол ойлағанымша татар әліппелері жолынша қазақ тілінде әліппе, басқа кітаптар майданға да шыға бастады. Бұл кітаптар майданға кеңессіз кесіп келіп жатқаны да ескерусіз жатқан оқу турасында «Айқаптың» № 4 санында «А.Б» -ның қолыменен «жазу тәртібінің аталуы бір жазу көрінеді. («А.Б» Ахмет Байтұрсыновтың псевдонимы С.Д.).

Бірақ ол мырзаның ойы біздің ойымызға жақындамастай басқа көрінеді. Шонки ол манағы жазуында орысша аз болғанда 8-10 жыл оқымай, өзіңе керекті білім алып болмауын айтады да қазақша оқығанда екі жылда жазып, жеткендей оқып болуды сөйлеп: «Қазақша оқу дегенде мен осы күнгі оқып жүрген мұсылманша оқуды айтпаймын. Бұ күні мұсылманша оқудың бұлғалақ-шырғалағы көп. Онымен жүріп орысша білуге кеткен уақыттан аз уақыт кетпейді» – деп өзінің молласы алдында... отырған қызғанышты замандарын еске түсіреді. Бұ мырзаның қарауында мұсылманша оқу әлі бұлғалақ-шырғалақ. Ары кетсе үш айда балаларды оқып, жазуға түсіндіретін татар айтуынша «Осүл жәдит» – қазақша төте оқу», оған мағұлым емес.

Мен А.Б. мырзаны бұлайша хабарсыз деп ойлағым келмейді. Тек түркі оқуды жөнге салушы құрметті Ысмағұлбек Гаспринский бір татар болған соң татарлардың ұстаздығын қабыл еткісі келмейтін шығар деймін. Шонки ол араб қаріптерімен бірге сіңгендіктен амалсыз ғана алуға зорланғанын аңдатады. Бірақ не қылмақ керек, өзің қисық болсаң, айнаға өкпелеп болмайды. Жалғыз татар менен қазақ қана емес, ол қадірлі Ысмағұл бабаның салған төте жолы Үндістанға да барып қабыл қылды. Менің қарауымда тілесе қандай жұрт болсын, өзіне қарай бір артықтығы бар. Бұ күнде оқу жөнінің артықтығы татарларда болған сықылды, қазақтарда шын түріктіктің ғадеті, тілі уа басқа қымбаттары сақталып келгендігіне ешкім қарсы келмейді.

Татардағы әліппелер соның ішінен Россиядағы бытырап жатқан мұсылман-түріктердің мектептерінің көбіне қабыл қылғанын Ахмет-Һәди Махсұдтың «Мұғалім алауыл» деген әліппесі, сол татар әліппелері жөніменен тәртіп қылынған Уфа медресесі Ғалиясындағы қазақ шәкірттерінің төте оқу ... бәрі де татарда я қазақта А.Б. мырзаның айтқанындай

24 дыбыс бар делінбей, 28 дыбыспенен майданға таралды. Бұған қарсы келген жан жоқ, шонки барлық түрік баласы ойлаған ойын сол 28 дыбыспен жазып, басқаларға өз керегін түсіндіре алады. Ол 28 дыбыс: і, б, п, т, ж, ч, х, р, з, ж, е, ш, ц, ғ, ф, к, к, г, н, л, м, н, о, у, һ, и. Бірақ А.Б. мырзаның айтқанынша бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты емес. Бәлкі 28-і де жарты дауысты. Шонки араб қаріптері керек түрік сөзі, керек араб сөзі болсын ешқайсысының басында орыстардың дауыссыз дыбыстары сықылды б, с, р болып оқылмайды. Бәлкі сөз басында келгенде барлығы да үстіне кішкентай (уау белгісі) қойылып б, т, о, ш суретінде оқылады. Орыстардың «Степан» деген атын қазақша Стіпан деп жазып көрсетілсе, әр жазу таныған қазақ алдына бір «і» дыбыстың керек екенін сөйлейді. Міне, сол жарты дауысты 28 дыбыстың ішіне екінші бір дыбысқа қосылып, дауыстыға айналатындары төртеу болады. Үшеуі толық дауысты, біреуі қысқа. Толық дауысты дыбыстың бірісі «А» болады. Мұны «А» дыбысы сырттан қарағанда көп кісі жалғыз дыбыс деп түсінеді. Әммә ол асылында «ЫА» деген екі дыбыстан жасалған. Яғни бір «Ы» дыбысына екінші «А» дыбысы қосылып дауысты болған. Бұл сыр араб қаріптеріне таныс адамдарға жасырын болмаса керек. Өңге дыбыстар да «а» сықылды «ба, та, жа, ға» деп дауысты қылады. Бұл қаріп әр уақыт дыбыстарды үстілі қылып қысқаша ғана созады: бе, же, іе, ре ... сықылды. Сондықтан орыстардың кеңірдектен келетұғын «э» дыбысын э, а, у дыбысын о, ы, и, і деп жеті түрде жазуының һәммәда ие дыбысын, е дыбысын е, я, ю, ь деп төрт түрде жазуын ауырсынбаушылар үшін біздегі екі түрлі и, ы менен төрт түрлі бұғаз дыбыстарының а, і, һ болып жазылуларында ешбір қиыншылық болмаса керек. Шонки, мұндайға ғана өзгелік орыстардың бас һәм орта қаріптерінде де бар.

А.Б. 28 дыбысты былайша санайды: А, а, п, т, ж, ч, д, з, р, с, ғ, к, к, г, л, м, н, о, ы, и, ие, о, Әммә (т, ц, ү, ж, ф) дыбыстарын бұлар араб-парсы уа басқа түріктерге керек болса да біздің қазаққа тіпті керегі жоқ деп етек-жеңін түріп қашады. Арабтардың өңге дыбыстарын қабыл алғанда өз тілімізде сөйленетұғын (т, ц, ч, ф) менен шет тілден араласқан (журнал) сықылды жаңа сөздерді жазу үшін парсының, ж қарпінен қалай қашуға керек? Өңге тілдерде бір дыбыс бес-алты түрде жазылған шақта бізде бір дыбыстың екеуі яки үш түрде жазылуын қиын көріп, еркін түріктің майданынан шығып, біз түрік емес, қазақпыз деп өз-өзіңді қысудан қанша пайда шығар?! Бұл А.Б.-ның қабылдамаған дыбыстары қазақ сөзінде бәрі де бар. Алайық: шаңырақ бар және жібек матаның бір түріне чай» деп айтылады. Міне, «чай» деген сөзді «шей» деп жазу қандай келіссіз болса, «чаңрақ» деп жазу ұнамсыз. Және де «сөз», соз, со, сыз, сын, тік, тыз, тын, тон деген қазаша сөздерде шек жоқ, өз дыбысымен жазу керек болады. Ал енді дыбысының қазақ тілінде ашық айтылатыны есепсіз

көп болғандықтан, оған мен ұқсасын келтіріп те тұрмаймын. Енді бұлай болғанда бір дыбыс екі түрлі жазылып екі дыбысқа есептелсе де А.Б-ның (Ахмет Байтұрсынов С.Д.) жіңішкерту дәйектісі ешуақытта қиындық келтірмейді. Ойлап қарайық, дәйекті қағида болсын, бірақ еш қағидасыз қойылған дәйекшіден не мағына шығар? Дәйекті қойылған уақытта да оның үстіне қарағанда қалыңдық, жіңішкелікті өздігінен түсіндіріп тұрғандай бір белгі болуға керек. Бұлай болмаған дәйекті, дәйекті емес, таяқша болмақ...

Әлі оның бір қызық сөзі және бар: «Менің бұл сөздеріме қарсы түскен адам болса, сөзін сәріф, нахумен ажбат етсін!» – деп қорқытып қояды. Апырмау, жаңа ғана шығып жерді жасырып жатқан бидайшықтан «маған осы егіннен нан пісіріп бер» деп біреуге айту қандай күлкі болса, сөз болып ұйытпаған дыбыстардың қалай болуын сәріф, нахумен ажбат етілуін сұрау сонша күлкі емес пе?! Жаман, жақсы болса да қазақша майданда бірнеше кітап жазғандар бар, оларға мойын бұрмау орынды болмас. Бастап сол майдандағы кітаптарды көзден өткізіп, кімдікі болса да көрсету керек. Оларды елемей, сөз сөйлеуші адамның сөзі ол кітаптар жағындағы адамдар қасында еленбес. Міне, соның үшін бірге қимылдалық, бірге қозғалалық!

Ж. Шияшов

Жазу тәртібі

«Айқаптың» 4-5 нөмірлерінде А.Б. (Ахмет Байтұрсынов) қазақша жазуға тәртіп көрсетіп, оқушылардың сынына салған, көпшілік ұнатса, сол тәртіппен әліппе бастырмақшы екен. Жазуды тәртіпке салу деген оңай емес. «Оқушылар сынасын» дегенде әркім басына келгенін жазатұғын болса, еш уақытта ойды бір жерге қорытып болмайды, бұл туралы сынаушылар да байқап жазарға керек. Әркімнің ізіне түсіп қуған, үйренген бір ісі болады. Сол ісін ол басқалардан артығырақ біледі. Егер оқу оқытуды машықтап, ол оқытудың һәм оқытқан нәрселерінің, асыл тәртібін, түп негізін анық білетін кісілер жазу хақында өз пікірлерін түсінікті етіп жазса, сынаушы деп соларға айтуға жарайды. Құр шалашарпы естіген яки өзінің көзі үйренгеннен басқаның бәрі де теріс деп білушілер сынайтын болса, біреу түгіл, тоқсан тоғыз тәртіпке де табан тоқтату қиын.

«Айқаптың» №6 нөмірінде Ш.Жияшов деген кісі (А.Б.) Ахмет Байтұрсыновтың жазу тәртібін тіпті басқаша түсінген, дұрыс айтқанда түсінбеген. Ол кісінің, жазғаны №7 тамам болмаса да сондағы жазғандарынан-ақ бұл мәселеге нешік қарауы байқалды. Бұл кісі Ахмет Байтұрсыновтың жазу тәртібінің дұрыс, терісін өз алдына тексеруден

бұрын ноғайлардың әліппе жазушыларынан басқа жол іздегені үшін қатты ренжіген. Ахмет Байтұрсыновтың ноғай жазушыларын жатырқағандықтан емес, қазақ тілінде қанша дыбыс болса, сонша белгі көрсетіп, артық қаріптерді кеміткен. Соныменен қазақша жазу-оқуды оңайлатқан. Сынаушы да осы арасын көздерге керек еді. Ахмет Байтұрсыновтың бұл көрсеткенінде жаңа тәртіп, ноғайлардың, «үсұл жәдит» ... жаңа тәртіп деген сөз, екеуінің де көздеген мақсаты бір. Қазақтың оқығандары қазақ балаларын өз тілінде үйрету үшін жеңілдікті басқа ретпенен тапса, ноғай жазушылары өкпелер ме екен?!

Жияшовтың бұл күнгі қолданып тұрған ноғай әліппелерінің, кемшілігі жоқ, соның үшін оған қарсы келген жан жоқ дейді де хатта «үсұл жәдит» яғни звуковой метод пенен оқыту ноғайлар арасына кіргеніне көп заман өткен жоқ.

Наху Сәріф кітаптары соңғы бір-екі жылдың, ішінде ғана көріне бастады, ноғай сөздерінде де бағызы дыбыстардың өзіне арнаған белгілері жоқ екені мағұлым. Біз өз ісімізді басқаралық. Қазіргі әліппелерін, оқу кітаптарын тәртіпсіз көшірушілер ноғайлардың өз арасында жоқ емес, бар. Мысалы, Қазанда учитель Әбуәлханов шығарған «Үсұл жәдитке» қарсы бірінші алдым деген рсәләләр (әңгіме С.Д.) секілді Жияшов Ахмет Байтұрсыновтың қаріптерді дауысты, дауыссызға бөлуін де қатеге санап, 28 қаріптің бәрін де жарты дауысты дейді. Бұл еш уақытта естілмеген жаңа хабар. Керек мұсылманша, керек орысша оқығандарды құрметті Жияшов сол қаріптердің бәрі де жарты дауысты, арасында дауысты һәм дауыссыздары жоқ екендігіне сендіріп болғанша мен өзім сенбей тұрам.

Ахмет Байтұрсыновтың тәртібінше қазақ тіліндегі әрбір дыбыстың өзіне арнаған қарпі бар. Ол қаріптерменен не айтылса, соны жазуға, не жазылса соны оқуға болады. Орыс жазуында менен е-нің дыбысы бір, жазылатын орындары басқа болғандықтан жалғыз қаріп үшін емтихан уақытында қанша балалар азап шегеді! Бір қаріптің орынсыз артық жүргендігінен мұндай қиыншылық болғанда 14 қаріп артық жүрген қазақ жазуында қалайша шатақ болмасын.

Жияшовтың: «Бірге қозғалалық ... түрік балалары ... һәди махсудының әліппесі Гаспринскийдің төте жолын Үндістан мұсылмандары да қабыл қылды...» деген сөзінен («Айқаптың» №7 қалған сөзінің ақырын оқып көрсем де) біздің қазақтарда түрік балаларының осы күнгі қолданып келе жатқан жазу тәртібінше болуын мәслихат көретіндігін түсінемін. Бұл секілді пікірлер менен бұрын да азырақ таныстығым бар. Дұрыс, түрік баласы екеніміз рас, береке-бірлікте екені де рас. Бірақ жеңілдік үшін әліппенің бірнеше қарпін өзгертумен түрік қауымынан шығып қаламыз ба? Онан дін, дүниеге қарасымыз өзгере ме? Қайта, қалың түрік тұқымының бір тарауы болған қазақ жұрты өзінің тұқымдастарынан кейін қалмасқа тырысып, оларменен аяғын тең басуға тағы да төтерек жол

тауып, ілгері ұмтылғаны қуаныш емес пе? Бұрынғыдай кемшілігімізді көрмей, қатемізді түземей, құр «біз де түрік баласымыз» деп атаның әруағына сүйенумен қазіргі өнер-білімнің қызу заманында бәйгеге қосыла аламыз ба? Егер жазу тәртібі Ахмет Байтұрсыновтың көрсетуінше болса, түрік, татар, араб, парсы жазуларын оқуға болмай ма? Әбтейі мектепте шет тілдері өзі де оқылмайды. Қазақша әбтейі мектепті бітірген шәкірт ноғайлардың орта мектептеріне түспекші яки арабша, парсыша оқымақшы болса, қазақ әліппесіндегі жоқ 5-10 қаріпті екі-үш сабақта үйреніп білуге болады. Және де 3-4 жылдай белгілі тәртіпте қазақша оқып, жазып үйренген соң, әлгі соңынан таныс болған қаріптерді қазақ тіліндегі сөздерге бұрынғыдай қатынастырмайды. Ахмет Байтұрсыновтың жазу тәртібін ұнатқанымнан басқа қосарым мынау: «Қазақ әліппесіне ф, х-да кірсе екен деймін. Таза қазақ сөзінде болмаса да қазақ тіліне кірген араб, парсы сөздерінде һәм: «Ахмет, Мұхамеджан, Фазыл...» деген секілді қазақ аттарында бұл екі қаріп көп ұшырайды. Ф мен х әліппеге кіргенменен жазу тәртібіне қиыншылық келтірмейді. Естілуінде де, жазылуында да бұлардан айыра алмастай ұйқас қаріптер жоқ. Жазу тәртібі хақында оқығандар (әсіресе мұғалімдер) шабандамай тезірек пікірлерін білдірсе екен. Ұнатпағандары себебін көрсетіп, ұнатқандары қосары болмаса да ашық хатпенен ұнатқандығын білдірсе, «Айқап» олардың кімдер екенін басып тұрар еді.

Азамат Алашұлы

Тіл сақтаушылық

Дүниедегі һәмме халықтың рухы (жаны) өзінің ана тілі, сол себепті әр миллет (халық) алдыменен ана тілін жоғалтпаудың себептеріне мықтап жабысқан, бірақ тіл, дін, әдебиет сияқты нәрселер мал, дәулет арқасында сақтай алмайынша жұрттың іштен шыққан талапты, жау жүрек, халық үшін білімін, қаламын аямайтын ер көңілді жігіттердің қызметіменен сақталады.

Ондай халық адамы екі түрлі болады, біреуі шайырлардың, яғни өлеңші ақындардың жыры, өлеңменен сақталады. Екіншісі, романстер яғни халық жайынан халықтың жақсы, жаман жағын хикаят қылып жазып жұртқа көргізуші адамдарменен сақталады. Біздің қазақ, қырғыз аталарымыздың «Жігіт жігіттің күзгісі – айнасы» деген һәм «жақсы жігіт пен жақсы ат көптікі» деген мақалдары бар. Сол сияқты халық үшін туған ерлер арқасында дін, тіл, намыс деген нәрселер сақталады. Мұндай адамдар әр жұрттың ішінен шығып, өзінің дінін, тілін сақтап өз жұртының абыройын көтеріп келе жатыр. Бізге үлгі боларлық халық толып жатыр. Біздің қазақ, қырғыз тілінің жоғалмауы үшін біздің ішімізден де

осындай қаламын халық пайдасына жұмсайтын жігіттер шығып, халық пайдаланғандай, әртүрлі өлеңдер, әртүрлі халық жайынан кітаптар жазуға керек. Өзіміздің түрік тіліменен әртүрлі балаларымызға оқытуға ылайықты мектеп кітаптарын жазып, келешек күніміз үшін зор дәулет әзірлеуге керек. Бүтін түрік татар, башқұрт, мишір, ғұсманлы секілді халықтардың арасында бұзылмаған сап түрік тілі біздің қазақ, қырғыз тілі екендігін бізге араласқан адамдардың бәрі де біледі. Бұлайша болған соң, қолымыздағы дәулеттің қадірін біліп, тіліміздің бай кезінен оқыған жастардың қызмет етіп, қимылдап қалатын уақыты келді. Россияның мемлекетінде обшее образование, яғни ғұмыры тегіс оқу басталайын деп тұр. Қазақ халқы тілге, әдебиетке кедей емес, бірақ басы қосылып құралмағандықтан білімсіз самарқау жатыр. Ғұмыры оқу басталғанша өз ана тілімізде балаларымыз үшін кітаптар жазып программаға кіргізуге даярлануға тиіс қой. Біздің ел ішіне де түрлі халық араласа бастады. Сол себепті кейінгі жастарымыздың тілі кәдімгідей бұзылып бара жатыр. Қазақ жерінде қазақтан да орыс, хақол көп болу себепті қазақ жастары әр нәрсенің атын, есімін орысша айтқанына мәз болып, өз тілін ... ұмытады. Күнбатыста Польша дейтін жерде, поляк ішінде бөлініп қалған аз ғана татарлар бар «поляк татар» деп айтылады. Солар осы күнде өз тілін ұмытып, бала-шағасына шейін орыс тіліменен сөйлейді. Сол сияқты қазақ жастарының көбі орысша оқығандары өз тілін ұмытып, яки ұмытпаса да қазақ тіліменен сөз айтуға намыстанушыларымыз да жоқ емес.

Біз миллетке олардан онша көп пайда үміт ете алмаймыз. Ондай адамдардың көбі өз тілінің, өз дінінің қадірін білмей, тек қана өз құрсағына қызмет етіп кетеді. Біздің миллетке қызмет етушілеріміз бір жағы мұсылманша, бір жағы орысша білімі болған жігіттерімізден болады. Бұл замандағы педагогтардың сөзіне қарағанда бала ең кемі 3 жыл яки 4 жыл ана тілімен оқуға тиісті болады. Біз қазақ балаларына сол 3 жыл ішінде өз тілімізде кітаптар оқыған сияқты татар тілінен де хабарсыз етпеске керек. Әбтейі (жаңаша) мектептен шыққан бала татар тіліне таныстығы болмаса, қалайша шәһәрге барып жоғары сыныпқа кіреді, оның дәріс кітаптарына қалайша түсінеді, бұл да ескерілетін бір жұмыс.

Бізге бұл күнде басшы болған, халыққа үлгі көргізген жігіттеріміз жоқ емес қой. Мынау «Маса» мен «Қырық мысалды» жазушы Ахмет Байтұрсынов секілді ерлерді халық қызметшісі деуге болады. Және де ... «Айқап» журналы менен «Қазақстан» газетінде халыққа жол-жөн көргізген қызметтерін біздерге ұмытуға керек пе еді?! А.Б. Әпенденің «Жалғыз қаз келгенменен жаз бола ма?» – дегені сияқты алты миллионнан артық қазақ халқы үшін бір газетпен бір журнал шыққанменен халықтың сусыны басылмайды ғой. Сонда да ауадағы қазға қарап қолындағы торғайды ұшырма! – деген сияқты көп журнал, көп газетке дейін қолымыздағы екі құсымызды ұшырмайық, шама келгенше ел-жұрт болып... дуам

етуіне иждиһат қылайық. «Көп түкірсе көл болады» деген ғой. Қандай ғана халық болса да білімі-ғылымы мемлекетіндегі шығатын газет-журналдарыменен, әдебиетіменен өлшенеді. Қай жұрт білімді болса, ол жұрт ішінен шығатын газет те көп болады, надан халықта біреуі де болмайды. Қашанға дейін киіз үйлерімізбен сары қымызға мас болып күнімізді өткіземіз. Ау, жұрт, ашайық көзімізді! Ұмтылайық, ғылым-білімге.

*Уалиолла Халили
Қостанай*

Тіл-әдебиет

(Бұл Кеңес жазушының өз сөзіменен өзгертілмей басылды)

Бір кеуде-пенденің дүниеде жасауы, бар болып тұруы үшін жан-рух керек. Бір халық, бір елдің де дүниеде бір миллет, ел болып жасауы, тірлік етуі үшін тіл керек, әдебиет керек. Жансыз кеуде дүниеде жасай алмас, шіріп, топыраққа айналып жоқ болар! Тілі, әдебиеті болмаған миллеттің де тап сол жансыз кеудеден айырмасы болмас, өзіне айырым әдебиеті болмаған миллеттер де дүниеде жасай алмас. Жасар бірақ жасауы ұзаққа бармас. Әдебиеті яғни жаны бар миллеттерге азық болар, жем болар, сөйте, сөйте ол миллет өзі де дүниеден жоқ болар!

Тіл-әдебиет бір миллет үшін әлбетте керек. Оның керектігі турасында жазылмақ сөздердің бәрінде бұл орында жазып бітіру мүмкін емес. Ол турада неше том кітаптар жазылса да аз. Сондықтан мен бұл орында әдебиет турасында жазылмақ сөздердің жалғыз-ақ – «Фәһәрісті» ғана жазамын:

Тіл-әдебиет бір миллеттің жаны һәм рухы-дүр.

1) Сәне ғалия топлы қағидалы бір әдебиетке мәлік болмаған бір миллеттің жансыз кеудеден ешбір айырмасы жоқ-дүр.

2) әдебиеті болмаған миллет тілі шықпаған жас бала кебі-дүр. Себебі, өзінің басындағы қайғы һәм шаттықтарын басқаларға айтып түсіндіре алмас. Сол сияқты әдебиеті болмаған миллет те өзінің басына келген қайғы-қасіретті, шаттық уа қуаныштарды бір-біріне айтып ұқтырудан ғажың болар. Басқа сүйектес уа жыныстастарын өзінің қайғы уа шаттықтарына ортақтастыруға күші жетпес. Солайша айырым бір миллет, ел болып жасау үшін ләзім һәм керекті болған беріктік, ынтымақ, бір-біріне жәрдем ету кебі шайырлардың олар махұм болар.

3) Дүниеде бір миллетті өз басына айырым бір миллет еткен, һәммәда бір миллет пен екінші бір миллет арасын жуықтатқан, бір-біріне біріктіріп екі миллетті бір миллет қалпына келтірген себептердің, ең зорысы да тіл уа әдебиет-дүр. Бәнә ғалия өзіне айырым әдебиеті болмаған бір милләт балалары да өздерінің миллеттерін сақтай алмас. Сақтай алмаулары үстіне өздерінен жоғары болған екінші бір миллеттің тіл уа әдебиетін

үйренсе, оның тіліне де әдебиетіне де жаны һәм кеудесімен ғашық болар! Өз тіл әдебиетін ұмытар, тілімен бірге өз миллетін де ұмытар. Бара-бара сол екінші миллетке сіңіп, оған бала болар. Балаларына жастан өз тілін жақсы үйретпеген, олардың көңілдеріне құры өгей ана сияқты тәрбие еткен миллет те келешекте балаларынан өзінің, қылған жақсылығы, берген тәрбиесі дәрежесінде ғана хақы алар, жақсылықты көрер. Балалары да оған өгей анаға қараған көзбен қарар. Миллет пен балалары арасындағы бұл ала көздік, шафеғатсыздық миллеттің ... ақырында бітуіне себеп болар. Міне, осы себептер үшін емес пе, бұл заманда бір миллет өзінен күшсіз болған екінші миллеттің миллеттігін тіліне, оған бір кетік жасайын десе ең алдымен ол бейшара миллеттің тіліне, әдебиетіне балта шабады. Өз әдебиеті олардың ана тілі орнынан таратуға әжәйәд қылады. Өз ана тілін ана сүтімен бірге емген өз әдебиетінің бағасын біліп, дәмін сезген миллет балалар өз тіліне ата-анасынан артық құрмет етер. Тіл уа әдебиетін жоғалтпас үшін жанын да пида етер... Заманымызда күшті миллет пен күшсіздер яки хакім миллет пен мыхыкүмләр арасындағы... жанжалдардың көбісі осы тіл, әдебиет мәселесінен қозғалады.

4) Тіл-әдебиет дүниедегі барлық бақыт сағадаттың, ғылым-өнердің, дін уа мәдениеттің асылы-дүр. Кісіні кісілік дәрежесіне ілестіретұғын, мәдениет жолына кіретұғын бұ нәрселердің әдебиеті болмаған бір миллет арасында таралып, тамыр жаюы мүмкін емес... Жоғарыда айтылған сөздер бір миллет адамдарының дүние тірлігі үшін жейтін тамақ, дем алатын ауа, не қадар болса, тіл уа әдебиеттің сол қадар керек екендігі біраз аңланса керек.

Енді біз өз жайымызға келелік: біз де «қазақ» атанған бір миллет елміз. Санасақ, санымыз бес-алты миллионға толады. Біздің де өзімізге айырым тіл-әдебиетіміз әлбетте бар. Жоқ болса оны болдыруға, көміліп жатқан мол қазынаны дүние жүзіне шығаруға, үлкен-кіші баршамыз да борышты һәм міндеттіміз. Шонки біздің дүниеде бір миллет болып жасауымыз онсыз мүмкін емес. Түркі рулары арасында қазақ, тілінің ескі һәм сөздікке бай, ескі болғандығы үшін де бек саф, нағыз тіл екендігі жұртқа мағлұм. Нағыздығы, байлығы жағынан қарағанда тіліміз Осман һәм татар, кей басқа туғандарымыздың тілдерінен көп алда-дүр. Иликин әдеби жағынан қарағанда тіліміздің олардың тілдерінен артта екендігінде іңкәр айтып болмайды. Біз бұл орынға қадар бір миллет үшін тіл әдебиеттің не қадар керек болғандығы, қазақ та бір миллет, ұлықтан оның да өзіне айырым бір әдебиеті боларға керек екені біраз аңлатсақ керек. Қазақ тілінің сөзінің көптігі, сөздігінің молдығы себепті – бай, ескілігі, жат сөздерден саламат болғандықтан бек саф, нағыз екендігінде біраз сөйледік. Бұл сөздерді сөйлеуін сөйлесек те оқушылар арасында бұл сөздерді ұнатпаушылар бәлки оған ашуланушылар да болар? Қазақ тілін ескі һәм бай тіл деп мақтағаны, әдеби тіл емес деп жамандағаны қалай? Мұның бастан-аяқ

әдебиет деп қақсағаны не нәрсе?—деп сұрдушылар да болар. Бәнә ғалия мен оқушылардың ашуларына, сұрауларына орын қалмас үшін келешекте әдеби тіл һәм әдебиет не нәрсе екенін оқушыларға ұқтырамын.

Шахзаман мырзаға

Мырза! Көзіңіз шатынап, шеке тамырыңыз шығып, аузыңыз көпіріп таласқа кетіп барасыз. Таластан қазақ баласы пайда тауып жүрген жоқ. Сабырменен отырып, ойласып іс істелік. Қазақ тіліндегі дыбыстарды көп я аз деп көрсетіп, борышыма берейін деп отырғаным жоқ қой. Мақсат сіз болып, біз болып, ақылдасып отырып, дыбыс басына қаріп белгілеп, жазуымызды бір жөнге салалық деген. Осы күнде әркім әртүрлі жазып жүр. Бір жөнменен жазылатын жазу жоқ. Жазғанымыздың қате я дұрыстығын айырарлық емле жоқ. Оның жоқтығы қазақ тіліндегі дыбыстарға ашып арнаған қаріптер жоқ. Бір сөзді екі кісі екі түрлі жазады. Хатта екі түрін жазғанша бір-ақ түрін дұрыстап кесіп айтсақ болмай ма? Сіздің жазған сөзіңізді байқаймын, қазақтың тілінде не һәм нендей дыбыстар бар екен деп еш уақытта ойланып қарамағансыз. Өзгелердің қазақ тіліндегі дыбыстар турасында жазғанын оқымағансыз. Дыбыс пенен қаріп екеуін бір затқа санайсыз. Мен қазақ тіліндегі дыбыстарды айтамын, сіз арабтың қаріптерін алып келіп көрсетесіз. Сіздің қарауыңызша, араб қаріптеріне дұрыс келетін дыбыстар қазақ тілінде бар болмақшы, дұрыс келмейтін дыбыстар тіпті жоқ болмақшы. Олай болғанда арабтың қаріптері қазаққа келмей тұрған уақытта қазақта ешбір дыбыс болмасқа керек қой. Араб қаріпінен бұрын қазақ сөйлемеді дейсіз бе? Біз ойлаймыз, қазақ араб қаріпінен бұрын да сөйледі деп. Сөйлеген соң дыбыстары да болды деп, ол дыбыстардың араб қаріптеріне тура келетіні де бар, келмейтіні де бар деп. Бәрі тегіс келмейтін себебі, араб әліппесі қазаққа деп арнап шығарған әліппе емес» араб тіліне арнап шығарған. Әр халықтың тіліндегі дыбыстардың ішінде бөлектік болады. Бірінде бар дыбыс, бірінде жоқ болуға ықтимал. Сіз қалай ойлайсыз? Араб әліппесінде тура келетін қарпі жоқ дыбыстарымызды тіпті жоқ қылу керек пе?! Негізінен ойлаңызшы, тіл қаріп үшін шығарған нәрсе ме? Болмаса, қаріп тіл үшін шығарған нәрсе ме? Әлбетте қаріп тіл үшін шығарған нәрсе, олай болса, қарпі жоқ деп тілдегі дыбысты жоғалту емес, ол дыбысқа жоқ қаріпті іздеп табарға керек. Ол жалғыз бізде емес, өзге жұртта да болған.

Бұл ойыңыздың негізгі қатесі. Негізі қате болған соң арман қарай басқасы да қате бола береді. Қазақ дыбысының бәрі де жарты дауысты дыбыс дейсіз. Оны да қазақ сөзін алып, дыбысын қарамай, араб қаріптеріне қарай айтасыз. Мысалы, «Баран» деген қазақта да, орыста да сөз бар. «Бор» – деген қазақта да, орыста да сөз бар. Бор осындағы «а»,

«о» дыбыстарын орыстар жарты дауысты дыбыстар демейді. Олардың: «о», «а» дыбыстарынан «о», «а» дыбыстарымыздың еш кемдігі болмаса, біз қалай жарты дауысты дейміз. Бұл дыбыстарды жарты десек, қандай дыбысты бүтін деп айтармыз? Қазақ тілінде тіпті «о» дыбысы жоқ дейсіз, «бор», «боз», «жол», «ол» мұнан басқа да ішінде «о» келетін сөздер толып жатыр, бұларды қазақ сөзі емес дейсіз бе? Біз бұларды қазақ сөзі дейміз, һәм олардың ішіндегі дыбыстардың бәрі де қазақ тілінде бар дейміз.

«Ы» дыбысы жоқ дейсіз, аз-азы, бар-бары, жар-жары, бас-басы. Бұл сөздер қазақ сөзі емес пе?

«Ә» дыбысы қазақта «ие» емес, «іе» -ге жақын дейсіз. Мен қазақ тілінде бұл дыбыс қандай екенін бек жақсы білемін, бірақ арабта тура келетін қаріп болмаған соң, «ие» менен жазалық деймін. Мұнан гөрі «іе» менен жазу қолайлы десеңіз, олайда жазып көрелік. «Ер» деген сөзді сізше «ір» деп жазу қолайлы болмақ. «Кесек» деген сөзді сізше «кісек» деп жазу қолайлы болмақ. «Керек» сізше «кірек» деп жазылмақшы. Қайсысын жазу қолайлы һәм не үшін қолайлы, сіз айтпасаңыз мен айта алмаймын. Астына екі ноқат қоюды қолайлағаным бұрынғы жазып жүргенімізден тым алыс болмасын дегенім еді. «Іе» я «ие» қолайлы көп ұнатқаны болсын.

* * *

Сіздің айтқаныңыз ша, ж, ф қазақ дыбыстары болмақшы. Ж қазақ тілінде бар дейсіз де сөзіңізді ажбаттау үшін журнал деген сөзді көрсетесіз. Бұл сөз қазақ сөзі емес, француз сөзі ғой. Әңгіме қазақ тілінде қандай дыбыстар бар һәм оларды қандай қаріптерменен жазу турасында. Француз дыбыстарын қоя тұрып, әуелі өз тіліміздегі дыбыстарға қаріп арнап, сөзді бір жерге қоялықшы. Ф дыбысы қазақ тілінде бар дейсіз де, қай сөздерге жазылатынын көрсетпей, азырақ әдіс айтып бұлтарып кетесіз. Ф дыбысы бар сөздер қазақта есепсіз көп болғандықтан жазып көрсетпеймін дейсіз. Есепсіз болса, бәрін жазуға мүмкін емес, бірақ бірекеуін жазып көрсетсеңіз, қазақ тілінде ф дыбысы рас бар екенін көрер едік. Көрсетпей тұрғаныңыз көптігінен емес, жоқтығынан болар. Олай әдіс жұмсайтын бұл ісіміз қазақтың сайлауы емес еді, бірақ, өзіңізге ұнағаны сол шығар. Өзіңіз айтқан Ахметһәди Максұды кітабында һәм «төте оқу» кітабында осы екі дыбысты я ноғай, я қазақ сөздерінде бар деп көрсетпеген ғой. Ж дыбысын орыс сөздеріне жазған. Бір дыбыс жуан да жіңішке айтылатын болса, оның екі түрлі айтылғанына екі қаріп алмаймыз. Ондай дыбыстардың жуан-жіңішке айтылу ықтияры дауысты дыбыстарда болады. Ол жалғыз біздің тілімізде емес, басқа тілде де солай. Өзіңіз ойлап қараңызшы, осы күнде жазып жүрміз. Бас, басқа, басқару, бастыру, атау, тау, айту, тура бастапқы төрт сөзде С дыбысы екі түрлі жазылғанмен айтылуы екі түрлі емес, жалғыз-ақ түрлі. Екінші төрт

сөзде дыбысы екі түрлі жазылғанмен айтылуы екі түрлі емес, жалғыз-ақ түрлі. Екі түрлі жазуымыздың пәлендей мәнісі бар деп айтып беріңіз.

Қазақта сөз екі түрлі, бір түрі жуан, екінші түрі жіңішке. Жуан сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі жуан болады. Жіңішке сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі де жіңішке болады. Жалғыз-ақ, түрлі айтылатын дыбыстар екі түрлі сөздің бірақ түріне кіріседі.

Бұлардан басқа сізге күлкі көрінген мынау болса керек. «Менің айтқандарымды дұрыс емес дегендер Наху Сәрб қағидаларынан ажбат көрсетіп дұрыс емес жерін айтсын» деген сөз. Наху Сәрб дегеніміз тіл заңының ғылымы. Тіл болса заңы боларға керек. Заңы болса, оның ғылымы боларға керек. Су тоңса, мұз болмақшы, хлор менен натрий қосылса, тұз болмақшы. Бұлар табиғат заңы. Осындай заң тілде де бар. Хлор менен натрий қосылса, тұз болатындығын байқау қарау, іздеуменен тапқан. Тілдің де заңы сол жолменен табылады. Қазақ тілінде бір сөзге жуан дыбыс пен жіңішке дыбыс араласып кірмейді. Бұл тіліміздің заңы емес пе? Осындай заң тауып жазсақ, айтсақ ол Наху Сәрбтің қағидасы емес пе?! Наху Сәрбті мен грамматика мағынасында тұтынамын. Басқа жұртта грамматика үшке бөлінеді: фонетика, морфология, синтаксис. Менің бұрынғы жазған сөзім хәм осы жолы жазған сөздерім фонетикаға тиісті сөздер. Фонетиканың қарастыратыны тілде қандай дыбыстар бар, олар қалай сөз ішінде байланысады. Біздің сөйлеп, қарастырып отырғанымыз қазақ фонетикасы. Сіздің ойыңыздың қателігін менің көрсетуім керек. Фонетикадан ажбат келтіріп, менің ойымның қаталығын сіз көрсетуге керек, фонетикадан ажбат (мысал) келтіріп. Бұлай деп сізді тағы «қорқытамын». Сіздің қорықпайтын батыр екендігіңізді көрдім, көре тұра қорқытатыным: өткен жолы шаншып алатын найзаңыз бен бұлтарып кететін айлаңызды көрсеттіңіз, бұлардан басқа өнерлеріңізді де көрмек үшін.

* * *

Мен ойлаймын сіз менің кейбір сөздерімді теріс түсініп теріс кеттіңіз-ау деп. Сіздің қате түсінген жерлеріңіз мынау шығар деймін. Әуелі мұсылманша оқудың бұлғалақ-шырғалағы көп деген. Екінші, араб әліппесі дінменен байласқан, онан басқа әліппені қазақ қабылдамайды деген. Үшінші, қазақ тілінен шығарып тасталатын қаріптерді қазаққа тіпті білуге керегі жоқ деп айтады деген шығарсыз.

Орысша, мұсылманша оқу жайлы сөйлегенде басқалар емес, қазақ бұл оқуларды қалай оқып жүргенін айтамын. Басқа жұрттың мұсылманша оқуы кемелденген шығар, оған таласпаймын, бірақ қазақ арасында мұсылманша оқу азын алмай, жалпақ көбін алғанда баяғы «Қызғаныш заманның» оқуынан алысқа кете қойды дей алмаймын.

Әлде сіз қазақ арасына үсұл жәдит жолы жайылып болды, мұнан

артық ешнәрсе керек емес дейсіз бе? Екінші, теріс жорыған сөзіңіз араб қаріптерін алуға зорланады деген. Мен қиналғанымды білдірейін дегенім жоқ, сол сөздердің ішінде қиналдым, зорландым деген сөз жоқ шығар. Ол сөзді келтіргенімнің мәнісі біреулер араб әліппесінен қазақ тіліне жақсырақ келетін қаріп бар дейді. Тіпті басқа қаріптерменен кітап шығарған да бар. Менің соларға айтқан сөзім еді. Басқа қаріптер қазақ тіліне жақсы келсе де оларды қазақ қабыл алмайды, басқа жаққа алаңдамай, керегімізді араб әліппесінен қаралық дегенім еді. Қазақ қабылдамағанда не үшін қабылдамайтын себебін айтайын деп, араб әліппесінің дінменен бірге байласып сіңгендігін көрсетіп едім. Оны сіз не себептен теріс жорығаныңызды білмеймін. Үшінші қате түсінді ме дейтінім қазақ тілінен шығарған қаріптер. Сіз бұларды тіпті оқытпасқа керек деп ойлады ма деп шүбәланамын. Бұл қаріптерді балалар қазақ сөзіндегі қаріптерді біліп болған соң оқиды.

Енді көресіз бе, Шахзаман мырза! Аузыңыздың босқа көпіргенін. Айтқан көп сөзіңіздің бірі – сұраған мәслихатымызға тура келмейді.

Менің білгенім осы, мұның дұрыс емес жерін көрсетіп, қалай түзету ақылын айтып беріңіздер деп сұрадым. Білетін адамдар білімдеріңнен қарасындар дедім. Сіздей кектенбей-ақ, сізден білімі кем емес адамдар да ақылын жай айтты. Мысалы, Бөкейханов әпенде айтты: «Жарты дауысты й һәм ұ Англия тілінде де бар, оларға өз алдына басқа қаріптер алынбайды. Неге десең, дауысты дыбыстардың соңынан келетін й һәм ұ жарты дауысты болады деген қағидалары бар» – дейді. Сол қағиданы біздің тілімізге кіргізуге болады. Жарты дауысты й һәм ұ үшін қаріп белгілеп арнамаймыз екі қаріп кемиді. Осындай орнымен айтқан ақылдан етек, жеңімізді түріп қашпаймыз. Орынсыз айтылған нәрсені сіздің көзіңіз шатынағанменен істемейміз. Мен ойлаймын, «былғалық, шырғалақ» деген сөзді оқыған соң-ақ атыңыздың айылы шабына кетіп яки әрі бауырына түсіп тулауменен болып, жайғасып отырып ойланбадыңыз ғой деп, я болмаса, жау келіп қалған екен деп, атыңызға міне, найзаңызды ала, аяқтарыңыз салақтап, етектеріңіз далақтап шаптыңыз ғой. Жалғыз мақсат жауды мұқатуда болып, бар өнеріңізді соған жұмсадыңыз деймін.

Жау жоқ, найзаңызды тастаңыз, жайғасып отырып мәслихат беріңіз. Құрал сайлау керек дегенде жауласудың құралы емес, оқудың құралын айтамын. Оқу құралын сайлау оңай емес, сіз болып, біз болып өнерімізді осыған жұмсап, осы істі аяқтандыралық. 28 қаріппенен жазу жазып, бір-бірімізді түсініп жүрміз ғой деген сөз қазақтың балаңды оқыт дегенде «оқымай да өлмей күн көріп жүрміз ғой» деп айтатын жауабы сықылды. Жазуымызда тәртіпсіздік, кемшілік барлығын жалғыз мен емес, басқалар да айтады. Еш кемшілігі болмаса, ешкім сөз қылмас еді ғой. Қазаққа пәлен ет, түген ет деп олар күн көре алмай жүргеннен айтпаймыз. Тіршілігінде кемшілік, ретсіздік болғаннан тәуірлен, реттен

дейміз ғой. Сондай кемшілік, ретсіздік жазуымызда да бар. Оны реттеу, жөндеу керек. Жазуымыздың тәртіпсіздігі оқу кітабын шығаралық десек, алдымыздан көлденең келеді, бала оқытсақ оралғы болады. Қазақша грамматика шығаралық десек, қадам бастырмайды. Сіз айтыпсыз, осы жиырма сегіз қаріппен де оқу кітаптары таралып жатыр деп. Оныңыз рас. Бірақ ол кітаптарда кемшілік бар ма, жоқ па, педагогика методикадан хабары бар байқайтын шығар. Қысқасы мынау ғой, қытайша жазу, үйрену қиын дейді. Сонда да оқып біледі. Бірақ қиын оқу менен оңай оқу бір емес. Біріне уақыт көп кетеді һәм көп қиналады. Біріне уақыт аз кетеді һәм аз қиналады.

Жиырма сегіз қаріппенен жазғанымыз жарамды-ақ болсын, соныменен жазылып шығып жатқан кітаптар оқуға қолайлы-ақ болсын, бірақ жақсыдан да жақсыны іздеу, алға басу, ілгері басу керек емес дейсіз бе?! Тарихтың да негізгі мағынасы жақсыдан жақсыны іздеу емес пе?! Ауырды жеңілтіп, қиынды оңайлату емес пе? Бұл неше түрлі машина, от кеме от арба жақсыдан да жақсыны іздегеннен табылған. Жел кемесі болса да, от кемеңіз іздеген, ат-арбасы болса да, от арбаны іздеген, енді көк кемесін іздеп жатыр. Осының бәрі де жақсыдан да жақсыны іздеу тарих жолы. Қыңыр келмеңіз, мырза, түзу келіңіз! Жазу, түзету бірімізге емес, бәрімізге керек нәрсе ғой. Битке өкпелеп тонын жаққан сықылды бір-екі қаріпті қазақ тілінен шығарғаным өкпелеп ғұмымы (барлық) істен қол сілкіп безбеңіз. Жүк қасындағы «Аққу, шортан, шаян» үшеуіне ұқсамалық.

Ахмет Байтұрсынов

«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ

(1913–1918)

«Қазақ» газеті – отандық журналистика тарихында айрықша орны бар, халықтың «көзі, құлағы һәм тілі» болған жалпыұлттық тәуелсіз басылым. Газет 1913 жылғы ақпаннан 1918 жылғы қыркүйекке дейінгі аралықта Орынбор қаласында аптасына бір рет, 1915 жылы аптасына 2 рет шығып тұрды. Таралымы – 3000 дана, жекелеген нөмірлері 8000 данамен таралды. Басылым басқармасы 1914 жылғы жаңа жылдық 45-нөмірінде газетті 10 облыстың қазақтары жаздырып алатынын хабарлаған. Бұған қоса «Қазақтың» Уфа, Қазан, Петербург, Мәскеу, Орынбор, Томск қалаларында, сондай-ақ Түркия мен Қытайда да өз оқырмандары болды.

«Қазақ» газетінің бірінші бас редакторы Ахмет Байтұрсынов, шығарушысы «Азамат» серіктігі болды. А.Байтұрсыновтан кейін «Қазаққа» алаш қайраткерлері Міржақып Дулатов пен Жанұзақ Жәнібеков басшылық жасады.

Орынбор губернаторы Ресей Жоғарғы баспасөз басқармасына газетті мына бағыттар бойынша шығаруға рұқсат бергенін мәлімдеді:

1.Үкіметтің бұйрық-жарлықтары. 2.Мемлекеттік Дума, мемлекеттік Кеңес жұмысы. 3.Ішкі және сыртқы хабарлар. 4.Қазақтың тарихы мен тұрмыс жайы. 5.Этика, тарих, этнография және мәдениет мәселелері. 6.Экономика, сауда, кәсіп, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы. 7.Халық ағарту, мектеп, медресе, тіл және әдебиет мәселелері. 8.Тазалық, денсаулық және малдәрігерлігі жайы. 9.Фельетондар. 10.Корреспонденциялар мен жеделхаттар. 11. Жергілікті хроника. 12.Суреттер. 13.Почталар (хаттар). 14.Құлақтандырулар.

«Қазақ» газеті – ХХ ғасыр басындағы күрделі кезеңнің айнасы іспеттес. Сол кезеңде қазақ халқының ең маңызды өткір мәселелерінің бәрі де газет беттерінде батыл жарияланып тұрды. Елдің зарына айналған жер мәселесі «Қазақта» үздіксіз көтерілді, оқу-ағарту ісі, дін жайы, өнер-білімнің құны хақындағы материалдар көптеп басылды. Алты жылға таяу ғұмырында қазақтың мұңын шағып, жосын жоқтады. Әлеуметтік салада елді өрге сүйреді, қазақ халқының өзге елдермен тең болуын көкседі, өз билігі өзінде болуын мұрат тұтты. Мақсатқа жету үшін қазақты өнер-білім, ғылым жолында еңбектенуге шақырды.

«Қазақ» газетінің айналасына ұлттың озық ойлы зиялы азаматтары шоғырланды. Сол тұста қаламды серік еткен Алаш азаматтарының барлығы дерлік «Қазақ» газетінің тұрақты авторлары болып табылады.



Оренбург. 10 февраль

«Қазақтың» бастапқы нөмерінде «төңіректе түнерген бұлттар көрінеді» дедік. Ол айтқанымыз түнеріп шыққан бұлт сықылды «мынау қалай болар» деп кісіге ой түсіретін нәрселер еді. От басының уайымын қойып, жұрт басының қайғысын ойласақ ой түсіретін нәрселер әр тараптан көрінеді. **Қалыпты шаруамыз өзгеріліп, қалпымыз да өзгерілейін деп тұр.** Қалпымыз өзгеленсе, қалай болатынымыз белгісіз, іргеміз тұтас, ыдырамай, бірыңғай жатқан халық едік. Енді арамызға бөтендер келіп кірісейін деп тұр. Бөтендер кіріскенде халіміз қандай болар? Тарих жолына қарағанда келімсек жұрт күшті болса, тұрғын жұрт аяқ асты болып азып-тозып жоғалмақшы. Тұрғын жұрт күшті болса, келімсек жұрт сіңіп, тұрғын жұрттың түріне түсіп, бөтендігі жоғалмақшы. Екеуі де тең болса, бір-бірінен кем болмай, біріне-бірі жем болмай, қатар тұрып күнелтіп, әр қайсысы өз алдына ұлт болып тұрмақ. Қазақ енді бірыңғай, іргесі тұтас қалпында, бұл күйінде тұра алмайды. Егін шығатын жерге егіншілер келіп орнап жатыр, мал бағатын жерге мал өсірушілерді алып келіп орнатпақшы, балығы бар жерге балықшылар қондырмақшы. Қысқасы, о жолмен, бұ жолмен болсын қазақ арасына бөтен жұрттар кірейін деп тұр.

Істің бәрі жалғыз-ақ тамақ асырап, күн көруге қалса, өз бетінен күн көре алмаса, өзге жұрттың есігінде жүріп, малайлықпен тамақ асырап, қазақ тіршілік етеді ғой. Біз қазақ тіршілігін ойланып, қалай болар деп уайым, қылатын тіршілігіміз ол тіршілік емес. Қазақ деген қашаннан өз алдына ұлт болып, Еділден Ертіске, Оралдан Ауғанға дейін тұтас тұрған халық еді. Арамызға әр түрлі жұрт кіріскенде солармен қатар, атымыз жоғалмай, қазақ ұлты болып тұра аламыз ба? Осы біздің төсекте дөңбекшітіп ұйқымызды бөлетін нәрсе. Басқа жұртпен араласқанда өз алдына ұлт болып, өз алдына тілі бар, өз тілінде жазылған сөзі (әдебиеті) бар жұрттарға не тұрады. Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егерде біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек. Қазақтың осы күнгі ісінің бетіне қарағанда хәм мұнан былай ісіміздің беті осы болса, қазақ тілі азып жоғалуға ықтимал. Біз келімсек жұрттан кем болмас үшін оқымай тұра алмаймыз. Оқымасак басқалармен қатар тіршілік ете алмайтынымыз сүттей ақ, күндей жарық. Оқығанда ісіміз осы қалпында болса, тіліміздің азып жоғалуы да анық. Қазақтың балалары қалай оқып жүр?

Елде оқыса, он жыл оқып хат жазуды білмейтін ескі жолмен оқиды. Шаһарда оқыса, я сарт, я ноғай медреселерінде оқиды. Рус школында оқитыны русша кітап, үйренетіні русша жазу, қазақша көбі оқи да, жаза да білмейді. Мұсылман медреселерінде оқығандардың естігені әдеби тіл, оқығаны әдеби тілмен жазған кітап, жазғанда да сол кітаптардың тіліне салып еліктеу. Ол әдеби тіл деген қандай тіл? Араби, фарсы сөздер көп кірген тіл. Неғұрлым араби, фарсы сөздер көп қосылса, неғұрлым кара халық түсінуге ауыр, тіпті түсінбейтін болса, соғұрлым әдебиырақ болады деп, тұтынған жолдан шыққан тіл. Бұл тіл халықтан тумаған, жаны жоқ тіл. Мұсылманша оқығандарымыз әдеби тілімен сөйлейміз, әдеби тілімен жазамыз, қазақша жазсақ әдеби болмайды деп қазақ тілімен жазуға ұялады, қорынады.

Русша оқығандарымыз қазақ тілімен пікірімізді толық айта алмаймыз, жетпейді, русша жазғанымыз оңай дейді. Қысқаша, русша, мұсылманша оқығандарымыз қазақ тілімен жазуға қорынып, біреуі русша жазады, біреуі әдеби тілмен жазады.

Бұлардың өз тілінен қорынып жиренетін себебі не? Менің ойлауымша, бұл әдеттенуден бірі русша оқып, бірі әдеби тілмен оқып қазақша жазу әдетінде болмағандық. Әдетінде жоқ нәрсе қалыптан тысқары болып, басында ерсі көрінеді. Қазақ тілі мен жазу әдетінде болмаған соң русша һәм мұсылманша оқығандарымыз қорынады. Бір-біріне жазған хаттарында қазақша жазбайды. Бұлай істеулері ұнамды емес. Бірақ қазақ балаларын аталары осы күнгі оқытуына қарағанда «бұл неге солай?» деп ғажаптанар да іс емес. Сегіз, тоғыз жасынан оқуға түссе, оқыған тілі басқа болса, оқитын кітабы басқа тілде болса, жазғанда сол кітаптардан үлгі алып жазса, олар қайдан қазақша жазуға әдеттенер? Мұнан былай да осы бетімізбен жүре берсек, ақтығында қазақ тілі азып-тозып, бірте-бірте тұтынудан шығып, әуелі қазақша жазу ұят көрінер, сонан соң қазақша сөйлеу ұят көрінер, онан әрі не болары белгілі. Оқыған жастарымыз қазақ тілінен жиренсе, қарттарымыз мың жасауға болмаса, қазақ тілі жан сақтайтын орын жоқ. Сондықтан бұлтақтамай осы бастан істің бетін тура жіберу үшін анықтап ашатын нәрсе мынау: қазақ тілін сақтау керек пе, болмаса русша болсын, басқаша болсын сөйлеуге жараған соң бәрі тіл ғой, қазақ тілі жоғалса жоғала берсін дейміз бе? Біздің газетіміздің таңбасы «Қазақ», яғни қазақтығымызды сақтау Қазақтық әрине аты мен тілі жоғалмаса сақталады. Бұл айтқанымыз русша, я басқаша оқымасын деген емес, русша тілін де білу керек. Бірақ өз тілінен жиренбеске керек деген сөз. Тұтынбаған нәрсе жоғалады. Он жыл, он бес жыл еңбек етіп, киналып рус яки әдеби тілдерді үйренгендерге өз тілімен жазуды үйрену қиын деп ешкім айта алмас. Русша біздің де, әдеби тілді білудің де орындары бар. Біздің қарауымызша оларды өз орындарына жұмсау тиіс. Ақырында айтатынымыз, әдеби тілді сүйетін бауырларымызға газетті

қазақтың қара тілімен жазғанымыз ұнамсыз көрінсе, ол кемшілігімізге кешу өтінеміз. Жұрт үшін шығарылған нәрсе жұртқа жақын болуы тиіс. Аспандағанмен жерден алыс кете алмаспыз. Артылдық дегенмен елден алыс кете алмаспыз.

Сайлау

(Болыс һәм кандидат бекімесе сайлау қайта болады)

Степное положениенің 70 статьясында айтылған: «Губернатор болыс, кандидатты бекітпесе, не қайта сайлау шығарады, не өзі қалаған кісіні болыс иә кандидат қояр» деп.

Еуропа жұрты тастан қалса, ендігі жарыста тағы жарысам деп азаптанбай, тас өткен соң, сайлауды, таласты қойып, шаруаға айналады. Оларда сайлау рәсімі осындай ақылға ұнамды жолда болады. Біз сияқты үлгісіз, рәсімсіз жұрт қалса не қылады? Тәрдегі басын есікке сүйреп, малды төгіп, бұтып-шатып, оттап, дүнияда жоқ бәлені тасы озғанға жабады. Хакімші халықтың көбіне сүйенсе күшті болады. Көп қойған, тасы озған болыстың хакімі жүреді. Закон сайлауды халықтың көбіне береді. Қазақ жұрты адам болатын болса, осы закон арқылы өз тізгінін өзі алып жүретін жөні бар. Мұндай әділ һәм жұртқа пайдалы законның қадірін білмей, сорлы қазақ сайлау аяғын бітпейтін дау қылды. Болыс көп сайлаған болмай, бөтен елден орыс жетелеп әкелген бұралқы болды. Мұның сөзін тыңдаған адам жоқ, мұның болыстығында не қасиет. Бұл болыс болған елде не береке?!

Өстіп жетелеп қойған бұралқыдан бүлік болатынын правительство өзі де білетін. 1905 жылда 16 июньде бір закон шықты, мұның орысша аты мынау: высочайше утвержденное 16 июля 1905 г. мнение Государственного Совета¹. Осы законның алтыншы бөлігінде айтылған. «Ішкі министр 70 статьяны өзгертуге тиісті, орнына закон жобасын кіргізісін. Ақмола, Семей, Жетісу, Орал һәм Торғай губернаторлары қазақ болысын бекітпесе, қайта сайлау шығарсын» деп.

1905 жылы жұртқа жақсылық жазы жайылып келе жатқанда қазаққа бұралқы болыс болмасын, болыс сайлаумен болсын деген закон шыққан. Қазақтың қай бір облысында өткен сайлауда орысша хат білмейтін кісі болыс болмайды деп, қазақтың бұрыннан болыс болып жүрген қадірлі кісісін жолдан қалдырды. Қазақ болысы орысша хат білсін, орысша хат білмесе, тасқа тусуге жарамайды деген закон бұл күнге дейін жоқ. Сөзін адам тыңдайтын халыққа қадірсіз сорлы жастар «мен орысша білемін» деп болыс бола қалды. Бұл жас болыстың бұрынғы бұралқы болыстан

¹ Правительств, Вести. 136, 25 июня 1905 г.

несі артық? Халық пайдасын білетін, жөн, жол көрген, әділ кісі, жұрт сөзін тындап, құрметтеген кісі болыс болатұғын жөні бар ғой. Орысша хат білу – тілмаштарға құл болмас үшін ғана керек қой!

Бай айтты деп, орысша білем деп болыс болған жастардың орысшасы иттің жорғасындай орысша еді-ау. Бұл орысша білетін жыртақы жас, болыс мырзаларда не кінә бар? Үлгісіз, рәсімсіз өскен, алдында көргені қаптама өсек, өтірік жала.

Үндістан моллалары сабақты тақтайға жазып, міне қара дейді екен. Бұғып, еңбектеп жүріп жұрт пайдасын «қазақ» нұсқалап жаздым. Та-лапты аға-іні, халыққа қызмет қылатын болса» осыны құлаққа тақ!

Қыр баласы

Жазу мәселесі

Қазақ дыбысына қарай қаріп түзету турасындағы ойым: бұл қаріп түзету деген бүгін ғана басталған сөз емес. Шаһ Тахтински «уау» орнына цифрлар да салып қараған. Бірақ оны қауым қабыл алмаған соң қалған және біздің қарпіміз – араб қарпі. Оны өзгертуді жұрт ұнатпайтындығы белгілі болған. Қауым қабылдамаған қаріп қала берген де. Жолы болған «г, ң, в» секілділер ретке кіріп кеткен. А.Б. мырзаның хамзасы (ء) мен қос нүктесін (:) жұрт қабылдағаннан-ақ ұнатамыз. Бірақ хамза әліф орнына жүруші еді. Оны басқа қаріпке қоймаймыз деп әуре қылар-ау деп шошимын. Сірә, солай қыла қалса, менің ойыма келетұғыны баспа машинасына реті келсе, кейде үтір орнына үлкен «уау» салсақ жазуымыз едәуір түзелер еді деп ойлаймыз. Біздің тілде екі үст бар: бірі (-), бірі (I), яғни бірі харакат, бірі әліф, мұның әуелгісі жіңішке, соңғысы жуан айтылған қаріптерге харакат болады. Мысалы, бірі – хәммасы, бәрі болғаны дегендей. Бізде үш түрлі аст бар: бірі болар болмас білінетұғын орысша «ы» секілдірек, менің ойымша мұндайға түк салмасқа керек. Бірақ састы-састы, асты-асты деген секілділер да не аст, не сәкінмен ғана білдірілсін. Егер де мұндай «ы» секілді аст сөздің аяғына келсе, «и» қойылсын. Себебі, ондайды біз «ы» қылып оқимыз, ноғай хәм басқа түріктер «и» қылып оқиды. Екеуіне де бөгет жоқ. 2-ші аст «е» секілді, оған «и» қою керек. Егерде сөз аяғында келсе «о» «⁴» яғни қай рәсмие қою керек. 3-нші «и» сықылды, екі яғни «²» «ии» салу керек. Мысалы, сииыр, киисық дегендей.

Бізде үтір екі түрлі. Мысалы, бұр ағаштың бүрі, бор – ақ топырақ. Сіздер «у» бар дерсіз, жоқ! Ол «уауға» сүкін болады. Мысалы, бу – байла, бура – түйе дегендей. Бірақ бұл үтір «уаулар» жуан-жіңішкеге (бірдей қаріптерге айтылғанда һәр қайсысы екі түрлі болып, төрт түрлі дыбыс

шығады. Мысалы, бүр – ағаш бүрі, бір айналдыр, бор – ақ топырақ, бөрі – қасқыр. Міне, байқасаңыз жуанына уау, жіңішкесіне үтір салдым.

Шаһкерім

Шаһкерім ақсақалдың бұл сөзіне «Айқап» журналының 9-ншы, 10-ншы нөмірлерінде жазылған Ғ.Мұса мырзаның сөзіне қысқалап, сөз қайырып өтемін. Шаһкерім ақсақалдың керек деп отырған қаріп үстіне, астына қойылатын үтір, аст, сүкін, аст һәм «уау» жалғыз жазғанда ғана емес, басқа сөзге де қойыларға керек. Баспа жүзінде оның қолайсыздығы мол. Егер де осы күнгі тұтынып отырған матбұғат тастарымен харақат қойып бастырсақ, бастырған нәрсеміз екі есе қымбат түседі. Олай болатыны харақатпен бастыру қиын, екінші орын көп алады. Харақатсыз баспаның екі жолын харақатты баспаның бір жолы алады. Егер де оған тағы қаріп үстіне қаріп қоюды қоссақ, мысалы «وَرَأَى», «بَرَأَى» онда тіпті орынды тағы көбірек алмақшы, бастырған нәрсені ол тағы көбірек қымбаттандырмақшы. Қымбат басылған нәрселерді қазақтың алу жағын да ойламай болмайды. Жүз бет боларлық нәрсеміз екі жүз бет болса, екі жүз елу бет болса, оған матбұғат екі есе, иә екі есе жарым қымбат алады. Сондықтан бұл қолайсыз болып табылады. Егер матбұғаттың бұл күндегі тұтынып жүрген тастарынан басқа тас істеп бастыратын болсақ, яғни үтір, үст, сүкін, һәм «уау» – бәрін де қаріп тастарымен бірге құйдырсақ, мысалы «بَرَأَى» сияқты еткізіп. Онда ол орынды осы күнгі жолдарымыздан көп алмайды. Бірақ оның қолайсыздығы басқа жағынан болады. Сол айтылған бес белгі бір ғана қаріпке емес, барша дауыссыз дыбыстардың қаріптерінің бас болып, орта болып, құйылатын тастарының тұруының бәрімен бірге құйылмақшы. Олай болғанда осы күнгі матбұғат тастарынан басқа құйдыру керек болады мынадай тастарды: «بَرَأَى» – бұл бір ғана «б»-ға керек болатын тастардың өскені. Жалғыз «б» үшін матбұғаттың қаріп құятын ұясының көбеюі он болады. Бұрынғы төрт ұясымен «б» қарпінің ұясы он төрт болмақшы. Тек қосылатын қаріптің әр қайсысында сондай ұя болмақшы. Тек қосылатын қаріптер л, м, н, и, яғни он төрт қаріп. Бұлардың әр қайсысының бұрынғы төрт ұясына жаңадан он ұя қосылып, бұрынғы 56 ұяның орнына 196 ұя болмақшы. Тек қосылмайтын қаріптер төртеу: д, р, з, у. Бұлардың бұрынғы ұясы екі-екіден сегіз болса, жаңадан әр қайсысына он ұя артық қосылып, 48 ұя болады. Қысқасы, жоғарыда айтылған бес белгіні қаріп тастарына қосып құйдырсақ, бұрынғыдан басқа 180 ұя жаңадан қосылмақшы.

Матбұғаттың қаріп ұялары көбейсе, қаріпке шығаратын ақшасы көбеймекші, екінші қаріп жию жұмысын қиындатып, жұмыс жағын қымбаттатпақшы. Бұрынғы қаріптердің ұясы мысалы жүз болса, енді оған жүз сексен қосылса, 280 болмақшы. Жүз жерден теру мен екі жүз сексен жерден теру бірдей болар ма?

Қысқалап айтқанда, бұлай харакаттарды қаріптермен бірге құйдырсақ та бастырған нәрселеріміз жай бастырудан екі есе, хатта үш есе кымбатқа түспекші. Және де соңғы уақытта мұсылман матбұғаттары осы күнгі қаріптердің баспа жүзінде қиыншылығы көп деп оңай етуге жол қарастырып жүр. Қиындығы – ұясының көптігі. Орыс қарпі 35, оған 35 ұя керек. Қаріп басына бір-бір ұядан қаріптің 35 қарпінің азайтқанда жүз шамалы ұя керек. Қаріп басына екі иә төрт ұядан. Мұны қиынсынып жүргенде оған тағы 180 ұя жаңадан қосып қаріп қойдырсақ, онда өзіміз матбұғат алмасақ, басқа матбұғаттарға олай етіп бастыра алмаймыз.

Бұлардан басқа Шаһкерім ақсақалдың жете ойламаған жерінің бірі мынау: қазақ тіліндегі дыбысқа қарап ат қоймай, қаріпке қарап дыбысқа ат қоймақшы. Мысалы, аст, үст, үтір, сүкін деп. Сондықтан «у» жоқ, оған сүкін бар дейді де жазады «وَرَا»», «وَر» деп.

Біз ежік балалардың басын қатырады деп, сол саутиә жолына (звуковой) түсеміз деп жүрміз. Сол саутиәмен бала оқытсақ, қазақ тіліндегі дыбыстарды өз қалпында айтпай «үтір» демей, дыбысын айтып оқытсақ, онда қалай «у» жоқ болады? Мысалы, «وَرَا» деген сөзде «у» жоқ десек, «б»-ның үстіндегі не дыбыс деп айтамыз хәм оның артындағы екінші сүкін қойғанын дыбыс деп айтамыз?

Біз мұның екеуін де «у» дейміз, бірақ екеуінің арасында орыстардың «и» дыбысы мен «й» дыбысының арасындағыдай айырмасы бар дейміз. Балаларды ежікке қайырып түсіреміз десек, шыны да сол. Ежікпенен де балаларды оқытуға болады. Бірақ жолы қиын, усул саутиә жолы оңай. Оңайдан қиынға түскеніміз қанша қолайлы? Ғ.Мұса мырзаның сөзіне қарайтын жауап келесі нөмірде болар.

А.Б.

Жазу мәселесі

Ғ.Мұса мырзаның сөзіне түгел жауап қайырмай, жалғыз-ақ аяғындағы пікірінен қорытып шығарған менен артық жері турасында сөйлеймін. Әуелі екеуіміздің айырылатын жеріміз: Ол «у» орнына «ә»ды алды да, «о» үшін «ә»ды лайық, яки басқа бір белгі жасалық, мысалы, «ә»дың құйрығын қайырып қоялық дейді. Мен «у» орнына «ә» аламын, «о» орнына «ә» ды аламын.

Менің олай еткенім: «о» дыбысы қазақ сөзінде анық толық дыбыс, ноғай тілінде біздің «о» дыбысы келетін жерлерімізге толық «у» келеді. Мысалы: біз «от» дейміз, ноғайлар «ут» дейді. Біздер «тоқ» дейміз, олар «туқ» дейді. Бұл сөздерді осылай жазсақ, біз өзімізше «о» айтып оқуымызға кемшілігі жоқ, ноғайлар өзінше «у» етіп оқуына кемшілігі

жоқ. «У» біздің қазақ сөзінде қысқа айтылады: біздің «у» дыбысымыз келетін жерде ноғайларда да қысқа «у» келеді. Мысалы: «тұр», «жүр» ноғайлардың «Ақ йол» журналында қарасаңыз «و» һәм «ۇ» әріптерін нақ бізше жазып отыр. Ол бірімізден біріміз көріп алып отырған емес, екеуімізді бір жерден шығарып отырған түрік тілінің табиғаты. Қысқасы, «о» орнына «و» алып, «у» орнына «ۇ» алғаннан қазақ тіліне келер кемшілік жоқ. Қайта ноғаймен ереуіл келмеске пайдасы бар. Ереуіл келмеске ықтималы бар жерде ереуіл келу де қажет жоқ.

Бұл «ۇ» дың Ғ.Мұса мырзаға ұнамайтын жері: «و» үстіне «үтір» қойып жату қиын дейді. Осыны онша дәлелді сөз емес деймін. Өйткені орыс сөздері үшін «و» үстіне үш нүкте қойып «ۆ» қылып жазуды қиынсынбағанда, қазақ сөзіне дегенде «و» үстіне бір үтір қою қанша қинар екен. Керек болған соң «ح»ді «چ» айтуды, «ز» ді, «ژ» айтуды, «ك» ні «ڭ» айтуды қиынсынбаған жол бар емес пе? Солардан бұл қанша қиын? Қанша ерсі?

2-нші қайырылатын жеріміз: «ы» дыбысының қарпі сөздің басында, ортасында қалмай жазылсын дейді. Мен «ы» дыбысының қарпі «ى» болсын да, ол сөздің аяғында қалмай жазылсын, басқа орындарда ол жазылмағанда сөздің мағынасы бұзылып, кемшілік келерлік болса, жазылсын деп едім. Оқуға кемшілік болмаса, сөздің мағынасына кемшілік келмесе, жазуға жеңілдігі болса «ы» дыбысының хәрпін жазбағанда не залал көреміз деген ойым еді. Мысалы: «قسمشلق» («қысымшылық»), «ياركنچلك» («еркіншілік») қаріптерін түгел жазсақ бұлай жазылмақшы: «قيسيمشليق» («қысымшылық»), «يركينشليك» («еркіншілік»). Осы сөздерді «» сіз жақсы да, мағынасы бұзылмайтын болған соң «» ді жазбасақ та болмай ма?» деген едім. Мысалы, «قسمشلق» («қысым-шылық»), «ياركنچلك» («еркіншілік») деп жазсақ, кемшілік болар ма?

3-нші айрылатын жеріміз: мен «э» дыбысына «» («и»)лерді аламын, Ғ.Мұса мырза «ى» лерді алайық дейді. Мен «» («и») лер сөздің бас буынында жазылсын, басқа буындарында «ө», «ә» жазылсын деймін. Ғ.Мұса мырза сөздің аяғынан басқа жердің бәрінде «ى» («i») жазылсын, аяғында ғана «ө», «ә» жазылсын дейді. Меніңше, мысалы: «ايسهك» (есек), «كيسهك» (кесек), «كيرهك» (керек), «كهدهي» (кедей), «كيلهگهي» (кілегей), «چورهگهي» (шүрегей) деп жазбақшымыз, оныңша: «ايسك» (есек), «كيسك» (кесек), «كيريك» (керек), «كيددي» (кедей), «كيلگي» (кілегей), «چوريگي» (шүрегей).

Оның «» «и» лерден гөрі «ى» лерді артық көретіні нүкте қойып жатудан нүкте қоймау жеңіл дейді. Нүкте қоймаудан, қоймай жазудың жұмысы аз болғанмен оның жаттығы мол емес не? Жетек, шелек, есек деп жазсақ, бұрынғы есек, шелек, житек деп жүрген күйінде оқу; жітік, шілік, ісік деп жазсақ, житек, шелек, есек мағынасында оқымай, жітік,

шілік, ісік мағынасында оқылары ықтимал. Мен қаріптерді өзгерткенде халық жатсынбай, хат білетін адамдар үйретпей-ақ оқып кетерлік болғандай ғып өзгерттім. Бұрынғы «ﺉ» лерді оқып жүргенде «ﺉ» лерді де оқып кетеді, бұрынғы «و»-ды оқып жүргендер «وُ»-ды да оқып кетеді. «ی» лерді үйретпей «э, ɤ»-ды оқып кетер деп айта алмаймын.

Мен бұл «ی» белгілерін былтыр әліппе жазып жүргенде «э» емес, «ы» орнына алмақшы болып бір ұйғарып, тағы да ол ойдан қайтып едім. Қайтқаным оны қойсақ та, қоймасақ та оқуы бір ғой, қойып не қыламыз деген едім. Мысалы: мысық, арық, арыс деген сөздерді мысық, арық, арыс деп жазсақ, екеуінде оқушылар бірдей оқиды ғой деп «ی» («i»)лерді алмай тастап едім. Түбінде бұл белгілер алынатын болса, «э» дыбысына емес, «ы» дыбысына алуға лайық. Өйткені «ы» орнына алсақ, жұртқа үйретусіз қабылдануы ықтимал.

4-нші айырылатын жеріміз: меніңше созбасына дауысты дыбыстар келсе, ол сөзді жазарда басына сүйеніш таяқ қоямыз, оныңша ол керек емес. Оны керек қылғаным, халық әуелі шатасынбас үшін еді, екінші басқа түріктерден тым оқшау кетпес үшін еді. Онан басқа керегі бар деп өзім де айтпаймын. Оның жаттығы мынау: «اوغلى» (ұғлы) деген сөзді «اول», «وُغلى» (ол) деген сөзді «ول» деп жазсақ, жаттық аз. Егер де «استق» (астық) деген сөзді «يستق» (ыстық) деп, «الغى» (алғы) деген сөзді «يلغى» (ылғы), «اقتن» (ақытын) деген сөзді «يقتن» (ыкытын) деп жазсақ мұның жаттығы мол болады. Менің басына «ا» (a) қойып жазалық дегенім сонан. Көп қаулы қылса, ол «ا» ды алып тастауға да болады, онда бірақ «ы» орнына «ي» (и) лерден басқа хәріп алу керек болады.

5-нші айырылатын жеріміз: мен «ع» ны дәйекше етіп сөз алдына қоямын. Ол жіңішкертетін әріптердің үстіне қойылсын дейді. Оның айтуынша, бір сөзде жіңішкертуге тиісті қаріп біреу болса бір «ع», екеу болса екі «ع», үшеу болса үш «ع» қою керек, меніңше бір сөздің ішінде жіңішкертетін қаріп біреу болсын, көп болсын жалғыз ғана «ع» қою. Мысалы: «جورون» (жүруін) меніңше «عجورون» жазылмақшы, оныңша «جورون» жазылмақшы. Меніңше «عبادر» (білдір), оныңша «بيادير»; меніңше «عجيبير», оныңша «جيبير»; меніңше «عبولردى» (бүлдірді) оныңша «بولديردى» болмақшы. «ع»ны дәйекше қылып алдына қоюдан, әр қаріптің үсті-үстіне қойып жатудың қандай артығы барын біле алмадым. Және Ғ.Мұсаның бір айырылатын жері: дауысты дыбыстар 9 боларға керек. Мысалы: ا (a), ء (ə), و (o), ع (ə), وُ (y), وُ (y), ى (и), ى (i), ء (e). Бұл бір дыбыстың екі түрін екі басқа дыбысқа санағандықтан. Бір дыбыста екі түрлілік жалғыз бұл дыбыстарда емес, басқаларында да бар. Олардың екі түрін екі дыбысқа санамағанда, бұлардың екі түрін екі дыбысқа санаудың жөні жоқ.

А.Б

I
Ашық хат
Ғабдолла Шоқаевқа

Бүгін қазақ ескі ұйқысын тастап, жарым-жарты болса да оянды. Бүгін қазақ өзінің жұрттығын сақтап, қатарға кіру үшін ғылымнан басқа шара жоқ екеніне аз-маз болса да иланды. Соның үшін осы күні балаларын оқытуға бұрынғыдан артық ұмтыла бастады.

Енді бұл қазаққа не оқыту керек? Қалай оқыту керек? Міне, бұл мәселелерге жауап беру, жалғыз шәкірттерге емес, бәлкі ғылымы кең, пікірі терең қазақ азаматтарының бәріне бірдей міндет.

Қазақ осы күні мұқалмаған, қылауы түспеген, қалай жаратылса сол қалпында тұрған бір жұрт. Қазақта кірленбеген сап закон бар – тотықпаған, таза рух бар. Шет сөздермен былқыпаған тұнық тіл бар. Қазақтың кеудесінде табиғаттың берген қуаты әлі шашылмаған. Қазақтың миы шөп-шар, жоқ-бармен ашымайды. Енді бұл жұртты ілгері бастыру үшін өзінің осындай қасиеттерінен пайдалану керек. Қазақтың күшін бастаған азаматтары оның миын ашытпай, басын айналдырмай түзу жол тауып тура бастасын. Біреуі ойға, біреуі қырға тартып басын қатырмасын. Қазаққа әр турада оқытқанда да, үйреткенде де, жаздырған, сыздырғанда да «өзімдікі» деген бір жол көрсетілсін. Бет-бетімен бытырамай бәрі бір соқпаққа түсіп, бір құбылаға жөнелсін. Сонда ғана іздегенімізді тауып, көздегенімізге жетерміз.

Бұл турада үлкен жұмыс, әсіресе мұғалімдер мен жазушыларда. Мұғалім жұрттың жанында отырып тілімен үйреткенде, жазушы алыста тұрып қаламымен білдіреді. Бұл екеуі әр турада бір жолымен барсын. Мұғалім бір түрлі үйретіп, жазушы басқа түрлі жазса қайсысына еруге білмей, жұрттың басы айналады. Иәки бүгін бір мұғалім бір түрлі, ертең екінші мұғалім басқа түрлі үйретсе онда да жұрттың миы ашиды. Онан соң мұғалімнің тілі мен жазушының қаламы жұрт жатырқайтын болмасын. Мұғалім де, жазушы да жұрттың өз сөзімен сөйлеп, өз тілімен жазсын.

Міне бұл турада бастап Ғабдолла мырза Шоқаев «Қазақ»-тың өткен нөмірінде сөз қозғады. Ғабдолла мырза бүкіл қазақ мектептеріне бір емле, бір кітап қабыл етіліп, бәрі бір ізге түссе екен дейді. Бұл тіпті жөн сөз. Жоғарыда біздің айтқанымыз да осы. Онан соң Ғабдолла мырза: «Қайсы емлені қабыл етейік? Қандай кітаптан оқытайық?» деп сұрайды. Біз бұл турада біраз ойлап қарайық. Осы күні бізде «қайсы емле» деп тұрарлық жалғыз «Қазақ» емлесінен басқа өзіне белгілі қағидасы, арнаулы жобасы бар бір емле бар ма? Емле болу үшін белгілі бір қағидаға, арнаулы бір жобаға ерген болу керек. Әйтпесе жүгенсіз әркім тілегенінше жазу – ол емле емес. Біз өзіміз өз болғалы маңдайымызға бекіткен жалғыз-ақ емле көріп отырмыз. Ол да «Қазақ» емлесі. Рас, осы күні онан басқа да бірне-

ше әліпби кітаптары бар. Бірақ бұлардың өздерінің бөлек емшелері бар деп болмайды. Бұлар өздері бұралқы әліпбилер. Белгілі бір ізі, тұрлаулы жолы жоқ. Кейбіреу сартшаға, кейбіреу ноғайшаға еріп жазған. Осы күні ноғайлардың өздерінде де бір тұрлаулы емле жоқ. Матбұғаттары белгілі бір емлемен жазылмайды. Біреуі бір түрлі, екіншісі басқа түрлі жазып жүр. Енді сондай өзі қаңғыбас бір емлені алып қазақтың басын қаңғыртудың жөні болмаса керек. Ноғайлардың өздерінің жақсы бір емлесі болған күнде де бізге ол емле бола алмайды. Әр тілдің өзіне арнаулы емлесі болу керек. Қанша тартып созғанмен бір тілдің емлесі екінші тілге үйлесіп жетпейді. Жақсы-жаман болса да осы күні мынау қазақ емлесі деген жаңа бір емле шықты.

Бұл емле басқаларға еріп емес, бәлкі қазақтың өз тілінен алып жасалған емле. Соның үшін бізге осы күні бұдан басқа ұнамды емле жоқ деп білеміз. Әрине бұл емле бастан-аяқ түп-түгел, тіпті келіспеген жері жоқ деп айтпаймыз. Бірақ келіспеген жері болса тұра-бара түзетілер. «Енді мұны қабыл еткен соң бір қылына тиме!» деп ешкім айтпас. Әр нәрсе бірден түп-түгел болмайды. Дүниеде заман өзгерумен өзгермейтін бір нәрсе де жоқ. Емле сондай нәрсе. Қос жүре түзеледі емес пе? Енді кітап турасына келсек, осы күні бізде «мынамен оқытайық» деп айтарлық әліпбиден басқа кітап жоқ, бірақ бұл кітап жоқтық өмірде тұрмас, бүгін болмаса ертең болар. Міне Ахмет Байтұрсынов хәм Міржақып Дулатов мырзалар қазақ емлесінде ибтидаи үш жылдық мектеп кітаптарын жазып жатыр. Келер жазға даяр болар деп «Қазақ»-тың өткен нөмірінде жазылды. Енді қазақ емлесін қабыл еткен соң оның кітаптарын да қабыл ету тиіс екендігі өзінен-өзі мағлұм. Бұл сөз ибтидаи мектеп турасында. Егер онан жоғарғы мектептер бар екен, онда уақытша ноғайшадан оқытпай амал жоқ.

Ұзын сөздің қысқасы: бүгін бізге бір емлені қабыл ету өте керек. Бұған ешкім қарсы келмес. Емле «Қазақ» емлесі болғаны артық. Дәлел жоғарыда айттық. Онан соң ибтидаи мектеп үшін мына шығайын деп жатқан кітаптарды қабыл етейік, өзіңнен кітап шыққан соң басқадан іздеп не азап? Бұл турадағы өз ойымыз осы. Енді басқа жолдастарымыздың ойын білгіміз келеді. Бұл мәселе жалғыз мұсылманша мұғалім, шәкірттер арасында ғана қалмасқа тиіс. Міне, учительски школа хәм семинарияда оқып жүргендер иәки осы күні ушител болып тұрғандар да мұны ескерсе керек. Бәрібір олар да қазақ баласы оқытатын адамдар. Онан соң біздің жазушыларымыз да бір жолға түссе екен. Қазақ матбұғаты атаулыдан айналдырған бір газета, бір журналымыздың бет-бетімен жазулары тіпті келісімсіз көрінеді. «Көшбасшы ала болса, көш алаң» деген мақалды ескеріп екеуі бір жолға түсуін тілейміз.

*Медресе «Хұсейние»-де қазақ шәкірттері есімінен
Хайреддин Болғанбаев*

II Емле хақында

Әркімге де белгілі, біздің қазақ халқына ас-су қандай керек болса, бір жөнге салынған өрнекті емле де сондай керек. Ал енді қазаққа қандай емлені хәм кімнің шығарған емлесін қабыл етерге? Мұның хақында көзі ашық, терең ойлылар өз пікірлерін айтар. Біз өзіміз соңғы жылда шыққан Ахмет Байтұрсыновтың емлесін қабыл етеміз.

....школындагы қазақ балалары

III Бауырлар!

Өлген елді тірілткен, жығылған елді тұрғызған, тынысы біткен елге дем берген, ғұмырынша басқалардың аяғы астында езіліп жатқан елді күлшылықтан құтқарып, басқалар қатарында өзінің елдігін жоғалтпай, дүниеде жасауға сүйреген бір нәрселер бар. Ол нәрселер: оқу хәм әр ұлттың өз әдебиеті. Үйдің орнықты салынуы үшін негіз қандай керек болса, әдебиетіміздің негізді жасалу үшін бір жөнге салынған дұрыс емле де сондай керек. Қазіргі уақытта жақсы-жаман болса да біздің де өз әдебиетіміздің басы құралып келеді, соның үшін емлемізді бір жөнге салуға тиіс. Біз өзіміз қазақ үшін Ахмет Байтұрсыновтың шығарған емлесін хәм сол емледе жазылған кітаптарды қабыл көреміз.

Б.С.Қатнағай

IV Біз де қабыл етеміз

Құдайға шүкір, қазақтың қамын ойлап, кемшілігін толтыруға, жақсылықты үйретіп, жамандықтан тыюға әр жерден түзу пікірлі азаматтар шығып жатыр. Өзіміз білмесек, білдіретін кісіміз жоқ болса, не қылар едік? Осы кезде қазақтың керегі көп, олардың арасында керегірегі ғылым хәм ғылымға құрал болған кітаптар. Бұл күнге шейін өз тілімізде ғылым құралдары жоқ еді, міне енді бұлар да бола бастады. Бола бастағандығы сол, қайсысын қабыл етеміз деп сұрап жатыр. Біз өзі түсінуімізше, таза қазақ тілінде шын мағынасымен төте жолмен тәртіп етілген Ахмет Байтұрсыновтың шығарған емлесін қабыл етеміз хәм осы жолмен жазылып жатқан Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың мұнан бұлай шығарған кітаптарын бірге қабыл етеміз, елге шығып мұғалім болғанымызда осы жолмен білгенімізше оқытуға тырысамыз.

Орынборда 5-ний махалледе қырық шамалы қазақ шәкірттерінің өтініші бойынша: Жанғазы Жолаев, Әбуәллис Садықов, Аймұхамет Жанатаев

V Қалаған емлеміз

«Қазақ» істі бастан бітіре барайын деп, жазуын қағидалы емле деп айтарлық дәрежеге жеткізді, соның үшін (Ғабдолла Шоқаевтың сұрауына жауап беріп) Қазандағы қазақ шәкірттері «Қазақ» емлесін қабыл еттік.

Кенжеғали Ғабдуллин

VI Құрметті Ғабдолла Шоқайұлы!

Сіздің 38-нші нөмір «Қазақ» газетасында қазақ шәкірттерінен оқу оқыту, қандай кітап, қандай емлені қабыл ету турасында пікірлерін сұрап жазған хатыңызды оқып көрдік. «Бойыңа қарап тоныңды піш» дегендей, аз ақылымызбен қысқа жауап береміз. Әр қайсымызға белгілі, біздің қазақ ішінде кейбір жерде ғана болмаса, бала оқыту реті Нұх пайғамбар заманынан бері келе жатқан десе де болады. Әкеміз «Әлібке кусни ‘ан» деп оқыса, баласы «біз әбижид, һауздан» оза алмадық. Көресіз, айырмасы аз. Соңғы арада ноғайша әліппелер шықты. Мұны надан қазақ «ата, бата, ағаш, көмір ...» деген не өзі деп көп ұнатпайды. Екі-үш жыл арасында басқа алифбилер болды. Бұлары да қазақ пайдасына көп аспады: маймылдың көзілдірік киемін дегені сияқты, надан моллалар кітапты бұлай аударды, олай аударды, қатарлап тізген қаріптен басқа еш нәрсе көре алмай, қызыл сандықтың түбіне салып жібереді. Бұл арада кітап шығарушыларда да айып бар: асын беріп, қасығын бермей. Енді не қыларымыз деп тұрғанда Ахмет Байтұрсынов бірнеше «Оқу құралы» деген кітаптар шығарды. Алдыңғы айтылым өткен әліппелердегі болған кем-кетік осы оқу құралдарында бітелген: бірінші, бұл кітаптар қазақтың жалпақ тілімен жазылған, сондықтан қазақ балалары тез түсінерлік оңай. Екінші, мүмкін қадыр бір қаріпке екінші қаріпті қосқан уақытта бір мағыналы сөз шығарылып жазылған. Үшінші, «Баяншы» деген кітап қосқан. Бұл кітапта «Оқу құралы»-мен қалай пайдалану, баланы қалай оқыту һәм жаздыру керек екендігі көрсетілген. Шу дегенде көпке бірдей жазу оңай емес. Сондықтан А.Б.-ның әліппесін ұнатпайтын да кісілер бар шығар, сонда да олардың қолдарында да осы жолмен оқытуға керек деп ұстап тұрған мінсіз кітаптары болуы қиын болар.

Көп сөзден бір сөз, біздің ойымызша қолдағы оқу құралдарының тәуірі А.Б.-ның әліппесі, осымен балаларды оқыталық, ең болғанда қазақ өз тілін өзі түсінеді ғой. Мұнан кейінгі шыққан кітаптарды кезінде көрерміз.

Ш. Б. Ішкі ордалық

VII Емле хақында

Әдебиеті болмаған жұрт осы заманда жұрттан есептелмейді. Керек осы заманда, керек бұрынғы замандардағы халықтардың басқа жұрт қасында қадірлі, құрметті болулары, басқа жұрттардағы өрнек, үлгі болулары әдсбиеттері арқасында болады. Әдебиеті болмай өткен жұрттан қандай жақсы, қаншама қаһарман (ер), атақты болса да олардың тарихынан бір соңғыларын түк сыбаға ала алмайды.

Бір жұрттың әдебиеті деп сол жұрттың ойлаған ойларын, көңілдеріндегі тілектерін, ұстаған жолдарын (идеал), жүріс-тұрыстарын басқаларға нақ солардың өздері қылып аңғартуларына айтылады. Бұларды аңғартуға матбұғат, жазу-сызу деген нәрсе қызмет қылады.

Әдебиет – жан, матбұғат соның тәні. Бір халықтың әдебиеті қандай мол, кең болса да матбұғаты жоқ болса, ол жұрт мылқау жұрт болады.

Мына біздің әдебиетіміз бұрынғы бабаларымыз заманасында да қандай бай, кең еді хәм бабаларымыз арасында білім мағарифқа қызмет қылған, дүниеге бас болған адамдар да болып өткен еді, бірақ олар заманында матбұғатымыз жоқ болғандықтан еңбектерінің бірі де білінбей қалды, болмаған сияқты болды. Анау күнгі әдебиеттерінің сақталып келгендігіне 400 жыл толғанына той қылған армяндар бізден саны аз халық еді. Біздің бабалар бастық құрып, кісі болып жүрген кездерде олардың бәлки аттары да жоқ еді. Неден олар олай ілгері кеткенде, біз бұлай қалғанбыз? Біз ерте туып кеш қалғанбыз, сондықтан. Енді өткен іске өкініш жоқ. Мұнан былай қарайық.

(Былайғысы бар)

Медресе «Ғалие» шәкірттері

Емле хақында (басы 41-нші нөмірде)

2-3 жылдан бері біздің жұрт арасында да милли әдебиетімізді осы таза күйінше жоғалтпай сақтау керек деген ой туа бастап еді. Милли әдебиетімізге жаракты, оған тура келетін қару-жарактар ішінде мұқтаж болғанымыз тілімізге жететін белгі – қарпіміз жоқ еді. Бұл кемшілігіміздің орнын толтырмағанда матбұғатымыз барлыққа шықпайды. Бұл турада Байтұрсынов Ахмет мырзадан басқа жігерлеп кіріскен кісі де жоқ еді. Қатынды бастан, баланы жастан. Басы оңбағанның, аяғы да оңбады деп әдебиетіміз-матбұғатымыз жас бала, оғанп қызмет қылатын белгілерімізді бастан түзетін, осындай кірісіп кетпей тұрған шағымызда бекітіп алмасақ, істің ортасына кіріп кеткен соң басқа ағайындарымыз сияқты батпақтан шыға алмай дінкеміз құрыр.

Міне, сол ең керекті ісімізді қарауға жұртымыздың қолы жаңа тиген болса керек. 38-нші «Қазак»-та Шоқаев осы туралы жұртқа сөз ашып, сауал қылған екен. Әрине бұған білімді азаматтарымыз түптен ойланып бір қарар, бір ынтымаққа келіп бітіруге керек. Енді осы оқу-жазуды түзетіп бірыңғай қылу турасында біздің тапқан ойымыз, кеңестеріміз мынау:

Байтұрсынов Ахмет мырзаның шығарған алифби-оқу құралы дәріс кітабы қылып оқытуға әбден жарайтын келіскен деп білдік. Ол мырзаның түзетіп шығарған белгілерінен кейбіреулері біздің ойымызша артық, кейбіреулері кем болатын көрінеді. Бізше түзетілетін белгілер мынаулар:

1) Біздің тілде бір сөздің жуандық, жіңішкелігі сол сөздің ішіндегі дауысты белгілердің жуандық, жіңішкелігінен келгендіктен, жуандық иә жіңішкелік үшін айырым белгіге қажет жоқ. Соның үшін жіңішкелікке де кіші қылып алған «ء» керек емес, артық.

2) Дауыссыз белгілер табиғаттарында жіңішке.

3) «و» ны жарты дауыстырақ (көмескі) һәм кәкінді қылып алдық. «ياو» (бау), «تارو» (тау), «قور» (қор), «انتقور» (құр ат) дегендегідей.

4) «و» (басы үшкүл, үш қырлы) мұны «о» орнына аламыз. «سور» (сор (топырақ) дегендеріндегідей.

5) «ؤ» (мұның басы үшкүл, үш қырлы, үстінде үтірі бар). Мұны «ө» орнына аламыз. «كوز» (көз (көретін көз), «سوز» (сөз (сөйлейтін) дегендердегідей. Бұл екеуін бұ суретте алуымыз дауыстары «و» мен «ؤ» дан басқа болғандықтан һәм басқа ағайын-бауырларымызда бұ дауыстар көп болмай, өзімізге хас (арнаулы) сияқты болған соң алдық.

6) «ا» («أ» үстіне «ء») мұны арабтың «أ» орнына алдық. Бұл өз алдына жеке бір белгі. «ان» (ән (күй), «سان» (сән (зейнет), «أرينه» (әрине) дегендердегідей.

7) «چ» «ч» дауысындағы белгі, қазақ тілінде естілмейді. Мұны тастап дауысымызға лайық «ش» ны алдық. Бұл белгі басқа ағайын-бауырларымызда болса, мұның һәм «ژ», «ژ» лары емле үйреткенде басқа тілден кірген есебінде қылып алынар дедік.

Қол қойдық: Ахметжан Күзембаев, Әбілғазы Иманбеков, Бекмұхаммет Хусейнов, Иса Тоқтарбеков, Шаһмардан Ғұмаров, Нұғман Манаев, Камаледдин Жайсақов, Ғаббас Ханафиев, Нұрхан Еленов, Хамза Ибраһимов, Маһарбан Ермектасов, Мырзахмет қожа Кланов, Зәкір Ғабдуллин, Мәннан Тұрғанбаев, Молдахмет Ержанов, Қақан Әбдулқарімов, Хасан Ожаров

Жазу жөндеу

Жазу жөндеу мәселесі араб қарпін қолданған жұрттың көбінде-ақ козғалып жатыр. Бұл мәселені Стамбұл түріктері де, Русиа түріктері

де осы күнде мықтап қолға алып жатыр. Оны қолға алдырып жатқан қазіргі жазу ісіндегі зор-зор кемшіліктер. Ол кемшіліктер әуелі араб қаріптерінің әр қайсысы әлденеше түрлі болғандығынан, мысалы, бас түрі, орта түрі, аяқ түрі, жеке түрі барлығынан. Екінші араб әліппесінде дауысты дыбыстардың арнаулы қаріптерінің жоқтығынан. Әр қаріптің бірнеше түрлі болуы қазірінде көп іске ауырлық келтіріп, зарары тиіп тұр. Әсіресе бұлай болуынан зарар шегіп тұрған екі іс: бірі – оқу ісі, екіншісі – матбұға ісі. Бұл екеуі де халықтың мәдениет жолында алға басуына себепкер болатын істердің бас дәрежелісі. Қаріп түрінің көптігінен оқу ісіне тиетін зарары сол: балалар бір қаріптің түрін танып, есіне сақтау орнына бірнеше түрін танып, есінде сақтамақшы. Бір нәрсені білуден бірнеше нәрсені білу әрине ауыр болмақшы. Матбұға ісіне тиетін зарары сол: бір қаріпті сатып алу орнына матбұғашы бірнешеуін аларға керек. Бір қаріпке төлейтін ақшадан бірнеше қаріпке төлейтін ақша әрине көп болмақшы. Олай болған соң матбұға қымбатқа түспекші. Екінші қаріп түрі көп болса, қаріп қоятын ұясы көп болады. Неғұрлым ұясы көп болса соғұрлым жиюы ауырламақшы, жию жұмысы шабан жүрмекші. Сөйтіп аз адаммен істейтін ісін көп адамға істетіп, аз уақытта істелетін істі көп уақытқа созып, матбұға ісін қымбатқа түсірмекші. Бастырған кітап, газета, журнал сияқты нәрселер матбұға қымбаттығынан қымбат басылып шықса, олардың жұртқа таралуы ауыр болмақшы.

Осындай кемшіліктерін түзетіп, жазу ісін жөндеуге әркім талаптанып жатыр. Жалғыз-ақ ойлары бір жерге жиылып, ынтымаққа келіп, бата қылуына қалып тұр. Олардың жазу түзету турасындағы істерінің көшесі мынау: бір қаріптің бір-ақ түрі болсын дейді, яғни бас түрі, орта түрі, аяқ түрі, жеке түрі болмай, бұлардың біреуі-ақ алынсын дейді. Олай деудің мәнісі: осы күнгі қаріптердің қайсысының да болса түр негізі ескі қаріптерден алынған. Ескі қаріптердің бәрі де тіркеспей, жеке-жеке жазылған. Бұрынғы тасқа, қыш тақтайларға жазылған жазулардың қаріптерінің бәрі жеке-жеке. Тіркестірген жазу бергі замандарда шыққан. Оның шығуына себепкер болған матбұға жоқ замандарда кітаптардың қолмен жазылғандығы, кітаптарды шапшаң жазу үшін асығыс қаріптерді жалғастырып, тіркестіріп жазған. Сонан бірте-бірте тіркестіріп жазу дағдылы қалып болып кеткен. Кітапты бастыру амалы табылғанда Европа халықтары баспа қаріптерін жасау үшін жалғасқан, тіркескен қаріп түрін алмай, негізгі жеке түрін алған. Сондықтан олардың баспа қаріптерінің әр қайсысы бір-ақ түрлі. Араб баспа қаріптерін жасағанда, себебі неге екенін білмейміз, негізгі жеке түрін алмай, жалғасқан жазба түрін алған. Бұлай ету зор қате болған. Басында істелген қате осы күнге шейін түзетілмей келе жатыр. Европа халқы жоғарыда айтылған кемшіліктерін көре тұрып сол күйінде қалдырмай, ол қатені әлдеқашан түзетер еді. Азия халқының дағдылы соқпағынан бұрылып аяқ басуының ауырлығынан

сол қатені түзетуді жаңа ғана қолға алып жатыр. Түркияда «Ислах харф» жәмиғаты, Ысмағұл әпенді Хақыбек, Русида Зәкір әпенді Рамиев, баспашы Харитонов Бабай һәм Ғабдолла әпенді Албаров бұлардың бәрі де баспа хәріптердің бас, орта, аяқ, жеке түрлері болмай бір-ақ түрлі болуын көздегенде, ойлап тапқандарын алифби етіп майданға шығарып отыр. Бұлардың ойлап тапқандарын қазірінде төртке бөлуге болады. Бірі парсы, араб қаріптерінің осы күнгі жеке түрін алмақ һәм баспа мен жазба екеуіне де жеке-жеке қоймақ. Бұлай болуды қолайлаушылар «Ислах харф» жәмиғатында, екіншілері бас һәм аяқ түрін ғана алмақ. Бұлар Түркияда «Танин» газетасына жақ адамдардан шыққан пікір. Үшіншілері жалғыз ғана бас түрін алмақ. Бұлай ойлаушы Албаров әпенді. Төртіншілері бас түрі, басқа түрі демей, қай баспаға қолайлы, келістісін алмақ. Олардың түрлерін өзгертіңкіреп сұлуламақ. Мұны шығарып отырған Рамиев әпенді мен Харитонов Бабай. Бұл екеуінің ойлары баспа турасында бір деуге болады: қаріптерінің арасында айырмасы аз, жазу қаріптерінің келгенде екеуінің арасы алыс. Рамиев әпенді жазба осы күнгі қалпында қалсын дейді. Харитонов баспа қаріптердің өзгерген түріне қарай жазба да өзгерілсін дейді. Оның жазба қаріптері араб қаріптеріне тіпті ұқсамайды, теріс қаратып қойған латын қаріптеріне ұқсайды.

Осы айтылған төрт пікірдің қайсысы алынары қазір белгісіз. Жақын арада Стамбұлда «Жәмиғат Хейрие Исламие» залында Әбдулғазиз Шауыш әпенді бас болып қаріп жөндеу, емле түзету мәселесі турасында кеңес құрған. Ол кеңесте түрік, араб, иран жазулары – бәрі де дыбыс бойынша жазылатын болсын деп бата қылысқан. Әбдулғазиз әпенді «Дар эл-фунун» ашу жайын кеңеспекке Мединеге кетіп, сонан қайтқан соң жазу түзету жұмысын қолға алып, тірілтпекші болған.

Осылардың бәрі де жазудың түзетіп жөнге салуға мезгіл жеткенін көрсетеді. Тіршілік ісі жарысқа айналған заман. Уақыт қымбат. Кешіккен кейін қала бермекші. Шапшаң істерлік іс шабан істелсе, ол қып-қызыл залал. Оңайлықпен үйретерлік нәрсені қиындықпен үйрету балаларға обал. Араб алифбиінің кемшілігінен матбұға ісінде шабандық, оқу ісінде ауырлық, емле ісінде тәртіпсіздік. Осы кемшіліктерді жою үшін әр жерде-ақ жол қарастырып, іздеп жатыр. Біздің де емле түзету ісіміз сол жұмыстардың бір тарауы.

Басқа түрік балаларының қаріп һәм емле түзету ісіне қарасақ, олардың бізден, біздің олардан айырылатын жерлеріміз бар. Біздегі бар дыбыс оларда жоқ, оларда бар дыбыс бізде жоқ көрінеді. Біздегі бар сөздердің түрлері оларда жоқ, оларда бар түрлері бізде жоқ. Сондықтан біз қазақ тілін тастап басқа түрік тілдерінің біріне қосыламыз демесек, айырық жерде айырыла, бірдей жерде біріге іс ету тиіс. Солай ету қазақ тіліне керек жұмыстарда да боларға тиіс. Тіліміздегі харакаттар болсын, сөздің түрлері болсын басқаларда бар болса, солармен бірдей жаза білуі тиіс.

Олардан басқа болса, басқа жазылуы тиіс. Бірақ айырылымы аз жерлерді айырысы жоққа есеп етерге керек. Қазіргі жазу жұмысы екіге бөлініп тұр: бірі баспа қаріптерді түзету, екіншісі сөзді дыбыс басына қаріп қойып жазу, баспа қаріптердің жоғарғы айтылған түрлерінің түйінінде қолайлаған біреуін алар. Бұл іс барша араб алифбиін тұтынған халықтармен бірге көретін іс. Қазақ тіліндегі дыбыстарға керек қаріптерді алып, қазақ жазуының емлесін жөндеп тәртіпке салу, ол өзіміз істейтін жұмыс. Біз қазақ тіліне араб алифбиінде бар қаріптерден басбасына қаріп арнап алып, сол қаріптермен қазақ сөздерін еш кемшіліксіз жазып отырмыз. Араб қаріптері қазақ тіліндегі дыбыстарға жетпеген жерлерін, яғни, қаріппен толықтыруға болмайтын жерлерін, жаңа қаріп алсақ жұрт жатырқар деп, қағидамен толықтырдық. Қазақ сөзін жазуға кемшілігі жоқ, осы жарайды деп тұрмыз. Мұнан да гөрі, қаріп көбейтпей, оңайырақ жолын тапқан адамдардың айтқанын қабыл етуге даярмыз. Бірақ қиындату жағына баспаймыз.

Бізден басқа түріктер де дыбыс басына қаріп жазуға түсейін деп жатыр. Хасан Әли әпендінің «Мұғалім» журналы осы жөнде жұмыс бастап жатыр. Түркия, Иран, Араб баршасы да дыбыс басына қаріп қойып жазуды ұнатқанын жоғарыда айтып өттік. Биыл жаз «Шура» журналы да бұл туралы анкета (сұрау)мен жұрттың пікірін байқап еді, көбі дыбыс жазуды түрік тіліне қабылдап, араб сөздеріне ғана қабылдамап еді. Олай болса араб пен түрік сөзін айыра білу әркімнің қолынан келмейді деп қойып еді. Енді арабтар дыбыс жазуын қабыл етсе, біздің ноғай ағайындар да қабыл етер деп ойлаймыз. Исмағұл әпенді Гаспиринский бұ жолда да ноғай қарындастарымызға басшылық қылатын көрінеді: «Тәржіман» газетасын оқитын адамдар байқайтын шығар, Исмағұл әпенді дауысты емлені қолдана бастағанын.

Бұ жоғарыда жазылғаннан көрінеді: дыбыс жазуын қолайлап, тұтынуға түскен жалғыз біз емес, басқалар да қолайлап, соған түсейін деп жатыр. Әр қайсысы өз тілінде бар дыбысқа араб қаріптерінен қаріп арнамақшы. Біздің қазақ тіліне арнаған қаріптеріміз «Қазақ» газетасы мен «Оқу құралы» кітаптардағы. Ендігі жұмыс соның кемшілігі болса көрсетіп, түзету. Түзеткенде ауырлық жағына емес, жеңілдік жағына түзету.

Емле хақында

«Қазақ» емлесін қабыл еткендіктерін білдіріп хат жазушылар: Торғайдан Файзолла Сатыбалды Ишанұлы, мұғалімдерден Тәшен Қиямбеков. Зәкір Ғайсин, Мейрам Асхақов. Шаһмардан Ибраһимов. Садық Абыланов, шәкірттерден Мырза Ахмет Қожақұланов, Мұртаза һәм Рахымжан Бексейіт балалары. Павлодардан Қасым қажы медресесіндегі қазақ шәкірттері һәм Астрахан медресесіндегі қазақ шәкірттері.

Емле турасында XI

Бұл заманда оқу, оқыту жылдан жыл таррақи етіп, мақсұты ілгері жүру. Әр жұрт та аяғын кере-кере аттап кетіп барады. Әр жұрт өз тілін, өз емлесін қатарға қосып, өз әдебиетін ілгері жіберуде, ол әдебиеттің ілгері басуы тілдің байлығында. Жалғыз тілдің бай болуы ғана жетпейді, байлығын майданға салып көрсету керек болады. Біздің қазақ халқы тілі бай, әдебиеті мол болса да, өзіне арнаулы емле, балаларын тәрбие етерлік жөні түзу әліппе майданға шыққаны жоқ еді. Замананың түрткілеп оятуына да оянушылар аз еді. Ұйқысы сергек Ахмет Байтұрсынов неше жылдан бері ойлап, сынап, жаңа емлемен жазған алифбаны бір жылдан бері майданға қоя бастады. Емле турасында медресе Ғалидегі қазақ шәкірттерінің пікірін білейін деп ойлаған еді. Медреседе қырықтан аса қазақ шәкірттері бар еді, кейбіреулер қабыл етуді қолдап, кейбіреулері бұл емле және алифба мәселесі жеңіл іс емес, біраз мекеме қылып тексеріп қарайық, не үшін десеңіз заманамызға ұнаулы болып дауам ететін бір іс, ол істің негізді боларлық түрі бар ма, жоқ па? Анықтап көз салу керек, қолдануға лайықты тапсақ, қабыл қылармыз. Кем жері болса, көрсетерміз деген ойда болып қабыл етуге кезінде мойындап жауап бермеген еді. Екі айға жақын талқыға салып, ойлап сынағанның соңында қабыл етуді ұнамды таптық. Бұл Ахмет Байтұрсынов әліппесінде кем жері болса болар. Ондай жерлерін тәжірибе иесі елде мұғалім болған шәкірттер өздері бір хатпен жазушыға білдіруге мүмкін. Лайық болған жерде пікірден шығып кетпес. Не үшін десеңіз шәкірттеріміз де, жазушыларымыз да әр қайсысы ұлт балаларына оқу ісінде ауырлық келтіру, қиын жолға бастау ниетінде емес, бәлкі жеңілдік, оңайлату жағында. Аз-маз кем жері болса да, қабыл қылу керек. «Қос жүре түзеледі» деген, бастауында кемдік, қысқалық болса да, жүре жөндігіп кетер. Бірен-саран болса да жолбасшыларымыз көріне бастады. Әр жерде оқып жүрген азаматтарымыз да бар. Мұнан он жыл бұрынғы шағымыз бен соңғы 4-5 жылды салыстырып қарасақ, арасында көп өзгерістер бар. Бұрын ноғай медреселерінде қазақ шәкірттері жоқ есебінде аз еді, соңғы жылдарда бірте-бірте көбейіп оқу жолына кірісіп жатыр. Жақсы оқып шығып, ұлтына қызмет жолына бел байлап түскендері бар. Сондай талапты азаматтарымыз ұлт баласына қызмет еткелі ниет қылып оқу құралына ділгір болып шыққанында жоғын-керегін даярлап қойған Ахмет мырза Байтұрсыновтың оқу құралын қолданып, тәлім жолына кірісуін тілейміз.

Кейбір ұнатпағандар да болар. Бізге әліп, би, ти, си, яки мұғалім әуелі, мұғалім саны жетпей ме деп, үстінен қарағанда жетерлік болса да, терең ойлап қарағанда ұнамсыз талай жерлері бар деп білеміз. Бірнеше миллион қазақ халқы өзімізге белгілі тілде жазылған балаларды тәрбие қыларлық

әліппе, емле, сарф, тарих, хисаб, жағрафия секілді өз тілімізде жазылған кітаптың жоқтығы еді. Өздеріміз кемшілік не дәрежеде екендігі ап-ашық көрініп тұр. «Көп жоқтаса, жоқ табылады» деген секілді қазақ ішіне шыққан азаматтар балаларды бір ізбен тәрбие етуге сіздер борыштысыз. Қабыл етуге риза болып қол қойған шәкірттер медресе Ғалиеде.

*Сәдуақас Жандосов, Ысхақ Заһиров, Абушахме Боқаев,
Абдалхамит Молдағалиев, Абдолла Толбаев, Хайралла Ибрахимов,
Закир Сералин, Ахмет Маметов, Ерғали Бейсов, Софалла
Ғабдолғазизов, Исмаил Тұрсынов, Тажәли Жұмалиев.*

«Қазақ»: Бұрын «Қазақ» емлесін қабыл еттік деп жазған медресе Ғалиедегі қазақ шәкірттерінің бұлардан басқа жартысы еді.

Орысша оқушылар

5-інші августа Орынбордағы киргизский учительский школаға кі-ремін деп келген талапкерлерге емтихан болды. Кіруге келген 80 кісі еді, оның жартысы қазақ, жартысы орыс балалары. Жаңадан аларлық қақында әм степендия орны алтау-ақ екен. Келген 80 кісінің алтауынан басқалары ауқаты көтерсе өз жанынан оқымақшы. Өз жанынан оқитындар пәтерде тұрып, сонан келіп оқып жүреді, иә жылына 150 сом төлеп, школдан тамақ ішіп, киім киіп, сонда жатып оқуға да болады. Бай адамдарға жылына 150 сом көп ақша емес, кедейлерге күшінен келмейтін көп ақша. Солай болған соң дұрысы былай істемек еді: бай балалары өз жанынан оқып, жарлы балаларына қазына орнын беру еді. Оны істейтін біздің Торғай мен Орал облысында байлар жоқ. Қазына орнына бай балалары жарлы балаларымен таласа кіреді. Қазақ байларының қалыбын істемей тұрған Мамановтар көрінеді. Медреседе оқып жүрген балалардан зерек-зерек балаларды таңдап алып, мұсылманша болсын оқу оқып қайтуға жібереді екен. Сондай жіберген баланың бірі биыл киргизский учительский школға кірді. Бұрын «Медресе Ғалиада» оқып, былтырдан берлі орысша мұғалімдік ғылымын білу ниетпен учительский школа иә семинарияға кіру үшін орысша оқыған екен. Талапкерлерге керекті ақшасын беріп, оқуға жіберіп жүрген байлар да, олардың ақшаларын адалдап орнына жұмсап жүрген бала да жарайды. Бір жыл орысша оқып, бірден соңғы болып школға емтихан еріп кірді. Жоғарыда айтылған алты бос орынның үшеуі қазаққа, үшеуі орысқа екен. Маманов талапкер қазынадан тиісті орнын емтиқаннан 5-інші болып келген бір жарлы баласына беріп, өзі Мамановтардан алатын ақшасының 150 сомын төлеп, шолада жагып оқитын болды. Сөйтіп, биыл қазақтан келген қырық баланың төртеуі-ақ

кірді, басқалары өз күшімен оқуға ауқаты жоқ болған соң, қазына орыны жетпеген соң еліне қайтты. Жылда учительский школаға 40-50 бала келеді, төртеу-бесеуі, яғни оннан бірі кіріп, басқалары оқуға (қаржы) таба алмай, еліне қайтады. Бұлар городской, губернский класты, селский школа бітіргендер. Олар оқырлық орындар шамалы; учительский школаға, семинария, адам фелдшері иә мал фелдшерінің школалары. Торғай мен Орал облысында фелдшерлік школалар жоқ. Семинарияларда қазақ степендиясы иә тіпті жоқ, иә бар болса аз, жоқ есебінде. Киргизский учительский школада қазына орны 60, оның жартысы қазаққа, жартысы орысқа деп, ол жағынан да үлкен ауыл үлкендігін қылатын көрінеді. Торғай мен Орал облысының қазағы дендеп, көбірек оқитын орны киргизский школа, бұған кіре алмай қайтқаны оқи алмай қалғаны. Бұлардың 5-6 жыл оқып білгені шала-шарпы мұсылманша қат біледі, білмегендерінде ол да жоқ. Переуотшик, қатшылық орын-морын табылса жарады, табылмаса елде тұрып тіл де, жазу да ұмытылып, оқымаған қалпына түседі. Сана-саңылау түскендей иә мұсылманша, иә орысша жете оқыған жоқ: «аз білімін көпсініп, көп қазаққа епсініп», переуотшик иә қатшы болса, пысықсып тікелейтіндер осылардан шығады.

Жоғары әм орта оқулыларымыз аз болса да, шолақ оқулыларымыз тәуір бар. Ең аз болса әр облыстан шолақ оқумен қалатын қазақ баласы 50-60 болады. Бұлардың қызметке кіргендері қазаққа епсінуден болады, үйіне тұрғанының оқығанынан жұрнақ қалмайды.

«Асыл тастан, өнер жастан» деуші еді, шырақ ұстап, жұрт алдына түсіп, түзу жолағ бастайтын адамдар шығар деп, үміт ететін жастарымыздың жайы осы. Орысша оқығандарымыз дейтін шолақ оқулылар болса, оларға өкпе жүрер ме? Егерде оқығандарымыз деп жоғары иә орта оқуларды айтса, олар тіпті аз-ақ есепте емес пе? Ұлт жұмысы – үлкен жұмыс, үлкен жұмысқа көп жұмысшы керек. Үлкен үй салуға да қанша жұмысшы керек, жеті облыс қазақтың жұмысы үй жұмысынан ұлығырақ емес пе? Жұмысшы аз болса, жұмыстың өнімі де аз, көп болмақшы. Егер де оқу іздеген талапкерлеріміздің қырықтан төртеуі ғана оқырлық орын тауып, басқалары қаңғырып далада қалып отырса, жұрт жұмысшысы көбейіп мандыр ма, жұмысшы көбеймесе, жұрт жұмысы ілгері басып өнер ме? Алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе? Бұ да сол сияқты емес пе?

Сол қаңғырып қалып тұрған балалар ұлттың ұлы емес пе? Балам деген жұрт болмаса, жұртым деген бала қайдан шықсын. Бала деп бағып оқытып, адам қылғаннан кейін жұртым деп танымаса, сонда өкпелеу жөн ғой. Аталық міндетін атқарып отырған жұрт жоқ, жұртқа борыштармын деп жүрген қазақ баласы жоқ. Баққан қазына, қазынаға борыштармыз деп жүр. Жастарды оқыту расходынан қашып, қазынаға борышты қылып койса, жастарда не жазық бар? Баланы ұлша тәрбиелесең ұл болмақшы,

құлша тәрбиелесең құл болмақшы. Айып...? Егерде осы күнгі орысша, оқығандардың арасында жұрттым... шығып жатса, жұрттың өткізген ... төлеу үшін емес, адамшылық о... басынан атқару үшін. Мойындағы борышты білу білімі ісі, борышты төлеу – адамшылық ісі. Білім мен адамшылық екі басқа нәрсе, бірақ борышын білушілер көбейсе, төлеушілер де көбейуі ықтимал.

Жоғарыдағы айтылған сөздердің ақтығы мынау: әуелі, қазақ, жұртшылық етіп оқимын деген жастарыңды бүйтіп қаңғыртып қоймас үшін, қам қылыңдар! Ол үшін әм жердегі оқитын орындарда көбірек стипендия ашу керек, оны ашу қиын да емес, қымбат та емес. Баланы оқыту ата-анасына ауыр болғанмен, жұртқа жеңіл. Екінші, стипендияларды түрлі школдарда ашу керек. Қандай школдарда, қанша стипендия ашу әм...

Мұсылман сиезі

Мұсылман сиезі қараған закон жобасында жазылған екен, рухани мекемелерде қағаз татарша тілмен жазылсын деп. Бұл біздің қазақ жұртына ыңғайсыз екені көзге көрініп тұр. Түрік затты халықта біздің қазақтай бір жерде тізе қосып қалың отырған іргелі ел жоқ. Біздің тілді біздің қазақ жерін араламаған мұсылман бауырларымыз қайдан білсін, біз кітап жазып, журнал, газет шығара бастағанымыз осы 3-4 жылдың ғана арасында. Анық түрік затты халық тілі біздің қазақта...

Абай, Шәкәрім, Міржақып, Мағжандай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырған 5 миллион қазақтың тілі қалай жоқ болады. (Бұл жоғарыда жазылған ақын сөздері сиезде сөйленген жоқ).

Біздің қазақ осы тілін тастап татарға мінгескені адасқандық болар, біз – қазақ, татар тіліне шорқақпыз, татар тілі деген тіл тағы біреу емес. Кавказ, Қырым аулындағы татарды Қазан татарымен сөйлестірсе, бірін-бірі ұға ма, жұртқа ыңғайлы болу үшін рухани мекеме қағазы һәр облыста һәр жұрттың өз тілімен жазылсын дедік Жаһаншаһ екеуіміз.

Қағаз тілі бір болса, мұсылман бірігуіне жақсы, законда татар тілі болсын деп көріне сөйлеген хазірет Хасан ғата, өзге хазіреттер де Хасан ғата пікірін қабылдайтын көрінді. Бахытжан ағамыз қазақта тіл жоқ деді. Көп таластан кейін сиез рухани мекеме қағазы «татар-түрік» тілімен жазылсын деді. Біз қазақ тілі законға жазылсын деп қарыса алмадық, бүктемеде қалатын болған соң. Жығылатын болған соң, «түрік» дегеннің ішіне кірдік қой деп тоқтадық. Түбінде біздің қазақ тілі, бізбен тіл тұқымы бір, өзге мұсылманды байытпаса, бір-бірімізге қоңсы қонбаймыз ғой. Ғұмыр жүзінде біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар: Абай, Ахмет, Мир Якуп, Шаһкерім, Тарғыннан һәм өзгелерден бұл көрініп тұр ғой.

Закон жобасында жазылған екен, әйел 13 ке толса некеге шарт болсын деп. Талғат, доктор Құсайынбек Ағаев 13 жаста адам баласы өсіп жетілмейді, бала көтеруге жарамайды, 13 жасар қыздың күйеуге тиюі үлкен зиян, 13 жаста ақылда тола ма, 13-тегі бала не шаруа басқарады, законда неке шарты 16 жас болсын деді. Талғат хәм Құсайынбекпен ақсақал хазіреттер көп тартысты, 13 жас шарифатқа дұрыс, 16 болса шарифат бұзылады деп. Депутат Жағыпаров айтты: Кавказда әйел баланы бөрікпен ұрып, жығылмаса, неке қиып алады, бұл да шарифат болғаны ма? Ақырында Ғұмыр құдіреті хазіреттері бүктеп, законда неке шартына әйел жасы 16, ер жасы 18 болып жазылды.

Муфтиге қандай өнерлі кісі лайық деп сөз болғанда, муфти орнына сайлау шарты мынау болсын: дін туралы кітап жазып, кітабын сынга салып, бәйге алған кісі ғана сайлансын, мына Европа университетінің ғұламасының жолы сияқты деп едім. Маған жалғыз Мосы әпенді қосылды. Біз бүктемеде қалдық.

Сералы Лапин рухани кісілер атқаратын билік туралы сиез алдында закон жобасын таратқан еді, бұл жоба бүктемеде қалғандай болып, закон жобасын қарайтын кісілер қолына тапсырады. Сералы закон жобасын мында жазуға уақытша қалам мүжіліп тұр. Жиһанша біздің мұсылман рухани істері ішкі министрден тысқары, суд министрі икемінде болсын деп еді, бұ да бүктемеде қалды.

Әлихан

Қазақша оқу жайынан

Қазақ ішінде әр жерде бала оқытатын адамдардан бала оқытуға програмы (жосық) көрсетілсе екен деген өтініштер келеді. Бұл күнде қазақ арасындағы оқу жосықсыз хәм жосық жасауға болмайды да. Өйткені қазақтың бастауыш мектебінде оқитын кітаптар белгіленбек түгіл, әлі шыққан да жоқ. Жаңа ғана әліппе шыға бастады. Оның да қайсысы оқылары белгіленген жоқ. Әліппеден әрі оқытатын кітаптар әлі шыққан жоқ. Дін жайынан оқытатын, есеп оқытатын, жағрафия хәм тарихтан қысқалап хабар беретін кітаптар әлі жоқ. Сондықтан програм деген сөз әзір ертерек. Әуелі бала оқытатын кітаптарымызды түзеп, сайлап алып, сонан соң неден бастап, неге шейін оқытатынымызға жосық белгілеуге дұрыс.

Бұл сөзді қоя тұрып, мұнан бұрынырақ ескеретін бір жұмыс бар. Ол мынау: бір нәрсені істегенде сол істі істей білетін адам істесе, шапшанд да, жақсы да істейді. Бұл жалғыз қол ісі емес, ми ісіне де солай. Мал бағатындар мал бағуын жақсы білерге керек, ел бағатындар ел бағуын жақсы білерге керек. Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін

нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткенше тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халынан хабар аларлық болу керек. Ол үшін бала турасындағы ... керек. Бұл күнгі ғылымды жұрттарда бала оқыту жұмысы бала оқыту ғылымын оқуға шыққан адамдардың қолында. Сол ақылға да дұрыс. Содия содиялық ғылымды оқығаннан болғанда, доқтыр доқтырлық ғылым оқығаннан болғанда, мұғалім мұғалімдік ғылымын оқып шыққан адамдардан болуы тиісті.

Біз болысымыз, басқа жұрттың болысындай, елді баға алмайтын мінін айтып жатырмыз, билерімізде содиядай әділдік жоқ, мінін айтып жатырмыз, дәрігерлеріміз, бақсыларымыз доқтырдай ауруды емдей алмайтын мінін айтып жатырмыз, халқымыздың басқа жұрттай білімді емес, надандық мінін де айтып жатырмыз. Бұлардың мінін айтқанда бала оқытуымызда қандай мін барын да айтып, әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастау керек. Неге десек, болыстық та, билік те халықтық та – оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқумен түзеледі. Бұл күндегі үлкендердің біздің жаңалық ісімізді жатырқап, жаңалық пікірімізді түсінбей, айтқанымызды тыңдамай, істегенімізге қосылмай отыр. Олар өтіп, кейінгі жастарымыздың да заманы жетер. Жаңалыққа жастар мойнын бұрып қайырылар, халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі бәрінен бұрын ескеріліп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс.

Қазақтың оқу жұмысы бұл күнде школада: қазақ балаларының бір парасы орысша оқып жүр, бір парасы ескі молдалардан оқып жүр, бір парасы соңғы замандарда ғана жаңа жолмен оқи бастады. Орысша оқығандарды оқыту хәм тәрбиелеу ғылымы оқыған адамдардың қолында. Орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек, керек болғанда қазақша оқығанның үстіне керек. Қазақша оқи, жаза білген соң, шама келсе орысша да білу қажет. Ескі жолдың оқуын сөз қылып, қозғамаймын. Бүгін бар, ертең жоқ болатын нәрсе. Дүния тегеріші кейін айналмайды. Ескі мен жаңаның (оқытуға) шыдамдылығы бірдей емес. Ескі әлі-ақ тозып, жыртылып, пара-пара болып, тұтынудан шығады.

Жаңа жолдың оқуы жаңа оқып шыққан жас мұғалімдердің қолында. Бұлардың күштері тың, білімдері соны, пікірлері жаңа. Ниеті – жұртына қызмет ету. Бұлар білгенін, тапқан-таянғанын жұртынан аяп қалатын емес. Қазақтың бастауыш мектебіндегі жұмысын қолдарына алуға лайық адамдар. Әр жайдан хабардар, дүниеде не істеліп, не қалыпта тұрғанынан бұлардың мағлұматы мол. Қысқасы, қазақ арасына білім нұрын жаюға нағыз қолайлы адамдар.

Бұлардың бір кемшілігі сол: бала оқыту ғылымын оқығандары ішінде кем болады. Сондықтан көбіне бала оқытуында кемшіліктері – қазақ

мұғалімдері түгіл, ноғай мұғалімдерінің көбі дыбыс айыру жағына шорқақ көрінеді. Дыбысты жақсы білмей, усул сотие жолымен жақсылап бала оқытуға болмайды. Менің көрген медресе «Ғалия», медресе «Хұсиниядан» шыққандардың азы болмаса, көбі қазақ тілінде қанша һәм қандай дыбыстар бар екенін жақсы білмейді, көбі қазақ тіліндегі дыбысты араб харыфына қарап есептейді. Араб харыфы дұрыс келмейтін дыбыс қазақ тілінде де бар болса да, жоққа санайды. Қазақ тіліндегі дыбысты жақсылап білмей, қазақ балаларын усул сотие жолымен жақсылап оқытуға болмайды.

Екінші кемшілігі – қазақ мұғалімдері де, қазақ ішінде бала оқытатын ноғай мұғалімдері де оқуды дыбыспен жаттықтырудан бастамайтын көрінеді. Ол дыбыспен жаттықтырудың оқуды, жазуды жеңілдетуге пайдасы көп екенін я білмегендік, я білсе де істеп көрмегендік. Дыбыспен балаларды жаттықтыру – оқу мен жазу үйретудің негізі. Істің басы түзу басталса, барысы да түзу болмақшы.

Осы айтылған кемшіліктерін түзеу мұғалімдерге қиын емес. Қазақ тіліндегі дыбысты қазақ сөздерінің ішіндегі дыбыстарды айырып байқаумен білуге болады. Дыбыспен жаттықтыруды олай оқыта білетін адамдардың оқытқанда істеген ісінен көріп үйренуге болады я білетін адамдардан 10-15 күн сабақ алып үйренуге болады.

Бұлардың бәрі де балаларды қинамай оңай оқытуға керек нәрселер. Қиналмай оқыса, оқуға балалар қызықпақшы, балалары тез хат білсе, ата-аналары балаларын оқытуға ықыластанбақшы. Ата-анасы баласын оқытуға ықыластанса, оның оқуына керек расходты шығынсынбас еді. Сөйтіп, мұғалім жақсы оқыта білгені қазақ ішіндегі оқушыларды көбейтіп, оқу ісінің шапшаңырақ ілгері басуына күш берер еді.

Бастауыш мектеп

Қазақ бастауыш мектебі қандай боларға керек? Бұл туралы ашылып пікір айтылған жоқ. Петерборда болатын мұсылман кеңесінде мектеп мәселелері қаралмақшы, оған қазақтан баратын адамдар қазаққа қандай мектеп керек екендігін біліп барарға тиіс. Сондықтан «Қазақ» өз пікірін айтып, жұрт құлағына салмақшы. Осы кезде қазақ балалары оқуды екі түрлі бастап жүр. Біреулері оқуды ауылдағы мектептен бастайды, екіншілері ел ішіндегі орыс школасынан бастайды, Солай болған соң, қазақтың қазіргі бастауыш мектептері осылар дейміз. Қазақ бастауыш мектебі қандай болу керек деген мәселені шешерден бұрын, осы күнгі тұтынып отырған бастауыш мектептердің жарамды, жарамсыздығын тексеріп, сонан соң керек мектебіне түрлі болу жайын сөйлеу тиіс.

Әуелі ауыл мектебінен басталық. Осы күнгі ауыл мектептерін мектеп деп айтарлық емес. Оқуға керек құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдер аз. Сонда да қазақша қат білушілердің проценті мұжықтардан жоғары.

Осы күнгі тек қат жаза білетін қазақтардан бастап, газета, журнал, кітап шығарып жатқандарымыздың бәрі де сондай мектептен оқып, қат танып, жазу үйреніп шыққандар. Мұнан көрінеді: осы күнгі мектептер осыншама жайсыз, күйсіз қалыбында қалық арасына оқу, жазуды мұжықтар арасынан гөрі көбірек жайып атқаны, бұл мектептің халыққа жақындығы, балалар білімді ана тілімен үйренгендігі.

Алайық енді орыс школаларын. Қазақ арасындағы орыс школалары ауылнай, болосной екі класты школалар. Бұлардан бітіргендер ілгері оқымаса, онда жоқ болып, шала оқумен қалады. Елде бір-екі жыл тұрса, оқығанның көбінен айырылып, оқымағандармен бірдей болып, оқыған еңбек бос кеткен есебінде қалады. Бұл күнде екі класты школа бітіргендерден ауылнай учитель, писарь болып жүргендері бар екені рас, бірақ бастауыш мектепте үйренетін білім жұрттың бәріне тегіс керек ғой. Адамға тіл, құлақ, қол қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білімдер де сондай керек. Осы заманда қат білмеген адамның күйі тіл иә құлағы, иә қолы, жоқ адамның күйімен бірдей; мұнан былай қат білудің керектігі онан да аспақшы. Бастауыш мектептен оқығандар писарь, учитель, фелдшер, адуокат, содиа, инженер, агроном болар демей, ең әуелі, қазақша толық қат білетін дәрежеде болуын көздеу керек. Екінші, бастауыш мектептен үйренген білім әрі оқимын дегендерге негіз боларлық жағын көздеу керек. Егерде бастауыш мектептен оқып шыққандар ілгері оқымай, үйінде қалса, ұлт әдебиеті мен мәтбұғатының мүлкін пайдаланарлық даражалы біліммен қалсын. Әр оқимын деген қалде: мұсылманша оқыса, бастауыш мектеп оқуы артқы оқудың негізі болуға жарасын; орысша оқыса, орысша үйренудің қиындығын жеңілтерлік демеу әм негіз болуға жарасын.

Жоғарыда айтылған қазақ ішіндегі осы күнгі екі түрлі бастауыш мектептің екеуі де көңілдегі мектептердің түрінен табылмайтын мектептер. Бірінде оқуға керек құрал жоқ, тәртіп жоқ, мөлшер жоқ, жоспар жоқ. Халық оқуды керек қылғандықтан, жаман да болса, «жоғынан бары артық» дегенмен істеліп отырған іс. Екіншісінде, яғни, орысша школаларда тәртіп те бар, құралдар да сай, мөлшер, жоспар бәрі де бар. Бірақ, сонысына қарай пайдасы аз. Олардың пайдасын кемітіп отырған бір-ақ нәрсе: қазақты орысқа аударамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отырған. Сол школалар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді, қазақ тұтынып отырған араб әрпін тастатып, орыс әрпін алдырамыз дейді. Сол үшін әуелі, балалар ана тілімен оқымай, орыс тілімен оқысын, ана тілімен оқыса да, орыс әрпімен оқысын дейді. Соның үшін біреулері ана тілінде оқыған аты болу үшін қазақ тілінде орыс әрпі басылған кітаптардан бастап оқытып, әрірек барған соң, кілең орысшаға түспек керек дейді. Бұлар еппен қайырмалаушылардың жолы. Біреулері еп-септі қойып, бірден орысша оқыту керек дейді.

Өткен жыл 14-ші ийуінде патша жарлығы бойынша шыққан прауилада Ресейдегі бөтен текті жұрттардың мектебінде бастапқы екі жыл ана тілінде оқылсын деген. Ол прауилаға Оқу министрі қол қойған. Оның бер жағында Қазақ округінде бір инспектор попешителге жазған: учительдер шуваш балаларын шубаш әліппесімен оқытпай, бірден орыс әліппесімен оқытқанды онай көреді деп. Оны попечител министрге жеткізген. Министр енді жазып отыр: шубаш мектебінде орыс әліппесінен бастап оқытқанды бек ұнаттым, бек келісті іс екен – деп. Сүйтіп, шубаш балаларын шубаш тілімен әм шубаш әліппесімен оқытпай, бірден орыс тілімен, орыс әліппесімен оқытуға министр батасын беріп отыр. Бастапқы екі жылда ана тілімен оқытуға тиіс деген прауилаға қол қоюшы да министр, онан кейін ана тілімен оқытпай, бірден орыс тілімен оқытуды ұнатушы да министр. Бұл екі қағаздың қайсысы іске асып, қолдануда болмақшы? Қайсысы хукіметке жағымды болса, сонысы іске аспақшы. Хукіметке жағымдысы қол астындағы жұрттың жазу-сызуы, тілі, діні бір болу. Ресей қол астында түрлі тілді, түрлі дінді, түрлі жазу-сызуды тұтынып отырған жұрттар бар. Солардың бәрі тілін, дінін, жазу-сызуын орысқа аударса, хукіметке онан артық ұнамды іс болмас. Сондықтан 14-ші ийуінде министр қол қойған прауиланы 16-нші ноябрьде министрдің жазған қағазы жеңбекші. Ондай прауилалар іске аспай қалу үшін, бір миссионер инспектор жазса, болғаны: өз әліппесімен, ана тілімен оқытып отырсақ, қай уақытта жазу-сызу, тілі жоғалды? Тегі, бөтен жұрттар тілінен, жазу-сызуларынан айырылып, орыспен бірдей болып сіңісу үшін, бірден орыс тілімен оқыту керек – деп. Бастапқы кезде ана тілімен оқыту тиіс деген сөз 1906-нші жылғы 31-нші март прауиласында бар еді. Осы күнге шейін ауылнай, болосной екі класты бастауыш мектептерде қазақ әліппесімен қазақша басталып оқылғаны еш жерде естілмейді. Себебі не? Прауила бойынша қазақ тілі мен қазақ әрпінен бастап оқыт деген отырған балалардың ата-анасы жоқ. Халықтың өз тілімен, өз әрпімен оқығанын әкімдер жақтырмайтын болған соң, учительдер өз беттерімен ана тілмен, ұлт әрпінен бастап оқытамыз дей қоймайды. Сөйтпін прауила қағаз жүзінде бар болса да, іс жүзінде жоқ. Бұл айтылғанның бәрі де хукімет өз пайдасын көздегендіктен істеліп тұрған істер. Бастауыш мектептер жалғыз хукімет пайдасы үшін болмай, қалық пайдасы үшін де боларға керек. Хукіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр қалыққа керегі өз діні, тілі, жазуы сақталу. Солай болған соң, бастауыш мектеп, әуелі, миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, яғни қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек. Қазақ дінге нашар күйден өткен, енді қазақты басқа дінге аударамын деген құр әурешілік. Қазақты дінінен айыруға болмаса, жазуынан да айыру болмайтын жұмыс. Араб әрпі ислам дінімен бірге келіп, қазаққа орнаған. Дінмен байласқан жазу

дін жоғалмай, жоғалмайды. Қазақта газета, журнал, кітаптар жоқ кезінде жоғалмаған тіл газета, журналы шығып, кітаптары басылып, жылдан-жылға ілгері басып келе жатқанда, қазақ тілі жоғалмас.

Олай болса, мектеп арқылы қазақтың дінін, тілін, жазуын жоғалтып, орысшаға аударамын деген пікірден хукімет безіп, тиісті бастауы мектеп екі жаққа да зиансыз, пайдалы болуын көздеу. Солай ойлағанда, көңілге ұнамды мектептің түрі, біздің ойымызша, мынау: Бастауыш мектептер оқуы қазақ үшін 5 жылдық боларға. Әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқу. Соңғы екі жылда кілең орысша оқу. Мұжық жөнiмен қала болған қазақтар бар, қазақ ретiмен қала болатын қазақтар да болар. Қыстаулары жиын қазақтар да бар, қыстаулары сирек қазақтар да бар. Солардың бәрiне бастауыш мектеп қолайлы болуға тиіс. Бәрiнiң де оқиын деген балалары, мектеп жағынан қолайсыздық болып, оқи алмай қалатын болмасқа тиіс. Сондықтан, әуелi, қазақ бастауыш мектебi екіге бөлiнерге: Келiп оқитын, жатып оқитын мектептер. Келiп оқитын мектептер қала болған, яғни қыстауы жиын жерлерде болу, жатып оқитын мектептер әлі сирек отырған жерлерде болу.

Екінші, қыр мектебi әм қала мектебi болып бөлiнерге. Қыр мектебi – ауыл мектебi, болос мектебi болып, о да екіге бөлiнерге, ауыл мектебiнде кілең қазақ тілінен оқылатын үш жыл оқу оқыларға, қалғаны кілең орысша оқылатын екі жыл болос мектебiнде оқыларға (тиіс). Болос мектебiне ауыл мектебiнде бітіргендер алынарға (тиіс). Қала мектебi қаланың үлкендігiне қарай үш жылдық, бес жылдық оқулы боларға (тиіс). Жатып оқитын ауыл мектебi мен болос мектептерiне келiп оқи алмайтын балаларды ғана жатып оқитын есепке алуға (тиіс). Бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретiлетiн нәрселер: оқу, жазу, дiн, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағырапия, шаруа-кәсiп, жаратылыс жайы. Бастауыш мектептің кілең орысша оқитын екі жылында үйретiлетiн бiлiм гимназиясының яки реальный мектептердiң төменгi кластарына кiрерлiк болу тиіс. Бастауыш мектептер осындай болса, бұлардан әрi мұсылманша иә орысша оқыту үшін қазақ балаларының бастауыш мектепте үйренген бiлiмi негiз болуға жарайды.

Ахмет Байтұрсынов

Ишкі хабарлар:

Шала қазақ

Жетісу облысының үлкен қаласы Алматыда саудамен тұрып қалған 5 жүз үй шамалы әр рудан қазақ бар. Бұлардың ішінде мешандықша жазылғандары да бар, олар 3-4 үйден артпайды. Көбі қалада тұрғанмен, болыстары қырда. Көбірегі мал саудасын қылады, зор магазин ашып, қызыл малмен сауда қылатындары да бар. Бұлардың түп атасынан бері

казак болып келгендері де һәм ноғай, сарт, кашқарлық, тараншылармен кыз алысып араласқандары да бар. Сондықтан көбінесе бұларды «шала казак» дейді. Шала казак жалғыз Алматы емес, Жетісудың әр қаласында бар. Өздерінің ептілігі, тәуекелшілігімен қайда жүрсе де бір сауда табады, қарап жүрмей бір кәсіпке кіреді, төрт түлік мал болмаса, аштан өлемін демейді.

Алматыда шала казактардың жеке мешіті бар. Қанша жыл сартқа араласып сіңіп кеткен шала казакпен сөйлесе кетсең, казак қаны барлығы тілінен беп-белгілі болып тұрады. Үй тәрбиесі де кең, қонағасыға да тәуір. Қыр кісісін көргенде тарылып, жиырылып отырмайды. Сыртқы казак, қырғызға қарағанда бұлар тіршілік тартысына ерте көндіккен. Алматыда тәртіпті «Мектеп Ысхаки»-да және қыздар мектебінде шала казактар балаларын көп оқытады. Сарт ағайынша «Ноғай орыстын укасы» деп тұрмайды. Бірақ орыс школдарына қарауы төмен. Өздері қала ішінде тұрып, городской гимназия, семинарияда оқиды дерлік балалары жоқ. Шала казак боз балалары орыс, ноғайды еліктеймін деп, тентек суға үйір болып бара жатқандай түрі бар. Бұл жаман ғадетке тым-ақ салынып барады. Қалаға араласқан дала қазағы да бұлардан қалысатын көрінбейді.

Шала казак жастарының еңбегі, талабы, пысықтығы осындай жамандық жағына ауыспай, өнер-білімге, адамшылыққа ұмтылса теріс болмас еді, бірақ әлгілерін көріп тұрғанда көңілің қайтып, үмітің кемиді.

Нұраддин Моллағазин

Мектеп керектері

Өткен нөмірде казакқа қандай бастауыш мектептер керектігін жазып едік, енді ол мектептерге не керек, сол жайынан жазбақшымыз.

Қазак балаларына ана тілінде төте жолмен, қолайлы құралдармен оқыту жайын жақсы білетін мұғалімдер үш жыл оқытқанда бірталай білім үйретуге болады. Ана тілінде жазылған кітаптар, газеталар, журналдар о ғайри ана тіліндегі жазу-сызу бастауыш мектептен шыққандардың мүлкінде болады, яғни олардың бәрінен де пайдалануға қолынан келетін болады. Біздің қазіргі ел ішіндегі мектептерімізде жоғарғы айтылған шарттардың біреуі-ақ бар, ол бар дегеніміз ана тілімен оқыту. Басқа шарттары орнына келмеген соң, үйренерлік білімнің көбін білмей, балалар азын ғана біліп шығады. Бізде қазірде төте оқу жолымен оқыта білетін педагогика, методикадан хабардар мұғалімдеріміз жоқ қасында. Бастауыш мектепте керек құралдарымыз сайлы емес. Кесіп-пішкен программа жоқ. Сондықтан казакқа қандай мектеп керектігі сөйлегенде, ол мектепке не керек екендігін де айту тиіс. Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы, яғни мұғалім

білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білімді біліп шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді һәм құрал қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Істің толық жақсы болуына құралдар сайлы һәм жақсы болуы шарт. Үшінші, мектепке керегі белгіленген программа. Әр іс көңілдегідей болып шығу үшін оның үлгісі я мерзімді өлшеуі боларға керек. Үлгісіз мерзімді өлшеусіз істеген іс олпы-солпы я артық, я кем шықпақшы. Керексіз нәрселерді үйретіп, балалардың өмірін босқа өткізбес үшін, үйретілген тиісті білімді кем үйретпес үшін, балалардың күші жетпейтін өте алысқа сүйреп кетпес үшін бастауыш мектепке үйрететін нәрселердің кесімі-пішімі болуға тиіс. Сол пішім программа болып аталады.

Өткен нөмірде біз айтып өттік, қазақ үшін орыс школдарының мұғалімдері, оқу құралдары сайлы деп. Біздің ана тілімізде оқылатын мектептеріміздің құралдары, мұғалімі сондай сайлы болуға тиіс. Сонда мектеп программасын үлгеріп, орнына келтіре алады. Мектепке керек нәрсенің бірі сайлы болмаса да мектеп ақсайды, программа бойынша үстіне артқан жүкті дұрыс алып жүріп, мерзімді жеріне мезгілінде жеткізе алмайды. Сондықтан мектеп керек болса, мектепке керекті нәрселері де сайлы болуы керек. Мұғалім сайлы болу үшін, мұғалімге керек білімді үйрететін орыннан оқып шығаруға тиіс. Ондай орын қазақ түгіл, қазақтан бұрынырақ қимылдап жатқан ноғай бауырларымызда да жоқ. Қазақтардың өздері дара мұғалимат ашып, мұғалімдерін сонан оқытып шығаратын заман алыс жатыр. Қолдан келмейтіндерін қоя тұрып, қолдан келерлігін дұрыстау тиіс. Орыс мұғалімдік школдарынан шығып, учитель болып жүрген қазақ жастары бар, мұсылман медреселерінен оқып, мұғалім болып жүрген қазақ жастары бар. Осылардың екеуі де толық мұғалімдікке жарайды, егерде бұлардың біреулері мұсылманша хат білу жағынан, екіншілері педагогика, методика жағынан кем соқпаса.

Осы күнгі орысша оқығандардың көбі мұсылманша хат білмейді, мұсылманша оқығандардың көбі педагогика, методикадан хабардар емес. Қазақтан тәуірірек школ һәм медресе бітіргендер аз. Ол аздың үстінде орысша оқып, мұсылманша да білетіндер аз. Мұсылманша оқып, методика білетіндер аз. Жұртқа тәртіпті мектеп керек, мектепке сайлы мұғалімдер керек. Мектептерге мұғалім боларлығымыз жоғарыда айтылған екі түрлі жастарымыз. Олардың сайлы мұғалім болуына жетіспей тұрған жерін бітіргенге жетістіру ғана қажет. Орысша оқығандардың мұсылманша хат білуіне бір-екі ақ ай үйрену қажет, мұсылманша оқығандар педагогиканы дұрыстап үйренбегенменен де методиканы біліп, жаңа усұлдармен танысуына оған да бір-екі ай үйрену керек. Бұл бір-екі ай үйрену қайсысына да болса, қолдан келмейтін іс емес.

Мұғалімнен соңғы сайлы болуға тиісті нәрсе оқу құралдары. Оқуға керек қалам, қағаз, қара сия, сауыт, отыруға керек нәрселер – пұлға табылатын заттар. Қазірінде пұлға табылмайтын: қазақ мектебінде қазақ тілінде оқытуға керек кітаптар. Өткен нөмірде қазақ бастауыш мектебінде үйретілетін білімдер мынау дедік: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, жағрафия, жаратылыс жайы. Осыларды үйретуге керек кітаптар қазақ тілінде жоқ. Міне, қазір іздесек ақшаға табылмайтын құралдар осы. Осыларды дүнияға шығару керек. Біз бұларды уақыт жетуінше қолға алып істеп жатырмыз. Бірақ бір жағынан басқа жұмыспен байланулы болғандықтан, бір жағынан, басқа ашық мәтбуғамыз болғандықтан, тез үлгеріп бола алмай жатыр. Шыға бастағандарына өкпесі бар кейбіреулер сын таққан болып жатыр. Сынағанда біреулері тіпті қолына алып қарамай, екіншілері қараса да танымай сынап жатқан көрінеді. Әркім сынау керек өзінің жақсы білетін нәрсесін. Білмейтін нәрсесін сынамай деп, құр өзінің білмегендігін көрсетеді. Біреудің бір нәрсені білетін, білмейтіндігі істегенде ісінен көрінеді «Айқап» журналында «Оқу құралы» есімді қазақ әліппесіне сын тағып отырғандар жаңа усулдарды білмейтін адамдар. Ол әліппе жазылған жаңа усулдардың ең жақсысы усулсотие жолымен. Оқу кітаптары жазылады, оқыта білетін, усулдармен таныс мұғалімдер үшін машина һәм басқа құралдар жасалады сол машина құралдардың тетігін біліп пайдаланатын адамдар үшін. Жұмысын білмей кінә қою көзілдірікке кінә қойған маймыл сияқты болады я ауызы қисық бола тұрып, айнаға өкпелеген сияқты болады. Біз оқу құралдардың подретін алып істеп жатқанымыз жоқ. Біздікі жаман болса, жақсысын шығарындар.

Бұл оқыту жайының таласы ақыретте не болады деп таласу емес, қазақ жері олай я бұлай алса, түбінде пәлен болады деп таласу емес. Олар алдағы нәрселер. Оқыту жайын кім жақсы, кім жаман білетіндігін көзге көрсетуге болатын нәрсе – педагогика, методикаларды кәміл білетін адамдардың алдында әліппе шығарушы һәм сын тағушы, екі жағы сынға түссін, тұтынған усулы бойынша балаларға сабақ беріп көрсін. Таласпайтын орында талассын, ауыз ауыртпай соны істеу керек. Әйтпесе біліп сын таққанымды, білмей сын таққанымды жұрт қайдан білсін деп ойлаған болады ғой. Бұл жағын «Айқап» ойлап я ойламай орын беретініне түсініп жете алмаймыз. Петербургта осы күні болып жатқан кеңесте рухани істермен қатар мектеп мәселелері де қаралып жатыр, соңыра Думада да солай қаралмақшы. Ана тілімен оқытамыз деген пікір – орыстан тегі басқа, тілі басқа жұрттың бәрі қуаттайтын пікір. Ана тілімен оқу бізге де керек екендігінде еш талас болмасқа керек. Назаров кеңесінде қазақта ана тілімен оқуға оқу кітаптары жоқ деп, бірден орысша оқытуды қуаттаушы чиновниктер болған. Сондай сөздер болмас үшін ана тілінде оқытатын кітаптарымыз бар деп айтуға жарарлық болуымыз тиіс.

Шекіспей бекіспейді

«Қазақтың» 162 нөмерінде басылған «Медресе Ғалия» шәкірттерінің хаты туралы әріптестеріміз «Уақыт» газетасының бетінде түрлі сөздер айтылып өтті. Бұл сияқты сөздер газета жүзінде болғанмен, ауыз айтылуы «Қазақ» газетасы шыққаннан бері бар еді. Енді ғана газета жүзінде шығып отыр. «Бүйректен сирақ шығарған» – сияқты татардан бөлек өз алдарына әдебиет түзейін деп жүрсіндер деп, газета шыққаннан бері ноғай бауырларымыздың «білімдімін» дегендерінің көбі-ақ айтып келеді. Ана жылы Уфаға бардым. Онда да осы сөз алдымнан шықты. Былтыр Садри әпенді Мақсудовты көрдім.

Ол да көргеннен сөзін осыдан бастады. «Уақыт» бетінде болған ереуіл сөздер, бұ да сонан шығып отыр. Әйтпесе, қазақ баласын қазақша оқыту керек деген сөзден дау шықпасақ тиіс еді.

Олай дейтінім «Қазақ» балаларын бастауыш мектепте ана тілінде оқыту керек деген сөз «Қазақ» бетінде сөйленіп отырғаны жалғыз бұл емес еді, ауылнай шөкдар туралы да талай айтылып еді. Әуелі қазақша оқу деген сөз «Қазақ» газетасының бетінде шығып отырғанда даулы болатын орны жоқ. «Қазақ» қазақша шығып отырып, қазақша оқу керек десе, ол онша қалыптан тысқары сорақы көрінерлік нәрсе емес еді. Екінші, басқа газеталар жүзінде бола қалса да, дау шығаратын орны тағы жоқ еді. Өйткені бастауыш мектепте балалар ана тілінде оқуы тиістілігі, миссионерлер болмаса, басқалар таласпайтын ақиқат еді. Үшінші, шәкірттердің хаты татар мұғалімдеріне емес, қазақ мұғалімдеріне жазылған хат еді. Олай болса, ноғай бауырларымыздың шиқанының аузын жұлып алғандай онда еш нәрсе жоқ еді. Төртінші, татар мұғалімдері туралы айтыла қойғанда да ана тілінде оқудың артықшылығы мұғалімдер үшін неге құрбан етілмейді деп өкпелеуге орын жоқ еді. Өйткені халық мұғалімдер үшін халық болып отырған жоқ, мұғалімдер халық үшін мұғалім болып отыр еді. Даудың асыл түбі шәкірттердің хатында емес, қазақша газета һәм кітаптар шығып отырғанында. Қазақша кітаптар һәм газета шықпаса, шәкірттер балаларды қазақша оқыту керек деп айтпаса та еді. Сөз түбі бізге тірелетін болған соң, қазақша газета һәм кітаптар шығарып отырған біз сөйлеп, газета һәм кітаптарды неге қазақша шығарып отырғанымызды баяндап, даудың түбін арылтпасақ болмады. Мұнан былай да сол нәрседен осындай ереуіл сөздер шыға бермес үшін, анықтап ашып, біржолата кесіп айтпасақ болатын емес. Қазақша газета һәм кітаптар шығарғанымызға, қазақша оқығанымызға өкпелейтіндер біржолата өкпелеп күдерлерін үзер, әйтпесе қазақ үшін татарша газета һәм кітаптар шығару амалын тауып берер, болмаса, қақтықпа сөздерін қояр.

Біздің ойымызша, неге қазақша газета һәм кітаптар шығарасыңдар деп өкпелеу, қазаққа неге газета һәм кітаптар таратасыңдар деп

өкпелеумен бірдей. Қазаққа газета һәм кітап қажет емес деу керек, қажет болса, ол газета мен кітаптар қазақ тілінде шықпайынша шарасы жоқ. Басқа тілде шыққан газета һәм кітаптар халық ықыласын түсіре алмайды. Халық ықыласы түспеген газета һәм кітаптар халыққа тарап, оқылмайды. Халыққа таралмаған газета һәм кітаптан пайда болады деп айта алмаймыз. Егерде осы шығарып отырған газетамыз татар тілінде шықса, Түркістанда шығып тоқтаған газеталардың аяғын құшар еді. Бұл бір.

Екінші, қазақша газета һәм кітаптар шығарып отырған біздер, татарша газета шығарамыз десек те, шығара алмаймыз. Олай болған соң қазақ халқы татарша газета һәм кітап шығаратын болса туын көтеруге керек болады. Татар бауырларымыздың қазақ үшін татарша газета шығаратын көңілі болса, мезгіл жеткілікті еді. Татар үшін талай газеталар шығып жатты, бірақ қазақ үшін шыққан газета да көре алмадық. Қазақ мәселелері үшін газеталарымыздың бір бұрышын бер деп, сұраған қазақтарға да қазақ мәселелері оқушыларымыздың керекті мәселе болмаған соң, керексіз сөзбен газетаның бетін алдырсақ, оқушыларымызға жәбір болады деп, оны да қабыл етпеген. Қабыл етпеулері газетаның бір бұрышын қимағандықтан емес, газет мәселесі сыймағандықтан. Қазақ үшін өз алдына газета ашпаса, татар газеталарының бір бұрышына сыймайды. Газеталарының бұрышын бер деп сұраушылардың сұраулары білместік, біздің қазақша газета шығуымыз қисық болып, елде болса, татар бауырларымыздың қазаққа татарша газета шығарамыз десе, біз тоқталдық. Біздің қазақша газета шығаруымызды «бүйректен сирақ шығару» деу де жетіспегендік, қазақ пен татар тілі бүйректей бірігіп тұрғанда, біз келіп газетаны қазақша шығара бастасақ, сонда айтылса, дұрыс болар еді. Бүйректей болып жігі біріккен қазақ пен татарда тіл жоқ. Бұған дейін бірікпеген тіл жігі, мұнан былай да екі халық тең жасап отырса, бірікпейді. Тең жасамай бір жағы кем жасаса, келесі артық жағына аударылмақшы. Мақсат қазақ тілін татарша аудару болса, татарлар қазақ жұртының қатар жасамасына тырысу керек. Оны істемей, қатар жасауын тілесе, тіл жігі осы күйінде кете бермекші. Өйткені, қазір жұрттың бәрі тырмысып, ілгері ұмтылып жатыр. Бұл күнде аянбай жатып қалған жұрт, кетіп бара жатқан жұрттардың аяғының астында қалмақ. Қазақ халқы болып жасаймын десе, ілгері ұмтылып талпынатын кезі осы. Жайғасып жататын бұрынғы кеңшілік заман жоқ. Басқа жұрттың екпіні жатқызып қоймайды. Газета һәм кітаптар халық оянып ілгері ұмтылуына себепші зат болса, олардың да шығатын кезі осы шақ. Сондай заманда «шай алмасақ қант та жоқ» деп отырған осы күнгі саудагерлер сияқты. Татарша болмаса, газета да, кітап та жоқ деп татар тілін білмейміз деп камалып, біз отырсақ, татар үшін ол жағымды болса болар, бірақ қазақ үшін қалай болды? Құрбандық тым зор болмас па?

Қазақтың татар болуын тілеушілер ертерек оянарға, ертерек ойларға керек еді. Көбінесе қазақтың елтірі, сең-сең, 5-10 тиын садақасын жиюды мақсұт көрген «азғындарыңды жібермей, медресе, мектеп ашып, қазақты татарластыру жолында еңбек етерлік идея иесі «адамдарыңды» қазақ ішіне жіберіп іс қылу керек еді. Сонда қазақтар бүгінге дейін не татар тіліне ауып болар еді, я татар әдебиетін түсінерлік адамдары көп болып, қазақша газета шығарудың қажеті болмас еді. Сонда һәм қазақ көзін ашқан біз деп зілденулерің де орындырақ болар еді. Ондай еңбек сіңірмей, қазақты адам қылған біз едік деген сөз баяғы «ноғай мен қазақ айтысқан» өлеңдегі сөздерге ұқсайды. Біреуді адамдыққа жеткізуге әуелі, өзінде адамдық боларға керек. «Қазақтың» татар матбұғатына еркелерлік хақы жоқ, тиісін айтуға хақты. Біздіңше баласы ғана ата-анасына еркелейді. «Қазақты» тудырған татар емес, татар тәрбиесінде өскен жұрт та емес, татар әдебиетінен үлгі алған адамдар да емес. Солай болған соң «еркелеу» деген сөздің қанша орынды-орынсыз айтылғанын айыру қиын да емес. Қысқасы, басқалар қалай ойласа, олай ойласын. Қалай сөйлесе, олай сөйлесін. Татар тілін қабыл етпесең, саған газета да, кітап та жоқ деп қазақты бір жарға қамай алмаймыз. Олай саудаласуға уақыт тар. Барымызды «ал» деп алдына салып, жалынып, тезірек алғанына алла разы болсын айтып, тапқанымызды бере беру. Біздің бұлай істеуіміз басқалардан бөліну үшін емес, амалсыз «барымен базарлау». Мұны басқаша түсінетіндер болса, татар тілінде қазаққа газета һәм кітаптар шығарып, қазақ ішіне таратып, міне деп, бізге жол көрсетсін. Әйтпесе, арзан философия алысқа апара алмас. Біздің әуелден-ақ айтып келе жатқанымыз, қатар жүріп, ақтықпай екі жұрттың да тең жасап, көркеюіне қолдан келгенін істеу. Татар балаларын татарша оқытқанына қазақ іші тарылмай, қазақ балаларын қазақша оқытқанына татар іші тарылмай, көңліміз кең болып, жасауымыз тең болса, бетіміз де жөн болар. Оны азынсаңыздар өздерің білесіңдер. Қайырлы сапар болсын дейміз!

Школдарда ана тілімен оқу

Патша хазіретінің 1906 жылғы 14 январьда еткен бұйрығында: «Мұнан былай бастапқы оқу балалардың ана тілінде болсын» деген. Осы бұйрық бойынша жасалып, оқу министрі бекіткен сол жылы 31 марттың правиласы шықты. Бұл правила бойынша, балалар бастапқы екі жылдай ана тілінде оқымақ. Өз қарпі жоқ жұрттар үшін оқу кітаптары ана тілінде болғанымен, орыс қарпімен басылмақ. Өз қарпі бар жұрттар үшін оқу кітаптары ана тілінде өз қарпімен де, орыс қарпімен де яғни екі қаріппен де басылмақ.

Сонан соң бұл правиланы жұрттың көзді-қарақты адамдары қолайсыз тапқан. Бұл правилادا істеліп отырған тәсіл бар. Қараңғы жұртқа

правиланың қараңғы жерлерін қайдан білсін деп, халыққа зиянды жағына жұмсаушылар болуы ықтимал деген. Мәселе ноғайға, қазаққа я башқұртқа араб қарпі сендердің өздеріңдікі емес арабтікі. Сендердің оқу кітаптарының сөздері өздеріңше болғанмен қарпі орысша боларға керек деп әурелеушілер болар. Сөйтіп, балалар ана тілімен оқыса да, араб қарпімен оқытпаған соң, мұсылманша хат білмей, өзінше жазғанда да орыс қарпін қолданып, араб қарпін тұтырудан қалар. Ата-бабамыздан бері тұтынып келе жатқан, дінмен бірге байласулы араб қарпінің жоғалуына риза емеспіз деген. Бұлайша сөз шыға бастаған соң, оқу министрствосы тарапынан шайып жуған сөз болды. Ондағы айтқаны мынау: «Өз қарпі дегенде сол жұрттың тұтынып келе жатқан қарпін айтып едік. Орысша қаріппен оқу кітаптары басылсын дегеніміз орысша тіл үйренуді жеңілдеуге ғана еді. Енді қата аңғарылмас үшін ашып айтылады: «Ана тілін оқытатын кітаптар әр халықтың өз тілінде һәм тұтынған қарпімен басылсын, орысша үйрететін кітаптар я орыс қарпімен, я екі қаріппен бірдей басылсын деді.

Онымен қоймады 1907 жылы оқу министрствосының мекемесінде осы 31 март правиласын түзету туралы кеңес болды. Кеңеске мұсылман-мандардан адамдар шақырылады, біздің қазақтан Ғабдолғали Балғымбаев пен Отыншы Әлжанов барды. Бұл кеңеске 31 марттың правиласы сынға түсіп, ұнамаған жері өзгеріліп, жетіспеген жері толығып 1907 жылғы 1 ноябрь правиласы болып шықты. Ондағы айтылғаны мынау. Бастапқы оқу баланың ана тілінде оқытылсын. Ана тілге баланың үйінде өзді-өзі сөйлескенде тұтынатын тілі саналсын. Оқитын школ бір класты да, екі класты да болсын. Бір класты школдың бірінші һәм екінші жылдық бөлімдері жер ретіне қарай өз алдына бөлек ашылса да болады (ауылнай школ сияқты). Бір класты школдарда үйретілетін нәрселер: дін, ана тілі, орыс тілі, есеп. Екі класты школдарда бұл айтылған нәрселерден басқа оқытылатын: орыс тарихы, жағрафия, жаратылыс ғылымы, сызу һәм өлшеу ғылымының басы.

Алғашқы екі жыл оқыту ана тілінде болсын, онан соңғы жылдарда оқыту орыс тілінде болсын. Бірақ ана тілі оқу нәрселерінің бірі болып оқытылсын һәм басқа нәрселерді орыс тілімен үйреткенде түсіндіруге демеу болсын. Орыс тілін үйрету әуелгі жылдың соңғы жартысынан ауыз үйретуден басталады. Орысша қаріп таныту һәм жазу екінші жылдан басталады. Орыс тілімен оқыту үшінші жылдан басталады деген.

Сөйтіп, бұл правила бойынша, орыс тілі бастапқы жылдың әуелгі жарымында тіпті үйретілмей, оқу, жазу бәрі де баланың ана тілінде болмақ. Бастапқы жылдың екінші жартысынан бастап, орыс тілі үйретілмек, онда да оқытылатын нәрсенің бірі ғана болып һәм орысша оқу-жазу үйретілмей ауыз үйретілмек. Екінші жылы да орыс тілі оқылатын басқа нәрселердің бірі болып, оқытылмақ. Бірақ жалғыз ғана ауызша түрінде емес, қаріп таныту, жаздыру түрінде үйретілмек. Үшінші жылы

оқыту ана тілдегіден орысшаға аумақ. Ана тілі басқа үйретілетін нәрсенің бірі болмақ. Онан арғы жылдардың бәрінде ана тілі сол күйде қалмақ. Мұнда ана тілі өтіп кетті деп іш күйгендей еш нәрсе болмаса да, мұны да көпсінгендер болды. Араб қарпін суырлап шығарып, орыс қарпін жүргізуді қалаушылар школда мұсылманша оқу-жазу правила бойынша оқытылғанын сүймеді. Сондықтан правила қағазға жазылған күйінде қағаз бетінде бола берді де, оқу басындағылар өз көздеген жағына қарай оқу ісін жүргізе береді. Қазақ облыстарындағы школдардың бірінде де правила бойынша оқытылған оқу жоқ. Бұл сияқты правила бар екенін қазақтар білген жоқ. Білгендері үндеген жоқ.

Білгендердің үндемегенінің екі себебі болды: Бұл правиланы білгендер әуелі учительдер. Бұлар енді жаңа правила бойынша оқытамыз ба деп, үстінен қарайтын хакімдерден сұраса, ол хакімдер иә демеді. Таза топырақ болмаса, көпшікті қақса да тиын соққан болады деп жеңілдеткен сияқты, қазақ тілінің сабағының орнына орысшадан қазақшаға я қазақшадан орысша перевод істесе, ана тілін үйренгеннің ырымы болады деп, хакімдері айтқан соң учительдер үндемей бұрынғы қалыпша оқыта береді. Учительдерден басқа бұл правилаларды білетіндер үндемеген себебі, ол кезде қазақта журнал һәм газет болған жоқ. Қазақтың өзінде газета, журнал болмаса, правила барлығын білгендер қайда жазып білдірмек. Сөйтіп, 1907 жылғы 1 ноябрь правиласын қазақтар тіпті білген жоқ, білгендерді әлгі айтылған себептермен үндеген жоқ.

Правила шыққаннан кейін 5 жыл өтеді. Ол 5 жылдың ішіндегі заманда да оқу басындағы адамда да өзгерістер болды. Правила жасалған кезде оқу министрі Фон Кауфман еді, онан кейін Шварц болды. Онан соң Кассо болды. Ұлтшылдық әуесі көтеріліп, бұратаналарға қырын көзбен қарайтын мінездер күшейе бастады. Сол шақта ана тіліндегі оқу туралы жаңадан правила жазылып шықты. Бұл жаңа правила дегеніміз патша хазіретінің 1913 жылғы 5 июньде бұратана жұрт үшін ашылатын школдар турасында еткен жарлығы бойынша, оқу министрінің сол июннің 14-інде жасап шығарған правиласы. Бұл правила жайынан келесі нөмерде сөйлемекпіз.

«Ов» туралы

Газетамыздың 102 нөмерінде студент Ыдырыс Оразалыұғлының осы күні фамилия жазғанда қосылып жүрген орысша «ов», «ова»-ны тастап, оның орнына «ұғлы», «қызы» деп жазу тиіс деген пікірі басылған еді. Басқарма бұл пікірді мақұл көрсе де, фамилия орнына үлкен әке яки бабаның аяғына еш нәрсе қосылмай-ақ жазылса, қалай болар деген пікірді көрсеткен еді. Сонан кейін басқармаға бұл туралы мына кісілер өз пікірлерін жазып отыр.

1. К.С. «ов» орнына «и», «ова» орнына «ие» жазу тиіс. Мысалы, Әлихан Бөкейхани, Назипа Құлжание. Өз әкесін жазғанда «ұлы», «қызы» деген сөздер жазылар.

2. Жармұхамед Болатұғлы жоғарғы пікірде. Бірақ «и» мен «ие»-ні арабша, жат тілдік десек, түрікше «лу», «ли» дегенді алу лайық болмас па? Мысалы, Әлихан Бөкейханлу, Назипа Құлжанли.

3. Желкек. «ов» пен «ованы» қалдыру тиіс. Еркек, әйелді айыру үшін біреуінің аяғына ешнәрсе қоспай айтармыз. Назипа Құлжан секілді. Екіншісінің аяғына «и»-ді жалғармыз. Әлихан Бөкейхани секілді.

4. Нығметолла Күзембаев. Әкені жазғанда «ұлы» (ұғлы емес), «қызы» деу керек. Үлкен әкені яки бабаны жазғанда аяғына еш нәрсе қоспау лайық.

5. Кенжеғали Аблуллаұғлы. «ов» орнына «дан», «нан»-ды жалғау керек. Мысалы Әлихан Нұрмұхамедұғлы Бөкейханнан, «ова»-ның орнына, еркектен айыру үшін, «ның», «дың»-ды қосу тиіс. Мысалы, Назипа Сағызбайқызы Құлжанның.

6. Ыдырыс Оразалыұғлы. Ал енді үлкен ата жазылғанда «ұғлы», «қызы» деп жазу тиіс. Ал енді үлкен ата яки баба жазылғанда олардың аяғына ешнәрсе жалғаудың қажеті жоқ. Қазақтың тілінде түбінде еркек пен ұрғашы айырылмағандықтан мұнда да оның керегі жоқ. Біреудің еркек, ұрғашылығы өз атынан-ақ білінеді.

7. Әлихан Ыдырыс Оразалыұғлының пікірін мақұлдайды.

Басқармадан: *Шын қазақша айтқанда, Оразалының Ыдырысы деп жазу керек еді, бірақ біз өзге халықтарға еліктеп, әуелі атымызды, онан кейін фамилия жазып жүрміз. Сондықтан бұл үйреністі бұзбай-ақ орысша «ов», «ова», «ин, ина»-ны тастап, мұнан кейін «ұғлы», «қызы», «қатыны» деп жазуды лайық көреміз. Мұны жазушылар да ескеруі лайық. Бұл туралы енді еш нәрсе басылмайды.*

Қазақ съезі

Кешегі келмеске кеткен кесірлі үкіметтің заманында тіл күрмеліп, аяқ-қол матаулы еді. Сол қаһарлы қара күндерде «бас қосалық, съезд ашалық» деп толғағы толмаған қатынға бала таптырмақшылар да болып еді. Бірақ ол уақытта қойдан қоңыр, қояннан қорқақ едік. Сондықтан ол кездегі басқосу пайдасыз қысыр сөз еді. Енді міне бостандық таңы атты. Не қыламыз десек те ерікті болдық. Бас қосқыш болсаң, қос енді басыңды, аш съезінді, тоқтату қылар ешкім жоқ. Бірақ бас қосудан мақсат не? Соны жұрт жақсы білу керек. Бас қосуды, съезге баруды жұрт қызылды-жасылды киініп, тана-моншақ тағынып, тойға барғандай, қызыққа жиналғандай көрсе, ондай съезден әлі де болса пайда жоқ.

Съезд пайдалы болады, егер жиылған адамның әрқайсысы неге келгенін білсе, халыққа шын жаны ашитын таза ниетті болса, халықтың

қалпына-салтына жетік болса, тіршілі-шаруа істеріне таныс болса, саясат істерінен мағлұмат болса. Осындай адамдар жиналып, мынау алынған бостандыққа ғұмырлық ие болу үшін, халықтың мұң-мұқтажын кеңесіп, мынау пайдалы дегенді іске айналдырып, мынау зиянды дегеннен халықты құтқаруға қам қылса, съезде жасалған қаулыларды елге қайтқанда әркім халыққа түсіндіріп іске айналдыруға ыждаһат етсе. Олай етпей, съезд қаулысы сөйлеген жерде құр сөз болып яки қағаз бетінде ғана жазылып қалып, елге қайтқан соң сары қымыз, салқын үйдің қызығында бәрі ұмыт болса, ондай съезден де халыққа келер пайда жоқ.

Енді біз өзімізге-өзіміз өкпелемесек, өзгеге өкпелей алмаймыз. Қолымызға берген бостандықты ұстай алмасақ, пайдалана алмасақ, келінді күң, жібекті жүн еткен мысалында боламыз. Олай болсақ, біз жұрт бола алмаймыз. Өз ісімізді өзіміз басқара алмасақ, бізді біреу түзетер деу адасқандық. Әр жұрт бұл күнде өз қамын ойлап жатыр әркім өз аты бәйгеден келуіне, өзі шыққан тауы биік болуына жанталасып қызмет етіп жатыр. Біз де солардан қалмалық. Уақыт өткізбелік. Өкініп жүрмелік. Қазіргі бір күн бұрынғы жүз жылдан қымбат. Оян жұрт, талпын жұрт, қамдан жұрт! «Батырсыған жігітті жау келгенде көрерміз, шешенсіген жігітті дау келгенде көрерміз» деген мақал бар. Бұрын сылтау бар еді. Заман тар, халыққа амалсыздан қызмет ете алмай жүрміз, әйтпесе өйтер едік, бүйтер едік деуші еді. Енді тісін қайрап, жігері қайнап жүрген ерлер болса, жол ашылды. Көрсет өнерінді, қыл қызметінді, баста жұрттыңды! Бос сөзден пайда жоқ, бұрынғыдай сылтау жоқ, жанды ортаға салып, іске кіріс! Ер көңілді алаштың азаматына енді зор сын!

Міне, қазақ уалаяттарының бәрінде де үздік-создық съездер болғалы тұр. Тұңғыш съез Торғай облысының съезі болды. Бұл съездің толық отчеты орысша-қазақша жеке басылып шығады, қазіргі қысқаша қаулысын жазып отырмыз.

.....*

5. Бастауыш оқу

I. Жалпы міндетті оқуды съезд аса қажет көргеннен кейін қазіргі бастауыш мектептерді көбейтуге қаулы қылды, 100 үйге бір мектептен кем болмасын делінді. Оқу ана тілінде болсын һәм әйел-еркек балалар бірге оқысын.

II. Мектептер земский һәм мемлекет ақшасына ашылсын.

Мадияр

**Құрастырушыдан: Қазақ съезінің барлық Қаулылары берілген бұл мақаладан тіл тақырыбына қатысты қаулысы ғана алынып отыр.*

Закон жобасы

Ақмола, Семей, Орал һәм Торғай облыстарындағы отырықшы һәм көшпелі қазақтардың соты, һүкіметке қарауы һәм басқа жұртшылық жұмыстарын орналастыру турасындағы

Положение

.....*

Қосымша. Волостной старшина, оның помощнигі һәм ауылный старшиналар орысша тіл білетін, хат білетін адамдардан қаланып, сайланады.

* **Құрастырушыдан:** «Қазақтың» №№75, 76, 77, 78, 79 сандарында жарық көрген «Закон жобасы» мақаласында барлығы 123 статья берілген. Жинаққа 14-ші статьяның тіл мәселесіне қатысты қосымшасын ғана енгізіп отырмыз.

Жалпы қазақ съезінің қаулысы

Жалпы қазақ съезі 21 июльде Орынборда ашылып, 26 июльде жабылды. Съезде Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарының өкілдері болды.

Съезд председатели Халел Досмұхамедов. Председательдің серіктері: Ахмет Байтұрсынов, А.Көтібаров. Секретары: Міржакып Дулатов, Ақылбек Сейітов.

Съездің программасы:

- 1) Мемлекет билеу түрі;
- 2) Қазақ облыстарында автономия;
- 3) Жер мәселесі;
- 4) Халық милициясы;
- 5) Земство;
- 6) Оқу мәселесі;
- 7) Сот мәселесі;
- 8) Дін мәселесі;
- 9) Әйел мәселесі;
- 10) Учредительное собрание сайлауына даярлану һәм қазақ облыстарынан депутаттар;
- 11) Бүкіл Россия мұсылмандарының кеңесі (Шорай ислам);
- 12) Қазақ саяси партиясы;
- 13) Жетісу облысының оқиғасы;
- 14) Киев шаһарында болатын бүкіл Россия федералистерінің съезіне һәм Петроградта болатын оқу комиссиясына қазақтан өкіл жіберу.

Қаулылар:

.....*

VI. Оқу мәселесі

1. Жалпы міндетті бастауыш оқу аса қажет.
2. Бастапқы екі жиында оқу ана тілінде болсын.
3. Мектеп кітаптары болсын, өзге баспасөздер болсын, бәрі де «Қазақ» әліппесімен жазылсын.

**Құрастырушыдан: Жалпы қазақ съезінің барлық қаулылары берілген бұл мақаладан тіл тақырыбына қатысты қаулысы ғана алынып отыр.*

«Алаш» партиясының бағдарламасының жобасы

I. Мемлекет қалпы

Русия демократический федеративный республика болу.

(Демократия мағынасы мемлекетті жұрт билеу. Федерация мағынасы құрдас мемлекеттер бірлесуі. Федерационный республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әр қайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді).

Үкімет басында Учредительное Собрание мен Г.Думаға қалауынша кесімді жылға сайланатын президент болу. Президент халықты министрлер арқылы бағу, ол министрлер Учредительное собрание мен Г.Дума алдында жауаптар болу.

Депутаттар тегіс, тең, төте һәм құпия сайлаумен болады. Сайлау құқында қан, дін, еркек-әйел талғаусыз болу.

Законды жалғыз ғана Г.Дума шығару һәм Г.Дума үкімет үстінен қарап, ісін тексеру, запрос (сұрау) жасау құқы да Г.Думада болу. Мемлекет салығы Г.Думасыз салынбау.

II. Жергілікті бостандық

Қазақ жүрген облыстардың бәрі бір байланып, өз тізгіні өзінде болып Русия республикасының федерациялық бір ағзасы болу. Реті келсе, қазақ автономиясы сыбайлас жұрттармен әзірге бірлесе болу, реті келмесе, бірден-ақ өз алдына жеке болу. Қайткенде де осы күнгі земстволықты қабыл алу.

«Алаш» партиясы қазақтың би, болыс, ауылнайлары сияқты орындарында қызмет ететін адамдар болуына жаһүд қылады. Земствалардың

управаларында, милицияларында таза қызметші боларлық адамдардың атын халық қалауына салады.

«Алаш» партиясы әділдікке жақ, нашарларға жолдас, жебірлерге жау болады. Күш-қуатын игілік жолына жұмсап, жұрт тарқы ету жағына бастайды.

III. Негізгі құқық

Русия республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей адам баласы тең болу.

Жиылыс жасауға, қауым ашуға, жария сөйлерге, газет шығаруға, кітап бастыруға еркіншілік. Үкімет қызметшілері, иесінен рұқсатсыз ешкім табалдырығын аттамаушылық. Законсыз жолмен ешкімді үкімет адамдары ұстамаушылық. Сот сұрамай, билік етілмей, тұтқын қылмаушылық. Қылмысты болған адам судья бар жерде 24 сағат ішінде, судьясыз жерде бір жетіден қалмай судьяға тапсырып жауап алса, судья үкімімен жабылу.

Кісі хатын ашқан айып, оқығанға жаза болу.

IV. Дін ісі

Дін ісі мемлекет ісінен айырулы болу. Дін біткенге тең құқық. Дін жаюға ерік. Кіру-шығу жағына бостандық

Муфтилік қазақта өз алдына болу. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер моллада болу. Жесір дауы сотта қаралу.

V. Билік һәм сот

Әр жұрттың билік пен соты тұрмыс ыңғайына қарай болу. Би һәм судья жергілікті жұрттың тілін білу. Аралас жерде соттың тергеу-тексеруі һәм үкімі жергілікті жұрттың қай көбінің тілінде айтылу. Би һәм судья орнынан тергеусіз түспеу. Билік һәм сот жүзінде жұрт біткен тең болу. Құдайдан соңғы күшті би һәм судья болып, кімге болса, олардың үкіміне мойынсұну. Айтылған үкім тез орнына келу. Зор жазалы қылмыстар присяжный сотпен қаралу. Қазақ көп жерде сот тілі қазақ тілінде болу. Присяжныйлар қазақтан алыну. Қырдағы ауыл, болыс ішіндегі билікпен сот жұрт ұйғарған ереже жолымен атқарылу.

VI. Ел қорғау

Ел қорғау үшін әскер осы күнгі түрде ұсталмау. Әскерлік жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету. Әскер табына

бөлгенде туысқан табына қарай бөлу. Әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқару.

VII. Жұмысшылар

Жұмысшылар закон панасында болу. (Қазақ жерінде завод-фабрика аз, сондықтан қазақтың жұмысшылары да аз. «Алаш» партиясы жұмысшылар турасында социал-демократтардың меньшевик табының программасын жақтайды).

IX. Ғылым-білім үйрету

Оқу орындарының есігі кімге де болса ашық һәм ақшасыз болу. Жұртқа жалпы оқу жайылу. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқу. Қазақ тілінде орта мектеп, университет ашу. Оқу жолы өз алды автономия түрінде болу, үкімет оқу ісіне кіріспеу. Мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылу. Ел ішінде кітапхана ашылу.

X. Жер мәселесі

Учредительное собрание негізгі закон жасағанда жер сыбағасын алдымен жергілікті жұртқа берілсін деу. Қазақ жер сыбағасын отырған жерлерден алып орналасқанша қазақ жеріне оған мұжық келмеу. Бұрын алынған жерлердің мұжық отырмағандары қазаққа қайту. Қазаққа тиетін жер сыбағасын жергілікті комитеттер кесу. Сыбаға өлшеу норма – жердің топырағы мен шаруашылық түріне қарай жасалу. Сыбағадан артылған жер земства қолында болу. Артық тұрған жерден ел өскенде ауық-ауық сыбаға кесіліп берілу. Түркістанда жермен бірге су сыбағасы да кесілу. Жерді қазақ үй басына иеленбей, ауыл-аймақ, туысқан табына меншіктеп алу. Өзара әділдік жолмен пайдалану.

Жер заңонында жер сату деген болмау, әркім өзі пайдалану. Пайдасынан артық жер сатылмай, земстваға алыну. Жердің кені, астығы, байлығы қазынанікі болып, билігі земства қолында болу.

Аса зор ағаш, зор өзендер мемлекеттікі болып, аз ағаш һәм көл байлықтары земства мүлкіне саналу.

Жоба жасаушылар:

*Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов,
Елдес Ғұмаров, Есенғали Тұрмұхамедов, Ғабдолхамит Жүндібаев,
Ғазымбек Бірімжанов*

Учительдер съезінің қаулылары

Майдың 1-8-іне дейін Қызылжар уезіне қараған учительдер съезі болып өтті. Бұл съезде қаралған мәселелер қатарында бұратана школдарының мәселесі де қаралып, қорытып жасаған қаулылар мынау:

1. Бұратаналар школдында оқу ана тілінде болсын;
2. Орыс тілі 3 жылдан бұрын кіргізілмесін;
3. Ер балалар мен әйел балалар бірге оқытылсын;
4. Бұратаналар школдында курс алты жылдық болсын;
5. Бастауыш школдардан басқа бұратаналарға арналып орта һәм жоғарғы дәрежелі школдар ашылсын;
6. Учительдер дарлау үшін кешіктірілмей мұғалімдік курстар һәм семинариялар ашылсын;
7. Барлық бұратана школдарына міндетті оқу орыс тілі кіргізілсін;
8. Школ билігі жилищный советте болсын. Ол советтерге бұрата учительдер де кірсін;
9. Бұратана учительдер правосы орыс учительдерінің праволарымен бірдей болсын;
10. Бұратаналарға ашылатын школдар қазына күшімен ашылсын;
11. Учительдер жалованиесі 1200 сомнан кем болмасын, пенсия 20 жылдан соң ең соңғы алып тұрған жалованиясы мөлшерінде берілсін.

Осы қаулылар барлық бұратана школдарына бірдей. Бұған біз ауылной школдарды да қоспақ жолындамыз, 25 майда болатын Омбы учительдерінің съезіне салмақпыз.

Учитель А.Жалмұхамедов

«САРЫАРҚА» ГАЗЕТІ

(1917–1919)

«Сарыарқа» газеті 1917–1918 жылдары Семей қаласында шыққан. Газетке Х.Ғаббасов басшылық жасады.

Жалпы, «Сарыарқа» газетінде жарық көрген материалдардан оның «Қазақ» газетімен үндес, сарындас бағытын аңғару қиын емес. Олай болатыны, «Сарыарқа» газеті де Алашорда үкіметін құруды, қазақ елінің өз алдына автономия болуын тіледі. Басылым беттерінде Алаш партиясының бағдарламасы, Алаштың гимні, алашорданың Семей тобының саяси бағдарламасы жарық көрді, сондай-ақ қазақ құрылтай съездерінің бағдарламалары мен қаулылары басылды.

Алаш қозғалысының ұйытқысы, жиыrmасыншы ғасыр басында халқымыздың шын мәнінде «көзі, құлағы һәм тілі» «Қазақ» газетінің ұйымдастырушылары – А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатовтың, «Алаш» қозғалысының көрнекті қайраткерлері – Р.Мәрсековтің, Х.Ғаббасовтың, Ә.Ермековтің, М.Малдыбаевтың, Ж.Ақбаевтың, М.Жұмабаевтың және тағы басқа алаш азаматтарының құнды материалдарын «Сарыарқадан» көптеп кездестіреміз.

Саяси бағыт ұстанған «Сарыарқа» газетінен халықты теңдікке жетелеген ой-пікір, тұжырымдар мен қазақ съездерін шақыру, ондағы қаралатын мәселелердің жоспарлары мен шешімдері жайлы, сайлау хақында, ұлттың ең өзекті жер, тіл, оқу-ісі, дін, басқа да шешімін күткен әлеуметтік мәселелері жайлы терең танысуға болады.



21-26-шы июльде Орынборда болған жалпы қазақ сиезінің қаулылары

Сиезде бүкіл Россия мемлекетіне қараған Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстары мен Бөкей ордасы қазақтарының өкілдері болды.

Сиездің президиумына кіргендер: Халел Досмұхамедов (председатель), Байтұрсынов, Көтібаров (орынбасарлар), Асылбек Сыдық, Міржақып Дулатов (секретарьлар).

Сиез қараған мәселелер:

- 1) Мемлекет түрі қандай болу;
- 2) Қазақ өз тізгінін өзі алу (автономия);
- 3) Жер;
- 4) Әскерлік;
- 5) Земство;
- 6) Оқу;
- 7) Дін;
- 8) Сот;
- 9) Әйел;
- 10) Учредительное собрание сайлауы кезінде жүргізетін әдіс;
- 11) Қазақтан баратын депутаттар;
- 12) Шура ислам;
- 13) Қазақтың саяси партиясын жасау;
- 14) Жетісу облысындағы оқиғалар;
- 15) Киевте болатын жалпы Россия федералистерінің (өз жұмысына келгенде бөлініп, мемлекет жұмысына келгенде бірігетіндер) сиезі мен Петроградтағы жалпы жұрт оқуы комиссиясына кіру.

.....*

Оқу

Бала қалмай жалпы оқу – міндет. Алғашқы екі жылда бала ана тілімен оқысын. Қазақ тілінде шығатын кітаптар Байтұрсынов емлесімен басылсын.

Құрастырушыдан: Қазақ сьезінің тіл мәселесіне қатысты қаулысы ғана алынды

Қазақ тілінде жаңа журнал

Қызылжар жастары қазақ тілінде «Жаңа заман» атты журнал шығарған. Журнал жетісінде бір шығады. Басқарушылары: Біләл Малдыбаев,

Әбуғарире Жүсіп. Бастырушысы: «Тала» ұйымы. Жазылу бағасы: жылдығы – 6 сом, 6 айлығы – 3 сом 50 тиын. Басқармаға келген 4-нші сандағы сөздері мынау: Жетісу қырғыздарына жәрдем жию, қыр шаруасы жайы, волостное земство, саяси партия, «Талап» члендері, өлең-жыр.

Адресі: Петропавловск Ақмол. об. Почтов ящик №95 редак. жур. «Жаңа-заман»

* * *

Қызылжарда 20 августен бастап екі ай жарымдық мұғалімдер курсы ашылды. Курстың мақсаты: елде бала оқытатын мұғалімдері бір ізге салып, мұсылманша оқу қазақтың өз тілімен болып, «Қазақ» газетінің емлесін қолдандыру.

Қурстан оқып шыққан мұғалімдерге елден жиылған ақшадан үйезный комитет ақша бермек. Бұл туралы Қызылжарда болған үйезный сиез қаулы жасады.

Әр елден келген жастар болып бірігіп, «Талап» қауымының атынан жетісінде бір шығатын «Жаңа заман» деген жазба журнал шығара бастады. Баспахананы алуға бұл күнде біз сықылды жас қауымның шамасы келетін емес. Сонда да қолдан келген қызметімізді құрбан қылып, халқымыз үшін қарап отырмау жолындамыз. Осы тілекте болып, әр жерде ашылып жатқан қауым, ұйымдарды құттықтаймыз.

*«Талап» қауымы атынан:
Біләл Малдыбаев.*

Басқарма: жолдасымыз «Талап» қауымының талайы ашылып, дегеніне жетсін деп тілейміз.

Бастауыш мектептегі оқу программасы

Алаш дуанындағы оқытушылар ұйымына әр жерден хат келіп, бастауыш мектепте қандай сабақтар, қай тілмен оқылатынын сұрайды. Баршасына газет арқылы білдіруді борыш көрдік.

- 1) Бастауыш мектепте сабақ арнаулы қазақ тілінде оқылады.
- 2) Орыс тілі төртінші бөлімнен бастап, кірме тіл есебінде оқытылады.
- 3) 5 жылдық бастауыш мектеп программасы мынау:

I бөлімде:

- 1) Ана тілі: әліппе, оқу, әдемі жазу;
- 2) Есеп: алу, жию жүзге дейін; көбейту, бөлу жиырмаға дейін;

- 3) Иман-иғтиһад;
- 4) Дене тәрбиесі.

II бөлімде:

- 1) Ана тілі: оқу, тіл құралы, жатқа жазу (емле), әдемі жазу;
- 2) Есеп: жүзге дейін;
- 3) Дін сабақтары: иғтиһад, ғибадат, Құран кәрім;
- 4) Қол істері;
- 5) Ән;
- 6) Дене тәрбиесі.

III бөлімде:

- 1) Ана тілі: оқу, тіл құралы, жатқа жазу, әдемі жазу, үлгілі жазу;
- 2) Есеп: төрт амал, керекті өлшеулер;
- 3) Дін сабақтары: ғибадат, Құран кәрім тәжуидпен;
- 4) Қол істері;
- 5) Ән;
- 6) Дене тәрбиесі.

IV бөлімде:

- 1) Ана тілі: жатқа жазу, үлгілі жазу, ойдан жазу, оқу;
- 2) Есеп: төрт амал, өлшеулер (уақтау, ірілеу, төрт амал);
- 3) Дін сабақтары; ғибадат, Құран тәжуидпен.
- 4) Орыс тілі;
- 5) Тарих ислам;
- 6) Ұлт тарихы;
- 7) Жағырапия (жалпы);
- 8) Жаратылыс;
- 9) Ән-күй;
- 10) Дене тәрбиесі;
- 11) Қол істері.

V бөлімде:

- 1) Ана тілі: жатқа жазу, үлгілі жазу, ойдан жазу, оқу;
- 2) Есеп;
- 3) Араб тілі;
- 4) Орыс тілі;
- 5) Жағырапия (мемлекет);
- 6) Ән-күй;
- 7) Дене тәрбиесі;

- 8) Қол істері;
- 9) Жаратылыс;
- 10) Ислам тарихы (қазіргі сұлтанға дейін);
- 11) Ұлт тарихы.

*Ұйым атынан мұғалім
Хайролла Ибраһимов*

Қазақша ай аты жоқ

Біздің ай аты деп жүргеніміз жұлдыз аты. Жұлдызға қойған атты сол кездегі туған айға қоя саламыз да, оны ай аты деп ұғынамыз.

Сол себепті кейде «бұл ай пәлен ай» деп таласамыз. Мысалы: декабрь жұлдызының 15-інде туған айды жартымыз қаңтар, жартымыз ақпан дейміз.

Менің ойымша, біздің ескі тұқымда (ескі түрікте) ай аты болса керек. Бірақ ол ескі аттар не біржола ұмытылды, не жұлдыз аттарына араласып кетті-ау деймін.

Осы айтылған ескі ай туралы білетіндерін ескі құлақты кәриялар, оқымыстылар «Сарыарқаға» жазса екен. Ескі түріктерде ай аты болмай қоймаса керек дегеніміз: олар 12 жұлдызға ат қойып, бір жасап, 12 жылға ат қойып, бір жыл мүшел жасап, 5 мүшелге 5 түрлі ат қойып, алпыс жылдық бір айналыс жасап отырған түрік жаңа ай, ескі ай, толған ай деп отырған түрік нағылып айды ескерусіз қалдырсын.

Енді келейік жұлдыз атына: біздің қазақтың әр жерінде жұлдыз аты әр түрлі. Мысалы, 1916 жылғы 173 нөмер «Қазақ» газетінде ардақты Хасенғали Байеке молдадан жазып алған ай (жұлдыз) атын қараңыз: әз март отжақпас, көкек, шілде, сарша, қыркүйек, мизам, қараша, қазан, қаңтар һәм ақпан. Енді біреуінің атын білмейді. Ал, біздің жақта көкек (март), мамыр, маусым, шілде, тамыз, мизам, қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан һәм бірдің айы.

Көрдiңiз бе, атында қанша шатақ! Ретiнде қанша шатақ! Және бұл екеуiн естiген басқа түрлi ат қоюшы қазақтар мұны қандай таңырқар екен. Онан соң жоғарғы жұлдыз аттары бiр қатары арабшадан алынғаны көрiнiп тұр. Мысалы, мизам, мамыр – мағмұр, маусым – мосом үшеуi де арабша. Мақалдағы «қараша, қауыс, кәрi-құртанды тауыс» дегендегi қауыс; «сәуiр болмай тәуiр болмас» дегендегi сәуiр арабша. Тағы сондайлар толып жатыр.

Мақсұт – қазақша ай атын ескi түрiкшесiн iздеп таппақ. Ол табылмаса, амалсыз арабша ай атына халықты жаттықтыру керек деп бiлемiн һәм жұлдыз атын тамам қазақ бiр-ақ атпен ретiн бұзбай атау керек деп ұғамын.

Шәкәрім

Баянауыл

Баянауыл қаласында оқыған һәм оқып жүрген қазақ жастары 21 январьда «Ерік» атты ұйым ашты. Ұйымның мүшелік салығы жылына 5 сомнан. Ұйымға барша жастар жиналып, бір ауыздан мындай жоба (программ) жасады:

I

Халық арасына ғылым-білім тарату һәм қазақтың тілі мен әдебиетінің өрлеуіне басшылық ету:

- 1) Қазақша газета, журнал, кітаптарды ел арасына тарату.
- 2) Халыққа пайдалы кітаптар бастыру.
- 3) Мұқтаж оқушыларға әл келгенше жәрдем беру.
- 4) Қазақ балаларына ана тілінде оқитын оқу құралдарын шығару һәм бұл жолда кімге де болса жәрдемдес болу.
- 5) Қазақша кітапханалар, қирағатханалар ашу.
- 6) Қазақша спектакльдер һәм ідебиет кештері сияқты нәрселер жасау.
- 7) Қазақша мақал-мәтел, ертегі, такпақ, өлең, жұмбақ, жаңылтпаштарды, қазақтың тарихи әңгімелерін жинау.

Құрастырушыдан: Жинаққа «Ерік» ұйымының тіл тақырыбына қатысты программасы ғана еніп отыр.

«АБАЙ» ЖУРНАЛЫ (1918)

Абай журналы 1918 жылы Алаш қаласы – Семейде айында екі рет жарық көрді. Басылымның шығарушылары: Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов.

Алаш қайраткерлерінің жанкешті еңбегімен жарық көрген «Абай» журналы «Қазақ» газетінің ізін жалғаушы, «Сарыарқа» газетімен рухани үндес болғаны байқалады.

«Абай» журналының алғашқы санында:

«Бірінші, ғылыми: риязаят (математика), табиғат (денсаулық, дәрігерлік), пәлсафе (жаммағи, ахлақ, тарихи саяси мәселелер).

Екінші, әдеби: өлең, жыр, мақал, тақпақ, ертегі, жұмбақ, күлдіргі, мысқыл, қайым, жаңылтпаш, жар-жар, айтыс, қара сөз һәм қазақ тілінде жазылған әңгіме, роман, театр кітаптары, фелъетон һәм басқалары.

Үшінші, шаруашылық: мал бағу, сауда, кәсіп, егін, таран, уақ қарыз серіктігі, ұйым дүкені, қолөнер жайларынан жазып тұрмақ.

Төртінші, Абайдың өмірі, қара сөздері, өлеңдері басылып тұрмақ», – деп, басылым басқармасы оқырмандарын журналдың ұстанған жолынан хабардар етеді.

«Абай» журналының тұрақты авторлары: Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ғұмар Қараш, Мәннән Тұрғанбай, Сәбит Дөнентаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Абайдың ұрпақтары – Ақылбай мен Мағауия, т.б.

С.Шикібаев ұйымдастырған «Уақ қарыз серіктестігінің» демеуімен журналдың барлығы 12 саны жарық көрген. Сол кездегі солақай, әсіреқызыл идеологияның салдарынан басылым басшыларына «ұлтшыл» деген айып тағылып, журнал бір жылға толмай жабылып қалды. Журнал Алаш партиясының ұлттық бағдарын басшылыққа алып, қазақ елін прогреске жетеледі, ғылым мен білімді насихаттады, жастардың саяси-қоғамдық белсенділігін арттыруды көздеді.



Әдебиет (тіл сөзі)

Бізде «әдебиет» деген сөз қазақ тілі болып алынып бара жатыр. Әдебиет не? Қайдан шыққан? Осы мақалада жазамыз.

«Әдебиет» араб тілі «адаб» (әдеп) деген сөзден шыққан. Әдептің мағынасын сыпайы, жағымды деп алғанда, бұдан шыққан «әдебиет» анғұрлым терең мағыналы сөз. Ауыздан шыққан мағынасы бар дыбыстың бәрін сөз дейміз, әдебиет әдеп деген сөзден алынса, бұл уақытта мағынасы тереңдеп, күллі сөйлетіп жүрген сөзді сіңіріп бара жатыр. Бұған мысал үшін, орыстың «словесность» (сөз) «литература» деген сөздерін салыстырайық. «Литератураның» мағынасы латынша қаріп «литератураны» қаріп жасау тасқа басып шыққаннан кейін қолданып кеткен. Литератураның алғашқы мағынасы – бір ақынның кітап болып тасқа басылған сөздері. Бірақ бұл сөз (литература) жүре бара «словесность» (сөзді) тықсырып жұтып бара жатыр. Бұл уақытта литератураға тасқа басылған, жатқа айтылған бір кісінің, көп кісінің сөзі – бәрі сыйып жүр. Заманның хәлін айқын суреттейтін діні, ғылымы, ахлағы, пәлсапа сөздерді де литератураға кіргізіп жүр. Бұған қарағанда біздің «әдебиет» «литература» сықылды жалпы, кең мағыналы сөз болуға лайық.

Баспа, жазба һәм жатқа айтылып жүрген сөздер – бәрі әдебиетке сыяды. Бірақ есте болсын, әдебиеттің түп мағынасы ақындық шеберлікпен бір нәрсені бұлжытпай суреттеу, келіссіз, ұнамсыз, тұрпайы «Сұмпайы» сөздер әдебиетке кірмейді. Әдебиетті сөздің орнына алған соң, енді сөздің пайдасын, мағынасын түсіндірейік.

Адам баласын мәдениет жүзінде бұл хәлге келіп жетуі неше мың бұрынғы өткен ата-бабаларының мимырттаған ауыр еңбегінің арқасында табылып отыр. Ең алғашқы қорғансыз, көмексіз, тілсіз от, киім, қару-құралмен жаңа таныс болып келе жатқан адамның хәлі мен бүгінгі түр, қылыққа жеткен адамның өмір паркы жер мен көктей. Тіршілікке тырмысып, жаумен алысып, қажырланып қайсарсыған сайын адамның жан қуаттары піседі. Ержетті. Неше түрлі айла құрды, ақыл тапты... Неше алуан керемет ғажаптар жасады, тәжірибесі ұлғайды. Адамның осы тапқан-таянған өнер-білімнің бәрі сөзбен бекітіліп кейінгілерге келіп жеткен.

Адамның жан қуаттарын, дене қуаттарын күшейтіп тез ержеткізуге себеп болған не? Адам мен хайуанның айырмашылығының ең зор белгісінің бірі не? Көңілдің, сезімнің күлкі толқынына, ырғағына ыңғайлы, орамды нәрсе не? Өмірдің бар керегіне құрал болатын не? Әрине, сөз. Бұл сөз (тіл) адамға ғана берілген сый. Ойдағыны сыртқа шығарып, білгізетін, адамды бір-біріне қатынастырып, жақын қылатын, алған тәжі-

рибесін білімін шегелеп, бекітетін, ол білімді басқаға ұғымды қылып жеткізетін неше мың жыл еңбекпен, бейнетпен өткен ауыр сатысынан аз уақытта тез, оңай өткізетін – тіл, сөз болатын. Сөз ойдағыны сыртқа шығармақ түгілі (...) әрі ойлататынның өзі сөз. Сөз болмаса, кісі ойлай алмас еді. Ойлай алмаса еш нәрсені білмес еді. Адамның ақылымен бірге өсіп, біте қайнап әр жұрттың мінезін анық суреттейтін тағы – сөз.

Бір нәрсені ұғып, білу үшін, оны бекітіп үстіне белгі қойып кету керек. Ол белгі сөз болмақ. Егер сөз болмаса, көңілде әр нәрсенің суреті болар еді де, бұлдырған көмескі бірдеме болар жүрер еді. Бұ көмескі белгі суреті хайуанда да бар. Бірақ сол көмескі нәрсеге белгілеп қоятын аты жоқ, бекітетін шегесі жоқ. Ол шеге сөз болатын. Тереңірек ойласаңыз «тас», «ағаш», «ат» деген бір бір-ақ ауыз сөз, бірақ әрқайсысында қанша салыстыру, байқау, сынау сықылды айырмасын білдіретін көп тәжірибе бар. Сол көп тәжірибені бір ауыз сөзбен ұғымды қылу сөздің арқасы. Сөз болмаса, адамның ақыл-ойы мұндай биік дәрежеге жетпес еді. Соқырдың көңілінде не сурет барын білу көздіге қандай қиын болса, сөз болмаса, адамның ойы не түрлі болуы білу бізге сондай қиын. Сөз бен ойдың жалғас нәрсе екендігі туралы француздың білгіші Руссо айтқан: «Сөз болмаса жалпы ұғым деген нәрсе болмас еді, хайуанда жалпы ұғымның жоқтығы сөз болмағандықтан» деп. Руссоның бұл пікірін дұрыс емес деушілер: «Хайуанда ұғым сықылды бір нәрсе болғанымен, оны салыстырып ойлап бекітетін сөз сықылды құрал жоқ» дейді.

Ақыл жүзінде сөздің қандай күшті екендігіне дәлел үшін сөз білмейтін мылқау мен сөз білетін соқырды алайық. Осы екеуінің қайсысы зерек, ұғымды, ақылды болады? Жұрт байқайтын шығар. Талай соқырдың білімді, ақын, ақылды болатынын? Ал, мылқаудың артық терең ақылды болғанын көргеміз де, естігеміз де жоқ. Бұл нені көрсетеді? Бұл көзден сөздің күштілігін көрсетеді. Көз сырттан сезім алатын құрал болса, сөз – адамның ішкі рух құралы.

Неше жүз, мың жыл бұрын өткен ата-бабаларымыздың сөзінен сол заманғы жұрттың мінезі, ақылын, білімін, сезімін, дінін, ғадет-ғұрпын – барлық өмірін көзбен көргендей білеміз. Ықылым заманда табылған өнер-ғылымның бәрі сөз арқылы бүгінге жетіп, піскен астай даяр болып, жемісін бүкіл адам баласы пайдаланып отыр.

Оқымыстылар өнерді беске бөледі: 1) Сөз (словесность). 2) Суретшілік (живопись). 3) Мүсіншілік (скульптура – балшық, мрамор, тас һәм басқа нәрселердің адамның, басқа хайуандардың пішінін жасау өнері). 4) Үйшілік (архитектура – үй, сарай, мәсжид, көпір салу сияқты өнер). 5) Ән-күй (музыка). Осы бес түрлі өнердің ең артығы – сөз. Сөздің артықшылығы: өзге төртеуін сөзбен суреттеп айтуға болады. Басқа өнерлер қанша кәметке жетсе де, сөзді суреттей алмайды. Қазақтың «өнер алды – қызыл тіл» дегені терең ақыл, тәжірибемен айтылған

сөз. Сөздің пайдасын айтып бітіруге болмайды, сөз өлгенді тірілтеді, өшкенді жанартады. Ойды тербетеді, жүректі оятады, қанды қыздырады, жүйені босатады, қамалға қарсы шапқызады, қайғырсаң сая тапқызады, тауды бұзады, тасты жарады, сараңды жібітеді, қаттыны жұмсартады – істемейтіні жоқ.

Алғашқы адамның тілі қандай болғаны бізге мәлімсіз, әйтсе де ертедегі сөздердің түпкі тамырын тексерген филолог (сөз тексерушілер) сөз біткеннің түбі бір жерге келіп құйылады деген. Әуелгі адамдардың сөз аз, шолақ, дәлшіл болған. Оның себебі сөз туу басында еліктеуден шыққан. Күннің күркірегені, судың сарқырағаны, иттің үргені, жылан-ның ысқырғаны, еліктеуге сабақ болған. Жүре-жүре адамның тұрмысы өзгеріп, мәдениетке аяқ басқан сайын бір сөзден неше тарау шығып, өсіп, көбейіп алғашқы еліктеу қалпы жоғала берген. Бұның осы күнгі охшилардан (тағы адамдар) байқап біліп отыр. Олардың тілі тіпті аз, топас келеді. Бірнеше өздеріне керекті зәру нәрселердің ғана аттарын біледі. Көбінесе ымдасып сөйлеседі. Ал, мәдениетті жұрттың тілі тіпті көп, орамды, мысалы Англияда жүз мың, Қытайда 40-50 мыңдай сөз бар деп есептеледі. Бұл көп сөздің тамыры әуелде Қытайда 350, Англияда 460 ғана екен.

Тіл жанды нәрсе сияқты: тіріледі, өседі, жоғалады. Өнер ғылымға аяқ басқан жұрттың тілі өсіп көбеймек, көркеймек. Тілі күшейген жұрт өнерлі де болмақ. Тілі жоғалған жұрт ғұрып-ғадетінен, мінезінен айырылып, ақырында жұрттығы да жойылмақ. Тілін тірілту, жоғалту әр халықтың өзінен хәм оқымысты, білімді адамдарынан. Мәдениетке кірісе бастаған жұрт өз тілінен айырылып қалуға мүмкін. Себебі: мәдени жұрттың ғылымы, әдейі көп тілін өзінің шағын тіліне аударуға жетпейді. Жетпеген жерде біреудің даяр тілін ала салады. Жүре-жүре біреудің тілімен сөйлеуді сән көріп, өзінде бар сөзді де басқадан алатын болады. Сонымен бір халықтың тілі жоғалып кетуге ықтимал, Бұл тарих қараушыларға белгілі.

«Әдебиет», «сөз» деп екі айырып, әдебиетті қысқаша ғана айтып, сөздің мағынасын, пайдасын баяндап едік. Енді қандай нәрсе әдебиет болатынын, хәм қазақтың әдебиеті не хәлде екенін айтпақпыз.

Өзгеше тілі, діні салты, бар табиғаты, тұрмысы, өмірі басқа жұртты нөзінше өлеңі, жыры, әні, такпағы, мақалы, ертегі, жұмбағы тағы басқа кара сөздері болады... Бұл өлең, мақал хәм басқа басқаларды шығарушы кім екені жұртқа мәлім емес. Ел ішінде айтылып жүрген, талай өлең, жұмбақ, мақалдар бар. Соларды кім шығарғанын не бір жола білмейді, білсе де, әркім әртүрлі айтады. Мұның себебі – не сол өлең шығарушылар атым қалсын деген, не олардың сөзіне жұрт ілтипат қылып қарап, атын қадірлемеген. Әйтеуір өлең болған біреуден біреу таратып ала берген: Затында өлеңді әуелде бір кісі шығарады. Жүре бара шығарушының

аты ұмытылады. Біреуден біреу алып жүріп ол өлеңді өзгертеді: қосады, қысқартады, ұзартады. Мұндай шығарушының аты жоқ, халықтың аузында қалған «халық өлеңі» деп айтуға лайық. Бірақ халық өлеңі дегенмен шығарушы халық емес, бір кісі. Ол кісі өлеңді өнер көріп, болмаса бір мақсатпен яки атын шығарғалы айтқан жоқ, тек өлең айтқысы келді – айтты. Өлең болып шықты. Бұл өлеңші өзінің өлеңші яки ақын екенін тағы білген жоқ. Халыққа ұнады ма, я ермек үшін керек болды ма? Ол өлең әйтеуір айтылып, жоғалмай халық аузында қалғаны – сол.

Міне, осы сықылды халықтың аузында қалған өлеңдер, яки басқа сөздер әдебиет бола ма, жоқ па? Сол үшін айтып отырмыз. Орыстың атақты сыншысы Белинскийдің айтуына қарағанда, мұндай мағынасыз өлеңдер әдебиеттің өзі болмайды, әдебиеттің ұрығы болуға жарайды. Әдебиеттің шын мағынасы – бір халықтың ақылы мен қиялының арқасында тамызықтанып табылған білім (сознание). Бұл білім – өмірдің ең бір зор қуаты. Ол қуат көптің қазынасы болу керек. Көп қазына қылатын нәрсе пайдалы болуы тиіс. Олай болса әдебиет жалпыға қызықты, түсімді, ақыл, ойына азық берерлік бір нәрсе.

Әдебиет – халықтың сөзі емес, белгілі жазушының сөзі. Жазушы халықтың ақыл, ой, мінезінің әртүрлі тарауын суреттеп, халықтың алдына жайып салады. Егер жазушының қызметі халықтың рухына үйлесіп, пікіріне ұнаса, сонда әдебиет болып табылады. Жазушының өзіне ұнаған, яки бірнеше оқымысты адамдар әдебиет деп білген сөз әдебиет бола бермейді. Әдебиетте ойға қонатын, өмірді анық суреттейтін тіреулі мақсат болмақ. Әдебиеттің өзі туғызбағанмен, ұйытқы болып: туғызуға себеп болатын халықтың өзі һәм ол тумадан пайдаланатын тағы халықтың өзі.

Халық өлеңі мағынасыз, кестесі аз, дәрекі келеді, сырты сырлы болмайды; бірақ өрнегі көңілге тез түседі. Кестелі, көркем, мағыналы, заманның хәлін айқын суреттейтін, сол замандағы халықтың ақыл, білімінің бетін көрсететін жазушылардың сөзін әдебиет дейміз. Егер кестелі, мәнерлі келсе де, заманның рухын көрсете алмаса ондай сөз әдебиетке кірмейді. Соған қарағанда қазақтың басынан кешірген уақиғаларын суреттеген өлең, жыр, мақалдарды әдебиетке кірмейді деуге де болмайды. Халық сөзінің ауданы тар, мағынасы кем, ойы көмескі. Мақсаты жоқ, беті сандырама келеді. Сөзі, өлеңі көп болмағанмен бір жерге қойылған қорытынды алуы, бірте-бірте сатылған тәртіп болмайды. Егер осы көп тұқым егіліп, түр тауып, кестеленіп, мағына кіріп, өнерге айналса, сонан басқыштап әдебиет туады. Әдебиет – туатын, өсетін жанды заттардың бірі. Әдебиеттің басталып, ұлғаймаған хәлі бір иленбеген шикі тері. Ол теріні илеп, іс қылып, бойға лайық киім тігіп шығару халықтың хәлінен. Ақыл-ойы бет түзеп, жол тауып, әлі кеңеймей тұрған халық тарихи бір уақиғаға ұшыраса, тіршілік тартысында

жарысқа түсе бастаса, халық әдебиеті кестеленіп, сурет тауып, шын әдебиетке айналмақ. Бір халықтың тарих жүзінде ақыл, ойы шараланып, ілгері басуы адамшылықтың жоғарылауына да себеп болмақ. Белинский айтқан: «Тіршілік тартысында жарысқа түсіп, тарихы бір мағынаға алынып, өнер-білімге бет қойған дүниеге өзінше көзқарасы бар жұртта ғана әдебиет болуы керек» деп. Бұрынғы грек, Рим халықтарының ғана негізді әдебиеті болған. Олардың халқы жоғалса да әдебиеті жоғалған жоқ. Кейінгі жұрттарға әдебиеті үлгі, ұйытқы болды. Ақыл, ойы ілгері басып, өмірінде бір мағына болған жұрттың ғана әдебиеті болады. Сондықтан әдебиеті бар жұрт сирек; көбінің әдебиеті не жаңа басталып келе жатқан халде, көбінікі жоқ дейді.

Белинскийдің бұл сөзіне қарағанда надан жұртта, таласқа түсіп, мүшеге ілінбеген жұртта, дүниеге өзінше көзқарасы жоқ жұртта әдебиет болмау керек. Бұлай болу мүмкін бе екен? Дүние жүзінің аз болсын, көп болсын, тіршілік тартысында жартысқа түспей отырған халық бар ма екен? Осы заманда жаны тыныш, жағасы бос, тек отырған жұрт жоқ. Біреуден біреу не қысымшылық көріп, не көрсетіп, болмаса тең түсіп отыр. Жеңуші де, жеңілуші де, тең түсуші де өз тұрмыс хәлін түзеп, не қылса қатардан қалай, дүниеде қызық, рахат дәурен сүруге таласуда. Сондықтан «жарысқа түскен» деп дүниеде ықпалы жүріп қожа болған халықтарды ғана айтпай, өз шамасынша тартысып жүрген халықтарды да айту керек. Егер әдебиет дүниеге өзінше көзқарасы бар жұртта ғана болады десе, дүниеге өзінше бір көзқарасы болмайтын жұрт бар ма екен? Біреу дүниені ләззәт үшін, біреу өнер үшін, біреу білім үшін жаратқан дейді. Біреу әмірі күшті бір Жаратқанға мойынсұну үшін, біреу күштіге нашар бағыну үшін, біреу қолы бос, жаны тыныш ішіп-жеп күнелту үшін жаратқан деп түсінеді. Төмен дәрежеде нашар түрде болсын дүниеге әр халықтың өзінше көзқарасы бар. Көзқарасы бар болса әдебиеті де болуға мүмкін.

Егер надан жұрттың жұрттың әдебиеті болмайтын болса, әдебиет бас аяғы бірдей ғылымды, білімді халықтарда ғана болу керек. Халқының көбі надан, азы ғылымды халықтарда әдебиет болса, біздің қазақта да бар ғой деймін. Надан қазақ пен надан хохолдың ақыл-білімінің, дүниеге көзқарасында қанша айырма бар екен? Орыстың ақыны мол, кітаптары көп: қазақтан қара озып кетіп отыр. Бірақ ақынымыз, жазушымыз аздықтан қазақтың әдебиеті жоқ деуге болмайды. Әдебиетіміз не бұрыннан бар, не басталып келе жатқан халде деуге болады.

Әдебиеттің дүкені – адамның өмірі, дәурені – бүкіл халық. Әдебиеттің жарыққа шығатын майданы – кітап, журнал, театр жиылған топ. Әдебиеттің күші – баспа сөз – матбұғаттың көбеюі. Матбұғаты күшті, кітаптары көп жұрттың әдебиеті болмауға ықтимал. Жазушылары болып, кітапты көп жазса да әдебиет болмауға мүмкін. Себебі: жазушының

болмағы ақылы, қиялы бар, жазу білетін адамның барлығынан оқушының барлығы ермек үшін қолына түскен кітапты оқи бергендіктен. Рас, жазушы, оқушы, кітап болмай, әдебиеттің болуы мүмкін еместігі. Бірақ әдебиеттің болу шарты бұл ғана емес. Әдебиеті бар жұрттың ақыл-білімінің құралы – сөз. Сөз сол жұрттың ескі өткен заманын суреттеп, кейінгілерге жеткізіп һәм ол сөз «әдебиет» жанды зат сықылды өсіп, өніп, ұлғаюы шарт. Бұл шарттар болмаса матбұғаты, кітабы, жазушысы болғанмен әдебиеті болмауға мүмкін.

Әр халық өз бетімен өмір сүріп, тіршілік етеді. Тіршілік дегеніміз – дүниеге келу, ішіп-жеу, олу ғана емес, ойлау білу. Олай болса әр халықтың өзінше ұғымы, есі болу керек. Әр халықты ұғымы, есі әр түрлі болатыны дүниеге (жаратылысқа) әр түрлі қарауынан. Дүниеге қарасы дегеніміз – дүниеге бар нәрсенің, табиғаттың сырын өзінше аңғару, түсіну. Бір кісінің мінезі, сөзі, ақылы, табиғаты екінші біреуге ұқсамайды. Бұл парықты айтып түсіндіруге болмайды. Рас, туған, өскен жер, ауаның ыстық-суығы, тарихи халдер, тұрмыс шарттары әр халықтың рухына әр түрлі әсер беретіні, бірақ әр халықтың сүйегіне біткен өзгешілік сыртқы шарттардан емес, жаратылыстан пайда болған табиғаттың бір сыры. Мысал үшін әрбір адамды алсақ, біреу сөзге, біреу әнге, біреу төбелеске, біреу іске, біреу есепке бейім болып туады. Бір жерде туып өскен әр адам осындай болған соң, әр халықтың әр түрлі болуы ғажап емес. Мұнан шығатын қорытынды: әр халықтың жаратылысы, дүниеге көзқарасы, ұғымы, онан барып әдебиеті әр түрлі болмақ. Бір жұрттың екінші жұртқа ұқсамай, әдебиеттің әр түрлі болатыны туралы Белинский осы күнгі өнер-білімнің алдыңғы буынында жүрген Германия мен Франция салыстырады.

«Француз бен неміс адамшылықтың ақылының екі шетіндегі жұрттар: біріне-бірі қарсы. Германияның тұрған бойы – ой тексеру, толғау, тәптештеу, білу, Францияның тұрған бойы – бір нәпсі, қарекет, іс, өмір. Германия не нәрсе болсын ақылға, ойға салмай жібермейді. Дүниенің сырын, табиғаттың түрін, адамшылықтың негізін – бәрін тексеріп ойлайды да отырады. Сондықтан Германияның өнері, ғылымы да ойлы, білімді адамдарға ғана түсінікті. Сондықтан Германияда неше түрлі ойшыл, білімді философтар шығып, ғылымы, әдебиеті бар адамшылыққа үлгі болып отыр. Сондықтан – бір беткейлігінен ісінде табандылық, ой суықтық, қаталдық туып отыр.

Француз өмірді өмір, ойды іс, білімді әлеумет азығы деп біледі. Француз тапқан нәрсесін көпке, әлеуметке ортаққа салып, пайдалы, қолайлы қылуға тырысады. Сондықтан оның өнері, ғылымы, әдебиеті де ұғымды, тез жеміс береді. Неміске өнер-білім – бір көздеген мақсат. Ол мақсатқа табиғаттан пайдалы нәрсе қосып, мағыналы қылып, өмірге жанастырмақ. Французға өнер-білім – табылған құрал, ол құралмен

халықтың пайдалануын іздейді. Оны қолданып адамның тұрмысын қиындықтан құтқаруға жиіаттанады. Сондықтан француздың әдебиеті өнерлі, халыққа ұғымды, пайдалы келеді. Неміс ылғи хақтықты табам деп іздейді де отырады. Неміс өзінің жазғанын басқалар ұға ма, ұқпай ма онымен ісі жоқ. Себебі: неміс көпке сөз жазбайды, қадалып, сарылып өзіндей еңбек қылып, өзі хақиқатты, білімді іздейтін оқымыстылар үшін жазады. Сондықтан немістің ойында күнгірттік, ауырлық, ұғымсыздық көп болады. Француз көпке түсіндірсе болғаны, артық тереңге бармайды. Неміс оңай нәрсені тереңге апарып қиындатады. Француз қиынды жеңілдетеді. Неміс іздейді, француз істейді. Неміс адамшылықтың не екенін білуді сүйеді, француз адамды сүйеді» дейді Белинский. Міне, әр халықтың дүниеге көзқарасы әр түрлі болғандықтан әдебиетінің де әр түрлі болмағы осыдан.

Қазақ ұйқышы надандық қалпынан жаңа ғана оянып, көзін тыр-малағандай болып келе жатыр. Өнер-білімге жұмыла ұмтылып кірісіп, беті түзеліп, есі әбден кіріп, ықтикаты бір жерге қойылып бекіген жоқ. Ғылым дүкені қызып, қазақтың ақыл-ойы әлі кеңейген жоқ. Соның үшін қазақтың дүниеге белгілі өзінше көзқарасы бар, жоқ деп айта алмаймыз.

Баспаға түскен, халық ауызында жүрген ескілікті өлеңдер, мақал, тақпақ, хисса, қара сөздер қазақтың басынан кешкен өткен хәлдерін, бұрынғы хандар, билер, батырлар заманын анық суреттеп, көз алдымызға көрсете алмаса да, не дәуір елес береді. Жоғарғы айтылған сөздердің жиылып, теріліп, бір тәртіпке салынса, әдебиетке ұрық болып, жүре-бара әдебиеттің өзі болып кетуіне болады. Әдебиетіміз нағыз түрткі көріп, беті түзеле бастағаны Абайдан бері (хатты Абайдан басталады дейтіндер де бар шығар). Жас буын, балдыр қанат әдебиетіміздің келешекте буыны қатып, ілгерілеуі әдебиеттің әр тарауынан (роман, драма, комедия, поэма, әңгіме) жазатын ақындар қаламшыларымыздың көбеюі мен жалпы жұрттың өнер-білімге жұмыла бет қоюына байлаулы.

Ғылым тілі (*научный термин*)

Ғылым тілі – бұл уақытқа шейін қазақ оқығанының бір қалыпқа қойып, бір негізге құра алмай келе жатқан мәселесінің бірі. Қазақ мәдениеті жер жүзіне бой көрсетіп, дүние майданына шыға алмай тұрған уақытта бұл мәселені бір жөнге салудың пайда, зияны жұрт көзіне байқалмайды. Бірақ бұл күндегі қылтанақтап келе жатқан мәдениет – қазақ жұртының бүгіндік қана керегі, ертең тағы тосыннан бір жол салып алуымыз оңай десек, сөз бір басқа: егер де бүгінгі жол, бүгінгі еңбек мәңгілік дейтін болсақ, ғылым тілі аса қарауды көтермейтін шетін мәселе.

Мәдениет бәйгесінде алда келе жатқан жұрттың қатесі кейінгіге сабақ. Алдыңғы келе жатқан жұрттың жығылған жары, сүрінген томары кейінгінің бетін еріксіз бұрғызады. Өзге жолдағы істерінің оң, терісін қойып, осы тіл жолындағы орыс пен Япониялардың істеген қаталары бізге айқын үлгі боларлық. Орыс әдебиеті аяғын апыл-тапыл басып, буынын бекіте алмай жүргенде, жазушылардың қолданатын әдеби тілдері «церковнославянский» (дін кітаптарының тілі) болатын. Орыс әдебиетіне негіз салушы Ломоносов, Кантемир, Третьяковскийлер жұрттың бетін бұра алмай, өлеңі, қара сөзі болсын, бәрін де сол тілмен аламыштап былғап жазған. Орыс ол қатесін бері келген соң зорға түзепті.

Бұдан кейін Япония жұрты надан күнінде жазу, оқу, аз-аз өнер үлгілерін берген апасы Қытай болып, Қытайды көсемі қылып алдына салып, етегінен ұстап жүріп, қытай тілін әдеби тіл қылып ұстады. Бұл күнде Қытай жұртта қалып, Япония ұзап кетсе де қытай тілі әдеби тіл болып қалып, Японияға дерт болып, құтыла алмай, әуреді жүр. Қазіргі уақытта Японияның баласы өз оқуын оқудан бұрын қытай оқуын оқып, содан кейін басқа жұрттың өнерін, басқа жұрттың ғылым тілдерін оқиды. Қытай оқуы Японияда ешбір пайдалы оқу емес: жалғыз-ақ ерте уақыттағы Японияның басшыларының ойланбағандығынан өз оқуын өзінің қылып әкете алмағандығынан, керексіз бір нәрсені жамап алып отыр. Міне, осындай халге қазіргі бетімізбен жүре берсек, біз де бір күні ұрынатын секілдіміз.

Қазіргі қазақ тіліндегі оқу екі ағысқа бөлініп барады. Бірі – мұсылманша оқығандардың жолы. Ғылым тілін арабшаға, мұсылман негізіне тартады. Екіншісі – орысша оқығандар жолы, ғылым тілін орысшаға, Европа негізіне тартады. Бұл жік-тәртібі бастауыш мектептердің һәм курстардың оқуында айқын білініп отыр. Әркімнің өз білген негізіне тартатыны мәлім нәрсе. Мұсылманша оқыған мұғалім Европаның ғылым тілін білмейді, орысша оқыған учитель мұсылманшаны білмейді. Осыдан ошақтың үш бұтын үш жаққа тартып отырғандық – ғажаптанарлық нәрсе емес. Бірақ салыстырып, осы екі жолдың бірін алып, бәріміздің бетіміз бір жөнге сайып келуі мұқтаж. Бұл мұқтажды ұғу – бәрімізге парыз.

Қазақ мәдениетін түрік үлгісіне қарай тарта беретін мұғалімдердің тұтынатын негізгі жолдары – «пантюркизм», «панисламизм» тағы әр түрлі «пан-пәленизмдерді» жол қылып ұстайтыны белгілі. Бірақ сол «пандардың» жолына қай жұрт болсын надан күнінде ғана мойынсұнады. Мәдениетке бет қойып, басқыштап ілгерілеген сайын пандардан жұрт жиреніп, пайдасыз бір іс деп санап, далада қалдырады. Осы күнде көзін жұмып, аузын ашып, тәтті қиялды қорек қылған адам болмаса, ширақ ақылмен қараған кісіге бұдан кейінгі «пан» – саясат хаосы екені мәлім боларлық болған. Себебі: қай жұрт болсын, өз бетінде жұрттығы

болмаған күнде ғана басқа, өзіне жақын жұрттың тілеуін тілейді. Өз жұрттығы буын бекітіп, бас қалқайтса, алыстағы жұртқа тілеген тілекті қайтып алып, өз жұртына жұмсайды. Бұл – дама баласының сүйегіне сіңген табиғи мінезі. Қазақ кешегі езгіде жүрген уақытында пантүркітер үйретпей-ақ қырда жүрген қойшы-қолаңшы да түріктің тілеуін тілейтін. Бұндай екі халықтың бірін-біріне иілтіп, мейірлендіріп отыратын: 1) дін туысқандығы, 2) сыртқы саяси қалпы, 3) надандығы болады. Егер осы жұрттар қатардағы жұрт болып, еркіндік пен мідениеттің төріне шыға бастаса, бірінен-бірінің берекесі, мақсаты айырылып, аздан соң қас та жұрт болып кетуі оңай. Бұның мысалын діні бір, қаны бір, тұрмыс ыңғайы бір болған Европа жұрттары баяғыдан бері көрсетіп келеді. Қашан болсын, адам баласының қазіргі «өз шыққан тауым биік болсын» деген мінезі қалмаса, еш уақытта күндегі саясат хаосының артынан ермей, бүгінгі досымен ертең қас болмай отырмайды. Бұлай болған соң, ақ жолды, әулиелікті дүние жүзіне мен орнатамын деп мідениеттің түзу, кең жолын тар, қисық жолға салам деу – қазақтың алға басуына кедергі шығарамын дегенмен бірдей.

Бұл сөздің қорытындысы қазақ жұрты қазіргі уақытта күндегі саясаттың ыңғайымен жүріп отырып, түзу жолмен мәдениеттің буынын бекітуді ғана мақсат қылуына керек. «Пантюркизм» қазақ мәдениетінің жолын өрлетіп, жұрттықтың бойын өсірмейді. Саясат жолына кірген жұрт туысқандық, жақындық деген нәрседен айырылылады.

Енді әуелгі ғылым тіліне қайтайық. Туысқандық дегенді қолмен аз да болса бұрауға келетін саясат көтермейтін болса, бірбеткей ғылым жолы туысқан едім деп бұралауға тіпті көтермейді. Біреу оңға, біреу солға ыартып, илей бергенге көне беретін ғылым жолы – терінің пұшпағы емес. Әуелде қалай беттесе, көп уақытқа шейін сол бетінде жол болып бекіп қалады. Сол себепті қазақ оқуының бетінде қандай жаңалық кіргіземіз десек те, әуелі кеңінен толғап ойланбай іс қылудың артынан талай аурулы мәселе туып кетуін ұмытпау керек.

Қазір бізде ғылым тілін арабшадан аламыз деген ағыс бар екен. Арабшадан алудың ғылыми дәлелі не? Біз ғылым тілі туралы сөйлесек, қазақтың оқуының жолын бір түзу жөнге салу турасын ғана еске алу керек. Оқу мәселесіне туысқандық, болмаса келешектегі саясат бетін қосып шешеміз деу кімнің ісі? Ешбір істі алға бастырмайтын ретсіздік сол емес пе? Болмаса, заманның өзі көрсетіп отырған дәлелге мойынсұну керек. Ол дәлел мынау: біз ғылым тілін арабшадан аламыз дегендегі дәлеліміз – арабта да бұрынғы уақытта мәдениет болған, сол себепті ендігі бізге керек болатын ғылым арабтан табылады дейміз. Ертеде араб мәдениеті болған бір заман бар. Бірақ ойлап қараңыздар, біз осы күнде дүние жүзіне жарығын шашып отырған ғылымдардың қайсысын аласыз,

біреуі сол күйде ме? Алайық медицинаны (дәрігерлікті), механиканы (машина ғылымы), химияны (кимия), политика-экономиканы (саяси-шаруа ғылымы), кооперацияны (сауда ұйымдары) һәм басқаларды. Біреуі осы күйде ме еді? Бұның көбінің ол уақытта аты да жоқ еді? Ал қазіргі уақытта күндегі қолыңа ұстайтын құралың болды. Бұның бәрін кім шығарды? Европа шығарды! Бұдан кейін қазіргі мұсылмандардың мәдениетін алаайық. Мысалы, Түркияның университеттеріндегі тіл, онан соң жайшылықтағы ғылым тілдері кімдікі? Түріктің бірінші университеттеріндегі басты тілдер Англия, Франция, Германиянікі. Бұған біз не айта аламыз? Сол боламыз деп отырған түркіміз өзі, Европа жұрттарының өз арасында солай-ды.

Қай жұрттың білгіші бір жаңалық шығарса, сол нәрсеге өз тілінде ат қояды; бұл атты өзге жұрттың бәрі сол тілде қолданады. Біз көбінесе татар мен түріктің Европа тіліндегі сөздің «г» қарпін «ғ» қылып, «к» қарпін «қ» қылып алып жүрген сөздерін өз тілі деп сырттан жала жауып жүрміз ғой деймін. Болмаса, бұл күнге шейін түріктен білгіш шығып, оның тапқан нәрсесін түрік тілімен қолданып жүрген Европа жоқ. Міне, заман көрсетіп отырған дәлел – осы.

Жә, түріктің өз бетімен тапқан мәдениеті жоқ болса, өзі де Европаның дастарханының шетінен орын алып отырса, біздің не істеуіміз керек? Ол уақытта да мәдениеттің кіндігі болған жерге тура тартпай, өзіміздің қалпымыздағы түрікті өткел қылғанымыз оқу ісін түзу жөнге салғанмен, қазақ түріктен алыстап кетіп, оқу үлгісін түріктен алумен – түрікпен туысып кете қоюына кімнің көзі жетеді? Жұрттың рухы бірігуде тұрса, саясат ыңғайы жұрт рухының сол күйіне қарап бет алатын болса, оқу ісі, оның ішінде ғылым тілі еш уақытта алыстатып әкете алмайтынын біздің ұғуымыз керек.

Бұл мәселе турасында қарсы пікірде болған кісілер болса, дәлелдерін баяндағаны жөн. Осымен, тезірек оқу ісін бір негізге құрып, мұғалімдер, учительдер ғылым тілінің жолында бір-ақ түрлі құралды қолдануы керек.

Биылғы Омбыда болған жастар съезінде де ғылым тілін Европадан алуды қаулы қылып жасаған жобалары: әуелгі ғылым тілдерін жеткенше қазақтың өз тіліне аудару керек. Қазақ тіліне аударуға болмағанмен тілдерге ғана Европадан алу болатын. Жастар съезінің қаулысында қазақ тілінде шығатын журналдарда ғылым тілі деген бір бөлімі болып, сол бөлімге Европа қолданып жүрген ғылым тілдерін әркім өзінше перевод қылып оқушының сынына берсін дескен. Бұл жоба да әркімнің есінде болсын.

Мұхтар

Ғылым тілі туралы жауап

Мұхтар мұғалімнің пікірінше ғылым тілі өзіміздің қазақшаға аударылу керек. Қазақ тілі жетпесе, Еуропа тілін қолдануымыз керек дейді. Пән ғылымының ұстазы – Еуропа, басқа жұрттікі бояуыш, басқаның бояған тілін алғанша, Европаның өз тілін алғанымыз мақұл деген сөзді дәлел қылып көрсетеді.

Ғылым тілін қазақ тіліне аудару бәріміздің тілегіміз, жетпегенін қайдан аламыз? Сөз сонда. Бұл арасы мұсылманша, орысша толық мағлұматы бар мұғалім учительдердің шешетін мәселесі, бірақ журналға жазылып, жалпы сауал қойылған соң әркім өз ойын сөйлеп өту керек.

Соның үшін біздің айтатынымыз: қай пәнді оқығанда болса да, түпкі мақсат соны ғылымға қойып іске асыруда. Қай тілді үйренсек те ондағы мұрат – сол тілдегі пәнді аңдауда. Бізге Еуропа тілінің керегі пән үшін ғана, әйтпесе біз Европаның тілін сөйлеп, тап өзі болып кетпек емеспіз. Бізден бұрынғы әр пәндеріне қатынасқан мұсылман жұрты бұрынғы қолданып жүрген тілдеріне пәндерді айналдырып қойған (мысалы араб тіліне). Олар бізден гөрі Еуропаға жақын, тіпті өзі десек те қате бола қоймас. Мысалы, Түркия қалың Европаның ортасында. Олар айналысқан Еуропамен бұлар да айналысып тізгіндесіп жүр. Басында өздерінен үлкен философтар шықпаса да, осы күнде Европада оқылатын ғылымдар Түркияда түгел оқылып отыр.

Ол ғылымдар туралы әлденеше кітаптар шығарылып, өмірлік ат қойылып бәрі де сол аттармен бекіп отыр. Қысқасы, түріктер Европаның қайсысынан болса да мәдениет жүзінде жарысып озбаса, кейін қалып отырған жоқ. Пән тілінің Европадан табылғаны Түркиядан, Түркиядан табылғаны Европадан табылады. Жә, өзімізге қайсысын алу пайдалы? Сол жағына келейік. Мысалы: Еуропа тілін алдық, кітаптарымызға жаздық, сол уақытта өз кітаптарымыздан оқып жақсы мағлұмат алып шыққан кісілер соның себебімен Еуропа тілінде жазылған кітаптарды танып, мағынасын біліп, пайдалана ала ма? Ал онымен Еуропа тіліндегі кітаптарды біліп, кете алмасақ, жалғыз-жарым пән тілін кітаптарымызға араластырғаннан Еуропа бола аламыз ба?

Пән тілінің түпкілікті болып, бояуыш болмауында не мән бар? Әйтеуір пәннің ішіндегі мағынаны, ақсатты аңдасақ болмай ма?

Енді пән тілін Түркиядан алсақ, өз кітабымыздан жетіліп жақсы оқып шыққан кісілер Түркия тілінде жазылған пәндердің қайсысын болса да оқып пайдалануға мүмкін. Себебі жалғыз пән тіл болмаса, жазуымыз хәм басқа тілдеріміздің арасы жақын. Бұлай болғанда мәдениетке жаңа аяқ басып келе жатқан ұлтымыздың арасында ғылым таралуға көп жәрдемі тиеді. Және де тіліміздің жақындасуы «пантүркизмге» артық қызмет қылады. Мұхтар мұғалімнің «пантүркизм» керексіз деп көрсеткен

дәлелдерін толық таппаймыз. Дұрыс еместігі өзінен-өзі көрініп тұр. Біз ос күні «Алты алаш», – деп ұрандап, «Атамыз түрік» деп айғай салып жүрміз. Бұл неге керек? Әрине, ұлтты жиып, туысқан бауыр құралып ел болуға керек. «Пантүркизмде» – осыдан басқа мағына бар ма? Европаның өнерін, білімін үлгі қылайық, жөн. Осы бірінің-бірі қанын ішіп, етін жеп жатқанда үлгі қыламыз ба? Мұнысы да мәдениет пе? Жоқ, бұл мәдениет емес. Европа есі дұрыс күнінде неше түрлі ұйымдасудың әкесін жасап сонымен Европа болған. Басқа ынтымағы жоқ халықтарды жем қылып, оларды құртуға неше түрлі план жасаған. Енді осы күнгі қырылысуы кәдімгі ескі хайуандығының ұстап жатқандығы. Осы сөздерге қарап «Пантүркизм» ел болуымызға ең бірінші себеп дей аламыз. Ынтымақты қауымдардың мақсаты бір-біріне қайшы келген уақытта араздасып кетуі мүмкін деп «Пантүркизмнен» қашу шегірткеден қорқып, егін екпегенмен бірдей болмай ма?

О кісінің тағы бір айтатыны: тілімізді осы күннен бір бетке салайық; Қытай тілімен шатасқан Японға ұқсалып араб тілімен шатасудан ерте сақтанайық деген сөз. Әрине, тіліміздің бір бетке салайық дегені дұрыс сөз, талас жоқ. Бірақ, араб тілі мен біздің арамсызды Қытай мен Японның арасына салыстыруға мүмкін емес. Себебі біз арабпен діндеспіз. Біздің дініміздің негізі сол Құран араб тілі. Еш уақытта бұл құранды мектепке ендірмей, я басқа пән сықылды өзімізге айналдырып алуымызға келмейді. Бұлай болғанда араб тілінен құтыла алмасақ керек.

Илияс Ахмедов

Басқарма: *Илиястың сөздерінің бірсыпырасына Мұхтар сөзінде жауап бар. Бірақ оны қанағаттанбаған ба, бірдеңе жазғысы келген бе, жазыпты. Сондықтан сөзді ұзартпа бермей өз тұсымыздан жауап жазып өтерді лайық көрдік.*

Илиястың негізгі дәлелі мынау:

1. *Түрік мәдениет жүзінде Еуропадан артық болмаса, кейін емес.*
2. *Пән кітабы көп.*
3. *Түрік кітабын оқыған кісі көп мағлұмат алады.*
4. *Ғылым тілін түріктен алсақ туысып кетеміз дейді.*

Бұған жауап:

Түрік мәдениеті ілгері басқаны Балқан соғысынан бері. Жас түрік мемлекет билігін қолына алғалы ғана. Түркияда жалғыз-ақ университет бар. Фабрик, завод, шойын жол жоқтың қасы. Шаруа, тұрмыс жайы әлі нашар, әдебиеті қазақтың аз алдында, көптің мақтағанмен мәдениет жүзінде әлі кейін жатыр. Түрік өнерлі жұрт болса қол астындағы ұсақ мемлекеттерден неге айырылып қалды? Олар түріктің өзінен өнерлі болып кетіп, бой бермей шығып кетіп отыр. Неше заманнан Еуропамен ауылдас отырып кенже қалғанына өзі де өкінеді. Рас, Германияның арқасымен жетілсе жетілер. Ол бір. Онан соң түрік өз тілінен айырылып қалып, ғылым тілі түгілі, жәй әдеби тілі француз, неміс, англия тілі болып кеткен. Нағыз түрік тілі – қазақта, түріктен тілге қазақ бай. «Біз тілді сендерден аламыз» – деп әнеуегіні түріктің бір капитаны айтқан. Түрік сағеттеріндегі саяси, ғылыми тілдердің көбі Европаникі. Түрік тілін жеткізе алмай, түрікшіл татардың алып отырғаны да Европа тілі. Түріктің доктор, юрист, химик, физиктерінің қолданатыны да Европа тілі және мұнан былай қазақ мектептерінде түрік тілі міндетті болып оқылайын

деп отырған жоқ, орыс тілі міндетті болып отырмақ. Орыс тілді Европадан алып отыр. Орыс тілін оқитын болған соң, олай болса түріктің тілін оқып хат танытын кісі мағлұмат ала алмайды.

Түрік бауырмал, рахымды, Европа хайуан, қан төккіш деп жамандайды. Қан төгуге түрік кімнен осыл жұрт еді? «Мәдениет адам баласының ахлағын (мінезін) бұзады» деп Жан-Жак Руссо, Толстойлар айтпап па еді? Ендеше қан төгуден қашқан жұрт мәдениетке жоламау керек. Біз надан күнде гана бауырмалсыз, мәдениетті болсақ, біз де лажсыз Европаның бірі боламыз, түріктің аталастығына қарамаймыз. Ал тұрмыс, саясат ағыны түрікпен қосатын болса, ғылы тілі бөгелмейді. Діні, тілі, қаны басқа неміспен түрік ауыз жаласып отырған жоқ па?

Және Лияс дінді айтып құранды көрсетіп ғылым тілін шешкісі келеді. Мәдениет жұмысын рухани жаққа тіреп шешеміз деу баланың ісі. Ал арабтың қазақ тіліне сіңіп кеткен тілін шығарып тастаймыз деп отырған кісі тағы жоқ. Дін тіліне «Церковно-славянский» тілді орыс та алып оты. Ғылым тілін дін тілемін аламыз деу лаққандық. Қысқасы Лиястың ана сөздерді, мына сөздерді қуайық дегеннен басқа артық дәлелді сөзі көрінбейді. Сондықтан құр қарысуда мағына жоқ деп білеміз.

Ғылым тілі туралы сұрау

Қазір қазақ тілінде жазылған ғылыми кітаптар жоқ, мектептерде қолданылып жүрген біраз кітаптар татардікі, түріктікі, арабтікі. Мұнан былай оқу қазақтың нағыз өз тілінде болатын болса, қазақша кітаптар өте қажет.

Орысша оқығандардың кейбіреулері бір сыпыра орысша кітаптарды қазақ тіліне аудармақ ниеті бар... Орыс тілінен қазақшаға аударғанда ғылым тілдері көп ұшырайды. Жеткенінше қазақ тілінен табуға жаһат етілер. Жетпеген жерде тілді кімнен аламыз? Осы мәселені шешу өте керек. Ғылым тілін Европадан аламыз ба, түріктен аламыз ба деген бір-екі мақала журналымызда басылды. Онан кейін бұл туралы журналға келген сөз, айтылған пікір жоқ. Бұл туралы зиялыларымыздың пікірін білу керек еді, бірақ заманның хәлімен әр түрлі саяси істермен шұғылданып қол тимегеннен бе, яки қатынас пошта шабанданғаннан ба, зиялы адамдар бұл күнге шейін пікірлерін не газетке, не журналға жазып білдіргені көрінбейді. Мұнан былай да сол жазылмаған күйі аяқсыз қала ма деп ойлаймыз. Сондықтан біз бұл сауалды жалпы оқығандарға қоймай-ақ, қазақ тілінде шығатын әр газеттердің ғылым тілі туралы пікірін білгіміз келеді.

Газеттер ғылым тілін қай жұрттан алуды лайық, қажет деп тапса, сонан кейін қорытып сөз байлап, кітап перевод қылуға кіріссек деген ойымыз бар. Бұл сөзді аяқсыз қалдырмай барлық қазақ газеттері тезірек пікірлерін жазуын өтінеміз.

«Жас Азамат» газетасының бұл туралы пікірі жастар съезінің қаулысында бар. Өзге газеттер болмаса.

«ШОЛПАН» ЖУРНАЛЫ

(1922–1923)

«Шолпан» журналы Түркістан Орталық партия комитетінің органы болып Ташкент қаласында басылды. «Шолпанның» 1-санының мұқабасында «саясат-шаруашылық, білім-әдебиет туралы айында бір шығатын қырғыз-қазақ журналы» деп жазылған. 1922 жылдың қазан айынан 1923 жылдың маусымына дейін барлығы 8 саны жарық көрді. Шығарушысы әрі бас редакторы – Иса Тоқтыбаев.

«Шолпан» журналының маңайына Нәзір Төреқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Санжар Асфендияров, Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Мұхтар Әуезов, Міржақып Дулатов, доктор Халел Досмұхамедов, доктор Иса Қашқынбаев, этнограф Әбубәкір Диваев, Мырзағазы Есболов, Кәрім Жаленов, Аққағаз Досжанова, Әбдрахман Оразаев, Сара Есова және тағы басқа қайраткерлер мен алаш ардақтылары шоғырланып, әртүрлі тақырыптарға қалам тартқан.

«Шолпанның» алғашқы саны ғана жеке басылған, кейінгі сандары 2-3, 4-5, 6-7-8 болып бірге жарық көрген.

1-санының мазмұны:

1. Саяси һәм жалпы бөлім;
2. Шаруашылық;
3. Партия тіршілігі;
4. Білім бөлімі;
5. Бұйрық-жарлықтар

Мақалалар осы айдарлары аясында жарық көреді. 1,3-сандарында «Білім бөлімі», 4,5-сандарында оған қоса «Ағарту бөлімі», ал 6,7, 8-сандарында «Оқу бөлімі» және «Тарихи бөлім» атты жаңа айдарлар қосылған.

Журналдың тоқтап қалу себебі «Қазақстан ұлттық энциклопедиясының» 4-томында: «... жеке мақалаларында буржуазияшыл-ұлтшылдық қате тұжырымдарға жол берілген деп есептеліп, осыған байланысты журнал 8-саны шыққанан кейін 1923 жылдың мамыр айында жабылды» деп көрсетілген.



Түркістан қырғыз-қазақтарының ескі тұрмысы туралы жазба сөздер

Қырғыз-қазақ әдет, рәсімдері туралы жазба сөздерді жию үшін, 1920 жылы Жетісуға әдейі бір комиссия жіберіліп еді. Сол комиссияның жиып алып келген сөздерін мен жақын арада реттеп шықтым. Жетісу комиссиясының барлық жинаған сөздері кеңсе қағазыменен 2 мың беттей болды. Һәм төмендегі: қыз ұзату, қайынға бару, үлкен кісіні жерлеу, ас-қара салу, батырлар тіршілігі, ертегі, өтірік сөз, тақпақ сөз, мақал, өлең-жыр, күлкі сөз, жаңылтпаш, жұмбақ, мінез Һәм ашық өлендері, ақындардың айтысуы, жоқтау, түс Һәм оны жору, тіршілік белгілері, кесел, Һәм оны емдеу, бақсы оның жолдастары дәу, жын-пері, бақсының дұшпандары албасты, жезтырнақ қара-албасты, марту, арбаушы, қырғыз-қазақтың ай, жұлдыз, құйрықты жұлдызға көз қарасы, жыл мезгілдері, он екі жыл – бір мүшел Һәм олардың аттары, шаруашылық, аяқты мал шаруасы. Атқа мінерлер, қырғыз-қазақтың дүние жүзіне келуі, дүңгене, тараншы, ноғай Һәм Ескендір Зұлқарнайын, Шыңғысхан, Әмір-Темір туралы сөздер екен.

Жоғарыда айтылып өткен сөздерді түзетіп мағынасына қарай Һәр қайсысы өз алдына топталса, Түркістанның ғылымы қалмас үшін үлкен байлық болмақ.

I) Мінекей, осы жиылған сөздердің арқасында жаңа сөздер-терминдерменен қырғыз-қазақ тілін толтырып, байыту ниеті біздің шағатай – түріктердің де тіліне жаңалық кіргізуі мүмкін.

II) Ескі ертегі сөздері: қара, көсе, сарандар сияқты кісілердің түрін тереді.

III) Жын, албасты, марту сияқты заттарменен байланысқан қырғыз-қазақтың сақанасын байыту үшін үлкен пайдасы болады.

IV) Жаңада ғана келіп, әлі жарияланбаған әйелдер тақырыпты ескі сөздер, ертегі, мақалдар, бұрынғы басылған сөздер қосылып әйелдері туралы Һәм қырғыз бүтін тіршілігінің қайсы жағы болса да жақсы аңлағады.

V) Он екі жыл бір мүшел Һәм олардың аттары, белгілері қазақ-қырғыз тілінде календарь шығару үшін зор құрал болады.

VI) Айуандар туралы айтылған ескі сөздер, әсіресе, түркі тақырыпты ертегілер салыстыру үшін өте керек болады.

VII) Ноғай, тараншы, қырғыз жүзіне келуі туралы мағлұматтар кейін қырғыз-қазақтың тіпті, түрік тарихын жазу үшін де қолданылады.

Қырғыз-қазақтың бұрынғы әділ жүйірік, жақтамас билерінің салған жол жобалары осы күнге шейін бірден-бірге өтіп ұмытылмай келеді. Һәм жиылған ескі сөздердің ішінде кісінің назары түсіп мағынасына қарағанда кей қазақ-қырғыздың әдет рәсіміне қарай заң шығару үшін сол жол-жобалар негіз болар деп те ойлаймын.

1889 жылда басылып шыққан, Сырдария қазақ-қырғызы туралы Грудиковтың тарихы болмаса, осы уақытқа шейін қазақ-қырғыз әдет рәсімі жағы әлі қарастырылған жоқ. Грудиковтың кітабы жалғыз-ақ, Сырдария облысынан жиылған мағлұматтар бойынша жиылып, оның ішіне Жетісу яки болмаса қазақтың мол жері Семей, Ақмола, Торғай, Орал, Бөкей һәм Айдархан кірмегендіктен, оны қазақ-қырғыз әдет-рәсімі туралы толық мағлұматты тарих деуге болмайды.

Патша хукіметінің тұсында билердің қарарларын жазатын кітаптары таусылғаннан кейін Сырдария һәм Жетісу облыстық кеңселеріне жиып алушы еді. Енді қырғыз-қазақтың әдет-рәсімдерін жию үшін сол билердің кітаптары қолға алынса жақсы болар еді.

Мен енді Сырдария облысынан жиналған сөздерді қарап өтпекшімін. Зорлығына қарағанда Сырдариядан жиылған сөз де Жетісудан аз емес. Бірақ маңызының қандай боларын келешек көрсетеді.

Жетісудан жиылған қырғыз-қазақтың тіршілік тұрмысына тиісті жазба сөздері туралы сөзімді әзіріне осыменен тоқтатып, Жетісудан жиылып келген ескі жазба сөздер түзетіліп жақын арада басылып шығуына сенгім келеді.

Ә. Диваев

Білім бөлімі

Қазақ тіліндегі сингормонизм заңы

Біздің қазақ жұрты оянғаннан бері мәдениет бәйгесінде ілгері кеткен жұртқа жетудің қамын қылып жатыр. Мәдениеттің негізі – білім. Білімге тіл арқылы жетеді. Білімді жұрттардың тілі бай болады.

Оянған жұрт қарқынды келеді. Елестеген мұратқа жету үшін көбіне алды-артын байқамай жан-жағына қарамай екпіндейді. Әдет, заң, тіл секілді өзіндегі барды кемді санап, соларды жылдамырақ көңілдегідей өзгертуге салынды. Жайымен тергеп, ақырындап тексеруге, талпынған жүрек сабыр бермеді.

Қарқынды жарыста, екпінді жұмыста елдің елдігіне негіз болып тұрған нәрселердің де абайламастан өзгеріп кететіні болады.

Мәдениет қуған жұрттың ең алдымен, тілі өзгермекші. Шеттен кірген білімін әдетпен, заңмен жаңалықтарға түсінік беретін жаңа сөздер келмекші. Тілге кірген жаңа сөздердің көбі өлкеге алынған мәдениетті жұрттың сөздері болмақшы.

Осы күнгі қазақтың әдебиетінде шеттен кірген сөздер өте көбейіп кетті. Төңкерістен соңғы шыққан журнал-газеттердің іші толған жат сөз. Білім, оқу әдебиеті де жат сөзге байыды. Заманымыздағы көркем әдебиетіміз де жат сөздерден құр емес.

Оқытушыға да, үйретушіге де, үгіттеушіге де, жазушыға да, білімдіге де, білімсізге де, шешенге де, ақынға да жат сөзсіз күнелте алмайтын заман туды.

Топан судай қаптап, тілімізді жат сөздер басып баратқан мезгілде ескерілмей ұмытылуға айналған тіліміздің бір негізгі заңын еске салғымыз келеді.

Түрік тілі жалғамалы тіл. Жалғамалы тілдегі сөздердің түбірі өзгермейді. Сөз аяғына жалғанған қосымшалар арқылы өзгереді. Қазақ тілі түрік тілінің бір тарауы. Сондықтан, қазақ сөздері де түбірін өзгертпей, аяғына қосылған жалғауменен өзгереді. Бұл заң тіл құралдан белгілі.

Қазақ сөзінің түбіріне соламайымен жуан айтылады. Не соламайымен жіңішке айтылады: жалқы сөздік бұл біріндегі дыбыстардың біреуі жуан болып, біреуі жіңішке болып еш уақытта естілмейді. Қазақтың негізгі жалқы сөзінің түбірінде жуан дыбыстармен жіңішке дыбыстар араласып ұшырамайды.

Бір сөздің ішіндегі дыбыстардың бәрінің бірдей дауыс пен (жуан не жіңішке) ұйқасып айтылуын білім тілінде – **сингармонизм** дейді. Сингармонизм деген сөз қазақша айтқанда үндестік, ұйқастық деген мағынада.

Сингармонизм – түрік тілінің айрықша өзіне біткен қасиеті. Түрік тілдерінің көбі (Стамбул түріктері, Қазан ноғайы, сарт, өзбек тағы талайлар) түрік емес халықтардың сөзін көп алғандықтан, жат жұрттарға көп араласқандықтан осы айрықша қасиетінен айырылып қалып отыр.

Осы күндерде қазақ-қырғыз секілді шет жұрттармен жарытып араласпай нағыз түріктікті сақтаған елдердің тілдерінде ғана сингармонизм заңы өзгерместен қалып отыр.

Бірқатар білгіштердің ойынша, сингармонизм дауысты дыбыстардың үндес болып, ұйқасып бір дауыспен (не жуан, не жіңішке) айтылуынан шығады. Дауысты дыбыстар қалай айтылса, дауыссыз, ия жарты дауысты дыбыстар солай айтылмақшы. Бір сөздің ішіндегі дауысты дыбыстар бірігіп үнге дыбыстарға үн береді. Дауыссыз, ия жарты дауысты дыбыстар өз алдына үн шығара алмайды. Дауыстылардың берген үнін ғана ұстайды.

Дауыстылар сөздің қалай айтылуын біліп тұрған ұйғарушылар, әншілер дауыссыздармен жарым дауыстылар бұлардың соңына ерген дауыссыз нөкерлері болып шығады.

Сондықтан, сингармонизм заңын дауыстылардың гармондасу заңы, я дауыстылардың гармония заңы деп те айтады.

Біздің ойымызша сөздегі дауыссыз, я, жарты дауысты дыбыстар үнсіз мүдде сақтау емес. Бұлардың аз да болса даусы бар. Бұлар қостаушылар. Бірақ бұлардың даусы дауыстылар дегендей ашық емес. Саңыраулау есітіледі. Сөзді үнге сөз ішіндегі дыбыстарды қосылып ән

айтушы адамдарға балауға болады. Мәселен, бес кісі қосылып ән салса, бір-екеуінің ғана даусы анық естіледі де, өңгесінің дауыстары дудамал байқалады. Сондықтан, бір дауыстылар гармониясы дегеннің орнына, дыбыстар гармониясы деп айтқанды дұрыс көреміз.

Бір сөздің я жуан, я жіңішке болып екі түрлі айтылуы қазақ тіліндегі әрбір дыбыстың біресе жуан біресе жіңішке болып қос айтылуынан. Дыбыс жуан айтылғанда тілдің түбімен айтылып тамақтан (көмейден) шыққандай болып сезіледі. Сол дыбыс жіңішке айтылғанда тілдің ұшымен сөйлегендей болып, ауыздың алдыңғы жағынан шыққандай болып сезіледі. Дауысты дыбыстарда бұл анық байқалады. Дауыссыз, я жарты дауысты дыбыстарда дудамал сезіледі.

Бұл күнде біздің тілімізде жалғыз «Е, е» дыбысынан басқа барлық дыбыс қос айтылады. Осы күнгі «е» дыбысы «ә» ден «і» ден туса керек. Соңғы екеуі де қос дыбыс.

Сөздің қысқасы, қазақ тіліндегі дыбыстарда жұптық, я қостық бар. Бұл ескі түрік тілінің заңы.

Мысал үшін, дауысты дыбыстарды тергелік, «е»-ні шығарғанда қазақ тілінде сегіз түрлі айтылатын төрт дауысты дыбыс бар. Бұлардың жуан түрі мыналар: (алым, мас), (ау-ур, тур), ұ (ұр, тұр), ы (ылғал, сыз) жіңішке түрлері мыналар: -ә, (мәлім, мәс), ө (өр, төр), ү (үр, тұр), і (ілмек, біз).

Дауыстылардан басқа қазақ тілінде он бес дауыссыз дыбыс бар. Екі жарты дауысты дыбыс бар (у, ы). Сонымен қазақ тілінде бес дауысты (бірі жеке, төртеуі қос), он бес дауыссыз, екі жарты дауысты дыбыс бар. Дауыссыз, жарты дауысты дыбыстардың бәрі де қос.

Қазақ дыбыстарын таңбалау үшін кішкене өзгертіп арабтың әліппесін алдық. Араб тілінде де, қос дыбыстық байқалады. Әліппесінде бір дыбыстың жуан түрін, жіңішке түрін айырып белгілеген таңбалар бар. Қазақша әліппе түзегенде арабтардың жолы тұтасымен қолданылған жоқ. Жазудың жеңілденетін жолы байқалады. Қазақтың әліппесінде, арабтың жолы екі дыбыс турасында ғана қолданылды. Қ, Ғ әріптері екі дыбыстың жуан түрлерін таңбалау үшін, К, Г әріптері сол екі дыбыстың жіңішке түрлерін таңбалау үшін алынды. Үнге алынған әріптер дыбыстардың жуан түрін белгіледі. Дыбыстың жіңішке түрін белгілеу үшін жуан түрін белгілеген таңбаның алдына дәйекші (і) қойылатын болды.

Қазақтың сөзіндегі дыбыстар ұйқасып, үндесіп айтылатын болғандықтан сөздегі әр әріптің алдына дәйекші қойылудың керегі жоқ болды. Бүтін сөздің алдына жалғыз дәйекші қойылса да, жететін болды. Қолданған дәйекшіміз сингармонизм заңынан туып отыр. Дәйекшінің мағынасы осы. Мұны ұқбасқа керек.

Сингармонизм заңы тіліміздегі дыбыстардың таңбаларын екі еседей азайтып, жазуға көп жеңілдік беріп отыр. Қ мен Ғ-ның жіңішке түрін

белгілеуге алған К мен Г бір жағынан әріптердің санын көбейтсе де, екінші жағынан дәйекшіні азайтуға себеп болып отыр. Ішінде К, Г, Е таңбалары—мен белгіленген дыбыстар бар сөз сингармонизм заңы бойынша әрқашан да жіңішке айтылмақ. Сондықтан, бұндай сөздердің алдына дәйекші қоюдың керегі жоқ болды.

Жоғарғы айтылғанның бәрі сөздің түбірі туралы еді. Қазақ тіліндегі сөздің түбірі сингармонизм заңына бағынатыны анық. Енді жалғауларға, туынды сөздерге келейік.

Қазақ-қырғыз тіліндегі сөздердің түбірі еш уақытта өзгермейді. Қазақ-қырғыз сөзі өзгергенде аяғына жалғанған қосымшалар арқылы өзгереді.

Тіліміздегі қосымшалар: 1) жалғау; 2) жұрнақ; 3) жіктеу болып бөлінеді.

Барлап қарасақ, жалғаулар сөздің түбіріне ұйқасады. Сөздің түбірі жуан айтылса жалғанған жалғау да жуан айтылады. Сөздің түбірі жіңішке айтылса, тіркелген жалғау да жіңішке айтылады. Сондықтан, жалғаулар қос болады.

Тіліміздегі жуан айтылатын жалғаулар мыналар: 1) ның, дың, 2) ға, қа, а, на, 3) ды, ны, н, 4) да, нда, 5) дан, нан, 6) лар, дар.

Бұлардың жіңішке айтылатын жұптары мыналар: 1) нің, дің, 2) ке, ге, е, не, 3) ні, ді, н, 4) де, нде, 5) ден, нен, 6) лер, дер.

Қазақтың өзіне меншікті түпкі сөздерінде бұлардан басқа жалғаулар жоқ. Тіл – құралы да осыны айтады. Шеттен келген сөздер де да, нда, дан, нан, лар, дар деген жалғаулар барма – жоқпа? Мұны соңынан тексереміз.

Жалғаулар айрықша сөз емес, сөздің мүшесі, бұны өз алдына айтқанда бұларда мағына жоқ, сондықтан бөлек айтылмайды.

Қазақ тіліндегі жалғаулардың жалғасқан түбірі мен ұйқасып үндесіп сөйленетіндігі анық. Жіңішке түбірге жуан жалғау жалғау я жуан түбірге жіңішке жалғау еш уақытта қосылмайды.

Жалғаулар сингармонизм заңымен жалғасады.

Тәуелдіктер де жалғаулардың ізімен жүріп сингармонизм заңына көнеді. Жіктеудегі жалғаулар өте көп. Әр райдың жалғауы басқа болады.

Әр райдағы жалғауларды алып тексеріп қарасақ, жіктеудің де сингармонизм заңымен жүретіндігі анық байқалады. Қазақ-қырғыз тіліндегі етістіктің түбірін я, тұқылын табу емес.

Етістіктің болымды түрін жекеше жіктегенде, білік райдың екінші жағына арнаған сөз салт әм сабақты етістердің түбірі болады. Өңке етістердің тұқылы болады.

Үлгі үшін мынаны келтіреміз: сал, тұр, жарыс, таран, тұрғыз, алдыр, жегіл, соғыстыр, жұлқыла, ұйықтаңқыра.

Етістіктің әр райдағы бөлімді болымсыз түрін, үш жақ, екі айрыс, үш жақ бойынша жіктегенде етістіктегі жалғаулардың түбірі, тұқылымен үндес екендігі анық байқалады.

Жінішке түбірге я, тұқылға жінішке жалғау, жуан түбірге я, тұқылға жуан жалғау арналған. Жіктеуде еш уақытта жуан түбірге (тұқылға) жінішке жалғау я жінішке түбірге (тұқылға) жуан жалғау қосылмайды.

Жіктеуде сингармонизм соншама мықты, түбір мен жалғаудың арасындағы дәнекер дыбыс та түбірге үндес келеді. Үлгі үшін «жаз», «жүр» деген сөздерді алалық. Жазайын – жүрейін, жазамын – жүремін, жазасың – жүресің, жазады – жүреді.

Бұндай үлгінің талайларын келтіруге болады.

Сингармонизм заңы көсемше, есімше, етістіктерде айқын байқалады.

Түбірдің жуан жінішке айтылуына қарай, үнемі көсемшедегі жалғаулар «а», я, «е» болады. (жаза–бердім, жүре–бердім). Ниетті көсемшедегі жалғаулар «ғалы» я «гелі» болады: жазғалы тұрмын, жүргелі тұрмын.

Өткен шақтық есімшедегі «ған (қан)» я «гін (ген)» деген жалғауларда сингармонизм толық байқалады: жазған, айтқан, жүрген, көрген, кеткен.

Ұйғарынды есімшедегі «атын» (жазатын), «етін» (көретін) деген жалғаулар да сингармонизмге бағынған.

Ұйғарынды есімшедегі «атын», «етін» жалғаулардың нағыз дұрыс қалыпы «тұғын»: жаза-тұғын, бара – тұғын, жүре – тұғын, көре – тұғын тағы талайлары.

Ұйғарынды есімше, негізінде екі сөзден құралған. Тіл шеберленген уақытта есімшедегі ескі сөз қосылып, бір сөз болуға бейімделген.

«Тұғын» деген сөз үнемейін қатты айтылады. Алдындағы жуан сөзбен біріктіріп айтуға болса да, алдындағы жінішке сөзбен біріктіріп айтуға болмайды. Екі сөзден бір сөз туғызғанда сингармонизм заңына хылаф келмес үшін «тұғын» деген сөз тұң күйінен өзгеріп, құйқалжымалы «гін» деген жалғау болған.

Сингармонизм тіліміздің негізгі заңы екендігіне «тұғын» нің өзгеріп «гін» ға я, «гін» ге айналғаны анық дәлел. Бұның жайында алдымызда әлі сөйлерміз.

Көсемше мен есімше – етістіктердің бөлімді түрлері де, болымсыз түрлері де сингармонизм заңына анық бағынады.

Енді жұрнақтарға келсек, бұнда да жалғаулар туралы айтқанға жолығамыз.

Қазақ-қырғыз тіліндегі жұрнақтар екі түрлі: бірі шын жұрнақ, екіншісі шала жұрнақ. Шын жұрнақ сөз емес, айрықша айтылғанда мағынасыз болады. Сондықтан, бұлар өз алдына бөлек айтылмайды. Шын жұрнақ сөздің буыны, мүшесі.

Қазақ-қырғыз тілінде шын жұрнақтар өте көп. Бұлар сөздің мағынасын өзгертіп туынды сөздер тудырады.

Шын жұрнақтың бәрі қос болады. Жуан түбірге я тұқылға жуан түрінде жалғанады, жінішке түбірге я тұқылға жінішке түрінде жалғанады. Бұл туралы іспаттың керегі жоқ.

«Тіл-құралда» мынадай шын жұрнақтар көрсетілген.

Есімдерде: шы (ші), ақ, дық, тық (лік, дік, тік), шылық (шілік), Шыл (шіл), шық (шік), ша (ше), қой (қой, гой) лы, ды,ты (лі, ді, ті). Сыз(сіз), лас, дас, тас (лес, дес, тес), шаң (шең), а (е) ла, да, та (ле, де, те), Ғар, қар, (кер), сын (сін), шыла (шіле), дай (дей), дағы (дегі), әр (ер). Сын (сін), ғыл (гіл), лау, дау, тау (леу, деу, теу).

Етістіктерде: с, н дыр (тір), л, т, тітір, сітір, қыз, ғыз (кіз, гіз), қыла-ғыла, (кіле-гіле), ыңқыра (іңкіре), уу, м, с, ш, қыш, ғыш (кіш, гіш), ұш, ғы (гі), қ (к), қын, ғын (кін, гін), ма (ме), ба (бе), мал, бақыл (бекіл), мақыл (мекіл), ақ (ек), н, лық (лік) ұл (ул), ман (мен) бұлардың бәрі қос айтылады, сингармонизмге толық келеді.

Етістіктегі алғашқы үн жұрнақ тұқылдағы етіс жұрнақтары.

Тұқылдың өзі сингармонизм заңына толық бағынады.

«Тіл-құралға» кірмеген шын жұрнақтар көп: 1) лдырық – ледірік (табалдырық, сағалдырық, түмілдірік, көзілдірік өмілдірік), 2) нғы-ңгі (салбыраңқы, астыңғы, болдырыңқы, еңкейіңкі, үстіңгі), үсіңгі 3) қак – кек, ғақ – гек (жарғақ, құрғақ, шорқақ, піскек, ілгек, үркек, іскек). 4) қай –кей, ғай-гей (балақай, қарағай, аңсекей, әшекей, өңкей, найзағай, жөнегей), 5) кам-кем, гем (қалқам, салқам, жөргем, көргем, ніскем, желкем), 6) ау – еу, (қиынау, жинау, көрнеу, ернеу, кернеу), 7) маң-мең (қылмаң, көлмен), 8) тағы талайлар.

Жұрнақтың бәрін тізіп жатуға бұл жерде орын емес. Бірақ, жұрнақтардың бәрін толық қылып жинау керекті жұмыстың бірі болуы керек.

Шала жұрнақ деп мағыналы сөзден өзгеріп, жұрнақ қалыпқа түскен сөзді я, жұрнақтың шын қасиетінен айрылып, қосалқы сөздің қалыбына аударылған жұрнақтарды айтамыз.

Шала жұрнақтар қазақ-қырғыз тілінде аз.

1) Еке деген шала жұрнақ «аке» деген сөзден өзгерген жуан түрі.

Бұл күнде жоқ. Алғашқы жуан түрі аға (ақа) болса керек.

2) Нікі (дікі, тікі) деген құрама жұрнақ. Бұл «нің» (дің) деген жалғау мен «гі» деген жұрнақтың қосылуынан туған ніңгі (діңгі), ніңгі (дінгі) өзгеріп нікі (дікі) болған. Нікі жұрнақтың жіңішке түрі, жуан түрі-нқы біздің тілімізде жуан түрі бұл күнде жойылған, айтылмайды. Ноғай тілінде бұл жұрнақтың екі түрі (нқы, нкі) осы күнде де айтылады. «Нікі» қазақ тілде жұрнақтың шын қасиетінен айырылып қосалқы сөзге жақындаған.

3) Ғана бұрын шын жұрнақ еді, жіңішке түрі ғана еді. Ғана бүгінде қазақ тілінде айтылмайды, жойылған. Ғана жұбынан айрылған соң, шын жұрнақтықтан да айрылған. Бұл күнде қосалқы сөз ретінде айтылады.

4) Күнем (пайда-күнем, мас-күнем, қас-күнем), Күнемнің жуан түрі жоқ. Сондықтан шала жұрнақ я, қосалқы сөз ретінде сөйленеді.

Тілімізге жат тілдерден (парсыдан) кірген жұрнақтар бар: 1) кер (гер),

2) хор, 3) паз жат тілден кірген жұрнақтар шала жұрнақтарға қосылады, бұларда қостық жоқ.

Кер (гер) үнімен жіңішке айтылады. Алдындағы қосылатын түбір сөзі жіңішке болса, дүп – дұрыс болып сингармонизм заңымен жүре береді (әс-кер= әскер). Алдындағы қосылатын түбірі жуан айтылатын сөз болса, бұл сөзді «кер» жіңішкертіп алып қосылады. Сауда – гер = саудакер, хайла-кер = хайлакер яғни айла-кер =а йлекер, жұмыс – кер = жұмыскер, тағы талай үлгі келтіруге болады.

Кер (гер) жұрнақ жат тілден келген шала жұрнақ болса да, бүгінде шын жұрнаққа айналып барады.

Паз (әсем-паз, өнер-паз) үнемі жуан айтылады, түбір сөзбен әндеспейді.

Хор (пара-хор, әлім-хор, жем-хор) үнемі жуан айтылады. Бұл да алдындағы сөзбен үндеспейді.

Жұрнақтар туралы әңгімені қорытқанда, мынадай жазу қағидасы туады:

1) Шын жұрнақтар сөзге қосылып жазылуға керек. Шала жұрнақтар түбір сөзге жалғаспай, сызықшамен бөлініп жазылуға керек.

Кер (гер) жұрнақ шын жұрнаққа есептелмейді, сондықтан, түбірімен бірге жазылуы керек.

Жазудың осындай қағидасы сингармонизм заңынан шығып отыр.

Демеулерде де сингармонизм заңы анық байқалады.

Сұрау демеудің жуан түрлері: ма, ба, да. Жіңішке түрлері: ме, бе, де.

Демеу алдыңғы сөзбен ұйқасады. Алдыңғы сөз жуан болса, демеу де жуан айтылады. Алдыңғы сөз жіңішке болса, демеу де жіңішке түрде айтылады. Үлгі үшін: ұрыстымба, сөктімбе, окима, жүрме.

Да – деген демеу жуан айтылатын сөздің соңынан қойылады. Мәселен: малда, қоста, адамда, сүт емушілер тобына кіреді. Де деген демеу жіңішке айтылатын сөздің соңынан қойылады. Мәселен: менде-сенде адамбыз, көзде, бүйректе, жүректе, ішкеде, денедегі мүшелер.

Біздің кейбір жазушыларымыз да менен де нің қай орында, қалай қойылатынын шатастыра береді. «Қазақ тілі» нің талай сандарында ретсіз «да» мен «де» нің шатасып жүргенін байқадық.

Мағжан Жұмабаевтың өлендерін бастырғанда басқарған Бернияз Күлеев «бастырушыдан» деген сөзінде мынаны жазады: «өлендердің қол жазбасында көпшіліктің сөйлеп жүрген тіліне амалға дұрыс келмейтін кейбір сөздер жергілікті түрде жазылғандай бар еді. Мәселен: менде, сенде, өзімде, көзімде, өлімде, меніде деген сөздердегі демеулер көпшіліктің сөйлеп жүрген тілінде амалда орны мен «де», «де», «да» да айтылып жазылады. Қол-жазбада барлық сөзде де деп айталық, «да» демеуі жазылған. Жоғарғы сөздер менда, сенда, өзімда, көзімда, өлімда, менімда жазылған. Бұлардың талас еместерін «де» қылып түзетсем де,

өлеңнің ұйқастарын бұзатын орындарда әм дұдамал естілетін орындарда түзетуге тәуекелім жетпеді».

Бернияздың түзетуі дұрыс-ақ, бірақ, түзетуді аяқтамағаны сингармонизм заңымен таныс болмағандығы.

Ақындық табиғаттың саннан таңдап, бірен-саран адамдарға беретін артық өнері. Көп берілгеннен көп сұранады деген, нақылды ескеріп аяғына дейін түзету керек еді. Тілді бұзбай ұстарту, шеберлету, байыту ақындардың мойындарына артылған зор борыш.

Сұрау демеулер сөзге қосылып жазыла ма жоқ бөлек жазыла ма? Бұл туралы «Тіл құралда» шатақ бар. «Тіл құралының» бірінші бөлімінде демеулердің бәрі бөлек жазылады деген, екінші бөлімде бірге жазылады деген. Шатақты жойып, бір жол қолдану керек. Осы күнгі көптің жазып жүргеніне қарасак, ма, ба, (ме, бе) қосылып жазылады, да (де) бөлек жазылады. Біз де осы жолды дұрыстаймыз.

Сұрау демеудің соңында -екен деген сөз келсе, қатар тұрған екі дауысты дыбыс бірігіп айтылады. Сондықтан, мекен, бекен деген сөз туады. Мәселен: барма екен, жүреме - екен, деген сөздер барамекен, жүремекен болып айтылады. Мекен, бекен болып айтылса да барама – екен, жүреме- екен деп жазу керек. Сингармонизм заңы осылай қылып, айырып жазуды дұрыстайды.

Туынды демеулердің кейбіреулерінде сырттан карағанда, сингармонизм заңы дұдамал байқалғандай болады. Шындығында, туынды демеулерде сингармонизм заңы анық. Туынды демеулер мыналар: өйткенде, бүйіткенде, сөйткенде, әйткенде, қайткенде, немесе (бір түрі ғана алынды).

Бұлардың алдыңғы бесеуі екі сөзден, соңғысы үш сөзден құралған өйткенде, сөй-еткенде, әй-еткенде, қай-еткенде не-емес болса.

Өй, бүй, сөй, әй, қай деген сөздердің бәрі осы күнде де қазақ арасында айтылады. Ескі жырларда тіпті көп айтылады (Қобланды батыр бүй дейді. Ертарғын сонда сөй деді, қай орында, қай жерде тағы талайлар).

Өй-олайдан, бүй бұлайдан, солай қай сойдан, қалайдан қысқарған.

Алдындағы сөзбенен мықтап бірігу үшін бұларға сингармонизм заңына көну керек болған. Сондықтан, бұлар бұрынғы қалыпынан, тұлғасынан айрылып, ілдің негізгі заңына лайықталған. Немесе де алдыңғы сөздер өзгеріп артқы сөзге ұйқасқан.

Қай – еткенде де деген сөзден басқаның бәрін бір жазса да болады. Қай – еткендені сызықша арқылы жазу керек. Қайткенде де деп жазған ката болады. Ма-еткенді, ба-еткенді мекен бекен деп жазғандай сингармонизм заңына хылаф келеді.

Бірқатар қара қазақтар қай – еткенденің, Ұ орнына қайткенде деп сөйлейді. Бұлай болғанда бірге жазудан кемшілік жоқ.

Қазақ тілінде кей нәрселердің аты екі сөзбен айтылады. Мәселен: Бай-шешек, Бай-келді, Жан-келді, Орын-басар, Қызыл-жар, Ақ-жар.

Қос сөздердің бір қатарлары бірігіп, бітіп бір сөз болуға айналған.

Осындай сөзді тексеріп қарасақ, бұлар сингармонизм заңымен өзгеріп барып бірігеді.

Бір жуан сөз, бір жінішке сөз екеуі бірігіп қосылғанда сингармонизм заңы айқын байқалады. Көбінде жуан сөз өзгеріп, жінішкеріп келіп қосарымен бірігеді. 1) Бай-шешек=Бай шешек=байшешек. 2) тура-келмек=тура-келмек түрегелмек, 3) ала-өкпе, але-өкепе=алөкпе. 4) Гүл-айым=гүл-айым=гүлайым, 5) бай-келді=бәй-келді=байгелді, 6) тас-темір=тастемір мұндай үлгілердің талайын келтіруге болады.

Қазақ тілінде екі сөз бірігіп бір сөз болса, ішіндегі сөздер сингармонизм заңымен өзгереді. Бұл жалпы заң. Ұйғарынды есімшедегі «тұғын» нің «тін» болуы. Туынды демеулердегі солай, бұлай секілділердің өзгеріп сөй, бүй секілді түрлерге айналуы қос сөзден бір сөз тууы – бәрі жол. Біраз сингармонизм заңымен жүру.

Мұнан жазудың тағы бір қағидасы туып отыр: қос сөздер сызықша арқылы жазылуы керек (Қызыл-жар, Көк-жар, Әулие-ата, Ешкі-емер, Оқ-жалан, Бай-тұрсын, Сәрсен-бай, Кене-сары тағы басқалар), қос сөзден сингармонизм заңымен бірігіп, бір сөз болып туған сөздер бірге жазылу керек: (Ташкент, Шымкент, Жауғашар, Жарғанат тағы басқалар).

Жоғарғы айтқанның бәрін сарыққанда, қазақ-қырғыз тілінің өзіне меншікті түпкі сөздерінің қайсысын алсаң да, түбір сөз болсын, туынды сөз болсын, сөздердің ішіндегі көп өзгерістерден қай қалағаныңды алсаң да, бәрінің сингармонизм заңымен жүріп, осы заңды қолданып бұл заңнан беттей шетке кетпейтінін көресің.

Қазақ-қырғыз тілінде сингармонизм заңына көнбейтін сөз, сөз өзгерісі жоқ. Сары-арқа қазақ еліне қандай меншікті отан болса, сингармонизм қазақ тіліне сондай меншікті заң. Сингармонизм тілімізді үйретуге жеңілдетіп тұр. Жаңа сөздер тудырып, сөздер қосып тілімізді байытқанда, лақтырмайтын, адастырмайтын қарақшылы даңғыл қара жол болып тұр.

Жоғарғы айтқанның бәрі түпкі қазақ сөздері туралы еді. Енді шеттен келген жат сөздерге келелік.

(жалғасы бар)

Халел Дос-Мұхамедов,

«Диуани лұғат ат-түрік»

Түрік тілі хәм әдебиеті туралы «Диуани лұғат-ат түрік» деген бір кітаптың Истамбулда табылғанын дүние соғысының алдында ғана (1914 ж) біреу бізге хатпен білдіріп еді. Бұл кітапты көруге құмарланып,

толық мағлұмат сұрап, хат жазып едік, бірақ, соғыстар себебінен Туркия шекарасы жабылып қалып, ешбір жауап алуға болмады. Соғыс дәуірінде, 1914 жылдан 1918 жылға дейін Истамбулда Көпірлі Заде Махмуд эфендінің қарамағында түрік азаматтар тарапынан білім жолында бірталай өнімді қызметтер жүзеге шығарылған екен. «(Милли татбағлер мажмаусы» тағы сондай, «әдебиет факультеті» мажмуғесін, тағы сондай журналдар басылған екен. Түркия мариб назараты артықша қарап, өз қаражатымен әлгі айтылған «Диуани лұғат-ат түрік» кітабы 1918 жылы жақсы қағазға, 60 формада 3 том кітап (I-ші том 843 бет, ал II-ші том 320, III-ші 253 бет) қылып бастырған. Түріктің білімді ерлерінің бұл кітапқа артықша назар салғандықтары, қадірін білгендіктері кітапты түзетіп, қарап бастырған Ахмет Рифат эфендінің (III-ші кітап аяғында) жазған сөздерінен көрініп тұр.

Түрік ғалымдары бұл кітаптың жанып, болмаса өртеніп жоғалуынан қорқып, бастырып майданға шығаруға асықтырыпты. Түрік ұлтты әрбір том (жылда) шыққан сайын пайдаланып, әдебиет тарихы туралы көп жаңа білімдерді, сөздер майданға шығарыпты.

Түрік азаматтарының білімге, түрік ұлттының тілі һәм әдебиетіне мынандай назар салғандықтарына қуанышымыз қойнымызға сыймай отыр.

Османлы түріктері бұл соңғы заманға дейін білім кітаптарын бастыруда Европадағы жол-жобаға (әсіресе Ди-коя сияқты ориенталист ғалымдар жолына) көз салмақшы еді. Бұрынғы Қазанда, Ташкентте басылған «Қисса Анбия» кітабындай қылып қалай болса солай баса салушы еді. Ғылыми кітаптарды баспаханалардың өзі түзетушілері корректорға қарап түзетеміз деп былықтырып қоюшы еді. Ахмет Рифат Эфендінің де азын-аулақ сондай кемшілігі жоқ емес. Османлы жазушыларында артық таралған «жақша белгісін» орынды-орынсыз көп жұмсау, мәселен, 3-ші кітапта да 503 бетін «Шу» бап деп жазғаны сияқты. Бұл оқушыларды жаңылдырады. Ахмет Рифат Эфендінің осындай аз емес.

Бірақ, сондадағы бұл кітаптың басылуы өзінің жақсылығымен осы күнге дейін Түркияда басылған бұрынғы кітаптардан айырылып тұр. Қатесін түзетуге артықша назар салғандық, жете қарап бастырғандық, қолдан келгенше түп (оригинал) кітаптың суретін сақтауға иждахат қылғандық кітаптан көрініп-ақ тұр. Қысқаша айтқанда, Османлы түріктерінде пән кітаптарын басу туралы Европа жолы – жобасын жүзеге шығаруға бет қойғандық көрінді. Бұл туралы әсіресе «Милли татбағлер мажмауғесі» көп қызмет көрсетіп тұр. Бұл журнал түрік ғалымдардың өз бетімен (ғылыми кітаптарды бастыру жолында) жүрулерін, әр ғалымның өз ойынан шығарып пайдасыз білім жолында өнімі жоқ «Ақыл» сөйлеулерін қатты айып қылады. (мәселен: жылда екі төрт

сан, 171-190 бет). Бұл сөздер ғылым жолында жаңа үлкен бір адым деп білеміз. Түркияда кітап басуға осындай артық назар салуды көріп, біздің қуанышымыз екі есе болып отыр.

«Диуани лұғат ат-түріктің» шығарушысы – Махмуд бин Әл-Хусейн бин Мухаммад Әл-Қашқари деген бір түрік ғалымы. Бұл адамның аты бұрынғы ескі тарих кітаптарында көрінген жоқ еді. Тәржіме хәлі (биографиясы) туралы сөздер өз кітабынан ғана табылып отыр. Бұл адам 999-шы жылдан 1212 жылға дейін күнбатыс, күншығыс Түркістанды билеп тұрған «Қарахан» түрік хандарының ең күшті болып дәуірлері жүріп тұрған заманда болған адам. Атасы Хусейн, (Түрікше аты «Бахыркен» 521) осы қарахандардың атақты бектерінен болған. Саманилардан Маверенаһрды алып берген кісі болған. Бұл «Бахыркен» осы күнгі Ыстық көлдің күнбатысы мен оңтүстігі арасының жағасындағы «Барысхан» шаһарында болған. Кітаптың шығарушысы Махмудтың туған кіндік кесіп, кір жуған жері, ата-қонысы Ыстықкөл жағасы «Барысхан» шаһары болады. Махмуд Қашқари өзі дағы түрік бектер мен әскерінен, ғалым, шайырларының (ақын) алдыңғы қатарынан болған. (31) Өзінің өмірін түрік қауымдары арасында түрлі түрік рулары ішінде өткізген. Өзін «Қашқари» (Қашқарлық) деп атағанынан қашқар хандарымен болған сұхбаттары (беседа) жазғанынан, оның Қашқарда өмірін өткізгендігі білінеді. Бірақ, қандай себептен екені белгісіз, бұл түрік ғалымы түрік қаһарман бегі Бағдат халифасының алдына барған. Кітабын халифа «Әл-қайым Биамери Аллаһ»-тың патшалығының соңғы жылында жазып, оның орынбасары «Ал-мухтади Би Эмриллаһ»-қа тарту қылған.

Әйтеуір кітап 1073-інші жылы (сиыр жылы) жазылған. 1) Махмуд Қашқаридің замандасы болған екінші бір Қарахан түрік жазушысы Баласағұн Жүсіп Хас Хажыб «Қудатғу білік» есімді кітабы 462 жылы тауық жылында (1069-1070 қыс күні) жазған. 2) Осылайша Махмуд Қашқари кітабымен Жүсіп Хас туралы Димашки Хажыбтың кітабы жазылуының арасы екі-үш-ақ жыл уақыт бөледі.

1. Махмуд Қашқари кітабын қай жылда жазғанын үш орында сөйлейді. Кітаптың аяғында (333) кітабы 464 жылдың жұмадал ауал айында (яғни 1072 жылдың февралында доңыз жылдың аяғында) жаза бастап, 466 жыл жұмадалахар айында (яғни 1074 жыл февраль жұлдызында сиыр жылы аяғында) таман қылғанын айтады. Бірақ, 3-ші жылдың февраль 116 бетте, «369 жыл нақ (яғни ұлу) жылы жазылды» дейді. Бұл 1076-шы жыл август жұлдызы мен 1076-шы жылғы март арасында болды. Нақ-ұлу жылы 1076-шы жыл март жұлдызына кіреді. 46-інші жыл 1076-ші жылдың 5-інші августына кіреді. 469-ші жылда ұлу жыл дегені 469-шы жылдың шағбан айынан бұрын деген сөз болады. Жылда 1 бет 290-да, 466-ші жыл мухаррам айында жазып отырмыз. Бұл уақытта жылан жылы кірді. 467-ші жылы кірсе енді, яғни, жылқы жылы кіреді, деп жазды. Бірақ, осында бір қате бар: 366-шы жылдың мухаррам басы 1073-ші жылдың сентябрь 6-сында болады. Жылан жылы 357-ші жыл 1065-ші жылдың мартында нәм 370-1077-ші жыл мартында кіреді. Енді 458-ші жылдың жылан жылы мухаррам айы 1088-ші жылдың 25 шілінде

келеді. Қалай болса да, мұнда бір қате бар. Қалай болса да, Махмуд Қашқари кітабы 1072-ші жыл мен 1076-шы жылдар арасында жазған. Кітабын жазып тамам қылу 1076 жыл болған деп айтуымыз керек. Кітаптың жазылу жылын алдымыздағы Стамбул басшысы сыртында асыл нұсқа бойынша 466 қойылған. Шынымен, кітаптың жазылу жылын қысқаша қылып 1073 десек дұрыс болар.

2. 46-шы жылдың тауық жылы 1069-шы жыл март 9-да кіреді. 363-ші жыл март 9-нда кірсе, «Құдатғу білік» 462-ші жылдың жұмадала айының һәм 1070-ші жылдың мартынан бұрын аяғы 1069-шы жылдың ноябрь жұлдызы, 1070-ші жылдың март жұлдызы арасында қыс күнінде жазылған болады.

Бірақ, бұл кітаптың біреуі түп Түркістан орталығы Қашқарда, екіншісі Бағдатта жазылған М.Қашқари кітабының Ыстанбұлда табылған нұсқасы 664-шы хиджра 1266-шы жылда «Мухамед бин Абу Бакир бин Барал Фатих Ас-Сауи Әд-Димашки» деген адамның қаламы мен шығарушының өз қолымен жазған кітаптан жазылған. Бұл туралы Димшикі өзі (111-222-323) жазады. М.Қашқари кітабының басында бұл кітапты сол замандағы мәдениет дүниесі мұсылмандарға түрік ұлтын таныту, білдіру үшін жазғанын айтады. Осы себеппен, ол өзінің түрік қауымы түрік әдебиеті туралы жазған кітабын араб тілімен жазған. Әрине, М.Қашқари араб тілін өте жақсы білген һәм кітабын зорланбай-ақ арабтың шешен сөздері ашық тілімен жазған. М.Қашқари өз заманындағы ғалымдардан «Хусейн бин Халиф Аль-Қашқариды» атайды. (293). Бұл ғалым туралы Самқани «Кітабул ансаф» деген кітабында (Гип бастырған, 472) Қашқари туралы сөйлегенді баян қылады. Бұл кісі 484-1091 шамасында уафат болған бір Мухадис (пайғамбар сөздерін көшіруші) ғалым екен. Бірақ, бұл ғалымның сөйлеген хадистері көбінесе өтірік байлаусыз саналған. М.Қашқари бұл ғалымнан түріктер туралы бір хадис-худси көшіреді. Тағы сондай түріктер хақында хадистерді Бұхара, Нисабур ғалымдарынан алып жазады.

Мухаммед пайғамбар түрік патшалығының, Токио хандарының ең күшті, Византия, әрі Иранға қарсы ең, кең бір дәулет болып, күн көрген дәуірінде келген. Әрине, ол түріктерді білген. Ескендір патшаның «Садия жуж уама жуж» яғни, күн шығыста бастапқы түзілген соғыс қамалдары туралы сөйлеген. Бұл пайғамбардың заманында арабтар арасында, әрине, түрік қауымы туралы ұзын құлақ хабарлар болуы анық.

XII-XIII ғасырларда Исламға дұшпан болған Аһлу солиб (крестовые походы) Қарақытай горхандары һәм найман ханы Күшліктердің ислам елін бұзуы туралы көп Эфсаналар (легенда) түзгені сияқты Сасани Иранға дұшпан болған арабтарда өз заманындағы Токио, түрік хағандары туралы көп хабарлар болған болса керек. Бірақ, түрік қауымын мақтап көтеріп айтқан хадистері, оғыз, селжук, сәбіктекін сұлтандарының мұғтасим (мухтасим) халифа уактында-ақ, халифа қызметіне Бағдатқа барған түрік әскерлерінің һәм ерлерінің көңілдерін көтеру үшін қарсы

(Иран) ғалымдары түзелген М.Қашқари һәм басқа түрік ерлері бұл хадистерге сеніп жүрген. Осыған қарағанда, М.Қашқари Құран мен араб әдебиетін жете білсе де, дін һәм хадис ғалымдарын өте білмеген. Бірақ ол араб тілін, әдебиетін жете білген һәм кітабын атакты араб филологы (тіл ғылымына жетік кісі) Халелдің «Китабул айн» деген классика (үлгі) кітабына ұқсатып жазғанын (51) айтады. Шынымен, ол тіл мәдениет майданында, арабтың ел алдыңғы қатарындағы ғалымдарымен қатар тұрып, түрік тілін сол замандағы ең жоғарғы финхусылуына салып жазған. Бірақ, дін жағынан ол жақсы мұсылман болғанымен, бірге шала шаман-(бақсы) болған. Һәм ол 14-15-шы ғасырлардағы ислам діні үшін тырысып жүрген Әмір-Темір һәм Әбілқайыр хандардай, өзінің шамани сенімдерін ашық жазады. Қалай болса да бұл адам дін ғалымы емес, бәлки, таза дүниауи (светский) ғалым болған. Бұл оның кітабынан ашық көрініп тұрады. Кітабында кезікпеген ұзын сөйлемдер, пайдасыз сөзбастар жоқ, кітабының басынан-ақ, Тоқтамыс хан сөзім деп тура өзінің мақсатын сөйлеп, жарлық жазған түрік хандарындай «Қал Абди Мухамуддин ал-Хусейн» деп, тура мақсатын сөйлеп алып кетеді. Ол кітабына өз заманындағы түрік қауымдарын жоғарғы орындарын өз заманындағы ұлттарға алыс-жуығын көрсету, кітабын түсінікті қылу үшін, ол уақытқа дейін мұсылман ғалымдарында көрінбеген бір жобамен, дөңгелек (ықтимал «жер дөңгелек» «Әл арду курагу» мәселесін біліп) харита-(карта) жазған. Мұнда таулар, теңіздер, өзен, дариялар, құмдар шаһарларды санап көрсеткен. Бұлардың әрбірін басқа-басқа бояумен түсірген. Осылардың үстіне, ислам ғалымдарына қарсы мәдениет, шаруашылық, егіншілік, сауда-санағат терминдеріне артықша назар салған. Ислам дүниесінде Ыхтисади ғалымдарды Сырдария жағасына барған бір түрік ғалымы (Ғараби) бастап жазған болса, М.Қашқаридың да таза бір дүниауи (светский) ғылым, діниауи жағрафия һәм тіл ғалымы болып, кітабын мынадай бір жолға қоюы ислам тарихында мысалы болмаған бір қызмет.

Бұл мәселе түрік қауымының ислам дүниесіне келіп, қосылып ғана кететін бір унсур (элемент) болмай, өз елінен жоғарғы бір мәдениетпен тәрбиеленіп келгенін һәм біздің бұл күнге дейін ойлағанымыздай жұлдыз қарап, бал ашып, құмалақ тартып, сонымен іс қылып үйренген көшпелі түріктердің ислам дүниесіне келуімен, рухани мәдениетті білуге шамасы келмеді. Бәлки, деректі істер (практический) жұлдыз, расадхана, риаднатпенен (математика) болды. Өйткені, рухани мәдениетке олардың ынтасы, салахиаты жоқ еді. Түріктердің ислам дүниесіне келіп, расад хана риаднатпен болулары, сол жолда қызмет қылулары, мәдениліктен емес, мәдениетсіз болып тіршіліктерінде рухани мағына (духовное содержание) болмағанын көрсетеді деген назарлардың (взгляд) дұрыс

болмағанын ашты, мұсылман түрік сұлтандары болған селжукылардың Бағдат пен Иранға келіп «Хилафат» яғни (теократизмға) қарсы дүниауи мемлекет (Светская власть) «Сұлтандық» кіргізулері, мұсылман қараханилардың Мауеренаһрды алған соң, Ислам руханилары мен (молдалары) күресулері (бұл таптардың тартысуында хандардың бұқа-рашыл (демократия жағында) болуы ғана емес). М.Қашқари Фараби сияқты ғалымдардың дүниауи ғылым түзулері, түрік хандарының риадият, расатпенен болулары сияқты фактілердің арасында бір-біріне байланыс болса керек. Бұл фактлер Орта Азияның түрік қауымы ішінде Сырдария, Тарым, Тянь-Шань аудандарында «дерексіз дүниеге (маффукат табиат) рухани мәдениет пәлсапаға қарамай, мәдениет, мадиа, дүниеге ашық көзбен қарайтын Иран, Жуһуд мәдениетіне қарсы бір мәдениет болғанын көрсетеді.

Осыған қарағанда М.Қашқари, оның кітабын былай қоя тұрғанда, өзі мәдени тарихы жағынан, мухым бір факт болады. Не үшін араб, яки парсы ғалымдарынан ешбіреуі өзінің қауымы, тілі туралы осындай бір кітап жазбаған, не үшін «Сиасатнаме», «Жамиат-Тауарих» сияқты кітаптары ислам тарихында тек фахат, селжук, Моғол хандарының қалағанына жазылған себептен ғана жалғыз-ақ әсерлер болып қалған?

Бұл уақиға яғни, М.Қашқаридің өзі «шахси» ислам һәм түрік тарихында үлкен бір уақиға болуында күдік жоқ. М.Қашқаридің кітабына келгенде, бұл кітап туралы әзірге біз Еуропаның түрік тілі мамандарының пікірін естігеніміз жоқ.

Бұл кітаптың бір нұсқасы академик Бартольдқа берілген екен. Бірақ Бартольдтің бұл кітап туралы бір нәрсе жазып-жазбағанын білмедік. Қалай болса да, біздің мынаны айтуға шамамыз келеді. Түрік қауымының тіл, әдебиет һәм мәдениет тарихы үшін 1889 жыл Орхон жағалауында, Ядринцев тапқан Томсон, Радлов һәм басқа ғалымдар тарапынан үйреніліп нішір етілген. Барлық мәдениет, хан дүниесінің назарын өзіне қаратқан, хан ерлерінің пікірін алыстырған (өзгерткен). Ескі түрік-орхон «бітік тастар» қандай аһамиаты болса, М.Қашқари кітабында аһамиаты сондай. М.Қашқаридың түрік қауымына, өз ұлтына мына себепті Күлтегін, Білге хандардың мұнсабатындай һәм түрік руларын, түрік тілін білу әсіресе, білімі олардан артық болған.

Кітабының басында Махмуд Қашқари мына сөздерді жазады. «Махмуд Хусейн ұлы айтады: тәңірі дәулет күнінің көзін түріктің көгінде тудырды жер, Азияның дәрілерін олардың қолына берді. Оларға, түрік деп ат қойды. Дүниеде патшалық жұмысын оларға тапсырды. Оларды заманының иесі патшасы қылды, һәм дүниедегі ұлттардың тізгінін олардың қолына берді. Оларды туралықке берік қылды. Түрікке сиынған кісі жоғары болды. Күшті болды һәм қалағанына жетті. Пәлелерден пәле

шығарушы бассыз, тиянақсыз адамдардың пәлесінен құтылды. Түріктің найзасынан құтыламын деген хәм бір ақылды кісі олардың етегіне жабыссын.

Бірақ, түріктерге жақын болу үшін олардың өз тілімен сөйлеуден бөлек амалы жоқ. (2.1) Олар өз тілімен айтқан сөзге ғана құлақ салады. Сонда ғана олардың көңілін, өзіне қаратып болады. Бұқара, Нисапур молдаларының айтуынша, Мұхаммед пайғамбар түрік тілін үйреніңіздер, өйткені, олар дүниеде ұзақ, көп заман патшалық қылады дейді. Мысалы, бұл хадис шын ба, өтірік пе оны сол молдалардың өздері біледі. Егер дұрыс болмаса да, ақыл соны тілейді. Мен, өзім түрік қауымдарының шахарларын, далаларын әр қилы бойына кезіп жүрдім. Түріктің тілі, хәм әдебиетін үйрендім. Түрік болсын, түрікпен, оғыз шекілі, яғма, қырғыз болсын бұлардың тіл әдебиеттерін білдім. Оның үстіне мен өзім түрік қауымының сөзге шешен, тілі тазаларынан бір кісімен Асылзаде, артық туған тұқымнанмын. Қылышпен шабуға, найзамен шаншуға ең ұсталарынанмын. Мінеки, руының үшін де, түрік қауымының әр табының тіл хәм лұғаттары менің миыма тамам тура кіріп отырды. Ол тіл, әдебиеті мен ең жақсы бір низамға тіздім. Бұл кітабымды жаздым. Сөйтіп, менің атым мәңгі қалсын, маған мәңгілік азық болсын, (2.1) кітабымды Халилдің «Китабул айн» деген кітабының формасына жақын қылып түздім. Сөйтіп, түрік тілі мен араб тілі жарысып барған, жүйірік аттай болып көрінсін (5.1) Арада түріктердің тіршілігінен айтатын өлендерді (шер) келтірдім (8.1). Түрік еліндегі тау, өзен, (дария) көлдерін жаздым. (26.1) Бірақ, түрік тіліне шеттен кірген сөздерді жазбадым және де Түріктедің руларын жаздым. Бұлар жиырма шамасында болады. Бірақ, ұсақ рулардың санын құдайдан бөлек ешкім білмейді. Бұл ұсақ рулардан мен түрікпен оғыз руын-ақ айттым, хәм олардың таңбаларын жаздым. Оның үшін бұл керек нәрсе, (28.1) түріктің ең шешен тілі (фасих тілі) түрік тілінен басқаны білмеген араб, парсыға мадани қауымдарға араласып жүрмегендерінен болады. (29.1). Әсіресе, елі Ертіс, Ямар, Еділ бойларында болады. Бәрінен фасих тіл хақандарында хәм оларға жақын жүргендерін де болады. (30.1). Түріктердің елі күнбатыста Рум, күн шығыста Қытайға дейін 8 мың парсах шамалы жерлерді алып отыр. Түрік елі сондай үлкен, адамдар мұны ашық түсінуі үшін мен жер дайрасын харита қылып жаздым.(31.1)

Түрік қауымы «Түрік бин Яфас бин Нухтың» балалары болды.(27.1). Құдай адам пайғамбарды «инсан» деп атаған. Әрі сол ат бүкіл адам балаларына сондай-ақ Түрік балаларына есім болып қалған хәм «түрік» деп есім берілген. Рум бин Айсұға қарап, барлық Рум қауымдары «Рум» деп аталғандай түріктерге хәм аталарының аты ат болып қалған. (293.1). Молдалар хабарынша Мұхаммед пайғамбарға құдай айтыпты-мыс:

«Менің бір әскерім бар, оларға түрік деп ат бердім. Оларға күншығыс жағынан қоныс бердім. Егер де бір қауымға ашуым келсе, осы түріктерді жіберіп билетемін (маслат қыламын)» деп. Түрік қауымын құдайдың бүкіл дүниенің басқа ұлттарынан айырып, оларға түрік деген атты өзі беруі, түрікті басқа ұлттардан айырған бір фадилат (артықтық) болады. Құдай түрік қауымын дүниенің ең биік жерлеріне, (Тянь-шань тауларын айтады) һәм жер жүзінің ауасы ең таза орынға жайластырды. Оларды өзінің әскері деп атайды. Түрік халқы осының үстіне сұлу, жүзі күліп тұрған, өзі әдепті, сыпайы, жасы үлкен адамдарға құрмет қылған. Айтқан сөзінен қайтпайтын, уәдесіне берік тәкәппәршілдікті, мақтануды білмейтін халық. Түрік қаһарман, батыр ұлт. Мұнан басқа да олардың мақтауға лайықты мінездері әрине көп. Соның ішінде өлең де айтылған.

Қышын кірсә, аны тірік едің, анға аның едші,

Мінкір тікір алфалық, мында ніру кісілур.

Яғни, біреуді мақтағанда «мұның жақсылығына, түрікте куә болады» деп айтылады. (294.1) Темір балаларының дәуірі жүріп тұрған замандарында киілген (шайыр) Науайының түрік қауымын мақтап айтқан өлеңдері (бұл туралы 1917 жылы Қоқанда шыққан «Юрт» журналының үшінші номерінде жазылған) сияқты. Махмуд Қашқаридің түрік қауымын мақтауды да, Селжуқылардан Алып Арсылан бүлікшілердің бүкіл ислам дүниесін өзідеріне қаратып, ғазнеуйлердің Үндістанды алып, қараханилардың бүкіл Түркістанның әр екі жағына қожа болып тұрған түрік шеукеті (могущество) тәсіліменен болған. Біз болсақ бұл ислам мәдениетін һәм шеукеті дәуірінде Арабстан, парсы ортасына барған түрік ғалымының араб, ислам мәдениеті алдында саскалақтап, таңырқап қалуын ойлар едік. Бұл кісі Дижле, Фрат жағасында тұрып, мұндай қылып құр көңілмен, өз ұлтын мақтауы һәм өз ұлтының тілін, әдебиетін, араб тілі құран һәм араб әдебиетімен «қатар жарысып барған ат» деп жарыстыру. Әрине, өз елінде Қашқар һәм Түркістанда мәдени сүйеніш арқа таянышы болған себебінен болады. «Диуани лұғат ат түрік» шынымен осыны Лұғат кітабы сыйдырған шамада ашып берді. Бұл кітаптан біз ол замандағы түрік дәулеттерінің ішкі түзелісін түріктердің ықтисади, ижтамай тіршіліктерін, дін ықтиқаттарын, түрлі тарих хикая ұғындыларын, нұрлы шаһар, қыстақтарын, жайлау, қыстауларын, мади һәм рухани мәдениетін үйренеміз. Мұнан да артық керекті болғаны әрине тіл һәм әдебиет жағы Махмуд Қашқари Тянь-Шань үстінде һәм оның екі жағында ұзын шекті, яғма, тухси қырғыз, ұйғыр, қыпшақ, имақ, басмал, татар, башқұрт, булгар, қарлұқ сияқты түрік қауымдарының тілдері тақырыпты осы соңғы заманда Радлов кітаптарында жазылғандай қылып татбиқи (сравнительная) фонеткасын берді. Түрік тіршілігінің әр жағынан алынған, һәр түрлі 238 шамалы таза түрік өлеңдері, һәр 270 шамалы

мақалдар, өте көп сөйлемдер келтіреді. Әсіресе, М.Қашқаридің түрлі руларының (ләһжә) (наречие) туралы берген мағлұмат өте қымбатты. Түрік сөзін араб хәрфімен жазған адам әрине, Қашқари бірінші (тұңғыш) адам болған. Ол араб әрпін түрік әріпі демейді. Түрік сөзін тек арабтарға һәм басқаларға түсіндіру үшін ғана араб әрібін жазады. Ол «түрік әрібін» деп ұйғырша әріпті-ақ біледі. Ұйғыр әріптерімен жазудың жол-жобаларын һәм араб-хәрфімен жазылған сөздердің ұйғырша қалай жазылғанын көрсетті. Араб әрпімен жазғанын асты, үсті (харакат) сүкінмен жазған, әр түрлі әріптің махражын (дыбыс шығатын орны). Әр харакат, сүкіннің қалай жұмсалуы жағында ашық мағлұмат береді. Соның үстіне, араб сөздері бәрі де асты үстімен жазылған. Мінеки, соның үшін де әр сөздің қалай айтылуы, мағынасы туралы еш қатесіз, ашық (қатағи) мағлұмат алынады.

Осы күнге дейін Қойнелі Халил деген адам тарапынан көшіріліп қалған арабша «түрік, моғол, парсы таржіманы» (хутсма һәм милиузанский нішірі) һәм Ибнул Хайян Әл Фарнатидің «Китабул адрак» және Мысырда табылған кулістан тәржімәсі, Қутби деген адамның бір кітабы және Радлов, гизе бастырған «Қоман хижесі – Кадикс команикс» һәм басқалар бар еді. Бірақ, олардың бәрі де XIII-XV ғасыр яғни, Моғолдардан соңғы дәуірге жететін және де бек аз, шала, қатасы көп жазулары бұзылған кітаптар еді. Соның үстіне олар бәрі де, Түрікпен, қыпшақ тілдеріне жататын кітаптар еді.

Күншығыс ләһжелерге яғни, бұл күнге дейін бәріне де ұйғыр тілі деп аталып жүрген тілге жататын Түркістандағы Кішиғат (открытие) заманында табылған, XIX-ншы ғасыр басынан-ақ майданға шыққан Машһүр «Құдатғу білік» кітабы тарайды. Әрине, бұл әсәрлар да аса қымбатты (мухим) әсәрләр. Бірақ, «Құдатғу біліктің» оқылуы, (чтения) өзі бұл күнге дейін, бұл тілдің мамандары Радлов, Томсон, Уамири, Моллирликов, Хартмандар арасында шешілмей жүрген бір талас мәселе еді. Соның үстіне, «Құдатғудың» нұсқаулары жаңарақ. Мысырда һәм Ферғанада жазылған. Араб харфімен жазылған нұсқаулары харекетсіз жазылған, тәржімесіз ибара (текст) ғана еді. Және де бұл ескі «ұйғыр» кітаптарының көбінің тілдері де анық халық тілі емес. Әдеби һәм бірталай шет (ислам яки будда) тәсіріне кірген тілдер еді. Махмуд Қашқаридің кітабы күншығыс, күнбатыс Токио хүкіметі бұзылғаннан, Моғолдар дәуіріне дейін келген. Түрік қауымдарының барлығының тірі (живой) халық тілі үстінде тексеру, һәм фини жолмен жазылған бір кітап болып, моғолдардан бұрынғы түрік қауымдарының охигитлері. Түрік тілінің соңғы романда тәшкіл еткен тармақ, (Группа)-ларының асастары туралы ашық аян, қатғы мағлұмат береді. Мұның арқасында, ескі ұйғыр әсерлерін әсіресе, «Құдатғу білікті» жаңадан қарап шығуға ләзім болады.

Һәм түркі тілдердің түрік әдебиетінің тарихы үйрену бабында жана дәуір кіргізеді. Махмуд Қашқаридің айтуынша (241)-бұл Түрік ғылымы және де Түрік тілінің Наху Сарфи туралы «Кітап Жауаһирун-нахуи луғат түрік» есімімен арнап бір кітап жазған екен. Егер бұл кітап та табылса, өте жақсы болар еді. Сонда дағы осы табылған кітабы әрине, оның ең үлкен, асыл кітабы. Мұныменен де Максуд Хасыл болады. Түріктің өз арасынан шыққан бұл ғалымның мадани, ижтимағи, тарихи ықтысади мағлұматтары, истилах (термин)-дары арқасында күн батыс Токио-Түрік хүкіметі бұзылғаннан татарлар дәуіріне дейін тұрған. Бұл күнге Шефкат Ибн Хрдатбе Қудам, Гурдізи, ауфи, уағайри сияқты араб, парсы жағрафия ғалымдарының ұзын құлақ хабарынша, жазған жарқым жұрты шанақ жазуларына һәм Қытай мағлұматына қарап үйретілген. Түріктердің ішкі тіршіліктері анық мәлім болды. Түрік ру һәм қабилаларының түзілісінде Түрік тілдерінде татарлар дәуірінде һәм онан соң хасыл болған төңкерістер. Луғат һәм ләһже мунасабаттары группаларға бөліну туралы бұл күнге дейін Фразия (гепотеза) болып қана жүрген һәм түрлі ғалымдар (мәселен, Радлов, Бартолд, Аристов, Корш һәм басқалар) арасында таласты болып жүрген түйіндер шешілді. Филжумле (вообще) қазақ-қырғыз, сарт (шағатай), өзбек, Түрікпен тілдерінің асылдары (түрі) мәлім болды. Бұл кітаптан алынған мағлұматтарды, біз ұзын қылып айрықша жаздық. Оны кітапханалары толық болған бір жерге барсақ, тәмамдап, түзетіп сәті түскенде бастырамыз. Әзірге, сонан алып әр бабтан біраз қысқаша мағлұмат жазамыз. Жазғанымызды мынадай төрт бабқа бөлеміз: 1) Махмұт Қашқариді (Түрік тарихына ағйд мағлұмат), 2) XI-нші ғасырдағы Түрік қабилалары туралы мағлұмат. 3) Түріктердің ықтысади, ижтимағи тіршіліктеріне ағйд мағлұмат. 4) Тіл, уа әдебиет шер, мақалдар һәм түрлі ләһжелер арасындағы фарқ һәм мұның бұл күнгі ләһжелерге мунасабаты.

Х.

Қазақ тілінің сингармонизм заңы

Қазақ тіліне сіңіп кеткен жат сөздер көп: *қала, молда, шілде, ақыл, айып, әділ, әлім, әдет, ылаж, өмір, ар, құрбан, әкім, аспан, дұшпан, заңғар, құн, береке, патса, дастарқан, сабын, бедеу, Асан, Үсен, Сәмеке, Шайбақ, Сидак, Мәмбет, Мәделі, әзіл, масқара, дәулет, апат, есен, шынжыр, несібе, серт, әсет, ақырап, жеді, дүйсембі, сәрсенбі* секілді тағы талай сөздің бәрі қазақ тіліне жат тілдерден кірген сөздер.

Бұл сөздер біздің тілімізге соншама сіңіп кеткен, қазақ халқы бұлардың жат екендігін сезбейді.

Байқап қарасақ, жоғарғы сөздердің бәрі де қазақ тілінің қай заңына да көнеді; қазақтың түбір сөздерімен бірдей болып өзгеріп, бірдей құбылады.

Қай жағынан қарағанда да бұларды жат сөздер деп айтуға болмайды. Бұларды жат сөздер десек ел көнбейді. Бұларды жат деген адамның өзін ел өзіне жат санайды. Сондықтан бұл сөздердің бәрі қазақ сөзі деп айтуға тура келеді.

Шет тілдерден келіп, қазақ сөзі болып кеткен сөздердің ата тегін қуып түбіне жете тексерсек, бұлардың асыл қалыбы біздің тіліміздегі қалыбына көбіне ұқсас емес.

Қазақ тіліне сіңу үшін бұлар танымастай болып өзгерген. Өзгергенде, бұлар қазақ тілінің заңдарына бағынатын болып, алдымен, сингармонизм заңына көндігіп өзгерген.

Өзіміздікі болып кеткен сөздің жеріндегі қалыбы сингармонизмге келмейді, сингармонизм заңымен жүрмейді.

Өзінің заңымен өзгертпей қазақ тілі ішіне ешбір жат сөзді алмай, кіргізбейді. Бұл ақиқат нәрсе. Бұндай заң, әсіресе жат тілдерден кірген қос сөздерде айқын байқалады. *Маделі* деген сөз *Мухамедали* деген сөздерден, *бисембі* деген сөз *панжшанбе* деген сөздерден, *Абдолда* деген сөз *Фабдолла* деген сөздерден шыққан; осы сықылды көп үлгілер келтіруге болады.

Өз сөзі қылып сіңіру үшін қазақ тілі жат сөздердің бірнешеуін қосып біріктіріп, сингармонизм заңына бағындырып, бір сөз қылып жібергені бар. Мәселен: «*жапа тармағай*» деген сөз арабтың (*жамған – туран – мағхн*-бәрі ұмтылу) деген сөздерінен шыққан. Осы секілді үлгілер аз болмаса керек.

Орыс тілінен қазақ тіліне кірген сөздерді тексеріп қарасақ, бұлардың да сингармонизм заңымен өзгеріп тілге сіңгені байқалады. *Самауар* (*самаурын*), *Бәселей*, *Шодыр*, *габрошке*, *жәшиенке*, *ламты*, *корпыс* секілді сөздерде сингармонизм анық байқалады. Осы сөздердің орыс тіліндегі асыл нұсқаларында сингармонизм жоқ.

Орыстың қалаларының, я жерлерінің атақтарына келсек, оны да қазақ не өз сөзіне аударады, не сингармонизм жолымен өзгертіп айтады. *Топайлы* (Тополевский), *Өрлік* (Орловский), *Кірімшік* (Гребеншиковский), *Сарытау* (Саратов), *Самар* (Самара), *Мәскеу* (Москва), *Харкеу* (Харьков), *Орунбур* (Оренбург), Омскамен (Усть-Каменагорск) деген сөздерде сингармонизм анық байқалады.

Губернетір, *үйез* (*ойаз*), *болыс*, *жандарал* (*боласнай*), *ауылнай*, *старшын* (*старшина*), *пәмәшинік*, *нәшәндік*, *судиа*, *пірістүп өрендік*, *пірпеске*, *әткес*, *шербі*, *сиаз*, *пірсетіл*, *переботшик*, *шетшик*, *песір*, *үшетіл*, *мұжық* секілді сөздердің көбін орынды ма, орынсыз ба тексермей, ел ішіне ықтиярсыз біздің оқығандар, әсіресе, тілмәштар кіргізді.

Оқығандар бұндай сөздерді нағыз орысшасынан бұлжытпай сөйледі, қазаққа бұлжытпай сөйлетуге тырысты. Қара халық оған көнбеді, өзінше аударып сөйледі. Жоғарыдағы жазылған жиырма сөздің бәрі де нағыз кара қазақтың айтуынша жазылған. Сингармонизм бұларда анық.

Қара халық өте сақ болады. Тұрмысына, салтына, елдігіне зиянды нәрселерді қабылдамайды. «Қара қарын» ел бұзады деп, жат рулардың адамдарын өте арасына сақтықпен кіргізгеніндей, шет сөздерді де сынап, тергеп, тексеріп, екшеп, өзгертіп, өз тілінің әдетіне лайықтап кіргізеді.

Сондықтан, оңаша жүрген елдің өз еркінде тұрғанда тілі бұзылмайды. Елдің тілін бұзатын, көршілес елдердің мәдениетін үлгіге алған, мәдениетті елдердің әсері.

Елдің тілі бұзылуына, ең алдымен оқығандары себеп болады. Бұлар жат әсерлерге бағынғыш келіп, ана тілін өзгертуге жол басшы болады.

Оқығандар өзіне ылайық әдебиет тілі деген тіл түзейді. Түзеген жаңа тілін ел ішіне жая бастайды, көбіне зорлап кіргізеді.

Әдебиет тілі дұрыстап түзелмесе, кара тілдің затымен жүрмесе, әдебиет тілі көп бұқараға түсініксіз жат тіл болады, елге сіңбейді; Сондықтан, жер жүзіндегі жұрттың көбі әдебиет тілін кара тілге жақын қылып, елге түсінікті қылуға тырысады.

Әдебиет тілінің қаруы – баспа мен мектеп. Баспа мен мектеп деген адам шошынарлық өте қайратты қару. Баспа мен мектепте қолданған тіл елге ақырында сіңбей қалмайды.

Мектеп пен баспаның тілі дұрыс тіл болса, елдің тілін көркейтіп, байытып, гүлдендіреді; мектеп пен баспадан қолданған тіл шатасқан тіл болса, ол ел – сорлы ел. Бұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды.

Қазақтың әдебиет тілі жаңадан басталды. Елдің кара тілі әдебиет тілімізге негіздікке алынды. Әдебиет тіліміздің табаны дұрыс салынды деуге болады.

Табаны дұрыс салынғанмен, үйді көркем болып түзеледі деп айтуға болмайды. Үйдің керегесі (дуалы), төбесі, есік-терезелері, түрлі әшекейлері көп болады. Осылардың бәрі дұрысталып салынғанда ғана, әр қайсысы өз орнына қойылғанда ғана үйді түзеліп бітті деуге болады.

Осы күні әдебиет тіліміз өте қарқындап, өсіп барады. Бір жағынан, өз сөзінен сөз тудырып байыса, екінші жағынан жат сөздерді кіргізіп, байып баратыр.

Тілдің өз сөздерінен туған сөз тілдің негізгі затымен тууы керек. Тілдің нағыз өз баласы болуы керек. Бұған ешкім таласпас та, таласпайды да.

Жат сөзді қолдаушылар екі түрлі. Жат сөздерді туғандағы айтылуынан өзгертпей кіргізу керек. Жат сөздерді өзгерту күнә деп, жат сөздерді тілімізге әдейі жорта, қалыбынан бұлжытпай кіргізіп отырғандар бар.

Бұл – бір. Екінші – не себепті екенін өзі білмей, ойламай, бір сөзді бір жерден қалай есітсе, я оқыса сол сөзді сол күйінше бұлжытпай, тілге кіргізіп, қолданып отырғандар бар.

«Қаскүнемдердің» саны аз, бірақ, аз да болса, қолында дәлелі бар. «Майымшілдердің» саны көп те, сапасы жоқ: бір сөзді бүгін былай жазады, ертең олай жазады, ұстаған жолы жоқ, әйтеуір, есі-дерті жат сөзді қолдану.

Бір тілге кірген жат сөз бейне адамның қарнына түскен тағам. Адамның денесі ішкен-жеген тамақтан түзеледі. Адамның денесі ет, сүйек, қан секілді нәрселерден түзелген. Сырттан қарағанда, бұлардың ішкен сүтке, жеген нанға тіпті ұқсасы жоқ. Ауыздан кірген, ішкен-жеген тамағымыз ішек-қарында уыттталып, сіңімді халге келеді. Сонан соң, қанға сіңіп, тұла бойға тарап, ет, май, сүйек, шеміршек болады. Құсықты, жынды, нәжісті адамның бәрі біледі.

Ауызға салған қазы мен қартаның ішек-қарындағы көжеге не ұқсасы бар?! Ауызға салған қып-қызыл алманың, құсыққа не ұқсасы бар? Құсықты, жынды жемек түгіл, адам көре алмайды. Көргеннен-ақ, жүрегі айнады.

Шындығында, құсық, жын, нәжіс ауыздан кірген тамақтан пайда болған. Микроскоппен қарағанда, я химия ретімен тексергенде, бұл анық болып шығады.

Ауыздан кірген тамақ сіну үшін, денеге «өзімдік» болу үшін дене заңымен өзгеруі керек. Дене заңымен өзгермеген тамақ, дене заңына көнбеген тамақ денеге сіңбейді, «Бұратана», «қара қарын» болып, денеге зиян береді. Тілге кірген жат сөздер де сіну үшін, тілге «өзілік» болуы үшін, сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай халге келуі керек. Бүйтпесе, жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырқын бұзады, тілге зиян береді. Тілдің қорықшысы, қара халық мұны жақсы біледі. «Жапатармағайдың» арабтың үш сөзіне, қандай ұқсасы бар?!

Жат сөздерді қолданғанда, тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөзді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер, дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады. Бұл туралы Аурупа тілдерінен алдымызда үлгі келтіреміз.

Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз деген – шатақсқандық. Бұл жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді.

Жат сөздерді өзгертпейінше жүргіземіз деп қазақтың тілін бұрағандар да, «мәдениетке үйретеміз, өнер шашамыз» деп, арақ пен шылым, жұқпалы ауру таратқандар да бір есеп. Арақ, шылым, аурулар адамның денесін бұза, зорлықпен кіргізген жат сөздер елдің түп қазығы болған тілді бұзады.

Қайсысының күнәсі көп?!

Тілімізге жат сөздер екі жақтап кіріп жатыр. Бірі – араб, парсы сөздері, молдаға оқығандар, екіншілер: Аурупа сөздері, ордаға оқығандар арқылы.

Араб-парсы сөздері біздің тілімізге дінмен бірге кіре бастады. Молдалар қаншама дін сөздерін дұрыс айтқызамыз деп бұраса да ел болмады. Жат сөздерді өзінше айтып, тілінің заңына ылайықтап қолданатын болады. Дін тілімізді бұза алмады. Бұған себеп – көшпелі салтымыз, көшпелі елге жазу-сызу таралмады. Жазба әдебиет жоқтық, бізді сақтады. Жазбасөз қазақ арасына он тоғызыншы ғасырдың екінші бөлімінде пайда болды десе болады. Онан бұрынғы есепке алынбайды. Жазбасөз бізге бір жағынан, Қазаннан, бір жағынан, Бұхардан келді. Араб-парсы сөздерінің де көбі осы көршілер арқылы келді.

Қазақтың балалары ноғай, сарт мектеп-медреселерінде оқитын болды. Медреселерде араб-парсы сөздерін өзгертіп айту зор күнәге есептелінетін еді. Молдалар қазақ арасына араб-парсы сөздерін бұлжытпай айтуды жазу арқылы үйрете бастады. Ана тілін бұзып, ноғайшылап, сартшылап сөйлеуді, жазуды шығарды.

«Хұрметлу изитлу қадырменде, зияда көруші ағамызға көп-көп саламларым бағыдунда, біз, тарафтан хал-ахуал сұрасаңыз, әлхамдуллә сағ-саламат тұрадырмыз» секілді, әдебиет тілі болған шатақ тіл пайда болды. Бұл тілді күні кешеге дейін молдалардан басқа да ел ішіндегі сөз жазған кісілердің бәрі қолданып жүрді. Хүкімет тілі де осындай болды.

Он тоғызыншы ғасырдың екінші бөлімінде қазақ елі отырықшы бола бастады. Өзара араласуы кеміді. Көршілес отырған «адабияты» бар ноғай-сарттардың тілі отырықшы елдің арасына жайыла бастады. Осы ағайындар арқылы бірқатар парсы-араб сөздері өзгермейінше тілімізге кіре бастады.

Көп қазаққа «шатақ» тілдің әсері жарытып тиген жоқ. Шатақ тілден сақтаған: 1) көшпелі салтымыз, 2) бай, ауызша айтылып жүрген ел әдебиеті, 3) Ыбырай Алтынсарыұлы һәм Абай Құнанбайұлы сияқты шын тіл қамқоры болған нағыз әдебиет тіліне жол салған оқымысты жігіттеріміз.

Дегенмен, «ноғай-сарт дәуірі» босқа кеткен жоқ. Қазақтың шын әдебиет тілі түзелгенде де, ноғайдың, сарттың мектеп-медреселерінде оқыған жігіттеріміздің көбі араб-парсы сөздерін өздері үйренген жалған жолмен жүргізе берді.

Басқа оқығандарымыз бұлардың соңынан ере бастады. Сондықтан, соңғы заманда пайда болған, қазақтың ұлт мектеп-медіреселері үшін жазылған құралдарда, оқу үшін жазылған кітаптарда көркем һәм білім әдебиеттерінде сингармонизм заңына ылайықсыз болып, жаңылыс жазылған жат сөздер өте көп ұшырай бастады. Газет-журналдарымыздың беттерін қарасақ, жаңылыс жазылған жат сөздермен толулы.

Кімнің, қай орында қате жазғанын түстеп жатудың керегі жоқ. Бұндай қателер жазушылардың бәрінде де бар.

Үлгі үшін осы күнде жаңылыс жазылып жүрген араб, парсы сөздерін сингармонизм жолымен, дұрыс жазып көрсетеміз. *Хұрмет (ұрмет), хәсірет, Хамид, Ахымет, рахымет, хажет (әжет), хатер, хәзірет (әзірет), Мұхамбет, бет-пақ, хадыс (хәдис), Әлі, пәрмен, Орымбет (Ор-мәмбет), көрек (хөрек), хәсте, миірман (мейірмен), миман (меймен), ытипақ, тағдыр, құдыс, мирас, мұғалым.*

Көрсеткен сөздерді жақшаның ішіне қойылған түрлеріндей кылып жазса да, қата болмайды.

Жіңішке айтылған сөздердің жалғаулары да жіңішке, жуан айтылған сөздердің жалғаулары да жуан болып қосылуы керек. *Тағдырге, мұғалымге, мейменге* деп айту-сызу жаңылыс.

Кейбір араб, парсы сөздерін екі түрлі айтуға болады. *Ғылым – ғылымға, ілім – ілімге, ғалым – ғалымға, әлім – әлімге, ғұмыр – ғұмырға, өмір – өмірге.* Бұлай айтылудан тілімізге келетін зиян жоқ. Қостуқ тіліміздің заңы. Тек жалғауларын ұйқастыру керек.

Сингармонизм заңына келмейтін болып тұрған кейбір сөздер бар. Арабтың *Мухаммуд* деген сөзін қазақ *Мәмбет, Мұхамбет, Махамбет, Мағамбет* деп өзгертеді. *Мәмбет* сингармонизмге толық келеді. *Мұхамбет* сингармонизмге жалалау көнеді. *Мағамбет* сингармонизмге қарсы.

Қазақ тіліне кірген араб-парсы сөздерін тергеп қарасақ, бір бөлек сингармонизмге жалалау көнген я көнбейтін сөздер ұшырайды. Бұлар тілге ықтиярсыз кіргізілген, бұзып айтылуына қарсылықты көп көрген. Тілді бұрап, алғашқы қалыбында сөйленуіне, жазылуына көп еңбек сіңірілген сөздер. Бұларды қазақ тіліне толық сіңіп, болды деуге болмайды. Бұлар шала сіңген сөздер. Жаттығын білдіртпей, бұларды тілге әбден сіңіріп жіберу, әдебиет тілінің міндеті.

Арабтың *Мухаммед* деген сөзіне қазақ тілінде сәйкес сөз *Мәмбет*. Бөтен түріктерде *Мәмед, Мемед* деп айтады. *Мұхаммед, Мұғамбет* деген молдалардың, оқығандардың қолданған, елге ықтиярсыз сөйлеткен сөздері. Бұлар, шала қазақ сөздері. *Махамбет, Мағамбет* осы шала сөздердің түзетілген түрлері. Жат сөздерді қазақ сөйлегенде айтып өз сөзіне жақындастырып, ұйқастырып айтуды жаратады. Мағамбет деген сөз жалқы айтылмайды. Алдында, қосымша қосылып айтылады. (*Қос-мағамбет, Қос-мағамбет*).

Махамбет деген сөзді қазақ екіге бөліп айтады: біреуі *Махам – Махан – Мақан*. Екіншісі – *бет*. Сондықтан *Махамбет* деп айту пайда болады.

Ханибет, Ханден деген сөздерді де, қазақ *Қани-бет, Қан-ден* деп екі бөліп айтады. *Қани-бет* секілді айтылуына ыңғайлы келетін тағы талай

сөздер бар. Осындай орындардың бәрінде де, жат сөз де қазақ тілінде екі бөлініп айтылады. Шындығында, бұл дұрыс болса да әдебиет тілімізге *Махам-бет*, *Қани-бет*, *Қан-ден* деп алу керек емес, *Махамбет*, *Ханибет*, *Ханден* деп алу керек.

Түрік тілінде түбір сөздер қысқа келеді. Түрік тілі ұзын сөзді жаратпайды. Мұндай қасиет қазақ тілінде айқын байқалады. Сондықтан, шет тілдерден келген сөздерді, қазақ тілі екіге, үшке бөліп айтуға тырысады. *Махмудтың Махамбет* (*Махам – Махан – Мақан* һәм *бет*) болуы да осыдан. *Қос – махмуд* деген сөз *Қос-бағам-бет* болып, қазақтың тіркелген үш сөзіндей айтылады. Сондықтан қазақтың айтуынша, сингармонизмнің заңынша жүрсек, *Қосмахмудты Қос-бағам-бет* деп жазу керек.

Қос Бағам-бет деп жазуды өте ерсі көрсек – онда ережеден тыс қалып, *Махмудтың Бағамбет* болуына көніп, *Бағамбет* секілді сөзді бір жазамыз. Бірақ, мұндай болып жазылудың айрықша тыс нәрсе екендігін өнемейін ұмытпай, жалпы ережеге аудармасқа керек. Бұлай болғанда, *Қос-махмуд*, *Дос-махмуд* деген сөздерді *Қос-бағамбет*, *Дос-бағамбет* деп екі боліп жазу керек. Алдыңғы сөз жуан болады да, соңғы сөз жіңішке сөзге балаңады.

Ұзын сөздің қысқасы, арабша, парсыша сөздерді арабша, парсыша айту керек емес. Қазақша айту керек, қазақ тілінің заңына көндіріп қолдану керек. Бір сөздің ішінде жуан, жіңішке айтылатын дыбыстар аралас келмейді. Сондықтан, бір сөздің ішінде бір жағынан «к», «ғ», екінші жағынан «к», «г», «е» дыбыстар кірмесін. Жуан сөздерге жіңішке жалғаулар, жіңішке сөздерге жуан жалғаулар жалғанбасын.

Жат сөздерді қалай қолданудың ұлы бағытына түсінген соң, әрбір сөзді дұрыстап жазу қиын емес.

Тілімізді байытайын деп тұрған екінші түрлі жат сөздер – Аурупа сөздері. Бұл сөздердің жаңғыз-жарымы болмаса, елге сіңгені жоқ. Бұларды қолданып, елге ықтиярсыз кіргізейін деп тұрған әдебиет тіліміз. Аурупа сөздері соңғы заманда әдебиет тілімізге жапа-тармағай кіріп жатыр. Сондықтан, бұлар туралы да біраз ғана сөз айтпақшымыз.

Аурупа тілдері бірнеше топқа бөлінеді. Бізге керегі мына үшеуі: 1) румын тілдері, 2) хермен тілдері, 3) слабиян тілдері. Бірінші топқа француз, итальян, португалия, испания, румыния тағы басқалар тілі кіреді.

Херман тобына: неміс, норвегия, швед, дания тілі кіреді.

Ағылшын тілі неміс тіліне жақын, хермен тілі мен франсуз тілінің араласуынан пайда болған.

Слабян тобына: орыс, хахол, поляк, болгар, серб тілі кіреді.

Әр топтың ішіндегі тілдер бір-біріне жақындығы біздің түрік тілдерінің (ноғай, қазақ, қырғыз, өзбек, түрікпен, осман) жақындығындай.

Әр топтың бір-бірінен айырмасы, түрік тілінің монғол я фин тілінен айырмасындай.

Аурупа жұрттарының ғылым тілі қылып алған тілі – латын тілі. Латын тілінде бұл күнде сөйлейтін ел жоқ. Латын тілінде бұрынғы заманда рум халқы сөйлеген. Румдардың тұқымы бұл күндегі италияндар мен румындар.

Латын тілінде сөйлеу, я кітап жазу бірден бірге қалып баратса да, сонда да Аурупа ғылымындағы атаулардың (терминдердің) бәрі латынша.

Латын тіліндегі терминдерді ешкім қалдыруға ниет қылған жоқ, қалдыруға қолдану да келмейді. Ғылым ұлғайған сайын латын терминдері де ұлғайып барады.

Аурупа жұрты латын сөздерін термин қылып қолданғанда, бұлжытпай алып отырған жоқ. Әр сөзді әркім өз тіліне бейімдеп, өзгертіп қолданып жүр. Сөзді өзгерткендер әрқайсысы өз тілдерінің заңымен өзгертеді. Мысал үшін, бір азғана үлгі келтірелік.

Латынның *портсио* (*порцио*) деген сөзін неміс *портсион* (*порцион*), орыс *портсиа* (*порция*) деп қолданады.

Латынның *Пилантатсио* (*плантация*) деген сөзін француз *плантаж* (*плантаж*), орыс *пилантатсиа* (*плантация*) деп қолданады.

Латынның *провиденция* (*провиденция*) деген сөзін неміс *провидент* (*проидент*), француз *пробинданс* (*провиданс*), орыс *пробинденна* (*провидения*) деп қолданады.

Осындай көп үлгілер келтіруге болады.

Румын (латын), герман тілдерінде шолақ «у», «h», «е» дыбыстары бар. Орыс тілінде мұндай дыбыстар жоқ. Сондықтан, орыстар шолақ «у» дыбысын «в» дыбысымен, «h» деген дыбысты «г» я «и» деген дыбыстармен сөйлейді.

Біздің қазақ-қырғыздың ішінде Аурупа тілдерін жақсы білетініміз аз, көбіміз білмейміз. Аурупа сөздері бізге орыс арқылы жалғасады.

Сондықтан, Аурупа сөздерін, орыстың айтуынша қолданып жүрміз. Бұл дұрыс емес. Аурупа сөзін асыл нұсқасынан алып, өзгертіп қолдану керек.

Орыстың айтуы Аурупаның айтуынан қандай айырылатынын төменгі үлгілерден байқауға болады. Латын сөздерін қазақша жазып, орыстың айтуын орысша жазып көрсетеміз.

Аудиториум (*аудитория*), *аутор* (*автор*), *аурора* (*авторе*), *аутономиа* (*автономия*), *аутомобилиус* (*автомобиль*), *Данаус* (*Донай*), *һиспание* (*Испания*), *һистория* (*история*), *һелена* (*Елена*), *құуадратус* (*квадрат*), *һипнозис* (*гипноз*), *һұманитһус* (*гуманный*), *һоризонт* (*горизонт*), *һигиена* (*гигиена*), *һимн* (*гимн*), *һолланд* (*Голландия*), *Уильһелм* (*Вильгельм*), *Хермен* (*Герман*), *Уиена* (*Вена*), *тағы талайлар*.

Аурупа сөздерін ала қалсақ, біздің білуімізше мынадай жолмен алу керек.

1) Аурупа сөздерін алғанда, сөзді қазақ-қырғыз тілінің заңымен өзгертіп, сіңуге қолайлап алу керек. Аурупа тілінен бізге әсері көп тиетін тіл – орыс тілі, орыс сөздерін ықтиярсыз көп қолдануға керек болатын дәуірде тұрмыз. Сондықтан, орыс сөздерін қолданғанда, өте сақтық керек.

2) Күнбатыс Аурупа сөздерін алғанда, түбін тексеріп, шамадан келгенше сөзді түпкі иесінің сөйлеуіне жақындатып алу керек. Сөз француздікі болса, француздың айтуына, немістікі болса немістің айтуына жақындатып алу керек. Көпке дейін Аурупамен біздің арамызға орыс тілі дәнекер болады. Орыстар Аурупа сөздерін өзінше өзгертіп алады. Мұны үнемі ұмытпасқа керек. Аурупа сөздерін орыс арқылы алғанда, өте сақтық керек. Аурупа сөзін орыс өзгертіп, орыстың өзгерткенін біз тағы өзгертсек, ақырында, Аурупа сөзі орынсыз танымастай болып кетіп, аурупаша да болмай, орысша да болмай шатақ болуы мүмкін. *Копенгаген* дұрыс емес, *Көпен-гаген* я, *Көпеньгаген* болуы керек. *Гелсингфорс* дұрыс емес, *Гелсинк-Форс* болуы керек. Бұндай үлгілер көп.

3) Румын, герман сөздері жалпы айтқанда, жуан айтудан гөрі жіңішке айтуды сүйеді. «Л» деген дыбыс бүтіндері де, өнемейін жіңішке айтылады. Сондықтан, ішінде «л» дыбысы бар Аурупа сөздерін жіңішкертіп айтқан сөздің түбіне жақын, қолайлырақ болады. Немістің «*Ланд*» деген сөзі кірген сөздерді жіңішкертіп айтқан тіпті артық.

Мәселен, *Голландия* дегеннен *Голлэндие* деген сөздің асыл нұсқасы жақынырақ болады.

4) Француз тілінде сөздің басуы (ударение) соңғы буынының ішіндегі дауысты дыбыста болады. Қазақ-қырғыз тілінде де осындай қасиет бар.

Сондықтан, Аурупа сөздерін өзгерткенде, француз тілін үлгіге алсақ көп жеңілдік көреміз. Мәселен, латынша *механікус* деген сөз орысша *механический*, французша *механик* болады. Бұл сөзді қазақша *механик* деп алуға болады.

5) Аурупа сөзін алғанда, түбірін сингармонизмге көндіріп алған соң, жалғаулардың да бәрін сингармонизм заңымен жалғау керек. Алған түбірден туынды сөздерді өз тіліміздің заңымен тудыру керек.

Мехенікіші, *мехеніктемек*, *химие*, *химиеші*, *химиемек*, *химиелеу*, *гулейттемек*, *гулейттеймін* (*гулайт етемін* деген дұрыс емес). *Анатомия*, *анатомиамақ*, *анатомиаламақ*, *анатомиашы*. Көп ұшырайтын Аурупа сөздерін біздің ойынша, былай айту хәм жазу керек.

Хермение (*Гер-мания*), *Туркие*, *Гыспания* (*ғыспение*, *Әнгілие*, *Голлэндие* (*Голландия*), *Бірәзylie*, *Ірлэндие* (*Ирландия*), *Финлэндие*, *кәмесие*, *кәнференсие*, *сексие*, *реперетсие*, *Ителие* (*Италия*), *Гындия* (*БІндық*), *Аурупа* (*Еуропе*), *химие*, *фййзиелогие*, *пәтөлөгие*, *гыgiene*, *мәтеметике*,

әріфметике, бийелогие, резолитсие, Әмерике (Әміркен – Амырқан), Әфірике, Азия, Ауыстырала, Нәрбегие, Шібетсие, Шібетсерие, Сербие, Романиа, Пелше, фіренік, маркы, Дәние, кәмесер, Түркістен, ысполком (ыспалқом), зәбкәм (зәбқом), гүбірне (зәбырна), әренде.

Қазақ негізгі түбір сөзінде бас буынынан басқа орында сөздің ішінде «і» дыбысы естілмейді. Бөтен түрік тілдеріндегі «і» біздің тілде «е» болып кетеді. Сондықтан, бөтен тілдерде бар *де, дән, нән, ләр (дәр)* біздің тілде: *да, ден, нен, лер* болып айтылады.

Жат сөздерді қолданғанда, ішіндегі «ә» дыбысты «е» қылып қолдану керек.

Сонда, бізге «*елеген*» жалғаулардың үстіне, «*әлеген*» жалғаулардың керегі жоқ болады.

Жәміле, Мәлике, кәлендер, фебірел, декебір, сентебір, кәмесие, кемисер, Лейле, кітеб деп айту да керек, жазу да керек. Бірқатар азаматтарымыз, ел *Жамила, Ләйлә, Хамила, Фебрал* деп сөйлейді деуі мүмкін. Бұлай айтушыларға мынадай жауап береміз, шын қазақтың өзіне салсаң *календарь* деп, тіпті айтпайды, не *кәлендер*, не *қаландар* деп айтады. Бұлай қылып айтуды түрік тілінің заңы бұйырады. Өңге сөздер де *кәлендер* сықылды сөйленеді.

Елді ықтиярына жібермей, шатастырып отырған, әуелі молдалар, сонан соң, біз – оқығандар. Жолтосбай болып, біздер жат сөздің әбден сіңіп кетуіне кедергі болып жүрміз.

Жамила, Ләйлә, календар, фебрал деп оңды-солды елдің құлағына құйып, балаларға үйретіп тіл бұзуға себеп болып жүрміз.

Оқығандарға енді мұны қою керек. Тілді бұзу емес, тілді ұстарту жолына түсу керек.

Сингармонизм заңымен байланысқан қазақ тілінде мынадай заңдар бар: 1) Қазақ-қырғыздың түбір сөзінде бір дыбыс екіленіп (таштиденіп) келмейді. Сондықтан, жат сөздердегі екіленіп айтылатын дыбысты қазақ-қырғыз не бір дыбыс қылып айтады, не соңғысын бөтен дыбысқа аударады.

Молла – молда, үммет – үмбет, алла – алда, аууал – әуел, жиннат – жәндет, суннат – сүндет.

Тіліміздің заңы осылай болған соң, жат сөздерді алғанда ішіндегі бір дыбысты екілетіп айту, жазу керек емес.

Мұғалым, қуат, қодыс, муезін, зәре, митал (метел), хылорупіл деп жазу керек.

Осы заңның бойынша *сұу, тұу* секілді сөздерде бұрынғы *ұу* жазуымыз дұрыс емес еді. Бүгінде қатемізді түзеттік; екі «*қу*»-ны қатар қоймай *ұу*-ның орнына *ұу* жазатын болдық. Бұлай қылғанымыз жоғарғы айтылған заңнан шығып отыр.

2) Қазақтың түбір сөзінде екі дауыссыз дыбыс көршілес қатар тұрмайды. Өнемейін арасында дауысты дыбыс болмақшы. Қазақ сөзінде

екі дауыссыз дыбыс көршілес қатар тұрса, онда сөздің екі сөзден құралғанын я, сөздің ішінде жалғаудың барлығын көрсетеді. *Бүркіт, көгершін, шекбен, кетбен, тышқан, іркіт, бөктергі, борсық, жылқы* деген сөздердің түбірі: *бұр, көгер, шек, кет, тыш, ір, бөк, бор, жыл* болуы керек те, қалған бөлімдері жұрнақ болуы керек.

Олай болмаса, *бүрікіт, көгерішін, шекібен, кетібен, тышықан, іркіт, борысық, жылқы* болуы керек.

«Сананың» бірінші нөмірінде емле туралы жазғанда, Ф. Ф. ұлым (*ел*), ұлт (*итті*), жылыт (*көріну*), жылыт (*ысыту*) секілді үлгілер көрсетіп, бұлардың әрқайсысы әр түрлі айтылады, бұларды жазғанда мағынасын айыру қиын. Сондықтан, бітеу буында «*ы*» («*і*») дыбысын қалдырмай жазу керек дейді, жоғарғы көрсетілген сөздердің бәрінде де «*ы*» дыбысы бар, бірақ, сөзде бұл дыбыс ұзындау айтылады. Біреулерінде қысқалау айтылады. Бір дыбыстың біресе ұзындау, біресе қысқалау айтылатыны, тіл болған жерде болмай қалмайды. Сондықтан, мұндай ұсақ айырмаларды жоюға таңбалар шығара берсек, тіліміздің қағидаларын өте қиындатып жібереміз; бұлай қылудың керегі жоқ.

Бірқатар сөздерде екі дауыссыз дыбыстың арасындағы дауысты дыбыс жоқ секілді болып көрінуі де «*ы*» дыбысының өте шолақтанып, қысқа айтылуынан болса керек.

Сингармонизм заңы жалғыз қазақ тілінің емес, түрік тілінің заңы. Тек түрік тілінің емес, орал-алтай тобына кіретін тілдердің заңы.

Орал-алтай тобы мынадай тілдерге бөлінеді: 1) фин тілі, мадиар-оңғар, фин (сууами), есті, мордва тағы талайлар. 2) самоиет (қасууами), 3) түрік, 4) моңғол (қалмақ, бурлят), 5) тоңғыз. Түріктің бұрынғы тарихы қытай, араб, парсы тілдерінде жазылған. Бұлар түрік-моңғол сөздерін орасан өзгертіп жіберген.

Тарихтағы жаңылыс сөздерді түзетіп алуға сингармонизм заңы жол көрсетіп отыр. Ноғай тарихында *Селенх* деп жазылған, бұл дұрыс емес, сингармонизм заңынша *Селенге* я *Сылангы* болуы керек. Шындығында, *Сылаңғы. Селжуқ* дұрыс емес, не *селжік* болуы керек, не *салжық, сілжік* болуы керек.

Тарихтағы адамның, жердің аттарын алғанда, осы күнгі қазақтағы адамдардың, рулардың, жердің аттарымен салыстыру керек; *Құбылайды Көбілей, Тулагуді Әлеке* деу керек; *Шыңғыздың* атын *Темучин* деу дұрыс емес, *Темірін* я *Теміріні* болуы керек.

Түрік, моңғол тілдерінің тұқымдас, тумалас екендігін, қытай тілінде «*р*» дыбысының жоқтығын ескерсек, *Шыңғыздың* аты *Теміріні* болуға қолайлы бола қалады.

Осман түріктерінде сингармонизм болғандығы жаулап алған Аурупа жерлерін атауларынан айқын көрініп тұр. *Істанбол-Константинополь*,

Әдірне-Адрианополь, Иәнине-Янина, Азмыр-Смирна, Марыш-Марица, Бақрж-Бухарест, Олах-Волахия, Багдан-Молдавия, Росшық-Рушук, Шетиние-Цетинье, тағы талайлар.

Россияда орысша жақсы, ең жақсы таза сөйлейтіндер түріктердің оқығандары. Әсіресе, ноғайлар мен біздің қазақ-қырғыздар; ермелі грузиндер, немістер, латыштар, финдер орысша жаман сөйлейді. Бұлардың тілінде өнемейін акцент деген нәрсе білініп тұрады.

Бұның себебі мынау – соңғы уақытқа дейін біздің Россиядағы түріктерде мұсылманша оқыту бар еді, ұлт оқытуы жоқ еді.

Орыс мектептеріне кірген балалар ана тілін оқып, әбден жаттығып кірмей, ана тілімен таныс болмай тұрып, орысша оқи бастайтын еді. Орыс мектептеріне кіргендердің есіл-дерті, орыс тілін жақсы білу, орысша жақсы сөйлеу болатын еді. Орыс мектептеріндегі оқытушылардың да бар тілегі, жас өспірімге орыс тілін жақсы білдіріп, орыс тілін ана тіліндей қылып жіберу еді. Осылай болған соң, бірнеше жыл орысша оқыған балалар орысша орасан шебер болып кететін еді. Ана тілінің заңын, әдетін ұмытып кететін еді. Ана тілінің нақуы, сарфы жоқтығы, орыс тілінің астамдығы, болашақтағы пайдасы адамды қызықтыратын еді.

Жасында ұлт мектебінде дұрыстап оқыған адам ана тілінің заңын ұмытпайды. Бөтен тілдің сөздерін, ана тілінің заңымен айтамын деп шатасады. Акцент туады, бөтенше сөйлеуге, бөтен елдің адамынан айырылмастай болып сөйлеу бұларға өте қиын болады. Бұлардың жат тілде сөйлегенде, жаттығы білініп тұрады. Өз тілін жақсы білген түрікке Аурупа тілдерінде сөйлеу қиын болса керек.

Сонда да, біздің ноғай, қазақ сықылды түріктер, орысша соншама жақсы сөйлейді. Бұлардың орыс еместігі жақсы сөйлегеннен білініп тұрады. Оқыған түрік орыстың нағыз әдебиет тілімен сөйлейді. Нағыз орыс көбіне жасында, үй ішінде үйренген тілімен сөйлейді. Оқыған түріктер орыстың әр дыбысын школда үйренген қалпымен айтады. Сондықтан, орыс школында қатар оқыған орыс, қазақ балалары диктовка жазғанда қазақтар қатесіз жазады. Орыстар қатемен жазады.

Мектепте ана тілін жақсылап оқыған балаға орыс сөздерін көпке дейін дұрыстап сөйлеу мүмкін емес.

Біздің айтайын дегеніміз мынау. Орысша жақсы сөйлеймін деп мақтану керек емес, ойлаңқырау керек.

Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең бұл сүйініш, ана тілін білмей тұрып, орысша жақсы сөйлесең бұл күйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілді еліктей беруі зор қате. Бұл оқығандардың есінен шықпауы керек.

Х.Досмұхамедов

«АҚ ЖОЛ» ГАЗЕТІ

(1920–1926)

«Ақ жол» газеті 1920 жылдың 7-желтоқсанынан бастап 1926 жылға дейін Түркістан республикасының кіндік өкіметі атынан Ташкентте аптасына үш рет тұрақты шығып тұрды. Газет бетіндегі материалдар мазмұнына қарай төмендегі айдарларда жарияланған:

1. Басқармадан;
2. Сыртқы хабарлар;
3. Ішкі хабарлар;
4. Бұйрық-жарлықтар;
5. Әйел теңдігі;
6. Жастар арасында;
7. Ресми бөлім;
8. Елден;
9. Басмашылар тарихы;

«Ақ жолға» әр кезеңде С.Қожанов, Қ.Құлетов, С.Оспанов, И.Тоқтыбаев, Н.Төреқұлов, Т.Байқасқұлы, М.Қайыпназар секілді Алаш азаматтары басшылық жасайды. Газеттің 271–305 сандарын Түркістандағы жазушылар ұйымы шығарады. «Ақ жолдың» орташа тиражы – 1800 дана.

«Ақ жол» газеті мен эмиграциядағы М.Шоқайдың «Жас Түркістан» журналынан «ортақ байланыс» тапқан Сталин жорамалынан соң, РК/Б/П ҚЫРӨЛКЕКОННЫҢ 1925 ж. 10 маусымдағы Бюро мәжілісінің №69 хаттамасы бойынша «Ақ жол» газеті қайта ұйымдастырылып, редакциясы Ташкент қаласынан Шымкентке көшіріледі.

1925–1926 жылдары «Ақ жол» газеті Сырдария атқару және партия комитетінің органы ретінде Шымкент қаласында басылып тұрды.



Тіл мәселесі

Бұрын патшалық дәуірінде тіл мәселесі қазақ-қырғыз, ноғай-башқұрт, өзбек, түрікпен секілді «бұратана» жұрттар үшін зор саяси мәселелердің бірі еді. Ол кезде мемлекет тілі орыс тілі, заң-заңдар орыс тілінде, оқыту да орысша болатын. Ескі хукімет орыс тілі тек мемлекет тілі болуымен де көңілі көншімей, «бұратаналардың» тілін, дінін, ұлттығын жою саясатын бірте-бірте жүргізе бастаған еді.

Миссиялар ашты, миссионерлер шығарды. Түрік қауымдары қолданып келе жатқан араб әліппесін жоғалтып, оның орнына орыс жазуы мен Инжіл, Часослов, Псалтир секілді христиан дінінің кітаптарын қазақша, ноғайша һәм басқа тілдерде басып шығарып, халық арасына тарататын болды. Жас күнімізде «Құдай Тағала Авраам пайғамбарға құрбандыққа қосқар жіберді» деп оқитын едік.

Орыстан басқа жұрттар мекемелерге өз тілінде арыз жазуға, өз мұңын шағуға болмайтын еді. Мәселен, судьяның өзі де һәм оның алдына жүгіне келген талапкер мен жауапкердің бәрі қазақ болса да, «зақон бойынша» қазақ судья қазақтардан переводчик арқылы орысша жауап алатын еді.

1909 жылы дала уалаятының генерал-губернаторы Шмидт Ақмола, Семей облыстарында «орыстың тілін білмеген, хатын танымаған қазақ болыс бола алмайды» деген жарлық шығарып еді. 1913 жылы Ташкент семинариясының директоры миссионер Остроумов бір учительге «қазақша әліппе жазасың, бірақ, ішінде «Алла» деген сөз болмасын, «Құдай патшаны сақта» деген өлең қалмасын» деп бұйырған еді.

Орыс тілінің базары көтерілді, күннен-күнге қадірі артты. Азғантай оқыған еңбектері кәдеге асып, төре болды. Түйме тақты. Көкке қарады. Переводчиктердің араны жүре бастады. Қазақ арасында, әсіресе, Түркістанда переводчик деген өз алдына бір тап болды. Қазақ, қырғыз, орыстан бір қорлық көрсе, өздерінен шыққан переводчиктеріне екі есе жем болды. Түркістанда бұрын айына 15-20 сом жалақы алып тұратын переводчиктердің көбі 50-100 мың үй мүлік, бау-бақшаға ие болды. Қазақ ішінде болыстарға писарь болғандар 2-3 жылдың ішінде еріксіз байыды. «Ел билеген бір-екі ауыз орысша былдырлап, оттай білген атқа мінгендердің алды полковник, арты хорунж шенін алды. Омыраулары медальға толды. Надан халықтың көзінде «құдай тілегін берген, әруақ орнап, нар шөккен орын» болды.

Сөйтіп, жұрттың көбі орыс тілін, орыс оқуын білімді, өнерлі болу мақсатымен үйренбей, дәреже алу, төре болу үшін оқитын болды.

Қалада оқып жүрген балалардан елге келгенде, «шырағым қашан төре боласың?» - деушілер, қалжыңы жоқ шынымен сұраушы еді. Мұның түбі неге соғатынын тың көбі қапелімде сезген де жоқ.

Көңілінде дәнеңе жоқ шолада оқып жүрген жас балалар, тіпті үлкендер де, біріне-бірі орысша хат жазатын болды. Өзара орысша сөйлесетін болды.

Көрген өнегесі, алған тәрбиесі осылай болған соң, орысша оқығандар халықтан алыстап, өз елін өздері менсінбейтін кеселге ұшырай бастады.

Ұлтшылдықты біз осы күні ғана жек көріп отырмыз, күні кеше мұнан үш-төрт жыл ғана бұрын, коммунизм, интернационализмінің иісі мұрынымызға келмей тұрғанда, қазіргі жиреніп отырған ұлтшылдардың өзіне зар еді. Ол уақытта бізді ұлтшыл қылған ұлтшылдарға зар қылған жоғарыда айтылған патша хукіметінің саясаты еді. Ол саясат пәлесі Россиядағы «бұратаналардың» бәрінің басына бірдей келгендіктен, «айлас қатын мұндас» дегендей, діні бір, қаны бір, тілі, негізі бір түрік қауымдары күңкілдесіп, «шын орыс саясатынан» құтылу үшін «Жалпы түрік тілін біріктіру» деген пікірге келе бастады. Бұл жолды бастаушы марқұм Исмайл бек Гаспиринский еді. «Түркішілдердің» ойы жеке-жеке, жұтылып кетуіміз оңай болар, бәріміз қосылсақ, тамағынан өтуіміз қиын соғар» дегендік еді. Бұл пікірдің басқа жағы да бар шығар. Бірақ, біз өзіміз осылай түсінуші едік. Әйтпесе, бәрі бірдей түріктің баласы болғанымен, Қырым ноғайын Қазандық, Қазан ноғайын өзбек, башқұрт, қазақ, түрікпенді башқұрт анық түсінбейтін. Бұлардың бәрі ортақ бір тілмен оп-оңай сөйлесіп, кете алмайтынын білетін едік. Енді, бұл күнде жиһангерлік саясатынан құтылдың. Әр халық өз тілінде оқуға, жазуға, өз тілінде тергеуге, өз тілінде тергелуге тиіс. Мемлекет законнан бастап ауылнай комитеттердің ісіне шейін, жазу әр халықтың өз тілінде болу керек. Бұған енді дау-дамай жоқ. Тек, жүзеге шығару ғана қалды.

Ол хукімет өлген, бұрынғыдай енді тіл үшін алысу-арбасудың қажеті жоқ. Сүйекке сіңген ескі дерттен құтылмай, бұл күнге шейін орыстан хатшы алып отырған болыстар бар. Мұның атын өшіріп, енді «орысшалауды» ұмыту керек. Кеңес хукіметі қазір сауатсыздықты жоғалтпақ болып отыр. Олай болса, өзінше хат танымайтын бір азамат қалмай махкамаларда, соттарда жауап беру түгіл заң-законды өз көзімен, өз тілімен оқи білмейтін біреу де болмасқа тиіс.

Ортақшыл партияның һәм оның жолымен жүрген Кеңес үкіметінің негізгі мақсатының бірі – жер-жүзінің еңбекшілеріне ортақшыл пікірін тарату. Миына сіңіру, сол рухта тәрбиелеу. Бұл мақсатқа жетудің бірден бір шарасы әр халықты осы жолға үндеу, түсінікті тілде үндеу.

Жер жүзіндегі езілген жұрттардың бірі біздің қазақ-қырғыз екені рас болса, бұл жұртты теңгеру үшін көзін ашып, өнер-білім үйретіп, үгіт-насихат тарату. Қажет болса, қазақ-қырғыз тіліне тоқтаусыз жол ашып, бүгіннен бастап «Тілмаш жоқ, тақсыр менікі, тілмаш жоқ» дегізіп, қазақ-қырғызды енді сандалтпау керек.

Азамат

Ресми бөлім

Ортақшылдар партиясының кіндік комитеті мен Түрік бюросының жарлық хаты.

Түркістанның ортақшыл партиясы, отаршыл-обырлардың карсылығына қарамай-ақ, саяси мақсатына жете бастады.

Партия мүшесінің көбі Түркістанның жергілікті халқы – қазақ, қырғыз, өзбек һәм түрікпен деп білгендіктен, партия ұйым һәм ұйыстыру, мұсылман жарлы-жақыбайларының ғұрпына лайық ұйымдармен қатынасып, қолайласуы тиіс.

Ортақшыл партия күншығыстың езілген еңбекші халқының өз билігін, өзіне беруге ыждаһат етеді. Себебі, өз билігін өзі алса, жергілікті халықтар қанішер байлардың құлдығынан құтылуына билігі болады.

Басқа жерлерден гөрі, әсіресе, күншығыста, оқу, оқыту, жалпы халық ағарту істері, ұлт мәдениеті болсын, осы уақытқа шейін қанішер байлардың қолында болып келді. Бұған себеп те халықтың дін жағынан яки басқаша тұрмыс-тіршілік жағынан болсын баспалдақтығы.

Ескі араб емлесімен оқу, жазу үйренуге он жыл керек еді. Бұл еңбек үшін туған халықтардың қолына түспейтін уақыт: өйткені, орта ғасырдағы оқу – тек дін кітабын ғана жаттатудан басқа түк білім бермеуші еді. Ғылым жергілікті қазақ, қырғыз, өзбек һәм түрікпен тілімен болмады. Сондықтан, күншығыстағы езілген ұлттардың ұлт мәдениеті турасында ғылым әлгіндей болғаннан кейін, еркіндеп пайда бере алмады. Соның үшін де жаңа емле, жаңа ғылым, жаңа мектеп, ұлт тілін, мәдениетін жүргізу керек болды. Мұны керек қылып, халыққа басшылық еткен де жәдитшілер еді.

Езілген халықтардың халық ағарту жолындағы ұлт мәдениетіне, Кеңес хүкіметі қарсы тұрмайды. Қайта ондай езілген ұлттарға ұлт мәдениетін түзеу үшін керекті құралын тауып беруге, күшін көбейтуге ыждаһат етеді.

Ортақшыл интернационал партиялардың арасында орыстық, мұсылмандық жоқ. Бірақ, өз тілімен амал еткісі, сөйлегісі келетін ұлттар бар: француз, неміс, қазақ, өзбек, түрікпен деген сияқты барлығының да құқығы бірдей. Ортақшылдық барлық халыққа бірдей. Әркім өз ұлтын ілгері жүргізуге ықтиярлық. Бұл уақытқа шейін ортақшыл партияның саяси, үгіт-уағыз жұмыстары езілген халық араларына әлі еркіндеп дұрыс жүргізілген жоқ. Партия бұл күнде анық түсінді:

Аймақтағы халықтың көбі қазақ, өзбек, түрікпен екендігін, солай болған соң, жергілікті халықтар арасындағы жұмыстар да айрықша мұсылман бөлімінің істері ғана болмай, барлық партияның міндеті екендігінде.

Мұсылман дейтін бір ұлт жоқ. Мұсылманның тілі де жоқ, бар: қазақ, өзбек, түрікпен, парсы тілдері ғана. Егер, Түркістандағы ортақшылдар партиясының атынан «пантүркизмге» кіргісі келіп, һәм қазақ, өзбек, түрікпенге бөлінулерін өтірік бөліну деп жариялағысы келсе, ол уақыт мәдениет қуып, ел болуына қарсы шыққан қанішерлердің айналасы болады. Ортақшыл партия ұлт кемшілігінде жүрген қазақ, өзбек һәм түрікпендерге байлардың жәрдеміңсіз-ақ ұлт мәдениетінің жолын табуға көмек қылуы міндет, тек қазақ, өзбек, түрікпен һәм басқа ортақшылдар. Өздері байлар халық ағарту істерін қолға алып, сол жолға басшылық етулері тиіс.

Мұны партияның саяси үгіт-насихат қылатын бөлімі арқылы жергілікті халықтардың тұрмыс-тіршіліктеріне үйлесімді қылу керек. Өзбекті татар ағарта алмайды. Қазақты, өзбекті, түрікпенді һәм татарды ағарту үшін орыс тілімен оқыту да болмайды, партия ұйымдары езілген әр халықтың ұлт ісін жоюға тиіс емес.

Енді, жоғарғы айтылғандар туралы Россия һәм Түркістанның ортақшылдар партиясы кіндік комитетінің Түрік бюросы мынадай қаулылар шығарды:

1) Бір қалада, үйезде һәм облыста қазақ, өзбек, татар, тәжік яки жергілікті еврей аз болса, олар арасындағы жұмыс үшін үгіт бөлімінің жанынан тоқтаусыз аз ұлттың бөлімін (секциясы) ашу керек. Мәселен, Ташкентте халықтың көбі өзбек болғандықтан, Горком жанында қазақ үшін бөлім болуы керек. Самарқанд огорком жанынан жергілікті еврей, өзбек бөлімін ашу керек.

Бір облыста яки қалада халықтың көбі бір ұлттан болса, мәселен, Жетісуда қазақ, Ферғанада өзбек, Закаспийде түрікпен сияқты, бұл жердегі үгіттеу-түсіндіру бөлімдері, өзінің айрықша міндетін біліп, сол ұлттың арасында қызмет етуі керек. Бұл үгіттеу-түсіндіру жұмыстарын әр ұлттардың өз арасында жүргізу үшін Түркістанның Т.О.П.К.К. жанындағы халық үгіттеу-түсіндіру бөлімдері облыс жергілікті ұлттарға қарап, (қазақ, өзбек, түрікпендерге) үшке бөлінеді: бірі қазақ, бірі өзбек, бірі түрікпен болып.

Бұл Т.О.П.К.К. бөлімдерінің әрқайсысы түп бөлімдерге һәм жергілікті аз халықтың үгіттеу-түсіндіру бөлімдеріне жол көрсетіп, жөн сілтеп отырады.

Т.О.П.К.К. түп қазақ бөлімі – Жетісу обкомының Ақмешіт, Түркістан, Әулиеата, Қазалы һәм Шымкент огоркомының түп үгіттеу, түсіндіру бөлімімен Ташкент горкомының аз ұлт бөліміне жөн сілтейді.

Бір облыста, үйезде яки қалада екі ұлт бірлескенде, басқа халықтан артық болса, бөлек алғанда басқасына бірдей болса, ондайлар түп ұлтқа есептеледі. Сонысына қарап, өзінің үгіттеу-түсіндіру бөлімімен пайдаланбақ.

Ортақшыл партияның қалада, үйезде тағы облыста аз ұлтқа қызмет етіп тұруы еш уақытта дұрыс емес. Әсіресе, ондай ұлттар бұрын қожалық қылып тұрған ұлт болса, ортақшыл партияны көптің партиясы деуге сонда ғана болады. Егер ол көппен пікірлес болып, көпті соңына ертіп жүре алса. Топ, ұлттың бөлімдері еш уақытта да өз алдына бөлек ұйым болып кете алмайды. Бұл үгіттеу-түсіндіру бөлімінің бір ғана бөлімшесі болады.

Ортақшылдар бұрын езілген халықтың ұлт мәдениеті жұмысын ілгері жүргізу үшін әр ұлттардың үгіт саяси партия жиылыстарында, сенбіліктерде басын қосып, пікір алысып, ұйымға кіргізіп, өзін шын еңбекшілер жолдасы етіп алуға тырысады.

Түркістан ортақшыл партиясының бірінші міндеті, отаршылықты жоғалту, жою, екінші міндеті қазақтың, өзбектің, түрікпеннің һәм басқаша кедейлердің ұлтшылдық, мәдениет жүзінде ортақшыл ел болуларына жәрдем ету.

«Барлық жер жүзінің еңбекшілері һәм дүниедегі езілген халықтар, бірігіңдер!» деген бағыт ортақшыл интернационал ұраны болады.

Россия һәм Түркістан ортақшыл партиясының К.К. бюросы.

Түркістандағы ортақшыл партияның барлық ұйымдарына!

Кейінгі күндерде сезілді. Жігерлі қызметкерлер Түркістан ортақшыл жастары ұйымдарынан алынып, партия һәм кеңес қызметкерлеріне жіберіп жатқандығы. Осы кезге дейін Түркістанда, ортақшыл жастар ұйымдарының өсуі ете осал. Түркістан жастар ұйымдарының өсуі, бұлардың істерінің кеңейіп алға кетуі мүмкін. Сол уақытта, егер де жастар ұйымдарында, болжалды жігерлі қызметкерлер бөлініп тұрса.

Жастардың істерінің үдеуіне ең үлкен бөгет болып тұрған, олардың өз араларында әлгі айтқан қызметкерлердің жетімсіздігі. Сондықтан, Түркістан ортақшыл партиясының кіндік комитеті обком, огорком һәм жергілікті партия ұйымдарына бұйырады:

1) Ортақшыл жастар ұйымдарының мүшелеріне сансыз мобилизация болмасын. Әсіресе, жастар ұйымдарында айрықша іс істеп жүрушілерден.

2) Алайда, мобилизацияға һәм басқа бір жұмысқа көшіруге жастар ұйымында айрықша қызмет қылып жүрушілерден, мүмкін, сол уақытта егер де оның аса керекті болса, сонда да алынуына қызметте тұрған обкомның ырзалығы керек. Бұл турада жастар ұйымының шешуіне тапсырылады.

3) Ортақшыл партия ұйымдарында жастары 20-дан төменгілердің ортақшыл жастар ұйымдарына кірмектеріне һәм кіріп те жастар ұйымының істеріне қатысуларына шын назар салып отыруы тиіс.

4) Жастар ұйымдарында қызмет істеу үшін мақкемелерден һәм басқа кәсіпті орындардан қызметкерлер алынуына, я соларды соларды алмақ

үшін олардың орындарына адам дайындап бермекке, айрықша жәрдем де болып тұрсын.

5) Орнықты ортақшыл ұйымдары жібермекке міндетті өздеріндегі әрбір жігерлі жас қызметкерлерді қай бір жұмыстарынан, орындарынан болса да босатып, жастар ұйымында іс істемекке қызметкерлер жоқтығынан, жастар ұйымдарының жұмыстары тозғандықта болып тұрған кезінде, орнықты орықшыл ұйымдары жауапкер. Егер де уақтылы жәрдем бермей, жастар ұйымдарының істері тоқталып қалса.

*Түркістан ортақшыл партиясының
Кіндік комитетінің секретары Сольц.*

**Түркістан Республикасының ішкі істер
комиссариаты коллегиясының қаулысы.
17 декабрь, 1920 жыл.**

Төбе басы Қожанов, мүшелер: Уласинков, Сушко, Саликов, хатшы Баришов.

Самарқанд облисполкомының Самарқандта мұсылман тілінде кеңсе қызметкерлерін даярлайтын курс ашу керектігі туралы баяндамасы тексерілгеннен кейін шығарылған қаулы:

Ішкі істер комиссариатының коллегиясы Самарқанд облисполкомының бұл пікірін дұрыс тауып, сұранған курстарын, алдымен, областной исполком, ревкомдар қасында, мүмкін болған жерлерде үйезден исполкомдар қасында да ашылсын дейді.

Бүкіл республикаға жарлық хат тарату керек. Қышлақ-ауыл, болыс исполкомдарында жазу-сызуды жергілікті халықтың көпшілігіне түсінікті тілде жүргізуге, мұнан кейін басқаштық үйез областной мехкемелерде жүргізу керек.

Дұрыс: хатшы Баришов

Басқармаға хат

Ортақ Сұлтанбек Қожанов!

«Ақ жолдың» №1-2 санын көзден өткіздім, әр әрпі һәм форматы өте жақсы. Бұл заманда бұдан артықты қылып болмайды. «Ақ жол» шындап газеттеуде лайықты. Бірақ, газеттің аты туралы бір-екі сөз айтайын: Теңдікшіл, ортақшыл ортақтардың өзіне «ақ» сөзін есту жүрекке жат

болады. Қызылдардың жолы «ақ» болмаса керек еді. Біз жолымыз ақ болса, ақтармен төбелесіп, қан қумас едік. Біздің жолымыз «қызыл» болуға тиіс еді. «Ақ жолға» ат қойғанда мен болсам «Қызыл жол» яки дегенді «Біздің жол» деп ат қояр едім.

«Ақ»-ты светлый деп тәржіма қылыпсыз. Неге «бели» (белый) деп тәржіма қылмадыңыз? «Светлый» не үшін шуакты (нұрлы) деп тәржіма қылмадыңыз. «Ақты» «светлый» деп тәржіма қылуға қазақ әдебиетінің қай жері мұны қыстады?

*Танысыңыз: Ғалижан Рахметуллин
Түркістан, 18 декабрь.*

Ғалижан жолдасқа жауап

*«Өзіңе-өзің мықты бол,
Қоңсыңды ұры тұтпа»
Қазақ мәтелі.*

Жоғарыда келтірілгенге ұқсаған хаттар һәм ауызекі тілде де «Торг»-тан я, білгіштерден осы секілді сөздер біздің газетіміздің аты туралы әр жерден естіле бергендіктен, бізде бұл туралы қысқаша өзіміздің «білімсіздік түсінігімізді баяндап өтуді керек білдік».

Газет секілді үзілмей шығып тұратын саяси баспасөздер жалғыз атына қарамай, тұтқан жолына, ұстанған жобасына, бара жатқан, бет алдына қарап бағалануы тиіс екендігіне ешкім таласпайды. Сондықтан, «білгіш» сыншыларымыздың біздің газетімізді осы жағынан сынға алып, келіспегенін көрсетуін өтінеміз.

Ғалижан әпендіге ұқсап әріптері һәм форматы өте жақсы «Ақ жол» шындап газет деп айтуға лайықты бір қағаз деп, баға берушілердің «Ақ жол» газетінің сөздері, әріптері жақсы басылғанын қайдан білгеніне танқаламыз. «Ақ жол» деген сөзді «қызыл»-дарға лайықсыз көріп жақтырмай, «Қызыл жол» деп қойса, оңды болар дейді, онан кейін орысша неге жөнді тәржіма қылмадың» деп жазғырады.

Бұл туралы айтарымыз; қазірге шейін халық тілі, әдебиет тілі дегенге бөлінген қазақта тіл жоқ. Бір ғана қазақ тілі бар. Сондықтан, қазақ тілін қолданғанда басқалар қуып тыққанмен, біз «әдебиет» қорасына қамалып, басқа жанды өзімізге арам деп санамаймыз. Қазақ тілінде «Ақ жол» деген сөздегі «Ақ» сөзінің «білгіштер» күстаналағандай жаман саяси мағынасы жоқ. «Ақ бата», «ақ көңіл», «ақ сөз», «Ақ жол» һәм басқа осыларға ұқсаған сөздер һәм бұл сөздердегі «ақ» дегеннің мәнісі «тіл білгіш түріктердің» түсінуінен басқа екені анық білінді. Құр «біліп қана»

коймаған. Тура сөйлеп жүрген, туған тілінің мәні арқылы біліп, жүрегі сезетін қазақ жұрты ол сөздерді естігенде, көз алдына бір түрлі шындық, тазалық, қулық-сұмдықсыз жақсылық болып жеткен идеал келіп тұрады.

Ғалижан әпендіге ұқсап сыртын түгендейтін, ішімен ісі жоқ, тіл білімін тегін тауып алған «білгіштердің» ықтиярына берілсе, қазақтың тілімен ісі болмастан заманында «Түрік әдебиетінде» салт бола қалса, «қызыл жол», «қара жол» деп ат қоя беретін анық. Бірақ, бұл сөздердің қазақша мәнісін қазақ түсінігінде не екенін біле тұрып, «әдебиет қорасында» салт болмақ түгіл, басқа сөз таусылып қалғанда да, «ақ» деп айта алмай қиналып қалатын болсақ та, біз қабыл ала-алмайтынымыз анық.

Біз мұны қазақ тілін білетіндерге баяндап отырмыз. Қазақ тілін білетін оқушылар «қызыл жол» дегенге ұқсаған сөздердің қандай жаман мағынада айтылатынын білсе керек. Жалпы жұрттың кейін қалған тобы, «әдебиет» деген нәрсенің не екенінен хабарсыз қара бұқараға арналған. Солардың түсінігіне түрткілеп жөн сілтеу жолындағы газет ауылының сөзі таусылып қалғандай, туған тілінің тура түсініктері жойылып кеткендей, орыс сөздерін шет пұшпақтап тәржіма қылып, есебін тауып ешкімге түсініксіз «әдебиет» тілін жасаудың лайығы жоқ екені талассыз болса керек. Олай болса да ноғайша түсінікке лайық шығар деп үндемейміз, екінші татар тілінде де «Түрік әдебиеті» тілінде де «ақ» деген сөз жойылып кеткен жоқ, һәм жақын арада жойылмайды. Бұл сөзден қанша қашқанмен мүмкін емес. Мысалы «халық ағарту» деген сөз. Тақ бүгін татар коммунистерінің аузында газеттерінде жоқ емес, бар. Түпкілікті тіл мәселесі туралы ортақшылдар партиясының кіндік ұйымдары баяндап жол көрсетіп отыр, һәм сол бағытпен біз де «Ақ жол» бетінде баяндап өттік. Қазақ тілінің сөздері қазаққа түсінікті һәм сол бағытпен бізде «Ақ жол» деген сөзде «коммунизм – Ақ жол» деген мағынада қазаққа түсінікті.

Енді, газеттің аты һәм сондай ат қойған бізді айыптайтын не жөн бар? Кейбір басқа ұлт балаларына қазақ тілі түпкілікті жат тіл болғанына біз айыпты емеспіз. Осыны ескертіп келгенде, ойыңа қазақтың ескі де болса орнын тауып айтқанда, ееті мақалы еріксіз келеді, «өзіңе-өзің мықты бол, қоңсыңды ұры тұтпа».

Түркістандағы түрік қауымдарының тілдерін татар жолдастармыз келе салып екі күн өтіп, үшінші күні өзінікі қылып билеп, алып кете бергісі келетінін біз білеміз, һәм іс жүзінде көріп те жүрміз. Бірақ, берсе алып, бермесе біреудің тіліне таласпай-ақ қоя қою лайықты. Қазаннан келгеніне әлі бай толмаған татар жігіттері «саф татар тілінде» өзбекше газет-журналдар шығарып жатыр. Некен-саяқ ескі шәдитшілер болмаса, өзбек қара бұқарасы түсінбейтініне күмәніміз жоқ болса да, «біздің білмей жүрүміз де мүмкін» деп үндемей-ақ отырмыз ғой. Өлдім-талдым дегенде бүкіл Түркістан қазақ-қырғызының қара бұқарасына жолбасшы боламын

деп, заман жайын, Кеңестер жолын, ортақшылық мақсатын түсіндіру қамында қазақ тілінде бір газет шыға қалғанда, түсінбегендігін мойнына алмастан, әр сөзіне бір жармасу ұят, һәм заманға лайықсыз отаршылық мінездің бір түрі.

Ғалижан әпендінің өз басын жақсы білгендіктен, ол жолдасты жаман ойлының бірі деп санау ойымызда жоқ. Бірақ, біздің газетіміз шыққалы бері Түркістанға келіп жүрген күнбатыс түріктері жолдастарымыз. Бұл газеттің атын «Ақ жол» қоймай, «ашық жол», «қызыл жол», «біздің жол», тағы басқа түрлі қою керек деп әуре етіп, ығыр қылуға жақындады. Екі желеу, бір сылтау қылып, кезі келіп қалған соң Ғалижан әпендінің хаты тұсында барлығына бір жолдап отырмыз.

Тағы айтармыз, қазақ тілін жөндеп білмеген жолдастар, газетіміздің өзін, сара жолын, бағытын бағаласын. Әр сөзін өз алдына тұқымын құрта тексеремін деп, қала өлшеміне сыймайтын дала қазағының тілінің сөздерін тексеріп, ұшығына шыға алмай «Айға шауып, мерг болып жүрмесін».

С. Қожанов

Оқу кітаптары керек

Мектептегі оқу өнімді һәм баланың миына сіңімді болу үшін бірнеше шарттар керек. Ол шарттардың бір қатары ыңғайлы – оқу кітаптары. Мектептің тура бағыты һәм міндетін атқарарлық мұғалімдер. Бұл шарттар болмаған жерде елді ағартам деу артық, ондай еңбектің өнімі де берекесі де болмайды. Оқу ана тілінде үйретілсе, жеңіл һәм орнықты болуына ешкімнің таласы болмаса керек. Мұны Николай хукіметі де мойындап, оқу министрінін 1907 жылдың 1-ші декабрында бұратаналар мектептерінде алғашқы жылдары оқу ана тілінде болсын деп, шығарған жарлығы бар. Әрине, бұл бұйрық халықты ақтауға болмаса, қолдануға болмайды. Тиісті кітабы болмаса, ана тілінде сабақ оқыту деген іске аспайтын тәтті қиял, жақсы идея болып қала бермек. Кітапсыз мектептерімізде сабақ оқыту мүмкін еместігін ұғынып, 1917 жылы жазды күні тамыз айында Орынборда болған қазақ съезі кітап шығаратын оқу комиссиясы жасалсын деп қаулы қылып еді.

Және сол жылғы желтоқсанда болған жалпы қазақ съезі 5 кісіден қорап кітап шығару үшін оқу комиссиясын сайлаған еді. Бірақ, бұл комиссия өзінен болмаған себептермен іске кірісе алмай қалды.

Біздің оқу істеріміз еркіндеп қолға тигелі, өзімізден оқу комиссариаты ашылғалы екі жылға айналып бара жатса да, комиссариаттың әлі казак тілінде оқу кітабын шығарып, мектептерге таратқанын көргенімізде

жоқ. Білмейміз де. Әрине, бұл кімнің елдің бастыға алмай һәм нәрсенің кемтарлығынан да бар екенін білеміз, сонда да ең болмаса бастауыш бөлімдерде оқылатын кітаптар шығаруға жеткілікті уақыт болды.

Екінші шарт, сабақтың тура бағыты деген программа. Оқу комиссариаты басқаратын барлық жұрт мектептерінде белгілі бір программа тұта алмаса, оқуда бағыт болмайды, һәм түрлі оқытылып дұрыс жөнді сабақ болмақ емес. Мектепте әсіресе, осы күнгі еңбек негізіне құрылған бір беткей басқышты мектептерімізде жалғыз программамен ғана оқытпаса болмайды. Сол үшін де бұл күнгі оқу комиссариаттары ұлт мектептері үшін бір программа түзуі қажет.

Құр ана тілінде мектеп ашудың пайдасы жоқ. Егер оқытарлық мұғалімдер болмаса осы күнде ана тілімізде оқытатын қысқа курстардан өткен кейбір мұғалімдеріміз біреуді оқытпақ түгіл өздері дұрыс жазу білмейді. Бұлармен біз қағаз бетінде ғана сан көбейтпесек, іс жүзінде алға баса алмаймыз. Мұным «қысқа курстар керек емес» деген сөз емес. Жоқтан гөрі жақсырақ деген ісімізде бұл шала мұғалімдер қажетімізді дұрыстап атқара алмайды. Олай болса, біз күшіміздің көбін бірінші, екінші басқыш мектептерде оқытарлық мұғалімдер даярлау жағына жұмсап, соларға арнап курстар ашуымыз керек. Мұндай мұғалімдерге сабақ берерлік адамдар өзімізден шығады.

Мәселен, былтыр Семейдегі Қазақ Семинариясында һәм қазақ балалары үшін ашылған түрлі курстарда орта һәм жоғарғы дәрежелік орыс мектептерін бітірген Ахмет Бірімжанов, Халел Ғаббасов, Әлімхан Ермеков, Жақып Ақбаев, Бидахмет Сәрсенов сияқты қазақ азаматтары сабақ береді. Қай уақытта болса да, әсіресе, осындай халықтың білім жағы жаңа ашылып көтеріліп келе жатқан бір заманда оқу комиссариатының дербес шығарып тұратын бір журналы болуы – даусыз мәселе. Мұндай журналдың пайдасы айтпаса да айқын. Мәселен, елді һәм мектеп мұғалімдерін комиссариаттың тәртіптері мен оқу істерінің бағытымен мезгілінде таныстырып тұру. Оқытушыларға педагогика, дидактиканың жаңа шыққан негіздері һәм әдістерін көздеп қою. Керекті мәселелерді мезгілінде мұғалімдер һәм елдің құлағына салып, пікірін білу. Білім жолында халыққа жол басшы болу. Мектеп оқытушылары һәм оқу комиссариатының арасын жақындастыратын көпір болып, істі ұштастыру, жәрдем беру һәм басқалар.

Осы, айтылған төрт мәселенің төртеуі де оқу жүзіндегі әңгімелердің ең керектісі. Ең ірісі, һәм тезден жарыққа шығару мәселелердің ең біріншісі деп білеміз. Бұлардың ішінде, әсіресе кітап шығару мәселесі кідіртуді күтпейді. Себебі, оқытушылар программасыз, кітапсыз еш нәрсе де істей алмайды. Соның үшін, біздің комиссариатымызға оқу жүзінде ең алдымен істерлік жұмыстар мыналар деп білеміз:

1. Мұсылманша, орысша, орта һәм жоғарғы дәрежелі мектептен шыққан оқығандардан құрап бірінші һәм, екінші басқыштағы мектептеріміз үшін кітап шығаруда кешікпей бір оқу комиссиясын жасау;

2. Комиссариат өзі, яки сол комиссия арқылы басқышты мектептердің оқу программасын түзеу.

3. Орынбор, Семей, Орал секілді үлкен қалаларда бірінші һәм, екінші басқыш мектептерде сабақ беретін мұғалімдер даярлайтын бір мектеп ашу, һәм сонда сабақ беру үшін сол қалаларда тұратын қазақ оқығандарын міндетті қылу.

4. Оқу комиссариаты дербес педагогикалық журнал шығару.

Тілжан

Алымшылар жиылысы

Өткен декабрь жұлдызының 20-21-де, ескі Ташкенттегі өзбек-сарт емлешілері мен мұғалімдердің емле туралы жиылысы болды. Жиылысқа өзбек-сарт мұғалімдерінің көбі қатынаскан. Жиылыстың қаулысы мынау: өзбек-сарт тіліне кірген шет тілдер, яғни араб-парсы тілдерін сөйлеп жазу: өзбек-сарт тілінің қаріп тахуын шығару.

Енді, бұл күнде емле, тіл мәселелері туралы тағы съезд болып жатыр. Бұл съездің мақсаты жоғары айтылған қаулыларды іске асыру ретімен шақырылса керек.

Оқшау сөз. Тілбұзаризм

Сібірдің бір үлкен қаласындағы үлкен театрдың бірінде мұсылмандардың бір үлкен Жиылысы болып, бұрымын кертте күзеген ортақшыл бір ноғай қыз мінбеге шығып, бір аяғын сәл ілгері басып, кеудесін кереккіреп, бүйірін таянып, әлеуметке қарап, күлімсіреген шыраймен біраз тұрды. Мұндай топты көрмеген басыма «ой, енді мына қыз сүйсіндіреді ғой, келбетіңе, тұрысыңа болайын» деп, ішімнен рахаттанып, көзінен көзімді айырмай, күткен секунд жылдай көрініп, енді қашан сөйлер екен деп тықыршыдым. Бір мезгілде ортақшыл қыз:

Ибдешлар! деді.

Тұла бойым шымыр ете түсті. Тастаған ине жерге түспейтін лық толған зал тым-тырыс бола қалды. Мен тіпті дем алудың өзін тоқтаттым, топ ішінен біреу байқамай жұтқырынып қалып еді. Жұрттың бәрі бейшараның бетіне бажырайып қарасып, көздерімен жеп жібере жаздады.

Сандуғаш сайрады:

– Ибдешлар! Мин, сізге несколько слов айтарға должна.

– Просим, просим..... өтінеміз.

– Кровавый Николай, кадет Милуков согласитель Керенский, социаль - предатель меньшевики, адмирал Колчак, проглиаты контрреволюционерлер қанымызды іштләр. Товарищ! Біз коммунистлар-большевиклар білерге должна – деп, ортақшыл қыз соғып еді деймін. Нақ тас жүрек біреу болмаса, тыңдаушылардың талайының көзінен жас мөлдіреп аққан шығар. Ортақшыл қыз айтып келіп:

– «Да здравствует, Интернационализм!» Яшасын, коммунизм! Бітсін империализм» деп, сөзін бітіргенде әлеумет қол шапалақтап, «Браво! Браво! Браво» ауаны жаңғырықтырған еді.

Біздің, қазақшылығымыз қашан қалған?! Ортақшыл қыздың сөзіне еріген қорғасындай балқысаңда, ноғайдың тілі мұншалық әдемі болып түзеліп кеткеніне ішім тарылып, көше бойы ойлап үйге келген соң да, ділмар қыздың сөзі құлағымнан кетпей, көпке шейін аунақшып ұйықтай алмап едім.

Мұнан кейін дол екі ай өткенде «Кенташ» деген қалада бір кішкене жиылыста қазақтың бір жас жігіті сөйлегенін есітіп, шүкірлік еттім. Ноғай қызын күндегеніме тәубе қылдым. Білмей жүреді екенмін, біздің де тілдің майын ағызатын, әдемі жат сөздерді көп үйреніп қалған, талапты жастар бар екен. Көңілім өсіп, көтеріліп отырғанда, кімнен именейін. Шешен сөзін бітірер-бітірместе:

«Жасасын, тілбұзаризым!» деп, дауыстап жібергенім емес пе?!

Топ басы:

«Товарищи, прошу, оратордың речін бұзбасқа!» дегенде жым-жырт болдым.

Жасқаншақ

Екпінді мәселе

Қатынас мұсылманша (жергілікті халықтар) білдірілуі керек болғандығынан, пошта мекемесі екі бөлімнен құрылады. Орысша һәм мұсылманша тарату бөлімдері. Мұсылман қызметкерлерінің кемдігі азырақ жұмысқа кедергі болды. Былтырғы жыл ескі қалада мұсылмандар үшін пошта-телеграмм мектебі ашылып 28 кісі оны оқып шығып еді. Қазір сол мектепте 120 кісі бар. Тағы 6 айлық сол сияқты 120 кісі оқитын бір мектеп январь аяғында ашылады.

Январь басында пошта хабарлары түрік тілдерінде жүре бастайды. Алдымен, Ташкент-Самарқанд арасында қатынас басталады. Ескі қаланың мектебінен оқушылар шығуы һәм хат білетін мұсылмандардың

пошта телеграммасымен танысу үшін қатынас-қадарынша уезда қала, болыс, ауылдарда қатынас жергілікті тілдерде жүре бастайды.

Март туған соң, оқушылардың саны көбейген соң бірнеше қатар қалаларда мұсылман тілі жүре бастаса керек.

Ішкі хабарлар:

Оқу құралдары

Ташкент баспаханасында бұл күнге шейін қазақ тілінде басылып шыққан кітаптар.

«Баяншы» 2-ші тіл құрал һәм үлкендер үшін арналған қысқаша «Әліппе».

Басылып жатыр: 2-ші жылдық «Қырағат» кітабы басуға берілді: «Әліппе» һәм 1-ші «Тіл құрал» кешікпей беріледі.

«Есеп құралдары» һәм басқа кітаптар.

Кеңсе тілі қазақша болсын!

1920 жылы октябрьде болып өткен жалпы қазақ тобы Қазақстан Республикасында, ресми тіл қазақ тілі, орыстар көп отырған орында орыс тілі болсын деген қаулыны шығарды. Жалпы қазақ тобы қаулы шығарған соң Қазақ Республикасындағы кеңселердің бәрі ол қаулыны орындауға міндетті. Оның ішінде жігері, ойы, түсінігі болған азаматтар бұл қаулыны жүзеге асыруға өте асығулары керек.

Жалпы қазақ тобының қаулысы шыққанан бері бірнеше ай өтіп кетті. Қазақ ішінде ол қаулының орындалмай отырғанын көріп отырмыз. Қаулының іске аспай тұрғанына кеңсе басында отырған кісілердің көрсететін себептері мынау: кеңсе жұмысын қазақша түзу алып жүретін кісілер жоқ. Тезінен басып шығаратын қазақша жазу мәшинелері жоқ. Қазақ тілі кеңседе жатығып реттелмеген. Үйлестіріп жазу тіпті қиын деседі. Ал бұл себептері дұрыс та болсын, оған біз де қосылайық. Бірақ, бастығы да, қызметкерлері де қазақ болған кеңселер орыстың өзі түгіл, исі де болмаған. Қырдағы болыстық комитеттер жаңадан құрылған таптаза аудан билерінің кеңсесі, барлық жұмыстарын орысша жүргізіп отырғандарының мәнісі не? Олар мәшинені сылтау қыла алмайды. Орысша сөздерді де қолдармен жазып отыр. Қазақша жазатын мәшинесі жоқ болған сияқты. Орысша жазатын мәшинелері де жоқ. Олар қазақша сөзді үйлестіріп жаза алмаймыз дейтін болса, орысша сөздерді де

келістіріп жазып отырған жоқ. Қазақша жазғанда қатесін үйлестіре алмағанын байқап отырса, орысша жазғанда қателерін былықтырып жазғандарын да байқай алмай отыр. Кей орында кеңсе басында отырған қазақ жігіті сорлы қазақтың өз тілімен жазып ұсынған арызын алмай, орысша жазып алып кел деп қыстағанын, арызына беретін жауабын ішіне орысша жазып қайтадан ұстата салғанын, болыстық комитеттен қазақша жазылып келген қағаздарды орысша жазып түсір деп қайтарып жібергенін көріп жүрміз. Бұл не деген арсыздық? Бұл не деген ұятсыздық? Осыны істеп отырған жігіттердің ізіне түскенде не дейміз? Бұндайларды төңкеріс дұшманы, теңдік дұшманы десек жала бола ма?

Халық билері төтенше комиссия һәм басқа кеңселер қырдағы бір қазақ орысша жазылған қағаз жібереді. Алған қазақ қашан кел деген, не жұмыс туралы шақырылғанын білмей, бір жапырақ қағазды қалтасына салып алып үйінде жата береді. Уақытында келмеген себепті ол қазақтың айыпты саналуға жөні бар ма?

Жоғарғы кеңселерден болыстық комитетке осындағы жұмысты 3 күннен қалдырмай бітіріп жіберуге тығыздықпен бұйырамын. Уақытынан қалса жазаға кіріптар қылып, сотқа тапсырамын деген тығыз жарлық орысша жазылып келіп түседі. Болыстық комитет орысша білмейді. Қағаз оқылмастан, киіз дорбаның ішінде қалады. Тығыз жарлықты уақытында орындамағаны үшін осындай болыстық комитет жазықты болар ма?

Төңкеріс дұшманы болып қашып жүрген кісі бір ауылға келіп, «мынау куәлік қағазың, мынау ат мінетін қағазың» деп, әлгі орысша жазылған екі бөлек қағазды көрсетіп ат мініп кетеді. Ат берген қазақ қашақты қолдаушы болып жауапқа тартыла ма?

Бір орында талау яки кісі өлтіру сияқты уақиға болды. Болыстық, ауылдық комитет орысша жазуды білмегендіктен, уақиғаны жазбайды. Оның үшін комитет жұмысын атқара білмеуші болып саналар ма?

Осы жоспарлардың бәріне де ар алдында болсын, заң алдында болсын, жоқ дегеннен басқа жауап болмасқа тиіс.

Біздің қазақта «асықпаған арбамен қоянға жетеді», «қос жүре түзеледі» деген мақалды айтып, жұмыстың жылдам бітуіне асықпайтын әдет пен кеңсенің тілін қазақшаға айналдырып жіберу, ондай асықпай бітіретін іс емес. Мүмкін болғанша, тездікпен іс жүзіне асыру керек. Бір нәрсенің жалпы жұрттың алдында қадірлі, қасиетті болу үшін жұрттың жайы сол нәрсемен атқарыла білуі шарт. Қазақ елі арызын, мұң-мұқтажын қазақша атқара алмайтын болса, қазақшаның ешбір қадірі, құрметі болмайды. Керегі болмаған нәрсеге, халық анталап ұмтылмайды. Оның шет жағасын көріп жүрміз. Мәселен, бір қазақ ауылында школ мен мектеп қатар ашылса, школда оқушы бала көп болып шығады. Білім жағына келгенде мектепте оқыған балалар артық. Қазақтың школға қарай ұмтылуы,

қазақша тілмен қажеті өтелмегендіктің салдары. Қазақ әдебиетінің гүлденіп өсуі де халық арасында дәрежелі болуымен табылады. Ағаш, киіз бау сияқты саймандарынан бір нұсқасы да іс жүзінде көрінбей тұр.

Бұдан былайғы күнде қазақ тілі өзіне берілген теңдікке не болып, қатардан орын алуы тиіс.

Біз ең үлкен жұмыстан бастап болмашы жұмысқа шейін «кісі жоқ, қызметкер жетпейді» деп зарланамыз. Ол зардың бәрі қазақша тілдің іске жарамай тұрғандығынан болып тұр. Кеңсе жазуы орысша болып тұрған күнде, еш уақыт қызметке жетпек емес. Кеңсенің кішкене хатшысы болу үшін кемінде 6 жыл орысша оқу керек. Әрине, ондай кісі сирек табылмақ. Кеңсе тілі қазақша болса, мектепте 2 жыл оқыған қазақ балалары хатшы болуға жарайды. Қызметкер көбейеді. Жұмыс ілгері басады. Арызын жаздыру үшін тіл білетін орыстың есігін күзетіп, жазылған жол басына ақшасын санап беріп 100 жылдай зарығып тентіреуі қазаққа жетерлік қорлық болды. Төңкерістің беріп отырған теңдігінен безіп, қазақты бұрынғы қалыпта сандалтып қою жолында болған кісілерді, ескі құлаған хукіметтің қара жүрек аздырғыштары арқылы берген тәрбиесі, сүйегіне сіңген соғылғандар деп атаймыз.

Кеңсе тілінің бірден қазақша болып кетуінің қиынырақ екенін білмей отырған кісі жоқ. Қиын деп шарасына кіріспей, бас шайқап отырудың тіпті лайығы жоқ. Тезінен шарасын тауып қазақ тіліне жол ашу, бейшара қазақты бейнеттен құтқару саңлауы бар азаматтардың үлкен міндеті. Бұл, туралы төмендегі жобаны ұсынып, азаматтарымыздың алдына саламын:

1. Қазақстанның ішкі істер комиссариаты, кеңселерге керекті барлық кітап-журналдарды қазақша үлгімен бастырып губерна, үйез, болыс ауылдарға тарату;

2. Үйездік атқару комитеттері әрбір үйезде 50 кісілік кеңсе қызметкері шығаратын бір айлық курс ашу. Курсқа қазақша хатты жақсы жаза білетін кісілерді алу (жасына қарамай). Бұрын кеңсе қызметін атқарып жатқан жігіттер оқытушы болып оқытқанда мектеп ішінде сөйлесіп, кеңсе жұмысын алып жүру реті журналдардың үлгісімен көрсетумен ғана қалдырмай, шәкірттерді әрбір кеңселерге алып барып жаздырып, іспен көрсетіп таныстыру;

3. Журналдардың таралып жетуін, курстың бітуін күтіп тұрмай, осы бастан ауылдық, болыстық, үйездік кеңселер жұмыстарын қазақшаға айналдыра беру. Губерниялық кеңселер өзінен төменгі кеңселерге қазақша жазу олардан келген қазақшаны қабыл алып отыру. Губерниялық кеңселер өз араларында һәм өзінен жоғарғы кеңсеге қай тілде жазса да ерікті болу;

4. Курсты бітірген шәкірттер кеңселерге таралып біткенше, әр үйезде бұрын кеңсе қызметіне ысылған бір жігіттен жолбасшы (инструктор)

қойылу. Жолбасшы тыным алмай болыстық кеңселерді аралап үйретіп жүру;

5. Осы күнгі болып жатқан кеңестер сайлауы біткеннен кейін (1921 жыл 1-майдан арғы уақытта) қазақ болысына орысша жазылып берілген жарлықтарды шақыру, қағаздарды сұрау, сөздерді орындауға болыстық комитеттер, қазақтар міндетті саналмай еріктерінде қалдыру. Еңбекшіл қазақты кіндік атқару комитеті, халық комиссарларының кеңесі кеңсе тілінің қазақша болу шарасын қарастырып, тезінен іс жүзіне асырып, бейшара қазақты ауыр бейнеттен құтқарып, шын Қазақ Республикасы екенін танытар деп сенеміз.

М. Тұрғанбай

Еңбекшілер автономиясы

Бұрын, патшалы Россияда 180 миллион жұрт бар еді. Бұлардың тұқымы, діні, тілі, салты, тіршілігі бір-біріне үйлеспейтін еді. Орысқа пайдалы заң қазаққа жайсыз келуші еді. Ноғайға лайықталып пішкен тон, өзбекке келте келуші еді. Башқұртқа деп тіккен етік түрікпеннің аяғын қысушы еді. Патша үкіметі бұл айырмаға қарамады. Отаршылық, жиһангершілік саясатын қолданып, қол астындағы ұлттардың табиғи тілектеріне, тұрмыс ағымына қарсы іс қылып, бәрін бір шыбықпен айдады. Бәріне бірыңғай закон жүргізіп, орыс қожалығын үстем қылып, Россия орыстар үшін деген бағдарда болды.

Закон орыс тілінде болды. Оқу, оқыту, кеңсе тілі орысша болды. Сот орысша болды. Билеушілер орыс болды. Жер-су, қазына, әскер билігі орыс қолында болды. Орыс емес ұлттар «бұралқы», «бұратана» атанып айтқанға көнгіш, айдағанға жүргіш көн терілі көк есек болды. Орыс отаршылары, Россиядағы уақ ұлттардан маймыл ойнатқандай қылды.

Мұнан не туды?

Мұнан ұлтшылдық туды. Уақ ұлттардың, ұлтшыл болмасқа шарасы қалмады. Бұлар күнкілдеді, қыңқылдады. Бірақ, қолдарынан ешнәрсе келмеді.

Февраль төңкерісі туды.

Ғасырлар бойына езілген, жаншылған, қараңғылықта қамалған ұлттар, кенеттен көзі ашылып кеткен соқырлар, күнге қарауға көзі шағылысқандай көріп жүрген адамдарға, танымал заттардың бәрі оларға жат көрініп, ақты көктен, қызылды жасылдан айыра алмағандай, тек көзі ашылғанына, қараңғылықтан, соқырлықтан құтылғанынан қуанғандай. Төңкерістің әсілі не екенін, аяғы неге соғарын көп ескермеді. Орыс үстемдігінен, орыс үстемдігін жүргізген патша хүкіметінен құтылғанына мәз болып, ол үстемдікке қайта ұшырамаудың шарасы – іргесін бөлектеп,

өз тізгінін өзі алып, жол ұлтшыл автономия болу деп, сол жолда харекет қылды. Украина, Польша, Финляндиялар баяғыдан бергі жолдастығымыз да жетер деп, шу дегеннен-ақ, атының басын бұрып алып Россиямен қош айтысты.

Октябрь төңкерісі туды.

Еңбекшілер ұраны жаңғырықты. Кеңес хукіметі құрылды. Тап тартысы басталды. Капиталға қарсы соғыс жарияланды. Октябрь төңкерісі адам баласын екі ғана тапқа бөлді. 1) капиталшылар, жиһангерлер, отаршылар, байлар, жуан-жұдырықтар, ақ сүйектер; 2) жарлылар, жалшылар, өз еңбегімен күн көрушілер қысқартып айтқанда, бұл екі тап құлданушылар һәм құлдықта жүргендер еді. Қапелімде, жұрттың көбі, Кеңес хукіметінің соңынан еріп кете қоймады. Мұның себептері мыналар еді:

1. Россиядағы жалпы жұрттың төңкеріске даярсыздығы. Төңкерісшіл күштің кемдігі һәм саяси төрбиенің жоқтығы;

2. Уақ ұлттар арасында Европадағыдай капитал һәм жұмыскерлер болмауы. Сондықтан, тап айырмасынан ұлтшылдық пікірінің күштілігі;

3. Төңкеріс көктен түскендей көрінген соң, еңбекшілер туы Россияда көтеріліп, Кеңес хукіметі де орыстың ордасы Мәскеуде құрылған соң, қараңғы, езілген, орыс тепкісін көп көрген елдердің бәрі, орыстың бәрі орыс деп қапелімде сенімсіз көзбен қарауы;

4. Социал (әлеуметшілік) төңкеріс ерте көрініп, мұның күшті түрде орнауына, өмірлі болуына көріп жетпегендік еді;

5. Большевизмге қарсы меньшевик, Эсер партияларының, жұрттың бәрін құрылтай арқылы жарылқамақ болған уәдесі.

Бұлардан басқа да себептер болса керек. Бірақ, ең бастылары осылар еді.

Кеңес хукіметі шын еңбекшілер хукіметі болып, қолданған саясаты іске асуға айналғанын көре бастап, еңбекшіл таптың жауларымен алысып, езілген ұлттарға көзқарасы анықталған соң, әр ұлттың өз жуандарынан өз кедейлерін қорғауға тиіс екендігін, сөзбен үгіттеп, іспен көрсеткен соң, ортақшылық тонын жамылып, отаршылық аранын жүргізушілерге рақымсыздығын білдірген соң, ұлт мәселесіне айрықша назар салып, еңбекшілер автономиясына жол ашқан соң, әр ұлт ортақшылық, туысқандық жолына түсу үшін, өз еркі өзінде, өз жыры өзінде, өз тілін, өз әдебиетін, өз мақсатын, өз мектебін, өз шаруасын, өз тұрмысын көркейтіп, өзінен шыққан өз жайына жетік, өзіне жаны ашитын басшылары болсын дегенге әбден түсініп, сеніп уақ ұлттар сонан кейін ғана, Кеңес хукіметінің соңына ерді. Еңбекшілер туының астына жиналды. Ортақшыл партияның жолына түсті. Бүгін, біз не көріп отырмыз?

Бүгін, біз көріп отырмыз патша хукіметінің Россия орыстар үшін ғана деген ескі Россияда, 20 шақты Кеңесшіл автономиялар құрылып,

бәрі бірге одактасып, әлеуметшілік негізіне құрылған Россия Құрама Республикасы жасалып отыр.

Өз тізгіні өзіне тиген біздің қазақ-қырғыз еңбекшілеріне енді не істеу керек? Алдымен, еңбекшіл қазақ-қырғыз өзінің досы кім? Соны жақсы айыру керек.

Қазақ-қырғыздың досы кім? Қасы кім?

Кім құлданса, кім зорлық қылса, кім жесе қасы сол. Кім құлдықтан құтқарса, кім теңгерсе, кім әділдік қылса, аяушылық көрсетсе досы сол. Орыс отаршылары жуан-жұдырық қылады екен. Жер-суын, мал-мүлкін тартып алады екен. Қазақ-қырғыздың жауы сол. Қазақ-қырғыздың жауы сол қазақ-қырғыздың өз байы, өз манабы, өз болысы, өз атқа мінгені зорлық қылады екен, арам ойлы, парашыл оқығандары жейді екен – жауы сол. Менің бар тапқанымды тартып алып, өзімді малайлыққа салып, көзіме шыбын үймелетіп қойса, маған Қойшыбайдың қазақтығы, мұсылмандығы қанша керек! Маған жақсылық қылса, жаны ашыса, оның орыстығында, кәпірлігінде менің не жұмысым бар. Сондықтан, ұлт айырмасы туысқандық, дін басқалығы, кәпірлік, мұсылмандық дегеннің бәрі бос сөз.

Екінші істейтін іс, кедейлер, жалшылар (еңбекшілер) ұйымдасу. Ұйымдаспаған тап, ұрандаспаған топ мақсатына жете алмайды. Көрінгенге жем болады. Кез келгенге құл болады.

Ұйымдасқаннан кейін істейтін ісі, өз теңдігіне өзі ие болу үшін қам қылу. Бұл қамдар:

1. Өз арасындағы отаршылармен, жуан-жұдырықтармен, зорлықшылармен аянбай алысу;

2. Өтірік ортақшыл болып ұйымдарға, махкемелерге кіріп алып, еңбекшілерді жем қылып тұрған антұрғандарды (кім болса, ол болсын) қуып жіберіп, орнына шын еңбекшілдердің өздері шын еңбекшілерге жаны ашитын жұрттың жай-күйі, мұң мұқтажы, тілі, ғұрпына жетік адамдарды отырғызу;

3. Махкемелерде, ұйымдарда, соттарда өз тілінде іс жүргізіп, мектептерде, медреселерде өз тілімен оқып, әдебиетін, баспасөзін өз тілінде өрбітуге, өршітуге талаптану, өнер білімге ұмтылу;

4. Еңбек майданына аттанып, мемлекет шаруашылығын түзету;

5. Әлі жеңіліп бітпеген дүние капиталшыларына, жиһангерлеріне қарсы тұру үшін, еңбекшілер қожалығын орнату үшін қазақ-қырғыз кедейлерінен қызыл әскер жасау.

Осы айтылғандар істелсе, қазірден қазақ-қырғыз кедейлері, жалшылары ұйымдасып, бұларды істеу шарасына кіріссе, құлдықтан құтылды. Еңбекшілер теңелді. Өз тізгінін өзі алды. Кеңесшіл автономия құрылды деген, осы болады.

Төрт жылдық төңкеріс тарихы, айтыспай-тартыспай, жұлыспай ешбір жұрт, ешбір тап дегеніне жете алмайтындығын көрсетіп отыр. Төңкерістің мағынасы да, күшпен төңкеріп тастау деген сөз. Күш ұйымдасуда екенін тағы көріп отырмыз. Жетісу қазақ-қырғызы көрінгенге қол қусырып, құлдық құрып еді. Ақырында, қанға боялып, ит пен құсқа жем болды. Қатарынан кем болды. Соңғы кезде, әбден ашынып ұйымдасып еді. Зорлықшыл жуан-жұдырықтар отаршы-озбырлар жымдай болды. Жегендерін қайта құса бастады.

Мұны көрген қазақ-қырғыз еңбекшілері, өзгеге жалынбай, жалтақтамай өз күштеріне, өз берекелеріне сүйеніп іске кірісіңдер! Біріңдер, ұйымдасыңдар!

Кедейлер, жалшылар біріксе, ұйымдасса еңбекшілер қожалығы күшейеді. Еңбекшілер автономиясы көркейеді!

Көркейсін, еңбекшіл ұлттың Кеңесшіл автономиясы!

М. Дулатұлы

Бұйрық-жарлықтар

Қазақ республикасының мекемелерінде қазақ һәм орыс тілін қолдану туралы нұсқа

1. Қазақ республикасына кіретін Семей, Ақмола, Орынбор-Торғай, Орал, Бөкей губерналарының һәм Адай үйезінің мемлекет мекемелерінде қазақ тілі, орыс тілі қатар қолданылады.

2. Қазақтың кіндік һәм губерниялық мекемелерінен шыққан келелі жалпыға тиісті декрет, жоба, циркуляр міндетті қаулы һәм басқа заң хукімет қағаздары қазақ тілінде, орыс тілінде қатар шығарылады. Қатар жарияланады.

3. Республикадағы бүкіл кіндік һәм губерниялық мекемелердің кеңселеріндегі өз араларындағы қағаздар орыс тілінде жүргізіледі.

4. Республикадағы үйездный мекемелердің кеңселеріндегі һәм жоғарғы (кіндік губерниялық) қатынас қағаздар орыс тілінде жүргізіледі.

5. Үйездный мекемелер өз араларында һәм төменгі 6-шы статъяда айтылған орындармен ол орындардың кеңседегі қолданатын тілдерімен қатынасады.

6. Республикадағы мекемелермен қатынас қағаз һәм ауылни, поселковый советтердің болысной, районный исполкомдардың, ревкомдардың һәм халық соттарының кеңселері, халқы қазақ болғанда қазақ тілінде, орыс болса орыс тілінде жүргізіледі.

7. Чеканың ревтрибуналдың анықтау һәм тергеу қағаздары басы жұмысты болған кісілердің тілінде жүргізіледі.

8. Бұл айтылғандардан басқа орындарда кеңсе тілі һәм мекемелер арасындағы қағаз қазақша да, орысша да болуы мүмкін. Бірақ қай тілді қолдану әр уақытта қолайлылығына іс жүзінде пайдалырағына қаралады.

9. Кіндік губерналық үйездік мекемелердің берілетін мандат удостоверение ашықхат қазақша да, орысша да сызылады.

Бұл декрет губерниялық газеттерде басылып жарияланғаннан былай күш алып қолданыла бастайды.

*Қазақстан халық комиссарлар
кеңесінің бастығы: Р.Зинкович
Хатшы: Тисарская*

Мемлекет тілі

Мұнда мемлекет тілі деп, түрік тілі алынып еді. Бірақ іске келгенде, жалпы тұрғын халықтарға бірдей түрік тілі дегеннің жоқ екендігі белгілі болды. Сонымен, ол мәселе ашық қалып тұр.

Кембағалдар қамқоршылығы мекемелерінің жұмысына жергілікті халықты қатыстыру мәселесі

Кембағалдар қамқоршылығы бөлімдерінің жұмысын басқарушылар алғы еуропалықтар болғандығынан, олардың жергілікті Түркістан Республикасы халқының әдет-ғұрпын білмегендігінен, кембағалдар қамқоршылығы халық комиссариаты кіндіктен шыққан барлық тәртіптері жұмыстары жергілікті халықтың тұрмыс шарттарына көбіне сәйкес келмейді.

Республиканың жергілікті халқын кеңестер құрылысының, соның ішінде қамқоршылық жұмысына қатыстырудың сөзсіз керек екендігі айдан анық һәм тіршіліктің бұйыртып тұрған нәрсесі.

Мұның керектігін бұйыратын Түркістан халқының жүзден 93-і мұсылман, 7-і еуропалық болғандығы.

Кембағалдар қамқоршылығы бөлімдерінің жұмысы жергілікті халықтың тілінде жүргізілмегендігі көп нәрсеге кесел болды. Мұсылмандар кембағалдар қамқоршылығы бөлімінің жұмысына қатыса алмайды. Әсіресе ең тиісті жергілікті халық қамқоршылық жәрдемін мемлекеттен дұрыстап ала алмайды.

Еуропалықтардан шыққан ысылған қызметкерлердің республика хукіметінің мекемелерінде жеткілікті емес екендігі белгілі. Соның үшін жұмысқа облыс орталықтары шет жерлер түгіл халық комиссариатының өзінде де жұмыстың оңынан гөрі, теріске айналуына сөз жоқ еді.

Жұмысты жергілікті халық тілінде жүргізуімен мұсылмандарды қамқоршылық қызметіне қатыстырып, жергілікті халықтың шын мұқтаждарын қанағаттандыруға мүмкін.

Ескі Ташкеннің қамқоршылық бөлімінің тәжірибесіне қарағанда жұмысты мұсылман тілінде үлгірушілікке түсудің еш зияны тиген жоқ һәм жұмыста бір түрлі жұмысты болып келді.

Жоғарыда айтылғандардан шығатын мағына: қазір еш көрместен жер-жерде қамқоршылық мекемелерінің ісін мұсылман тілінде жүргізіп жіберу. Ең алдымен болыстық, аймақтық һәм ескі қалалардың қамқоршылық мекемелерінен бастау керек.

Бұл мақсатқа Түркістан ортақшыл партиясының кіндік комитетінің һәм комиссарлар кеңесінің жәрдеміне сүйеніп жетуге ғана болады.

Козлов

Мемлекет тілдері

Халық комиссарлар кеңесінің соңғы күндегі жылдарының бірінде Мемлекет тілдері деп бәрі бір құқықты қазақ, өзбек, түркімен тілдерін тануға қаулы болған.

Жергілікті тілдер туралы шығарылған заңды жүзеге шығаруға жөн-жоба түзу үшін төмендегі жолдастардан айырым комиссия сайланды: Атабаев, Ахметов һәм Қожанов.

Түркістан хукімет баспасөз істері

Төңкеріс болып бостандық беріле бастағаннан кейін, бұрынғы күрмеулі келген тіл шешенге, бұрыны бүркеулі келген тілек жүзеге шығуға айналып тіпті бұрынғы айтылмай келе жатқан сан алуан керектердің де талайы айтылып, талайы сөйленді. Бірақ сол керектердің ісіндегі де ең керегі оқу, оқыту, білім, өнер. Бұл белгілі бір ақиқат, мұны әр кімде біледі. Өйткені бұл айтылмай жүрген керек, сөйленбей, жазылмай жүрген тілек емес, сан айтылып, сан рет жазылған бір нәрсе.

Россия мемлекетінде ірілі, ұсақты әр түрлі ұлт көп. Сол ұлттардың ішіндегі білім, өнер жағынан кенжелеп, кеш қалғаны, мектептен мақрұм, мәтбуғатқа кедей қазақ пен өзбек болып келген. Мынау ұлы төңкеріс, кеңес хукіметінің көрген халі, алған ар, жан азығы шамалы. Мектептің саны бар, сапасы жоқ. Мұғалімнің аты бар, мазасы жоқ. Мектеп болып қалқиып, қаланып төрт дуал тұр, кітабы жоқ. Өзбек мәдениетті шаһарда тұрады. Бір жерде жиын, бәрінде жатақ бар. Қазақ көшпелі, әр таудың

етегінде, әр саланың бойында, онын үстіне қазаққа қарағанда өзбектердің кітап жағынан біраз ескілікті қоры бар. Қазақта дым жоқ.

Түркістанға кеңес хукіметі құрылғалы міне төрт жыл, Түркістан хукіметінің хукімет баспасөз мекемесінің құрылғанына екі жыл, әлі ешнәрсе жоқ. «Қызыл байрақ» газетінің 87-ші санында өзбек мәтбұғатының халінен зарланып Ғазі Жүніс жазады. Хукімет баспасөз мекемесінің істеп жатқан істерінен де зарланады. Бұл күнде хукімет баспасөз мекеме істерінің басында отырған қазақ болғандықтан істеліп, шығып жатқанының бәрі де қазақтікі дейді.

Ол нәрселер шықса қайда жүр?

Үйезді қоя тұрайық. Осы Ташкенттің өзінде нағыз қазақша таза мектеп төртеу, қазақ кітабынан бір дана жоқ. Ташкент хукіметтің астанасы. Мұндағы бірінші басқыш мұғалімдерімен елдегі мұғалімдерді салыстыруға болмайды. Хукімет баспасөз мекемесі құрылғаннан бері мұндағы мұғалімдердің өзі кітаптың жоқтығынан зарланады. Өзбекше баспаса, қазақша баспағанмен, құр басып жатырмыз деген нобайы болса екі жылдан бері осы хукімет баспасөз мекемесі не істеп келген болады?

– Елге шықсаң, кітапханаларға кірсең өзбек тілінде жазылған «саяси» уақ-түйек кітаптардың санына жете алмайсың. Бұл күнде күш хукімет ұйымдарында. Саяси ұйымдарда отырып саяси уақ-түйек кітаптармен хукімет баспасөз мекемесін толтырушылар, мектеп құралдарының басылуына жол береді. Қирағат кітабы, тіл құралы, жылдық есеп құралы (I, II жылдық), биянші, жағрафия, Түркістан тарихы, табиғаттану, жануарлар (зоология) атты кітаптардың алдының берілгеніне биыл 3 жыл, артына да жыл толып қалды. Біріде басылған жоқ. Ардақты Әбубәкір ағайдың еңбектерінен томдық кітаптың әзір болғанына міне жыл жарым, әлі басылмай жатыр. Уақ-түйек әдебиет кітаптары да даяр. Басылып жатқан, басылып шыққан бірі де жоқ. Мінекей хукімет баспасөз мекемесінің қазаққа қылып отырған қызметі! Уақ-түйек саяси кітаптар қанша көп болғанымен оқымай, білмей жатып қара бұқараның барлығы да саясат ісіне қатысып бәрі де «политикант» болып кете алмас. Саяси уақ-түйек кітаптар басылды. «Нұсқа көрсетілді ғой», деп сол саяси уақ-түйек кітаптарды бастырып отырған комиссариаттар, ел ішіне нұсқаушы жібермей тағы тұра алмас. Онан қайта өзбек, қазақ мұғалімдері, өзбек, қазақ азаматтары болып халық ағарту комиссариатына айту керек. Үстіміздегі осы бір-екі айда әрекет етіп хукімет баспасөз мекемесінің мойнына оқу құралдарының бәрінде басып беруді міндетті қыл деп. Егер комиссариат әрекетіне кірісіп істете қалса, ең жақсысы осы. Бірақ мұны істейтін комиссариат болса...

К.

ЖАҢА КІТАПТАР

I

Жануарлар

Осы жақын арада доктор Халел Досмұхаммедовтың «Жануарлар» (зоология) атты кітабының 1-ші бөлімі басылуға берілді. Кітап суретті. Шамасы 200 беттен артығырақ, бұл кітапта сүйекті жануарлар туралы ғана мағлұмат берілген. Мұнан бұрын жазда «табиғаттану» атты бір кітап берген еді. Ол кітабы жақын шамаларда шықса керек. Бұл екі кітапты да Халел ағай мектеп шәкірттеріне дәрістік етіп шығарып отыр. Сөйткенмен хат танып, оқи білген әрбір қазақтың пайдалануы мүмкін. Жануарлар кітабы бүтін сүйекті жануарларды балық, бақа, жорғалаушы құстар, сүт ішушілер атымен тапқа бөлініп осы сүйекті тапты жануарларды ғана баян етіп шығады. Кітап тіл жағынан, түзіліс, термин жағынан кемшіліксіз. Бұдан бұрын қазақ тілінде бұл сияқты ғылыми кітаптар жазылған, шыққан емес. Оның себебі бұл сияқты ғылыми кітап жазуға көп шеберлік керек. Оның үстіне біздегі бір ауру тілге, терминге кедейлік еді. Мына кітаптарында Халел ағай тіл жағынан, термин жағынан кедейлік көрсетіп отырған жоқ.

Кітап қазақ орта мектептерінің шәкірттері үшін жазылған. Бірақ, бірінші басқыш мектептерінің соңғы екі бөлімдерінен бастап қолдануға лайықты. Қазақ-қырғыз білім комиссиясы ашылғаннан бері бірте-бірте ғылыми кітап жазып, қызмет сіндіріп келе жатқан кісінің бірі Халел мұнан былай да кейінгілерге осындай ғылыми оқу құралдарын шығарып, еңбегін аямас деген ниетте болып қолға алған ісінің өнімді, жемісті болуына тілектеспіз.

II

Түркістан

Учитель Иса Токтыбаев тарапынан Түркістан аймағының жағрафиясы, тарихы баян етілген «Түркістан» атты кітап баспаға беріліп отыр. Кітапта 100-ге жақын әр түрлі Түркістан аймағында жүретін аңдар мен өсетін өсімдіктерінің суреті бар. Кітап орта қолда бірінші басқыш мектептердің төртінші, бесінші бөлімдерінде бастауыш жағрафиядан кейін қолданылу үшін шығарылған. Кітапта Түркістанның саясаты, жерінің өнімі, халқының саны жақсы ғана баян етілген. Түркістан аймағында бүтін суарылып егілетін жер қанша, суарылмай егілетін шөл егістіктер қанша, облыс ретімен айтылып бұлар айрықша көрсетілген. Түркістанның жер шарасы бір жазық шақырымдағы отырған халқының саны бұларда айтылған. Қысқасы Түркістан аймағының жағрафиясы,

тарихы, жағына жақсы берілген. Хүкімет басқарма реттері де баяндалған. Тіл, термин жағынан бұл кітапта кедей емес әр неше жұмыстарының өнімді, пайдалы болып гүлденуіне біз тілектеспіз.

У-Хан

Жетісудағы қазақ-қырғыз даралмұғалымы

Жетісуда шын оқытушылар жетістіру мақсатымен 1921 жылдың 15 октябрінде Алматы қаласында Жетісудағы қазақ-қырғыз балалары үшін 3 жылдық педагогика мектебіне биыл 75 оқушы қабыл қылады. Бұның 55-і қазақ-қырғыздан. 10-ы тараншыдан, 5-і дүнгеннен қалғаны орыстан, басқа ұлттардан алынады. Жетісу қазақ-қырғыз педагогика мектебінде оқу ана тілінен басқа сабақтардың бәрі де орыс тілінде болады. Жетісу қазақ-қырғыз педагогика мектебіне әр үйезден 7 бала емтиханмен алынады. Жетісу қазақ-қырғыз педагогика мектебіне кіру шарттары мыналар: жасы 16 мен 25 ортасында болуы керек. Төрт амалды жақсы білу керек. Қазақ-қырғызша жақсы сөйлей білуінің үстіне Қазақ-қырғыз тілінде жазылған кітаптарды мүдірместен оқырлық хәм ескі емлемен болса да жылдам жазарлық болуы керек. Орысша айтылған сөзге жақсы түсінерлік, орысша жаза білерлік хәм баспа орыс кітаптарын оқырлық болуы керек. Жетісу қазақ-қырғыз педагогика мектебінің биыл екі эзірлік бөлімі ашылады. Лажы болғанда негізге үш бөлімнің бірінші бөлімі ашылады. Жетісу қазақ-қырғыз педагогика мектебіне кірушілер мектепті бітірместен шығып кете алмайды. Мектептің әр түрлі низамына бас июге міндеткер. Егер боған мойын қоймаса, бастығына бас имеген солдат қатарында жазалы болады.

Жетісу қазақ-қырғыз педагогика мектебінде ішіп-жер, киім кешек, пәтер шама келгенінше қазынадан болады. Бірақ осы уақыттағы жоқшылық жағын ескеріп оқушылардың лажы болғанда киім кешек, азық-түлік. Төсек-жастықтарымен келулері тиіс.

Жетісу қазақ-қырғыз педагогика мектебіне жоғарыдағы жазылған шарттар табылса, еркек-ұрғашы айырмасына қарамай алынады. Ұрғашылардың жатақханасы бөлек болады.

Жетісу қазақ-қырғыз педагогика мектебінде оқуға тіленушілер өзіне ең жақын болған халық ағарту бөліміне жастарын, орысша-мұсылманша оқуларын, қай ұлттан екендігін білдіруі керек. Егер бір адам бөлсе әйелінің бар жоғын, әйел адам болса ерінің бар жоғын көрсетіп, арыз берулері керек. Соңынан халық ағарту бөлімі емтихан алып жарлықтарын, қазақ-қырғыз педагогика мектебінде оқу үшін Алматыға жібереді. Жетісу қазақ-қырғыз педагогика мектебіне келушілердің көлікке төлеген қаражаты

Алматыға келген соң облыстық халық ағарту бөлімі тарапынан төленеді. Тек жол жөнекей тіл хат, аты жөндерін туралып жазып, мөр бастырып жүрулері керек. Жетісу қазақ-қырғыз педагогика мектебіне кіру үшін хат арқылы яки телеграмм арқылы хабарлағысы келген адамдар болса төмендегі адреспен сөйлессін. Ол адрес мынау. гор.Алматы Облотнароб Сарбаеву.

1921 жылы 14 сентябрь «Алматы» Жетісу облысының халық ағарту бөлімі бастығы: Біләл Сүлеев.

***Жетісу қазақ-қырғыз педагогика мектебі
ұйымдастырушыларынан:
Шамағали Сарабаев, Қажым Басимов.***

Арыс ортақшыл мектебі

21-ші жыл Шымкент халық ағарту бөлімінің жәрдемімен ашылмақшы болған ортақшыл мектебі үй болмағандықтан 1 тоқтап қалған еді. Сүйткенмен де Арыс болысындағы 2-3 үйден тігіп отырған байлардың бірлі-жарымды үйлерін алып осы жыл (15 майдан бері) ортақшыл мектеп ашылды, оқушылары 50-60 бар.

15 сентябрьден кейін салқын түсе бастаған соң Тәшкент үйезі халық ағарту бөлімінің жәрдемі мен бізді Темірлан поселкесіне көшірді. Бірақ мұнда да жай жеткіліксіз, сүйткенмен бұл күнге шейін көрген кемшілігіміздің бірі мынау болды: мектептің керек-жарағын сұрап қағаз жазсақ, басында тұрған орыс болғандықтан орысша жазбасаңдар алынбайды деп бермейді. Орысша біз жақсы білмейміз, хукімет тілі түрік тілі деп бұйрық шықсада мұның ел ішінде жүріп жатқаны жоқ. Ең болмағанда мектеп оқу-оқыту істеріне тиісті мекеменің мұсылмандардан болуы ылайықты деймін.

Досмұхаммед Медетов

Қазақ-қырғыз білім комиссиясы (басы өткен санда)

Комиссия екінші қолға өткеннен кейін бұрынғы орнынан көшіріліп қазақ-қырғыз институтына келтірілді. Бізде әскер, іс білетін азаматтардың кендігі бүкіл жұртқа мәлім. Істерлік кісіге келгенде басымызға тартқанымыз аяғымызға, аяғымызға тартқанымыз басымызға жетпейді. Кісі аз, іс көп. Сондықтан бір ғана істің басын ұстап, бір жұмыспен ғана жүрген азаматтар бізде жоқ, қайсысы болса да екі, үш түрлі, екі, үш жердегі істе жетер. Солай болған соң осындай кемтарлықпен

комиссияның көшіп-қонуы болсын, кеңсесін түзеп, құрып алуы болсын біразға таман сөз болыңқырады.

Қашанда болса кісінің өзі тілемесе, зорлап, айтып істетуден мәні кем шыкпақ. Оның үстіне қосымша біздегі бір ауру – тілге байлықта, іске жалқаулық. «Пәлендей ісімді істеп, пәлендей кітабымды жазып бер», – деп өтінгенмен комиссияның тілін алып, айтқанына көнген хәм көніп отырған кісілер шамалы.

Сондықтан тап көңілдегідей болып заулап жүріп отырған комиссияның ісі де аз, сөйткенмен де әзірге істеп болған хәм істеп жатқан істерінің түрін біраз айтып көрсетіп өтейін:

Комиссия өзінің жол-жобасын түзеді, істейтін істерінің планын құрды. Комиссия мүшелерінің алғашқы кезде бесеу болғандығын жазған едім, сол бес мүшеге лайық комиссия бес бөлімге бөлді: 1) білім бөлімі; 2) тарих-этнография; 3) әдебиет суретшілік бөлімі; 4) үгіт-насихат бөлімі; 5) библиография бөлімі. Әр мүше өзіне берілген мүшенің басқарушысы танылды. Әр бөлім өзіне тиісті істер туралы план, жоба құрды.

17-ші жылғы төңкерістен бері қазақ тілінде жаңалап шыққан халық оқырлық кітап, еш нәрсе болған емес. Бұрын бірлі-жарым әдебиет, өлең кітаптары, мектеп құралдары болса да, олар Түркістан қазақ-қырғыздарына еркіндеп тарай алған жоқ. Сондықтан комиссия: 1) «Оян қазақ» 2) «Топ жарған» 3) «Азамат» 4) «Маса» 5) «Терме» 6) «Уақ-түйек» 7) «Шолпан» 8) «Қырық мысал» 9) «Тұрымтай» 10) «Жиған-терген» 11) «Жастық жемістері» атты бұрынғы шыққан кітаптарды қазақ емлесімен көшіртіп бастыруға берді. Тағы бұлардан басқа жаңадан берілген кітаптар:

1) Балдырған (өлең кітабы) Илияс Жансүгіровтікі;

2) «Жиған терген» өлеңдер «Қазақ», «Айқап», «Жаңа өріс», «Ақ жолдағы» өлеңдерді жиып, көшіртіп өлеңдер жиынтығы ретінде шығарылып отырған бір кітап.

3) Әбубәкір Диваев тарапынан жиналған батырлар хикаясы атты кітаптар: а) Қара қыпшақ Қобыланды батыр ә) Бекет батыр б) Қамбар батыр в) Нәрік ұғылы Шора батыр г) Алпамыс батыр ғ) Жора батыр д) мырза Едіге батыр.

Енді жақында тағы да баспаға берілетін деп көшіріліп жатқан кітаптар:

1) Денсаулық кітабы Жұмағали Тілеулиндікі. «Қазақта» жазған мақаласынан көшіріліп, кітап қылынып берілейін деп отыр.

2) Жұқпалы аурулар – бұл да «Қазақта» жазылған әр түрлі мақалалардан көшіріліп кітап қылынып жатыр.

3) Мал індеті, мал тұқымын асылдандыру туралы «Қазақ» газетіндегі жазылған әр түрлі мақалалар, мұны да өз алдына кішкене бір кітапша ретінде шығармақ болып көшіртіп жатыр.

Бұл күнде ел ішіндегі жастар бұрынғыдай емес, оянды, ұйысты, ұйымдасты. Әр жерлерде сауық кештерін қойып халықтың тіршілік, тұрмыс, мінез-құлқын айнадай көз алдарына елестетіп көрсетіп жатыр. Бірақ, жастардың мұндай талаптарын ілгері бастырып тұрарлық қазақша жазылған ел ішінде сауық кітаптары жоқ. Болғандары кол жазба, ол да бірлі-жарымды кісілердің қолында жүр. Білім комиссиясына бұл туралы кітап берушілерде аз, тек қолдағы сауық кітаптарды бастыруға лайық көріп, жадырып, даярлатып жатыр:

1) «Балкия» 4 перделік драма М.Дулатовтікі 2) «Алтын сақина» 3 перделік драма Қ.Кемеңгеровтікі 3) «Сылаң қыз» 1 перделік комедия Ж.Аймауытовтікі 4) «Айталы қонақтар» 1 перделік комедия Қажымолла Басимовтікі 5) «Жемір болыс» 3 перделік драма Ж.Аймауытовтікі 6) «Қызыл қаршар» 1 перделік М.Дулатовтікі – «Қазақ» газетінен.

Бұл күнде ел ішіндегі мектеп балалары болсын, өз тұрмысынан халық тіршілігінен алынып жазылған бір кітап көрген жоқ. Бар көргені татар, өзбек тіліндегі уақ-түйек кітаптар. Білім комиссиясы құрылғаннан кейін бұл жағында ықтиярға алып әзірге ермек ете тұрулары үшін мынадай хикая, ертекттерді көшіртіп, аудартып уақ-түйек кітапша қылып шығаруға тырысып жатыр: 1) «Қазақ» газетіндегі Қырым баласының «Қырым» сөзі Н.Маркстен деп жазған тәржімалары 2) «Қазақ» газетіндегі А.Байтұрсыновтың «Дін таласы» деп Толстой кітабынан алып жазған оқшау сөзі

3) «Қазақ» газетіндегі М.Дулатовтың «Құлдау досты» деп жазған тәржімалары 4) «Алтын балық» А.Байтұрсыновтың өлеңінен сөзге айналдырылды һәм әр түрлі уақ-түйек баларға лайықты хикаялар. Мәселен: «Маймыл мен көзілдірік», «Ақылды теке» «Алтын жұмыртқа» сияқтылар.

Бұлардан басқа қазақ-қырғыз білім комиссиясы бірінші һәм үшінші басқыш мектептер үшін төмендегі кісілерге оқу құралдарын жазуға тапсырды:

1) Жануарлар 1-2 бөлім. Досмұхамедовқа (мұның екіншісі бітті, жақында баспаға берілмек);

2) Физика – Кәрім Жәленовқа;

3) Есеп құралы екінші бөлім, Кәрім Жәленовқа;

4) Педагогика – Иемберген Табынбаевқа;

5) Психология – Иемберген Табынбаевқа;

6) Есеп амалдары – Файзулла Ғылымжановқа;

7) Есеп құралы – бірінші бөлім С.Қожановқа;

8) Есеп ережелері (теория, арифметика) С.Қожановқа.

*Ақыры бар.
Келден*

Білім һәм тіршілік

Халық ағарту комиссариатының білім кеңесінде

Балалар тәрбиелеуші білім комиссиясы ұлттар, білім комиссияларымен қосылып тұрғын халықтардың школдарына кітап даярлаудың жоспарын жасауға кірісіп жатыр. Мына түрде: тіл құралдар даярлау реті, алдымен өзбек тілі құралы дайындалмақ (қазақ тілі құралы бар, түрікпен тілі құралын даярлауға Гашкентте күш жоқ).

Түрік тұқымының тілін жақсы білетін профессор Половты һәм күншығыс тілдерінің бір қатарына жетікшелеу профессор Полигаповты мұғалімдерге ана тілін оқытуды һәм оқу құралдарын қалай жазуды оңайлатып қолқабыс беріп отыратын бір кітап жаздыру қамына кірісіп жатыр.

Бастауыш мектептерінің төрт буынында оқытуға оқу құралдарының түрі керек. Жоғарғы бөлімдеріне уақ әңгімелері бар кітапшалар керек.

Балалар тәрбиелеуші білім комиссиясы Түркістан балалары үшін орыс һәм дүниялық әдебиет кітаптарынан ыңғайлы пайдалы кітаптарды тұрғын тілге аудартуға қам қылып жатыр. Кітапты іріктеу негізі я тұрмыс жүзінде жақындыққа қаралады, я болмаса туысқандық жүзіндегі жақындыққа қаралады.

Қазақтың «тіл тізімі» (словарь) туралы

Тарихтың көрсетуіне қарағанда біздің заманымызға шейін дүние жүзінде бірнеше халықтар, бірнеше ұлттар өткен. Ол ұлттар, халықтар түрлі тілде сөйлегендігіне сол тарих тағы да айғақ. Ол тілдердің кейбірі осы уақытқа шейін құрып кетіп, кейбіреулері сөйленіп келе жатыр. Сөйленіп келе жатқан тілдердің ішіне шет ұлттардың сөздерінен де кіріп, тіл тілге, сөз сөзге жамалып, тіл байымақ та, сөз кеңеймек те. Мұны көрсетуші әр ұлттың, ұлт тілінің «словарь». Бізше айтқанда «сөз тізімі» болатын шығар. Қысқасы «словарь» тілдің тарихын, тілдің сырын халыққа аңартушы бір зат болып шығады.

Біздің заманымыз бәсеке заманы. Адам баласының мәдени тұрмысқа бәсекелесіп өршіген заманы. Мұндай заманда дүние жүзіндегі жасаушы ұлттардың тілі, әдебиеті сынға түспекші, сыналмақшы. Ғылыми тілдердің қай жерінен, қай ұлттың тілі орын алғандығы белгіленбекші. Ұлттың ұлтшылығы тілінің баюы мен әдебиетінің кеңеюімен ғана танылмақшы.

Ғылым артылған сайын, білім ұлғайған сайын тіл де көркейіп байымақшы. Сөз де кеңейіп ғылыми сөздерден тиісті орнын ала бермекші. Бұрын да болса, соңғы мына төңкеріс замандарында да қонысы сыбайлас орыс ұлтының әдебиетінде де түрліше саяси, ғылыми сөздер,

терминдер шығып жатыр. Оған лайықты қазақтың да тілдері шығып әр аудан, әркім әртүрлі сөз, термин тауып қазақ тілі ғылыми тілге жанаса бастағандығы көрінеді. Бұл сөздер, терминдер әркімнің өз ойынан алынып халыққа жас сөздер, терминдер емес қазақтың өзіне белгілі сөзі, белгілі тілі. Бірақ бұл сөздер бұрын да халық аузында тар мағынада алынып жүрсе де қазіргі уақытта саяси ғылыми тіршіліктерде кең мағынада алынып жүр хәм осылай болуына тиіс. Кейбіреулер мына сөз ауыл арасында сөйленетін еді, қалайша саяси, ғылыми терминдерге, сөздерге кірісіп қалды. Мұнысы орынсыз ғой, пәлен ғой, түген ғой деп... жүрген шығар. Оларға біздің айтатынымыз: қазақ халқы бұрында қой бағып, мал арасында, мал есебінде жүретін халық еді. Енді сол қазақтан оқымыстылар шығып, хукімет істеріне қатысып, саясатқа ие болып, өз алдарына бір республика, бір аудан болып «қазақ» ұлттығын көрсетіп отыр. Ұлт мектептерін ашып, ұлт тәрбиесін беріп отыр. Орыстың «тіл құрал» (грамматикаларында) сөйленіп келе жатқан «падежная клонения» хәм осыған ұқсаған сөздері түбін тексергенде қаншама кісі силарлық атадан артық туған сыпайы сөздер еді? Бірақ ғылыми сөздер бөлініп, сөйленіп, әдеттеліп кеткен.

Әзір есігір құлаққа да, сөйлер сөзге де оншама өрескел емес. Сондай-ақ біздің қазақтың ана тілінде түрлі фани кітаптар шығып, ол кітаптардың ішіндегі терминдері, сөздері қазақ сөзі, термині болып, орыстың «словарь» деген сөзін қазақшаға аударып «сөз тізім» деп отырса, әуелгі кезде өте жат көрінеді, күлкі де болар, өйтседе бірте-бірте құлақ жаттығып, бой үйреніп қазақтың бір сыпайы сөзі болып кетер. Бәрінен де талаптанып, талпынып істей берген жақсы.

«Ақ жолдың» 122-ші санынан бастап «Келденнің» «Қазақ-қырғыз білім комиссиясы» деген мақаласы басылып келе жатыр. Бұл мақалада білім комиссиясының ісі туралы халықты аңғартып отыр. Соның ішінде оқу кітаптарын жазып жатқан хәм жазып тапсырған мырзалардың аттарын көрсетіп отыр. Әрине комиссиясының бұл ісі халықты қуантарлық игілік іс. Мұнсыз халық ағармақшы, халыққа саңлау кірмекші емес екендігі анық. Бірақ осы ғана жазылып шыққан хәм шығатын кітаптар халықты қанағаттандырады деп айтуға болмайды.

Жоқтан бар жақсы, аздан көп жақсы. Жазушылар тағы да табылар, тағы да жазар. Бірте-бірте кітаптар түрленер, көбейер. Бұл кітаптардың сөз терминдері әуелгі кезде ұнамсыз да, бір сөзге неше түрлі мағына берілетін реттері де болары сөз емес. Көш жүре бара түзелер. Бұл қолайсыздықтардың барлығы да қазақ сөзі ғылыми сөздердің тиісті жерінен орын алып белгіленбегендігінен.

Сондықтан оқу, оқыту істеріне «кітап» қандай керек болса, жазушыларға термин үшін «сөз тізім» (словарьдың) керектігі онанда артық.

«Сөз тізім» (словарьдың) тағы керекті жері: жазушылар көп орында орыс сөзіне қазақша сөз таба алмай, қапелімде есіне түспей сасатын кездері көп болады.

Алдында «сөз тізім» (словарь) болса қарай салып жаза салу оңай болар еді. Екінші орыстың бір сөзіне қазақша бірнеше мағына беріліп жүретін кездері де көп болады.

Мына «занавес» деген орыс сөзіне «шымылдық» (қазақша), «перде» (парсыша) деп мағына беріліп жүрсе халықта белгілі бағыт белгілі түсінік болмайды. Соның үшін бізге қазақтың сөйлеп жүрген сөзінің бәрін тізіп «сөз тізім» (словарь) қылып шығару керек-ақ. Онан кейін түрлі словарьлар «сөз томдар» жасау оңай болады.

Қазақта бұрын жасалған «сөз тізім» (словарьдан) бары мыналар: Орынбордағы миционер тобының 1905-ші жылғы жасап шығарған орысша, қазақша словары тағы Есмұхамед Бокиннің орысша-қазақша, қазақша-орысша словары тағы осыған ұқсаған уақ-түйек словарьлар. Бұлардың барлығы да біздің жазушыларымызды қанағаттандырады деуге болмайды. Өйткені киіз туырлықты қазақ ұлтының ілгеріден бері сөйленіп келе жатқан сөздерінің барлығы таңба (алқыба) ретінше тізіліп бұл словарьларға кірмеген. Сондықтан қазақ-қырғыз білім комиссиясы қазақтың бүкіл сөйленіп жүрген сөздерін таңба (алқыба) ретінше тізіп есебін алмақты план етіп отыр. Сонан соң түрлі словарьлар жасамақшы. Бұл туралы Келден мырза өз мақаласында «словарьді Садуақас Оспановқа тапсырған едік. Оспанов мырза бұл күнге шейін жарым хәріптік те еңбегін көрсеткен жоқ» деп асығып жазып отыр.

Енді «сөз тізім» (словарьға) келейік. Білім комиссиясы маған «сөз тізім» (словарьды) тапсырғанына бір ай болды. Одан бері мен қарап жүргенім жоқ. Қазақ сөздерінің барлығын таңба (алқыба) ретінше тізіп тапсыру менің міндетімде болғасын керекті материалдарды тексеріп жүрмін.

Менің бір айлық тәжірибеме қарағанда сөз тізу онша оңай көрінбейді. Қазақтың әр бір аудандарындағы сөйленіп жүрген сөздер көз алдымда тұруға тиіс. Көбінше: жер, адам, шөп, өсімдік түрлі аңдардың аттары һәр ауданда әртүрлі сөйленеді. Солардың бәрі көз алдында болса, сонда ғана қазақтың толық «сөз тізімі» болады. Орысша айтқанда полный киргизский словарь живых слов. Сондықтан жоғарыдағы сөйленіп келе жатқан сөздер халыққа сөз тізім (словарь) керек екендігін һәм ол сөз тізімнің жасалуы өте қиын екендігін көрсетеді. Қазақтың 40-50 мың шамалы сөйлеп жүрген сөздерін хәріп ретінше шұқылап тізіп отыру Келденге оңай болса да басқаға қиын шығар.... Бір айға асыққан Келденнің словары алты айда бітсе де жарар. Келденнің онда да халықты ағартуы кенже қалмас.

С.Оспанов

Отаршылдықтың тұқымын құрту

Ұлт комиссариатының бөлімдерімен жиналып жатқандар, отаршылдардың аталуының жайында. Олардың атағында болған қалалар, көшелер, станциялар һәм сондайлар. Түркістан республикасы оның атын өзгерту мақсатына баяндама істелініп жатыр. Памятнигі туралы (отаршылдық заманының) құртуға тиісті болған. Өзінің бөтен ілгергі қаулы-жобасымен қатар һәм ұлт комиссариатының тиісті мекемелерінің келісуіменен жергілікті халықтың тілін университетке, институтқа һәм бөтен школдарға белгілі бір савдағы сабақ орнына қосу мәселесін жүзеге шығару. Осы үстіміздегі уақытта ұлт комиссариатымен жұма күні кеңселерде қызмет болмасын, жабылсын һәм сол күнді тінту күні қылайық. Бұл түрлі мекемелердің барлығында да болсын деген мәселе көтерілуі.

Ұлт комиссариатының ұлт аздығы бөлімі ноябрь айының басынан бастап өзінің ісін ашты. Оның міндетіне жанайтып ұлт жұмысын сақтау (Түркістан аймағының ұлт аздығының) һәм халық ағарту комиссариатының жанындағы ұлт аздығының советіне халық ағарту жағының тар ғана мәселесін қалдырып ноябрьдің ішінде ішкі іс комиссариатының, әділшілік комиссариатының һәм ел бөлімінің уәкілімен бірлесіп ұлт комиссариаты түзеп һәм қарап өтті, тұрмысқа һәм жанға тиімді жағымен, Түркістан республикасының өлген, байға шыққан һәм туғандарды жазатын актіні.

Терминология хақында

Мәдениет һәм халық ағарту жолында жұмыстанушы өзбектердің жуық арада болашақ сиезге Халел Досмұхамедов тарапынан даярланбақшы, баяндаманың тезистері. Бұл тезистер сиез шақырушы білім кеңесінің жиылысында қабылданған:

1. Өзбек тілінде осы күнге дейін Еуропа жұртыныкіндей ұлттық білім жоқ.

2. Халықты билеген хан, патша хүкіметтері һәм елге бас болған надан ғұламалар өзбек жұртын надандықта ұстады. Ел арасына нағыз ғылымның, түрлі білімдердің тарауына қарсы болды. Сондықтан өзбек жұртының мәдениеті ілгері баспады.

3. Россияда болған төңкерістен соң қорлықта жүрген халықтар азат болды. Өзбек халқы да өз тілін жұмсап, өз мәдениетін түзеуге ықтиярлы болды.

4. Болашақ мәдениетті түзегенде Еуропа мәдениетін үлгіге алу керек.

Еуропаның мәдениетін халықтың тұрмысына, рухына келістіріп, ыңғайлы қылып өзгертіп алуы керек. Бір заманда Россияда, Жапонияда осындай жолмен мәдениетін өзгертіп білімді, мәдениетті халықтың санына кірді. өзбек халқы да Россия мен Жапонияның салған жолына түсуі керек.

5. Мәдениеттің үлкен үйінің бірі ұлттық білім әдебиеті болмай, халықтың мәдениеті ілгері баспайды. Сондықтан өзбек жұртына алдымен білім әдебиетін түзеп көркейтуге тырысу керек.

6. Білім, әдебиетін түзегенде Еуропаның білім әдебиеттерін үлгіге алып солардың көрсеткен жоспарын өзбек халқының тұрмысына, тіршілігіне, рухына келтіріп өзгерту тиіс.

7. Ұлттық білім әдебиетін түзегенде ең алғашқы керекті нәрсе терминдерді (ғылым атауларын) дұрыстап тағып, барлық терминдерді бір жолмен жүргізу.

8. Елді тезден Еуропа мәдениетімен, Еуропа білімдерімен таныстыру үшін қолданған терминдердің халыққа түсінікті елдің ішіне жылдам сіңімді келуі керек.

9. Сондықтан терминдердің бәрін қолдан келгенше нағыз өзбектің өзінің тіліндегі сөйленіп жүрген сөздерден алуы керек.

10. Ел ішіндегі сөйленіп жүрген сөздер қолайлы келмегенде, ескі өзбек тілінде қолданылған, бұл күнде көп айтылмайтын сөздерден терминдерге лайық сөздерді табу керек. Ескі өлеңдерден, жырлардан, хикаялардан терминдерге жарарлық көп қолайлы сөздер табылса керек.

11. Терминдер үшін арнап халық қолданған сөздерден туынды сөздер шығаруға болады. Туынды сөздердің жаңалығы, туындылығы көп ескерілмейтін болып өзбек тілінің заңымен тууы керек. Туынды сөз шығару жолды сақтықпен қолдану керек. Орынсыз-қолайсыз болып туған сөздер тілді бұзады. Келешек әдебиетке көп кесірі тиеді.

12. Терминге керек сөзді тумалас түріктердің тілдеріндегі сөздерден алуға болады. Қазақ-қырғыз, ноғай, түрікпен секілді басқа түріктердің тілдерінде өзбектерге термин қылып қолданатын сөздер табылса керек.

13. Жоғарғы жолдармен іздегенде терминдер үшін қолайлы сөздер табылмаса Еуропа білім әдебиетіндегі латын терминдерін қолдануы керек. Бұл заманда артық мәдениет, артық білім Еуропада. Еуропадағы халықтардың қолданған терминдері көбіне латын сөздері. Латын тілі бүтін Еуропаға атақ ғылым тілі болып саналады. Ілгері басып мәдениетті боламын деген халық бұл заманда латын тілінен қаша алмайды.

14. Араб, парсы, орыс тілдерінен термин үшін өзбек тіліне кірген сөздерді ғана иә термин болып жайылған сөздерді ғана алуға болады. Латын сөздері тілге ыңғайсыз келгенде иә болмаса латын тілінде қолайлы терминдер болмағанда иә орыс сөздері тіршілікке пайдалы болғанда, термин қылып орыс сөздерін қолдануға болады.

15. Ағылшын, француз, қытай басқа жұрттардың сөздерін орыстың әдебиетінде қолданған орнында өзбектерге де тегін қылып қолдануы керек.

16. Бөтен тілдерден алған сөздерді өзбек тілінің заңымен өзгерту керек. Шама келгенше бөтен сөздердің тобырын өзгертпеске тырысу керек.

17. Түзегенде сақтықпен түзеп терминдерді тек керекті орындарда ғана қолдану керек. Дұрыстап тексерілмей қалған терминдер орынды – орынсыз жұмсалған терминдер білім әдебиетін жолға салуға көп кедергі болады. Білім әдебиетін түзеуге көп кесірі тиеді. Бастауыш мектептер үшін, жалпы халық үшін жазылған оқу һәм білім кітаптарында бөтен тілдерден алынған терминдерді жарытып қолданбасқа керек.

18. Өзбек тілі үшін керек терминдерді тергеп, тексеріп жүзеге шығарып тұратын мекеме біреу болуы керек. Осы мекемені басқарушы адамдардың білімі толық болып халыққа инабатты, қадырлі болуы керек. Осындай мекеме білім кеңесінің жанындағы өзбек білім комиссиясы болса керек.

19. Өзбек білім комиссиясының қабылдаған терминдерін бүтін өзбек әдебиеті қолдану керек. Білім кітаптарында, оқу кітаптарында қабылданған терминдерден басқа бөтен терминдер қолданбасқа керек.

20. Терминдерді сақтықпен тағып бір жолмен бірлестіріп жүргізіп тұру үшін өзбек білім комиссиясы тексеріп шықпайынша білім һәм оқу кітаптары өзбек тілінде басылмасқа керек.

21. Қабылданып қолданған терминдерді рас бір ыңғайсыздығы дұрысталып көрінгенде болмаса өзгертпеске керек.

22. Терминдер ел арасына мектептер, білім һәм оқу кітаптары газет журналдар арқылы тарайды. Сондықтан өзбек тілінде мектептерді, білім, оқу кітаптарын, газет-журналдарды көп шығаруға тырысу керек.

23. Кітаптар арқылы терминдерді тарату үшін кітаптарды, әсіресе оқу кітаптарын келісті қылып жазып, тәртіпті қылып жақсылап басуы керек.

24. Қағаздың нашарлығынан, һәріптің жетпестігінен, карикатураның нашарлығынан басқа да себептерден Түркістанда басылған оқу кітаптарының кем-кетігі көп, сондықтан бұл кітаптар арқылы термин тарату қиын. Дұрыстап басылмаған терминдер оқушыларды, оқытушыларды шатастырады. Оқу кітаптарының Түркістанда дұрыстап басылуына амал жасау керек.

25. Мәтбоғат терминдерді жаюшы құралдардың зоры болып саналады. Сондықтан қабылданған терминдерді газет-журналдарда қолдану міндет болсын. Жаңа шыққан терминдерді халыққа түсіндіріп тұру мәтбоғатқа міндет болсын.

26. Терминдерді тергеп, тексеріп қабылдап тұратын мекеме болғандықтан өзбек білім комиссиясы білімді адамдардан, керек ақшадан мұқтажды көрмейтін болсын.

27. Терминдерді жан-жағынан тергеп, дұрыстап тексеріп, ғылымға дұрыс, тілге ыңғайлы сөздерден алу үшін өзбек білім комиссиясы түрлі білім мекмелерімен, түрлі данышпандармен аймақтық өзбек институтындағы мұғалімдермен аймақтық өзбек газетін басқарушылармен бірлесіп жұмыс кылуы керек.

Қазақ әдебиеті қалай дәуірлесін

Ежелден салынған тарихи жол қай ұлттық болсын мәдениетке аяқ басуы. Әдебиеті дәуірлесе өз тілінде өнер-білім алуға мүмкіндік болса, сонда ғана болмақ. Бұл қай ұлттың болса да тарихи ұлт атанып, ілгері басуына, теңдік алуына, қараңғылықтан құтылуына бірінші құрал.

Өзінің көгерген, кеніген әдебиеті болмай, өз тілінде өнер білім алуға мүмкіндік болмай, ешбір ұлт ілгері баспақ емес. Теңдікте алмақ емес. Бұған дені дұрыс, тарихтан хабары бар, саясаттан аңғары бар ешкім таласпаса керек. Қазірде тарихи ұлт атанып ауызға алынып, теңдік аламыз, мәдениетке аяқ басамыз деп отырған ұлттың бәрі біздің қазақ ұлты қазақ жұрты. Әрине қазақ жұртына да, мәдениет те, теңдік те, аспаннан салбырап түсе қалмақ емес. Бізге де тарихтың салып қойған белгілі жолын басу керек. Тарихы нық ұлт болу үшін теңдікте мәдениетке жету үшін қазақ жұртының да құрал боларлық кең, бай әдебиеті болу керек.

Қазақ жұртына да өз тілінде өнер-білім алуға мүмкіндік болу керек. Бұлар болмай қазақ жұртына жоқ жерден бостандық келсін, «аспаннан шұға жауса да сорлыға ұлтарақ та жоқ» дегеннің аяғын құшпақпыз.

Тарих ақтарып, тереңдеп дәлел келтіретін ешнәрсең жоқ, білген кісіге төңкерістің төрт жылдық дәуіріне абайлап көз салса да, түсінікті-ақ болса керек. Төңкерістен бері қазақ жұртымен араласқан кісі, қазақ жұртының төңкерістен бергі басынан кешкен жайымен таныс кісі, ісінің жемісінен де, көрген тәжірбиесінен де ап-анық білсе де, түсінсе де керек.

Қазақтың осы күнгі белгілі жас ақыны Мағжан айтады: қазіргі дәуірде қазақтың дәуірлеген әдебиеті жоқ, әдебиетіміз тумай жатып жоқ болып, жанбай жатып жоқ болып отыр дейді. Тіпті қатесі жоқ, аталы сөзге арсыз таласады. Қай қазақ азаматы айтар, дәл осы кезде қазақ әдебиеті дәуірлеп, жанып келеді деп қай азамат өтірік дер, осы күнгі үніміз де, сөзіміз де адасқан аңның ұлуына ұқсамайды деп, ешкім де айтпас, ешкім де таласпас та.

Қазір қазақ әдебиетінің дәуірлегені сол. Бәрі жоғалып барады. Жаңғаны сол, сөніп барады. Күні кеше заманның тар кезінде, шамшыл кезінде, тілдің күрмеу-сақау кезінде жаңа туа бастаған жас әдебиетіміз

бар еді. Жаңадан жанып келе жатқан шырақтай, жасарып келе жатқан жас гүлдей әдебиетіміз бар еді.

Бүгін сол әдебиетіміз сөнген сықылды. Жазушыларымыз да, акындарымыз да жоғалған сықылды.

Қазақ даласында дәл қазір аңның ұлуы сықылды дыбыстан басқа түк таба алмасак керек. Жандандыра білетін жыр да жоқ, еріте білетін ән де жоқ, сөйлете білетін, білім беретін сөз де жоқ.

Бұлай болса бұған кім кінәлі?

Хүкімет пе? Жоқ, енді кім?

Басқа ешкім де емес. Кінәлі іс басындағы қазақ азаматтары. Әсіресе қазақтың тағдырын шешемін, қолымда іс бар, күш бар, билік, ерік бар деп отырған азаматтары. Бұрын әдебиетіміз көркейе алмаса, кеңейе алмаса кінәні бәрі күкіметте еді. Ол кездегі күкіметіміздің ісі де, тілегі де әдебиетімізді өсіру емес, өшіру еді. Қазір ол күкімет жоқ. Қазіргі күкімет әдебиетіңді өсір, өз тілінде өнер-білім үйрен, өз тілінде ісінді менгер, мәдениетке аяқ сал, тізгінің өзіңде деп отырған күкімет.

Біз сықылды соқыр жұрт, мақау, надан жұрттың өз тілінде өнер-білім үйренерлік болмай әдебиеті зораймай, шын мағанада теңдік ала алмайтынына жол қойып отырған күкімет. Бұлай болса әдебиетіміздің гүлденетін де, көркейетін де кезі осы. Соқырдың тілегені екі көзі, өз тілімізде білім алатын, іске үйренетін кезіміз де осы. Бірақ мұны біліп отырған бұған баға беріп отырған әлі күнге азамат жоқ. Азаматтардың көбі қазақ жұртының әдебиеті мольқпай, өз тілінде білім аларлық болмай, мәдениетке, теңдікке жетпейтінің түсіне алмайтын сықылды. Түсінгені, бағалағаны сол, көбі өзінің тілінде білмейді. Не хайуан болып жүр, не басқа болып жүр. Өзінің хайуандығын, не басқа біреу болғандығын 6 миллион кигіз туырлықты қазақ жұртына да жолдай ұсынатын сықылды.

Қазақ жұрты әдебиетсіз-ақ өз тілінде өнер-білім үйренбей-ақ жақсы қаулымен, қысыр сөзбен жетіле қалады, теңдік алады. Социализм (әлеуметшіл) тұрмысына оқу сыпайы, тұп-тура кісі бола қалады деп ұғынатын сықылды. Айтуға ауыз ұялады.

Мекемеде қазақ тілін жүргізу керек

Қазақ өз алдына автономиялы ел болып теңгерілгеннің бір белгісі күкіметті өзінікі қылу. Яғни мекемелерде (партия, хәкімшілік, сот мекемелері болсын) қазақ тілін колдану керек болатын. Автономия, күкімет Қазақтікі болған соң Қазақтың тілі де орыс тілімен бірдей күкімет тілі болу керек екендігіне талас жоқ. Негізгі теңдіктің бірі екендігін ойлап Қазақстан күкіметі қазақ тілін колдану туралы декретте шығарған. Қазақ жұмысы алғы жадағай қалу болды ма, мұрша келмеді ме, яки жергілікті

мекемелердің салақтығынан ба әйтеуір бұл күнге шейін қазақ тілін қолданған мекеме яки ел жоқ.

Қазақ тілін қолдану керек. Қолданбаған не деген сұмдық! деп «Қазақ тілі» газеті бұрында талай ойбайды салған. Қарауыл шақырған. Оны елең қылған хукімет жоқ. Өткен жаз Семей Губревкомы бір приказ шығарды. «Бисмилла аллауһу акбар» сонымен тамам болды. Бұл жұмысқа қызу кіріскен Ыдрыс Мұстамбаев деген азамат болды. Ол өзі барған Зайсан үйезінде «бай-байлағанына» қарамастан, күшпен қазақ тілін жүргізіп, болыстарына хатшы даярлатып, «тілмаштарын» қуып жіберді. Бүкіл губернияда қазақ тілі іске аспағандықтан, бұл туралы белгілі жоба шығып, тәртіпке қойылмағандықтан Зайсанның қазақ тілі көзге шыққан сүйелдей іс жүзінде әр түрлі қолайсыздық көріп отыр. Екінші жалпы қазақ сиезі қазақ тілін іске асыру керек деп тағы қаулы қылды. Мүмкін келешек 3,4,5-ші қазақ сиездері ұялмай тағы қаулы шығарар. Одан келер пайда шамалы. Қазақ тілінің керек екендігіне ешкімнің дауы болмаса да, іске келгенде «оймен бәрі бітер» емес. Губерниялық мекемелердің бұл мәселе туралы әлі ойланғаны білінбейді. Қол тимей жүр, жұмыс қабаттап жүр, пәлен-түген деп соза берсек, сәрсенбі, бейсенбі таусылар емес. Әкімшілік мекемесі жоба жасауға мұршасы келмесе біз жоба ұсынбақпыз. Қалай іске асыру жолын көрсетпекпіз. Сыншылар қарастырсын, талқыға салсын, мінесін, қайтсе де қазақ тілі іске ассын. Бұл айтқанымыз тағы желге кететін болса, жазған құлда шаршау жоқ. Тағы жазармыз, тағы түрткілейміз, ызындағанды қоймаймыз деп, ұйқысын азда болса бөлмеспе екен? Қоймастан құлағына ызындаса.

Біз ойлаймыз: губерниялық мекемелерде қазақ тілін жүргізу мүмкін де, қажетте емес. Өйткені губерниядан тура болыстарға баратын қағаз, бұйрық-жарлықтар кем. Елмен қатынасатын үйездік мекемелер бұл жалпы айтқанда. Бірақ Семей үйезіне көбінесе губерниялық мекемелерде қатынасып тұрады. Елмен қатынасатын үйездік мекемелер болғандықтан оларда қазақ тілін жүргізу қажет. Қай түрде жүргізу керек? Мәселе осында.

Қанша қысқартылғанмен әлі де мекеме көп. Көбінесе қазақ болыстарымен жиі қатынас қылатын мекемелер: азық-түлік (продком), еңбек (комтрод) комитеттері, милиция орындары, әкімшілік хәм оқу бөлімі, әскер комиссиараты трамот бұлардың әр қайсысы өз бетімен қазақ болыстарына жіберетін хәм олардан алатын қағаздары болады. Көбінесе жарлықтар машинаға басылып таратылады. Міне қазақ тілін жүргізу қиын деушілердің бір толық дәлелі. Қазақ тілінде басатын машина жоқ, қолдан жазып отыруға уақыт жетпейді дейді.

Бұған жауап: бірінші ондай жарлықтар үрдіс болып отырмайды, анданда шығады; оларды қолмен жазуға болады. Екінші ондай жарлықтар

губерниядан тарайтын болса баспаханаға қазақша бастырып алып үйездерге таратуға болады. Баспахана бір-ақ күнде басып береді, өте тығыз болмаса, газет арқылы жариялауға болады. Материалы табылса, жазба сөзді басатын (гиктограф, шапограф) жасап алып басып отыруға да мүмкін. Ендігі мәселе мекемелерде қазақ переводчигы болуда, бұл туралы екі жол бар. Бірі, әрбір үйездік мекемелерде қазақтан переводчик, жазушы қою. Бұның қолайлы жағы: Әр мекеме елден келген қазақша қағазды тез қарастара алады һәм жіберілетін қағаз тез тарайды. Қолайсыз жағы: мекеме сайын переводчик табу қиын, кісі жетпейді. Екінші жол: мекеме басы переводчик іздемей қазақ ішіне баратын қағаздың бәрін бір жерден, бір қолдан өткізіп отыру. Ол үшін өзгеше бір переводчиктер кеңесін жасау. Әр мекеме қазаққа жіберетін қағазды соларға перевод қылдырып, жіберіп отыру. Мүмкін бұл жалпы кеңсе әкімшілік бөлімінде болуы керек. Бұл жолдың қолайлы жағы: кісі азырақ керек.

Мекемелердің бет-бетімен жазып, бірінің істегенін екіншісі білмеу бетімен жұмыссыз елде кісі шығару-тоқталып тәртіпке түсуге, сыннан өтуге мүмкін. Қолайсыз жағы: әр мекеме қағазын жалпы кеңсеге сүйреп жүру. Ол кеңсе үлгере алмай, жұмыс тоқтап қалу, оған әр түрлі шатақ шығару. Салыстырып келіп екі жолдың бірін алу керек. Өміртәжірбие қатесіз іс қылып келеміз деп ешкімге айта алмайды. Азар болса, көп қатенің бірі болар. Тәжірбие тағы жол көрсетер, біздіңше екінші жолды алу керек деп ойлаймыз. Тезірек іске асуға, халыққа пайдалы болуға осы жол қолайлырақ деп білеміз. Бұл жолды қолайлы тапса әкімшілік бөлімі қарасытырып жоба жасауға тиіс. Үйездерде қазақ болыстарына арналып хатшылар даярлайтын курс ашқызуға, болыстардағы орысша білетін хатшыларды, бос жүрген азаматтарды үйезге алдыруға. Жарак беруге, қазақша жазылмаған жарлықтарды, қағаздарды орындатпауға, мандаты қазақша жазылмағандарды елге жолатпауға әр түрлі қам істеу керек. Губерниялық исполком бұл істі екпінді тығыз жұмыстың бірі қылып кіріспесе, күндегі көп қағаздың біріндей көрумен іске аспайды. Қазақстан автономиясының нышанын халық көрсін десек, қазақ тілін тіл қылу керек. Әйтпесе бұрынғы «Ивандарыңа» жолыға бер деп жұртқа бата беру керек.

Ж.

Басқармадан: Бұл пікірді бізде қуаттаймыз. Оның бер жағында, Түркістанда жалғыз қазақ-қырғыз ғана емес, өзбек бар, түрікпен бар сондықтан мұнда түрік тілі деп жүгіреміз. Түркістанда хүкімет тілі түрік тілі деп қаулы шығарылғалы міне бесінші жыл. Түрік тілімен жүріп жатқан істер, қағаз бетіндегі қаулыдан басқа жоқ. Елден келген кісілер бір нәрсе жаздыру үшін әлі де болса Иванды бәселейді, болмаса оның «мүріттерін» іздейді. Атын арытады, тонын тоздырады. Иттің жорғасындай орысша білгендер Ташкентте жүріп «адбикеттік» қылады.

Бізде бір ауру: мұсылманша жазылған арыздан ешнәрсе өндіремін деп қазақ ойламайды. Әлгідей шәлдірік «адикеттерге» теріс қаратып жаздырса, жауын мұқатқандай көреді.

Мұның бұл күнде де қалмай отырған себебі: қазақтың жұмысының көбі үйездік, облыстық атқару комитеттерімен бітеді. Оның маңайындағылар, алғіндей «адбикеттер». Өз тілдеріне бұлар төмен баға бергеннен кейін ел Василий мен Иванға қылатын құлшылығын баяғыдан да арттырып жіберді.

Өткен жыл Совнарком жанынан переводчикский отдел ашылды. «Мақсаты»: «Ақ жолға» жіберетін Совнаркомның қаулыларын тәржіма қылдыру. Ауыл, облыс, үйездік, облыстық комитеттер оны білмейді. Оларға орысшасын жібереді. Биыл Госиздаттың маңынан переводчиктер бюросы ашылды. Мұнан да шыққан дәнең жоқ. Қысқасы бұған шикі тәжірибе көрсетті: хүкімет «түрік тілін» жүргізу туралы өзін-өзі һәм халықты алдағанмен әрбір комиссиарат, әрбір мекеме дұспан көзі қылып өздеріне бірбір переводчиктерді тартқанмен ешбір іс шықпайтындығын.

Егер хүкімет жұртты алдамай өзінің қаулысын жүзеге шығаруға ынталы болса әрі шәлдірік адбикеттерге жем қылмай халықтың пайдасын ойласа, бізше «Ж» ның ұсынысын алу мақұл. Тек бұл ұсынысқа қосымша қылып, біздің арттырып айтатынымыз мынау: үйез, облыс атқару комитет жұмыстарының көбі жергілікті халықтармен болады. Басында отырғандар да жергілікті халықтың азаматтары үйез, облыс атқару комитеттеріне, тіпті тиісті орында онан жоғары мекемелерге орысша жазып арыз ұсынған жергілікті халықтарға жаза беру. Оны жазған адбикет сымақты тауып алып оған жазаны екі есе арттыру.

Өмір тәжірибе жолында пікір, ақиқатты жүргізу үшін қас пен қабаққа қаралмайды. Жүргізіп тәжірибе қыларлық уақыт осы дегендей бұл күнге шейін ызыңдап құлақтың етін жеп келген мәселенің бірі де осы. Әліде қоймай отырмыз. Ендігісін хүкіметтің өзі біледі.

Мекеме тілі қазақша болсын деген қайда!

Кіндіктегі халық басшыларының мекеме тілі қазақша болсын, іс қазақша жүргізілсін деп шығарып жатқан қаулы қарарларын газет бетінен көріп оқып тұрамыз һәм жоғарғы хәкімдердің жіберген муафиқ істерінді қазақша жүргізіндер деп біздің Қазалы үйезінің жергілікті үйез атқару комитеті қарамағындағы милиция бастықтарына, басқа мекеме бастықтарына бұйырып еді. Басқа үйездерде істің қазақша иә орысша жүріп жатқанынан хабарым жоқ, қазақша жүргізер деп ойлаймын.

Біздің Қазалыда халық қазыларынан басқа мекемелердің ешқайсысы қазақша іс жүргізіп тұрған жоқ. Істерінді қазақша жүргіз деп бұйрық беріп тұрған үйез атқару комитетінің өзінің мекемесінде де қазақшадан орышаның жүруі анағұрлым артық көрінеді. Істерінің көбі орысша, сөздің саяси бөлімі жағына келсек қазақша жазу, сызудың тұқымы жоқ десе де болғандай.

Ал енді үйез атқару комитеті өзіне қараған мекемелеріменен, істеген істері, жазған жазулары мұндай болып, теріс үйреніп қалған жазуларына кете беретін болса, істер қазақша жүргізілсін, мекеме тілі қазақша болсын деп кіндіктегі бұйрық жарлықтар шығарып жатқан есіл азаматтардың еңбегі еш болмаса болар еді деп қорқамын.

Л. Кенжеұлы.

Түркістанда

Жаңа кітаптар. «Госиздат» тарапынан жақында, төмендегі кітаптар басылып шықты:

- 1) «Оқу құралы», Байтұрсыновтікі, саны 40 мың.
- 2) Өзбекше оқулық бірінші жылдық оқу құралы. Шығарушысы Елбек һәм Сайфы. Саны-35 мың.
- 3) «Түрікпен тілі». Екінші жылдық түрікпеніде оқу құралы. Шығарушысы – Әлиф. Саны 30 мың.
- 4) «Сауға» өзбек тілінде оқу құралы. Шығарушы – Шакиржан Рахим.
- 5) «Кәтталарға оқу», өзбек тілінде бірінші жылдық үлкендер үшін шығарылған алқыба кітабы.
- 6) «Сиаси лугат» (словар) өзбек тілінде. Шығарушысы Нәзір Төрөқұлов.
- 7) «Нахудка» өзбек тілінде. Шығарушысы Юнусов.
- 8) «Өлеңдер жиынтығы» өзбек тілінде. Шығарушысы Елбек.
- 9) «Маймыл мен көзілдірік» қазақ тілінде. Байтұрсынов тәржімасы. Жақында басылып шығатын кітаптар.
- 1) «Қирағат кітабы», қазақша, шығарушы Дулатов.
- 2) «Тіл құралы» екінші жылдық, екінші рет басылуы. Шығарушысы Байтұрсынов.
- 3) «Өзбекше оқу» кітабы, 2-нші һәм 3-нші жылдық.
- 4) «Жағрафия» қазақша, шығарушысы Тостыбаев Иса.
- 5) «Геометрия» өзбекше, шығарушысы Байбөриев.
- 6) «Жануарлар» кітабы (зоология) Қазақ тілінде, шығарушысы Халел Досмұхамедов.
- 7) «Түрік әдебиеті һәм түрік тілінің ережелері». Шығарушысы профессор Фалиев.
- 8) «Алгебра» өзбек тілінде, Шығарушысы – Байбөриев.
- 9) «Қазақ батырлары» жеті кітап, жиюшысы – Әбубәкір Диваев.

Қазақша үстіміздегі 1922 жылдың календарі

Қазақша үстіміздегі 1922 жылдың календары шықты. Шығарушы Ташкенттегі қазақ-қырғыз институтының оқытушысы Файзулла Ғалымжанов. Бастырып таратушысы, Түркістан хукімет баспасөз істерін басқаратын бас махкемесі. Бұл, календарь қазақша ең бірінші календар. Календар көрнекті, қағазы жақсы болып, баспасыда анық түскен. Календарде қазақтың тұрмысын тіршілігінен алынған біраз суреттер де бар. Календарды осы жылдан бастап қолдануға тиісті болған. Замана өлшеуіштер, мәселен метрлер-ұзындық, шаршы, текше, сұйық зат, салмақ өлшеуіштері туралы жақсы ғана мағлұмат берілген. 22-нші

жылда болатын мейрам күндері де көрсетілген. Қысқасы, календарьда тіршілік шаруа, тұрмыс жүзінде ұшырайтын өлшеуіштер жайынан тәуір ғана түсінік берілген. Календар меніңше кемшіліксіз емес, бар. Бұл, кем-кетікті болашақ 23-нші жылдың календарінде түзеу керек. Олар, мынау: 1) Қазақша жыл басы ескі есеп бойынша 9-ншы март. Қазақ жыл басын ескіше 9-ншы март жаңаша 22 март наурыз көргеннен санапты. Қазақша 22-мартта биыл тауық жылы бітіп, ит жылы кірді. Календарь орыстың есебінше бірінші январдан басталған. Сондықтан, қазақша да жыл басы орыстың ғинуары сияқты көрсетіп отыр. Бұл басталуға тиісті еді. 22 март наурыздан алынып, мұның есепке бір елі қиыншылығы жоқ.

1. Календарьде қазақша ай аттары деп мынаны санайды: 1) Қаңтар, 2) Ақпан, 3) Отамалы, 4) Сәуір, 5) Май, 6) Шілде, 7) Саршатамыз, 8) Сүмбіле, 9) Қыркүйек, 10) Қазан, 11) Қараша, 12) Қарыс. Сондағы, айтылған «қыркүйекті» қазақ айтқанын естігенім жоқ. Қазақша ай аттарына мен де жетік емеспін. Сүйіткенмен де мынау аттардың біразына тағы қанағат еткім келеді. Қазақша жыл тоқсан, тоқсан деген бар. Бұл да, ай аты болуға керек. Бірақ, қай айға қойған ат анық айталмаймын. «Абай»-дың өлеңінде.

*«Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай,
Қыстың басы бірі ерте,
Біреуі жай, дейді.»*

Тағы Абай екінші өлеңінде:

*«Қарашада өмір тұр,
Тоқтатсаң тоқсан көнер ме» дейді.*

Бірінші өлеңге қарағанда нағыз күз айларының бірінің аты. Оның бір жағында мәнісіне де қарап, күз тоқсанның ақырғы айы-ноябрь, қараша емес, желтоқсан шығар деймін. Бұл, менің ойыма келген бір пікір. Әрине пікірге жол ашық. Біздегі ай аттары һәр жерде һәр түрлі көрінеді. Мәселен, Семей «Дәлу, құт» дегенді білмейді, римше, қазақша айтады. Орал, Торғай, римше кем (тіпті түсінбейді де) арабша айтады: «Қараша, қауыс; кәрі құртаныңызды тауыс» деген қазақтың үлгі сөзіне қарағанда, қараша мен қауыстың арасында желтоқсан жоқ желтоқсаннан, бүтін күз тоқсаны мұрат деп айту, тағы болмайды. Абайдың өлеңіне қарағанда болсын, қазақтың сөзіне қарағанда, болсын, желтоқсан ай аты болу керек. Бұл календарьда жоқ. Айлардың ілгері, сондылығы, қосымшалары барма деп ұғамын. Мәселен, «саршатамыз» деп қосарынан қазақ айтпайды. «Тамыз» дейді. Айлардың атын Файзулла Байтұрсыновтың оқу құралдарынан алса керек. Оқу құралдарындағы ай аттарының көбі жоба хәлі. Болашақ 23-нші жылдың календарында бұл жағын қатты тексеру, қарастыру керек болар деймін.

2. Метір өлшеулерін баян еткен қазаққа тиынға керегі жоқ. 5-6 жолдық сөз жазылған, бұл сөздер орыстын жаңаша ескіше емлесі туралы.

Орыс емлесін тоқсан тоғыз құбылтып жазсын, оның керегі аз. Олардың орнына қазақ-қырғызға пайдалы тіршілік, шаруа жайынан біраз сөздер айтылса, бұл ұстатпайды. Мен «календарді» газетке жазып, сынға алғанымда, жақсысын асырып, жаманын көрсету. Өйткені, календарь жыл сайын шығатын нәрсе пікір қосылған, келістігі айтылған сайын келесісі толымды болып отырмақ.

4. Біз, осы еліктеудің соңына түспесек екен. Календарьда академик я көбі орысша, қазақша да жазылған. Қазақ, қазақшасын оқырлық болғаннан кейін оны тағы орысша жазып не керегі бар? Календарь оны тағы орысша жазып не керегі бар? Календарь қазақ үшін шығарылған, орыс үшін емес. Қазақшасын оқып түскеннен кейін, орысша түр көрсетудің керегі жоқ. Бізге бұл құлдықты, еліктеушілікті тасымауға керек.

5. Біздің бұл күнде өз тілімізге арналған дыбысымыздың таңбалары бар. Жүзеге шығармақ болып тырысқан бір істі, бұзбастан бастап шығару керек.

Қазақ емлесінде «ш» орнына «ч» алынған. Календарьде уйршок сияқты сөздер «ш»-мен жазылыпты. Қазақ баласы өз матбұғатында өз тіліндегі таңбалары ғана қолдануы, өз тіліндегі таңбаларды ғана көрсетулері керек. Оны енді жаркештендіріп басқа тілдегі таңбаларды қыстырмасқа керек.

Тағы «дәйекші» жаңылыс қойылған. Мәселен, шаршы деп қалың айтылатын сөз «Шәрші» болып жіңішке жазылып кеткен.

Бұл, қазақша орын шыққан бірінші календарь, екіншісін түзеу. Һәр неше мұны шығарған Файзулла жолдасқа рахмет айтып ісінің жемісті болуын тілейміз.

О.Ғ.

О.Ғ-ның сынына жауап

«Ақ жолдың» 157-ші санында қазақша шыққан 1922 жылдың календары туралы, О.Ғ-ның сыны басылды. Календардың міндері туралы айтылған О.Ғ-ның пікірлеріне бірден-бірден жауап беріп өтпекшімін. Қазақша ай аттарында қате бар болса бар шығар, өйткені қазақша ай аттарына мен өзімде жетік емеспін. Қазақ арасында ай аттары әр жерде әр түрлі: бір жерлерде Қазақ айлардың Римше аттарын ғана біледі, басқа аттарын білмейді. Бір жерлерде арабша аттарын ғана біліп, басқа аттарын білмейтін, бірақ бар болуы ықтимал деп ойланғандықтан, календарда әр айдың атын үш түрлі (римше, арабша, қазақша) көрсету қажет болды. Аз уақытта, қазақша ай аттарының дұрысын білетін басқа жол таба алмағандықтан Ахмет Байтұрсыновтың «Оқу құралындағы» көрсетілген аттары алынды.

Қазақша ай аттарының дұрысын білетін кісілер яки дұрысын біле алатын кісілер ерінбей аз ғана уақытын беріп «Ақ жолға» жазса да яки тура маған жіберсе де (1) көп-көп Алла разы болсын айтар едік және тоғыстың не екенін жақсы білетін кісілер ол туралы да түсінікті қылып жазып жіберсе жақсы болар еді. О.Ғ календарды 22 марттан яғни наурыздан бастау керек еді дейді. Марттың 10-шы күнін календардың басына беріп 21-ші күнін аяғына жіберіп, календардың сиқын кетіргенше осы күнгі түрімен шыққанының өзі дұрыс. Өзіміздің қолайсыз нәрселеріміздің орнына ретте келіскенде басқа жұрттардың қолайлырақ нәрселерін ала беруіміз керек екендігіне ешкім таласпайтын шығар. Олай болса бір оқиғаның болған уақытың аз сөзбен анық қылып көрсету үшін, жыл есебін 12 жылда айналып келе беретін хайуандардың атымен көрсеткеннен бір белгілі жылдан бастап сан ретімен көрсеткен ыңғайлырақ. Сондықтан, біз өз алымыздағы жыл басы (эра) тауып алмасақ жыл есебін я мұсылманша, я еуропаша алуымыз керек болады. Жыл есебін мұсылманша алғаннан еуропаша алған дұрысырақ. Себебі мұсылманша жыл басы жыл сайын бір уақытта келіп отырмайды. Жыл есебін Еуропаша алуды дұрыс десек календарды 22 марттан бастап 21 мартпан бітірсек, ол календерды қай жылдың календары дейміз?

1922 жылдың календары дейміз бе? Болмаса 1923 жылдың календары дейміз бе яки, 1922 нәм 1923жылдың календары дейміз бе? Календарға бұл көрсетілген аттардың қайсысын қойсақта дұрыс болмайды. Сол себепті календарды 1-ші январдан бастап 31 декабрмен бітіру дұрыс. Өзіміздің ұлтшылығымызды да ұмытпау керек десек ұмытылған жоқ. Календардан өзіне лайық ол да орын алды. «Тиынға керегі жоқ 5-6 жолдық сөз жазылған» болса, ол патшалар заманындағы хукімет хатта пайдадан басқа түк зияны жоқ нәрселерді де қабыл алуға шабандық қылатын еді деген пікірді дәлелдеу үшін жазылған сөз. «Ш» хәріпі туралы айтатыным біздің қолданғанымыз Ахмет Байтұрсыновтың емлесі болатын болса, бұл хәріп өз орнында ғана жазылды. Басқа еш бір хәріпке зорлық қылып орнын тартып алған жері жоқ. Берірек келген соң қазақ емлесін түзетушілер болса, олар онысын мәнбұғат жүзінде жарияланған жоқ. Сондықтан қай жерде кімнің не қылғанын жұрттың көбі білмейді. Шығып жатқан газеттердің емлесіне қарап ондайды білуге тағы болмайды себебі газетшілер өздері емле білмегендіктен жазып жүр-ау деп ойлауға да болады. «Шаршы» деген сөзді жуан да жінішке де айтатын жерлер бар шығар. Бір жерде жуан, бір жерде жінішке айтылатын сөздер одан басқа да бар. Мәселен «мауты», «ара» деп те айтатын жерлер бар. «Мәүті», «аре» деп те айтатын жерлер бар.

Ф. Ғалымжанов

*(1) Менің адресім: Ташкент. пр.К.Маркса 11 редақу.газет «Ақ жол»
Ф.Ғалимжанову.*

Затқа ат іздеу, ұғынысқа сөз іздеу

Тіршілік жүзіне ойлы зат туады. Ол затқа іле ат қойылады. Ойлы мағына туады. Сонан соң ол мағынаға ат керек болып бір белгілі сөз тағайындалады. Өнерлі, білімді, шебер халықтар һәр түрлі тұрмыста керек нәрселер, заттар жасайды һәм оларға өзінше лайықты аттар қояды. Және тұрмыстың, табиғаттың, адамның ғақлиқатының әр түрлі жұмбақ, ғажайып халдерін шешуге ой жіберіп, тәжірибеге қарап баяндап, солардың һәр түрлі халдарына һәр түрлі ұғыныстарға һәр түрлі ат қояды. Сөйтіп өнерлі, білімді, шебер халықтың тілі бай болады. Ол тіл ді туралап түзейтін әдебиет басшылары болмақ. Өнерсіз, олақ, надан халықтың тілі кедей болады. Ол халықтың да әдебиеті кедей болмақ. Үлкен білімнен, шеберлікпен һәм зор уақиғамен бір халықтың туғызған кейбір заттарын сол халықтың берген аттарын өзгертпей басқа халықтар алады. Мәселен: машина, аэроплан, автомобиль, телеграф, революция, коммунизм, большевик, совет, комитет.

Біздің қазақ халқы өнерсіз, олақ, надан болғандықтан тілі кедей, әдебиетіміз жоққа тән болған соң тіліміз де сараланған жоқ. Қазақ әдебиеті жаңадан туды. Баспасөзіміз хукімет өзгерісі болғаннан бері ұлғая бастады. Қазақтың баспасөзі ұлғая бастағаннан бері, қазақ оқығандары хукімет һәм әлеумет ісіне кіріскеннен бері, қазақ тілі орыс тілімен хукімет алдында бірдей болғаннан бері Европаның һәм орыстың қазақ тіліне кірген һәр түрлі сөздеріне қазақша сөздер керек болғандықтан баспасөзге араласып жүрген қазақ баласы орысша затқа ат іздеуде, ұғынысқа сөз іздеуде.

Бұл жолда кей сөздерге қазақша сөздер дәл табылған, кей сөздерге дәл табылған жоқ. һәр түрлі ұғынысқа һәр кім өзіне басқа-басқа сөздерді жұмсап жүр. Мәселен: орыс тіліндегі «район» деген сөзді Түркістан оязының Созақ қаласында «аймақ» деп жазады. Семей, Ақмолада «район» дегенді «аудан» дейді. Орал, Орынбор, Бөкейлік жақтарында «район» ды Қазақшаға аудармай «район» деп айтады. Центральный комитет дегенді «кіндік комитет» деп жазып жүр. Былтырдан бері біздің Қазақстанның кейбір азаматтары орталық комитет «ордалық комитет» деп жазып жүр. Орысша «облыс», «край» деген сөздерді «аймақ» деп жүр. «Коммунист» деген сөзді кей жерде «ортақшыл» деп жүр. Кей жерде қазақшаға аудармай айтып жүр. Кей жерде (Орынборда жастар ұйымы) «еншілес» деп жазып жүр. «Большевик» дегенді біреу қазақшаға аудармай айтады, біреу «көпшіл» дейді. Народный сот дегенді кей жерде «халық соты» деп жазады. Кей жерде қазақшаға аудармай жазады. Семей, Ақмолада «халық биі» деп жазады. Революция дегенді біреулер қазақшаға аудармай айтады, біреулер «төңкеріс» деп жазады. Біреулер « өзгеріс» деп жазады. Һәм переворот деген сөзді де солайша жазады. Председатель дегенді

біреулер « топ басы» дейді, біреулер «бастық» дейді, біреулер қазақшаға аудармай жазады. Осындай орысша бір сөзді бір мағынаны қазақша һәр түрлі аттармен атау қазақ оқығандарының арасында көп оқушылардың тыңдаушылардың түсінуіне бұл едәуір қиын, едәуір шатақ.

Едәуір шатақ. Мұндай халыққа күнде айтылатын орыс жұрты арқылы алып отырған сөздерді енді һәр бірін қазақша һәр түрлі аттармен атамай күллі Қазақстанда һәр бірін қазақша бір-бір сөзбен атауы керек. Бір затты һәр түрлі атпен атаса оған халықтың түсінуі бек қиын. Мәселен: бір кісіні біреу Құдайберген десе, біреу Ахмет десе, біреу Иван десе шатақ емес пе?

Және басқа көп халықтарға аты да заты да, бірдей сөздерді қазақшаға аудармай-ақ алу керек. Құр «қазақ тілі бай, Европаның қай сөзі болса да қазақшаға аударуға болады» деген қиялмен Европадан алып отырған күллі ұғыныстағы заттарымыздың бәрін бірдей қазақшаға аудармақ қиын жұмыс. Европадан алып жүрген кейбір сөзді қазақша бір-ақ сөзбен түсінікті қылып атау мүмкін емес. Ондай сөздерді қазақша бір-бір сөзбен түсінікті қылып жазбақ болғандардың жазуына түсіну бек қиын. Мәселен: 1918 жылы Сибирьде шыққан бір қазақша газета былай деп жазды... «Атаман Аннековтың көңілді әскерінде темір тәртіп жоқ...» Осы күні жазып жүр былай деп... «әскери төңкеріс кеңесінің мүшесі жолдас пәлен көпшіл һәм төңкерісшіл...» Міне, бұған қай қазақ түсіне қояды? Не деп түсінеді.

Россияда да алғашқы әдебиеті туып ұлғая бастағанда осындай Европада алған сөздерден орысшаға аудара-аудара, бір кезде күлкі де болған осы революциядан бергі қазақтың әлеумет һәм хүкімет ісіне һәр түрлі атпен жұмсап жүрген төмендегі сөздерді былай алу керек.

1) Центральный комитет дегенді «орталық комитет» деу керек, «кіндік комитет» деген дұрыс емес, «кіндік» сыпайы сөз емес.

2) Председатель дегенді «төрағасы» деу керек, «бастық» деген сөз начальник деген сөздің орнына айтылады. «Топ басы» деген жалғыз топқа жиылысқа лайық сөз. Комиссияға тройкаға «топ басы» аты лайық емес.

Революция дегенді қазақша да революция деу керек. Бұл көп халықтарға бірдей сөз. «Төңкеріс» дегенді орыстың переворот деген сөзінің орнына айту керек.

4) Большевик дегенді қазақша да «большевик» деу керек. Бұл сөзді күллі жер жүзі орышадан аудармай алып жүр. «Көпшіл» деген сөз түсініксіз.

5) Советская власть дегенді «совет хүкметі» деу керек. Мұны да басқа халықтар аудармай алып жүр. «Кеңес» деген сөзді орысша заседание дегеннің орнына жұмсау керек.

6) Коммунист дегенді қазақша да «коммунист» деу керек. «Ортақ-шыл», «еншілес» деген сөз лайық емес.

7) Нар.суд дегенді «халық биі» деу керек.

8) Край, область дегенді аймақ деген дұрыс.

9) Район дегенді «аудан» деген дұрыс. «Аймақ» «ауданнан» үлкен мағынаға айтылады.

Бұдан басқа да талай сөздер табылады. Әзір осы сөзді айттық. Міне осы көрсетілген сөздерді осылай қолданып жүргізу керек. Бұл сөздерді татар елі де алу керек. Және бұл мақаланы басқа қазақ газеталары көшіріп жазуларын өтінемін.

Сәкен (Манат Шамил).

Басқарма: Бұл мақала ескерту үшін басылып отыр. Бұл пікірге қосылып қосылмастан бұрын айтатынымыз мынау: жалпы ғылым тілі (научный ғәм саяси терминдер). Ғәр жерде ғәр түрлі қолданылып жүр. Бұған себеп жалпы қазақ үшін білім кеңесінің жоқтығы. Сондықтан жалпы ғылым тілінде бір жол бір термин қолданылмай келеді. Төңкеріс заманындағы істер ілгеріндікейінді кем-кетік те болып отырмақ. Кейінгілер ысқақтар иә мақтар ол тарих ісі. Бірақ қазақтың өз тілінен көркем лайықты сөз табылса басқа жұрт демей алу керек. Сондықтан мақаладағы пікірдің көбіне қосылсақ та, көбіне қосыла алмаймыз.

Қазақ-қырғыздың календары туралы

«Үстіміздегі 1922 жылдың календары басылып шықты» – дегенді «Ақжолдың» 159, 158 сандарын оқыған азаматтар білетін шығар. Бұл қазақ-қырғыз ұлтының тұңғыш календары. Қазақ-қырғыз ұлты мәдени тұрмысқа бірте-бірте жуықтап келе жатқандығы соңғы уақытта білініп отыр. Соның үшін мәдениетті халықтардың тіршілік тұрмысында, мінез-құлқында бар белгілердің бәрі бізде де болуға тиіс.

Мәдениетті халықтар «тық...» еткен дыбысты белгілі уақытқа есептеп «секунд», «минут» қылып отырғанда біз ғұмырды түйдектеп 12 жылдық «мүшел»-мен өлшеп, адамның жасын (жылын) қар белгісімен өлшеп, ұзақ күнді көлеңкемен есептеп отырсақ, әрине «мәдениетті халықтардың қатарына тез арада жуықтай аламыз» – деп айтуға да, үміт етуге де болмас еді. Мұндай есептер мәдени халықтардың есебіндей тура есеп, толық есеп болып шықпайды. Мысалы үшін мынаны алайық: қазақтың әйелі октябрь айында босанса (1 айдан соң) декабрьде қар жауса, әкесі: «менің шырағым бір қар көрді, бір жасқа шықты» – деп қуанады. Келесі октябрьде (баланың туған күнінде) қар жауып қалса «шырағым екі жасқа шықты» – дейді. Баланың енді ғана бір жасқа шыққанымен жұмысы жоқ. Егер бір жыл қыс жұмсақ болып, қар жаумай қалса, балалы шал не қылмақшы?.. Әрине мұндай қолайсыздықтардың бәрі де календардың жоқтығынан. Соның үшін календардың керектігі жалғыз ғана қазақтың туған баласының жасын белгілеу үшін емес, ұлттың бүтін ғұмырына, тіршілігіне керекті бір зат болып шығады.

Файзолла мырзаның тізген календары біздің ұлтқа тұңғыш календар болғандықтан, бұл календарды ортаға салып сынап, артық-кемін мінеп пікір алыстыруымыз керек-ақ.

Мен өзім астроном да емеспін, жұлдыз санайтын қазақтың есепшісі де емеспін. Сондай күнде де Файзолланың тізген календары туралы мынаны айтпақшымын:

Файзолла ай аттарына мыналарды алып отыр: 1) Қаңтар, 2) Ақпан, 3) Отамалы, 4) Сәуір, 5) Май, 6) Шілде, 7) Сарша тамыз, 8) Сүмбіле, 9) Қыркүйек, 10) Қазан, 11) Қараша, 12) Қауыс.

1) «Қаңтар» деген сөз «қысқару» мағынасында. Күзден қысқа қарай күн қаңтарыла (қысқара) бермекші. Январь айында күн қаңтарылуы (қысқаруы) бітіп, онан күн ұзара бермекші. Сондықтан бұл ай аты болмай жай ғана бір құбылыс мезгіл болып шығады. «Токсанда торғай адымы, шілдеде шыл адымы, қаңтарда қарға адымы ұзарады» деген қазақтың сөзі бар. Бұған қарағанда да тоқсан күндік қыстың қаһарлы күндерін құстардың адымына салыстырып, осындай түрлі құбылыс мезгілдермен шаруаны өлшеп отыратындығы көрінеді.

2) «Ақпан» – бұл алты күндік ызғырық желдің аты. «Ақпан алты күн, тоқпан тоғыз күн, аямүйіз алты күн, қаһарын алса жеті күн» – деген қазақтың сөзі бар. Рас бұлар февральдің ішінде келеді. Қазақтың бұл сөзіне қарағанда февраль айын үшке бөлу керек. Болмаса тұтас бір айдың атын «Ақпан тоқпан аямүйіз» – деп қоюға тура келеді. Өйткені, «Ақпанның» алты күні февральдің 28-29-ыншы күніне татиды деп кім кепіл болғандай?!

3) «Отамалы»-деген екі сөзден құралған: Бірі «от» – шөп, екіншісі «хмл»-қозы. Бірақ арабтың «хмл»-деген сөзі қазақша «қозы» мағынасында болса да қазақ «амал туысы, амал шығысы»-деп «мезгіл»-ге алып жүр. Сондықтан «отамалы» деген сөз «от мезгілі» мағынасы «көк шөптің шыққан мезгілі» болып табылады, бұл бір. Екінші: «март» айын арабша «хмл»дейді. Бұл жағынан да Файзолла ойланбаған сияқты, болмаса «отамалыға» арабтың «хмлы» қосылған соң, басындағы қазақтың от-шөбін алып тастап, арабшалап «хмл», «үр», «шора»-деп даңғыл жолмен айдай беруі керек еді. Жоқ «қазақ түсінігі керек» десе, «от мезгілі» деп қою керек. Мұны ұнамды көрмесе, «от, хмлдың» нағыз аудармасы «от-қозы» болсын.

4) «Сәуір» – бұл арабтың «ұры» (қазақша өгіз), латынның «телец» – деген жұлдызына арналған. Бұл сөз календарыдан алып тастауға мүмкін болмаса қазақтың «қопал» сөздерінен календар жасап та керегі жоқ.

5) «Май» айы латынның «май-ай-Майи» – деген құдайының атына арналып қойылған бір ай. Кейін өзгеріп, Май делініп кеткен. Қазақ-қырғыз мейлі мұсылман болсын, мейлі кәпір болсын, әңгіме онда емес.

Бірақ көзі ашықтардың айтатыны мынау болуға тиіс: қазақ-қырғызды мұсылманның құдайы жетістірді де, латынның құдайы қалды ма?! «Коммунист күшейген соң, ескі құдай ұмытылып, жаңа құдай керек болды» - деген көп тілегі болса, мен қарсы болмадым.

6) «Шілде» парсы сөзі. Парсыша «шланд» – деп «қырық күндік кідірісті» айтады. «Үркер» жұлдызының қырық күн батып кетуі (июнь айында) және де босанған қатындардың шілдеханасы болады. Қырық күнге шейін босанған қатын тоқталады. Мұны бір айға алса, бір айда отыз күн. Қырық күн «шілде»-нің он күні кімнің қалтасына сияр. Жок, жұрт парсы сөзіне құмар болса, «шілде» демей «сы роз» (отыз күн) деп қояйық.

7) «Сарша тамыз» жоғарыдағы шілденің ішінде келетін тоғыз күндік ыстық керімсал желдің аты. Сарша тамыздың тоғыз күнін бір ай қылсақ, жылдың 21 күні кем келмей ме?!

8) «Сүмбіле» – арабша сөз. «Диуа-дева» жұлдызына арналған. Қазақша «егіннің басы» – деген сөз. Қазақ календарында сүмбіле демей-ақ «егіннің басы» деп қою керек еді. Өзіңнен сөз табылса, басқаның сөзінің тиынға керегі жоқ емес пе?

9) «Қыркүйек» – бұл сөздің «құр күйек» пе (қыркүйек)-пе екеніне түсіне алмадым. (Құркүйек) болса екі сөзден: бірі (құр) мағынасы (байлау), «түйіндеу» деген сөз. Екіншісі: (күйек). (Күйек) деген зат-төрт бұрышты кигіз, көлденеңі 5 бүршек, ұзыны 10 бүршек шамасында. Бұл екі сөзді қосқанда мағынасы (күйек байлау) болып шығады. Қойдың қашатын мезгілі июнь айында басталады. Сондықтан қой июль, август, сентябрь айларында қашса, бұл шаруаға өте жайсыз. Өйткені сол мезгілде қашқан қойлар, декабрь, январь, һәм февраль айларында қоздайды. Ол мезгіл суық болғандықтан, қозылары өліп қалуға тиіс. Соның үшін, шаруаның қылатын қулығы қошқарға күйек байлау. Ол күйекті октябрьдің аяғы, ноябрьдің бас шамасында шешіп алады. Өйткені, бұл кейінгі көрсетілген екі айларда шешіп алса, қойдың қоздайтын мезгілі март, апрель айлары болуға тиіс. Сөйтіп, құркүйек-күйек байлау июль айында болып, күйек алар мезгілі октябрь я, ноябрь айлары болуға тиіс. «Қыркүйек» болса, ол қара боран, үш күндік жел. Бұл жел сентябрьдің ішінде келеді. Бұл желдің атын «қыркүйек» деп қоюдың себебі мынадан: қырдағы ел қошқардың күйегін сентябрьдің ішінде алады. Өйткені, қырда құмның ішінде қыстаған елдің қойлары февраль ішінде қозылағаны мен шаруаға ешбір зияны жоқ. Құм жылы болады. Сөйтіп февраль ішінде қозылайтын қойлардың қошқары сентябрь ішінде күйегінен ажырайды. Сондықтан бұл мезгілді «қыр күйегін алатын мезгіл» – дейді. Баяғы жыл дәл сол уақытта келгендіктен «қыркүйек жылы» – дейді. Сөйтіп, календарьдағы «қыркүйек» айы сентябрь тұспа-тұс болғандықтан «құр күйек» емес,

«қыркүйек» қыр күйегін алатын мезгіл болуға тиіс. «Құр күйек» болсын «қыр күйек» болсын бұл екеуін ай атына алу меніңше болмайды. Оның себебі күйек алатын мезгіл қырда бір бөлек, Сырда бір бөлек. Қырда сентябрьде алса, Сырда ноябрь ішінде алады. Сөйтіп, «күйекті» ай атына алсақ, «қыр күйегі» үшін бір календарь, «Сыр күйегі» үшін бір календарь екі календарь жасауға тура келеді. Екіншісі «күйек» деген нәрсе тарихи ай аты болуға сыпайы сөз емес. Бәлки, сол мезгілде де шаруа тіршілігінен алған күйектен басқа да сыпайырақ неше түрлі ат бар шығар. Қарастырып солардан біреуін қолдану керек еді.

10) «Қазан» – парсыдан алынған сөз. «Хзан» – деп парсылар солған, қуарған жапырақты айтады. Біздің қазақ «қазан желі», «қазанның суығы» деп, үш күндік суықты айтып жүр. Бұл суық октябрь ішінде болады. Суықтан кейін ағаштардың жапырағы қурап қалады. Мұны «қазан ұрды»-дейді. Бірақ шын түбін тексергенде парсының «хзаны»-да қазақтың «қазаны»-да бір сөз. Бұған шатақ қылу керек емес. Сөйтіп, бұл да болса ақпан, тоқпан, ая мүйіз сияқты көп құбылыс мезгілдердің бірі. Мұндай құбылыс мезгілдерді ай есебінде былықтырып ала берсек, қазақша ай сандары 40-50-ден асып, қазекен ғылымға жарлы болса да «айға» байыды.

11) «Қараша» құстың аты. «Қара жерге қар жауса, қарашамен қоштасар» – деген қазақтың өлеңіне қарағанда, «қараша» құс қар жауғанда кететін болуға тиіс. Қараша айы ноябрьге тұспа-тұс келіп отыр. Егер бір жыл қар ноябрьде жаумай қалып, «қараша» құс кетпей қалса, онда не қылмақшымыз? Календарьдағы қарашаны қаңтарға қарай сүйремекіміз бе?!

12) «Қаус» – араб сөзі. Арабша «қос» – деп өлшейтін, салыстыратын бір затты айтады. «Стрелец» – деген жұлдызға арналған. Бұл «қос» ноябрьде келеді. Декабрьге қайдан адасып жүр? Жок, біздің наука (ғылымы)-мыздың күшті болғаны ма?!

Жоғарыдағы көрсетілген ай аттарына қарағанда Файзолла календарды қазақ тіршілігіне лайықтап, хәм жаратылыстың түрлі құбылыстары-на көз жіберіп тізген сияқты. Менің түсінігімше календарь тіршіліктен алып жасалмайды. Астраномия ғылымының тексеруі бойынша жасалады. Солай болғанда «Гиппарх-Гиппарфтың 12-ші жұлдызы», «Зодияк-зодиок»-гі құр дияк қалып қазаққа жағымсыз түрлі ыстық суықты желдерменен календарь тізіп отырсақ тарих алдында жүзі қара болып ғылымға сенбегеніміз ғой.

Жалпы дүние жүзінде календарь бір жобада жұлдыз есебімен келе жатыр. Сондықтан бізде жұлдыз есебімен кетуіміз керек. Өйткені «Гиппарктың» 12-ші жұлдызын арабтар өз тіліне көшіріп, ол бүгін мұсылман ғаламында қолданулы.

Ол мынау:

Овен	Рыба	Водолей	грекше
Хмл	хот	длу	Арабша
Қозы	Балық	Қауға	Қазақша
Рак	Близнец	Телец	Грекше
Шаратан	Жоза	Сұр	Арабша
Бақа	Ақ менді қара қой	Өгіз	Қазақша
Весы	Дева	Лев	Грекше
Мизан	Сүмбіле	Асд	Арабша
Таразы	Егіннің басы	Арыстан	Қазақша
Козерог	Стрелец	Скорпион	Грекше
Жды	Қос	Ғқрб	Арабша
алақ	Теңеру белгісі	шапан	Қазақша

Мұндағы сөздер қазақ ұлтына өте жат деп дәлел көрсетушілер болар, оған қарау керек емес. Ахметтің «Тіл құралына» ұқсап календарьға өзі де, сөзі де әуелгі кезде жат көрінгенімен, бірте-бірте көз де, құлақ та жаттыға берер. Арабтар гректен өз тіліне аударғанда жалпы халыққа жат көрінген шығар. Әзірде мұсылман ғаламына тарихи сөздер болып қалды. Сондықтан календарь бізге қандай жаңа зат болса оның ішінде әзіргі ай аттары да сондай жаңа болып, кейін тарих болып қалады.

Менің жоғарыда орыстың әзіргі қолданып жүрген (римше) ай аттарын көрсетпегенімнің себебі мынау:

Римше ай аттары түрлі нәрселердің ескерткіші болып отыр хәм айдың сан есептері көрсетіледі. Олар мыналар:

Май, июнь, хәм август (латын құдайы). Бононы (латын құдайы) Юли Цезарь (календер тізуші) августь (ром патшасы) сондай-ақ октябрь, декабрьлер латынша сегізінші, оныншы айлар деген сөз.

Бірақ бұл римше айлардың негізі зодияк – зояялдың он екі жұлдызы.

Тана.

Қазақша ай аттары

Бұрынғы заманнан бері қарай қазақ көшпелі жұрт болып, кіре қыстап, шыға жайлап табиғаттың кең құшағында еркін жасап жүрген шағында аяғының астындағы жердің бегіне, төбесінің үстіндегі көктің жүзіне терең байқап әр нәрсеге өзінше ат қойған.

Сол заманда-ақ қазақ 13 жылды бір мүшел (дәуір) қылып, жылды – 12 айды 12 атпен атап жүрген. Қазақта бұрынғы істің, бұрынғы сөздің жүзден оны-ақ қалған болса шүкірлік қыласың.

Қазақта көпті көрген кісілердің ай аттары туралы айтқандары мынау:

Еуропаша	Арабша	Қазақша
Март	Хамал	Әз
Апрель	Сәуір	Отшакпас
Май	Жоза	Көкек
Июнь	Саратан	Шілде
Июль	әсет	Сарша
Августь	сүмбіле	Қыркүйек
Сентябрь	мизан	Мизам
Октябрь	акырап	Қараша
Ноябрь	қаус	Қазан
Декабрь	жедды	Қаңтар
Январь	дәлу	Ақпан
Февраль	хұт	-

Қандай қисын мәнімен бұрынғы қазақ айларға бұл аттарды қойған. Сол жағын біраз қарастырып өтейік.

Әз-Әз: Жаз-Яз деген сөзден өзгерілген. Бұрынғы қалған. Мәселен «яз», «әз» кылып жұмсартып «әз» қылған. Мақал: «әз болмай жаз болмайды, жаз болмай мәз болмайды». Сол мақалдағы «әзіміз» март болмай не болады?

Отжакпас: апрель туса үйге от жакпайтындығы мәлім. Сол ыңғаймен бұрынғы қазақ апрель айын «отжакпас» деп атаған. Көкек: көкек дейтін құстың шақыратын айы.

Шілде: орта мәнісіне келеді. Алты айдың жаздың орта кезі июнь айы болады.

Сарша: июль туса шөп курап, жердің жүзі сарғая бастаған уақыт. Оның құшағында тамызы жоқ. Ол тамуз грекше.

Қыркүйек: августь туса көшпелі қазақ қошқарға күйек байлайтыны мәлім. Сол қисынмен августь айына қыркүйек деп ат қойған. Календаршы Файзулла мұны сентярге көшіріпті. Онысы қате. Күйекті сентябрде байлаушы ма еді? Мақал: «қыркүйекте қырғи балапанын ұшырды». Қырғидың балапанын ұшыратын кезі сентябрь емес августь болатын.

Мизам: сентябрь туса, кураған шөптің басынан мамыққа ұксаған бір нәрсе ұшып, жердің жүзін қаптайды. Соны қазақ «мизам ұшты» дейді. Соның үшін қазақ сентябрде мизам деп ат қойыпты.

Қараша: октябрь туса қараша – қоңыр қаз түн қатып жылы жаққа көшіп кетеді. Сол ыңғаймен қазақ октябрді қараша деп атайды. Мақал: 1) қарашаның қары жатпайды. 2) қарашаның тұқымдай қары жатса қыс қатаң келеді. Файзулла мұны ноябрге көшіріп календарға жазыпты. Ноябрьдің қары жатпаушы ма еді? Ноябрь нағыз қар түсетін ай емес пе?

Қазан: қарашада қазақ, кәрі-құртаңмен ауқат кылып, ноябрь туса соғымға қол қойысады. Ет мол, әр күн қазан асылады. Міне, соның үшін ноябрге «қазан» деп ат қойыпты. Календарьда октябрде қойғаны қате.

Қаңтар: декабрьдің аты.

Ақпан: январьдың аты.

Бұлардың лұғат мәнісін біліп айтушы табылмады. Бірақ қаңтар – декабрь, ақпан – январь екендігінде шүбә жоқ. Мақал:

1) Қаңтарда қарға адымындай күн ұзайды.

2) Ақпанда ат адымындай күн ұзайды.

3) Ақпан ақпан алты күн,

Айқай, сенің қатуың.

өлшеп асқан етіне,

қонақ келсе қатты күн.

4) Бай қыздарда бұғақ қалды,

боз тоқтыда құйрық қалды,

қырлан ақпан,

сұрлан ақпан.

Қазақта ұлы жүз, орта жүздің адамдары декабрь, январьды аз біледі. Қаңтар, ақпан деп сөйлейді. Календарь шығарған Файзолланың ақпанды не үшін февральға ат қылып қойғанын өзі біледі.

Ал енді февраль қалды.

Февральдың қазақша атын біліп айтушыны таба алмадық. Ел ішіндегі азаматтар ескі сөзді көп білетін қарияларға жолығып, сұрастыра жүріп қазақтың бірер газетіне жазуларын міндет деп білемін. Әсіресе, календаршы Файзолланың мұны табуы тиіс.

Надан қазақтың: отамалы сәуір, зауза, саратан, қауыс, жейді тоқсан, желтоқсан деп санағы бәрі қате. Қиын болмаса жоғарыдағы арабша аттарға бір қараңыз!

«Отамалы» дегенің: хұт, хамал, сәуір, жожа, желтоқсанның дегенді Файзолла бұлжытпастан алыпты. Календаршылардың енді қазақшалаймын деп осынша қате аттарға жармаспағаны дұрыс-ақ болар еді.

Күншығыс халықтарында және бір ғұрып бар. Жылды әр есеппен 360 күн санап, 4 тоқсанға бөледі: жар тоқсан, жәй тоқсан (шілде тоқсан), күз тоқсан, қыс тоқсан. Надан қазақтың «жеті жыл тоқсан» дегені «күз тоқсанға» тура келеді.

Абай: «қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай» деп халықтың қатесімен кеткен.

«Ақ жолдың» №157 санындағы «О.Ғ» жолдас осымен пікірін, календаршы Файзулла ендігі календарын түзетер деп сенемін.

Есенғали Бақара.

БҮТІН ӘСКЕРИ ТАҒЫЛЫМНЫҢ БЕРІЛГЕНДІГІНЕ БҮГІН 4 ЖЫЛ ТОЛАДЫ

Әскерлерге жәрдем қолын созу әркімнің адамгершілік борышы ең керектің бірі

Жер жүзіндегі жанды, жансыз ғаламның барлығын кісіге бағындырып отырған кісінің білімі екендігі, оның бер жағында білімі кем жұрттан білімсіз артық жұрттарға бағынып, жем болып, айдауында келе жатқандығы, тіршілік үшін таласа кеткенде білімді жеңіп, білімсіз жеңіліп, көбіне аты өшіп жоқ болатыны һәм бұл қашанда болса, осылай болашақ екендігі әркімге белгілі. Білімді жұрттың тұрмысы білімсіз жұрттың тұрмысынан артық екендігі де әркімге мәлім. Сондықтан білім керек екендігіне ешкім таласпайды. Бірақ сол білімді қайтсек табамыз? Қалай еткенде халқымыз білім иесі болып мәдени халықтардың қатарына қосылады? Халыққа білім таратып, халықты мәдени жұрттардың қатарына қосылу үшін, ең бірінші шарт ол халықтың ашық пікірлі білім иесі адамдары болуы керек, һәм мақсатқа тезірек жету үшін ондай адамдар мүмкіндіктің барынша көбірек болуы керек.

Ашық пікірлі білім иесі кісілерді көбейту үшін қызметке лайық оқытушылар, дұрыс жолға салынған тәртіпті оқу орындары (мектеп, медресе) болуы керек. Жанға азық беретін әртүрлі кітаптар мол болуы керек. Бізде бұлар бар ма? Бізде бұлардың біреуі де жоқ, жақсы оқытушылар да жоқ, тәртіпті оқу орындары да жоқ, жанға азық беретін кітаптар да жоқ. Бізде не бар? Бізде өзі білімге жарамай жүрген шалажансар оқытушыларымыз бар. Жоқтан бар игі деп электр шамға жаққан білтедей лидер қылып жүрген оқу орындарымыз бар. Балалар тақымына қысып алып «атым» дейтін таяқтар секілді, көбі «кітап» деп айтуға симайтын бірнеше өлендеріміз һәм бірнеше романдарымыз бар. «Дүмше молда дін бұзар» дегендей қызметке лайық болмаған оқытушылар білім берудің және даярлаудың орнына кісі де оқушыларды адастырады, яки бұзылуына себеп болады. Ал енді бірлі-жарымды жақсы оқытушылар табылса оқыту үшін керек болатын әртүрлі оқу құралдарымыз (учебники) және оқу саймандары (учебные пособия) жоқ. Бұларсыз оқу бола ма? Тіпті бұлардың бәріде болып-ақ қойсын, оқытушыларымызда мектеп, медреселеріміз де ойдағыдай жақсы-ақ бола қойсын. Сонда ең жақсы деген оқу орындары оқушыларға білім беріп шығара ма? Яғни мектеп медреседе оқығандардың жақсы біліп, бірақ өз бетімен әртүрлі кітап оқымаса, кісі білім иесі бола ала ма? Мектеп, медресе кісіге білім бермей тек білім алатын құрал береді. Білімнің тілін үйретеді. Білімге жететін жол көрсетеді.

Білім кітап оқумен табылады. Бұрынғы соңғы өткен атақты адамдардың қайсысын алсақ та бәрі де білімді кітап оқумен тапқан. Олардың арасында ешбірі школда оқымай тек кітап оқумен ғана білім алып атағы шыққандар да бар. Мәселен, орыстың осы күнгі атақты жазушылардың бірі Максим Горький 7 жасында жетім қалып, еш жерде оқымай, түрлі қара жұмыста, жалшылықта жүріп, қолы босап кеткенде кітап оқумен ақыр аяғында бүкіл дүниеге белгілі ірі жазушы болды.

Университет бітіргендердің арасында түк білмейтіндер де көп. Төмен дәрежелі мектепті ғана бітіріп, білім иесі болып, жұртқа жол сілтеп жол көрсетіп жүргендер де жоқ емес. Кітап оқымаған кісі мектеп медреседен алып шыққан аз ғана білімнен айрылып әуелгі қалпына түсетіндігі белгілі.

Еуропаның бір данышпаны: «ілгері баспаған кейін кетеді, себебі кісі бір жерде тоқтап тұра алмайды» деген екен. Кісіліктен бір жерде тоқтап тұра алмайды. Оның себебін мынау денеміз ас жесек өседі, ас жемесек өшеді. Сол секілді рухымызда (яғни ақылымыз, ой-пікіріміз, сезіміміз) азығы болса өседі, азығы болмаса өшеді. Рухымызға не азық болады? Рухымызға тіршілікте көрген білгендеріміз, әсіресе, әртүрлі кітаптардан оқығанымыз азық болады. Олай болса қазақ мектеп медресесінде ғана оқып, қазақ тілінен басқа білмейтіндер, қазақша кітап жоқ болғандықтан оқудан шыққаннан соң кері шегініп әуелгі орнына қарай жылжуға тиіс, бірте-бірте қарая беруге тиіс.

Сөйтіп, біз өзіміздің мектеп медреселерімізге қарап отырсақ мақсатымызға жуық арада жетуден күдер үзбепіз, яғни халыққа білім таратып жұртымызды мәдениетті елдердің қатарына қосуға қызмет ететін білім иесі кісілер жуық арада көбейе алмайды. Сол себепті мектептерде ең керекті сабақтардың бірі орыс тілі болуы керек. Қазақ мектептерінің бәріне бірдей қазақ балаларына орыс тілін оқыта алатын оқытушы жеткізу мүмкін емес. Сонда да мектептеріміздің бір сыпырасында дұрыстап орыс тілі оқытылса һәм ондай мектептерде балалар бірнеше жыл оқып, орыс тіліне түсінерлік болса орыс мектептеріне барып кіруге болады. Бұлай деуіме себеп біздегі әрбір жетімсіздік. Сондықтан бұл мәселе ең керектің бірі болуға керек.

Ф.Ғ

Жергілікті халықтың тілінде

Алмата-21. Кейбір үйездерден келген хабарлардағы қарарларда айтады: барша болыстық мекемелерінде қандай түрлі істер болса да жергілікті ұлттың тілінде жүргізіліп жатыр.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖАҢА КІТАПТАР БАСЫЛЫП ШЫҚТЫ

Осы күні Түркістан республикасының баспасөз таратушы бөлімі баспаханада даярлап басып төменде көрсетілген кітаптарды сатуға шығарып тұр:

1 – оқу құралы жазушысы – А. Байтұрсынов

2 – тіл құралы 1 -ші жылдық – А.Байтұрсынов

3/2 – Байтұрсынов

4 – Есеп құралы 1-ші бөлім жазушысы М.Дулатов

Алдырушыларға адрес: Ташкент. Карл Маркс проспекті, Ержар көшесінің бұрышы.

Ташкент, проспект Карла Маркса, угол Иржарский.

Осы күні баспаханада басылып жатқан, жақын арада жарыққа шығатын қазақ тіліндегі кітаптар:

1 – зоология (жануарлар жайынан) жазушысы – Х.Досмұхамедов.

2 – табиғат тану – Х.Досмұхамедов.

3 – жағрафия – жазушысы – АТоқтыбаев.

4 – «Батырлар» қазақтың бұрынғы уақыттағы өткен батырлары туралы жазылған өлеңдердің ертегі сөздердің жиындысы.

5 – Есеп құралы 2-ші бөлім жазушысы – М.Дулатов.

Өзбек тіліндегі шыққан кітаптар:

1 – өзбекше оқуы 1-ші жылдық.

2 – жазу жолдары.

3 – сауға (өзбек тілінің құралы).

4 – үлкендер үшін «әліппе».

5 – саяси словарь жазушысы – Н.Төрөқұлов.

6 – педагогика сабағы.

7 – оқу жасына жеткенше балаларға тәрбие кітабы.

8 – тапқақ сөздер жинағы (өлеңдер).

9 – (находка) өзбекше театр кітабы.

10 – өзбек жұмыскерлер сиезінің материалы.

11 – Жолбасар Әлім – театр кітабы.

Басылып жатқан жақын арада шығайын деп тұрған кітаптар:

1 – өзбекше оқуының 1-ші жылдығы

2 – « » « ».

3 – геометрия.

4 – жағрафия картасы.

Түрікпен тілінде басылып шыққан кітап:

1 – екінші жыл оқу үшін түрікпен тілінің құралы.

Жергілікті халық тілінде

Полторацк-23. Полторацк үйезінің іс атқару комитеті өзінің кеңсесінің ісін жергілікті халықтың тілінде жүргізуге кірісті.

Қазақ елінде ағарту ісі

Аттысы шапты, жаяуы қапты

Қайырылып сөзді кім ұқсын.

Абай

Шегіртке жаздай ойнап өлең айтты

Қырық мысал

Қазақ елінде оқу-оқыту жұмысының көгере алмай тұрғаны бәрімізге белгілі. Қаладан қашық жатқан қалың ел үшін былай қоя тұрып, халық ағарту бөлімдерінің есік алдындағы мектептерін көзімізді салсақ, адамның денесі түршігеді. Мектептеріміздің: «анасы жетіспейді, мынасы жетіспейді» деп несін айтамыз. Қағаз жүзінде қазақ интернаты, қазақ мектебі көп. Бірақ қағаздың сыртында шын қазақ мектебі жоқ. не бар? Не ол емес, не бұл емес «түрік» мектептері, «мұсылман» мектептері бар..

«Ақ жолдың» 235-ші санында «Тоқпақ» жолдас «халық ағарту оқу майданынан күшті аудару керек» деп жазып отыр. Осы күнге дейін оқу ісінің көгермеуінің себептерін көрсеткенде, қазының кедейшілігін, оқытушыларымыздың кемдігін айтады. Сөз ыңғайында тілмаштарға да айыптың бір жағын арта салады.

Бізде бір қызық мінез бар: қандай болса да оңбай, көгермей тұрған бір ісіміз болса, аты шулы тілмаштарға аударса саламыз. Осы тілмаштар болмаса, біз қазақ еліне сүттен өзен, майдан бұлақ ағызатындай-ақ түріміз бар сияқты.

Оқу, оқыту жұмысының оңбай, көгермей тұруына қазынаның кедейлігі, оқытушылардың кемдігі, өз пайдасынан бөлек түк ойламайтын тілмаштардың халық ағарту жұмысына араласып кетуі үлкен себеп екені рас. Бірақ, бұл себептер түпкілікті себеп емес. Аурудың жуан тамыры халық ағарту комиссариатында тұр. Қазақ елінде халық ағарту жұмысын жолға қою туралы комиссариаттың белгілі бір жолы, тұтқан бір планы жоқ. қалтасында бар ақшасын жұмсағанда да сол плансыздығы кесірінен істеген ісі қазақ мектебіне пайдалы болып шықпай тұр.

Қазақ мектебінің терезесі қирап, оқытушыларының алған айлығы тамағына жетпей, жылап отырғанын жаңа шаруашылық саясатына

«нәпке» аударып, ішкі тәрбие-оқу жағына көз салсақ не көреміз? Қазақ мектептеріндегі ішкі тәрбие-оқу туралы халық ағарту комиссариаты бір белгілі жол жоба, программа түзіп берді ме? Жоқ. Оқу жылы басталғалы 3-4 айдың жүзі болды. Үйездегі халық ағарту бөлімдері қазақ кітаптарын алған жоқ. Бұл істер комиссариаттың қолынан келіп те істемегені. Мұнда нәп-те жоқ, тілмаш та жоқ.

Халық ағарту комиссариатының қазақ мектебі үшін істеген істеріне қарайық.

Қазақша әліппе («оқу құралы» А.Байтұрсыновтікі) басылып шыққанына 4 ай болды. Ташкенттегі қазақ мектебінде болмаса, басқа үйездерде бұл кітап әлі жоқ. Қырық мың нұсқа басылған бұл кітаптың таралмай тұруына жаңа шаруашылық саясаты айыпты-ақ болсын. Оның шала басылғанына (дыбыс таңбаларының белгілері қойылмаған) кім айыпты?

Ескі баспасында қазақ әріпі жетпегеннен ғой деп едік. Биыл тас баспада (литографияда) басылғанда, бұл кемшілікті түзетуге болатын еді. Халық ағарту комиссариаты бұрынғы әскерде етік беретін байларша, баспаханаға қырық мың кітапқа заказ бере салған. Баспахана бұрынғы баспасын алып кемшілігін, қатесін бұлжытпай басып берген.

Бірінші «тіл құрал» туралы да айтатынымыз сол. Оның үстіне бұл «тіл құралдың» 20 беті жоқ. Халық ағарту комиссариатында қызмет қылатын азаматтарымыз шапка алғанда да қарап алатын шығар-ау. Бірақ, 35 мың «тіл құрал», «оқу құрал» деген кітаптарды, қазақ мектебінің маңдайына басқан екі кітабын қарамай бастырыпты, қарамай алыпты.

Қазақ мектебі үшін бір оқу кітабы жоқ. Қазақстан, Түркістан халық ағарту комиссариаттары күштерін қосып болсадағы бір оқу кітабын түзіп бере алмады. 2 жүз мыңнан артық «тіл құрал» бастырғанша, бір оқу кітабының қамын ойлау керек еді. «Тіл құрал» мектеп басына 2-3 дана болса да жетеді.

Шолақ «ұ» «ы» ережелерін халық ағарту комиссариаты қазақ тілінің барып тұрған жері деп ойласа керек... «Айта берсе сөздерді былшық басар көздерді». «Әліппеге баяншы» дейтін кітапты халық ағарту комиссариаты аянбай-ақ бастырса керек. Әр қазақ мектебіне 100 нұсқадан жыл сайын келе береді. Оқу жылының басында-ақ бере салады!!!...

Халық ағарту бөлімінде қызмет еткен азаматтарымыз қазақ кітабын оқып көруді өздерінің адамшылықтарына лайық таппаса, тым болмаса, орысша «метод запись» деген сөзді көрсейші!... бұл оқу кітабы емес, молдаларға «баяншы» ғой жарықтықтарың!

Қазақ мектептерінде орыс тілі сабағы тағы мазасыз, қазақ баласының рухына лайықты бір кітап жоқ. Орыс мектептеріне бұл басылған оқу кітаптары оқытылып жүрсе рухын былай қоя тұрайық: ескі замандағы бұратаналар үшін жазылған кітаптардай да кітап жоқ. Орыс тілі қазақ баласына бір азап болыпты. Қазақ баласы үшін орыс тілі кітабы туралы

ойлау халық ағарту комиссариаты қасындағы «қазақ-қырғыз білім комиссиясының» жеті ұйықтаса, бір түсіне кірмейді.

Ұзын сөздің қысқасы, оңбай тұруымыздың себебін бір-бірімізге аудар берсек, айыптың бәрімізге де жететін түрі бар. Бізге енді аударыспақ ойнауды қойып қазақ мектебі туралы ойлауға керек. Халық ағарту комиссариаты «қазақ-қырғыз білім комиссиясын» қызметке жегу керек, бұл бір. Екінші, олардың қызмет жемісі болған кітаптарды складқа қамап қоймай, таралуына басшы болу керек.

Қазақ мектебі деген мектеп керек.

Дәрібай Сабденов.

Іс атқару үйрететін курстар

Қазақ тілінде іс атқару үшін қазақтың оқыған жастарына Семей губисполком жақын арада курс ашпақшы. Ол курсты бітірген жігіттер әр болысқа хатшы һәм іс атқарушы бола алады.

Басқарма қазақтың көптен бері көкейін тесіп жүрген істің бірі де хукімет істерін қазақ тілінде жүргізу еді. Жоғарыдағы хабарға қарағанда өрнек есігін Семей губисполкомы ашайын деп отыр. Соның үшін қазақ облыстары мұнан үлгі алу керек.

Құнытсыздықты қою керек

Қазақ-қырғыз зиялылары екі тапқа бөлінеді: 1) мұсылманша оқығандар, 2) орысша оқығандар болып. Қазақ зиялылары мұсылманша оқығандар табы, жұрт ғой өз ұлтын басқа мәдени ұлттардан кем көрмейді. Қазақ-қырғыз зиялыларының орысша оқыған табын алсақ, олардың сөйлеп жүрген сөзі мен істеп жүрген ісі бір болып шыға бермейді. Олардың бір сөздерін шын ойы мен шын сыры болмай, әшейін «осы жақсы сөз, жұрттың жақсы көретін сөздерін сөйлесек, зиян көрмеспіз» дегендіктен, айтылып жүрген секілді болып шығады. Мәселен, орысша оқыған зиялыларымыздың көбі қазақтың тілі, қазақтың жазуы орыс тілінен, орыс жазуынан кем емес деп өзі айтса да, осы күнгі өздері қазақша дұрыс жаза алмайды. Қазақ емлесін білмейді, һәм білгісі де келмейді. Ол-ол ма? Әлі онан да жаман сорақысы бар. Орысша оқыған зиялыларымыздың көбі қазақша әліпті таяқ деп білмейді. Яғни, оларға қазақ жазуы қытай жазуымен бірдей, қытай жазуын сондай біледі. Бұл зиялыларымыз қазақ жазуын һәм қазақ емлесін білгісі келсе де, біле алмай жүр деп ешкім айта алмайды. Олар қазақ жазуын білгісі келмей, менсінбей жүр. Олардың түсінуінше кісілік дәреже жасына жету үшін орыс жазуын дұрыс білу керек, қазақ жазуын білсе де, онан келер пайда жоқ.

Сондықтан, олар орысша жаза бастаса, бірінен бірі асып түседі: ал енді, кейде атын шығарып, көзге көріну үшін газетке журналға неме жазбақшы болса, бір жұмысты екі жұмыс қылып, әуелгі білген жазуымен өзі бір жазып, онан соң, ол жазғанын дұрыс білетін екінші біреуге қайтадан көшіртіп әуре болады. Зиялымын деп жүрген кісіге басқаға құл болып, басқаны үлгі көріп, өзін-өзі менсінбей, өз тілін, өз жазуын керек қылмай жүріп, кісілікке жеттім деп, көкірегін кере беру, үлкен ұят екенін білу керек: Ол ілгергі басқындықтың белгісі емес, кері кеткендіктің белгісі екенін білу керек. Үйренгісі келген кісіге қазақ емлесін үйрену қиын емес. Қазақ емлесін үйрену бес, он күндік-ақ жұмыс. Қазақ-қырғыз зиялыларының көбі шаһарлы жерлерде тұрады. Шаһарлы жерлердің қайсысы болса да, қазақ емлесін білетін кісі табылады. Емле білетін кісілердің біреуін алып, емле білмейтіндер күніне бірер сағаттан бес, он күн бастарын қосса, қазақ емлесін таза біліп алады, иәки Ахмет Байтұрсыновтың тіл құралын тауып алып, әркім өз бетімен оқыса да бес, алты күнде емле біліп алуға болады. Бірақ, осы секілді оңай тұрған білімді жұрт құнытсыздық қылады. Ол құнтсыздықты қою керек.

Б.А.

Біз де ілгері басудамыз

Көптің көздегені мәдени тіршіліктің жемісінен пайдаланбақ. Солардың қатарында қазақ-қырғыз жұрты да ілгері қарап, ұмытыла бастағандығы, соңғы кездерде сезіліп отыр.

Күні кеше жалпы Россияны қаптаған қара тұман қазақ-қырғыз ұлтын да қажытқан еді. Адастырған-алжастырған еді. Ол кезде қазақ елі елеусіз, ескерусіз еді, бара жері, басар тауы белгісіз еді. Ел естиярларында ерік жоқ еді. Халық қамын қайғыру, ел мұқтажын ізеттеуге жол да жоқ, жөн де жоқ еді. «Қаңқ еткенде, тырп етпе» деген жауап дайын еді. Баста ерік жоқ айдауда, малда ерік жоқ байлауда еді. Ел еріксіз, ер көріксіз еді. Мал ұрысы, жұрт қонысы тарылды: Кеңі тарылып, ұзыны қысқарып, елдің есеңгіреген есалаң болған жағында дәл сол замат еді. Ол дәуір өтті. Кеңшілік дәуір де жетті. Бұл да болса, үстіміздегі төңкеріс дәуірі.

Енді елге ерік берілген, жұртқа жол көрсетілген. Жұртты жоқтау, елді ескеру ендігі жерде екпінді істерден саналады. Қор болған қазақ-қырғыз ұлты да ескерусіз, есіркеусіз қалып отырған жоқ.

Қазақ-қырғыз елінің ер азаматтарына өз елінің қамын қайғыруды, мұнын шағуды, мұқтажын ізеттеуді тапсырған еді. Өз билігін, өз тізгінін өздеріне берген еді.

Енді ел азамат ерлері, елін қалай бастамақшы, бағытын қалай түземекші, мақсат нысанасын қалай белгілемекші? Мінеки, әңгіме осында. Төңкерістің бес жылдық тәжірибесіне қарағанда, қазақ-қырғыз

елінің естияр ер азаматтары елін бастаудан ерінген жоқ, айныған жоқ, адасқан жоқ, бағыттары таза, жөндері түзу, жолдары төте, мақсат нысанасы белгілі, адал жүрек, айқын тілек, арымайды талмайды, елін бастап, көздеген мақсатына жетпей қоймайды, бұған иманымыз кәміл.

Бес жылғы төңкеріс жемісінен халқымыз кем пайдаланған шығар. Оған себеп, жалпының надандығы, халқының шабандығы шығар. Ол ешнәрсе емес! Көш жүре түзелмекші, шабандық оналмақшы, надандық жоғалмақшы, әйтеуір бізде ілгері басуымыз хақиқат.

Оған дәлел қазақ-қырғыз азаматтарының құбыласындай құрметтеп отырған «талап» қауымы.

Сондықтан, бұл орынға ардақты оқушыларды «талап» қауымымен таныстырып өтуді айрықша лайық көремін. Үстіміздегі жылдың 4 декабрінде халық ағарту комиссариатының жанындағы мемлекет білім кеңесінің бір тармағы болып, дүние жүзінің «талап» қауымы пайда болды.

«Талап»-қауымы қазақ-қырғыз ұлтының еншісіне тиіп отырған қауым. «Талап» қауымы бар күшін, бар ісін қазақ-қырғыз ұлтының игіліне жұмсамақшы. «Талап» қауымының түпкі мақсаты:

1) Қазақ-қырғыз халқының мәдениетін өркендету. Оның үшін: а) қазақ-қырғыздың әдебі, тілін, сөзінің түбірін (терминология), емлесін һәм басқа сондай мәселелерді тексеру. б) Ұлт өнерін (искусствасын) тексеру. т) Қазақ-қырғыз халқының тарихын һәм салтын тексеру. ж) Қазақ-қырғыз мектептерінде оқыту мәселесін реттеу. х) қазақ-қырғыздың білім һәм өнер қайраткерлеріне көмек көрсету. 2) Жоғарыдағы мақсаттарды жүзеге шығару үшін қауым мына нәрселерге ерікті: а) Айтыс (диспут), лекция, баяндама һәм басқа сондай нәрселер жасауға. б) Экспедиция һәм экскурсиялар шығаруға. т) Көрме (выставкалар) жасауға. ж) Уақытша һәм түпкілікті баспасөздер бастыруға. х) кітаптар, қол жазбалар және ескіліктің һәм өнердің эсерлерін жинауға. д) Білім һәм өнер эсерлеріне жарыс жасап, бәйге тігуге тағы, тағылары бар. Толық жобасын газетіміздің келесі сандарында басуға әрекет қылармыз. «Талап» қауымын жарыққа шығаруға іс бастап қызмет етушілер мына азаматтар: 1) Қазақ-қырғыз білім комиссиясының бастығы, ардақты доктырымыз Халел Досмұхамедов. 2) Атақты ғалым, профессор Шмид Александр. 3) Қазақ-қырғыз салтын тексеруші ардақты ғалымымыз Әбубақір Диваев. 4) Білім жолында қызмет етуші талапты жастарымыздан Кәрім Жалетов. 5) Атақты ақынымыз Мағжан Жұмабаев. 6) Білім иесі Архангелский Николай. Жоғарыда аты көрсетілген азаматтардың шақыруы бойынша 13-декабрьде Ташкенттегі қазақ-қырғыз зиялылары «Талап» қауымының жалпы жиылысында болып, «Талап» қауымының басқармасына мына кісілерді сайлайды: Доктор Халел Досмұхамедов төбе ағасы. 2) Мырзағазы Есболов орынбасары. 3) Әуезов Мұхтар хатшы: Бұл үшеуі

стол басылар. Басқарманың мүшелігіне 1) Иса Тоқтыбаев 2) Профессор Шмид 3) Мұхамеджан Тынышпаев, 4) Қасым Тыныстанов сайланды.

Мінеки, осылар айтып, жаңа туған жас «талапты» алақанымызда көтеріп, мәпелеп, ермек қылып отырған жайымыз бар. Бұл жаңа туған жас «талаптан» үмітіміз зор. Тілегіміз мол, мақсатымыз терең.

«Талаптың» жасауы үшін, міндетін атқаруы үшін, мақсатын майданға шығару үшін қазақ-қырғызына қайрат күшін жұмсау үшін керекті нәрсенің бәрі де дүние. Әсіресе, жаңа шаруа саясатында әрбір кеңселер өз әрекеттерін өздері зерттеуде болып тұрғанда біздің «талаптың» үлкен сүйеніші қазақ-қырғыз ұлты. Соның үшін қазақ-қырғыз «талапқа» еткен жәрдемін сабырсыздықпен күнде күтіп тұрамыз. Білімділер білімімен, байлар малымен, кедейлер барымен, әлділер әлімен дегендей, жәрдемін аямайтынына шексіз сенеміз. «Талап» қауымының аты да, заты да қазақ-қырғызға жат көрінбес: Көптен аңсап, көре алмай, көмегінді бере алмай жүрген талабыңда осы «талап». Ұйықтасаң, түсіңнен кетпейтін, ояуда есіңнен кетпейтін «талап» осы «талап» еді. Көздеген бағытыңа, ойлаған мақсатыңа жетекші болар-ау деген талабың да осы «талап». Кіршіксіз жаңа туған жас нәресте, ел-жұртыңның құбыласы болғай да.

Тана.

«Шолпан» журналы

Түркістан коммунистер партиясы кіндік комитетінің тіл, саясат, шаруашылық Білім-әдебиет айында бір жеті қырғыз-қазақ журналы «Шолпанның» 1, 2, 3, сандары шықты. Журнал кітапша болып басылған, бірінші саны 70 бет, октябрь айында шықты, шығарушы Тоқтыбаев.

Бірінші санында мына мақалалар басылған:

1) Түркістан коммунистер партиясы хәм 7-ші аймақтық партия конференциясының Түркістан коммунистер партиясының барлық мүшелеріне жазған ашық хаты.

2) Абыр-сабыр заманда сақтану керек.

3) Түркістанда мал шаруашылығының осы күнгі жайы хәм оны ілгері бастыру турасында.

4) Жақында шыққан жаңа заң.

5) Тұрмыс

6) Жетінші аймақтық партия конференциясы

7) Архон жазуы туралы бірнеше сөз.

8) Қазақ тіліндегі синхронизм заңы.

9) Түркістан-қырғыз қазақтарының ескі тұрмыс туралы жазба сөздер.

10) Қазақ-қырғыз білім комиссиясы жайынан қысқаша баяндама.

11) Әділ биі.

- 12) Тау-асар есепші.
- 13) Шолпанға
- 14) Азия
- 15) Түркістанда халық ағарту ісі.
- 16) Жаңа заң.

2-3 сандары бірге шықты, 140 бет, бұл сандарында жазылған мақалалар мыналар:

- 1 Азаттық жолы осы.
- 2 Қазақстан қалам қайраткерлеріне ашық хат
- 3 Жетінші аймақтық партия конференциясы
- 4 Түркістанда мал шаруашылығының осы күні жайы һәм оның ілгері басуы турасында.
- 5 Он бірінші кеңестер тобы һәм ауыл шаруашылығы.
- 6 Түркістанда су мәселесі.
- 7 Жетісу халқының тұрмысы туралы
- 8 Қыр суреттері I.Кешке дөң басында, 2.Түнгі ауыл.
- 9 Қорқыт
- 10 Қызыл сұңқарлар
- 11 Оқыған азамат
- 12 Ләйлі – Мәжнүн
- 13 Байғұс неғып жүр.
- 14 Қазақ тіліндегі синхронизм заңы
- 15 Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі
- 16 Жер сілкіну
- 17 Саясат дүниесінде

«Шолпан» журналына сөз жазушылар мына азаматтар: Нәзір Төрешұлов, Сұлтанбек Қожанов, Санжар Асфандияров, Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов, Н.Бөриев, доктор Халел Досмағамбетов, доктор Айса Қашқымбаев, қыз доктор Аққағаз Досжанова, этнограф Әбубәкір Диваев, М.Исулов, К.Шәленов, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов тағы басқалары. Журналдың жазушылары толық, қағазы көп, қалыңдығы тап жуан еді. Сөздері маңызды, кестелі, қазақтың жалпақ қара тілінде жазылған. Бұрынғы қазақ тілінде шыққан журналдың ең соңғысы көрінеді. Үш саны ғана шығып, буыны бекіп, бұғанасы қатпаған жас журналымыз «Шолпанның» өмірлі жемісті болуын тілейміз. «Шолпанның» адресі мынау: город Ташкент, Центральный комитет КПТ в редакции журнала «Шолпан».

Қошқар.

Қарап отырсақ, 5 жылдан бергі октябрь төңкерісіменен бізден басқа халықтың бәрі пайдаланып, қолдан келген ісін аянбастан халқына қызмет қылып келе жатыр. Сол айтылған азаматтардан біздің азаматтардың

кайсы жері кем? Жалқаулық қой. Мұндай жалқаулықты қолданып жүрместен, жоқ қылып, біздағы жұрт қатарлы жарысқа түсіп қалалық. Жарыстан қайткенде шығамыз, қайткенде бәйге аламыз? Сол турасынан азырақ білгенімді айтып өтейін:

Жұрттың барлығы мәдениет, мәдениет (ағарту) деп газет, журнал арқылы артындағы жеткіншектерін үнге шақырып келе жатыр. Бұлар дәл бұрынғы уақытта біздей болған. Соның ішінен қайратты жас жігіттер шығып, солардың арқасында осы уақыттағы адам таңқаларлық өнер, білімге жетіп отыр. Өзінезі сақтап, одан артылып, осы уақыттағы адам таңқаларлық мәдениетке толып отырған халықтың бізден артықшылық жері жоқ. Оларда бар екі құлақ бізде де бар. Оларда бар екі көз бізде де бар. Тіл жағы болса, құдайға шүкір, ешбір жері кем емес. Осында болған соң, біз қайсымызға ашынып отырамыз, «жетім өз кіндігін өзі кеседі» дегендей, біз өзімізге-өзіміз қам қылмасақ, саған деп алып келіп беріп отырғанын пайдаланса, басқалар пайдаланып отырады. Біз болсақ, қараңғыдан басқаны көрмей, білмей отырамыз. Мысалы үшін мынаны алуға болады: Ферғанаға жақын қырғыз халқын олардың ішінде оқу тұрмақ оқудың немене екенін білмей жүргендері толып жатыр жәнәнә хукімет деген қандай нәрсә, мұрын қандай, ауыз қандай екенін ешбіреу сезіп те қоймайды. Егер де сезе тұрған болса, біле тұрған болса, осы 4-5 жылдан бері бірі басмашы болып, қайбірі хукімет адамы болып дегендей, бүліншілікке ұшырайды. Білім деген нәрседен хабары болса, мұншалық болмас еді деп ойлаймын. Артынша октябрь төңкерісінен бері көрген қорлықтарын айтып отыруға лайық емес....

Бұл неліктен? Бұл жоғарғы жақтағы білім жоқ деп айтып өткендіктен. Егерде білмеу болса, бұрынғы уақытта миллион халықтан осы уақытта 700-800 мың халық қалып отырмас еді. Себебісіз дүниеден жоқ болып кетпес еді. Осындай себебісіз бастан өткен жағдайларға көз салмастан, уақытылы тұрмыстың жолына түсіп, беріліп кете береміз бе, жоқ бір айласына кірісеміз бе?

Егерде біз халықты халық болсын деп, түпкілікті ойлаған болсақ, бұлғары сумканы қолтықтап жүргенімізге мас болмастан, мен азамат деген жас жүректерді оқуға шақырып, сол оқу арқасында қараңғыда жатқан халқымызды жарық дүниеге шығару жағына кірісіп, осы төңкеріс жемісіне сыбағамызды жұрт қатары тең таласып алып қалмасақ, ертеңгі күні тарих алдында қай бетімізбенен жауап беріп отырамыз. Шынында, жауап бере алмаймыз. Соның үшін тарих алдында маскара болмай тұрған жағына кірісерлік. Қайткенде кірісеміз, қайткенде ел боламыз, сол жағынан аз да болса, білгенімді айтып өтейін:

Ең бұрын ынтымақ керек, бірлік керек. Сол ынтымақ, бірлік арқасында оқу деген нәрсені алдымен тура жолға салып жіберу керек. Жоғарғы көрсетіліп өткен жол арқасында түрлі жаратылыс қиындықтарын

жеңіп өнер білімге шек жоқ деп білемін. Осы уақытта қырғыз халқының үш ұйықтаса, түсіне кірмей тұрған білім жолы ашылып отырады.

Ілгеріден сен-мені жоқ келе жатқан қазақ ағайындарымызбенен мұнан ары сен-мен деспей, бір ауыздан сөз шығарып, бір жеңнен қол шығарып дегендей болып, ынтымақ, бірлік арқасында қырғыз халқының тілін және халық аузындағы әдебиеттерін қайткенде жоқ қылмай жинап, кейінгі жаңа өсіп келе жатқан жас буындарға үлгі қылып қалдырамыз деген ойға келіп отырмыз.

Осы уақытта байқап көрсен, алақанның отындай болған қырғыз халқы екі жолмен кетіп бара жатқан түрі бар көрінеді:

4) Жетісу облысына қараған қырғыз халқы өз бетімен, әйтеуір, ауру әдетін жоқ қылмастан, келе жатқан түрі бар.

5) Ферғана жағы қырғыздың қандай алда екенін жоғарғы жақты айтып өттім. Осыған қосымша, ғұрып-әдет дегеннен жоқ деп айтуға болады.

Егерде біз қырғыз халқының қамын қайғыра тұрған болсақ, жоғарғы жақтағы айтылған сөздерді шын көңілмен қабылдап, ақ көңіл, адал ниетпен қолға алсақ, қырғыз халқы екі жол емес, одан көп жолға түсіп кетсе дағы барлығын біріктіріп, халық қылып алуға болады.

Келешекте тарих алдында масқара болмаймыз десек, жоғарғы жақтағы сөздерге шын көңілмен кірісіп, ақ көңіл, адал ниетпен, мен деген азамат жас жүректер қараңғыда жатқан халықты жарық дүниеге шығару жағынан кірісіп, осы көрсетілген жолға қызмет қылуымыз керек.

Имамбек Шаминұлы

ЕЛДЕН

Бес жылғы өзгеріс дәуірінде қазақ-қырғыз арасында оқу-оқыту істер жұмысы

Октябрь төңкерісінен кейін, кеңес хүкіметі орнағалы оқу оқыту ісіне кең жол ашылса да, қазақ-қырғыз халқы төңкерістің үшінші жылына дейін артықша пайдалана алмады.

20-шы жылға дейін Шымкент үйезіндегі көшпелі һәм жарым көшпелі қазақ халқының ішінен жаңа мектептер ашып, оқытушы боларлық адамдар болмағандықтан, 5-6 айлық біреше рет курстер ашылып, 130 оқытушы дайындалып, үйезде 65 жерден жаңа мектептер ашылды. Қазақ халқының ішінде бұл уақытқа дейін мектеп үшін арналып салынған үй болмаған соң, бұл мектептердің бәрін де ел ішіндегі ең тәуір деген тамдарды алып, ашуға тура келді.

Мектептер үшін бұрыннан дайындалған аспаптар болмаған соң, парта орнына скамейкалар істеліп, барынша оқу кітаптары беріліп, 20-шы, 21-ші жылдарда осы ақуалда жүргізіліп келді.

Осы айтылған 65 ауыл мектептеріменен бара-бара үйезде 10-даған интернаттар болып, бұлардың да арналған үйлері болмастан, үлкенірек қыстақтардағы жарарлық үйлерге орналастырылып, жаз уақытында қазақтың киіз үйлерінде орналастырылып балалар оқытылды.

Шымкент үйезіндегі көшпелі қазақ халқының ішінде осы екі жылғы дәуірде жоғарыдағы айтылған мектептердің қазақ халқына қандай пайдасы һәм қандай тәсірі болды?

Жоғарыда да айтылды: ауыл мектептері болсын, интернаттары болсын, бұлардың ешқайсыларына мектептерге арнап салынған үй жоқ болды. Оның аспап һәм жарамды тәрбие берерлік оқытушысы болмады деп. Солай болса да, ол ашылған қысқа уақытты оқытушылар дайындайтын, һәм ауылнай, болысной исполкомдарға жазушылар дайындайтұғын курстардан оқып шыққан 4-5 жүздей қазақ жігіттері аз уақыт оқыса да, е дәуір дүние танып, қазақ тілінде оқу, жазуды жақсы үйреніп, көңілдеріне білім сәулесі еніп, аз да болса, тұрмыспенен танысып, ел ішіне қайтып, біреуі оқытушы, біреуі исполкомдарда партия һәм қосшылар ұйымында бастық, хатшы болып қызметке кірісіп кетті. Аз уақыт курстарда оқып, елге қайтқан соң, ата-бабаларынан бері қарай дәуір өткізіп келе жатқан жер төле, жаман тамдарын түзетіп шаһар үйлеріндеі жақсы үйлер салып, диқаншылық, шаруашылық жұмыстарын дұрыстап реттеп, тіршілік істеріне ынтасын қойып, басқа жұрт қатарында дүниеде жасауға ақым бар деген кісідей, бәрінің көңілдері көтеріңкі тіршілікке бел байлап, ілгері ұмтылғанан көреміз.

Ауыл һәм интернат мектептерінде оқыған жас балалар да қазақ тілі, қазақ жазуын үйреніп, көп жерлердегі үлкенірек мектептерге, түрлі техникум, институттарға, курстарға барып кіріп, білімдерін тағы да арттырып жатыр.

Ілгері балаңды мектепке оқыт дегенде: «оқытсам, солдатқа алып кетеді, орысша оқытсам, ақыретте зиян болады» деп оқу оқытудан азар болатын қазақ кедейлері бес жылғы өзгеріс дәуірінде жаңа мектеп һәм курстарда оқып шығып, әжептеуір мінез-құлқын түзетіп, тіршілікке түсініп, жүріс-тұрысын түзетіп, сол оқыған білімі арқасында жас болса да, елге бас болып, адам қатарына қосылған жігіттерді көріп, оқудың керек екендігін енді білді, енді түсінді. Қазіргі уақытта бұрынғыдай ауыл-ауылдарда жаңа мектептер болмаған соң, жас балаларын шаһар мектептеріне әкеліп кіргізіп, оқытып, көбі орын таба алмай, әуреленіп, кейін алып қайтып жатыр.

Шымкент үйезіндегі оқу оқыту жұмысының әзіргі уақытта қандай ахуалда екендігі турасында келер нөмірде жазармыз.

*Жарменов
Шымкент қаласы.*

Барлық шаруашылдар ұйымына

30 декабрь 1922 жыл 86-ші сан

ЖАРЛЫҚ

Жергілікті еңбекшіл дихандар арасында саясат, тәрбие жұмыстарын жақсы жолға қою үшін ең керекті құрал жергілікті тілдерді шығып тұрған газеталар болуға керек. Сондықтан, шаруашылар ұйымдары жергілікті халықтың тілдерінде шығып тұрған газеталарға өте назарларын салулары керек. Газеталарды барлық облыстардағы, үйездердегі хәм басқа жайлардағы ұйымдар жаздырып алулары керек. Сөйткенде ғана, шаруашылдар ұйымдары міндетті жұмыстарын атқарғандығын білдіреді хәм халық халықпен достықтарын орната алады. Бірақ, бұл уақытқа дейін шаруашылдар ұйымдары жергілікті тілде шығып тұрған газеталарды халық арасына тарату, еңбекшіл дихандармен газет арқылы өте байланысты болуы, болу жұмыстарын әлі де болса атқармай келе жатыр. Өйткені, жергілікті тілдердегі газеттерді алдырып отырған шаруашылық ұйымдары жоқ. Шаруашылар ұйымдары бұл газеталарды күшейту, ұлғайту, халыққа көп бөліп таратылып тұру жұмыстарын міндетті жұмыстарының бірі екендігін нық тануы керек. Россия шаруашылар ұйымдарының Түркістан бюросы жарлық етеді: жергілікті жердегі шаруашылар ұйымдары мұнан бұлай «Ақ жол» газетасын, «Түркістан» газетасын жаздырып алып отырсын. Бұл туралы ұйымдарында халық арасында көрнекті саясат жүргізсін. Бұл туралы істеген істерінің ақпарын хәм көрнекті нәтижелерін жарлық алған күннен бастап екі жетінің ішінде Түркістан бюросына кешіктірмей тапсырсын.

*В.С.П.С-ның Түркістан бюросының бастығы: Манжара.
Ілім білім тарату бөлімінің бастығы: Туркунидзе.*

Қазақ-қырғыз мәдениетін көркейтушілер қауымы «талаптың» жолы

1.

Қауымның мақсаты хәм істейтін істері:

1) қазақ-қырғыз халқының мәдени өркендеуіне жәрдем келтіру жағында қауымның көздеген мақсаттары мыналар:

а) қазақ-қырғыз халқының тілін, ғылым атауларын (терминология) хәм басқа мәселелерді тексеру.

ә) ұлт өнерін (искусствосын) тәптештеу.

б) қазақ-қырғыз халқының тарихын хәм салтын тексеріп қарастыру.

в) қазақ-қырғыз мектептерінде оқыту мәселесін реттеп жөнге салу.

г) қазақ-қырғыз халқының білім қызметкерлерінің хәм өнер қайраткерлеріне жәрдем көрсету.

- 2) Жоғарыда көрсетілген мәселелерді жүзеге шығару үшін:
- а) талқы (диспут), дәріс баяндамалар жасауға.
 - ә) білімге керекті мағлұматтар жию үшін, оқушылардың білімін арттыру үшін керуендер курстар түзуге.
 - б) көрме (выставкалар) ашуға.
 - в) уақытша һәм белгілі мезгілімен шығып тұратын баспасөздер бастыруға.
 - г) кітаптар, қолжазбалар, өнердің үлгілілерін, ескінің тамтықтарын жинауға.
 - д) қазақ-қырғыз халқын ағарту жолында керекті мамандар, шеберлер даярлау үшін курстар ашуға.
 - е) қазақтан жауапты аударушылар (тәржімашілер), хәріп түзушілер уақытша һәм белгілі мезгілімен шығып тұратын баспасөздерде жазушылар басқа керекті қызметкерлер ұйымдарын ашуға.
 - ж) қауымның көздеген мақсаттарын жүзеге шығару үшін хүкімет мекемелерінен, әлеумет ұйымдарынан көмек қарастыруға қауым ерікті.
- 3) Қауым заң алдында толық құқықпен пайдаланады. Қауымның аты жазылған меншікті мөрі болады.
- 4) Қауымның басқармасы тұратын, һәм жалпы жиылыстарының болатын жері Түркістан республиканың басқа орындарында бөлімдерін ашуға ерікті. Ол бөлімдер орда қауымының құқығындай құқықпен пайдаланады һәм олар орда қауымы алдында жауапты.

Ескерту: тиісті орыннан рұқсат болса, қауым Қазақстан жерінде де өзінің бөлімдерін ашуға ерікті.

2.

5) Қауымды түзеушілер:

- 1 - доктор Халел Досмұхамедов.
- 2 - профессор Александр Жмидт.
- 3 - Әбубәкір Диваев.
- 4 - Кәрім Жаленов.
- 5 - Мағжан Жұмабаев.
- 6 - Николай Архангельск.

6. Қауымның мүшелері екіге бөлінеді: шын, көмекші. 5-ші бапта көрсетілгендер қауымның шын мүшелері болып саналады.

7. Қауымның шын мүшелігінде қазақ-қырғыз халқына білім жағынан, яки мәдени ағарту жолында қызмет көрсеткен адамдар екі шын мүшенің лайықтауыменен алынады. Шын мүшелік аты басқарманың ұсынуы бойынша жалпы жиылыстың бекітуіменен беріледі.

8. Көмекші мүшелікке алынатындар қауымның мақсатына ынта көрсеткен адамдар. Мүшелікке алу тәртібі, екі шын мүшенің лайықтауы һәм басқарманың бекітуіменен болмақшы. Көмекші мүшенің шын мүше болуына екі шарт керек. 1) 7-ші бапта көрсетілген тәртіп бойынша. 2) көмекші мүше болғанына 6 ай уақыт өтуі.

9. Таза кыргыз мәдениеті жолында айрыкша кызмет сіндірген адамдарға ардақты мүше деген атақ беруге, қауымның жалпы жиылысы ықтиярлы.

10. Жалпы жиылыстарда көмекші мүшелер кеңесі дауыспен пайдаланады.

11. Қауымның шын мүшесі болсын, көмекші мүшелері болсын қауымның мақсаттарына пайдасыз болса, яки қауымның атына дақ келетіндей іс істеген болса, олар қауымның мүшелігінен шығарылады. Шын һәм көмекші мүшелерді уақытша шығаруға басқарма да ерікті. Бірақ, оның түпкілікті шығу мәселесі жақын арада болатын қауым мүшелерінің жалпы жиылысында қаралуға тиіс.

Ескерту: шығарылған мүшелердің басқармаға наразылығын көрсетіп, жалпы жиылысқа арыз қылуына еркі бар.

12. Ардақты мүшелерден басқа мүшелердің барлығы да, белгілі мезгілде, қауымға жарна төлеп тұрады. Жарнаның мөлшері һәм алынатын мезгілі қауымның жалпы жиылысында белгіленеді.

3.

Қауымның қаражаты

13. қауымға қаражат мына жолдармен жиылады:

- а) мүшелер жарнамасынан.
- ә) түскен жәрдемдерден.
- б) хүкімет мекемелері һәм әлеумет ұйымдарының көмектерінен.
- в) баспасөз сатудан, төлеулі дәрістерден һәм түрмен жиналған түсімдерден.

4.

Қауымның құрылысы

14) іс басқарушылар:

1 қауым мүшелерінің жалпы жиылысы.

2 басқарма.

3 басқарманың бастықтары.

4 тексеру комиссиясы.

15) Жалпы мүшелер жиылысының қарамағында болатын істер:

- а) қауымның жолын өзгерту.
- ә) ардақты һәм шын мүшелерді бекіту.
- б) мүшелік жарнаның мөлшерін һәм төлейтін мезгілін белгілеу.
- в) білім, әдеби һәм басқа еңбек үшін берілетін бәйге белгілеу, бәйгелерді тағайындау.
- г) басқармамен тексеру комиссиясының есептерін бекіту.
- д) басқармамен тексеру комиссиясын сайлау.

16) Жалпы жиылыстар жылдық, мезгілді һәм төтенше болады. Жылдық жиылысты басқарма сентябрь айында шақырады. Мезгілді жиылыстарды, әдеби баяндамалар һәм мәселелер молайғанда немесе басқарма өз алдындағы мәселелердің жалпы жиналысында тексеріп

өтуін тиіс деп тапса, шақырылады. Төтенше жалпы жиылыс не тексеру комиссиясының тілеуімен, яки шын мүшелердің оннан кем болмаған бір табының өтінуімен жиылады.

Ескерту: мезгілді жиылыстарда басқарманың төбе ағасы, яки оның орынбасары төбе ағалық етеді, жылық һәм төтенше жиылыстарда жиылыстың төбе ағасы жалпы жиылыстың сайлауымен қойылады.

17) Қауымның жолын өзгерту һәм қауымды жабу туралы мәселелерді карауға жалпы жиылыстарда қауым мүшелерінің үштен екі есесінің болуы шарт. Басқа мекемелерді тексеру қауымның Ташкенде тұратын мүшелерінің жартысы жиналса да, бола бермекші. Жалпы жиылыстарда мәселелер көпшілік дауыспен шешіледі. Дауыс тең болса, жиылыстың төбе ағасының қосылған жағының айтқаны қабыл алынады.

18) қауымның ісін жүргізу үшін, жалпы жиылыс қауымының шын мүшелерінен басқарма мүшелігіне адамдар сайлайды. Олардың ішінен біреуі басқарма бастығы. Қалған алтауы басқарма мүшесі болады.

19) басқарма жалпы жиылыстың сайлап шығарған қауымының атқару орны болғандықтан, ешбір сенім белгісін алмай-ақ, һәм орындарда қауым атынан кезектегі істерді жүргізіп қауымның ісін атқара береді.

20) басқарма өз мүшелері арасынан төбе ағасына орынбасар, хатшы һәм басқа қызметкерлер сайлап, оларға тиісті жұмыстарын бөліп береді.

21) басқарманың төбе ағасы, орынбасары һәм хатшысы басқарманың бастықтары болып саналады. Бастықтар басқарманың кезектегі істерін жүргізіп, жеңіл мәселелерді шешіп тұрады.

22) басқарма мүшелері 3 жылға сайланады. Бірақ, жыл сайын ескі мүшелерден екеуі шығып, олардың орнына жаңадан екі адам сайланып отырады.

Ескерту: 1) бірінші басқарманың тұңғыш сайлануынан 1-2 жыл өткен соң, басқарманың мүшелері мүшелігінен шығарылады.

Ескерту: 2) әр шыққан басқарма мүшесінің қайтадан сайлануы мүмкін.

23) айрықша қиын мәселелерді карап шешу үшін, басқарма қауым мүшелерінен уақытша комиссиялар түзеуге ерікті.

24) айында бір реттен, сирек болмау шартымен басқарма өзі керекті мезгілде басқарманың мәжілісі болып отырады.

Жыл сайын басқарама мен жалпы жиылысын ақша, яки бұйым есебін тексеру үшін, жалпы жиылыста қауымның мүшелері арасынан тексеру комиссиясын сайлайды. Басқарманың жылдық есеп-кисабы қаралып, жалпы жиылыспен бекітілгеннен кейін, тексеру комиссиясы жаңғырылады.

25) қауым хүкіметтің бұйрығымен яки жалпы жиылыстың қаулысымен ғана жабылады.

26) қауым жабыла қалса, оның барлық мүлкі, негізгі мақсаты қазақ-қырғыз халқын мәдени ағарту болған бір мекемеге яки ұйымға тапсырылады. Талаптың осы жолы 1922 жыл 4 декабрьде Түркістан

мемлекет білім кеңесі бекітіп тағайындады һәм 822 нөмірімен дәптерге тіркеді.

1922 жылы 1 декабрьде Талап қауымының бірінші жалпы жиылысы болып басқармаға мына адамдар сайланды.

Басқарманың төбе ағасы: Халел Досмұхамедұлы.

Басқарманың мүшелері:

Профессор Александр Едуардұлы Шмидт,

Иса Тоқтыбайұлы, Мырзагазы Есполұлы,

Мұхамеджан Тынышпайұлы, Мұхтар Әуезұлы,

Қасым Тыныстанұлы.

***Басқарманың тұратын орны Ташкент, Карл Маркс көшесі 41 үй
(қазақ-қырғыз институты), 32 нөмірлі бөлме.***

11-ші кеңестер сиезінің халық ағарту комиссариаты баяндамасы тақырыпты шығарған қаулысы

Халық ағарту комиссариаты баяндамасын тыңдап, 2-ші кеңестер сиезі Түркістан республикасының қостайды:

1 төңкерістің алғашқы кезде жергілікті халықтар арасында оқу жұрттарының орасан күшейіп кеткендігі, жергілікті халқының білімге ықыласты мезгіліне душар келмегендігінен, мәдени күштің һәм қаражаттың кемдігінен амалсыз тоқтап қалуға тура келді.

2 халық ағарту жұмысы жергілікті халықтар арасында өте нашар қойылған, ол да болса, мәдени күштің жетімсіздігінен һәм мемлекет беріп тұратын қаражаттың жоқтығынан, соның үшін жаңа түрде де, кеңес мектептері өзін-өзі ақтай алмады һәм халықты да қанағаттандыра алмады.

3 халық ағарту комиссариатының мекемелері балалардың қамқоры болғандықтан һәм сауатсыздарға да сол көзбен қарағандықтан, халық қарауына берілген школдар көп болғаны себепті, бәріне бірдей азық-түлік жеткізіп бере алмай, осы күні еңбекшіл һәм кедей дихандар балалары оқудан бос қалып отыр. Жоғарғы айтылғандарды еске алып, сиез мынадай қаулы қылады:

1 істің маңызды һәм орнықты болуы үшін тіршілікке керек нәрселерді ойға алып, мектеп саңдарын азайту керек, һәм үкіметтің қуатына лайықтап, тіршілікке ең керекті ғана мекемелерді қалдыру керек. Сөйтіп, халық ағарту комиссариатына ағарту орындарының санын тағайындау керек, мемлекеттің 1922-23 жылдардағы қаражатына шағындап, мектептердің азаюы, көбеюі мемлекеттің шамасына қарай болмақшы

2 өзі шамасы кәсіпшілдер мектептерін қалай да болса, аман сақтап қалу керек, қызметкерлерінің ақыларын мемлекетке қарату керек, таза шаруаларын тиісті шаруа мекемелеріне міндетті қылу керек.

3 халық ағарту ісіне жұмсалатын мемлекет расходының бекітілген 14 процент аз деп табамыз. Сол үшін Түркістан расходының жалпы санынан 20 процентіне шейін халық ағарту жұмысына жұмсау керек.

4 халық ағарту комиссариатының өзіне тағайындалған мектептерін дұрыс қарап тұруы үшін һәм іс жүзінде көздеген мақсатына жету үшін сиез төмендегі нәрселерді лайық табады: жергілікті қаражатқа лайықталған ақшадан белгілі соманы халық ағарту комиссариатына арнауды, школдарға арналған мемлекет қаражатына қосымша секілді.

5 ішкі қарыздарға белгіленген ақшаны жергілікті қаражаттың кемтігін толықтыру үшін халыққа ағарту комиссариатына шамасын бөліп беру керек.

6 кеңес мектептерінің аз да болса ілгері басып бара жатқан дәуірі деп тану керек, ескі мектептердің көбеюіне бөгет болу үшін жаңа жобалы мектептерді қалай да болса, аман сақтап қалу керек, шаруа жағынан болсын, азық жағынан болсын, сүйемелдеп оқу жолына шығару керек, солармен қатар, орта дәрежелі ілім оқыту ісіне лайықты білім жобасын үйрете беру керек.

7 қала школдарының төлеулі болуын уақытынша барады деп есептеп, кедей еңбекшіл дихандардың балаларын тегін оқытуға жол ашық болсын.

8 Түркістандық халық ағарту жұмысына лайықталған заттың көбеюі үшін сиез мыналарды өте керек деп табады: әркім өз мектептерін өздері ұстау үшін көңілді салыққа халықты ұғындыру керек. Сондай-ақ мектептерді белгілі қауымның асырап тұруы үшін шарттасу жұмысын кеңейту керек. Бұл көрсетілген ауыл-қыстақтарда қандай болса, ұйымдасқан еңбекшілдердің арасында сондай болуға тиіс.

9 жергілікті халықтың тілінде мектеп қызметкерлерін де молайту үшін тиісті назар салып арттыру керек, алдымен қазіргі институттарды сүйемелдеу керек.

10 жергілікті халықтың тіліндегі баспасөздер мәдени тіршіліктен мықты орын алатындығын сезіп, сиез төмендегілерді керек деп табады, кеңес һәм ортақшылдардың ретті баспасөздердің күшейту үшін һәм даңқын жаю үшін көздің қиығын сала жүру еді.(жалғасы бар)

Тілге шорқақтық халыққа жат болғандықтың белгісі емес

Ташкент азаматтарының арасында соңғы кезде көп айтылып жүрген сөздердің бірі: Қазақ оқығандары мен қалың қара бұқара халықтан адасып, оқшау кетіп барады деген.

Мұны айтушы жолдастардың бұл сөзді дәлелдеу үшін айтып жүрген дәлелі қазақ оқығандарының қазақ тіліне шорқақтығы. Басқа дәлелі жоқ.

Бар дәлелі осы ғана. Сондықтан, бұл дәлелді тексеріп өту артық болмас деп түсінемін.

Орысша оқыған қазақ азаматтарының қазақ тіліне шорқақ екендігі рас. Шынын айтқанда, қазақ жігіттерінің ішінде мұнан жаман сорақылар бар. Орыс тілін, сарт тілін жақсы біліп, қазақша екі ауыз сөздің басын қосып айта алмайтын сабаздар Ташкенде аз емес. Бірақ, бір шүкірлік ететін жеріміз, олардың бір жақсы қасиеті, сарт болып кеткен сабаздардың аз да болса, қазақ иісі сақталған қазақ азаматтарына әсері жоқ.

Ташкенде жаңа ашылған «Талап» атты жас ұйымның 3-4 жиылысы болып өтті. Бұл жиылыстардың бірінде де әлгі сабаздар болған жоқ. «Ақ-жолдың» өткен сандарының бірінде Тана жолдас бір сыпырасын басындағы азаматтарды «Талапты» менсінбейді, өнер білімге әуестігі жоқ деп сөгіп өтті. «Талапты» менсінбейді бұл қате айтылған сөз. Өйткені «Талапты» менсінбеуші жолдастардың «Талаптан» артық болуы керек. «Өнер білімге әуестігі жоқ» сабаздардың биіктігін, ондай көсемдігін біз көре алмадық. Олар талапты менсінбейді емес, менсінеді, сөйтседе «Талаптың» жиылысына келіп жүруге қаймығады, себеп олар қазақша білмейді. Қазақ азаматтарының ішіне келіп, өздері қазақ азаматтарының бірі бола тұрып, қазақша түсінбей отыру аз ұят емес. Қазақша түк білмейтіндерді қойып, қазақша сөйлегенде тоқталып тоқталып, аңыранып, тамсанып сөйлейтін қазақ азаматтарын алсақ, бұлардың айыбы көп көрінбейді. Олардың қазақ тіліне шорқақтығы қазақтың өзінің қазақ тіліне шорқақтығынан. Қазақ ішінде тап осы кезде өткен замандағыдай алыстан орағытып, тақпақтап сөйлетін ұзын тілді билер жоқ. Қазақтың басынан ерік кеткелі, қазақты тұрмыс басқаға телмірткені, қазақ шешендері кемуге айналды. Өйткені қазақ ішінде, қазақтың тіршілігінде, қазақтың саяси жолында, тілге жүйрік шешен билер тұратын шарт қалған жоқ. Сол уақыттан бастап, қазақ шешендері я сәлделі молдалар, я тілмаштар бола бастады. Қазақ шарифат сұрап, молдаға баратын болды, я дауласып, жүгініп, сөзімді айтып бер деп тілмашқа жалынатын болды. Қазақ тілін кім көркейтсін? Молда мен тілмаш көркейтсін ба? Сондықтан, қазақ тілі баюдың орнына азуға айналды. Баспасөз болмаған соң, қазақ ақындарының сөзі ауылынан ұзап, алысқа артық жайылмайтын болды. Осы кезде Ақтөбе, Қостанай, Ақмола қазақтары сияқты орыспен аралас қостас тұратын қазақтарды алса, орысқа түсінікті болуы үшін, қазақ тілін бұрап, бұзып сөйлеуге тырысады. Қазақ тіліне көп жат сөздер кіріп кеткен. Қазақтың ауылына бір жалғыз орыс келсе, орыс қазақша сөйлесем екен демейді, қазақ орысша сөйлесем екен дейді. Орыс-қазақ аралас тұрған жерде, қазақша білетін орыстардан, орысша білетін қазақтар көп: мұнан көрінеді қазақтың орыс тіліне назары ауып кеткендігі. Ташкент төңірегінде тұратын қазақтардың сөзіне қарағанда, сартпен аралас тұрған қазақтардың жайында осы секілді болса керек, кілең қазақ болып

бірінғай тұрған жерлерде қазақ тілі тазарақ сақталса ғажап емес: бірақ, ондай жерлердің қазағының тілі де баюдан тоқтап, жат сөздерді бірте-бірте сіңіре бастаған болса керек.

Оқымаған шикі қазақ тілін дұрыс күте алмаған болса, оқыған қазақ тілін қалай таза оқымақшы. Оқығандарда басқа ұлттардың әсері болмай тұрмайды. Тілге шорқақтық жалғыз оқығандарда емес, қазақ тіліне шорқақтық қазақтың өзінде бар. Оқығандардың тілге шорқақтығын елдің тілді қадірсіз ұстағандығынан. Сондықтан, қазақ тіліне шорқақтығына қарап, оқығандарды халықтан қол үзіп, халыққа жат болып кетті деу бекер.

Қ-И.

Қырғыз-Қазақ мектептері жасалуы керек

Соңғы уақытта Кеңес үкіметі де, коммунист партиясы да жұртшылық ұйымдарда халық ағарту істерін сөз қылып, оқу жұмысын күшейту шарасына жалпы кірісіп келе жатыр.

Бұрынғы жалаң айқай, жалпы оқу өзінің орнына оқу жұмысының тұрған қалыбы тексеріліп, оқу жағынан жалпы жұртқа бүгінгі керекті мұқтаждары анықталып, соған қарап істі жүргізуге қам қылынып жатыр.

Кедейленіп кеткен мемлекет қазынасының есебіне барлық оқу ұйымдарын, түрлі мектептерді сақтау мүмкін болмағандықтан, ел іші мектептері жұрттың өз есебіне, қала мектептерінің көбісі жергілікті қазына есебіне өткізіліп, мектептерді сақтап қалып, халық ағарту жұмысын өршітпесе, өшірмейтін шаралардың бәрі істеліп жатыр.

Айрықша артта қалған, халқы жалпы надан, көр бала қалыбында тұрған Түркістан республикасы оқу жұмысын көбірек ескеруі керек екені анық.

Түркістан Кеңестерінің бас үкіметі барлық мемлекет қазынасының 5\1 (20 процент) һәм жергілікті қазнасының 3\1 (30 процент) оқу қаражатына арнап, қаулы қылып отыр.

Алдымыздағы февраль ішінде «оқу жетісі» деген жүргізіліп, сол жетінің ішінде үкіметтің де, партияның, жұрттың да барлық күшін оқу жолына жұмсалып, күн санап сүйіліп, азып бара жатқан мектептер аяқтандырылмақ; оқу жұмысы орнықты бір қалыпқа жеткізіліп, ілгері басып, үдеуге барлық күш қаражат жұмсалмақ. Күні бұрын мектептерге керекті оқу құралдары жіберіліп, ел ішінде үндеу сөзі үндеушілер жіберіліп, үкімет қазынасынан бастап, кедейлер союзының ішінен һәм жұрт арасынан оқу жұмысына жалпы дүние жәрдемі жиналмақ. Оқу қазынасы молаймақ, оқу істері күшеймек, ел ішінде мектептерге ең азына алты десятинадан егістік, жұрттың көлігі, жұрттың тұқымы, жұртшылық

еңбек пен мұғалімдердің пайдалануына берілмек. Жергілікті жұрттың мектептерінің барлығы салықтардан һәм басқа міндеттерден босанып, белгі басып, үкімет қабыл алса, әскер қызметінен босанбақ.

Тағы оқу жұмысын көтермелеу үшін, оқушылардың күнін жеңілдету үшін, мектептерді сақтау үшін, ондау үшін көп шаралар үкімет жағынан белгіленіп, жарыққа шыға бастайын деп тұр.

Түркістан Кеңестерінің бас үкіметі есептен тысқары, оқу жолына жәрдем ретінде, бірден 50000 пұт бидай беріп отыр, тағы дүние жәрдемін көп қылмақ. Үкімет бүйтіп отырғанда, халық өз пайдасы үшін, өз мектебі үшін көпшілік қылып, жалпы қимылдап жіберсе ақ түйенің қарны жарылғандай болып, мектептер қаражатқа қарқ болып қалатыны анық.

Ел ішінде оқу істерін көтермелеу, мектептерге жәрдем беру, оқу жетісін жөндеп өткізу қалай жүргізілуі керек деген мәселені кейінге қоя тұрып, бір оқу жұмысының қырғыз-қазақ арасында осы күнгі құрған қалпына зер салып өтпектеміз. Өйткені, әлгі айтылған жәрдемдестердің барлығы барлық мектептерге жәрдем болмақ.

Өзгерістен ілгері қырғыз қазақ жұртының ұлт мектебі болмаған, оқу құралдары болмаған, мектептерінің бет аузы белгіленбеген һәм оны белгілеп, оқу істерін бір жөнімен алып барарлық мұғалімдерде болмаған. Оқымақшы болған қырғыз қазақ балалары, я Бұқар мектептеріне, я қазақ мектептеріне, я орыс мектептеріне, кіріп оқыған. Сондықтан, оқып шыққандары, я сартша, я татарша, я орысша мойынсұнған қалып алған бір жаңдар болып, ұлт мектебі жасарлық керекті шарттардың еш бірі болмаған.

Өзгеріс дәуірінде қатардан қалмай, сырттан қарағанда көзге көрінерлік көп жұмыстар істелді.

Мұғалімдер даярлайтын курстар ашылды, Ташкентте институт, Алмата мен Шымкентте мұғалімдік техникумдер ашылды. Оқу құралдары көбейіп жатыр, оқу кітаптары басылып жатыр.

Саны толып жатқан мектептер ашылып, оқу қазақша, қырғызша жүргізілді.

Мектептердің көбейгені сонша, бір замандарда сайлауда үкіметке өте алмай, қара бейнетті аз көріп, қарап жүруге қорыққан тілмаштардың барлығына мұғалімдік жетіп артты.

Бірақ мұның барлығы бұрын болған һәм көбісі кейін жаңа шаруа саясатының, қазына қаражаты жетімсіздігінің, халық арасы жұртшылығы нашарлығының һәм әсіресе, мектеп деген аты болмаса, мектептердің шын мектеп болмағандығының арқасында жойылып кетті. Осы күнде қырғыз қазақ арасында мектеп тіпті жоқ емес, бар бірақ, жолы, белгілі жобасы, дайын жөнделіп жасалған сайманы түгел, мұғалімдері жарамды, жалғыз да мектеп жоқ. Мектептерден сақталғанда, барар жер, басар тауы жоқ, 16-19 жылдардағы ашаршылық әлекшіліктердің жемісі жетім

балалар интернаттары сақталып отыр. Басқа мектептердің барлығы да аты барда өзі жоқ, көбісі бүгін бар болса ертең жоқ тұрғылықсыз мектептер. Бұрынғы басқа ұлттар мектептерінде оқып әзірленген хәм өзгеріс дәуірінде курстарда әзірленген мұғалімдердің, іске жарарының барлығы мектепті тастап, басқа тіршілікке айланып кетіп отыр. Сөйтіп, жұрт қатары жұмысын жөндеп, мектебін жәрдемге алып, үкімет жол басшылығымен, халық ағарту жұмысына күш салмақ болған кезінде, қырғыз-қазақ жұртының орнықты мектебі жоқ есебінде, жәрдемдерінің сүйемелдерлік ауруы да мектептері жоқ есебінде болып отыр.

Мұнан жоқ екен деп, е арзымайды екен деп, жұбата қою шықпайды. Мектебі жоқ жұрт қатардағы жұрт болып жасай алмайды, мектебі жойылған жұрттың, жұртшылығы да жойылмақ.

Сондықтан қайткенде де, қаза-қырғыз жұртының ұлт мектептері жасалуы керек. Оқу жалпы жұртқа қол жетерлік болып, халық ағарту жұмысы өршу үшін, надандық, жабайылықты жою үшін, ұлт мектебі жасалу керек, саны көбеюі керек, орнықты болып, уайымсыз жасап, мектеп жұртшылықтың тірегі, үкіметтің арқа сүйері шын еңбек негізіне құйылған кеңес мектебі болуға керек.

Алдымыздағы оқу жетісінде басқа жұрт бәрін көтермелесе, қырғыз-қазақ жоғын жоқтап, қолға кіргізіп алу керек. Қырғыз-қазақ арасындағы оқу істеріне үкімет те осы назармен қарап, осы күнге дейін оқу жолында өзгерістен, жөндеп пайдалана алмаған жұртқа айрықша жәрдемдес болу керек.

Өзінің орасан кемшілігін жоюға жұрт болып, қатардан қалмай жасауға адам болып, ақысына ие болуға өзгеріске кірісіп, үкіметті қолына алып, Кеңестерден тапқан кемшіліктерден пайдалануына негізгі тірек, шын құрал оқу жұмысы, мектеп екенін жұрт түсінуі тиіс.

Т.Қ

КПТ-ның барлық облыстық хәм уез калалық комитеттеріне

Жергілікті тілдерде хәм Еуропа тілінде шығып тұрған газеталарды алдырып тұру туралы. Газеталар жұмысы нақ осы күні жақсы қойылған емес. Газеталар жақсы тарқалып, кенттен шетте отырған кісілерге барып тұрмайды. Сондықтан, газеталарымыздың тираждары өте аз. Әсіресе, көп таралмай келмек те. Халі нашар болып келе жатқандар жергілікті тілдерде шығып тұрған газеталар.

Мәселен: «Ақ жол», «Түркістан» газеталары партиядағы жергілікті азаматтар араларында көп таралмай жатыр. Партия комитеттері хәм партияда болған жергілікті азаматтар газета алдырып тұруы көп

аса міндетті жұмыстарынан танымайды. Бұлай болғандығы, оларға айтарымыз әлі де болса, бос сандар, кезекті мәселеге суық қарайсыңдар дейміз. Қыстаққа һәм ауылдарға газеталар, әсіресе «Түркістан» бармайды.

Осындай көрнекті кемдіктердің болып тұрғандығынан газеталар деген мақсатына жете алмай, мемлекет тарапынан қаншама жәрдем беріліп тұрса да, оларды керегіне жеткізе алмай, қалт-құлт етіп күн көруде. Өйткені, елден оқушылар кем, жәрдем жоқ.

Елден оқушылар болмағандықтан, һәм елдің хабарын төтеннен жазып тұратындардың тағы да болмағандығынан, газетаның маңызы да азайды, ойдағыдай болып шығып тұрмайды.

Қандай болса да ондай болсын, мейлі, менің жұмысым жоқ деп осы уақытқа дейін келген партия мүшелерінің, партия комитеттерінің көрнекті жалқаулығын жою керек.

Партия кезекті жұмыстарында кезекті үгіт, насихаттар жүргізу үшін, халықпен өте байланысты болуы үшін партияға, партия қызметкерлерінің ең керекті құралы газеталар. Әсіресе, Түркістан халықтарының өз тілдерінде шығып тұрған. Сондықтан, Түркістан коммунистер партиясының комитеті жарлық етті:

Барлық партия комитеттері һәм қыстақтық, ауылдық партия ячейкелері, һәм жергілікті азаматтардан партияда болғандары газеталар жаздырып алып отырсын. Әр қайсысы жеке-жеке жаздырып, я топтасып жаздырып алуға ерікті. Бірақ алулары керек.

Партия комитеттері партия заңын қолданып, әр қыстақтық ячейкелерге «сіздер топтасып мұнша сан газета алдыруға міндеттісің» деп тақсымдап, бөліп беруі керек. һәм ауылдық ячейкелерге де бөліп беруі керек. Бәрінен өткен пұлдарын облыстық бөлім аймақтық бөлімге жібереді.

Партия комитеттері кезекті жарлықтарында һәм басқа ретте қай ячейке нақ осы туралы жұмыс қылғанын білдіріп отыруы керек. Жөнді іс істеменге нұсқау беріп, жол көрсетіп отырсын. Осы іске жергілікті жердегі болыстық, ауылдық атқару комитеттердің бастықтары, һәм ақсақалдарды жегу керек. Осы сияқты істерді Еуропа тілдерінде шығып тұрған газеталар үшін де істеу керек. «Түрік правда»-ға жәрдем беру ләзім. Партия мүшелері партияда еместердің де газета алдырудың әрекетінде болсын. Осы жұмыстарды тездікпен орындау керек.

***ЦК партияның жауапкер хатшысы: Энштейн.
Үгіт, насихат бөлім бастығы: Сихер.***

Ақанның юбилейі туралы

«Ақ жолдың» осы санында Ахмет Байтұрсыновтың 50 жасқа толған тойына арналып, мақала басылып отыр. Қырғыз-қазақ баласында 50 түгіл 60-қа да, онан да көп жастарға жеткен жасы үлкендер жатқанмен, ішінен еленіп, Ақанның еске алынып отырғандығында үлкен айырмашылық бар.

Қазақ халық болғаннан бері өз бетінше ой-күйімен дәуір сүрген. Көбі болмай, қоңсы халықтармен қол астында кезекпен қарай-қарай келіп, бастаған хандарының өз ара келісе алмаған кесірінен, орысқа бағынып, 300 жылдай үзілместен келген Романовтар үкіметінің зұлым саясатының кесірінен жері мен салтынан, тілінен айырылуға айналып бара жатқанын алдымен сезіп, оянған Ақаң еді.

Орысқа жақындасып, Еуропа тәрбиесін алған қазақ оқығандары өз халқына қарамай жатқандығын жеңіл көріп, шын қорқытып, кеңсеге кіріп, хукіметке жағынып, адам атанып жүргенде, оқудан шығысымен қырдағы қалың қазақтың ішіне барып, бар білгенін қазақ балаларына үйретуге ынта қылып, қазақтың қара тілін сақтап, қайта түзей беруге қам қылған Ақаң еді.

Ақаң ұлт матбұғатының көзін ашпағанда, ескі елдігімізден ерініп, қоңсы кент «ағайындардың» біріне табынып, табиғи таңбадан атанып кететін едік. Қазақтың дыбысына, сөзіне арнап, әліппе шығарып, тіл һәм оқу құралдарын шығарып, қазақтың жалпақ тілін қаламға үйреткен Ақаң еді. Ұлт ісі дегенді ескерген адам болмай, қазақ қиыншылыққа кез болғанда, бостандыққа жол көрсеткен Ақаң еді.

Ақаң шығарып тұрған «Қазақ» газетінің қазақтың тілегіне дұрыстап, тілін, жазуын жөндеп кеткенін күндеп, тіл бүлінді деп, түрткісіне төзіп, сол үшін, рулы елдің орнына тайфун ұясы болса да өз мойнына арқалаған, ұлттың игілігі үшін ол кездегі аюдай анталағандардың азуынан айбынбаған.

«Мен мейман бір бөлмеде жатыр десек, өтпеймін тамағыңнан әуре болма» деп, қазақты қомсынғандардың қолтығын керген Ақаң еді. Ақанның әр жасының қазақтың көңіліне қуаныш кіргізетіндігі Ақанның 50 жасқа келгендігіне той істеткізбейтұғындар осылар.

Аразды ұлттар Ақаңдай адамдарының туған күндерін, көп жасаған қуаныштарын, бұл сықылды газетке жазған бірлі-жарымды мақаламен білдірмей, жер-жерде жасалған үлкен сыйлармен өткереді.

Ақанның 50 жасқа толғанын түрлі қазақтың көп жері білмегендіктен көңілдегідей болмай өтіп отыр. Олай болуға себепкер болған, Ақанның тұрған жері Орынбордағы қазақ азаматтарының жер-жерді күні ілгері құлақтандыра алмағандығы. Тойдың болатұғын күнін бұрын сөйлесіп қойғанда, Ақанның атын білген екі республикадағы қазақ өмірде есте қаларлық қылып, бірге тойлайтұғын еді. Ақанның халыққа қылған

қызметтерін көрсетіп, тәржімә хәлін айтып, туған күніне арнап кітап шығару қажет еді. Осы айтылғандар Ташкенттегі «Талап» басқармасының ойында бар еді. Сондықтан, бұл тойды тегіс дайындалып алған соң, жайырақ істелсе деп, ұйғарылып еді. Орынбор азаматтарының кеш қабыл алып қалғандығынан, көңілге алғандар істелмей отыр. Тойды тек телеграммамен құттықтауға мұршамыз келді. Құттықтап, телеграмм бергендер: «Ақ жол», «Шолпан» басқармалары. Түркістан халық ағарту комиссарлығы, қазақ-қырғыз білім комиссиясы, «Талап» ұйымы һәм қазақ студенттері.

Қазақ-қырғыз студенттері жеке телеграмм берді.

Басқарма.

Ақаңның 50 жылдық тойы (юбилейі)

Қазақ жұртының өткен күндеріне көз салғанда, оқыған азаматтарының артынан ерген күндері аз да болса, мағыналырақ, тәуір күндерінің бірі деп саналады. Сол оқыған азаматтың тұңғышы, алғашқы шыққан көсемі болған Ақаң арналған тұңғыш той. Ой ойлаған қазақ баласының жүрегіне жылы тиетін қуанышты істің бірі. Әркімнің қалқыған жырмен оятып, өткен күндерін есіне түсіретін көп істің ішіндегі істің ірісі.

Ақаңның майданға алғаш жыры шығып, әдебиет, саясат жолында жол бастаған күндері бәріміздің де есімізде, кешегі күні оқушы болып, соның тәрбиесінде жүрген күндерімізді көз алдымызға елестетеді. Ақаңның қазақ оқушысының ойы мен пікірін тәрбиелеген заманынан бір ай ұзағанымыз жоқ. Кешегі күндерге шейін, бәріміз де жетегінде келгенбіз.

Қаламнан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ.

Патша заманындағы хүкімет ауыр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға сіңірген пікірі, әлі күнге үйреніп қалған бесігіміздей, көзімізге жылы ұшырайды. Құлағымызға жайлы тиеді. «Қазақ» газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ақаң салған өрнекті біліп, Ақаң ашқан мектепті оқып шыққалы, табалдырығынан жаңа аттап, ішіне жаңа кіріп жатыр. Ақаңның бұл істеген қызметі қазақтың ұзынырға тарихымен жалғасып кететін қызмет. Істеген ісімен өзіне орнатқан ескерткіші, мәңгілік ескерткіш.

Қазақ жастарының ардақты тәрбиешісі Ақаң сөйлегенде, менің есіме «Қазақ» газетінің әуендері түседі. Біз ол күнде мектеп ішінде жүрген бала едік. Бірақ, патша саясаты темір бұғаудай, мойынға батып, қазақ жұртын әлсіретіп, «кедейді шалапқа мас қылып, байды қымызға мас қылып», елдігін жоғалтып бара жатқанын, тұманды оймен сезуші едік. Көмескі жауы қазақтың бесіктегі баласының көзіне де елестегендей еді.

Сол уақыттарда «Қазақ» газетінің бетінен анда-санда оқып отырған әсерлі анық сөздер, қауіптің пішінің айқын кылып көрсетіп, мекептегі жас балалардың сезімін түзу жолға беттеткендей болушы еді. Жас буынның жаңа туып келе жатқан әлсіз ойын «жол мұндалап» жетегіне алып бара жатқандығы байқалушы еді. Мектептегі сабағын оқымайтын бала «Қазақ» газетін көрген жерде қадалып тұрып қалатын. Бөтен қалада қыр ісіне түсіп, елін ойлап жүрген балаға «Қазақ» газеті ауылынан келген сәлемдемедей болатын. Ел басына келген бәленің атын білмей, түсін танымаса да, елі мінген еспесі жоқ қайықты теңіздің ішінде жылжытып бара жатқан жел мен күйынның бар екенін, оқып жүрген бала да сезетұғын. Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей, жер ширықтырған, етек жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болған. Ол газеттің жаны кім еді? Ішіндегі қажымайтын қайрат, кемімейтін екпін кімнің екпіні еді? Ол екпін: ұйықтаған қазақты айқайлатып оятуға заман ерік бермеген соң, маса болып, қалай ызыңдап оятамын деп, ұзақ бейнетті мойнына міндет қылып алған Ақаңның екпіні болатын.

«Қазақ» газетінің сол заманнан бері қарай талай өмір өткен сияқты. Бұл уақыттың жылдай, саусақпен санағандай, аз жыл болса да, болып өткен оқиғаларына қарағанда, көп заманға жауап ұратын толқынды заманның бірі.

Өзге дүниеде болып жатқан ұлы өзгерісті қоя тұрып, қазақтың өзін алғанда, әлі де неше тарихшыға ермек болатын тарихи оқиғалар өтіп жатыр. Бұрынғы уақытта қазақ баласының есіне келмеген, мағынасы үлкен уақиғаның бірі, қазіргі жасалып отырған Ақаңның 50 жылдығы.

Саясат талқысына түсіп, ойы ашылған, мәдениет жолында аз да болса, ілгері басып, беті ашылған қазақ жұрты, бұрынғы ауыр күнде басшысы болған азаматының атын құрметпенен атағысы келеді. Еркін ойды ойлатпай, ауыздан шыққан сөзді баққан патша заманында, қазақ жұрты қайрат қылған еріне арнаулы сөзін айта алмаса, бүгінгі күнде азаматы 50 жасқа келіп сақал, шашы ағарған күнде, кезекті сөзін айта алады.

Ақаңның атын қазақ баласының естімегені аз шығар. Бірақ, Ақаңды туғызған елі жалаң атын естіп қоймай, басынан кешірген өмірін білуге де ынтық болғандықтан, білгенімізше бала күннен бергі өмірін қысқаша кылып айтып өтпекшіміз.

Ақаң 1873 жылы Торғай үйезінде Тосын болысында туған. Сүйегі Арғын, оның ішінде Үмбетей болады. Бергідегі аталары Шошақ, Түбек. Ақаң Шошақтың немересі, өз әкесінің аты Байтұрсын. Ақаңның туып өскен ауылы, қыр қазағының ұғымынша, ол кездегі Үмбетейдегі іргелі аталы ауылдың бірі болған. Оның үстіне белгілі батырдың тұқымы болғандықтан, Ақаңның жақындарының ішінен батырлықты, мықтылықты салт қылған ірі мінезді адамдар көбірек шыққан.

Ақаңның әкесі Байтұрсын баласын өзге ағайындары түскен жолға түсірмей өнер, білім үйретбекші болып, жас күнін де Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ школына берген. Сол школда оқып жүріп, 13-ке келгенде, әкесі Байтұрсын хукімет алдында «жазықты» кісі болып, Сібірге айдалып кеткен.

Мұның себебі, Тосын болысының сайлауына шыққан Торғайдың Торғай үйезі начальнигі «Кәрі ояз» (Яковлев) Үмбетейге бұрыннан көптігін көрсетіп, зорлық қылып жүрген Дәуітбай тобына болысып, соның сөзін қостап, бұларға қиянат қылғандықтан, Байтұрсын Кәрі оязды сабап, басын жарған. Байтұрсынның айдалған себебі осы. Бұл оқиға Ақаңның соңғы кездегі «Анама хат» деген өлеңінде бала күніндегі жүрегіне қандай әсер бергендігін көрсетеді.

Оқ тиіп он үшімде, ой түсіріп,

Бітпеген жүрегімде бар бір жарам

- дегені сол күндегі әкесі көрген бейнеттен қалған белгісі.

Торғайда алғашқы түскен школын жастай бітірген соң, тағы ілгері оқуды талап қылып, Ахмет Орынбордағы учительдік школына түскен. Әуелгі школында да һәм соңғы Орынбор школында да, сабақтас балаларының ішінде алды болып, сабақты жақсы оқыған. Учительдік школды 4 жыл оқып, 19-ға келгенде, 1892 жылы оны бітірген. Ақаңның тәртіпті мектептен алған барлық оқуы осы. Оқу бітірген соң, әуелде мақсат қылған жолмен ел ортасына барып, қазақ балаларын оқытпақ ниетімен, Ақтөбе үйезі Батпақты болысындағы Ахметкерей Қопсыбақовтардың ауылынай школға барып, оқытушы болған. Мұнда біраз уақыт болған соң, Қостанай үйезінде Әулие көл деген жерде болыстық школында екінші рет оқытушы болған. Әулие көлден үшінші рет ауысып барған школы Қостанай қаласының үйездік екі сыныптық орыс-қазақ школы. Бұл айтылған үш школда неше жылдап тұрғаны бізге белгісіз. Жиыны үшеуінде 4 жыл тұрып, 1896 жылы Омбыда Ақмола, Семей школдарын басқарып тұрған Алекторовпен хабарласып, Омбыға барған.

Ақаңның Қостанайдан кетуіндегі себептерінің көбі бізге белгісіз. Кетуінің бір себебі, қазақтың басқа жерлердегі хал-жайын көруі болса керек. Омбыға барып, Алекторовпен көрісуі Ақаңның кейінгі күндері адамшылығы мен ісіне екі түрлі әсер берген. Біреуі Алекторовтың қазақ турасындағы отаршылдық саясатының басын біліп, көздеп жүрген мақсатын сезген болар. Атақты Ильминскийдің жолымен қазақтың көзін ашу үшін, осы оқу керек деген саясатты ұсынып жүргендігін сөздерімен білдірген. Алекторовтың ниетімен жақын келіп танысқан соң, Ахмет қазақ халқының халінің ауырлығын ұғып, ел турасындағы түкпірлі ойы сол кезде ояна бастанған.

Алекторовпен танысудың екінші әсері Ақаңның жолы ашылып, пікірі ашылып, бұрынғы білім, өнер жүзіндегі шала бүлініп, көмесілеу түсініп

жүрген нәрселерін таза білуіне себеп болған. Омбыдан соң, аз уақыт тұрған жері Қарқаралы. Онда 1896 жылдан бастап 1907 жылға дейін тұрған. Қарқаралыда әуелде сыныптық орыс-қазақ школында болып, артынан городской училищесінің оқытушысы болған.

Қарақаралыда тұрғандағы соңғы 4 жыл Ақаңның саясат ісіне белсеніп кірісіп, жазуымен де, ісімен де бой көрсеткен кезі. Сол мезгілде 1905 жылдың өзгерісі болған. Қазақтың Мәскеуден келген бірен-саран студенті, басқа қалаларда оқып жүрген жастары һәм ескіліктен келе жатқан пікірі түзу үлкендерінің арасына өзгеріс рухы жайылып, қазақтың елдігін сөйлей бастаған кездері сол мезгіл болатын.

1905 жылы Қарқаралыда Ақаңмен басқа біраз оқығандар бас қосып, тілдік хукіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жіберілген. Ол петицияда аталған үлкен сөздер: 1) Жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған. 2) Қазақ жұртына земство сұраған. 3) Отаршылдардан орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін, ол күннің құралы барлық мұсылман қосылуына болғандықтан, қазақ жұртын муфтиге қарату сұраған. Петициядағы тілек қылған ірі мәселелер осы. Ол күндегі ой ойлаған қазақ баласының дертті мәселесі осылар болғандықтан, Ақаңның бастаған іске қыр қазағының тілеулес кісілері көп шыққан, көпшіліктің оянуына себепші болған.

Сол жылдардан кейін бас қосқан жиында, жазысқан хатта, оңашада болған әңгімеде ел қамы, ел мұңы деген сөздер Ақаңның аузынан кетпейтін сөз болған. Елшілдік ұранын салып, агитацияның ауданын кеңейтіп, ел ішіне арманды сөздерін жая бастаған. Сол жылдардың ішінде белгілі «Қырық мысал» жазылған. Қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөз «Қырық мысал» болатын. Бұдан кейін Ақаңның атағы жайылып, елдің шын қамқоры екендігі екіншісі біріне мәлім бола бастаған. Бірақ, сол кезде төңкерістің күні бітіп, патшаның жауыз хукіметі қайта күшейіп, елшілдерге қуғын жасап, қысымшылық жасайтын қанды күндер қайта туған. Қазақ ежелден елді ұмытып, адамшылық қарызын шенді-шекпенге сатқан, құзғын сияқты өзімшіл, надан болыстары бірен-сарандап бас көтерген. Қараңғы үйде бейнәт қылған сабаздарға жем айыратын жер табылған. Олар «Қырық мысалдың» өлеңдерін перевод қылып, 1905 жылдары петиция берген адамның бәрінің атын жиып, үстерінен белгілі даностарын жүргізе бастаған. Бұлардың бейнеті көпке созылмай-ақ, аз күнде еңбегі жанған. Қазақтың өзгеріс уақытында түзелуді ойлап, тура бетпен жүрген азаматтарының бәрі де хукіметтің қырын қабағына ілініп, абақтыға түсе бастаған.

Сол доностың арқасында 1907 жылы Қарқаралы қаласында Ақаңды алты жолдасымен абақтыға салған. Қарқаралы тұтқынында аз уақыт отырған соң, жазалыларды Семейге айдаған. 12 жыл өмірін өткізіп, еңбегі жанбай, айдалып бара жатқанда, Ақаңның қайғылы көңілінен шыққан ауыр сөзінің бірі:

*Хош сау бол, Қарқаралы жуылмаған,
Айдай бер, қалса адамың қуылмаған –*

деген өлеңінен анық көрінеді. Семейде 8 ай абақтыда отырған соң, бір жарым жылға айдалу ретінде Орынборға келген. Орынборда сол тұрған жылдарында әуелгі ниет қылған бетінен тайынбай, бұрынғыдан ашығырақ, күштірек түрімен «Масаны» жазған. Қазақ оқушысына естілген екінші елшілдік ұраны «Маса» болатын.

Бұл кітабы шыққан кезде Уфадағы «Ғалияда» оқып жүрген қазақ шәкірттері тырбанып, талап қылып, қазақша газет шығармақшы болған. Керекті қаржыны елден жиып, өз орталарынан бастырушы қылып Мұстафа Оразаевты, газеттеріне шығарушы болуға Ақанды белгілеген.

Қазақтың ол кездегі ерте оянған тобының бірі «Ғалия» шәкірттері еді. Солардың талабымен, кейінгі уақытта атақты болған «Қазақ» газетіне алғашқы негіз салынған. Ақаң шығарушы болып, «Ғалия» шәкірттері көмекші жазушылары болып, Орынбордағы орыс школында оқып жүрген барлық қазақ баласы басқарманың қара жұмысшылары болып, көптеп-көмектеп алғашқы сандарын шығара бастады. Артынан «Қазақ» нығайып, өзін-өзі алып жүріп кетті.

Он жетіншінің төңкерісіне дейін Ақаңның уақыты «Қазақ» газетімен бірге өтті. Бұнда да қазақтың сатылған тілмаштары жасаған доностары аз болған жоқ. Әлденеше рет «Қазақты» жаппақ болған, штраф төлеткен, Ақаңды абақтыға салмақ болған күндер бізге белгілі. Бірақ, Ақаңның денсаулығын ойлап, хәлін ұққан жолдастары абақтыға жатқызған жоқ. Үкіметтің тілеген штрафын беріп босатып алды.

1917 жылдың төңкерісінен бері Ақаңның істеп жүрген қызметі, жазып жүрген кітаптары, жұрттың көбіне белгілі болғандықтан, одан бергі жайларын көп жазбақшы емеспін.

Осы күнде Ақаң Орынборда.

Басынан кешкен толқынды күндер сақал шашына ерте күннен-ақ ақ кіргізіп, бетіне әжім түсірсе де, әзірше дені сау, жас күнінен көңілі сүйген қызметі болғандықтан, Орынбордағы қазақ институтының һәм басқа қазақ баласы оқыған мектептердің оқытушысы болып жүр. Мектептен босаған уақытта қазақ мектептеріне керекті кітаптар жазады.

Бұрынғы оқушыларға белгілі «Тіл құралы», «Оқу құралдарынан» басқа, соңғы жылдарда «Әліппе астарын» һәм қазақша жазған, бұл соңғы кітабы осы күнде Орынборда басылып жатыр. Жаңадан алған хабарға қарағанда, былтырдан жазып жүрген «Мәдениет тарихы» деген кітабын осы күнде бітіріпті. Жақында ол да басылып шықса керек. Ақаң соңғы жылдардағы уақытының бәрін қазақтың мектебіне сарп қылып, істеген ісі де, жазған жазуы да жалғыз соған арналған. Сондықтан, бұрынғы уақыттағы жас буынның әлсіз ойын тербеткен, жүрекке жылы, тәтті өлеңдерін соңғы жылдарда есіте алмай жүрміз.

Бірақ, Ақаңның бұрынғы айтқан сөзін әлі қазақ баласы ұмытқан жоқ, елеңіндегі белгілі сарын әлі ұмытылған жоқ. Әлі күнге қазақ даласының күшті сарыны болып, Арқаның қоңыр желімен бірге есіп шалқып жатыр. Бұдан он-он бес жыл бұрын:

Алаштың үмбетінің бәрі мәлім,

Кім қалды таразыда тартылмаған, -

деп Ақаң айтса, біз де осы күнде соны айтамыз. Айналып келіп таразыға тартылған, сыннан өткен деп, Ақаңның ғана ардақты атын айтамыз. Одан басқа жалпақ елдің сынына толып, мейірін қаңдырған кісілер санаулы.

Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған елшілдік ұран «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын.

Оны жұрттың бәрі де біледі. Бұның шындығына ешкім де дауласпайды.

Сондықтан, 50 жылдық тойын істеп отырған қуанышты күнде Ақана біздің айтатын сөзіміз: Ақаң-еңбегі жанған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі-артынан келе жатқан жастар. Оның арты Ақаң мектебіне тізіліп кіріп жатқан жас буын. Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ақаңды өзінің басшысы деп санайды.

Қаламынан тамған бал ем болудан айнымайды. Әліде болса, өмірінің ұзақ болып, еңбегінің өнімді болуын тілеуден қазақ баласы қайтпайды.

Мұхтар Әуезов.

Оқу жұмыстары жұртшылықтан туып, жұртшылыққа құрал болуы тиіс

Алдымыздағы осы февральдің 15-де оқу жетісі басталмақ. Сол жетінің ішінде Түркістан мемлекетінде халық ағарту жұмысы қолға алынып хәм оның мұнан бұлай алаңсыз уайымсыз ілгері басып кетуіне жол салсақ, бұл жеті хүкімет кеңселерінің, әлеумет ұйымдарының және жалпы жұрттың да назарын оқу жұмысына салып, халық ағарту майданына күш аударуға бас болмақ. Бұл жетілік жаңадан халық ағарту жөнін іздеп, мектептерді қандай қылып жасаймыз деп, кеңесу үшін істеліп отырған жоқ. Халық ағарту жұмысының қаражат жағынан кемшілігін жою үшін, бұрын салынған жолдардың ашылған мектептердің салық алдында ықтиярын күшейту үшін істеліп отыр. Бұл айтылғандар халық ағарту жұмысы бұрыннан бастаулы оқу үйлері, мектептері бар жұрттарға дұрыс келеді. Қырғыз-қазақ арасынан басқа хәм ауылда істелмесе, бұл айтылғандардың іске асатын, жұмсалатын өзі болмай қалатын, мектеп салу жөніндегі міндеттер көлденең тұр.

Екінші түрде айтқанда, қырғыз-қазақтың алдында тұрғандар бар. Мектептерге жәрдем ғана жию емес, көбейтіп, керегіне мектеп ашып, мектептердің жол-жобасын дайындап, қырғыз-қазақ жұртында осындай бар деп айтарлық әрі орнаған бір мектеп жоқ деп, қоймай естіп келеміз. Ояздық жерлерде қалқайып, қырғыз-қазақ мектебі аталып тұрған оқу орындары көп болса да, дұрыс бір мектебі жоқ. Мектеп керек дегеннен тана алмаймыз.

Мектеп деген жалпы жұрттың керек қылуымен, көпшіліктің жалпы халіне керекті түрде, жұртшылықтың жалпы талабының екпіні болуы керек. Мектепте оқу жұмысы, тіршілік шарқы шаруа талабының қамына лайық болуы керек. Мектептің негізі бастауыш мектеп ана тілінде оқытылуы керек һәм тәрбие жолының түрлі әдістері ана тілінде түсінікті түрде іске асырылуы керек.

Һәм бұл айтылғандар іске асу үшін жарамды, міндетін білетін мұғалімдер керек, жеткілікті оқу құралдары, тәрбие аспаптары керек. Осы айтылғандар бар болғанда ғана, мектеп бар деуге болады. Қырғыз-қазақ арасында бұл айтылғандар түгел жоқ.

Сондықтан, мектеп деп жүргеніміз басқаларға еліктеп, бізде де бар деп көңіл жұбатуға ашылған құр орындар. Әлі жұрттың шаруа талабы анықталып, тұрмыс түрі орныққан жоқ. Жұртшылық жоқ, жұртшылықтың қажеті айқындалған жоқ, мектеп жоқ һәм ауыл мектебі болуға жұрт жатыққан жоқ. Сондықтан, оқу жұмысында жүргендер де, жұрт атынан сөйлеуші жұрт адамымыз дегендер де, оқу туралы әркім ойына келгенін айтып жүр.

Біреулер ұлт мектебі керек дейді, біреулер орыс тілінде оқытатын мектеп керек дейді. Біреулер ешнәрсе деп үн шығармастан, сарт тілінде мектеп ашып, «шондақ» деп іс білдіріп жатыр. Барлығына көніп, барлығының тәртібіне төтеп беріп, жетегіне желе басып еріп, өз талабы жоқ болса да, онысын әлі анық сезіп жеткен жұрт жоқ.

Көбінесе оқу туралы ойлаушылардың, сөйлеушілердің осы күнде айнала айтып жоқтайтыны, ескі қалып болып бара атыр. Орысша мұсылманша мектептерді қайта ашу, орыс тілінде оқытуға қайта түсу керек. Бұрынғымыздан айырылып қалдық деген сөзді екінің бірінен естиміз. Қырғыз-қазақта орысша оқығандар көбірек, орыс тілінде оқытатын орыс мектептері бір заманда жұрттың оқуы керек қылған талабының барып тұрғаны болған. Бір ай орысша оқығандар қанша көп болса да, жұрт емес һәм орыс тілін керек қылған заман сазы, ел билеу қажеті болған жалпы жұрттың талабы емес һәм осы күнге дейін анықталмаған. Ол күнде ұстағанның қолында, тістегеннің аузында жүрген қырғыз-қазақ жұрты тілмаштардың жетегінде сөз бұйда болып, әуреленген, патша хүкіметіне тілмаш керек болған. Ел билеу үшін тілмаштарға орысша білу керек. Шен алу үшін, мал табу үшін, басқа түк талап болмаған. Сондықтан,

оқу жолында ескіні жоқтау иә аңғырт надандық, иә жұртты ұмытып, ескі қалыппен адасқандық, иә әдейі қара басымшылықты сақтағандық, қырғыз-қазақ арасына мектеп мәдениеті, кітап мәдениеті әлі орнаған жоқ. Орнаған жерлерде (әсіресе Сырдария облысында) иә сартша, иә орысша, қырғыз-қазақтың ұлттық бет аузы жоқ. Сондықтан қара сөзін қазақ иә қырғызша айтып отырып, көп мырзалар қолына қалам ұстаса болғаны, «шондақа» жыны ұстайды.

Ең әуелі жұртшылық жағынан, жалпы жұрттың көңілі ағарып, көзі ашылу жағына келсек, қырғыз-қазақ халқы бірден сарт, иә бірден орыс болып кете алмайды һәм болуының да ешкімге керегі жоқ. Қырғыз-қазақтың өзіне ұлтшылығын, жұртшылығын сақтау әр жағынан керек.

Сондықтан, жалпы оқу, жақсы тәрбие, жұрт мектебі жұртшылық талабы ұлт мектебі болу керек һәм ұлт тілінде, қырғыз-қазақтың ана тілінде болуы керек.

Екінші, тіл мәселесінің түп мәнісін тексерсек, жат тіл жолдан қалдырмақ. Тәрбие толық болу үшін бір тілде жөндеп ойлап, жөндеп сөйлей білу жекілікті. Тілді көп білу оқымыстылықтың, тәрбиеліліктің, ақылдылықтың белгісі емес. Тілді мәдениет құралы қыла алып, тіл арқылы тәрбие тауып, ойы тереңдеп, көңілі ағарып, көзі ашылған есепке алынады.

Ондай тәрбие тілі қырғыз-қазақтың жалпысына өз ана тілі. Ондай орын қырғыз-қазақ халқының ұлт мектептері. Жат тілге құмарлық, жат жұрттың бастауыш мектебін өзіндікі деп санай беру, бірінші, жұрттың көпшілігін оқудан, көңілі ағарудан қалдырмақ, екінші көп жұртшылықтың жойылуына һәм еш уақытта болмауына себеп болмақ, үшінші, тәрбие жолына оқуды жеңіл қылу ережелеріне қарсы. Сондықтан, кезектегі жұмыстың үлкені ұлт тілінде жұрт мектептерін жасау жұртшылыққа жол салу, жұртшылық талабына жарасты қылып оқу жұмысын жүргізу.

Тоқтыбаев.

Кеңсе ісі жергілікті халық тілінде болады

Болыс, қыстақтарда кеңсе ісін жергілікті халық тілінде жүргізу үшін үйез атқару комитеті мұсылмандардан хатшы тағайындады. Мұнан бұлай үйез атқару комитетіне келетін арыздар һәм басқа түрлі қағаздар кіл жергілікті халықтың тілінде жазылуы тиіс.

«САНА» ЖУРНАЛЫ

(1923–1924)

«Сана» журналының 1923 жылдың қаңтар айынан 1924 жылдың қарашасына дейін небәрі 3 нөмірі жарық көреді. Түркістан қазақ білім комиссиясының «екі айда бір шығып тұратын тәрбие, білім, әдеби мақалалар жинағы» болған «Сана» Ташкент қаласында шығып тұрды. Бас редакторы – қазақ-қырғыз білім комиссиясының төрағасы Халел Досмұхамедов. «Сананың» бағыты мен мақсаты жайында: «Заманымыз мәдениет заманы, мәдениетке білім жеткізеді: Білім оңайлықпен қолға түспейді. Білім алуға көп еңбек, асқан сабырлылық керек. «Сананы» шығарғандағы мақсатымыз аз да болса, кемшіліктерімізді жойып, елге, мұғалімдерге, жасөспірім шәкірттерге түсінікті сөз беру. Бұл өте ауыр жұмыс. Дегенмен, кіріспеске амал жоқ», – деп жазады журналдың алғашқы нөмерінде бас редактор.

Оқу-ағарту, білім беру саласына бағытталған журналды шығаруға Г.Жансүгіров, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Ә.Диваев, М.Тынышпаев, Қ.Кемеңгеров, М.Жұмабаев секілді алаштың азаматтары қатысты.

«Сана» журналының беттерінде халықты білім мен мәдениетке жетелейтін мақалалар, ғылымның түрлі салаларына арналған танымдық дүниелер жарияланып тұрды. Жалпы білім беретін мектептерге енетін пәндер мен олардың жоспарлары басылды, арнайы оқу бағдарламалары мен ұрпақ тәрбиесі, білім берудің ұлттық сипаты сөз болды. Сондай-ақ, қазақ халқының тарихындағы хандар мен би-шешендер, сал-серілердің өмірінен сыр шертетін жазбалар мен халық ауыз әдебиетінің озық үлгілерін де көруге болады.

Қазақ халқын озық мәдениетке жетелеу жолында ізденген «Сананың» басты ұстанымы – елді оқу оқып, білім-ғылым мен өнер үйренуге шақыру. Білім беру саласын бір тәртіпке келтіріп, жүйелеуге ұмтылды.

Кеңестік билік тарапынан «Саясат» бөлімі болмағандықтан, сол күннің, сол таңның көкейкесті элеуметтік, саяси мәселелерін көтеріп, жаңаны насихаттамағаны және ескіні, өткенді сөз еткені үшін» деген айып тағылып, журнал 1924 жылдың қараша айында жабылады.



Қазақ-қырғыз білім комиссиясынан

Заманымыз мәдениет заманы. Мәдениетке білім жеткізеді. Білім оңайлықпен қолға түспейді. Білім алуға көп еңбек, аса сабыр керек. «Сарғайған жетер мұратқа» деп атамыз айтқан. Білім мысқалдап кіреді. Білімді болу үшін көп сарғаю керек. «Еңбек етсең емерсің». Еңбек қылмай білім жоқ. Еңбексіз ағартып, тезден елді мәдениетті қыламын деген ой – ауысқандық.

Мәдениетті боламыз десек, жолымызды дұрыстап түзеп алып, бетімізді бір бағытқа салып, азық-түлігімізді түгендеп, ұзақ сапарға шығу керек. Асықпаған арбамен қоянға жетеді. Анау бәлен болды, мынау түген болды деген күншілдікті де қою керек. Күншілдік мұрат емес. Тайлының аттыға еріп, таңы айырылады. «Аяз әліңді біл, құмырсқа жолыңды білді» естен шығармай, айқайламай, шуламай, білімді болып, мәдениетке жетудің жолына анық белді байлау керек.

Білім алудың жолы көп. Жолдың ішінде ең төтесі – жақсы мектеп, білімді мұғалім. Мұнан қалса, ел ішіне көпке түсінікті болып жазылған білім кітаптары. Мектеп жақсы болу үшін құралдары түгел, саймандары жеткілікті болуы шарт. Құралды-сайманды түгіл, құралсыз да бізде мектеп жоқ. Сондықтан мектеп түзеу – біздің бірінші жұмысымыз.

Білімді мұғалім бізде тағы жоқ. Мұғалімдеріміздің шала-шарпы білімі бар.

Бұлардың көбі ел ішінде бір-екі жыл тұрса осы шала-шарпысынан да айырылып қалады. Себебі, оқитын кітабы жоқ, қасында сөз айтатын білімді кісі жоқ, алыстан барып білімін толтыруға өзінің және халы жоқ.

Ауруын жасырған жазылмайды. Мектеп пен мұғаліміміздің нашар екендігін ашық айтып, анық түсіну керек. Нашарға жәрдем беріп, жоқты бар қылу бәріміздің міндетіміз. Мұны ұмытпасқа керек.

Жұртымыздың сөзге әуестігі бәрімізге мәлім. Біздің жұрт сөз айтпай, сөз тындамай отыра алмайды. Бұрынғы заманда жұрттың айтатыны, тындайтыны өзінің ата сөздері еді. Ертегі, жұмбақ, өлең, толғау, терме, жыр, такпақ, айтыс, жылау, жоқтау, түрлі тарихи әңгімелерді бұрынғы уақытта екі кісінің бірі сөйлейтін. Елдің салты, тіршіліктің қалпы өзгерген сайын сөз айтушылардың саны азайып, сапасы кеміді.

Ел ішіне молдалар мен жерге жазу-сызу білетіндер пайда болды. Ел жазба сөзге мұқтаждана бастады. Бұл мұқтаждық дін кітабын оқу, ағайын түріктердің кітаптарын оқуды туғызды. Пайдакүнем саудагерлерге жұрттың өз сөзін түрлі шатастырып бастырып, кітап қылып сатуға жол берді. Қазанда басылған киссалар шықты. Арабтың «Мың бір түн» секілді ми кептіретін ертегілерінен алынған сөздер жайыла бастады.

Елдің мұндай мұқтаждығы ескерілмеді. Ой жағынан, ел жағынан пайда беретін кітаптар тарату саналының қолынан келмеді. Санасыздың

ойына келмеді. Сонымен төңкеріске жеттік. Бұл туралы төңкеріс те айтарлық ештеңе бермеді. Түрлі себептерден ауыз сөз айтушылар ел ішінде құрыды, дін кітаптары да, қазірде киссалар да бітті. Бірақ бұлардың орнына лайықты нәрселер тумады.

Төңкерістің алғашқы кезінде баспасөздің төтенше екпінді жұмыстары болды, бұрылуға еркі болмады.

Осы күні жұмысты нықтап, негізді қылып істейтін заман туды. Халық ағарту жұмысы алға қойылды. Баспасөз надандықпен күреске салынды. Жайымыз бұлай болған соң баспасөзді елге жақындату, түсінікті қылу мәдениет жолындағы ауыр жұмыстың бірі болып шығып тұр.

«Сананы» шығарғандағы мақсатымыз – аз да болса жоғарғы айтылған кемшіліктерді жойып, аңсаған елге, алақтаған мұғалімдерге, жасөспірім шәкірттерге түсінікті сөз беру. Бұл өте ауыр жұмыс. Дегенмен де кіріспеске амал жоқ. Заман тоқтамайды, гулеп өтіп барады.

Журнал шығарғанда біздің ұстайтын жолымыз мынау:

1. Ең негізінен бастап әр пәндерден түсінікті қылып жалпы білім беру: 1) ғылым-қисап (математика); 2) физика, химия туралы түрлі мағлұматтар беру; 3) дүниенің жаралу түзілісімен, аспандағы жұлдыздармен, жердегі болатын жауын-шашын секілді өзгерістермен таныстыру; 4) жануарлармен, жер жүзіндегі ағаш-шөп секілді өсімдіктермен, тас-топырақпен таныстыру, жердің қалай жаралғанын, неден түзілгенін білдіру; 5) бұрынғы өткен халықтармен, олардың мәдениетімен, салтымен таныстыру.

Бұрынғыдан қалған тамтықтарды қалай іздеу жайында, қалай пайдалану туралы баяндама беру; 6) қай жұртта қандай шаруа бар, қандай заң бар, қандай тұрмыс-тіршілік бар – сонымен таныстыру; 7) жер жүзіндегі елдермен, жерлермен таныстыру, 8) санақ туралы баяндама беру, жер жүзіндегі елдердің түсінің, өлімінің, оқу үйінің, сауатсыздығының, түрлі қажетіне жұмсайтын бұйымдарының санағын беру; 9) адамның, малдың аурулары, саулық сақтау туралы мағлұмат беру; 10) қаріп тізу, баспахана түзу, кітап бастыру, сурет туралы мағлұмат беру.

2. Қазақ-қырғыз жұртының тарихымен, салт-әдетімен, тұрған жерімен таныстыру. «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деген мақал бар.

Өз еліміздің өткен-кеткені, басынан кешкен дәуірлері, бұрынғы осы күнгі мекендері туралы қолдан келгенінше толық мағлұмат беру. Ата-бабаларымыздың істерімен танысып, еткен жаңылыстарына күйініп, жақсылықтарына сүйініп, ғибрат алмақ адамға сана береді.

3. Қазақ-қырғыз жұртының тілімен, әдебиетімен жақсы таныстыру. Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел – ел болмайды. Мәдениетке ұмтылған жұрттың алдымен тілі өзгермекші, тілі бұзылмақшы. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт. Тамырды бұзбай ұстарту шарттарын қарастыру, жұрт әдебиетінен, көркем әдебиеттен үлгілер көрсетіп, өрнекті түрлерімен таныстыру.

4. Білім таратып, елдің қолын мәдениетке жеткізетін – мектеп. Сондықтан мектептің тарихы, түрлері, түзілісі, оқу-оқыту реттері, мұғалімдердің, шәкірттердің күй-жайы туралы, оқу құралдары, кітаптары туралы толық баяндама беріп тұру.

5. Адамның табиғатындағы бір мінезі – ойын-сауық қылып, қызықтар көру. Ойнамайтын адам жоқ, күлмеген адам – адам емес. Ойын-сауықтың пайдалысы да, зияндысы да көп. Салтымызға, тұрмысымызға қарай түзелген елімізде көп ойындар бар. Бұларды менсінбей ұмытып барамыз. Бұл жарамайды. Біздің кейбір ойындарымызға Еуропа таңданарлық.

«Сананың» бір міндеті – өз еліміздегі және бөтен елдердегі ойындармен оқушыларды таныстыру.

6. Бұл дүниеде адам баласы таңданатын іс қылып өткен адамдар бар. Бұл адамдардың аттары атадан балаға ұмытылмай келе жатыр. Түрлі данышпандар, шешендер, шеберлер, батырлар, ақындар, билер тағы басқалар көп өткен.

Осындай адамдар өзіміздің қазақ-қырғыз арасында аз болмаған.

Өз жұртына жұмыс қылып, еңбек сіңірген адамдарды қадірлеу елдіктің белгісі. Сондықтан ең алдымен өз жұртымызда болған, сонан соң шет елдерде болған адамдармен таныстыру.

7. «Санада» «Мәдениет майданы» деген бір бөлім бар. Бұл бөлімде елдің мәдениеті, бұл туралы істелінген істі, үлгілі мектеп-медреселердің күй-жайын, мәдениет, білім ұйымдарының тіршілігін, үкіметтің мәдениет, білім туралы бұйрық-жарлықтары, тағы сондай басқа нәрселер жазылып тұрмақшы.

8. Қазақ-қырғыз тілінде, я қазақ-қырғыз туралы бөтен тілде шыққан кітаптарды тізіп тұрмақшымыз. Және де бұлар туралы сын беріп тұрмақшымыз.

Жоғарғы көрсетілген жолмен «Сананың» әрбір санында сыйғанынша, қолдан келгенінше мағлұмат беріліп тұрмақшы. Көңіл шабады, жүрек талпынады. Бірақ қолда қуат кем, жәрдем беретін, көмек қылатын кісі аз. Қанат-құйрық болмай, сүйеуші біреу болмай жұмыс көркеймейді. Сондықтан білімі бар саналы азаматтарға, әсіресе, мұғалімдерге жәрдемші болып сүйендер деген өтініш айтамыз. Ақшамен болсын, жазумен болсын жәрдем беріңіз.

Жазушыларға ескертетін нәрсе мынау: әрі болса қара халық үшін, бері болса ауыл мектептеріндегі мұғалімдер түсінетін сөздер жазуға, жазған сөздерің қойыртпақ болмай, таза татымды болсын. Сырты бар, іші жоқ құр тізілген қаріптің керегі жоқ. Әрбір жазылған сөздің журналымызға лайық мағынасы болсын. Кем мағынаға өза жайылып, кең сөйлеудің керегі жоқ.

«Сана» шындығында журнал емес, бөлек басылып шықпайтын уақ білім сөздерінің жиынтығы. Оқу кітабын жазу ұзаққа созылатын қиын

жұмыс. Оны жиі шығарып тұру қолымыздан келмегендіктен білім беретін уақ сөздерді жиып, журнал ретінде шығарып тұруды ойладық. Журналымыз екі айда бір шығып, жылына алты кітап болып шығып тұрмақшы.

«Сананың» бірінші саны нағыз ойлағандай болмады. Біраз кемдіктері бар. Бұған бірінші себеп – істің жаңалығы, бұрынғыдан үлгі болмағандығы. Екінші себеп мынау болды – көп адам сөз жазбақшы болып уәде берсе де бірқатары уәдесінде тұрмады, бірқатары журналға лайықты сөз жаза алмады. Журналымызға сөз жазған кісілердің бірен-сараны болмаса ақы алғаны жоқ. Білім кеңесінің берген ақшасы журналдың техника жұмыстарынан артқан жоқ. Халық ағарту комиссарлығының жарлығын ойға алсақ болашақта ақша мол болады деген үміт аз. Бұл оқушы мен жазушының есінде болсын. Еңбегін сатпай, халық үшін бос қызмет қылған азаматтарға жарылқасын айтамыз.

*Қазақ-қырғыз білім комиссиясының төрағасы
Халел Досмұхамедов*

Емле туралы

Мәдениет қалай ілгері басады һәм мәдениет ілгері басу үшін не керек? Бұған жауап 1) ең әуелі бір білгіш кісі білімнің бір тарауын тудырады. Бірақ ол кісі білімнің ол тарауын біржолата түпкілікті түзететіні жоқ. Дұрыс қылып һәм енді қосатын ештеңе қалдырмай толық қылып шығара алмайды. Ол тек бастайды. Оның бастағанын одан соңғылар әркім шамасына қарай түзетеді һәм өсіреді. Сөйтіп, білімнің әрбір тарауы бір кісінің күшімен ғана емес, көп кісінің күшімен көп ғасырлар бойынша істеліп, алға басады. Мәдениет баратын жеріне бір аттағанда барып жетпейді. Мәдениет көп ғасырлар бойынша жұмсалған көп кісінің күшімен бірте-бірте ғана ілгері басады. 2) Мәдениет ілгері басу үшін керек болған шарттардың бірі – ғылым жолында әркімнің тапқанын ескерусіз қалдырмай, тексеріп табылған нәрсе аз да болса, азсынбай қабыл алып жүзеге шығарып, іске асыруға жұрт қам қылу керек.

Бұл айтылғанды дұрыс десек, енді қазақ емлесіне келелік. Қазақ емлесін тудырған Ахмет Байтұрсынов деген кісі білімсіз кісі емес, білімді кісі. Осы уақытқа шейін ескерілмей келген емле мәселесін алдымен қолға алған кісі. Қазақ тілін білетін кісі. Бірақ сонда да Ахмет Байтұрсынов шығарған қазақ емлесінде мін жоқ деп айтуға болмайды. Бұл емленің түзететін де жері жоқ, бұл емлеге қосатын да ештеме жоқ деп айтуға болмайды. Бұл емленің аз-мұз міні һәм ол міндерді қалайша жоюға болатындығы тіл мәселесін ілтипатсыз тастамайтын қазақ

зиялыларының бастары қосыла кеткен жерлерде де әңгіме болып жүр
hәм бірлі-жарымды рет матбуғат жүзінде де болды. Мұндай емле түзету
туралы айтылған hәм жазылған сөздерді кейбіреулер дұрыс тауып,
қолдана бастады. Оқытқан балаларына үйретіп жүр. Жазған кітаптарын
түзетілген емлемен бастырып жатыр. Кейбіреулер бұл түзетулерді
«Ахмет Байтұрсынов мақұлдап, матбуғат жүзінде жарияламай тұрып біз
қабыл алмаймыз. Әрқайсысымыз әр жерде жүріп, бет-бетімізбен емлені
өзгерте берсек қазақтың қолданатын емлесі түрлі-түрлі болып кетеді»
деп жүр. Сөйтіп осы күні қазақтың емлесі түрлі-түрлі болуы ол жұрттың
ілтисіздігін, құнтсыздығын, ауыз бірлігі жоқтығын көрсетеді.
Ілтисіздік, құнтсыздық, ауыз бірлігі жоқтық жұрттың ілгері басқан
аяғын кейін жіберетін нәрселер. Сондықтан мұндай мінездерді тастау
керек.

Әркім әр жерде жүріп үндемей-түндемей өз бетімен емлені өзгерте
беруге де болмайды. Және олай деп емленің міндерін түзетпей, ескерусіз
қалдыра беруге де болмайды. Емленің мінін тапқан кісі, емлені түзету
керек дейтін кісі пікірін матбуғат жүзіне шығарып, жұрттың сынына
салу керек. Онан соң әрбір емле мәселесін керек қылған кісі ол матбуғат
жүзіне шыққан пікірді әбден тексеріп, қатесі болса көрсетіп жазу керек.
Егерде емле түзету туралы жазылған пікірге қарсы жазушы болмаса, ол
пікірді қабыл алып әркім жүзеге шығара беру керек.

Ал енді қазақ емлесінің түзететін қандай жерлері бар hәм оларды
қалай түзету керек, соған келелік. Екі дыбысты Ахмет Байтұрсынов
таңбасыз (қаріпсіз) қалдырды. Ол таңбасыз қалған екі дыбыс «тау» деген
сөздегі соңғы жарты дыбысты «у» hәм «тай» деген сөздегі соңғы жарты
дауысты «й». Жарты дауысты «у» келетін жерде дауысты «ү»-ның қарпі
жазылады. Бұл дұрыс емес. Себебі, әрбір дыбыстың өз алдына бөлек
таңбасы боларға тиіс. «Ауыл» деген сөздің басында естілетін дыбыс
(дауысты у) пен «тау» деген сөздің аяғында естілетін дыбыс (жарты
дауысты у) бір емес hәм «тары» деген сөздің аяғында естілетін дауысты
дыбыс пен «тай» деген сөздің аяғында жарты дауысты дыбыс бір емес.
Бұл дыбыстар әрқайсысы басқа. Басқа дыбыстар болатын болса, олардың
таңбалары да басқа боларға тиіс. Егерде екі дыбысқа бір таңба жарай
береді десек, Б мен П-ның бірін тастау керек, Ж мен Ч-ның бірін тастау
керек, Д мен Т-ның бірін тастау керек. Мұндай тастайтын қаріптер
көбейеді. Егерде бұл дыбыстарға екеуара бір таңбадан десек, дауысты
«у» мен жарты дауысты «у»-ға да hәм дауысты «ы» мен жарты дауысты
«и»-ға да екеуара бір таңбадан арнауымыз ақылға сыймайды. Бүгінге
шейін таңбасыз келген Бұл екі дыбысқа беріп «тау» деген сөздің аяғында
келетін дыбысқа «у» қарпін беру керек. «У» қарпі басқа түрік тілдерінде
hәм осы күнге шейін қазақ тілінде де «в» орнында жүретін еді. Қазақ
тілінде «в» дыбысы жоқ. Басқа тілдерде «в» келетін жерде қазақ орнына

қарай һәм әркім өзінің тілінің икемділігіне қарай я жарты дауысты «у» айтады, я «ф», я «б» айтады. Мәселен, «товар», «Василий», «автомобиль» деген сөздерді қазақ «тауар», «афтомобил», яки «абтомобил», «Бәселей» дейді. Бұл қазақ тілінде «в» дыбысы жоқ екендігін көрсетеді, қазақ тілінде «в» дыбысы жоқ болса, ол жоқ дыбысқа қаріп арнаудың да қажеті жоқ. Егерде бөтен тілдерде бар дыбыстарға да қаріп арнау керек десек, онда қазақ тілінде жоқ болса да, басқа тілдерде бар дыбыстардың бәріне де қаріп арнау керек. Өз тілімізде болмаса да, басқа тілдерде бар дыбыстарға қаріп арнау керек деп ешкім айта қоймас. Олай болатын болса, бұрын «в»-ның орнында босқа тұрған «у» қарпін алып, басқа керекті орынға қою керек. Ол керекті орын жарты дауысты «у». Бұрын «в» орнында жүретін «у» қарпін қазақ тіліндегі жарты дауысты «у»-ға арнауымыздың бір себебі – қарпін жоқ дыбысқа бос тұрған қаріпті алып беру болса, екінші себебі – «В» мен жарты дауысты «у» бір-біріне өте жақын дыбыстар. Бұл дыбыстар бір-біріне өте жақын болғандықтан басқа тілдерде жарты дауысты «у» келетін жерлерде өз тілдерінде ондай дыбыс болмағандықтан орыстар «в» айтады. Мәселен, Валиев, Көкшетау, Ауғуст, Аустралия, Аутономия, Аутор деген сөздерді орыс Валеев, Кокчетов, Август, Австралия, Автономия деп жазады һәм айтады. Осы себептен басқа тілдерде в келетін жерлерде қазақ кейде жарты дауысты «у» айтады. Мәселен, Товар, Самовар, Первый, Васька деген сөздерді қазақ Тауар, Самауар, Пируай, Уэске дейді. Сондықтан (Бұл екі дыбыс бір-біріне өте жақын болғандықтан) басқа тілдерде «в» келетін жерлерде көбіне «у» қарпін жазуға болады. Оны «в» қылып оқыған кісі «в» қылып оқыр, «в» қылып оқымаған кісі жарты дауысты «у» қылып оқыр, одан келер көп зиян жоқ. Қай тілді алсақ та өзінде жоқ дыбыстарды сәл өзгертіп айтады. Мәселен, орыстар өз тілінде жоқ болғандықтан «һ» дыбысын «г» қылып, «ң» дыбысын «к» қылып, жарты дауысты «у»-ды «в» қылып айтады.

Енді «тай» деген сөздің аяғында естілетін жарты дауысты «й»-ға қаріп табу керек. Оған бұрынғы «ы» қарпін беріп, «тары» деген сөздің аяғында естілетін дауысты дыбысқа үтір қойып «й» қарпін алу керек. Сонда бұрын былай жазылатын «таы», «тары» деген сөздер енді былай жазылады: «тай», «тары». Дауысты «й»-дің үстіне үтір қоюымыздың бірінші себебі – таңбасы жоқ дыбысқа таңба тауып беру, екінші себебі – бұл дыбыс кейде «у»-ға жақындайды. «Ы» дыбысы кейде «у»-ға жақындайды деуге екі түрлі дәлел бар: 1) бір сөздің әуелгі буындарының бірінде «у», яки «у» келіп, онан соңғы буындарының бірінде «ы» келсе, ол «й» мен «у»-ға ұқсап кетеді. Мәселен, «тұрсын», «көрсін», «дұрыс». «құрық», «торсық». Сондықтан жұрттың көбі бұл сөздерді былай жазады: «тұрсұн», «көрсұн», «дұрұс», «құрұқ», «торсұқ»; 2) жуан сөздерде келетін «ы» дыбысы орыстың «ы»-сы секілді естіледі. Орыстың «ы»-сы академик

Гроттың айтуынша, «и» мен «у»-дың арасындағы ортақ дыбыс. Егерде бұл қаріп ұнамаса, жарты дауысты «й»-дың төрт түрін де қос ноқатты қылып, дауысты «й»-дың төрт түрін де ноқатсыз қылып алу керек.

Қазақ емлесінің тағы бір түзететін жері – «ы» қарпінің қандай орында жазылып, қандай орында жазылмайтыны туралы қағида. Бұл қағида бойынша ұлт (жұрт), құрт (тамақ), көрік (кісінің көркі), (от жылт ете түсті), сылт (аяғым сылт ете қалды), жорт (жүгір) деген сөздердің естілуі ұлт (итті ұлт), құрт (жоқ қыл), көрік (ұстаның көрігі), жылт (суды жылт), сылт (майын сылт), жорт (түсті жорт) деген сөздердің естілуінен басқа болса да, жазылуы бір. Бұл да емлеге үлкен мін. Бұл мінді де мінеу керек. Соның үшін «й» дыбысы қай жерде естілсе, сол жерде қалмай жазылатын қылу керек. Бұрын «мысық» деп жазылатын сөзді енді ерінбей хәм қағазды да өте аямай «мисық» деп жазу керек. Бұл қағиданың қалуының тағы бір пайдасы – емле үйрену жұрттың көбіне аз да болса оңайланады.

Қандай кемшілігі болса да, бұл қағиданы өзгертуге болмайды десек сийыр, кийын, кийім, бийік, тийын секілді сөздерді жазуды түзету керек. Мұндай сөздерді Ахмет Байтұрсынов өзі ылғи екі «и» мен жазады. «И» қарпінің қандай орында жазылып, қандай орында жазылмайтыны туралы қағидаға қарасақ мұндай сөздер бір ғана «и»мен жазыларға тиіс. Оның бір ғана «и»мен жазылуға тиіс екендігін көрсету үшін осы сөздердің ішінен біреуін, мәселен, сийыр деген сөзді алып тексеріп қарайық. Сийыр деген сөзде екі буын бар: әуелгі буын «си», екінші буын «йыр». «Си» деген буында екі дыбыс бар: «с» хәм дауысты «и». Бұл буын бас буын болғандықтан Бұл буында дауысты «и» жазылмасқа тиіс. Сөйтп, бас буында жазылатын қаріп жалғыз «с». Енді екінші буынға келсек, онда үш дыбыс бар: жарты дауысты «й», дауысты «ы» хәм «р». Бұл буынның бас дыбысы жарты дауысты, соңғы дыбысы дауыссыз. Сондықтан Бұл буын бітеу буын. Бітеу буында дауысты «и» жазылмайды. Олай болса, Бұл буында қалатын (жазылатын) қаріптер: жарты дауысты «й» хәм «р». Бұл буынның естілуі де хәм жазылуы да «ир» деген сөздің соңғы буынының естілуі хәм жазылуы секілді. Енді бұл сөздің бас буынында жазылатын «с»-ны хәм екінші буынында жазылатын жарты дауысты «и» мен «р»-ды бір жерге қоссақ, «сир» болып шығады. Яғни екі «и» емес, бір-ақ «и» болып шығады. Қин, ким, бик, тин, жирма, эил, тилді хәм тағы бірсыпыра сөздер бәрі де осы секілді. Сондықтан мұндай сөздердің бәрін де екі «и»мен емес, бір «и» мен жазу керек.

Соңғы жылдары көп жерлерде арабтың «ص», «ش», «ذ», «ح», «ث», «ع», «ظ», «ط», «ض» қаріптерін қолдануды мүлде қойып, араб, парсы хәм басқа шет тілдерден алынған сөздердің бәрін де Ахмет Байтұрсынов шығарған қазақ әліппесіне кірген қаріптермен қазақ емлесі бойынша жазып жүр. Мәселен, бұрын шарт, мұғалім, сабыр, хажыт, сылтан, һір, казза, аzzан, залым, мисал болып жазылатын сөздер енді шарт, мұғалім,

сабыр, әжет, султан, һәр, қаза, азан, залым, мысал болып жазылып жүр. Және «қаріп», «һәм» секілді сөздер қазақ әліппесіне кірген қаріптермен жазуға келіңкіремейтіндіктен һәм мұндай сөздерді жазғанда керек болатындықтан араб әріптерінен үш қаріп алынып қолданылып жүр. Ол үш әріп: «х», «ф», «һ». Көп жерлерде істеліп жүрген Бұл істі дұрыс деп тану керек. Мұны дұрыс деп тану керек дейтініміз – жұрттың көбі араб, парсы тілдерін білмейді һәм сондықтан араб, парсы тілдерінен алынған сөздер ол тілдердің емлесі бойынша қалай жазылатынын да білмейді. Сол себепті жұрттың көбіне араб, парсы тілдерінен алынған сөздерді дұрыс жазып үйрену өте қиын іс.

Ф.Ф.

***Басқармадан:** Ахмет Байтұрсыновтың зор еңбегімен емлеміз дұрыс бір бет алса да, қозғалмайтын берік негізге ие болды деуге болмайды. Сондықтан мынау көтерілген емле мәселесі туралы емлемізді тексеріп жүрген азаматтар, мұғалімдер, әсіресе, тілімізге негіз салған Ахмет Байтұрсынов өз пікірлерін жазып, журналымызға жіберсе екен.*

1924 жылы июль айының ішінде болып өткен қазақ-қырғыз білімпаздар жиылысының жасаған қаулысы

Емле туралы

Қазақ тілінде 24 дыбыс барлығы тағайындалып, олар үшін мынадай таңбалар (қаріптер) алынды:

- I - дауыстылар: А, О, Ұ, Е, Ы;
- II - жарты дауыстылар: И, У, Р, Л;
- III - дауыссыздар:
 - 1) ұян: М, Н, Ң;
 - 2) ымыралы: Ж,З;
 - 3) ымырасыз: Д, Г, Ф;
 - 4) қатаң: Б, П, Т, С, Ш, Қ, К.

***Ескерту:** сүйеу таяқ «А» қазақ әліппесінен шығарылсын. Сөз басындағы «А» мәнсіз «Е» жазылады. «Ч» орнына «Ш» алынды. Нүктелі «F» орнына нүктесіз «F» алынды. Х, Ф, ь қаріптері қазақ әліппесінің аяғында арабтың басқа қаріптеріне қосылып, тек оқушыларға таныту ретінде ғана жазылсын. Бірақ ол қаріптердің ешбірімен де қазақша ешбір сөз жазылмасқа тиіс.*

Алынған қаріптердің әліппе реті: А, Б, П, Т, Ж, Д, Р, З, С, Ш, Ф, Қ, К, Г, Ң, Л, М, Н, О, Ұ, У, Е, Ы, И.

«Ы» - бітеу буында қалмай жазылсын.

Түбір сөздерде де, жалғау-жұрнақ, жалғаулықтарда да «Б» мен «П»-ның жазылуы тіл құралша болсын.

Бұрын «Д» мен жазылып жүрген жалғау, жіктеу, жұрнақтар («дағы», «дікі») дыбыс жүйесінше жазылсын.

Сөз артынан айтылатын демеулердің түбір мен жалғаудың арасында келетіндері сызықшамен жазылсын да, олай түбір мен жалғаудың арасына түспейтін демеулер («да») бөлек жазылсын.

Үндестік заңына келмейтін жұрнақтармен жалғанған түбір сөздердің дәйекшелері қалмай жазылсын.

Қазақ тіліндегі «сын» мен «сын,» деген жіктеулерден «сын» алынып, «сың» қалдырылсын.

Бұрынғы тіл құралының ережесі бойынша қатты дауысты дыбыстардан кейін сын есімдерде «Т» жазылып, етістіктерде «Д» жазылып отыратын («атты кісі мылтық атты» деген сияқты) естілуінше наман «Т» жазылсын.

Қаріп туралы

Жазу ережелерінен кейін жиылыстың жете тексеріп, қараған мәселесі – қаріп туралы болды. Жиылысқа екі түрлі жоба түсті: бірі – латын қаріптерін алып, бұрыннан тұтынып келе жатқан түркі әліппені жою; екіншісі – түркі әліппенің кемшілігін түзетіп, соның өзін қолдану. Бұ туралы білімпаздар жиылысы мынадай қаулы шығарды:

Қазақ-қырғыз білімпаздарының басын қосқан тобы әліппе түзеу туралы жасалған баяндаманы талқыға салып тексергеннен кейін һәм осы күнгі тұтынып жүрген түрік әліппесін тастап, латын әліппесін аламыз деген пікірдің дұрыс-терісін тексеріп қарағаннан кейін мынау қарарды шығарды:

1) Қазақ тұтынып отырған түркі әліппенің баспа ретінің дара болмауы баспа істеріне де, үйрену жағынан да қолайсыздық қылатын болғандықтан һәм оны түзеу өзге әліппені алудан анағұрлым оңай болғандықтан жазба түрін осы күйінде қалдырып, баспасын дара түрінде алуға;

2) Латын әліппесінің түркі әліппеден артықтығы жалғыз-ақ даралық жағынан болмаса, басқа жағынан қолайсыз, кемшіліктері көп болғандықтан, ол артықтығы да түркі әліппенің баспа түрін дараласак жоғалатын болғандықтан және де латын әліппесін жүргізу жұмысы өте көп іс, көп күш керек қылатын болғандықтан латын әліппесін алу деген сөзді орынсыз деп тануда.

Пән сөздері туралы

Жат сөз қазақтың өз сөзіне ұқсап, қазақ тіліне сіңісіп кететін болу үшін оны қазақ тілінің мынадай заңдарына келтіріп алу керек:

2) Қазақ тілінде үндестік заңы бар. Үндестік заңынан келмейтін сөздердің бәрі де қазақтың өз сөзі емес, қазақ тіліне кіріп кеткен жат сөздер. Үндестік заңынан келмейтін қазақша сөз түрі жалғыз-ақ «нікі», «дікі», «тікімен» жалғанып айтылатын тұр. Сондықтан қазақ тіліне кіргізілген жат сөздердің бәрін де сол заңға келтіріп алу керек. Сөздің ішіндегі дыбыстардың бәрін де бірыңғай жіңішкертіп, я бәрін де жуандатып алу керек.

3) Қазақ тілінде жұмсақ «Ә» сөздің бас буынынан басқа орындарда болмайды. Әсіресе, сөздің соңғы буынында жұмсақ «ә» болмайды. Бұл үндестік заңының салдарымен болған қазақ тілінің айрықша бір қасиеті. Сондықтан бас буыннан басқа буындарда жұмсақ «Ә» бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде «Ә»-ні өзгертіп, я «О», я жуан «А» қылып алу керек («Адабият» – «Әдебиет»),

4) Қазақша сөздерде «О» дыбысы бас буындарда тана болады. Басқа буындарда «О» дыбысы бар. «Бейнетқор», «Қамқор» секілді сөздер - оның аяғында қор деген жат жұрнақ болғаннан ғана болып отыр. Тіліміздің ымырасынша, «О» дыбысы бас буыннан басқа жерде тұра алмайтын болған соң, бас буыннан басқа орындарында «о»-сы бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде «о»-ны басқа бір дауысты дыбысқа айналдырып алу керек (покров – «боқырау»),

5) Қазақша сөздің аяғы «Ғ», «Г», «Д» болып тынбайды, «Қ», «К», «Т» болады. Ондай сөздерге дауысты дыбыспен басталатын жұрнақ, жалғаулар (жіктеулер) қосылып, «Қ», «К»-лер («Т» емес) екі дауысты дыбыстың арасына түссе (олардың алдындағы дыбыстары да дауысты болса) «Ғ», «Г» болып өзгереді. Бірақ «Т» – «Д» болып өзгермейді. Аяғында ондай дыбыстары бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде сөз аяғындағы «Ғ», «Г», «Д»-лауын «Қ», «К», «Т» қылып алу керек. Бұл дыбыстардың алдындағы дыбыстары дауысты болғанда артынан және дауысты дыбыс жалғанса «Қ», «К»-лер «Ғ», «Г» болып өзгертін болып «Т» өзгермей, сол күйінде қалатын болуы керек. Ондай сөздің аяғындағы «Қ», «К»-лердің алдындағы дыбыс дауысты болмаса, ол сөздерге дауысты дыбыспен басталатын жалғау, жұрнақтар жалғанғанда «Қ», «К»-лер өзгермейтін болу керек. Я болмаса сөз аяғындағы «Ғ», «Г», «Д»-лары мүлде жоғалтып жіберу керек (Оренбург – Орынбор).

6) Қазақ тілінің үздіксіздік заңы бар. Қазақша сөздің ішіндегі дауысты дыбыс алдындағы дауыссыздан айрылып (онан кейінгі буынға) шыға алмайды («қарағай» – «қар-ағ-ай» болып үзіліп буындала алмайды). «Мәсіле» секілді үзіліп қалатын сөздер де қазақ тілінде болмайды. Және бір сөздің ішінде арасына дауыссыз, я жарты дауысты дыбыс салмай, екі дауысты дыбыс қатарынан келмейді. Үздіксіздік заңына келмейтін жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде өзгертіп, үздіксіз қылып алу керек («мәсіле» – «мәселе»).

7) Қазақша сөздің екпіні соңғы буында болады. Сондықтан екпіні соңғы буыннан басқа буындарда болған жат сөздерді қазақшаландырғанда екпін соңғы буынға келтіріп алу керек (Самара – Самар, пуховый – бөкебай).

8) Қазақ тілінде өзінде жоқ дыбыстардан тізілген сөздер болмасқа керек. Ішінде жат дыбыстары бар жат сөздерді пән сөзі қылып алғанда оның жат дыбыстарын шығарып тастап, орнына қазақша дыбыс кіргізіп алу керек. Жат дыбыстардың әрқайсысына алдын ала қазақ дыбыс арнап көрсетуге болмайды. Ретіне қарай, мәселен, орысша «В» қазақша «У», «П», «Б» болып өзгеруі мүмкін; «Х» дыбысы қазақша кейде «К» кейде «Қ» болып өзгеріп, кейде мүлде жоғалып кетуі де мүмкін.

9) Қазақ тіліне кірген жат сөздер түбір сөз есебінде алынып, қазақ тілінің заңдары бойынша өзгертін болуға тиіс жат сөзді жат жұрнағымен алуға болмайды. Жұрнағымен кірген сөз болса оның сол жұрнақты түрін түбірге балап алу керек.

Пән сөздері тақырыпты қазақ тілінің Бұл тоғыз түрлі заңы негіз болып алынды.

Жұрт-жұртқа бірдей пән сөздеріне дәлме-дәл қазақша мағына табылса, сол алынады. Қазақтан кейін өзге түрік сөздері аз делінеді. Бұлардан үйлесімді мағына табылмаса, ортақ сөздердің өзі алынады. Қазақ, я өзге түрік сөздерінің мағынасы дәлме-дәл келгендігі шүбәлі болған орындарда екі мағынасы қатар қойылады. Түбінде қолдана келе қайсысы қолайлы болса, сол алынып кететін болады. Пән сөздерін тексеріп алушы, жүзеге асырушы орын бүкіл қазақ-қырғыз үшін біреу ғана болады. Пән сөзін тексерушілер әр пәнге арнаулы сексигелерге бөлініп, сол пәндердің мамандарынан құралады. Бұлар қабылдаған сөздерін талқыға салып, мерзімді бір уақыттың ішінде жариялап, сыннан өткізіп барып қорытындысын білім кеңесіне салып отырады. Білім кеңесі керек деп тапса, пән сөзін тексергенде басқа ұлттардың адамдарын мәжіліске шақырып отырады.

Қазақ-қырғыздың өз тілі болсын, жаңадан алынған пән сөздері болсын реттеліп, тізіліп лұғат кітабы болып шықсын.

Жаңадан жазылған кітаптардың аяғында сол кітапта ұшырасатын пән сөздері тіркеліп отырсын.

Пәмилие туралы

Қазақша жазғанда, сөйлегенде пәмилие артынан «ов», «ев», «ин»-дер келмесін. Оның орнына жай сөйлескенде, жазысқанда әркімнің өз аты аталсын. Кітап сыртына немесе ресми қағаздарда, документтерде әкесінің (ұлы, қызы болып) содан соң өзінің аты қойылсын.

«ТАҢ» ЖУРНАЛЫ

(1925)

«Таң» журналы 1925 жылдың наурыз айынан бастап Семей қаласында шықты. Шығарушылары – Ш.Тоқжігітов, А.Сайдалин, Ш.Жантілеуов, сондай-ақ «Таңның» шығарушыларының бірі ретінде Мұхтар Әуезов те көрсетілген.

«Таң» журналында авторлардың материалдары мазмұнына қарай төмендегі бөлімдерде жарияланды:

«Жалпы саяси бөлім», «Ресми бөлім», «Шаруа бөлімі», «Білім-тәрбие бөлімі», «Әдебиет бөлімі», «Отантану бөлімі».

Журналдың «Ресми бөлімінде» үкіметтің қаулылары мен бұйрық-жарлықтары, заңдар мен ережелер басылды. Басқа бөлімдер аясында ел ішіндегі оқу-ағарту ісі, білім беру, тәлім-тәрбие, тіл мәселесі, саяси-әлеуметтік мәселелер, шаруашылық жайы сөз болды, ғылыми мақалалар және әдеби-мәдени туындылар жарық көрді.

Журналдың негізгі бөлімі – әдебиет бөлімі еді. Бұл бөлімде әсіресе М.Әуезовтің қолтаңбасы айқын байқалады. Абайдың, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың жарық көрмеген өлеңдері, Абайдың ұлы Тұрағұлдың Горькийден аудармалары, Сәбит Дөнентаевтың өлеңдері жарияланды. Қазақтың халық ауыз әдебиеті де көрініс тапты.

1925 жылдың маусым айына дейін 4 саны ғана жарық көрген «Таң» журналы қаражат тапшылығына байланысты шығуын тоқтатады.



Жазу таныту һәм жаздыру әдісі

Сауатсыздықты жою жолында осы жазға (июнь, июль) гүбірнедегі, қырдағы қазақ елінің арасына оқытушылар жіберіліп отыр. Оқытушыларымыздың бәрі дерлік Қарқаралыдағы һәм осы Семейдегі қазақ дәріл мұғалімдерінің (кірпедтехникум) шәкірттері. Бұл шәкірттердің осы жылы техникумды бітіріп шығатындары демалысқа жіберілетіндіктен сауатсыздықты жою қызметіне жегілмейді. Олардан төменгі бөлімдердің шәкірттері оқыту жолындағы әдістерді әлі үйренген жоқ. Оларды қырға жіберу алдында екі жұмадай оқытып, дайындаған болсақ та, қолдарына ұстатып жіберетін нұсқаушы кітаптары болмаған соң, ауыздан естіп ұғынғанның, қарындашпен асығып жазып алғанның ұмытылып, тұтығып қалуы мүмкін. Сондықтан аз болса да жолбасшы көмек ретінде осы мақаланы жазып отырмын.

Әр істің өзіне арнаулы әдісі болады. Әдіссіз істелетін ешнәрсе жоқ. Соның ішінде оқытудың әдісі өзге барлық әдістерден қиын болады. Басқа жұмыстардың көбінің әдісі сыртқы түріне қаралып, сыртқы сезімдермен сыналып істелетін жайда. Ал енді оқыту әдісі ол сыртқы сезімдермен сынап қана жүргізумен толық болып шықпайды.

Оқытатын шәкірттердің жан сипаттарымен танып болып, сол жан сипаттарының тілегіне қарай әдіс қолдану керек.

Мен әр істің өзіне арнаулы әдісі бар дедім. Сол сияқты әр ғылымның да өзіне арнаулы әдісі бар. Мен осы мақаламда жазу таныту һәм жаздыру әдісін ғана көрсетіп өтемін.

Адам баласына жазу үшін ұғыныс жасау арзанға түскен жоқ. Адам баласы жазу танығаннан кейін ғана мәдени жолға қарай адымды кең алды. Әуелгі уақытта жазу дегеннің өзі де әр түрлі сүгіреттермен басталып, ақыл-ой артқан сайын түзеле келіп, қазірдегі түріне жеткен. Жазу таныту һәм жаздыру жөнінде бұл уақытқа шейін әр түрлі әдістер қолданылды. Ғылым-мәдениет артып, ақыл-ой кеңейген сайын жаңа әдістер шығып, жазу таныту һәм жаздыру жолы өте жеңілденіп отыр. Жазу таныту һәм жаздыру жолында өзімізге мәлім болып өткен соңғы уақыттағы әдістерді қарастырып өтсек те арасында тіпті үлкен айырма бар екені айқындалып тұрады. 1907 жылға шейін қазақ арасында жазу таныту һәм жаздыру жолында ылғи ежіктеу әдісімен үйретіліп келді. Одан соң ноғай ағайыннан һәм қазақтың өзінен шыққан оқытушылар (мұғалімдер) арқылы Исмағұл бей Гаспринский бастап шығарған, басқа жаңашылдар қошеметтеген жаңа негіз (усул жәдид) мектебі қазақ арасында аздап көріне бастады.

Бұл мектептің жазу таныту әдісі дауысты дыбыстармен жүргізу болды. Бұл жол жүріп келе жатқанда «дыбыс әдіс» деген бұрынғылардың бәрінен үстем, тәуір әдіс келіп шықты.

Бұл дыбыс – әдіс бойынша ең бірінші қазақ тілінде әліппе һәм нұсқау ретінде баяншы жазып шығарған Ахмет ағай Байтұрсынұлы болды. Қазірде де қолданып отырылған осы дыбыс әдісімен жазылған Ахмет әліппесі.

Бұл әдістердің арасындағы қиындық, оңайлық түрлерін көрсетіп, сындарын жазып отырудың бұл уақытта қажеті де қалған жоқ. Жазу таныту һәм жаздыру жолындағы әдістің ең қолайлысы – соңғы дыбыс әдісі екенін оқытушылар түсініп жеткен. Ол турасында қолданып жүрген құралдары да бар.

Менің осы жолы жазып отырғаным айтылып өтілгендердің бәрінен басқа «бүгін сөз әдісі» деген тәртіп. Бұл бүтін сөз әдісі біздің казак оқытушыларына жат көрінсе де мәдениетті орыс жолдастардың сауатсыздықты бітіру жолында қолдана бастағанына екі жылдан асып кетті. Бұл бүтін сөз әдісі өте-мөте үлкендерді оқытып, сауатсыздығын жоюға аса қолайлы, жақсы, жеңіл деп құрғақ мактай берген сөзге көңіл тұрақтай қоймауы да мүмкін.

Сондықтан бүтін сөз әдісімен оқытудың пайдалы жайындағы ғылыми дәлелдерді көрсетіп өтпекпін.

Ғалымдар оқығанда кісі әр қаріпті көріп бара ма; бір қаріпке, бір сөзге бір сөйлемге оқығанда кететін уақыттар қанша; таныс сөзді оқу мен таныс емес сөзді оқудың арасында қаншалық айырма бар һәм бұлардан басқа да сұрауларға жауап іздеп, көп тәжірибелерді жасаған. Сол тәжірибелердің бірнешеуін алып қарағанда бүтін сөз әдісінің қажеттігі туады. Оқушының ауызының қозғалысымен бірге қозғаларлық ретте етіп, бір кішкене айнаны көздің сыртқы қабына орнатады, алдына бір үлкен айна қояды. Ғалым оқушы кісінің артында тұрып бақылау жасайды. Көздің қозғалыс ретін сызыққа түсіреді. Бұл тәжірибеден көздің бір орынға көп тоқталып тұрмай, зулап жүріп тұрғаны, оқыған жазудың жолымен дәл жүріп отырмай, ұстайтын орындарына аттап жүргені, бір жолға бірден бастап жетіге шейін ғана тоқтап өткені, оқылған сөз қаншалық қиын болса, соншалық көбірек тоқтап өткені, оқыған сөздің жартысынан бастап, бестен біріне шейін ғана бөгеліс етіп оқуы (дәлдеп көруі), ашығырақ айтқанда, бір жолда 20 сөз болса да бір-ақ қарағанда, яки жіті қарағанда көріп бітіреміз. Барлық оқылған сөздің 1/5-ін ғана анықтап, дәлдеп көреміз. 1/5-ін дәлдеп көрмесең де дұрыс оқып шығамыз деген сөз болады.

Мұны ұғымдырақ етіп айтқанда, бір жүз бетті бір кітапты оқығанда біз соның 20 бетін дәлдеп көреміз, 80 бетін көрмей-ақ тура оқимыз деген сөз болады.

Бұл сөз кісіні таңға қалдырады. Дәл көрмегенімізді қалай дұрыс оқимыз деген ойға түсіреді. Сондықтан мұның анықтамасын да қарастырып өту қажет. Бізде көздің құйрығымен қарау, қырындап көру, тұтасымен көру дегендер бар. Мұны әр кісі біледі десек те өтірікші

болмаспыз. Көздің шілтерінің ортасына дәл келгені өте айқын көріледі, ұғымда көп уақыт ұсталады. Көздің қырымен көрілген көмескі болады, ұғымда аз уақыт сақталады. Көздің қырымен көру сипаты адамның көру ауданын кеңейткен. Соның салдарынан біз дәлдеп қарамай, отырған орындағы нәрсені де көре аламыз. Жазудың қатесін түзетушілер (корректор) өзінің қарап отырған жолынан төмен 6-жолдағы қатені көруі болған. Көрудің бұл сипатын бұдан көрі де анықтау үшін Мейман деген ғалымның (профессордың) жасаған көзілдірігімен істелген тәжірибені көрсетіп өтуге болады. Мейманның көзілдірігін киіп оқыған кісі сөзді көзшілтерінің ортасымен ғана көретін болған, қырынан көру деген біржола жоғалған.

Сол мейман көзілдірігімен оқыған кісі көп уақытта оқып отырған жолынан адасып қалып, жылдам оқудан бір жола айырылып отырған. Бұдан басқа да бірсыпыра Конның 0.001 (мыңнан бірін) қатесіз өлшеп көрсететін құралмен кісінің бір қаріпті оқуға, бір буынды оқуға, бір жеңіл сөйлемді оқуға кететін уақыттарды өлшеп те тәжірибелер істелген. Сол уақытта жеке бір қаріпті оқуға кеткен уақыт пен бір сөздің ішіндегі көп қаріпке кеткен уақыт, жеке бір сөзді оқуға кеткен уақыт пен 3-4 сөзді бір сөйлемге кеткен уақыт бірдей болып шыққан.

Бұл тәжірибе бірнеше рет істелгенде бір қаріпті оқуға кеткен уақыт пен үш-төрт сөзді бір сөйлемді оқуға кеткен уақыт бірдей болып шыққаны аңғарылған. Ақылға салып қарағанда бұлай болып шығуы тіпті ұғымсыз, ғылымнан жырақ сияқты болып көрінеді. Ал енді таныстық дағдылану шарттарымен кісіге пайда болатын тездік сипатын көз алдымызға алып келіп қарасақ, таңырқарлық ешнәрсе қалмайды. Біз таныс болған бір сөйлемді тұтасынан көргенде, тұтасынан бір-ақ оқимыз. Сондықтан бір қаріпті оқуға кеткен уақыт пен бір сөйлемді оқуға кеткен уақыт бірдей-ақ болып қалады.

Сөздің сыртқы түріне көздің таныстығы қаншалық жеңілдік беретінін осыдан топшылауға болады. Сөздің сыртқы түріне таныс болып әдеттенген көздің тездікпен оқуға жеңілдік беретінін анық білу үшін де ғалымдар бір түрлі бір санды қаріппен жазылған бірі таныс, екіншісі таныс емес сөзді оқытып, қайсысына қанша уақыт кеткенін, ол уақыттардың арасында қаншалық айырмалар болғанын, айырықша жасалған тәжірибе құралымен өлшеп байқаған. Сонда таныс сөз жылдам оқылып, жат сөз жай оқылғаны көрілген.

Ондайлық өлшеу құралын өзіміздің қолымызда болмаса да сөзден мысал түсіріп қарайық: «Қобыланды батыр» деп бір қағазға жазылған, осы сөзді теріс айландырып «ыднaлыбоқ рытаб» деп екінші қағазға жазылған. Оқыған кісі бірінші сөзді тез оқығанын, екінші сөзді бөгеліңкіреп оқығанын өзі де анық сезеді. Күнде оқып отырған «Қазақстан» деген сөзді бір қағазға жазып, оны теріс айландырып «натсказак» деген сөзді

екінші қағазға жазып, екеуін екі қолға ұстап, оқушыға кезекпе-кезек жалт еткізіп көрсетіп тұрсақ, бірінші дұрыс жазылған сөзді оқиды, екінші теріс жазылған сөзді көзін тоқтатпаса, оқи алмай сандалады. Екеуінің сөз қарпі, қаріптерінің саны бірдей, жалғыз-ақ бірінші сөздің сыртқы түрі көзге әбден таныс, екінші сөздің сыртқы түрі көзге жат. Сондықтан бірінші сөзді жылдам оқиды. Таныс сөйлемді кісі өте жылдам оқығандықтан ішіндегі қате жазылған қаріптерін де байқамай кетеді. Бұған әркім өзі мысал келтіре алады.

Жә, енді ғылымның осы дәлелдерінен біз не білеміз? Жазуды жылдам оқу үшін көз жазулы сөздің сыртқы түріне таныс болуы керек екенін, оқығанда сөздің қаріптерінің әрбіреуіне жеке көзді тоқтатып отырмағы тұтасынан бір-ақ көріп, бір-ақ оқып жіберу қажет екенін білеміз.

Біздің бұл уақытқа шейін қолданып келе жатқан дыбыс әдісі жоғарыда көрсетілген ғылым дәлелдеріне салғастырып қарасақ, өте қиындық ішінде жүргенімізді көреміз. Мысалы, «А», «О», «П», «Б» қаріптерін үйреткенде «А», «Бір», «Пы», «Бы» деп үйретеміз. Осы үйреткен қаріптерімізден «Арба» деген сөзді қостырмақ болсақ, балалар ауыздарының әдеттенуі бойынша «Аырбыа» деп оқып азаптанады. Қалайша түзу оқытуды білмей, оқытушылар азаптанады. Дыбыс әдісімен әбден жаттықтырып, жазу танытып алған шәкірттеріміздің де жазуды оқығанда Мейман профессордың көзілдірігін киіп отырған кісіше әрбір жеке қаріпке көз тоқтатып, ежіктеп алып жинастырып қосып оқығанын көреміз. Бұл дыбыс әдісінің де осындай қиыншылық келтіріп жүргенін еске алып, байлау бергенде баяғы («әліпсүн әліп бигесекін әпжемұнжа әбжәдәлге секін әбхад» деп оқитын) ежіктеу әдісінің аз ғана алдында жүр деп айтуымызға ауызымыз барып қалады.

Дыбыс әдісімен бір-бір жеке қаріптерге көзді тоқтатып үйретіп, балалардың көзін әдеттендіру Мейманның көзілдірігін зорлықпен киізіп, көздің тұтас көру сипатын еріксіз жоғалтумен бірдей болып шығады.

Бұған екінші түрлі етіп есептен мысал келтіріп қарайық: бір оқытушы шәкірттеріне санды ылғи бір-бірден санап, қостырып үйретті. Екінші оқытушы шәкірттеріне санды бір-бірден... төрт-төрттен... жеті-жетіден... сегіз-сегізден... қостырып үйретті. Бірінші жолмен есеп үйренген шәкіртке төртке бесті қосыңыз? (4+5) деп сұрау берсең: «төртке бірді қостым - бес, беске тағы бірді қостым - алты...» деп тоғызға шейін бармақтарын жұмып санап, шатылып отырады. Ал енді екінші жолмен есеп үйренген шәкіртке сол сұрауды берсең, бөгеліп тұрмастан «тоғыз» деген жауапты береді.

Міне, осы сияқты дыбыс әдісімен қазып санап оқуға әдеттенген шәкірт бір сөздің ішіндегі барлық қаріптерге көз тоқтатып отырып, бір сөйлемді көп уақыт оқиды. Бүтін сөз әдісімен оқуға үйренген шәкірт таныс бір сөйлемді бір-ақ оқып жібереді.

Бүтін сөз әдісінің ұнамды екеніне жоғарыдағы жазылған ғылыми дәлелдер жеткілікті деп біліп, енді сол бүтін сөз әдісінің қалай етіліп оқытылуы жайында нұскалап өтеміз. Бүтін сөз әдісін қолданған кісі ең әуелден-ақ шәкіртке тұтас бір сөйлемді жазып оқытады, яки баспасөзден каратып оқытады. Сол сөйлеуді бірнеше рет қайтарып оқытады.

Шәкірттердің көзі сөйлеудің сыртқы түрімен тұтас таныс болып үйренген соң сөйлемнің ішіндегі сөздерді жеке-жеке айырып көрсетіп оқытады. Әр сөздің жеке түрімен көз танысып үйренгеннен кейін сөйлемнің ішіндегі жеке сөздердің орындарын ауыстырып қойып, екінші түрге айналдырып оқытады. Сөздердің жеке түрімен алдында танысқан шәкірт сөйлемді екінші түрге айналдырып қойып оқытқанда өздері танып оқи бастайды.

Сонан кейін сөйлемнің соңғы түріндегі сөздерді тағы жекелеп көрсетіп оқытып өтеді. Сөйлемдегі әуелгі дұрыс қалпында һәм сөздерінің орнын айырбас-тап өзгертіп қойған қалыбында бірнеше рет оқытып, әбден танытқаннан кейін әр сөзді жеке алып, буындарға бөліп, буындарды жеке-жеке оқытып таныстырады. Сол сөйлемнің ішіндегі барлық сөзді буындарға айырып оқып һәм сол буындарды қайтадан қосып оқып дағдыланғаннан кейін барлық буындарын тізбектеп, жекелеп жазып қояды. Сол буындардың әрқайсысын жекелеп оқытып шығады. Көрсетілген буындармен әбден танысып, қатесіз оқи білгеннен кейін сол буындардан жаңа, жат сөздер жасап шығарады. Жаңадан жасалған жат сөздерді жеке-жеке оқып, танысып болған соң сол жаңа сөздерден құрастырып жаңа, жат сөйлем жасап шығарады. Жасалған жаңа сөйлемді бірнеше рет оқытып, әбден таныстырып танытады.

Міне, осы рет сөйлемдерді оқытып, содан толық сөйлем жасайды. Сонымен басқыштап бірнеше сөйлемді оқытып үйреткеннен кейін үйренген сөйлемдерін құрастырып, шәкірттерді қызықтырарлық әңгімеге жол ашады. Ашылған жолдың ретімен әңгіме сөйлеп, шәкірттердің көңілін өсіріп, келесі сабаққа қызықтырып та қояды.

Осы ретпен бірнеше күн оқытып, ілгері басқаннан кейін буындарды жеке қаріптерге айырып көрсете бастайды. Көрсетілген қаріптердің жеке аттарын айтып таныстырады. Сонымен барып өзіміздің тілдегі жиырма торт қаріпті тегіс тізіп шығарады.

Қашан қаріптерден сөз құрастыруға кіріскенде дыбыс әдісіндегі жеке қаріптерден сөз құрастыру жолына түсіп кетпей, әуелі буындарын құрастырып алып, содан сөз жасап шығарады. Жеке қаріптерді айтқызып, сөз жасап шығарудың қиын екенін жоғарыда көрсетіп өттім.

Бүтін сөз әдісін қолданғанда алынған сөйлем шәкірттердің құлағына бұрын көп естіліп жүрген, баспасөзге көп жазылып жүрген болсын. Ондай сөзді шәкірт газеттен, журналдан көп жолықтыратын болсын. Жаңа сөйлемдерді оқытқанда сол сөйлемнің ішінде де алдыңғы сабақтарда таныс болған сөздер келіп кіріп отыратын болсын.

Оқытылған сөйлемдердің ішінде бұрын таныс болып кеткен буындар көп жолығарлық һәм қазақ тіліндегі жиырма төрт қаріп байқалмаған түрде тез уақыт тегіс оқылып өтерлік болу жағы көзде ұсталсын. Сөйлеуден сөйлем жасалып, онан әңгіме құралуға, алынған сөйлеулердің мәнілері жалғасып келерлік болу жағы ойдан шығарылмасын.

Құрастырылмақ болған әңгіме шәкірттің тұрмыс өміріне, білім, тәрбие, шаруашылық, саясат жағынан жанасып, қызбалықты болып шығарлық мәні де болу жағы көз алдында ұсталсын. Шәкірттерге оқыту алғашқы уақытта қаріптердің дара (жеке) тұратын түрімен, яки баста жазылатын түрімен болсын. Келесіде бұл әдіске арналып жазылған әліппелер де осы көрсетілген тәртіпті көз алдына ұстап жазылуы оң. Дәйекшенің жайымен әуел бастан-ақ таныстырылып өтілсін (алдына дәйекші белгісі тұрған сөз жіңішке оқылады деп үйретіп қою сияқты).

Бүтін сөз әдісімен оқытқанда қаріптің бір ғана түрі болуы өте қажет. Сондықтан жоғарғы қаріп жайында айтылған сөзді тілек ретінде жазып отырмын. Бүтін сөз әдісімен оқытқанда дәйекшімен әуелден таныстырып қоюдың аса қажеті бар. Шәкірттердің көзі танысқан бір түрлі буындармен әр түрлі сөздер жасап шығарған сияқты бір түрде болып жасалған сөзден жіңішке, жуан айтылуына қарай екі түрлі мағына шығаруға болады. Сол арасындағы айырма жалғыз ғана дәйекшіде тұрады. Осы жазылып өткен әдіске арнап бір мысал көрсетіп өтейін: «Кеңес өкіметі қазаққа теңдікті берген», «басқа өкімет қазаққа теңдікті берген жоқ». Бұл сөйлемнің сөздерін жекелеп алып оқытады; Кеңес өкіметі қазаққа теңдікті берген. Басқа – өкімет – қазаққа – теңдікті – берген – жоқ. Осылай ашалап таныстырғанда алдыңғы сөйлем мен соңғы айтылған сөйлемнің арасында қандай айырма бар екеніне шәкірттердің көңілін бөліп, басқа түрлі мағына шығарып тұрған сөзбен өте таныстырып өту керек.

Көрсетілген сөздермен жеке-жеке танысып біткеннен кейін сөздердің орындарын ауыстырып қойып оқытып, екеуінен басқа тағы үшінші сөйлем жасап оқыту керек. «Қазаққа теңдікті берген кеңес өкіметі», «қазаққа теңдікті берген басқа өкімет жоқ». Бұлардың әр сөзін жеке буындарға айырып оқыту – ке - нес, ө - кі - ме - ті, қа - зақ - қа, тең - дік - ті, бер - ген; бас - қа, ө - кі - мет, жоқ. Буындарды реттеп жазу:

о	ке	ңес
ө	кі	зақ
	ме	тең
	ты	дік
	қа	бер
		ген
		бас
		мет
		жоқ

Бұлайша тақталап бөліп жазудың арқасында шәкірттердің көзі бір қаріпті, екі қаріпті, үш қаріпті буындармен жекелеп таныса барады. Аяғында қаріптерді жекелеп көрсетуге барып жеткенде өте пайдалы болып шығады.

Оқытушы солайша ашаланған буындардан құрастырып, төмендегі түрде жаңа-жаңа сөздер жасайды: қазақ, қазақты, қатаң, тендік, кеңеске, кеңесті, кекеме, кеме, теке, текемет, текеметі, оты, өті, хаты, оқа, меке, мекеме, өкіметті, өкіметке, жоқты, жоққа, басты...

Осы сияқты жаңа сөздерді жасап, әрқайсысын жеке оқытып, дағдыландырып, көздерін таныстырғаннан кейін сол сөздерден жаңа сөйлемдер құрастыруға кіріседі. «Оқа жоқ, текеметке теке бер, оқа берме» сияқты. Бұдан кейін оқытушы осы сөздерден мәнісі жалғас сөйлемдер құрастырып, әңгіме боларлық сөзге жол аша бастайды.

«Бас өкімет кеңес, қазаққа кеңес тендік берген; қазақ кеңеске тасты бер, кеме бер; қазақ кеңесті кекеме, бас мекеме кеңес; кеңес басқа өкіметке қатаң; қазақ басқа өкіметке, жоққа, текемет берме». Бұл құрастырылған сөйлемдердің қазақ еліне кеңес өкіметінің беріп отырған саяси теңдігі жайынан әңгіме сөйлеуге, кеңестің құрылысы жайынан әңгіме сөйлеуге жол ашқаны айқын көрініп тұр.

Оқытушы сөйлемді жеке сөзге айырғанда, жеке сөзді буындарға айырғанда айырып көрсететін сөйлемін ұзыншақ қағазға ірі қаріптермен жазып алып келіп, шәкірттердің алдында жеке сөздерге кесіп-кесіп тастауы керек.

Жеке сөздерді де сол сияқты етіп жазып алып келіп, шәкірттердің алдында буындарға кесіп-кесіп тастауы керек. Сол кесілген буындардан шәкірттердің өзіне сөз құрастыруы керек. Шәкірттердің үйренген сөздерінен көп буындар кестіріп, сол буындардан үйлерінде жаңа сөз құрастырып, тігіп-тігіп алып келуге міндет беріп жіберу керек. Буындарды қаріптерге айырып үйреткеннен кейін де осы тәртіпті қолданып отыру керек.

Осы көрсетілген тәртіппен шәкірттерді жазуды оқуға үйретумен қатар жаза білуге де қатар үйрете бару керек. Жазуды үйрету оқыған сөздерін көшіртіп жаздырумен басталады. Әрбір оқып шыққан сөздерін бірнеше рет көшіртіп жаздырады. Алғашқы уақытта оқытушы шәкірттерді әдемілеп жазуға қыстап азаптамасын. Жалғыз-ақ қағаздың дұрыс қойылуын, қаламының жақсы ұсталуын, жазудың оң жағынан басталып, түзу жазылуын қатты бақыласын.

Осы кейінгі айтылғандар жақсы бақыланбаса, шәкірттің қолы жаман әдетке дағдыланып кетіп, артынан түзету жұмысы өте қиынға айланып кетеді. Содан барып жеке қаріптерді жаздыруға кіріскенде оқытушы жазудың жақсы, әдемі болу жағын да бақылауға кірісуі керек.

Жазу таныту һәм жаздыру жайында менің берген нұсқауым әзірге

осы ғана. Әрбір жаңа жұмыс көп тәжірибенің, ысылудың арқасында ғана көркейіп ілгері баспақ.

Бүтін сөз әдісі жайында қазақ тілінде бұл уақытқа шейін баспасөз майданына түскен әдебиет жоқ. Бүтін сөз әдісіне арналып жазылған әліппе де жоқ. Мен бұл мақаланы сауатсыздықпен күресетін қаһарман әскерлерімізге бір құрал болар деген үмітпен жазып отырмын. Мақала пайдаланатын уақытынан соңға қалмай басылсын деген мақсұтпен асығыс түрде жазылды. Жұмыстың қазақ әдебиетінде жаңалығын, мақаланың асығыс жазылғанын ойымда ұстап мен мақаламды кемшіліктен таза емес деп есептеймін.

Бұл турада менің мақаламның кемшіліктерін көрсетіп, баспасөз майданында кеңірек жол ашқан талапкерлердің сөзін қуанышпен қарсы алып, өзімнің қолымнан келген көмекті көрсетуге дайын екенімді білдіріп өтемін.

Тілек ретінде қаламы жүйрік, қайраты артық тәрбиеші, оқытушыларға осы бүтін сөз әдіс жолымен әліппе жазып шығарса екен деген өтінішті ұсынамын.

Бұл орында Қазақстанның Қызылордадағы ғылым кіндігіне қойып өтетін бір сұрауым бар:

Шет орында отырған оқытушылардың бәрі дерлік оқу құралдары, жолбасшы кітаптарды Қызылордадан күтіп отырады. Әр орында ол сияқты кітап бастыруға бытыранды жол ашылып кетуінен қауіп етеді.

Өз беттерімен кітап жазып, Қазақстан ғылым кіндігінің сынына жіберейін деп ойласа да, жарамсыз болып қалады ғой деп қорқады.

Міне, осы сияқты толқынған күмәнді ойға Қазақстан ғылым кіндігі ашық нұсқау берсе, жұмыстың беті ашылып қалар еді деп ойлаймын.

М. Тұрғанбайұлы

Қазақстан Білім комиссиясының 31 декабрь, 5 январь, 20 февральдағы мәжілістерінде қабылдаған пән сөздері

I. Жүсіпбек «Психологиясының» сөздері:

Улитка	Құлақ қошқар
Сетчатка	Сәуле түрі
Лабиринт	Құлақ иірімі, лаберент
Кортиев орган	Дыбыс тиегі, көрті мүшесі
Тон	Үн, тон
Горчица	Гаршес
Артист	Артес
Антропология	Адам табиғаты ғылымы, антропология
Физиономика	Келбет ғылымы
Агафия	Тілсіздік ғылымы

Аграфия	Жазуды ұмытып қалу
Безосознательное мышление	Санасыз ойлау
Анализатор	Саңлау мүшелері
Дрожжи	Ашытқы
Энзим	Ензім
Оплодотворение	Бала біту
Туфельки	Тупелки
Половая железа	Бел безі
Ион	Ион
Алкогол	Есірткіш
Студень	Ұймал
Секреция	Бездымы
Нейрон	Нейрон
Нерв	Нерв-жүйке
Апперцепция	Аперцепсия
Совокупление	Шағылысу
Инфузорин	Инпузор
Психология	Психология
Метафизика	Кұрғақ даналық
Субстанция	Субстанса
Эмперического	Тәжірибелі
Актуальная теория	Амалдық қисын
Биология	Тірлік ғылымы
Популярный	Әйгілі
Инстинкт	Соқыр сезім
Поведение	Қылық
Мимика	Ым
Пантомима	Ымдасу
Раздражение	шіміркену
Теория вероятности	Болжал қиыс
Атавизм	Тегіне тарту
Перстонка	үлдірік

II. Денсаулық комиссариатының ұсынған пән сөздері

Свинка	Шықшыт безшуі
Рожа	Тілме
Крупп	Баспа
Гнилосное и гнойное заражение	Ушығу
Острый сочленовный (суставн) ревматизм	Буын сарсығы
Ревматизм	Сарасық
Цынга	Кұрқұлдақ
Чума	Шума
Проказа	Алапест
Сибирская язва	Күйдіргі, түйнеме, жамандату, топалаң
Сап	Маңқа
Крупозная пневмония	Өкпе қағындысы
Англиская болезнь	Ит тию
Анемия	Қан аздық
Рак	Қарасүйел, қылтамақ, жегі

Соркома	Жаманжара
Глисты	Жыланкүрт
Эхинококк	Бауыркүрт
Антинимикоз	Антинимикоз
Чесотка	Қышыма
Парша	Таз
Душевная болезнь	Алмасу
Ушибы	Жаракат
Рана	Жара
Отравление	Улану
Бугорчатка легких	Көкірек ауру
Гуммозный сифилис	Мерез, сиплис
Сифилис	Сиплис
Перелой, триппер	Соз
Лихорадка	Безгек

Комиссия ағасы: Ахмет.

Хатшысы: Елдес.

Мүшелері: Сейтәзім, Нәзипа.

Мәжіліске шақырылып келгендер: Міржақып, Жүсіпбек Бірекешұлы

«ЖАС ТҮРКІСТАН» ЖУРНАЛЫ

(1929–1939)

«Жас Түркістан» журналы Парижде, Берлинде 1929–1939 жылдары жарық көрді. Басылым: «Біз, Түркістан тәуелсіздігін ту етушілер, еліміздің еркі және жұртымыз Түркістанның бостандығы үшін күресеміз!» деп өзінің күрескерлік бағытын жариялады.

Журналдың бас редакторы – тұлабойы өз елінің азаттығы үшін күрескерлік рухқа толы алаштың азаматы Мұстафа Шоқай. Саяси қуғын-сүргінде жүріп шығарған «Жас Түркістан» журналы халықаралық деңгейдегі басылым болды деуге толық негіз бар. Бұл сөзімізді журналдың 1931 жылғы 25-санындағы: «Жас Түркістанның» тек Еуропа мен Түркияның белгілі жерлерінде ғана емес, соған қоса Иран, Ауғанстан, Қытай, Жапония, Сирия, Арабстанда да оқырмандары бар. Жақында ғана біз Хижазда тұрушы жерлерімізден де хат алдық. Ол хатта Еуропада өз ана тілімізде Түркістан ұлттық тәуелсіздігі міндеттеріне сай келген бір журналдың шығып тұрғандығына сүйініштерін жасыра алмаған. ... Москва, Тбилиси сияқты үлкен совет орталықтары да «Жас Түркістан» абоненттері» – деген жазбалар айғақтайды.

«Жас Түркістанда» Мұстафа Шоқай советтер еліндегі ұлт істері мен оларға қатысты идеология жұмыстарындағы кемшіліктерді батыл сынады. Өзінің отаршылдыққа қарсы антибольшевиктік күрескерлік мақалаларын жариялады.

Халықаралық «Жас Түркістанда» шетел хабарлары мен олардың қоғамдық-саяси хәлдері кеңінен жазылды, совет режимінің отаршылдық ұстанымы мен халықаралық қатынасы талданды. Түркістан хабарлары да тұрақты беріліп тұрды.

Жалпы, журнал мақалалары «Саяси бөлім», «Әдеби бөлім», «Хабарлар бөлімі», «Шет өлкелерде», «Кітабият» деген бөлімдерге топтастырылды.



Түркістанда

Қазақстанның оқу-ағарту комиссариаты тарапынан мектепте оқыту туралы шығарған қарардың маңызды бір түйінін (7-тармағын) еш өзгеріссіз жариялаймыз:

«Орыс тілі Қазақстанда мемлекет тілі; орыс тілі қазақ пролетариатына, қазақ жұмысшыларына басшылық жасап тұрған орыс пролетариатының тілі. Орыс тілі ғылым-техника саласында жер жүзіндегі ең бай тіл. Орыс тілі қазақ жұмысшыларының ең керекті тілі. Сол үшін орыс тілін білу Қазақстанның әрбір жұмысшысына міндетті. Осы жағдаймен қазақ мектебі оқушыларына орыс тілін жақсы үйретіп шығарған уақытта ғана совет мектебі бола алады. Орыс тілін жақсы үйреткенде ғана қызметшілерге болған мұқтаждығымызды қанағаттандырып, қоғамдық құрылыстың құралы бола алады. Сол себепті қазақ мектептерінің (ең кешіккенде бастауыш мектептердің 3-сыныбынан бастап) орыс тілі міндетті пән болып оқытылып, маңызды орын алуы керек».

«Еңбекші қазақ» газетасының 19-март 1930 жылғы санында басылған қарардың бұл түйіні орыс большевиктерінің ұлт, халық қалауымен пролетар мәдениетін жасаймыз деген шараларының іс жүзіндегі бет-пердесін айпарадай ашып көрсетеді.

Журналымыз қатталып жатқан тұста тілшімізден төмендегі хабар келді:

«Соңғы уақыттарда Түркістанның әр жерінде маңызды оқиғалар орын алуда. Ұлттық тәуелсіздік әрекетінің күш алуы совет үкіметін састырып, ұлттық зиялыларға қарсы қатал шаралар қолдануға мәжбүр етуде. Атқарушы қызметтегі адамдардың кейбірі қашқан, кейбіреулері қамауға алынған. Түркістан базарларында азық-түлік табу қиындасқан. Кез-келген затты алмақ үшін арнайы комиссиянан берілетін талон қажет. Ал бұл талондармен керекті затты алу ине көзінен түйе өткізгендей қиын!...»

Түркімендер арасында совет үкіметіне қарсы наразылық ұлғаюда. Колхоздарға халықты зорлап кіргізу нәтижесінде Иран шекарасына жақын жерлердегі түркімендерден қашып шығушылар көбеюде. Соңғы шамада 5-6 жүз құралды түркімен жігіттері Иран топырағына өткен.

Жаңа түрік латын әліппесі (Түркістаннан арнайы хаттар)

Май айының 6-күні Алма-Атада Совет Одағындағы түріктердің «Жаңа әліппе комитетінің» IV сессия мәжілісі ашылды. Латын әліппесі төңірегінде болып өткен күшті күрестер өздеріңізге мәлім. Латын әліппесінің алғашқы нұсқаушысы болған патшалық Россия үкіметі ауылшаруашылық министрінің қызметкері болған әрі үкімет большевиктер қолына өткенде бір түнде коммунист болып, Советтік Россияның адал

қызметшісі қатарына кіріп алған азербайжандық Ағамғылыұлы еді. Латын әліппесіне ең күшті қарсылық көрсеткен қазақтар мен татарлар болды. Ең соңында бұл жерлерде де латыншылар жеңіске жетті. Латыншылардың табысты болуына Түркияның латын әліппесіне көшу туралы қарарының үлкен әсері болды.

Советтік Россиядағы түрік нәсілдері арасында латын әліппесінің түрлі үлгілері ұсынылды. «Сауаттылық» танытатын, көбінше сауатсыз «жауапты жұмысшылар» өзінің төңкеріс жақтаушысы екенін танытпақ үшін латын әліппесін жанын сала ұсынды. Әрбір «түрік ұлты» (1) өзіне жеке әліппе шығара бастады. Орталық «қарбаластанып», ешбір нәрсе «естімес» болып кетті. Өткен жылдың август айында советтік Россиядағы бүкіл түркілер үшін «ортақ әліппе» жайында декрет шықты. Бұл әуелгі әр ұлт үшін жеке әліппеге қарағанда алға қарай жылжыған тым жақсы қадам еді. Алма-Атада жиналған Советтік Россиядағы бүкіл түркілердің әліппе комитеті өкілдері Совет Орталығынан жаңа әліппенің қолданылуына берілген бұйрықтың барлық «ұлттық» Республикалар жағынан қабыл етілмегендігін және іске асырылмағанын көрсетті.

Мысалы, латын әліппесін бірінші бастаған совет Азербайжаны ескі латын әліппесімен басылған көптеген әдебиет әрі мұралары болғанын алға тарта, ортақ әріптен бас тартады. Басқа «ұлттық» совет Республикалары жалпылық жағынан жаңа әліппені қабыл етті. Тек бас әріптер мәселесі жаңа әліппенің қабылдануына кедергі болып тұр. Советтік Қырғызстан қайраткерлері: «біз пролетарлар мемлекеті бізде ешбір жеке тұрар тап жоқ. Біз манаптарды бітірдік. Үкімет халық өкілі «батырақ», диқан және жұмысшылар қолында. Совет әліппесі де сондай болуы керек. Әліппенің бүкіл әріптері де «батырақтар». Мұнда ешбір «манап» – ерекше – әріп болмауға тиіс. Сондықтан біз бас әріптерге қарсымыз» сияқты жартылай шын, жартылай әзіл пікірлерімен жаңа әліппенің бас әріптер мәселесіне қарсылық танытты.

Енді біраз Советтік Россиядағы түрік Республикаларында жаңа әліппенің шарт-жағдайы жайлы сөз қозғайық.

Қазақстаннан бастасaq:

Бірінші басқыш мектептер түгелдей жаңа әліппеге көшкен. 2 басқыш мектептер үшін жалғыз қоғамдық сабақтар ғана жаңа әліппеде басылған. Осы жылдың 4 октябрінде, яғни Қазақстан Советтік Республикасының он жылдық мерекесіне шейін Қазақстан халқының жүзден он бесін жаңа әліппемен сауаттандыруға тырысуда. Күнделікті баспасөзден «Қызыл әскер» газетасы, «Жаңа мектеп» және «Жаршы» журналдары, 1928 жылдан бастап «Әйел теңдігі», «Жаңа әдебиет», «Қызыл Қазақстан» журналдары осы жылдың февраль айынан бастап дерліктей жаңа әліппемен шығады. Май айының 5-нен бастап бүкіл қазақ газеталары 2 бетін латын әріптерімен теруге мәжбүр. 4 октябрьден бастап барлығы латын әріптеріне көшірілмек.

Өзбекстан латындастыру ісінде басқа Республикаларға қарағанда көп артта. Ол жердегі жаңа әліппемен сөйлейтіндердің саны 50 мың, яғни халықтың жүзде 12 пайызын ғана құрайды. Осы жылдың басынан бүкіл мектептер жаңа әліппеге ауысты. 1927 жылдан осы жылдың мартына дейін Өзбекстанда 3 миллион 140 мың таралыммен 520 түрлі материал басылған.

Түркіменстан латындасуда ең алда тұрған Республикалардың бірі. Ондағы бүкіл күнделікті және басқа басылымдар көптен латын әрпінде шығады. Халықтың жүзде оны осы жаңа әліпбиді қолданады. Бүкіл мектептер жаңа әліппемен оқытылады әрі 1887 мұғалім жаңа әліппемен дайындалған.

Қырғызстан осы жылдың июнінен бастап жаңа әліппеге көшпек. Жаңа әліппемен 91,537 сауатты кісі бар (жалпы қауымның жүзден он үші). Жаңа әліппеде оқыта білетін 2.8145 мұғалім әзірленген. Қырғызстанда бір ғана қолбайлау болса, ол да ондағылардың бас әріп мәселесіндегі қарсылықтар (қырғыз жауапты қызметкерлері бас әріпке «манап қаріп» дейді).

Тәжікстан бұл тұрғыдан ең артта қалған. Мәжілісте Тәжікстанның жаңа әліппені жүзеге асыруындағы жетістіктері көрсетілмейді. Тек Тәжікстанның да басқа бауырлас Республикаларды қуып жетуі хақында үміттер айтылған.

Татарстан осы жылдың басында жаңа әліппеге көшті. Басында айтылғандай татарлар латын әліппесіне көшуге күшті қарсылықтар көрсетті. Алайда соңында бәрібір қабылдауға мәжбүр болды. Қысқа ғана уақыт аралығында зор жетістіктерге жетті. Татарстандағы жаңа әліппемен сауаттылардың саны 276 мыңға жеткен. Барлық баспасөз латын әріптерінде.

Башқұртстан ағымдағы жылдың июль айынан бастап латын әріптеріне көшпекші. Барлық мектептер латындасқан. Жаңа әліппемен әзірленген мұғалімдердің саны 2.025- ге жеткен.

Қырым латындастыру ісінде ең алда тұрған совет Республикаларының бірі. Жұртшылық қауымның жүзде отызы жаңа әліппемен сауаттанған. Үш журнал, екі газета жаңа әріптермен шығады.

Латындастыру әрекетін бұрын бастаған Азербайжан бұл жолда көп табыстарға қол жеткізді. Мұндағы бірлескен әліппе мен бас әріптер мәселесіне қарсылық көрсетіліп тұрады. Халықтың жүзде 24 пайызы яғни 581 175 кісі жаңа әріптермен сауатты. Латын әліппесі қабылданған уақыттан 1929 жылдың октябрь айына дейін Азербайжанда 3 миллион 445 мың 700 таралыммен түрлі баспасөз басылған.

Гүржістан, Армения түрік қауымдары да түгелдей жаңа әліппеге көшті.

Атқелтір

¹ *Москва үкіметі әрі кейбір орыс «ғалымдары» түріктерді бір-бірінен бүтіндей айырып, боршалмақшы және мұндай «төңкерістік жолмен» орыстандырмақшы болады. Сол үшін әр түрік тұқымын «ұлт» деп атауға тырысады. Басқарма*

Өзбекстанда өзбек тілі

Орта Азия оқу ордасы тұрғылықты тілді үйрету ісінің ең алда тұрған әрі ең баса жүктелген жері. Бұл оқу ордасын бітірген әрбір еуропалық (орыс) жергілікті тілді жақсы меңгерді деп куәнама алады және жауапты орындарға тағайындалады. Сондықтан мұнда өзбекше қандай әрі қай дәрежеде үйретілгенін білу әркімді де қызықтырса керек. «Права Востока» газетасы бұл жайлы 5 май нөмерінде төмендегілерді жазады: оқу орнында өзбек тілін үйрену үшін 48 (қырық сегіз) сағат қана бөлінген. Бір орыс агрономы бұл 48 сағаттық өзбек тілі курсың тыңдағаннан кейін осы тілді меңгергені туралы куәнама алған. Әрі Тәжікстанға жауапты іс атқарушы болып тағайындалған. Бұл арада айта кетерлігі – Тәжікстанға баратын іс жүргізушіден тәжік тілін білу де талап етілер еді. Агроном тағайындалған жұмыс орнына келіп, тәжік диқандарға ауылшаруашылық серіктік туралы насихатың жасай бастады. Ол қоразды түсіндірмекші болады. Бірақ тіл білетін мырза құрғыр өзбекше де қалай түсіндірерін білмей дал болды. Ары ойлап, бері ойлап «қо-қо-қо» деп шақырып жіберді. Ол осысымен халыққа қоразды түсіндірген болды.

Артық «құрметке лайық» агрономның шаруасы есекке келгенде қалай түсіндіргенін оқырмандардың өздері де білген болар.

Қазақтар арасында жергіліктендіру

Бүкіл Түркістан газеталары «барлық күштер жергіліктендіру ісіне аударылған» деп жазады. Орта Азия Бюросы осылай деп айғайға аттан салғанындай жаңа тәубесіне келген Анғам да «жергіліктендірудің жақсы жүріп жатқандығынан», оның көп «табыстарынан» сүйсіне отырып сөйледі. Бұл «табыстардан» біреуін біз жоғарыда ғана жазып өткен Орта Азия оқу ордасындағы өзбек тілін үйрену мысалынан көрген едік. Ол жерде өзбек тілі орнына қораздың шақырғаны, есектің ақырғаны үйретіледі. Бұл оқу орнының жұмысына емес, хайуанат бақшасына көбірек ұқсайды.

Мінеки, сізге Түркістанның қазақтары ішіндегі хал: бұл жерде осы кезге дейін есектің аңыраған дауыстары естілмеген болса да іс жаман жағдайда. Осы жылдың 21 январында Қазақстан Атқару Комитеті барлық комиссарларға бірінші майға дейін «жергіліктендіру» мәселесі үшін дайындық көрулерін бұйырған. Бұл дайындық жоспары бүкіл мекемелерде орыстарға қазақ тілінде іс жүргізуді үйретумен әрі қазақтарды әзірлеу курсың ашумен ғана шектелген еді. Нақты қолданыста аталған реформаның басында оқу-ағарту комиссарлығы тұру керек еді.

Керісінше, тексеру нәтижесінде оқу комиссарлығының қызметкерлері қазақша жүргізуді қажет деп таппаған. Оқу комиссариатындағы жағдай бұлай болғанда басқа комиссарлықтан ауыз ашу тіптен қиын.

Сауда комиссарлығы өзінің жергіліктендіруден ешбір шаруасы болмағандығын білдірген. Қазына комиссарлығы да жазу машинасы мен машина терімшілері жоқтығы тасасына жасырынып отыр. Денсаулық сақтау комиссариаты да жергіліктендіруге ешбір мән де, маңыз да бермегені сияқты ауылшаруашылық комиссариаты да көшпелі, жартылай көшпелі шаруаларды орналастыру сияқты маңызды іспен болып, мұндай майда-шүйде, ұсақ-түйек істермен айналысуға мұршасы болмағанын айтады.

Осылармен ұлттықтандыру майданында ештеңе де атқарылған жоқ десек, жөнсіздік жасаған боламыз. Сондықтан да осы саладағы бірқанша «табыстарды» төменде санап өтпекші боламын.

Қазақстан еңбекшілер одағы (Profsoiuz) биыл декабрь айында одақ мекемесін тазалаушы әйел орнын жергіліктендіруге бұйрық берген.

Қазақстан почта жұмысшылары одағы февральдан бастап хат-хабар тасушы әрі төрт тазалаушылар орнын жергіліктендіруді іске асырды.

Ауылшаруашылық комиссарлығы 2 карауыл мен 7 атбағар қазаққа жер беруге шешім шығарған.

Қазақстан жол серіктігі бірінші октябрьден бір қазақ қызметшісі мен 1931 жылы январьда бір қазақша машина терімшісін алуға уәде еткен.

Денсаулық сақтау комиссарлығы 3 қазақ малайына жер беруге мақұл болған.

Міне, бұлар Москваның сатқын агенттері тілінде «Қазақстанды жергіліктендіру», «Еңбекші қазақ» газетасының тілінде «қазақтандырмайды, азаптандырады» деп аталады.

Түркістан хабарлары

III. Ұлттық баспа және баспасөз жайлы Түркістан газеталарында өте қызық мағлұматтар беріледі. 1929 жылы және осы жылдың өткен алты айы ішінде Советер Орта Азиясында (Түркістанның қазақтар бөлігінен басқасы) жалпы 1047 кітап таратылған. Бұл баспа өнімінің барлығы 9 миллион 234 мың нұсқа. Өкінішке орай, бұл мәліметті алған «Правда Востока» газетасы (14 июль) бұл баспа өнімінің қай тілдерде шыққаны жайлы ақпарат жазбаған.

Орта Азияда жалпы 46 газета шығады. Бұлардың 12-сі орысша. 31 ұлттық газетаның жалпы таралымы 396700 нұсқа. Журнал, оқушылар баспа өнімі 71 дана (28-і орысша), таралымы 221 мың.

Эрине, аталған барлық баспа өнімдер тек тілі тұрғысынан ғана ұлттық нақышын қарастыруға болады. Рухы, мазмұны жағынан түркістандықтардың ұлттық рух, мұқтаж және тілектерін көрсетуден көп алшақ жатыр. Енді бір сәт бұл баспасөздердің басында кімдер тұрғанына зейін аударайық. 76 ұлттық баспасөз (журнал, газета т.б.) басында 33 (отыз үш) редактор бар. Өзбекстанда бір кісі екі-үш баспасөздің бас редакторы мен бірнешеуінің редакциялық алқа ағзасы болса, Түркіменстанда бір адам 5 баспасөздің басында отыр. Бір газета және журналдың жалғыз бір адам жағынан жазылуы сияқты ғажайып оқиғаны «Правда Востока» газетасы өзі жазады. Бұл да ештеңе емес. Редакторсыз тек аудармашылардың жәрдемімен шығарылып жатқан 20 дан артық «ұлттық баспасөз» бар екен.

Аталған 33 совет «ұлттық» баспасөзі редакторларының білім дәрежесі төмендегідей көрсетіледі:

6 кісі жоғары партия курстарын бітірген, 4 кісі журналистер курсынан шыққан, қалғандары орта және бастауыш совет мектептерін тамамдағандар.

76 баспасөзге 36 редактор. Бұл да маңызды бір нәрсе! Сіз редактор қатысуынсыз, тек аударма жолымен шығарылып жатқан артық ұлттық баспасөзді көріңіз. Бұл Түркістандағы совет ұлттық саясатының әрі совет «ұлттық» республикаларының өте жақсы бір фотографиясы. Большевиктер жалданған тілмаштар әдісі арқылы Түркістанда орыс пролетары диктатурасын жүргізу үшін неліктен жалған тілмаштар көмегімен «ұлттық баспасөз» шығара алмасын? Бұл «ұлттық баспасөз» де әдеттегі «ұлттық республикалардан» аумайды.

Түркістанда ұлттықтандыру мәселесі

Кейінгі айларда Түркістаннан келген большевик баспасөзі бүгінгі Түркістан билігінің ұлттықтандырылған-ұлттықтандырылмағаны туралы есептер мен мақалалар жазуда. Бұл газеталар Түркістанда «ұлттықтандыру» саясатының 20 пайыздан артық еместігі мәселесінде бір ауызды.

Мысалы, Орта Азия бюросы мен коммунист партиясының баспасөз органы «Правда Востока» газетасының (№ 204) 3 бетінде «Ленин ұлттық саясаты лайықты жүргізілмей жатыр» тақырыбымен бірнеше оқиғаларды жазуда. Мен бұлардан бір-екеуін көшіріп жазбақшымын:

«Ленин» аты берілген Ташкенттің бір ауданында ұлттықтандыру мәселесінің талқысына бүкіл мекеме өкілдерінің қатысуында бір мәжіліс шақырылған. 15 мекеменің тек 5-нен ғана өкілдер келген. Келгендердің ішінде жол басқармасының өкілі болған Востров:

– Бізге жергілікті тілді үйрену керек емес. Керек болса тілмаштар арқылы іс жүргізе аламыз. Орыс жұмысшылардың жергілікті тілді үйренулері үшін біздің басқарма бюджетінде қаржы қарастырылмаған.

Міне, мұны айтқан адам Түркістан жолдарының, яғни күре тамырларының басқармасынан келген бір мұжық баласы.

Мәжілісте орыстарға тіл үйрету мәселесі де қарастырылды. Ал, бірақ бұған жоғарыдағы мұжық «Бюджетімізде қаржы жоқ!» деп жауап берді. Осыдан да байқалатыны – Түркістанда ұлттықтандыру саясатының жүрілуі іс басына түркілерді әкелумен емес, орыстардың жергілікті тілді үйреніп, билік басында үкімдік етуінен тұрады. Ал ұлттықтандыру саясатының мағынасы, керісінше, барлық басқарма мен іс орындарының басында жергілікті түркілердің болуы.

Ұлттықтандыру саясатының қалай атқарылғанын аталған «Правда Востока» газетасы төмендегі есеппен өлшем жасайды: бүкіл Түркістан аумағында ұлттықтандыру 20–30 пайыздан аспайды. Қаржылық органдарға бұл есеп тіпті көптік етеді. Себебі бұл қаржылық мекемелер хәм майлы хәм қаймақты болып, елдің күре тамырлары саналды.

Мектептердегі оқушы есебі де сол қалып. Мысалы, «Көшкіде» төрт мектеп бар. Мектептердегі жалпы оқушы саны 490 болса, бұлардың тек 27-і ғана түркістандық, қалғандары орыстар (сол газета).

Сізге тағы бір мысал: бір түркістандық Бәһбуди (бұрынғы Қарши) қаласының кооперативі есігінде кезек күтіп тұрғанда соңындағы орыс ілгері өтпек болып, алдындағы түркістандықты итеріп жіберді. Намысын таптатқысы келмеген түрік ақысын жібермеген. Зорлық жасаған орыс ашуланып, төбелесе бастаған. Бұл жанжалды көрген бір орыс әйелі ондағы орыстарға:

– Әй, орыстар, өзбектер бір орысты ұруда, – деп бақырған. Орыстар жиылып түркістандық жұмысшыны ұрып өлтірген.

Мұны Түркістан газетасы емес, орыс газетасының өзі жазды. Мәселенің басқа жағы жоқ! Бұл өлімге себеп – тағы ұлт мәселесі. Өзін Түркістан қожайыны деп санаған бұл орыс бір түркістандықтың өзінен ілгері тұрғанын қабылдай алмаған. Өкінішке орай, бұл орыс коммунист партиясының ең сенімді адамы хәм Бәһбуди (Қарши) жұмысшылар одағының мүшесі.

Ленин орыс емес ұлттардың теңдігі үшін әйгілі ұлт мәселесін ортаға қойды. Осы саясатқа «Бес жылдық жоспардай» маңыз берді. Нәтиже жоғарыдағы оқиғада болғаны сияқты тағы да орыстардың үстемдігімен аяқталды.

Осы жағдайда мұның ішінде бір сыр бар. Коммунист партиясының ұлттықтандыру саясатының нәтижесі болған бірлестіру саясаты Түркістанның бүгінгі күйінде орындалар ма? Егер орындалса, қандай

түрде болмақ? Орыстардың жергілікті тілді үйренулерімен бе, жоқ әлде, орысша һәм түрікше тіл қолданумен бе?

Тап қазіргі ретпен ұлттықтандыру саясаты Түркістанда жүзеге аспас. Себебі Түркістанның күре тамырлары орыстардың қолында буылуда. Орыстар жағынан тағайындалған, яғни іс басына келген кейбір түркістандықтардың әсері аз, тіпті еш жоқ дерлік дәрежеде. Ол орыстың айтқанындай Түркістанның бүгінгі қожайыны – тек орыстар. Олар тарапынан бір жергілікті түрік өлтірсе, ұрылса мұның еш құны жоқ.

Орыстар жергілікті тілді үйренбек емес. Себебі «аударма арқылы жұмысымызды жүргіземіз» деген бір орыс түсінігі бар.

Біздің қорытындымызша, Түркістанның бүгінгі билеу формасы өзгермейінше, ұлттықтандыру мәселесі орыс тілінің үстемдігімен нәтижеленеді. Себебі Түркістанның күре тамырлары болған қаржылық басқармалар орыс мұжығының диктатурасы қолында буылуда.

Ұлт мәселесінің нәтижесі болған жергіліктендіру саясаты Түркістандағы орыс жалмауыздарының үкімдігінде емес, түркістандықтардың толыққанды тәуелсіз және өз диктатурасы болған билік түрінде ғана жеміс береді. Әйтпесе «құрғақ сөз құлаққа жақпас» дегендейін ұлттықтандыру саясаты бос көпірме сөз болып қала бермек.

Иілтер

Түркістан хабарлары

«Орысша білетін кісі істесін»

«Ташкенттегі Октябрь аудандық халықты азықпен қамтамсыз етушілер одағы мекемесінде» төменнен жоғарыға көтерілген Мұхаммед Шарифқызы (дұрысында, Мәме Шариповқа деп жазылған) жұмыс ыңғайын үйреніп жатыр. Шәрипқызы наубайхана зауыт жұмысшыларын қамдау турасында Орталық халықты азықпен қамтамсыз етушілер одағы мекемесінің секциясына шығып еді. Секция бастығы Крылова: «Мен өзбекшені білмеймін, аудармашы да таба алмаймын, Ескіқаладан аудармашы алып шығыңыз яки орысша білетін кісі істеуі қажет» деп жөнсіз жауаппен шығарып салды. Бұрынғы Ескіқала наубайханаларында, асханаларында істеушілер тұрғылықтылар болғандықтан орталық азықпен қамту мекемесімен байланыс жасай алмайды. Жұмысшылар істі өзбек тілінде жүргізуді талап етеді».

Иілтер

Тіл мәселесіне қатысты құжаттар

№4

Петиция от участников Куяндинской ярмарки председателю комитета министров об угнетенном состоянии казахов

Каркаралинский у. Семипалатинской обл.

26 июня 1905 г.

В настоящее время, когда вся Россия заявляет о необходимости полного переустройства своей жизни, киргизские степи, связанные судьбою с Россией, не могут оставаться безучастными к переживаемым ею событиям и не заявлять о своих назревших нуждах. Благодаря обрусительной политике киргизы в последнее время настолько стеснены в своих религиозно-духовных делах, что они не могут сделать шага без разрешения администрации. Право давать или не давать разрешения на постройку мечетей, на открытие мусульманских школ, на паломничество в Мекку и прочее законом представлено администрации.

Но с каким трудом на практике даются эти разрешения, как часто ходатайства о постройке мечетей, об открытии медресе и мектебе оставались без ответа. Трудно перечислить все те стеснения, которым подвергались в последнее время религиозно-духовные дела киргиз. Очень тяжело отзываются последствия подобных насильственных действий администрации в сфере религиозной мысли народной массы, которая не может индифферентно относиться к вопросам веры и совести. Не считаясь ни с интересами народа, ни с его историческими нравами, преследуя лишь одну обрусительную политику, местная администрация стремится к уничтожению всего того, что стоит на пути этой политики. Администрация упустила совсем из виду, что киргизские степи не завоеваны, а добровольно перешли в подданство России. Киргизы приняли русское подданство в видах внешней защиты, не предполагая какого-либо вмешательства во внутренние дела, в насильственном же вторжении государства в сферу религиозных дел киргизы видят явное посягательство на их веру и относятся с недоверием к действиям правительства вообще и к открываемым им школам в частности. Таким образом, плохо понятная и неуместная обрусительная политика, запрещающая мусульманские школы и не завоевав доверия народа к русским школам, принесла только вред, задерживая развитие духовной силы народа.

Насколько обрусительная политика вредна культурному развитию киргизского края, настолько существующий порядок обезземеления киргиз вреден для их благосостояния. Экономическое положение киргиз в степи таково, что степь кормит скот, а скот кормит киргиз. Где скот сыт, там и киргиз сыт; где земля богата кормом, там и киргизы богаты.

Считая землю своей собственностью, приобретенную кровью отцов, занявших степь после кровавых продолжительных столкновений с калмыками, киргизы при вступлении в русское подданство не подумали, что государство позволит себе посягнуть на народную собственность, а между тем русское правительство создало законы, по которым без всякой мотивировки, просто по праву сильного, все киргизские земли признаются государственною собственностью: последствием чего создалось переселенческое движение в киргизские степи, и самые лучшие участки земли отошли к переселенцам, а худшие остались за киргизами. Естественно, такая качественная и количественная убыль земли не могла не отразиться на благосостоянии киргиз – скотоводов; заметное в последнее время обеднение населения объясняется именно насильственным отбиранием лучшей земли, без всякого за то вознаграждения и с явным ущербом хозяйству коренного населения. Говоря короче, введение в стране Степного положения, созданного бюрократическим путем, без всякого соображения с истинными потребностями населения, неуважение к закону со стороны администрации, ставящей на место закона свое усмотрение, полное пренебрежение к правам личности и к чувству человеческого достоинства, административное насилие, вторгающееся во все стороны жизни, пренебрежение к духовным и экономическим интересам, искусственно поддерживаемое невежество народной массы – все это привело население к обеднению и его культурное развитие к застою.

Для приведения и предоставления народу возможности поднять свое экономическое положение необходимо устранение нижеследующих недостатков нынешнего управления Киргизским краем и принятие соответствующих современным условиям жизни населения мер.

1. По действующему Степному положению от 25 марта 1891 г. духовные дела киргиз находятся в ведении Министерства внутренних дел. Местная администрация за последнее время приняла ряд репрессивных мер, например, в 1903 г. были произведены обыски у известных киргиз в Петропавловском, Кокчетавском, Павлодарском и Семипалатинском у, и при этом были арестованы библиотеки, до сих пор не возвращенные хозяевам их. Причем киргизы Кокчетавского у. Наурузбай Таласов и Шаймерден Кочегулов были административно высланы, первый – в Енисейскую губ., второй – в Якутскую обл. за религиозные убеждения.

По 99 ст. Степного положения на открытие медресе (школ) и постройку мечетей требуется разрешение Степного генерал-губернатора. Между тем, не только не разрешается открытие новых школ и постройка мечетей, но администрация закрыла существующие школы при мечетях в гг. Семипалатинске и Кокчетаве.

По этому же Степному положению ведение метрических книг находится в руках аульного (сельского старосты) почти всегда безграмотного.

При получении заграничного паспорта крестьянские начальники задерживают за недоимки, остающиеся за обществом и волостью.

Ввиду изложенного необходимы свобода совести, свобода вероисповедания, организация особого для киргиз Степного края выборного духовного управления независимо от ведомств, установление явочного порядка постройки школ и мечетей и отмена цензуры на духовные книги на киргизском, татарском и арабском языках, передача метрических записей в органы духовного управления и установление законного порядка выдачи заграничных паспортов.

2. С 1902 г. в Степном крае открыты так называемые аульные школы для киргизских мальчиков. В этих школах преподавание ведется на киргизском языке, киргизы просили, чтобы в означенных школах преподавалась также киргизская грамота, но в этом им было отказано. В школах этих учат киргизских детей писать киргизские слова русскими буквами, которые не передают киргизской фонетики. Отказ в ходатайстве иметь учителя для преподавания киргизской грамоты и введение русского алфавита в киргизское письмо киргизы поняли в том смысле, что аульные школы преследуют не цели просвещения, а чего-то неизвестного, и вследствие этого они отказались отдавать своих детей в эти школы. Первый комплект учеников в аульные школы набирался под давлением административных властей из детей бедных киргиз или из сирот, родственникам которых общество отпускало особую сумму, т. е. учеников в аульные школы нанимали. С начала 1880-х гг. во всех городах Степного края существовали интернаты для киргизских детей, где при среднем комплекте на интернат 30 человек жили 300 человек, которые учились в приходских и городских училищах. В 1890 г. интернаты были преобразованы в сельскохозяйственные школы, в которых не было и до сих пор нет никакой потребности в степи. Несмотря на 15-летнее существование сельскохозяйственных школ из них не вышел ни один сельский хозяин и ни один профессиональный работник по сельскому хозяйству. Как ученики сельскохозяйственных школ, так [и] ученики бывших интернатов составили контингент интеллигентных киргиз, в чем нельзя не видеть потребности в киргизской степи в общем, а не профессиональном образовании.

С 1890 г. упразднен киргизский пансион при Омской гимназии, в котором воспитывались 25 человек. Немногие киргизы, получившие высшее образование, воспитанники этого пансиона. Ученики упомянутых интернатов и сельскохозяйственных школ продолжали свое образование в Омской центрально-фельдшерской и ветеринарных школах.

Киргизские дети с закрытием гимназического пансиона потеряли возможность поступить в гимназию, следовательно, получать высшее образование. Местная администрация, в распоряжении которой находятся

киргизские стипендии, находит возможным выдавать эти стипендии не киргизским детям, а детям других сословий. Между тем, спрос со стороны киргизского населения на образование огромный, о чем свидетельствует масса киргизских детей, обучающихся в городских училищах на свои средства, несмотря на обременительность этого расхода для киргизского скотоводческого хозяйства.

Ввиду изложенного необходима правильная постановка просветительного дела в киргизской степи, для чего нужны: допущение в аульных школах преподавания киргизской грамоты, преподавание в этих школах на языке детей и обязательное изучение государственного языка, восстановление упраздненных интернатов и пансиона при Омской гимназии, а также открытие пансиона для киргизских детей при Семипалатинской гимназии, увеличение числа существующих стипендий для поступления в профессиональные школы и в высшие учебные заведения. Для немедленного удовлетворения вышенамеченных просветительных нужд мог бы служить земский капитал киргиз Семипалатинской обл., достигший 80 000 руб. и находящийся в распоряжении местной администрации, которая беспроцентно ссужает этим капиталом третых лиц, например, выдана беспроцентно ссуда в размере 47 000 руб. на 23 с половиной года на постройку дома для военного губернатора Акмолинской обл.

3. Для выяснения текущих нужд киргизского народа необходимо издание газет на киргизском языке, для чего требуется установление явочного порядка на издание газет без предварительной цензуры и на открытие типографии.

За последние 15 лет происходит колонизация Степного края. С каждым годом земли, находящиеся в пользовании киргизов, уменьшаются. Скотоводческое хозяйство по существу своему не может быть экстенсивным и требует обширных пастбищ для своего существования. Под переселенческие участки отнимаются лучшие угодья и пресноводные источники, поэтому необходимо признать земли, занимаемые киргизами, их собственностью.

Управление Государственными имуществами в Степном крае производит отмежевание дач, единственного владения казны, при этом киргизы выселяют из их прадедовских зимовок. Ввиду этого необходимо, чтобы киргизы не выселялись при отмежевании указанных дач, и оставлялась защитная полоса, ширина которой должна быть определена при участии киргиз.

6. Действующее Степное положение не соответствует современным условиям киргизской жизни. Не вдаваясь в подробности, можно указать на ст. 120 Степного положения, по которому земли признаются находящимися в общественном пользовании, между тем зимние пастбища, называемые «кыстау», служат предметом дара или продажи по

желанию единоличного хозяина или нескольких кибитковладельцев, поэтому необходимо изменение Степного положения при участии депутатов из киргиз, без чего оно будет безжизненно.

В волостных канцеляриях делопроизводство ведется на русском языке. Вследствие отсутствия контроля со стороны населения, последнее служит предметом эксплуатации писаря волостного управителя (волостного старшины). По особому распоряжению Степного генерал-губернатора приговоры и решения на чрезвычайных съездах народных судей пишутся на русском языке, что ведет к необычайному злоупотреблению писаря, вследствие отсутствия контроля судей и сторон. По штату действующего Степного положения полагаются переводчики киргизского языка в уездах и областях правления. Между тем, местная администрация должность переводчика замещает русскими чиновниками, не знающими киргизской грамоты, иногда языка, прибегая в случае надобности к услугам третьих лиц. Иные крестьянские начальники не принимают прошения на киргизском языке, что заставляет киргиз обращаться к подпольным адвокатам без всякой пользы для своего дела.

В интересах киргиз необходимы: введение делопроизводства в волостных канцеляриях и в народных судах на киргизском языке, замещение должности переводчиков людьми, знающими киргизский язык и грамоту, восстановление нарушенных прав киргиз подавать прошения на своем родном языке.

Необходимым условием правильного отправления правосудия является знание судом языка народа, которому он служит. Между тем, в киргизской степи служат судьями и следователями русские, не знающие язык народа, а киргизы-юристы почему-то не назначаются в уезды с киргизским населением, отчего страдает дело правосудия в Степном крае.

Поэтому необходимо, чтобы судьи знали киргизский язык и чтобы был введен суд присяжных в киргизской степи.

В 1902 г. в Степном крае стал действовать институт крестьянских начальников, которые, не принося никакой пользы населению, увеличили число чиновников. Вместо одного уездного начальника на уезд стало их четверо, отчего увеличились административные стеснения населения. В 1905 г. обещан также институт урядников, в услугах которых степь никогда не нуждалась и не нуждается.

Ввиду этого необходима отмена институтов крестьянских начальников и урядников.

На основании 17 ст. Степного положения Степной генерал-губернатор имеет право высылать киргиз в административном порядке. Так как от применения означенной статьи пострадала масса невиновных лиц, то в интересах законности и права необходима отмена этой статьи с установлением законной ответственности за преступление перед судом.

11. Высочайшим Рескриптом 18 февраля текущего года» царь наш с высоты Престола возвестил, что он созывает «достойнейших доверием народа облеченных людей» в русское законодательное собрание. Для защиты интересов и прав киргизского народа необходимо участие его депутатов в означенном законодательном собрании.

Подлинная за подписями 12 767 лиц.

ЦГА РК. Ф.И-64. Оп.1. Д.2053. Л. [10-14].

№5

Прошение казахов министру внутренних дел об утверждении петиции, расширяющей их права

[Семипалатинская обл.]

[Не ранее 26 июня 1905 г.]

Вследствие Высочайших Указов имеем честь покорнейше просить Ваше Высокопревосходительство об утверждении нижеследующей нашей петиции в законодательном порядке.

Содержание петиции:

Народ киргиз назвался бы, т. е. именовался мусульман – киргиз, с освобождением от воинской повинности.

Киргиз подчинить Оренбургскому духовному собранию 13, как это было до 1868 г. со всеми его правилами и с прибавлением ныне просимых казанскими мусульманами правил.

Разрешить киргизскому народу сооружение мечетей, медресе, свободное отправление богослужения с преподаванием в медресе арабского, персидского и турецкого языков и сооружений среди киргиз типографий для издания газеты и книг.

Начальники над киргизским народом знали бы киргизский язык. Назначение и устранение совершилось бы по выбору представителей общества киргиз. Вместо нынешних крестьянских начальников были бы мировые посредники. На эту должность назначить из киргиз с достаточным образованием.

Все делопроизводство велось бы на киргизском диалекте, а также все писаря и стражники, рассыльные назначались бы исключительно из киргиз.

6. Волостные управители, народные судьи, аульные старшины и выборные выбирались [бы] по ныне существующему правилу. Эти должностные лица должны быть грамотными и при вступлении в отправление своих обязанностей должны быть присягаемы во избежание

злоупотреблений: удаление от должности их зависело бы по большинству голосов населения.

7. Участковые мировые судьи в киргизском населении знали бы киргизский язык. Следствие было бы без переводчика.

8. Во время производства следствия со стороны обвиняемого участвовал бы его защитник.

9. При окружном суде были бы присяжные заседатели.

10. Был бы устранен порядок административной высылки киргиз без суда и следствия.

11. Киргизские народные судьи подчинялись бы министру юстиции.

12. Изъять из ведения биев (народных судей) дела: брачные и наследственные, которые всецело подчинить разрешению муллы по шариату.

13. При представлении выборных должностных лиц на утверждение военного губернатора начальник, участвовавший на выборах, совещался [бы] с ахуном о том, кто именно достоин быть утвержденным на известную должность.

14. Следующие с населения киргиз подати и повинности раскладывались бы самим населением без указания администрации.

15. Земли при р. Иртыш, которые с давних лет состояли в пользовании киргиз как родовые, а затем перешедшие в пользу войска, а также земля, принадлежащая в пользу (войска) ведомства кабинета Его Величества, находящаяся в пользовании киргиз, оставалась бы в вечном владении ранее занимаемых киргиз, как их родовая.

16. Киргизские зимовые стойбища и летовки по прежнему обычаю оставались в своем пользовании.

17. Открытие в горных степях на землях, принадлежащих киргизскому населению, горнопромышленного дела было бы предложено самим владельцам земли, киргизам открыть заводы, производить окопы и т. д.¹ Если они откажутся от такого предприятия, то тогда лишь предоставить право пользование таковыми рудами другим лицам с тем, чтобы последний платил бы аренду с десятины.

18. Предоставить право киргизам на необходимые надобности: лесными материалами, рыбой и пр.

19. Находящиеся в районе киргизских территорий соляные рыбные озера оставить в пользовании киргиз. Выдача в аренду означенных озер производилось бы доверенными [или] уполномоченными из одного уезда.

20. Вырученные деньги от аренды соляных и рыбных озер должны поступать в депозит общества киргиз целого уезда, которые и должны быть употребляемы на нужды населения того же уезда киргиз, как-то на заготовку продовольственных запасных складов по соглашению общества.

21. Порядок содержания духовных лиц киргизского населения был бы принимаем, т. е. принимаем порядок казахских мусульман.

22. Совершить ходжат, паломничество в Каабе [можно] было бы свободно.

23. В приобретении билетов-паспортов хафрии пользовались бы правами православных паломников, как [в отношении] стоимости билетов, так и безопасности в дороге.

24. Воспрещено было бы посещать население киргиз миссионерами.

25. Не было бы дозволено киргизам переходить из магометанского в другое какое-либо вероисповедание, в особенности не знающему ту и другую религиозную обрядности и не достаточного совершеннолетия. В случае разрешения знающим обе грамоты и достаточного совершеннолетия, то в таком случае было бы дозволено переход из других вероисповеданий в магометанское, разрешено было бы переходить обратно в магометанское вероисповедание и все права как киргиз тем, предки которых были мусульмане, а ближние колена переходящие в христианство, а также не принуждать киргиз исполнять старые обряды.

26. Бракосочетания и разводные дела были бы изъяты из ведения губернаторов и уездных начальников.

27. Администрация не вмешивалась бы и не требовала бы сведений о таком деле.

28. Были бы дозволены вакуфы в пользу мечетей и медресе.

29. Было бы предоставлено право киргизам сделать вакуф занимаемой им земли на срок до упразднения действий сего положения.

30. Киргизы пользовались бы правами наравне с православными в отношении приобретения земли во всех уездах, областях, губерниях империи, а также занятии государственной службы.

31. Духовные лица имели бы равные с православными пастырями почеты.

32. В школах было бы обязательным условием: сначала преподавание киргизским ученикам магометанского духовного молитвенного урока, пяти главных обязательных уроков для богослужения до совершеннолетия учеников, а затем уже преподавались русские грамоты с тем, чтобы преподавание мусульманских духовных уроков не оставалось до оставления учеником школы.

33. В школах не преподавались бы христианские духовные уроки.

34. Донесение ближних начальников, сделанных высшему начальству о подведомственных им киргизах, содержание таких донесений всегда доводилось бы до сведения киргиз, по которым иметь бы возможность представлять свои возражения, так как в прошлые времена о киргизах давались сведения самые неодобрительные, т. е., что, дескать, киргиз – вор, киргиз – сутяга, киргиз – лгун, киргиз – лентяй, [что, конечно, способствовало некоторому охлаждению]² между высокопоставленным лицом и бедным киргизским населением. На самом деле из всех

подданных Царя киргизы есть народ самый неприхотливый, терпеливый, всепрощающий, немстительный и в высшей степени простой, всегда душою повинующийся повелению Царя, хотя иногда приходится против их религиозной и телесно душевным отношением противно³.

35. Были бы приглашены из киргиз уполномоченные депутаты на совещания, проектирующие новое положение.

36. Депутаты киргиз участвовали бы в Государственном Совете, когда коснется вопрос о киргизах.

37. Предполагаемое новое положение утвердилось бы на сто лет.

38. В последние 20 лет отобранные от киргиз земли для переселенцев возвратились бы старым владельцам киргизам, а за возведенные постройки переселенцев вознаграждение давалось бы из земского капитала.

39. [Если] где-либо окажутся пустопорожние земли около киргиз, то таковые земли отводились бы исключительно мусульманам из России или Кавказа для совместного дружного ведения жизни единоверцев.

40. Дарованные прежними царями, ныне почему-либо отобранные у киргиз, земли отдавались бы обратно наследникам прежних владельцев, хотя земли эти ныне находятся в пользовании казны или частного лица.

41. Мечети, прежде сооруженные Великим Государем Императором, а также и медресе для киргиз, которые ныне совершенно разрушены или пришли в ветхость, были бы или снова построены или [отремонтированы по старому плану, [что]⁴ более увеличит любовь народа к Великому нашему Монарху.

42. Не было бы в киргизах партийной вражды из-за кандидатуры на должность туземной администрации. Для искоренения этого зла применено было бы следующее: если в одной волости партии сильно возбуждены одна против другой, то тогда выборных этой волости лишить права избрания своих новых должностных лиц, заменить этих выборных другими, приглашенными со всего участка выборными из других соседних волостей, число которых равнялась бы числу лишившихся выборных. Выборные вызывались [бы] по жребию по равной части из каждой волости, на этом съезде из партийной⁵ волости быть никто не должен. Расходы вызванных выборных взыскались [бы] с главарей партии по усмотрению начальника.

Дела же, касающиеся выборов начальника, вытребовались бы заблаговременно. Кроме того, на этом съезде не должны являться сторонники тех добывающихся, устранение таких явлений подлежало бы усмотрению начальника участка и ахуна, при выборах присутствовал бы и ахун.

43. Пресечение воровства и другие неблагоприятные дела подлежали бы рассмотрению народных судей Чрезвычайного съезда, которым и предоставлено бы право меньшей меры – арест, большой меры – ссылка.

44. Чрезвычайные съезды были бы созываемы один раз в год, место съезда, время и срок действий такового были бы определены совещанием управителей участка. На этом съезде присутствовали бы начальник и ахун.

45. Волостной съезд биев решал бы дела на сумму до ста рублей, а аресту до трех месяцев, с тем, чтобы недовольная сторона могла бы дело перенести на Чрезвычайный съезд.

46. Были бы выбираемы в каждой волости сборщики, которые собирали известные проценты по шариату следуемого движимого имущества (замят, готурь, фытыр и другие обязательные подаяния), которые и употребляют на стипендию бедных учеников.

47. С совершенного убийства взыскивался бы кроме законной кары и кун по обычаю, при несостоятельности осужденного в каторжную работу за него вознаграждения давались бы из казны наследникам убитого. Примечание: если убийство киргиза совершено русским или другим – было бы применено вышесказанное.

Недоговоренное в сем имеет быть присовокуплено в земском собрании депутатам и приглашенным на таковые совещание.

Киргизы Семипалатинской обл. Павлодарского у. Атагазинской вол. Омархан мулла Мусафиров Семипалатинского у. Сейтекевской вол. Темиргали Нуркенов Каркаралинского у. Эдрейской вол. Апык Джалишарин

¹ Так в тексте

² В тексте «тем, «конечно», появлялось некоторые охлаждения».

³ В тексте «тем».

⁴ Так в тексте.

ЦГА РК. Ф.И-64. Оп.1. Д.5658. Л.17-20. Заверенная копия.

№148

2-5 тамыз 1917 ж. Ташкент қаласында өткен Түркістан аймағы қазақ-қырғыздарының жалпы жиналысы мен қабылданған қаулылары

20 тамыз 1917 ж.

Жиылыста әр облыстың, әр уездерден мына адамдар болды.

Сырдария облысы Әулие-ата уезінен: Қабылбек Сарымолдаев, Қашымбек Әлімбеков, Сейтжаппар Ибраһимов.

Қазалы уезінен: Ибраһим Қасымов, Уақбай Мырзаев, Ризул Тасбаев, Байқуан Байбосынов, Кішкентай Оралбиев.

Перовск уезінен: Махмұт Көшкенбаев, Зарқұм Қуанышев, Әшір Бердиев, Хожанан Сейітов, Нұрмұхамет Акатов, Бижан Жұмабеков.

Черняев уезі Түркістаннан: Мәулікүл Базаков.

Ташкент уезінен: Баймырза Қожабеков, Әбділрахим Божаев, Бедияр Ешбатыров, Әбділрахмен Досмұхамедов, Баймырза Хажибеков.

Ферғана облысы Әндіжан уезінен: Жұмағалы Қалмұқамедов, Құлзар Халбиев.

Наманган уезінен: Мұхамед Әділ Аралбиев, Абдулласул Халмырзаев, молда Бірхан Малласаламов.

Жетісу облысы Пішпек уезінен: И.Токтыбаев, М.Тынышпаев, С.Келгенбаев.

Жиылғандардың мақұл көргенімен жиылыс шақырушы бюроның ағзалары да дауысқа екі бөліп кірді. Барлық дауысты өкілдер 84 адам болды.

Жиылыстың құрметті председателі – Сұлтан Сейітжаппаров Асфендияров.

Председателі – Мұхаметжан Тынышбаев.

Оның серіктері: Ибраһим Қасымов, Алдабек Мангелдин.

Президиум члендері: Қоңырқожа Қожықов, Серікбай Ақасев, Әзімхан Кенесарин, Садық Өтегенов.

Секретарлар: Зұлқарнайын Сейдалин, Шәмерден Қапсаламов һәм Сұлтанбек Қожанов.

Қаулылары:

.....*

6. Мектеп мәселесі

1. Жалпы міндетті оқу аса керекті.
2. Бастауыш мектепте балалар ана тілінде оқытылатын болсын.
3. Оқу кітаптары һәм басқа баспасөздер болсын, бәрі де осы күнде «Қазақ» газетінің тұтқан емлесімен жазылсын.
4. Русско-туземный школдардың барлығы тоқтаусыз осы күннен жок болып орнына ұлт мектептері орналассын.
5. Орыс балаларымен бірге қазақ-қырғыз балалары да оқып жүрген орыс школдарында биылдан бастап, қазақ-қырғыз балаларына ана тілі һәм мұсылман діні оқытылсын.
6. Қазақтардың ашқан баспахана баспалары қазақ балаларының пайдалануында емес. Бұларды не болып, кім пайдаланып, қайда жүргенін біліп мағлұмат жиюға комиссия дайындалсын. Жиылған мағлұматтар Ұлыс мәжілістеріне тапсырылып, олар тоқтаусыз Земство алуын күтіп тұрмастан, жаңадан стипендия ақша берсін.

Бірлік туы. – 1917. –№6

*Құрастырушыдан: Жалпы жиналыс қаулыларының ішінен тіл тақырыбына қатысты қаулысы ғана алынып отыр.

**Из закрытого письма Г.А.Коростелова в ЦК РКП(б) об отношении
представителей казахской интеллигенции к введению нового
алфавита**

г.Оренбург 1 августа 1924 г.

Секретно

[...] Съезд киргизских научных литературных работников

В половине июня состоялся съезд научных работников киргизов из представителей Киргизии, Туркестана и Бухары в присутствии 19 чел., из которых [7] чел. было коммунистов. Среди делегатов были бывшие руководители Алаш-Орды – Бусейханов Алихан, Досмухамедов Халел и др.

1. О дополнении фонетики киргизского языка.

2. О киргизской азбуке.

После приветствий была предложена резолюция, одобряющая деятельность соввласти и осуждающая, в частности, националистическое движение Алаш-Орды. Враждебных выступлений не было, ибо уже в течение нескольких лет все наружно подчеркивают свою лояльность соввласти. Трений по предложенной резолюции тоже не было, а принята она была без возражений.

Особенно остро обсуждался вопрос второй, по которому г.Торекулов выдвинул предложение о введении латинского алфавита вместо арабского. Прения тут разгорелись между представителями молодого поколения киргизов, стремящегося освободиться от фактора, задерживающего развитие культуры Востока, и поколения старого, лелеющего свои охранительно-самобытные мечты, обособляясь от влияния западной культуры. Большинством, 11 чел., было принято предложение Байтурсунова, принадлежащего ко второй группе.

Упорно отстаивания арабского алфавита второй группой объясняется желанием удержать за собой последнюю цитадель, где они основательно засели в Научном совете Кирнаркомпроса.

[...]

**Ответственный секретарь Киробкома РКП(б)
[Г.Коростелов]¹**

Ф.139. Оп.1. Д.820. Л. 16 об. Отпуск.

¹ Подпись отсутствует.

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ТІЛ МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ ЖИНАҚТАРЫНАН АЛЫНҒАН МАТЕРИАЛДАРЫ

Емле туралы

(Қысқартылып басылды)

Емле конференциясы қарсаңында

Емле негізі 4 түрлі: 1) таңба жүйелі (негізі ынтымақ); 2) тарих жүйелі (негізі дағды); 3) туыс жүйелі (негізі тегіне қарай); 4) дыбыс жүйелі (негізі естілуіне қарай).

1. Таңба жүйелі емле – арғынға дөңгелек тауып алайық. Қыпшаққа «жіп» таңба алайық деген сияқты немесе «бірге» мынадай: «1» белгі, «екіге» мынадай «2» белгі алайық деген сияқты, не болмаса пәлен белгі алайық деп дыбыс басына әріп арнаған сияқты, тіл іліміне тіремей, тек ынтымақпен мына сөзді мынадай, ана сөзді анадай етіп жазайық деумен жасалатын емле жүйесі, емленің бұл жүйесін алып-алмау жағын сөз қылмай өтеміз, өйткені жоғарыда емлеміз қалай жасалса да, негізі тіл іліміне, тіл жүйесіне тіреліп отырып жасалу тиіс дедік.

2. Тарих жүйелі емле – баяғы бір жасаған түрінде қолданып, дағдыланғандықтан, тіл өзгерсе де, өзгерместен әдеттенген бойынша қолданылатын емле. Ондай емледе бір дыбысқа арналған әріп, тіл дыбыстары өзгеріп кеткендіктен, бірнеше дыбыстың ортасындағы орта таңба болуы мүмкін. Бір дыбысты жазуға бірнеше әріп жұмсалуды мүмкін немесе дыбысы жоғалып кеткен әлі күнге жоғалмастан сөз ішінде жазылып жүруі мүмкін. Емлеміз бұл жүйелі болу-болмауын тағы сөз қылмай өтеміз, үйткені дағдыланған емлеше жазамыз десек, емле мәселесі қозғалмас еді.

3. Туыс жүйелі емле – сөздің ауыздан шыққандай дыбыстарына қарамай, тегіне қарап отырып жазатын емле. Мәселен, ауыздан шыққанда «қорада бір қара ат тұр екен» деген «ат» деген сөздерді ауыздан шығуынша «қарат», деп жазбай қара ат» деп жазады. Сол секілді ауыздан шыққанда, «солай болсигеді» болып естілсе де, жазғанда «солай болса игі еді» деп, «болса», «игі», «еді» деген сөздердің тегіне қарап жазады. Бірақ осы күнгі емлемізше жазу бар болғандықтан, емленің бұл түрі сөз болуға тиіс.

4. Дыбыс жүйелі емле – сөздерді ауыздан шыққан күйінше жазатын емле. Сөйлегенде сөздер бір-біріне жалғаса айтылғанда ауыздан бір түрлі болып шығады, әр сөзді оңаша жеке алып айтқанда ауыздан екі түрлі болып шығады. Оның мысалын айқын түрде «ақ», «көк» деген сөздердің айтылуынан көруге болады. Осы сөздерді оңаша жеке түрінде айтсақ, ауыздан айнымай шығады. Сол араға «өгіз» деген сөзді жалғас айтсақ, әлгі сөздеріміздің аяғы айнып, екінші түрлі естіледі (Ақ өгіз – ағ өгіз, көк өгіз – көг өгіз).

Дыбыс жүйелі емленің сөйлегендегі ауыздан шығуынша жазу түрін тілдік ілім-білім жүзінде қолданбаса, өнер-білім жүзінде еш жұртта қолдану жоқ. Жеке айтқандағы ауыздан шығуынша жазу түрін біздің қазақ қолданып келеді. Сондықтан емлемізді туыс жүйесіне қатысқан жерлеріне қарамай, көпшілігіне қарап, дыбыс жүйелі деп атап келдік. Жаңа емлешілер емле үйренуге жеңіл болу үшін дыбыс жүйелі болу тиіс дейді: керек орындарға ғана туыс жүйелі (сөз жүйелі) болсын дейді. Бұрынғы емлеміз дыбыс жүйелі қандай керек орындарда кірісетіндігін жоғарыда айтып өттік. Олай болса жаңа емлешілердің емле жобасының бұрынғыдан басқалығы қай жерінде? Басқалығы мынадай: екі сөз, үш сөз жалғаса айтылғандағы дыбыстарының естілуінше жазу тиіс дейді (бұрынғы емлемізде әр сөз жеке айтылғандағы естілуінше жазылатын). Бұл бір. Екінші, үйлес болғандықтан, бірінің орнына бірі алмасып айтылатын дыбыстардың тегі тексерілмей ауыздан шығуынша жазылсын дейді. Бұрынғы емлемізде ондай дыбыстар ауыздан шығуына қарамай, тегіне қарап жазылатын. Мысал үшін бұрынғы емлеше жазу мен жаңа жобаша жазылу арасындағы айырымын бірнеше сөз алып көрсетіп өтейік. Алдыңғысы бұрынғыша, соңғысы жаңаша жазылған сөздер болады: Тұрғанбай – Тұрғамбай, қонған – қоңған, көнген – көңген, інге – інге, бара алмайды – баралмайды, келе алмайды – келалмайды, келе алмай тұрмын – келалмайтұрмын, бүрсі күні – бүрсігүні, бұрнағы күні – бұрнағыгүні, жазды күні – жаздыгүні, тұзсыз – тұссыз, бассыз, басшы – башшы, ізші – ішші, қазса – қасса тағы сондайлар.

Мұнымен емле үйренуге оңай бола ма? Көз тануына, қол жүруіне жеңіл бола ма? Басқа түріктерге түсініктірек болып жақындар ма? – Жоқ. Олай болса, бұрынғыдан мұның несі артық дей аламыз? Емлені бұрынғысынан артық болғандай етіп өзгертуге мағана бар; бұрынғысынан төмен болғандай етіп өзгертуге мағана да, мақсат та жоқ. Кілең туыс жүйелі болсын дейгіндер де алдарында неге барып қамалатындарына не көз салмайды-ау деймін.

Кілең туыс жүйелі емле болсын дегенде, «балалы», «тұзлы», «атлы», «баланы», «тұзны», «атны» деп жазатын болмақ. Бұлай жазу қолайлы болып табылар ма? Кілең дыбыс жүйелі болсын дегенде «сөзшен» дегенді «шөшішең» деп, «ізшілер», «ісшілер» деген сөздердің екеуін де бірдей «ішшілер» деп, «кигізсе» дегенді «кигіссе» деп, «кигізше» дегенді «кигішше» деп, «жазса» дегенді «жасса» деп, «қызса» дегенді «қысса» деп, «сезсе» дегенді «сессе» деп жазатын болмақ. Бұлай жазу қолайлы бола ала ма? Екі жүйені де аралас тұтыну керек деушілер, керегіне қарап екеуін де тұтыну керек дейді. Солай дейді де, мынау сөзді мынадай, анау сөзді анадай етіп жазайық деп, сөз басына ереже жасайды. Сөз басына ереже жасайтын болсақ, ондай емле қолайлы, оңай емле болып табылар ма?

Одан басқа тағы бір байқалып тұрған нәрсе-сөздерді қосып жазуға құмарлық. Ол құмарлықтың ар жағы неге барып килігетіндігіне тағы көз салынбайды-ау деймін. Мәселен: «бара алмайды» дегенді «баралмайды» деп жазу керек дейтін бар. Бұл қосылып айтылып тұрған сөздердің біреуі көсемше етістік, екіншісі көмекші етістік екен. Бұл екі түрлі етістіктің бірлесіп айтылуы ылғи бір көсемше, бір көмекшіден болып отырмайды.

Онан көбірек болып бірлесетін орындары болады. Менің ойымша, копа қардай етіп емле жүйесін өзгертеміз демей, бұрынғы емленің кеміс жерлері болса, соларын тексеріп, соларын ғана түзеу. Басқа түріктерге жазу тіліміз түсінікті болу үшін мүмкіндігінше жанастыру жағына қарап икемдеу. Осы күнге дейінгі тұтынып отырған емлеміздің кемшілігінің бәрін түзеп, жоғарыда айтылған туыс жүйелі емленің де, дыбыс жүйелі емленің де түкпіріне қамалмай өтетін екеуінің арасынан жол тауып беретін төменгі ұсыныс болады деймін:

1. Әрбір өз алдына түбірі бар сөз оңаша айтылғандағы естілуінше жазылу.
2. Азған сөз азған күйіндегі естілуінше жазылу.
3. Үйлестіктен дүдәмәл естілетін болған дыбыстар айқын орындардағы естілуінше жазылу.

4. Қосымшалар қосылатын сөздермен бірге жазылу.

5. Қосалқы сөз, қос сөз, қосар сөз, қосынды сөз бәрі де қосарлық (-) белгімен жазылу.

6. Жалғаулықтар бөлек жазылу орындарынан басқа жағы жалғау ережесінше болады.

7. Үйір айтылатын зат есім мен сын есім бөлек жазылу. Қосынды сөзге айналғандары басқа қосынды сөздерше қосарлықпен (-) жазылу. Сын есімнің шырай күшейткіштері де қосарлықпен (-) жазылу.

8. Көсемше, көмекші етістіктер бөлек жазылу.

Мұның әрқайсысын бас-басына баяндасақ мынау болады:

1. «Әрбір түбірлі сөз» дегенде мағана жағынан алмай, тұлға жағынан алып, өз алдына түбірі бар сөзді айтып отырмын. Қазақ тілінде екі сөз, үш сөз, төрт сөз қатта бес сөз бірлесіп, бір ұғым, бір мағаналы болып келуі жиі ұшырайды. Мәселен, «кете берер», «кете берер ме?», «кете берер ме екен?», «кете бере алар ма екен?», «кете бере алмай отырғанымды-ау».

Осыларды бірге айтылғанына қарай біріктіріп, тұтастырып айтып, естілуінше тұтастырып жазу емлені оңайлатпайды. Сондықтан әрқайсысын түбір-түбірімен айырып алып, оңаша шығарып айтып, сондағы естілуінше айтамыз.

Осылай жазғандар үйренуге де, көз тануына да, басқа түріктер оңай түсінуіне де жеп-жеңіл болады.

2. «Азған сөз», дегенде «үйтіп», «бүйтіп», «сүйтіп», «әйтседе», «әйтпесе», «бұрнағы», «бүрсі», «белбеу» деген сияқты сөздерді айтамын.

Сөздің азып өзгеруі бар, айнып өзгеруі бар. Соңғысы дыбысы айнып, бірде олай, бірде бұлай айтылуынан болатын өзгеріс. Солай болған соң күйінде айнымай қалатын сөзді айтамыз.

3. «Үйлестікпен» дүдәмәл естілетін дыбыстар деп б-п-т-д-ж-ш-с-з-ш-з-с-н сияқты айтылуында ұқсастық, үйлестік бар дыбыстар жанындағы басқа дыбыстардың әсерімен күңгейленіп немесе өздері қатар келіп, бірін-бірі күңгейлеп не болмаса біріне-бірі үйлес болған соң бірінің орнына бірін алмастырып айтуы мүмкін болатын орындарды қайсысы екені ашық айтылмайды. Сондай орындарда күңгейленбейтін айқын жерде келтіріп айтып, сондағы естілуінше жазу. Мәселен: «Қасекең сау күндегі әнге басты» дегенде «басты «деген жіктеу жалғауында «т» естіле ме, «д» естіле ме? – дүдәмәл, ашық емес. Қасындағы «с» дыбысының әсерімен күңгейленіп анық естілмей тұр.

Күңгейлеп тұрған дыбыстар аулақ, басқа жерге қойып айтып көру керек. Мәселен, «Қас екең сау күндегі әнге алды» десек, қай дыбыс екені анық естіледі сол сияқты септеу жалғаулары да көмескі естіліп, дүдәмәлдік болады. Мәселен: бастың ба? – басдың ба? басты ма? – басды ма? баста ма? – басда ма? бастан ба? – басдан ба? Дүдәмәл, анық емес. Мұнда да әлгідей жалғауларды әсер етіп тұрған дыбыстан құтқару үшін аяғында әсер етпейтін дыбыс бар сөздерге жалғап қарау керек. Мәселен, балдың, малдың, қардың, қаздың, балды, малды, қазды, қарды, балда, малда, қарда, қазда, балдан, қардан, қаздан. Қай дыбыс екені мұнда анық естіліп тұр. Бұлар үйлер дыбыстар, басқа дыбыстардың әсерімен күңгейленгенде болатын дүдәмәлдік.

Енді үйлес дыбыстардың әсерімен күңгейленгенде болатын дүдәмәлдікті мысалмен көрсетелік: «мылтық атты». Мұнда да жіктеу жалғауы не болатыны дүдәмәл болып тұр: -ты ма? - ды ма? белгісіз, анық емес. «қымыз ашшы», «су кешше», «киім пішше», «құс ұшша», «құлын қашша» аяғына қосылып тұрған рай белгісі дүдәмәл: ше ме? са ма? ша ма? бұлар үйлес дыбыстардың бірін-бірі күңгейлеуінің бір түрі. Бұлардың анығына жету үшін алдыңғы айтылған әдіс істеледі. Мәселен, «мылтық алды» десек, не жалғау екені ашылады. «Қымызға қанса», «су сепсе», «киім кесе», «құс қонса», «құлын қуса» дегенде рай белгісінің қандай екені анық ашылады. Үйлес дыбыстардың бірін-бірі күңгейлегенде болатын дүдәмәлдіктің екінші түрі бар. Олар мынау сияқтылар: «құрған тешше», «басқан ішше», «төккен тұсса», «тұздақ тұссыз», «қазан ашшы», «нан кешші», «көссіз көбелектей», «ішшілер ізіне түсті», «ішшілер ісін тоқтатты», «башшылар баж басты», «башшылар алға түсті».

Сөздің бұл жалғауларында емес, негізіне әсер ету, негізін күңгейлеу болғандықтан, сөздің негізін айқын шығарып, айтқандағы естілуінше жазу. Үйлес болғандықтан, бірінің орнына бірі айтылу мүмкіндіктен

болатын дүдәмәлдік мынау сияқтылар: Қорғамбай – Қорғанбай, Арғымбай – Арғынбай, Тасқымбай – Тасқынбай, қоңған – қонған, жоңған-жонған, жаңған – жанған, көңген – көнген, өңген – өнген, міңген – мінген, сенген – сөнген, күңге – күнге тағысын тағы сондай сөздер. Бұлардың қайсысы дұрыс? Әрине, соңғылары дұрыс. Үйткені, «қорғам», «арғым», «тасқым» деген сөзден шықпағаны, қорған, арғын, тасқын деген сөздерден шыққаны көрініп тұр. Онан кейінгілеріне келсек, бұларда әсер етіп тұрған «ғ» мен «г» дыбыстары.

Олардың әсерінен құтылса болғаны, дүдәмәлдік жоғалады. Мәселен, «қоныс», «қондық», «жону», «жондым», «жанып», «жанды», «көніп», «көнді», «өніс», «өнім», «мініп», «мініс», «сеніп», «сенім», «күнде», «күндік» дегенде, дүдәмәлдік жоғалып, «н» немесе «н» екені анық көрініп тұр.

4. Қосымшалар дегеніміз – жұрнақтар мен жалғаулар. Олар бұрын да солай (бірге) жазылатын.

5. Қосалқы сөздер (демеулер) білімпаздар сиезіне дейін қосарлық белгімен жазылып жүрді. Білімпаздар сиезі бөлек жазылсын дейді. Оқу жағына қолайсыздық ететін болған соң енді қосарлықпен (-) жазылуы қолайланып тұр. Қосарынан айтылатын қос сөз, қосар сөз – бұлар бұрын да қосарлық (-) белгімен жазылатын. Бұлар туралы өзгеріс жоқ. Мәселен: құрт-құмырысқа, бақа-шаян, аяқ-табақ, төсек-орын, бала-шаға, келін-кепшек, қысылып-қымтынып, құрап-сұрап, артып-тартып, ырғап-жырғап тағысын тағы да сондай сөздер бұрын да осылай қосарлық белгімен жазылатын.

Қосынды сөз бұрын «Тіл құралда» қос сөздің біріне саналып, жалқылаушы қос сөз деп атанып келіп еді. Былтырғыдан бері атын ықшамдау үшін, балаларға үйреткенде жеңіл болу үшін қосынды деп атайтын болды. Балалар үшін шығарған «Тіл жұмсар» кітапшаларда солай аталған. Бұлай бір өңкей болса, қосыла жазылатын, бір өңкей болмаса, араларынан қосарлық (-) белгісі қойылып жазылатын. Мәселен, қолғап, жүк-аяқ, төсек-ағаш, тұс-киіз, тұстартпа, келі-саб, балтасап, қаламсап, қаласбас, қазоты, Ақ-төбе, Ақмола, Қызылжар, Атбасар тағысын тағы сондай сөздер. Енді бұлардың бәрі де қосарлықпен (-) жазылады.

6. Жалғаулықтар бұрыннан бөлек жазылатын. Олардың жазылу жағы солай қалады. Мұнда қосымша ескерту есебінде айтылып отырған бөлек жазылуынан басқасы жалғау ережесінше деген сөз. Олай айтылып отырғаны мынау: жалғаулықтардың кейбіреулері алдыңғы сөздің аяғындағы дыбыстың әсерінен жалғауларша айниды. Мәселен «менен», «мен», «бенен», «бен» болып айтылғанда бұлардың арасында дүдәмәлдік жоқ. «бенен», «бен» алдындағы дыбыстың әсерімен «пенен», «пен» сияқты болып естілгенде дүдәмәлдік туады. Сондай жерде анығын жалғаулардың дүдәмәлдігін ашатын жолмен айыруымыз керек.

7. Үйір айтылатын сөздер бұрыннан бөлек жазылатын. Мәселен: бұл ат ала байтал, ақ нар, құла құнан, тоз шелек, жез құман, күміс жүзік тағысын тағы сондай сөздер. Үйір сөзден қосындыға айналған сөздер туралы көрсетілген белгілі жол жоқ еді. Сондықтан бұларды әркім әр түрлі жазуы мүмкін еді. Енді бұларға да тәртіп жасау үшін ашық айтылып отыр. Үйір сөздің қосындыға айналғаны да қосарлықпен жазылады дегенде төмендегі сөздердің төмендегіше жазылуы айтылып отыр: ақ-сақал, ала-бота, сасық-қурай, май-шағыр, боз-жусан, боз-торғай, боз-бұға, кара-құс, көк-құтан, ақ-қу, ала-қарға, қара-қарға, торы-ала қаз тағысын тағылар осылай қосарлық (-) белгімен жазылады.

Шырай күшейткіштері деп таңдаулы шырайдың басына сөздің өзінен алып күшейту үшін қосатын буындар айтылып отыр.

Мәселен: қып-қызыл, сап-сары, үп-үлкен, ып-ықшам, ып-ыңғайлы, біп-биік, сып-сида, шіп-шикі тағысын тағы сондайлар. Бұлар бұрын да солай жазылатын, қосып жазу керек деушілер болғаннан мұндай сөз болып отыр.

8. Көсемше, көмекші етістіктер бұрыннан жазылатын. Онда өзгеріс жоқ. Тек бір жазу керек деушілер болғандықтан, айрықша сөз болып отыр. Бұған қосымша түрде айтып ескертіп өтетін нәрселер мыналар:

1. Лепестен, лебізден шыққан сөздер шыққан лепес пен лебізіндегі айтылған қалпынан айнымай жазылу. Лепестен шыққан сөздер деп одағаймен бірлесе айтылатын сөздерді айтамыз. Мәселен: «Ой, пәлі», «А, құдай!», «А, пірім-ау!», «А, пірім-ай».

Лебізден шыққан сөздер деп «кет әрі», «әпер бақан», «көріпкел», «ұр да жық», «барса келмес», «найзамды әпер», «шаш ал десе бас алар» деген сияқты сөздерді айтамыз.

2. Есімшелі қосынды сөздер де қосынды сөздерше қосарлықпен (-) жазылады. Мәселен: Қой-бағар, Тай-мінер, Жылқы-айдар, Қой-айдар, Тау-соғар, Көп-жасар, Ит-алмас (жалқы есімдер), бір-санар, бір-тартар, бу-тартар, ат-шабар, бес-атар, құс-қонбас, ит-кірмес, жел-кесер (жалпы есімдер).

3. Дүдәмәлдігі ашылмастай орындарда сондай дүдәмәлдік ашылған орындағы тәжірибе бағытымен жазу. Мәселен: «аспан ба?» «асбан ба?» - дүдәмәл екен, жоғарыдағы айтылған жолмен айқынға шығарып алу болмайды екен. Сол сияқты сөздер өте көп болмағанымен, қазақ тілінде ұшырайды: дұспан-дұсбан, оқпан-оқбан, кетпен-кетбен, шекпен-шекбен тағысын тағылар.

Бұлардың «п» мен «б» дүдәмәл болған орындағы ашылуы ылғи «б» жағына болғандықтан, «б»-мен жазу. Түбін қарап тексергенде де, солардың көбі «б»-мен жазуға тиіс болып шығады. Мәселен: «асбан», «дұсбан», «данышбан», «кетбен» деген сөздер «асман», «дұшман»,

«данышман», «кетмен» деген сөздерден шыққан: «м» дыбысы «б» дыбысымен алмасып отырады. «Қақбан», «қақба», «қақбак», «өкбе», «оқыбан» секілді сөздерде «қақбан», «қақба», «қақбак», «өкбе», «обқан» дегеннен дыбыстары алмасу мен «б» дыбысты сөз екені көрініп тұр.

4. «ІІ» әрпі бітеу буындарда да қалмай жазылу, «қарт-қарыт», «арт-арыт», «жұрт-жұрыт», «сырт-сырыт», «құрт-құрыт» дегендегі сызықша мен қосақтап қатарлап қойған сөздердің айтылуы бірдей емес. Бітеу буынға «ы» жазсақ, бұлар бірдей жазылатын болады: бірдей жазылса, бірдей естіледі деген болып шығады.

5. «Асыу», «алыу», «барыу», «келіу» дене сөздерді «сұу», «шұу», «тұу» деген сияқты етіп, аяғына ұу келтіріп жазамыз деушілер бар. Олардың бәрі де жете тексермегендіктен айтылып отырған сөздер. «Алып» демей, «алұп» деп, «асыб» демей «асұб» деп, «барып» демей «барұп» деп, «келүп» демей «келұб» деп жазатын болсақ, алуу, баруу, келуу деп жазуға болады. Олай жазбай алып, асып, барып, келіп деп жазатын болсақ, «у»-дың алдына «ұ» (ү) жазудың орны жоқ. Мұндай «у» сөздің аяғына «б» есебінде құралып тұрған дыбыс немесе «алыс, беріс, барыс, келіс» дегендерді сөздердің ішіндегі «с» есебінде қосылып тұрған сөз. «Алыс» деген «алыу», «барыс» деген «барыу», «келіс» деген «келіу» деген сөздерден айырым аяқ дыбыстарында ғана, басқа жеріне айырым жоқ. Егер алұс, барұс, келұс деп жазсақ, онда «алуу», «баруу», «келуу» деп жазу дұрыс. Бірақ «алұс», «барұс», «келұс» деп атпаймыз ғой. Егерде «ұ» (ү) мен «ы» (і) дүдәмел естілетін болса, ол дүдәмелдік «ы» жағына қарай шешіліп отырады ғой. Мәселен «тан» деген, «таны» деген, «жан» деген, «жаны» деген, «тас» деген сөздерді алып, аяқтарына «п», «с», «у» қосып туынды сөз жасасақ, аяғы дауысты дыбыс болса, «ы» арқылы қосамыз: танып, таныу, таныс, жанып, жаныу, жаныс, тасып, тасыу, тасыс. Осында «у» дыбыстың келіп кірерлік орны бар ма? Қай жерден келіп кіріспекші?

6. р, л, у, и әріптерінің алдында «ы» әрпі жазылып-жазылмауы естілуінше: есілсе жазылады, естілмесе жазылмайды. Мәселен: лыпа, леп, лепес, лап қойды, лаулап жанды, лоқы, лоқылдап, Ленин, Лепсі деген сөздердің алдында келген «л» тап-таза «ы»-сыз естіліп тұр. Оған «ы» жазудың керегі жоқ. «Ылай, ылайық, ылаж, ылау, ілім, ілік, ылғи» деген сөздерде «л» алдында «ы» анық естіліп тұр. Егерде осы айтылған сөздердің өздерін дауға салушылар болса, онда әркімнің құлағы әр түрлі еститін болғаны немесе әркім солай естіледі деп ұғып әдеттеніп қалғаны. Ондай дау болған орында өлең өлшеуімен ашылады. Онан басқа ашылатын кілтін әзірге ешкім тапқан жоқ. Өлең арқылы тексергенде «р», «и» сөз басында тіпті келмейтін көрінеді, «у» жалғыз-ақ «уақыт» деген сөзде келетін көрінеді. Онда да қазақтың «уақытты» қысқартып

кей «ұуак» деп айтатындығынан немесе жазудағылар «уақыт» дегенге айналдырғаннан болады. Қалайда жалпы ереже бұлар турасында естілсе, «ы» жазу естілсе «ұ» «жазу, естілмесе жазбау. Мәселен: ұру, ұрықсат, дұрыс, ырыс, ырым, ырғақ, ыржаң, ірі, ірімшік деген сөздердің басында «ұ», «і» бар екеніне дау болмас. Болса қалай етеміз? – Әрине, өлеңмен болмаса басқа шара жоқ.

«И» дыбысы жалғыз-ақ «иә» деген сөзде келетін көрінеді. (Иәки де «иә»-мен тұқымдас). Оның өзінде оқығандар болмаса, жай қазақтар «жә» деп айтатын көрінеді.

«И» туралы жалпы ереже: естілсе «ы» жазылады, естілмесе жазылмайды. Даулы болса, өлең арқылы ашылады. Осымен емле ережесі туралы әңгіме бітеді.

Ахмет Байтұрсынов

Ұлттың ұлы ұстазы (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, агартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналады). Құраст.: В.Қ.Күзембаева. Алматы: «Комплекс», 2001, 128-137 б.

Байтұрсынұлы Ақыметтің араб әліпбиін жақтаған байандамасы

Байандама қазақ тілінде болсын дегендерге менің алдымдағы байандамашы орыс тілінде болсын, үйткені жұртты үгіттеу, үйіру үшін жасалып жатқан мәжіліс, орыс жолдастардың да қатысуы керек деп еді, үй-десе баянадамасы пән туралы емес, үгіттеу, үйіру түрінде болып шықты.

Мен мәселенің ілім мен іс жүзіндегі жағын алып сөйлемекшімін.

Ең әуелі аңғартып өтетін бір нәрсе сол – латын әрпін алу деген – тіршілік мұқтаж қылғаннан, ділгерлік қысып туғызып отырған мәселе емес.

Ділгерлік қыспақ түгіл, еш уақытта әншейін керек қылған нәрсеміз емес.

Керек қылмағанымыз – қажетімізге жарататын басқалардікінен анағұрлым артық әрпіміз болғандықтан.

Әліп-би деген асылында адам арқылы жетпейтін нәрсе емес. Әліп-бійде бірден мәдениет түрінің төбе басына шығарып жіберетін адам білместей айрықша қасиет те, жасырын сыр да болмасқа тиіс.

Әліб-бій деген тілдің негізгі дыбыстарына арналған танбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арналған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, соғұрлым әліп-би жақсы болмақшы.

Олай болса, әліп-би сынға түсіп жақсы-жаман жағы тексерілуге әбден келетін нәрсе болып шығады.

Қазақ алдақашан тілде қандай дыбыстар бар екенін айырған, әр дыбысқа белгілеп таңба арнаған. Оқуымызға онымыз жақсы, жазуға тағы жақсы, үйрету жағынан орыстікінен, немістікінен, француздікінен, ағылшындікінен оңай, оңтайлы.

Тағы немене керек?!

Жоқ! Араб әрпін тастап, латын әрпін алу керек, араб әрпі қолайсыз деп алдақашан аты шыққан әріп, онымен жақсылап емле түзуге болмайды, онымен баспа ісін жақсылауға болмайды, оны жазу машиналарына, осы күнгі шығып жатқан түрлі өнер құралдарына орнатуға болмайды, оларға араб әрпі ыңғайсыз дейді.

Солай деп әріп мәселесін алдымен қозғаған әзербайжандықтар ойлаған еді. Солай деп өздерін жаңашыл, өзгелерді ескішіл көретін біздің латыншылдарымыз да ойлайды.

Мұнда адасқандық болмаған күнде де анығына жетпегендік бар екені шексіз, өйткені іс жүзінде көріп отырғанымыз олар ойлағанындай емес. Сондықтан назарларыңды салыңқырап қарасандаршы деп айтуға хақымыз бар деп білемін.

Араб әрпінен жасап алған әліп-биімізге жер жүзінде әліп-би баласы жетпейді. Араб әрпімен түзеген емлемізге бізге мәлім емлелердің бірі жетпейді. Мұны ешкім бекер деп айта алмайды. Араб әрпін жазу машинасына, әріп теру машинасына орнатқанын көріп отырмыз.

Түзелген араб әрпі жазу машинасына бір түгіл, екі түрлі әріп қоюға болатын етіп отыр, әріп теру машинасында екі суретті әріп қоюға болатындығына көз жетіп отыр. Түзелген әріп терушілердің де бейнетін жеңілдетейін деп тұр. Бұрын қассы үлкен болған соң, тұрып теретін еді, енді қассы кішірейген соң, отырып теруге болады. Отырып терсе тез шаршамайды, шаршамаса жұмыс өнікті болады. Әрі қассы ұясы аз болған соң, теру оңайланады. Ол жағынан жұмыс тағы өнікті болады.

Осының бәрі араб әрпінің қай жағынан болса да, қалай жұмсаймын десе де келе беретін, көне беретін ыңғайлы, қолайлы әріп екенін көрсетеді.

* * *

Түрік жұртының 90%-і баяғыдан бері араб әрпін пайдаланып келеді. Өрқайсының араб әрпімен жасалған хат мәдениеті бар (хат мәдениеті деп әріпке қатысы бар нәрсенің бәрі айтылады, мәселен: сауаттылық, оның жүзіндегі дағдылы өнер-білім, ілім, емле, үйрету әдісі, баспа істері, баспа мамандары, жазба мамандары, жазылған, басылған барша сөздер, тағысын тағы сондайлар).

Хат мәдениеті бар халыққа бір әріпті тастап, екінші әріпті ала қою оңай жұмыс емес. Бірте-бірте барып алып кетуге бірталай уақыт керек, бірталай артық тұрған қаржы керек. Бірталай артық тұрған адамның

күші, ісі керек. Әуелі ондай қаржы, күш пен іс екі әріппен бірдей қатар оқыту, сауат ашу істеріне керек. Екінші, баспа дүкендерінде қатар дүкен құрылмақ, қатар жұмыс жүрілмек, басылып шығып жатқан нәрселердің бәрі екі әріппен бірдей басылып шығып тұрмақ. Мұның аты екі шығын болмақ, екі жұмыс болмақ. Артық қаржы, артық күш бұған керек.

Мұндай екі шығын, екі жұмысты көтергендей қаржы мен қайрат қазақ түгіл түріктің қай жұртында да болса жоқ.

Латын әрпін бірден алып, бірден соған түсіп кетуге, одан да көп қаржы мен қайрат керек. Ондай бірден табыла қоятын мол қаржы мен қайрат түрік жұрттарында тағы жоқ. Бірден мұғалімдердің бәрін латынша үйретіп, бірден баспаханалардағы әріптерді латынға айналдырып, адамдарын латынша үйретіп, оқу кітаптарын латынша бастырып, арабша сауаттыларды латынша сауаттандырып жіберу адамның керек қылуын былай қоя тұрғанда да, он шақты күнде, он шақты миллион қаржымен біте қоятын жұмыс емес.

Солай болған соң әріп алмастыру деген жеңіл мәселе болып шықпайды. Бұл – ел жағынан да, елдің шаруасы жағынан да ауырлығы зор мәселе екендігін еске алып отырып шешетін нәрсе. Үстін қарап, ат үстінен айтқандай, сөзбен, жеңіл шеше қоятын мәселе емес. Салақ қарауға болмайтын салмақты мәселе.

Латын әрпінің араб әрпінен гөрі көзге көрініп тұрған артықтығы, бадырайып тұрған пайдасы болса екен; онда ел көңілденіп, қолдап жебеп, көтермелеп бірдеме етер деп дәмеленер едік. Ондай артықтығы, пайдалылығы жоқ.

* * *

Араб әрпін латын әрпіне алмастыру мәселесі қозғалғаннан бері көп адам екеуін салыстырып, теңеп қарап, артық-кемін тексеру, зерттеуге түсті. Екі әріп те жеткілікті дәрежеде терең тексеріліп, терең зерттелді. Сол терең тексеру арқасында екі әріптің де бұрын назар салынбай, еске алынбай жүрген көп сындары, сипаттары көзге түсті.

Менің мұнан былайғы сөздерім – жалғыз өз пікірім, я өз тапқандарым емес, көптің көздеп, үңіліп, зерттегенінен табылған нәрселер. Екі әріпті теңестіріп, артық-кемін тексеріп, өлшеуге салғанда, таразының табан тірейтін нәрселері мыналар боларға тиіс:

1. – тіл дыбысына жеткілікті-жеткіліксіздігі қанша?
2. – қайсысымен басылған, я жазылған сөз оңай оқылады?
3. – қайсысымен жазу жеңіл, жазылғанын тану жеңіл?
4. – қайсысы баспаға қолайлы? (баспаға сыйымды болуы, жұмыстың өнімді болуы да сонда).
5. – үйретуге (сауат ашуға) қайсысы оңтайлы?

6. – көркемдік пен көзге жайлылық жағынан қайсысы артық?

Әуелі, тіл дыбысына жеткілікті болу-болмау жағынан салыстырып қарайық. Араб әрпінен қазақ әліп-биіне 14 әріпті өзгертпестен дайын күйінде алдық. 5 әрпіне ереже қосып алдық.

Латын әрпінен ең өзгертпестен алдық дегенде 15 әріп-ақ алған. Басқаларын өзгертіп алып отыр. Сөйтіп алғанда, 7 әрпі өзгертіп алуға жараған, басқалары тіпті жарамаған соң «н» мен «й» дыбыстарына ойдан шығарып, таңбаларын алып отыр. Бұған қарағанда тіл дыбысына жеткілікті болу жағынан араб әрпі артық болып шықты.

* * *

Оқуға оңай жағынан алып көрейік.

Оқу жағынан алғанда қандай әріппен басылған я жазылған сөз болса да сүгірет есепті. Бұ жағынан қытайдың сүгірет жазуы да, басқалардың әріппен жазылған жазуы да бірдей, жалғыз-ақ сүгіреттің құралған жөні ғана басқа. Сауаты ашылған адам жазылған я басылған сөзді әрпіне қарап оқымайды, бүтін тұрған сүгіретін танып оқиды. Таным адамды көргенде мынау пәленше, анау түгенше деген сияқты, әр сөзді тұрпатына қарап танып айтады. Неғұрлым сөз сүгіреті көзге елеулірек болса, соғұрлым жылдам танылып, шапшаң оқылмақшы. Әріп сөз сүгіретінің көзге елеулі болу, болмауына себеп болмақ, сөзді бірінен-бірін айыруға көмегі тимек.

Латын әрпінің асылы – екі түрлі сызық, тік сызық, сопақ шенбер сызық. Латын жүйелі әріптердің бәрі осы екі түрлі сызықтың түрліше үйлесіп құралуынан шыққан. Латын жүйелі әріппен басылған сөздердің жолына қарап тұрсаңыз, екі сызықтың арасымен теп-тегіс тартқан нәрсе сияқты болып көрінеді. Ілуде біреуі ғана болмаса, қатардан шығып тұратыны аз болады. Үстіне қоятын қосымша белгілері де аз болады.

Немістің Майман деген профессоры, басқа сондай сана заңын тексеріп, тәжірибе жасаған адамдар мынаны байқаған: басылған сөздердің ішінде не төмен, не жоғары сойдып қатардан шығып тұрған әрпі бар сөздер, немесе үстіне қойған қосымша белгісі бар әріп кіріскен сөздер тез танылып, шапшаң оқылады екен.

Араб әріптері өз ішінде сап түзеген солдат сияқты сымға тартқандай, екі сызық арасында қысылып тұрған әріп те болмайды. Жолы бір сызық бойымен тартылып, жалғыз сызықтан жоғары да, төмен де ылғи асып шығып отырады. Оның үстіне қойылатын қосымша асты, үстінде белгілері, нүктелері болады. Мұнда бірдейлік, бір өңкейлік, бір беткейлік жоқ. Мұның әріптерінің бірі биік, бірі аласа, бірі ұзын, бірі қысқа келіп, сөз әліпне айрың-үйрің ашық сүгірет береді. Бір жағынан онысы, екінші жағынан қойылатын қосымша белгілері сеп болып, сөз сүгіретін көзге елеулі етіп, тез танытады, тез оқытады. Әріптердің бір өңкей, бір беткей

тұру-тұрмауы оқуды ауырлату-жеңілдету жағына қанша сеп болатынын мынау мысалдан көруге болады.

Бір ыңғай, бір беткей қойған, бір өңкейленіп тұрған бірнеше таяқша сүгіреттерін алайық та, сонымен саны да, алатын орны да, бойы да бірдей бірақ қойылуы бір ыңғай, бір беткей емес, сондықтан олар өңкейленіп тұрмаған екінші таяқша сүгіреттерін алайық та, аналардың астына мыналарды қойып санап қарайық,

|||||

Қайсысы санауға оңай болар екен. Әрине, төменгісі санауға оңай.

||| |||||

Латын әрпінен басылған кітап я газетті алып, араб әрпінен басылған кітапты я газетті алып қарасаң, қайсысындағы сөздердің әріптерінің әлпі таяқшалар сүгіреттерінің қайсысының әлпіне ұқсайды?

Әрине, латындікі жоғары, арабтікі төменгі әліпті. Араб әрпінің ол артықтығы жалғыз баспада ғана емес, жазбада да артық болып тұрады. Өйткені араб әрпімен басылған сөзбен жазылған сөздің арасында айрымы аз болады. Онда оңай оқылса, мұнда оңай болады.

Жаман жазылған хаттарды айыруға келгенде де, араб әрпі латын әрпінен артық. Мұнда да әріптің тұрпаттары мен түрлі қосымша белгілері көп көмек болады.

Латын әліп-биіне ұлы әріп болатынын артықтығына дәлел еткісі келетіндер бар. Оның ұлы әрпінің пайдасынан зияны көп екеніне көз салмайтындар ғана солай ойлайды. Әріп санын көбейтетінімен, әріп қасаларын үлкейткенімен, әріп теру, жазу машиналарын қиындата-тынымен, сауаттандыру ісін ауырлататынымен ісі жоқ адамдар ғана латын әрпінің ұлы түрін ұлы қасиеті деп ойламақшы.

Балаларды орысша оқытып жүргенде ұлы әріпке қарғыс айтпасақ, алғыс айтпайтынбыз, әріп терушілер де ұлы әріпке алғыс айтпайтын шығар.

* * *

Жазуға қайсысы қолайлы? – енді сол жағына келейік.

Сөздік оқығанда тұтасынан оқысаң, жазғанда да көбінесе тұтасынан жазамыз. Сондықтан екі әріпті сынға салғанда әріп басының жазылуына қарамай, тұтас сөздің жазылуына қарай сын тағамыз.

Сауатты адам жазғанда қол дағдысымен жазады. Жазып отырғанда әр әріпті ойлап барып жазбаймыз, қолымыз дағдыланған күйімен өзі кетеді. Ойың әріп тізімінде болмайды, сөз түзуінде болады. Көз жазылғанның дұрыс-терісін бақылаумен ғана болады, неғұрлым сауаты көбірек ашылған адам болса, оның көз бақылауынан көрі көз дағдысы басым болмақ. Мұны дыбыс жүйелі емлесі жоқ жазудан көру қиын емес. Мәселен: «محمود» (Махмуд) деген сөзді жазғанда, қолың өзі жазып кетеді.

Оқыған уақытта адамның көзіне күш түсіп, етіне күш түспейді. Жазған уақытта көзіне күш түспей, етіне күш түседі.

Жазуға қай жазу ыңғайлы болатынын айыру үшін, басқа жұмыстар жүзінде қолға күш түсетін істерден жасалған ілім тәжірибелерін алып қарау керек болады.

Латын жүйелі әріппен жазылғанда қол қимылдау бағдары сағат тілінің жүретін бағдарына қарсы келіп отырады. Сол ыңғайына қарай жазу жолы да оңнан солға қарай жүреді.

Машина айналдырған жұмыскерге, қол машинамен тіккен әйелдерге қарап тұрсақ, бәрі сағат тілінің бағдарымен айналдырады. Қалай да қолмен айналдыра – үйілдіре қайта-қайта істелетін жұмыстардың бәрі де мәселен: инемен тігу, арқан есу бәрі де, сағат тілінің бағдарымен істеледі, оңнан солға қарай жүреді. Оның бұлай істелетіні қол талмау үшін. Қайта-қайта көбірек қимылдағанда ыңғайсыз жағына қимылдаса, қол тез талады. Мәселен: орысша жазғанда қолдың талғаны білінеді, қазақша жазғанда білінбейді.

Болонский деген орыстың тәрбие ғалымы қолдың әлгідей еткенде талмайтыны ұсақ бұлшық еттерінің бітісінен дейді. Менің оған қосатыным – қарды жаюдан, жию жеңілрек. Солдан оңға қарай жазғанда қол қардың жайылатын жағына қарай жылжиды, жылжыған сайын қиындайды. Оңнан солға қарай жазғанда, қол қардың жиылатын жағына қарай жылжиды, жылжыған сайын жеңілденеді. Қол тыныққан есепті болып, талмайды.

Олай болса, араб жазуын оңнан солға қарай жазылады деп айыптаушылар тесе қарап тексермей, құр босқа сөйлейді.

Қай жазумен жазғанда қолдың қимылдауы қандай болатынын да азырақ айтып өту тиіс болады.

Латын әрпімен жазғанда қолдың қимылының бәрі ірі, толық болып отырады. Араб әрпімен жазғанда стенограф жазумен жазған сияқты қолдың қимылы көбінесе ұсақ болып келеді. Ирегiнiң ұсақтығы жазуды жеңiлдeтiп, шапшаң жазуға қолайлы. Сондықтан да ұсақ иректi жазу стенографке алынған.

Араб әрпіне сын тағушылардың жаңа бір кінәлайтын жері – нүкте көптігі. Нүкте жазуды ауырлатуға себеп болатыны рас, бірақ ол араб жазуының өз басын оңаша алғандағы кемшілігі, латын жазумен салыстырғанда қол сермелеуі, барша нүктелерін қосып есептегенде, латындікінен 25-30% кем болып шығады.

Араб жазумен жазғанда жалғыз ғана қолайсыздық қылатын – цифр жазуы. Санды үлкендете атауымызға қарағанда, жазуымыздың оңнан солға қарай жазылатын бағдарына қарағанда, санның үлкенінің цифрлары оң жақта, кішілерінің цифрлары сол жақта болуы тиіс еді. Одан келетін

кемшілік аз болғандықтан, басқалардың ыңғайына қарап, көпке бірдей болатын ретпен жазып отырмын.

* * *

Жазу жайын сөйлегенде жазу машиналарын да сөз қылып өту қажет болады.

Соңғы кезге дейін араб әрпін жазу машинасына орнату ісі былай болып келіп еді: бір жағынан орыс машиналарының жүрісі араб жазуының бағдарына икемделуші еді де, екінші жағынан араб әрпі созылып, жиырылып, машина жүрісінің адымына икемделуші еді.

Бұл күнде Шайқали деген инженер әріпті емес, тек машинаны ғана әріпке ыңғайлайтын тетігін тапқан. Қазірде Қазанда машина жасайтын дүкен алып, әлгі инженер басына қойылып, іс жүргізіп жатыр. Олар жасап жатқан машиналарға татарша да, орысша да жазылатын етіліп, екі жұрттың да әліп-биі қойылған. Онысы екі тілмен іс жүргізетін біздің түрік жұрттарының мекемелеріне өте қолайлы болмақ. Тіршілік өнерінің артылуы тіршілік керек қылуына қарай болмақ.

Араб әрпінің өнер құралдарына айналысуы соңғы кездерде ғана бола бастауы тіршілік күйінің мәдениет, тарих, шаруа жағына байланысқан жағдайына қарай болып отыр. Патша заманында мекемелердің ісінің бәрі орыс тілінде жүргізілетін. Жай адамдар мәдениеті төмен болған соң, машиналармен жазуды керек қыла қоймайтын.

Өзгеріс болғаннан кейін әр жұрт республика болып, мекемелерінде істі өз тілінде жүргізетін болды. Оған машина керек бола бастады. Мұқтаждық бола бастап еді, мұқтаждықтың лажын табу шарасы да қарала бастады. Ол барып араб әрпін машинаға, машинаны араб әрпіне үйлестіруге түсірді. Ол үйлестіру жетіле, жетіле келіп, бір машинаға татарша-орысша екі түрлі әріп орнатуға болатын еткізіліп отыр.

Неғұрлым тұрмыс түрленіп, шаруа ұлғайып, қажеті өскен сайын, тіршілік әдісі де молайып, өнер ісі де ұлғайып, өсе бермек. Жиындар, топтар татар тілінде жасалуы, енді стенограф жазуын керек қылған соң, татарлар соны шығару шарасына кірісіп жатыр. Жазу дағдысы оңнан солға болғандықтан, стенограф жазуын да сол бағдарлы етіп шығармақ.

* * *

Енді қай әріп үйретуге оңай, сол жағынан салыстырып өтейік. Қай әдіспен болса да оқуға үйрету ақтығында сөз сүгіретін тану болып шықпақ. Сөздің баспа сүгіреті мен жазба сүгіретін таныта білдірсе, сол оқуға үйреткен болмақ.

Сөздің тез танылуы жағынан араб әрпінің латын әрпінен артық екендігін мана айтып өттік. Бұ жағынан араб әрпінде бір кемшілік бар еді. Ол енді жоғалайын деп тұр. Ол кемшілігі жалғау қосылғанда,

сөз сүгіретінің пішіні өзгерілуі еді. Мәселен, «қазақ» деген сөзге ілік жалғауын қоссақ, «қазағдын» болып, «к» әрпінің пішіні өзгертін еді.

Латын әрпінде ол жоқ. Бірақ оның онан көрі де үлкен айыбы бар. Латын әрпі ұлылы-кішілі қосар таңбалы болады. Оның үстінде баспа әрпі мен жазба әрпі біріне-бірі ұқсамайтын түрде болады. Бір сөзде екі түрлі сүгірет болады. Біреуін танудың орнына екі-екіден тану керек болады. Сөйтіп әріптің екі баспа түрін, екі жазба түрін, сөздің екі баспа сүгіретін, екі жазба сүгіретін тану керек болады. Мұның аты бір жұмыстың орнына төрт, төрттен сегіз жұмыс деген болады. Арабікінде ол жоқ.

Араб әрпін үйреткенде тағы бір артық жері – алғашқы кезде жазуға қол үйренуге сызылғанның жеңілдігі.

Латын әрпінің алғашқы кезде жақсылық қасиетіне саналса, саналатын жері баспа әрпінің даралығы. Бірақ ол қасиетінің өмірі аз. Өйткені әрі барған сайын сөзді әрпімен оқу жоғалып, сөздің тұтас сүгіретін оқу күшейе береді. Даралықтың пайдасы кеми береді. Сөз сүгіретін тез танытуға араб әрпі артық.

Сүйтіп, үйретуге жеңілдігі жағынан да араб әрпі латын әрпінен анағұрлым артық болып шығады.

* * *

Енді екі әріптің қайсысы баспа ісіне қолайлы, өнер құралына үйлестіруге оңтайлы, баспаға сыйымды, істі өндіруге икемді екен – сонысына келейік.

Араб әрпін баспаға айналдыру ХҮІ ғасырдың аяғында болған. Оны баспаға арабтың өздері айналдырмаған. Венеция шәріндегі италяндар айналдырған.

Олар араб әрпінің жайын білмегендіктен несін алып, несін тастау керек екенін біле алмаған. Араб әрпін жазуда тұрған күйінде алған да, турап-турап баспаға айналдырған. Әріптің жайын жақсы білмей баспаға айналдырғандықтан, арабтың 29 таңбасы 200-ден астам баспа таңбасы болып шыққан.

Бұл қалайша солайша көбейіп шыққан? Мұнша көбейіп шығуы мынадан болған.

1) Жазуда түйдектеліп жазылатын екі-үш әріпті айырмай, оларды түйдек түрінде әріп түйдегіне айрықша баспа белгісін жасаған.

Мәселен: «**كج**» етіп екі әріптен құраудың орнына «**كج**» деген жазу түріндегі түйдегін алып, өз алдына «**كج**» белгі алған. «**كج**» дегенді де «**كج**» етіп үш әріптен құраудың орнына оған да өз алдына «**كج**» белгі алған. Сондықтан 200-ден астам баспа таңбасы болып шыққан.

Баспа әрпі сол күйінде мұсылман арасында тарап, ХІХ ғасырдың аяғына дейін түзелместен келген.

1882 жылы Петерборда Қырым татары Илияс Бураганский, Қазанда Ғалиасқар Қамал мен Жүзейұлы дегендер кей әріптердің италяндар жасаған түрінен өзгертіп, баспа таңбасын жасайды. Оның баспа таңбасының саны кеміп, 150-ге түседі.

Одан әрі бірте-бірте түйдек таңбалары жоғалады. Одан баспа таңбасы кеміп, 100-110-ға түседі (қазақтікі 80-81).

1907 жылдан бастап италяндар бүлдірген жерлерін түзеу талабына кірісушілер болады. Оларша түзеу дегеніміз – әріп шегінің өзінің тиісті жігінен бөліп айыру болады.

Әуел бастап бұ жолда 1907 жылы талап етушілер Алпарұлы мен Рахманқұлұлы дегендер болады. Онан кейін 1921-1922 жылдарда Ыдырысұлы Мұхамбет те сол талапқа кіріседі. Соңғы жылдарда Бұрнашұлы мен Тоқайұлы (23-24 жылы) кіріседі.

Соңғы екеуінің жобасы қолайлы болып, баспаханаларға алынады. Бұлар баспа әрпін екі пішінге ғана түсіріп, кассы ұясын елуге жектізген (қазақтікі 41), мұнымен қатар әріп таңбаларының бір-ақ пішінді ету талабы тоқталмай істеле береді. Ақтығында, ол талаптан толып жатқан жобалар туады. Сол жобалардың ішінен қазақта болған әнеугі кенес әріп таңбаларын бір пішінге түсірген жобаларды қабылдады. Ондай жобалар Алпарұлынікі, Шарапұлынікі, Ыдырысұлынікі.

Жалғыз пішінді әріптен сөз сүгіретіне кіретін өзгерісі аз. Орыстың жуандық белгісін тастағандағысындай ғана сөз сүгіреті өзгереді. Оны алғаннан пайда есепсіз көп. Пайдасының есепсіз көптігі сол:

Әуелі, баспа әрпін кемітіп, татарлардікін 30-31-ге түсіреді, біздікін 24-25-ке түсіреді. Екінші, әріп жасау жұмысын жеңілдетеді (понсон, матрица жасау). Үшінші, өнер құралдарына қоюға өте ыңғайлы.

Төртінші, үйрету, әріп теру, басқанды түзету істерін жеңілдетеді.

Осыншама пайдасының орнына біздің жоғалтатынымыз – жалғыз-ақ сөз аяғында созып кеткенде шыққан әріп құйрығы. Онан басқа шығатын шығын жоқ. Енді латын әрпімен екеуін теңестіріп қарайық.

Латын әліп-биінде әріп ұлылы-кішілі болып, екі-екіден келеді. Латын жүйелі әріптер баспаға әбден икемделген, ол икемделуі Европа жұрттарының өздеріне даяр болғанымен, бізге даяр емес. Түрік жұрттары олардың даяр тұрғандарын сол күйінде алып пайдалана алмайды. Өйткені – латын әрпін өзгертпей алуға болмайды. Ең кем болғанда, 25-30 пайыз өзгертіліп алынады. Латын әрпін өзгертпей алуға болмаса, латын әрпі орнатылған машиналарды да өзгертпей сол күйінде алуға болмайды. Оның мағынасы – өзгертпестен ешбір жазу машинасын, еш әріп теру машинасын алып, пайдалануға болмайды деген болып шығады.

Бір жақтан солай болса, екінші жақтан түрік жұртындағы қалалардың баспаханаларында өзгермеген латын әрпі де жеткілікті күйде табылмайды.

Қызылорданы былай қойып, Қазан, Уфа, Ташкент, Самарқан шәрлерінде де табылмайды.

Әзербайжан латыншылдарды латын әрпінен әліп-би жасап, бастырайын дегенде ешбір шәрінде латын әрпін таба алмаған. Басқа жерден жасатып алдырғанша 5-6 ай өткен. Әріп келген соң латын әрпімен еркін тере білетін адам табылмаған. Қырық кісілік курс ашқан.

Көптен келе жатқан латыншылдары бар, жетілген кент мәдениеті бар, өнерлі кәсібі бар әзербайжандықтар әліп-би бастыруға соншама әурешілік шексе, басқа түріктер, «әсіресе, біздің қазақ сияқтылары оп-оңай дайын қып ала алмас. Әзербайжанның латын кассысында 46-47 ұя бар. Ұлы түрінікі де, кіші түрінікі де бәрі сонда. Латындікін алғанда қазақ кассысында 46-48 ұя болмақ. Бұл араб әрпінің үшінші түзілген күйіндегісінен төмен болып шығады (Бұрнашұлы мен Тоқайұлының түзетуі). Үшінші түзету бойынша қазақ кассасында 41 ұя болмақ. Соңғы түзету бойынша кассымыздан ұя 24-25 ғана болады. Ол латындікінен екі есеге таяу аз болмақшы.

Латын әрпінің баспаға сыйымы туралы қолымызда мағлұмат болмағандықтан, орыс әрпінің сыйымы турасындағы мағлұматтарды алып салыстырамыз. Өйткені – орыс әрпі мен латын әрпінің айырымы аз, екеуі бір жүйелі әріп.

Қалыпты баспа табағына орысша 12 кегелмен шпонсыз жиғанда, 10 кегелмен шпондап жиса, 40 мың шамалы әріп сияды. Бұл кітаптар үшін жиғанда. Газеттер үшін 10 шпонсыз жиғанда 50 мың шамалы әріп сияды.

Араб әрпінің ескі күйіндегі қалпында 12 кегел «нормал» түрі мен шпондап жиғанда 40 мың шамалы әріп сияды, 14 кегелмен шпондап жиғанда, 32-35 мың шамалы әріп сияды. Үшінші түрде түзілген әріптен сол шамалы сияды. Соңғы түзелген түрдегі әріптен оныншы кегелмен шпондап жиғанда 54 мың кітап жә газет әріпі сияды. Сегізінші кегелмен шпондап жиғанды 65 мың шамалы әріп симақ.

Ескі әріппен, үлкен кассымен тіреу салып жинағанда күндік жұмыстың өнімі орыстікінен 10-15 % төмен болады екен. Үшінші түрде түзелген әріппен жұмыс өнімі орыстікінен артық та емес, кем де емес – шамалас болған. Ең соңғы түзелген түрдегі әріппен жиғанда, жұмыс өнімі орыстікінен 10 % асқан.

Сөйтіп, баспа жағынан ескі әріп латындікінен төмен боп, түзетілген әріп артық болып шығады.

Араб әрпін теру машинасына орнату жағынан қолайлылығына келсек, оған ескі әріптер жарайды. Бакуде шығатын «Коммунистер газеті» Америкадан алдырған ескі әріпті теру машинамен теріліп шығып отыр. Түзетілген жаңа әріппен бір түгіл екі сүгіретті әріп қойылып машина шықпақ.

Енді көркемдік пен көзге жайлылық жағынан бір-екі ауыз сөз айту қалды. Көркемдік деген әркімнің көңіл талғауына қарайтын нәрсе, бірақ европа жазушылары латын әрпінің пішіндеме сызықтары сияқты көзге көрінетінін, араб әрпі, сызығы түрлі болғандықтан көзге көркем шырайлы көрінетінін айтқанын білеміз.

Көзге жайлы болу жағына келсек, мұнда қай әріппен жазылған жә басылған сөз оңай оқылса, сол әріп көзге зиянсыз жайлы болуға тиіс. Өйткені ондай әріп көзді талдырмайды. Көзді талдырмайтын оқуға оңайлық жағынан араб әрпі латындікінен артық екені айтылып өтті.

Әншейін үстін қарағанда араб әрпін түзету ісі дағдылы, қалыпты нәрсе сияқты болып көрінеді де, тура басқа әріпті алу төңкеріс есебіндегі нәрсе сияқты болып көрінеді. Төңкеріс немесе үлкен өзгеріс есебінде болып шығуы үшін жасаған өзгерістен өнетін үлкен пайда болуы керек. Латын әрпінен өнетін үлкен пайда түгіл, кішкене де пайда жоқ. Еуропа жұртымен бірдей болу мақсатымен аламыз десек, алу қиын болған себепті орыстар аяқ баспай отырғанда, біз сол мақсатпен істейміз деп айтудың қанша орны барлығын сөйлеп, көп сөз қылмасак та болар. Латын әрпі сипыр түрдегі таңба болса, әріп бірлесітіру жағын сөз қылуға болар еді. Сипырды кім жазса да түсінеміз, түсіне беретін латын сипыры сияқты жә қытай жазуы сияқты жазу таңбасы емес.

Басқалармен ымыраластыруға келетін жерде ісімізді ымыраластырамыз. Мәселен, мана сипыр жазуын бөтендерге қарап, солдан оңға қарай жазамыз дедім. Оны олай жазу біздің жазу бағдарымызға теріс ыңғай келеді. Бірақ теріс ыңғай болғанмен, қолайсыздығы аз болған соң көптен шықпас үшін істеп отырмыз.

* * *

Жер жүзінде бірдей әріппен түрлі тілді жұрттардың жазуын бірлестіру керек болса, онда қытай жазуын алу керек. Оны алсақ онымен кім жазса да түсінесің. Латын әрпін алғанмен, өз тіліндегі мен өзге тұқымдас тілдегі ғана нәрселерді түсінесің. Оны латын әрпісіз де істеп отырмыз. Жаңа да бір айтатын сөз. Латыншылдар екі әріпті салыстырғанда араб әрпін баяғы Италия бұзған түрінде алып, түзетілген әріп жағына әдейі жуымайды. Латынға алмастырғаннан өнетін пайда көп болса немесе латын әрпін алу машақаты, шығыны араб әрпін түзетуден аз болып шығатын болса, оларды түзетуді менсінбей, латынмен болуы жөн дер едік. Ол жоқ. Араб әрпін түзетуге кететін шығын мен еңбек латынға көшу бейнеті мен шығынынан мың емес, миллион есе кем екені айрықша есеп қылмай-ақ айқын нәрсе.

Манағыдан бергі айтылғанның бәрінен жасалатын жалпы қорытынды мынау:

Араб әрпі латын әрпінен жазуға, оқуға оңай. Онысын сауатты адамдардың күндегі ісінің жүзінде көп пайдалы болып шығады.

Сауат ашу жүзінде араб әрпінің қолайлылығы латын әрпінен артық.

Баспа ісі жағынан араб әрпінің ескісі латын әрпінен төмен, жаңасы артық.

Машиналарға орнатуға араб әрпінің жаңасы латындікінен анағұрлым артық, ескісі де орнатуға келетінін іс көрсетіп отыр.

Араб әліп-биінің әрпі қазақ тілінің дыбыстарына толық жеткілікті, қандай емле жасауына да келеді. Қазақ емлесі нағыз оңай, бұқараға қолайлы емле.

Сөйтіп, екі әріпті салыстырғанда, сап-саз, ап-айқын көзге көрініп тұрған сындары әріп алмастыру мәселесін дәріптеп көтеруге орын жоқтығын көрсетеді. Бұ сияқты мәселені көтеріп, уақытын шығын кылып жүргендер болса, оны еріккен адамдардың ермегі есебіндегі құр қиял деп білемін.

Әліп-би түзеу – емле түзеу жағынан соңғы кезде істелген істер жемісті болып, бұ жағынан біз Европа, Америка жұрттарының алдында тұрмыз. Әріпті өнер құралдарына икемдеу жағынан да олардан асыратынымызға көз жетіп отыр.

Солай болған соң аз күшімізді алға шыққан жақтағы керексіз іске салғанша, басқадан кейін тұрған жағымызға жұмсауымыз жөн емес пе деймін.

Ахмет Байтұрсынұлы

Байтұрсынұлы (Әліппелер мен мақалалар). Бес. том. шығ. жин. Алматы: «Алаш», 2006, 4 том, 252-266 б

Выступление на первом всесоюзном тюркологическом съезде

Байтұрсын. (*Апладисменты*). Прежде всего надо поставить вопрос: что требуется от правописания. Требуется, чтобы это правописание удачно, точно передавало звук языка. Второе – чтобы это правописание для изучения было легким. Вот это два основных требования. Здесь возникли споры. Одни говорят, что правописание имеет связь с алфавитом, другие говорят – не имеет. На самом деле правописание имеет связь с алфавитом только в том случае, если алфавит несовершенный. Возьмем, например, русский алфавит. В русском алфавите есть недостатки, например «ё», «ю», «я». Дальше Профессор Щерба говорил: «хвастался и хвастался». Отчего это так смешивается? Оттого, что для звука «а»

нет соответствующего знака. Теперь возьмем слова: «дарю» «даю» - вы видите совершенно разное произношение «ю». Значит, в русском алфавите нет соответствующего знака. Теперь возьмем слова: «тебе», или, например: «чтение», или «доброе» – тут как будто слышен звук «е», а когда говорят: «тебе» получается «тибие». Значит, в русском алфавите нет соответствующего знака для звука «е». Если алфавит несовершенный, тогда действительно это несовершенство будет влиять на правописание, а когда алфавит совершенный в том смысле, когда для каждого звука имеется соответствующий, определенный знак и этот знак никогда не меняется, то это другое дело. Теперь следующий вопрос. Что здесь положить в основу? Взять ли принцип этимологический, или исторический, или же наконец, фонетический? Мне думается, что самое идеальное правописание – это фонетическое. Если прибегают к другим правописаниям, то делают это по совершенно другим основаниям. Правописание большей частью зависит именно от языка, от свойства языка. Если возьмем, например, язык русский, употребляющий этимологический принцип, то мы должны сказать, что этот язык хаотический, анархический, потому что одни и те же слова, при изменении ударения, принимают совершенно другие формы. Например «вада», «воды», ударение изменилось, где раньше стоял звук «а», теперь появилось «о». Это самый анархический, хаотический язык. Где дело так обстоит, там действительно необходимо прибегать к этому этимологическому принципу. Я другие языки хорошо не знаю, но хорошо знаю из наших языков киргизский и казахский. Эти языки – самые стройные. Здесь звуковые законы очень строги, каждый звук в конце слова дает такую же реакцию, какую дает химический элемент. Это самый совершенный, самый стройный язык. Если у других тюрков точно такой же язык, то нет никакой необходимости принимать за основу именно этимологический принцип. Дальше, в отношении обучения правописанию. Идеальное правописание – это фонетическое. Фонетическое письмо практически мы, казаки, применяем уже несколько лет, и результаты получаются блестящие. Поучившиеся год по нашему алфавиту пишут в такой же степени грамотно, как окончившие 4-летку в русской школе, окончившие 4-летку пишут точно так же грамотно, как окончившие русскую 9-летку. Сами судите, до какой степени этот фонетический способ письма облегчает обучение. Вот в отношении социального значения для того чтобы грамотность стала доступной, эта грамотность должна быть при обучении очень легка для населения, а фонетическое письмо при обучении грамоте облегчает не только дело обучения детей, но даже и взрослых. Здесь я должен коснуться исторического принципа письма. Есть тюркские народы, которые до сего времени не могли отрешиться от традиции. Возьмем, например,

азербайджанцев и османцев – они до сего времени держатся исторического принципа письма. То, что к нам перешло от арабов, они консервативно до сего времени держатся этого, они считают святотатством изменить его. Так относиться нельзя! И при этом, относясь так, они еще винят других, что другие будто бы консервативны. Я должен это сказать здесь, потому что многие думают, что если мы держимся за арабский алфавит, то мы консервативный элемент. Нет. Со «священным» письмом давно покончили. В отношении применения фонетического способа для слов из других языков я должен сказать, что мы берем слова из других языков для наших надобностей хотя не для научного употребления, а в народном разговоре. Если возьмем слово «ажол», это киргизы считают своим словом, никогда не говорят, что это арабское «гакол» предали казаки именно свое слово. Также много слов теперь новых. Слово «комисар», казаки говорят «комюссер». Что же это мы для европейцев должны оставить это слово в том виде, в каком они при этом произносят? Но казакская артикуляция не выносит такой конструкции слов. Поэтому мы все иностранные слова будем брать в таком виде, чтобы это было легко для произношения казаков. Точно так же и другие тюркские народы не должны считаться с происхождением слов, а должны считаться с говором, с артикуляцией населения (звонок председателя). Я многое пропускаю, только скажу одно, что здесь, когда открывали съезд, т. Агали – оглы итд. Павлович говорили, что будто бы сам алфавит мешает прогрессу, а если возьмем языки, например русский, русское письмо в сравнении с нашим – это китайское письмо. Тут приходится заучивать, зазубривать каждое слово, точно так же как английский, немецкий и французский языки, в сравнении с нашей грамотностью это есть именно китайская грамота. Мы заучиваем только 24 звука, а они же все, что есть на этом языке, должны заучить. На каждом языке, сколько слов, столько должны припоминать изображения этих слов. Почему? Потому что их письмо не передает правильно ни одного звука.

Байтурсун. (*Аплодисменты*). Доклад мой будет о том, как мы, казакские научные и литературные работники строим терминологию для литературы и народа, во вторых, какого принципа мы придерживаемся в выработке терминологии.

1. Основные мои мысли по выработке терминологии мною высказаны в тезисах, в котором, полагаю, все делегаты съезда знакомы. Настоящий мой доклад к ним ничего нового в основе не прибавят. Он будет носить скорее характер разъясняющий, конкретизирующий основные мысли нежели их дополняющий. Изложенные в тезисах положения настолько очевидны, что едва ли они могут вызвать недоумение разве только сжатость изложения может внести некоторую неясность для правильного

понимания высказанной мною мысли, поэтому я в своем докладе базируясь на высказанном мною в тезисах основных мыслях, намерен развивать последнее в пределах необходимой конкретизации.

2. То, что в наше время лучшим фундаментом в жизни является культурный фундамент, и что, поэтому, вся жизнь современных передовых государств строится на фундаменте культуры, я думаю, это бесспорно. В самом деле, кто же может отрицать то, что там, где культура слаба, земля приносит меньше урожая, машины работают хуже, промышленность и торговля мало развиты, борьба с болезнью и смертью малоуспешна, природа подчиняется мало или совсем не подчиняется и стихийные ее силы для людей разрушительны и разорительны. В наше время культура есть глубокая жизненная потребность. Не основанная на культуре жизнь подвержена всяким случайностям. За примерами далеко не приходится идти. Еще свежи в нашей памяти ужасы голода 21-22 г.г. А сколько было таких голодовок до этого? В жизни России такие голодовки встречаются часто. Чем объяснить подобное явление, при неисчислимых и неисчерпаемых природных богатствах страны? Конечно, малокультурностью населения. Всякая повторяющаяся два года подряд засуха возвращает наших земледельцев в первобытное состояние, одна только неблагоприятная зима делает то же самое с нашим скотоводством. Это определенно, со своей очевидностью говорит о слабости в нашей стране культуры, когда она еще не подчинила себе природы. При высокой культурной форме земледелия и скотоводства, того, что сказано, не было бы.

3. Современная культура не есть создание одной какой-нибудь нации или расы, а результат совокупных усилий и навыков всего человечества. В культуре каждой нации, кроме собственного творения имеются заимствования, и на смещения их культуры влияют их отношения, которые различаются с точки зрения дружественного и неприязненного. Заимствования бывают и при покорении одной нации другой, и примерном общении народов друг с другом. При этом сходные формы религии, обычаев, нравственности, общественной организации, сродность наклонностей, инстинктов, психологии и т.д. облегчают процесс заимствований и смешения культур.

Культура, как продолжение естественного развития благоприятных условий. Этих именно условий для развития культуры находящихся в России тюркских народностей не было. Единственный народ, у которого они могли бы позаимствовать кое-что, оказался не имеющим никаких сходных с ними форм быта и вдобавок еще оказался господствующим с правительственным верхом, державшимся по отношению к инородцам политики порабощения, обрусения, оправославливания. Последствием

этого получилось полнейшее недоверие к правительству и неприязненное отношение ко всему русскому, а вместе с тем и к русской культуре. С другой стороны, некоторые тюркские народности, успевшие набраться духа религиозной нетерпимости, чуждались вообще всего немусульманского и рабски подражали всему мусульманскому, что также неблагоприятно отозвалось на развитии их собственной культуры, скажем хотя бы литературы.

4. Русская духовная культура, благодаря политике русского правительства, до последних десятилетий не оказала никакого влияния на развитие духовной жизни тюркских народностей в России. Заимствование духовной культуры происходило между самими тюрками. Здесь-то именно пришли на помощь те сходные стороны их быта, о которых я уже говорил. Тюркские народности перенимали духовную культуру друг у друга гораздо легче, чем у русского, но только перенимать-то им друг у друга было нечего. Единственное, что возможно было им перенимать друг у друга – это учение религии и письменность. Так как ни одна область культуры так тесно не связана с духовной жизнью как язык, то вместо с религией и письменностью стала проникать и литература светского содержания, а вместо с последней незаметно заимствовались слова из чужого языка. Языки постепенно испещрялись, терялись природные обороты и формулы, словам, получилось полнейшее засорение собственных языков. Избегнуть этого несчастья могли только те тюркские народности, где религия и письменная литература не могли пустить свои корни глубоко. Например, у казаков и киргизов религия не имела духовно-поробощающего влияния, и духовная литература большого распространения среди них не имела. Благодаря этому, язык и следовал собственному ходу своего естественного развития.

5. Из сказанного видно, что на развитие культуры у тюркских народностей в России повлияли порабощенное положение их в светской, и в духовной жизни. Теперь же, по освобождении от того и другого порабощения, тюркские народности стремятся заимствовать все стороны современной культурной жизни. Заимствуя предметы духовного и материального быта высшей культуры, они должны заимствовать и понятия, и идеи.

Для выражения этих понятий и идей лексикон родного языка далеко недостаточен. Перед всеми тюркскими народностями встала необходимость либо заимствовать слова из чужого языка, либо приспособить лексикон своего языка для выражения перенимаемых понятий и идей высшей культуры, т.е. выработать терминологию языка.

За отсутствием у меня достаточных сведений о работах по выработке терминов у других тюрков, я могу говорить лишь о положении этого дела,

у нас, казаков: остальных же тюрков я буду касаться лишь мимоходом, при рассмотрении вопроса терминологии с принципиальной стороны. Как сказано в тезисах к моему докладу, до революции 1905 г. Нам, казакам, печатать на родном языке ничего не разрешалось. Лишь после этой революции на казакском языке начали выходить брошюры, журналы, газеты, учебники. Рядом с этим шла работа по изучению природы казахского языка с фонетической и грамматической стороны. По реформе алфавита, соответственно фонетическими требованиям, по составлению грамматики. Словом, казахский язык за короткий промежуток времени стал принимать обработанный определенный вид, допускающий при употреблении сознательный контроль над собою.

Мы казаки, с самого начала возникновения своего печатного слова стали держаться своего принципа, чем другие. Мы имели в виду всегда народную массу и старались, чтобы произведения печати были в полной мере доступны всем мало-мальски грамотным казакам, а через них и неграмотным. Мы старались, чтобы каждая мысль, брошенная в толпу населения, могла быть подхвачена каждым, чтобы зародить в массе интерес к знанию и зарядить его сознанием для правильного понимания окружающей действительности. Первым условием, необходимым для достижения этой цели, мы считаем доступность языка произведений для массы. В силу этого приходилось выражать на родном языке и такие понятия и идеи, которых раньше у народа не было и которым теперь поневоле пришлось облечься в казахские слова и выражения. С развитием печатного слова пришлось прибегнуть к созданию особого органа для объединения терминов; без этого одно и то же понятие могло облечься в разные слова, в разных конструкциях. Для выработки единой терминологии у нас при Академическом Центре существует комиссия, которая во избежание засорения языка варваризмами, должна строго придерживаться определенных принципов. Последние одобрены и приняты первым съездом казахских научных работников, происходившим в Оренбурге в июне месяце 1924 года. Эти принципы следующие:

а) для терминов предпочтительно перед другими брать казахские слова в полне соответствующим данному понятию значением. Это делается во избежание расслоения языка, т.е. для того, чтобы не получился язык верхов и язык низов, или, вернее, язык грамотных и язык неграмотных. Для нас, казаков это имеет весьма важное значение: протсент грамотных у нас незначителен, организованных общественных чтений и лекций для населения у нас пока не имеется, как слушатели, так и чтенцы у нас в полном смысле случайные. Для того, чтобы чтение газет, журналов, брошюр и т.п. произведения печати, где бы и кем бы не производилось, могло принести пользу, язык должен быть понятен для широкой публики.

Только при таком положении незначительный процент грамотных людей может обслужить значительное количество неграмотных.

б) В случае отсутствия в казахском языке подобного рода слов, заимствовать таковые из родственных казахскому языков. Это делается темображением, что: 1) большинство слов родственных языков хотя не имеют общих форм, но имеют общие корни, следовательно, они и для понимания легче и для слуха и для выговора не так чужды, как слова неродственного языка, 2) тюркские народности имели и имеют постоянное общение между собою, а потому большинство слов одного языка, даже без наличия общих корней, может быть знакомо представителям другого языка.

в) Общеупотребительные мировые термины могут приниматься, но с соответствующими природе казахского языка изменениями. При наличии казахских слов, могущих заменить их, должны помещаться оба, чтобы право выбора предоставить обществу. Под общеупотребительными терминами мы подразумеваем современные общераспространенные европейские термины, но не арабские. Мы принимаем их предпочтительно перед арабскими в силу того, что мы приобщаемся сейчас не к арабской культуре, а к европейской. Все достижения европейской культуры в полной мере могут быть выражены европейским же языком. Но заимствованные термины должны подчиняться нашему казахскому говору, т.е. на них должны распространяться звуковые законы нашего языка, исходящие из привычных артикуляций языка. Для того, чтобы иностранные слова сделать нашими, это необходимо.

г) Все неказахские слова, не согласующиеся с природой казахского языка, точно должны подвергаться изменениям соответственно казахскому говору. Это значить, во-первых, что во всех неказахских словах, с чуждыми казахскому языку звуками, последние заменяются соответственно нужными звуками, во-вторых, суффиксы в неказахских словах заменяются казакскими, в-третьих, двойные чуждые казакскому языку окончания должны измениться в пределах требуемого языком удобства произношения, например, Оренбург – Орынбор, Самара – Самар, пуховой – бөкебай, покров – бокырау, Адамовский – Адамау и т.п. Благодаря принципу, охраняющему язык от варваризма, мы казаки, имеем в настоящее время единый казакский язык, т.е. наш язык не делится на язык народной и литературный, на говор простонородья и интеллигенции. Без этого с нашим языком получилось бы то же, что и с языком других тюркских народов, имеющих печатное слово с давних пор. Как говорят народные массы у анатолийских турок и азербайджанцев, мне известно. Если они говорят на том же языке, на каком пишут, то несомненно у них тюркского осталось очень мало. Тюркский элемент в их, так называемом, литературном языке представляется мне истрепанным, искаленным,

тошим грамматическим скелетом, обвешанным всевозможными чужими словами. После анатолийско-турецкого и азербайджанского наиболее испещренным языком является, по-моему, татарский язык, имеющий с давних пор письменную литературу. Это тоже один из языков, злоупотребляющих варваризмами. Узбекский литературный язык представляется мне тоже в достаточной степени засоренным языком. Крымский литературный язык тоже. У башкир литературный язык только что рождается, причем замечается стремление и у них к ограждению своего языка от варваризмов. На тот же путь вступила туркменская литература. Одним из языков, свободных от иноязычного влияния и от варваризмов, является киргизский язык, который в отношении выработки литературного языка придерживается того же принципа, какого наш казакский.

В заключение мне остается сказать, что я нахожу правильным положенный нами в основу литературного языка принцип, потому что это есть самый вернейший путь к тому, чтобы сделать печатное слово доступным народной массе. А печатное, слово, как я говорил в тезисах и говорю в докладе, играет весьма важную роль в деле поднятия культурного уровня массы. Уровень своей культуры мы должны измерять не количеством знания, накопленного в верхах, а областью распространения его вниз. При современном мировом характере хозяйства и конкуренции, борьба за существование без высокой культуры – что война безоружных с вооруженными. С каждым днем становится все очевиднее, что всякая область деятельности должна иметь свою усовершенствованную технику и специальные знания. Правильное и успешное развитие современной общественно-хозяйственной жизни возможно только при высоком культурном уровне всего населения. Крупная промышленность, составляющая особенность нашего времени, требует высокого культурного уровня рабочих. Сельское хозяйство, составляющее основу нашего благосостояния и благополучия, требует высокого культурного уровня сельского населения. Всякого рода «зачи» и «ции» советизация, колонизация, электрофикация, индустриализация и т.д. – все это такие вещи, которые требуют активного участия массы и нуждаются, в свою очередь, в гибкости и подвижности ее ума, а эти свойства не развиваются, когда человек замыкается только на одном физическом труде. Знание и труд две разделимые, ежеминутно сплетающиеся стороны одного и того же процесса. Знание есть орудие для активных целей человека, без знания участие массы в общественном строительстве будет не активное, а пассивное. В делезаряжения народной массы знанием большую роль играет правильно поставленное печатное слово, которое, прежде всего должно быть доступно массе.

Это одно. А есть еще другое. Мы, тюркские народности, как в большинстве своем далеко оставшие от высоко-культурных народов, шествовать с ними рядом, нога в ногу, по пути прогресса пока не можем. Многие предметы их высокого культурного быта, как материального, так и духовного, для нашей массы пока будут недоступны. Мы от высоко культурного быта, как материального, так и духовного, для нашей массы пока будут недоступны. Мы от высоко-культурных народов отделены толстою стеною различия языка, которая при нашем стремлении к приобщению к европейской культуре во многом будет мешать нашему свободному движению в эту сторону. Культурные силы и культурный уровень тюркских народностей не одинаковы. В то время, когда одни тюрки будут преуспевать в своем культурном развитии, другие могут отставать. Для того, чтобы они могли пользоваться друг у друга достижениями, хотя бы в области духовной культуры, необходимо, чтобы произведения их печати были доступны друг-другу. Первым шагом в этом направлении было бы освобождение тюркских языков от господства варваризмов. По-моему, правильно поступили бы все тюркские народности, став на казакскую точку зрения в отношении выработки терминологии и литературного языка. Этим путем каждый из нас разгрузив свой язык от балласта чужих слов и очистив его от засоренности влиянием чужого языка, сделали бы доступными произведения своей печати и своей народной массе, и другим тюркским народностям.

Ахмет Байтұрсынұлы

Ахмет Байтұрсынұлы (Әліппелер мен мақалалар). Бес. том. шығ. жин. Құраст.: А.Ісімақова., Р.Имаханбетова., Алматы: «Алаш», 2006, 4 том, 275-285 б.

Оқу жайы

Бұл күнде оқудың керек екеніне ешкімнің таласы жоқ. Қай жұрт болса да оқумен ілгері басып тұрғандығын, кейін қалудың себебі оқудың кемдігінен екенінен көріп тұрамыз. Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші. Мұның себебі – ойлап қараса, біздің қазаққа мағлұмсыз емес. Бұл заманда не нәрсе машинаға айналды. Қазақ биыл 5 теңгеге сатқан нәрсесін келер жылы өзі 10 теңгеге қайта сатып алады. 10-11 сомға алып отырған былғары – былтырғы 4-5 сомға өзі сатқан терісі. Кезі 5-6 сомдық шұғалар, торқалар – қазақтың бір пұтына 3-4 сом алып, сатқан малының жүні.

Қазақтың осы күні сатып алмайтын нәрсесі жоқ, сол алған нәрселерінің бірін де қазақ өзі істеген емес. Қазақ пайдаланып отырған шөп шабатын, киім тігетін машиналар, соқа-сайман, арба-шана, киім-кешек, ыдыс-айақ бәрі де зауыт, фабрикаларда істеліп шыққан. Бұл істеліп шыққан нәрселердің сүйегінен іс ақысы он есе қымбат. Бұлай болғанда, қазақ басқа жұрттың өнерін қымбатқа сатып алып отыр. Мұнан 20-25 жыл бұрын қазақ Бұқар, Ташкентке түйемен кіре салып қанша пайда қылушы еді. Теміржол түскен соң ол пайда да қазақ қолынан кетті. Басқа жұрттарда өздерінің істеген нәрселері өз ішінде сатылып, жұмсаған ақша өз елдерінде қалып, шетке кетпейтін болса, оны жұртқа шығын деп есептемейді, тек бірінен-біріне ауысқанға санайды. Қазақ малының басқаларға кетпейтін орны жоқ. Жоғарыда айтылған шаруа туралы болсын, партияға мүбталла болсын, бәрінде де қазақтың байлығы осы көлденеңге, көк аттыларға түсіп, соларға жем болады.

Қазақтың шаруасына бір жақтан надандығынан кемшілік келгенде, екінші жағынан білімсіздігін көріп тұрғандар басынып, елдіктен, теңдіктен қалдырып, тиісті сыбағасын қианат етіп тұрғаны санасы бар қазаққа ескерерлік іс еді. Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізді білдірер едік.

Осы замандағы жан таңырқарлық нәрсенің бәрі ғылыммен табылған. Адам баласын көкте құстай ұшқызыған, суда балықтай жүздірген – ғылым. Дүниенің бір шеті мен бір шетіне шапшаң хабар алғызып тұрған – ғылым, от арба, от кемелерді жүргізген – ғылым. Осыларды істеп отырған жұрттың бәрі де сондай болмаған. Бұлар да басында біздей, қатта бізден де өнерсіз болған. Халық жүре, оқи, талаптана келе осыншаға жеткен. Әуелгі заманда жұрт шақар дегенді білмейді екен, далада аңша өсіп-өніп жүріпті, араларында «менікі-сенікі» болмапты, аңның терісін киім, етін тамақ, тарамысын жіп, сүйегін ине қылды, екі ағашты біріне-бірін үйкеп от шығарды. Жазу-сызуды көпке шейін білмеді, соңынан оны да ойлап тауып, басында аңның терісіне жазып жүріпті. Сөйткен жұрттар осы күні қандай тамаша іс қылып тұр!

Енді біздің қазақта оқудың көп-азын мөлшерлеу үшін мынау есепті көрсетеміз. Әр жердегі қазақтың өнер-білімі қаралас, сол себепті бір облыс, иаки бір уезді елдегі оқудың таралуын көрсетсек, күллі қазақтағы оқуды шамалауға болады.

Торғай облысында 1912-нші жыл бірінші ғинуарға шейін 570 мың 109 қазақ тұрған, қазақ баласы оқитын 132 школ болған. Бұлай болғанда, әрбір 3 мың 561 кісіге бір школдан ғана келеді екен.

Қостанай уезінде 1909-ншы жылғы есеп бойынша 60 мың 594 еркек, 52 мың 63 әйел – барлығы 112 мың 657 қазақ болған. Бұлардан қазақша оқыған (қат танытын) еркек 6 мың 65, орысша қат танытын 690. Қазақша қат танытын әйел 379, орысша қат танытын әйел 29. Бұл есептен көрінеді: Қостанай уезінде қазақша қат танытын еркек әр бір жүз кісіден алтау, орысша қат танытын әйел әр бір үш жүз кісіден біреу, орысша қат танытын әр бір төрт мыңнан біреу екен. Бұл сипырлар қазақта оқудың тіпті аздығын көрсетеді. Қостанай қазағынан кейбір жерлердің қазақтары кем оқиды.

Қазақта орысша болсын, қазақша болсын оқу ісі жақсы тәртіпке қойылмаған. Қостанай уезіндегі 132 школдың 109-ы ауылнай школ. Қай жерде болса да қазақ үшін ашылған школдардың көбі ауылнай школ. Сонда оқыған балалар ілгері школдарға келіп оқымаса, тіршілікке пайдалы білім алып шыға алмайды. Азғантай үйренген орысша жазу-сызуынан қарайып, тілін тіпті ұмытып қалады. Қазақ баласы тәуірірек оқырлық школдарда қазыналық орын аз, өз күшімен оқытуға әркімнің шамасы келе бермейді. Екі класты школдар әр уезде бір-екеуден, оларға 30-дан артық қазақ баласын алмайды. Орта әм жоғарғы школдарда қазыналық орын бұл кезде жоқтың қасында. Әр облыстың қазақтары үшін университет, институттерден 2-3-тен артық орын жоқ. Бұрынғы ашылған орындар әр түрлі сылтаумен кеміген. Сүйтіп, тәуірірек оқытын орындардың қазақ үшін есігі бекіп, жолы жабылған.

Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді, тәртіппен оқытарлық мұғалімдері аз, оқу проғырамы жоқ, белгілі оқу жылы жоқ, салған мектептер жоқ, мұғалімдерге арналған айлық ақы жоқ, қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті етерлік жасалған өрнек жоқ, оқыту ғылымын үйрететін даримұғаллимін (педутшилише) жоқ.

Орысша әм қазақша оқудың екеуінен де керегінше пайдалану үшін, қазақ әуелі әр нәрсенің асылына түсініп іс етерге керек. Күкімет қазаққа қазақша мектеп салып бермейді, қазақтың қазақша оқуын тіпті тілемейді. Сондықтан мектептерімізді тәртіпке қойу, қазақша оқуды қалыққа тарату – өз міндетіміз.

Жалпақ жұрттың қолы орысша оқуға түгел жетсін, оқымаған жан қалмасын, орта әм жоғарғы школдардан көбірек оқылсын десек, қазақтан қазынаға деп жиылған ақшалардың нендей орынға, оның ішінде оқу жолына қанша жұмсалатынын, күкіметтің осы күні қазақты оқытуға жұмсап отырғаны бізден жиылып тұрған ақшадан артық па, кем бе – соны білу керек. Егер кем болса, кінәлі күкіметке аудармай, кемін толтыру керек, ақшаны артық төлеп, пайдасын кем көретін болсақ, лайықты жолымен есептесіп, школдарды көбейттіріп әм жоғарғы школдардан молырақ орын аштыру тиіс.

Қазақ қалқында бұл күндегі орысша әм қазақша оқу жайы осы. Мұнан былай оқу әм оқыту мәселесі «Қазақ»-та түгел жазылып тұрмақшы.

Ахмет Байтұрсынұлы

Ахмет Байтұрсынұлы (Әліппелер мен мақалалар). Бес. том. шығ. жин. Құраст.: А.Ісімақова., Р.Имаханбетова., Алматы: «Алаш», 2006, 4 том, 288-291 б.

Тіл қисыны (Яки лұғат қисыны)

Тіл қисыны дегеніміз асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым. Лебіз ғылымының мақсаты асыл сөздердің асыл болатын заңдарын білдіріп, түрлерін танытып, әдебиет жүзіндегі өнерпаздардың шығарған сөздерінің үлгі-өнегелерімен таныстырып, сөзден шеберлер не жасағандығын, не жасауға болатынын көрсету.

Сөзден әдемілеп әңгіме шығару өнері үй салу өнеріне ұқсас. Үй салуға мәселен, түрлі зат керек. Ол керек зат – топырақ болса, оны біріктіріп илейді, илеген балшықтан кірпіш құяды. Кірпішті қалап, неше түрлі үй қылып шығарады. Үйдің жақсы-жаман болып шығуы балшығынан да, кірпішінен де болады. Бірақ көбінесе кірпіштерінің қалауынан болады. Кірпіш қандай жерде қалай қаланып, қандай үй болып шығуы жасаған жобаға қарай болады. Неғұрлым жоба жасайтын сәулет өнерпазы қиялға бай болса, соғұрлым салған үй сәулетті, әдемі болып шықпақ.

Сөзден құрастырып пікірлі әңгіме шығару үшін жұмсалатын зат – сөздер. Топырақтан иленіп кірпіш жасалған сияқты, дыбыстан құралып сөз жасалған. Кірпіштен қалап түрлі үй жасау сияқты, сөзден бірігіп, түрлі әңгімелер айтылады. Үйдің түрлі болып шығуы балшығынан, кірпішінен, әсіресе қалауынан болатыны сияқты, әңгіменің түрлі болып шығатыны тілдің дыбысынан, сөзінен, әсіресе сөздің тізілуінен. Балшық жаман болса, кірпіші жақсы болмайды, кірпіш жақсы болмаса, үй жақсы болып шықпайды. Бұл рас. Бірақ кірпіш жақсы болса да, қалауы жаман болса, онан жақсы үй шықпайды. Сол сияқты тілдің дыбысы жаман болса, дыбыстың қосылуы жақсы болмаса, сөз құлаққа жағымды болып шықпайтыны рас. Бірақ тізуі жаман болса, дыбысы жақсы сөздерден де жақсы әңгіме шықпайды. Сондықтан мәнісінің зоры кірпіштің қалауында, жобаның жасауында болған сияқты, әңгіменің әдемі болып шығуы сөздің тізілуі мен әңгіме айтушының пікірлеуінде. Неғұрлым сәулет өнерпазы қиялға бай болса, соғұрлым үй де сәулетті әдемі болып шығатыны сияқты, неғұрлым жазушы қиялға бай, пікірге шебер болса, соғұрлым шығарған сөз пікірлі, әсерлі, әдемі болып шықпақ. Жақсылап

үй сала білу үшін сәулет өнерпазы үй салуға ұсталатын заттардың сыр-сипатын, қасиетін жақсы білуі тиіс: кірпіштің түрлі қалауларын жақсы біліп, белгілеген жобамен үйдің түрін келістіріп шығару жағын жақсы білуі тиіс. Мұның бәрін жақсы білу үшін сәулет өнерінің ғылымын жақсы білу керек. Сондай-ақ тіліндегі сөзден құрастырып қисынын келтіріп, жақсылап бір нәрсе шығару үшін сөз өнерінің ғылымын жақсы білу керек. Дыбыстың, сөздің, сөйлемнің сыр-сипатын тану, заңдарын білу – бұл үйге керек заттардың сыр –сипатын білу сияқты нәрсе. Керек заттарын сайлап алып, үй салуға кірісу – дыбыстың, сөздің, сөйлемнің жайын біліп алып, солардың әрқайсысын дұрыстап орнына жұмсап, пікірлі әңгіме шығаруға кіріскен сияқты болады. Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білу тиіс. Яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап сөйлемді тізе білуі тиіс. Адам ана тілін жасынан естуінше үлкендерден үйренеді. Сонан соң тіл танытқыш кітаптардан таниды. Онан әрі үлгілі жазушылардың шығарған сөздерін оқып, өзі іс жүзінде иә ауызша айтып, иә жазып қолданумен біледі. Біз қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп – айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз. Қазақ тілі қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ мүлік болғанмен, бәрі бірдей пайдаланбайды. Әркім әр сөзді өзінше қолданады, өзінше тұтынады. Бүтін пікір айтып шығатын әңгіме ішінде түгіл, жалғыз ауыз амандасу жүзінде де әркім әртүрлі сөз қолданады. Мәселен, біреу «амансыз ба?» деп, біреу «есенсіз бе?» деп, біреу «сәлемет жүрсіз бе?» деп, біреу «күйлі, қуатты барсыз ба?» деп амандасады. Бәрінің де ой мақсаты бір. Бәрінікі де амандық білу, амандық сұрау, бірақ әркім әр түрлі сөз қолданып сұрайды. Сол сияқты әркім пікірін сөз қылып шығарғанда да ана тіліндегі сөздердің әрқайсысын әр түрлі қолданады. Қысқасын айтқанда, әркім сөзді өз қалауынша алып, өзі оңтайлы көруінше тұтынады. Әркім өз қалауынша алып, өз оңтайынша алып тұтынған сөз сол адамның тілі болады.

Сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу – тіл қисыны деп айтылады.

Ахмет Байтұрсынұлы

Ахмет Байтұрсынұлы (Әліппелер мен мақалалар). Әдебиет танытқышы. Бес. том. шығ. жин. Құраст.: А.Ісімақова., Р.Имаханбетова., Алматы: «Алаш», 2003, 1 том, 176-178 б.

Сөз талғау

Шығарма тілі екі түрлі болатындығы жоғарыда айтылған еді. Оның бірі ақын тілі деп, екіншісі әншейін тіл деп аталады деп едік. Бұл екі тілдің арасындағы айырмасы мынау: әншейін тіл көбінесе сөздің дұрыстығын, анықтығын, тазалығын, дәлдігін талдайды. Ақын тілі сөздің дұрыстығының, тазалығының, дәлдігінің үстіне, көрнекті, әуезді болу жағын да талғайды. Шығарма сөз өнді, ұнамды болу туралы талғаудың қоятын жалпы шарттары мынау:

1. Сөз дұрыстығы

Сөз дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды айтылады. Олай болу үшін керек:

1) Сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну.

2) Сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымырластыру.

3) Сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру.

2. Тіл тазалығы

Тіл тазалығы дейтініміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау. Басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңісіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу. Орыстың жақсы жазушыларын алсақ, олар көбінесе мынау түрлі сөздерден қашқан:

а. ескірген сөздерге жоламаған.

ә. жаңадан шыққан сөздерден қашқан.

б. өз тілінде бар сөздің орнына басқа жұрттан сөз алудан қашқан.

В. жергілікті сөздерге, яғни бір жерде айтылып, бір жерде айтылмайтын сөздерге жоламаған.

Қазақ әдебиеті қатып-пісіп, жетпеген уақытта біз қазақ сөзін ескі, жаңа деп талғамаймыз, жергілікті сөз екен деп, ол жағынан қатал қарап, қашып тұрмаймыз. Жалғыз-ақ біздің мықтап қашатынымыз жатшылдық (жат сөзшілдік).

Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа ауызы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан, мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздердің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болып, жоғарыда айтылған талғау салтының салты орындалған болады.

3. Тіл (лұғат) анықтығы

Айтылған лебіз ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болса, тіл анықтығы дегеніміз сол болады. Лебіз ашық мағыналы болу үшін айтушы айтатын нәрсесін анық танитын болу керек. Адам анық танитын нәрсесін анық атайды да, көмескі танитын нәрсесін көмескі, күңгірт атайды. Сондықтан біреудің айтқан сөзін анық түсінеміз де, біреудің сөзін анық түсінбей, жорамалдап, жорып, ұйғарып қана қоямыз.

Лебіз анық болуына мынандай орындарда кемшілік келмек:

а) Лебіз мағынасы екіұшты ұғарлық болып айтылғанда.

Мысал:

*Жаман қатын алсаңыз,
Төркініне бере алмай,
Төсегіне жата алмай,
Тең құрбысы келгенде,
Жөнді жауап айта алмай
Жалғанда қор болады.*

Мұнда «жалғанда қор болады» дегенді екі түрлі ұғуға болады: «Төркініне бере алмай, төсегіне жата алмай» байы «қор болады» деп те ұғуға болады. «Тең құрбысы келгенде жөнді жауап айта алмай» қатыны «қор болады» деп те ұғуға болады.

Сол сияқты, мынау да екіұшты лебіз:

«Абай ұрыға қас еді, ұры ауылының маңына жолмаушы еді».

Мұнда «ұры ауылының маңына» Абай «жоламаушы еді» деп те ұғуға болады. «Ұры Абай ауылының маңына жоламаушы еді» деп те ұғуға болады.

Абайдың мына сөзін де екі түрлі ұғуға болады:

«Қисық болса, закон бар, судьяға беруге, ол да уезднай емес қой, алуға теңдік сенуге».

ә) Сөйлемдер шұбалыңқы айтылып, бір басыңқы қасында көп бағыныңқы сөйлем болса, немесе сөйлемдердің құралуы, құрмаласу, сабақтастары шатақ түрде болса, әйтпесе, тыныстар орнына қойылмаса.

Мысал:

1) «Өз әкесі Құнанбай... уақытындағы елдің құр мұсылманмын дегеннен басқа, діннің не екенін білмей қан жеп, неше түрлі ырымдарға табынып жүргеніне қатты тыю салып, анық шарифат қоспаған істі қылған ғайырғы бұзықшылық іс қылғандарға бек ауыр жаза салып, халыққа ауыл басы молда ұстатып, қадары қал ғылымның жолын көрсетіп, үлгі салған еді».

2) Соңғы уақытта Абай өзі өлеңінің өнер екенін біліп жаза бастаған соң бұрынғы ақындар надандықпен өлеңді өнер орнына ғибрат үшін

айтпай тіленшілік орнына айтқандықтан ақындықтың да, өлеңнің де қазақ ордасында бағасы кеткендігін айтып, өзін олардың ретінен басқа қылып, алмақ пайда үшін емес, халықты ұмтылтып, көңіл көзін ашпаққа ғибрат үшін жазғанын білдіріп, өлең шығарған.

3) Сол себепті жазушылықтың өзі де екінші дәрежеде қалып салақ болып, берірек ұлғайыңқыраған кезінде, өкініш түсіп, жасында ғылым жолында болмай, қазақтың айқайымен жүргендіктен, кешірген өмірінің, жазған өлеңінің ретсіз болып, яки ғибрат алмаққа жарамайтындығын, ақылға сыйымсыз жері болса, кейінгі замандағы сынаушы жастардан өзінің тәрбиесіз, үлгісіз өткен өмірін айтып, надан елдің ішінде неше түрлі машақат, әурешілікпен бойды ыза кернеп, өткен қатам болса аяп, аз сөге көріндер деп жазғаны – «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма...».

4) Сөздер өз мағынасында жұмсалмай, басқа мағынада жұмсалғанда мензеу, өрескел болса, мәселе:

Таулардан бұлақ ағар сарқыраған,

Күмістей сәуле беріп жарқыраған, - дегеннің орнына, «таулардан сарқырап, жарқырап, ақ күміс ағады» десе...

5) Адам сөздерді аңдап айтпаса, мәселе, «ол едің адамының бәрі азулы» дегенде, адамның бәрі азып болғанын айтқаны ма? Болмаса, «Адамының бәрі мықты, азулы айғырдай» дегені ме? Анық емес.

6) Сөз орынға қойылғанда, мәселен, күндерде бір күн Сатемір далада ойнап жүріп, бір ескі тамның түбінде шаршаған соң сүйеніп жан-жағына қарап жатса, бір аяғы ақсақ құмырысқа тамның төбесіне қарай домалап барады да, орта шеніне барғанда құлап түседі.

Мұнда «бір аяғы ақсақ құмырысқа деген сөз құмырысқаның бір аяғы ақсақ екендігін көрсете ме, болмаса аяғы ақсақ бір құмырысқа деген мағына ма – белгісіз.

4. Тіл дәлдігі

Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі айтылады. Ұғымға сөз дәл келу үшін сөздің мағынасын дұрыс айыра білу керек. Тіл дәлдігін бұзатын амәндес сөздер.

Амәндес сөз деп мағынасы жақын сөздер айтылады. Мәселен, батырлық, ерлік, батылдық, өткірлік, өжеттік деген сияқты сөздер. Мұның жүректілікті көрсеткенімен, әрқайсысының өз алдына өңі бар. Өңін танымай, яки аңғармай, бірін бірінің орнына айтса, лұғат дәлдігіне кемшілік келтіреді. Және де тіл дәлдігіне мынадай орындарда кемшілік келеді.

1) Сөйлем ішінде орын алып, оралғы болудан басқа қажеті жоқ сөздер кірсе.

Мысал:

а) Кейбіреулер дүние қуғыш, мал жиғыш, пайда қылғыш келеді.

ә) Өз көзімен көріп. Көз алдымнан атқарып келіп отырмын.

б) Оның қалыптанған ерте тұратын әдеті бар еді.

Бұл үш мысалдың ішінде алып тастаса орны ойсырамайтын сөздер: «мал жиғыш», «пайда тапқыш», «көз алдымнан атқарып», «қалыптанған» деген лебіздер. Бұлар сөйлем ішінде тұрғанда ғана толық болуына келтіріп тұрған пайдасы жоқ.

2) Ойы қарайлас сөйлемдер қатар айтылғанда, мәселен:

3) «Мен қартайған шағымда, байы жоқ деп баққан жоқ, күйі жоқ деп күйген жоқ, қайраты жоқ деп қарасқан жоқ, әлі жоқ деп асырған жоқ» деген сияқты. Бұлай айтудың сырты көркем сияқты көрінсе де, ішкі мағынасы пікірді толықтырмай, тек сөздің сөйлемнің қарасын көбейтеді.

5. Тіл көрнектілігі

Сөздің дұрыс, таза, анық, дәл айтылуының үстінде талғау сөздің көрнекі болуын да керек қылады. Адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ. Сондықтан адам сөйлегенде сөзі толық түсінікі болу үшін дерексіз заттарды деректі затша, бернесіз заттарды бернелі затша сипаттайды, жансыз затты жанды заттай ғамалайды. Ақ көңіл, шолақ ақыл, арам ой деу, яки күн бүркіп тұр, найзағай ойнады, су қайтты деу, я болмаса, қазанның құлағы, ошақтың бұты, үйдің төбесі деу дерексіз заттарды деректі затша, жансыз заттарды жанды затша, бейнесіз затты бейнелі затша қалыптау, ғамалдау, бернелеуден шығып, әдетті сөзге айналып кеткен. Мұндай сөздер жалғыз әдетті түрінде емес, әдейі де айтылады. Мәселен, Мағжанның «Толқын» деген өлеңінде толқынның толқығанын бернелеп, түсінікті түрде көрсету үшін әдейі жанды нәрседей ғамалдап, былай дейді:

*Толқыннан толқын туады,
Толқынды толқын қуады
Толқын мен толқын жарысад;
Күңіренісіп кеңеспен,
Бітпейтін бір егеспен.*

* * *

*Толқын мен толқын сырласып,
Сырларын еппен ұрласып,
Толқынға толқын еркелеп,
Меруерт көбікке оранып,
Жыландай жүзге бұралып,
Жарға жетер ентелеп.*

.....

Осы сияқты өң берілген сөздер, көрнекі тіл делінеді. Тіл көрнекі болу

үшін дерексіз нәрсе деректі нәрседей, жансыз нәрсе жанды нәрседей суреттеліп, адамның сана-саңлауына келіп түсерлік дәрежеге жетуі керек. Қалыпты түріндегі ондай дәрежеге жету үшін түрлі әдістер істеледі. Ол әдістер негізгі түріне қарай үш топқа бөлінеді:

- 1) көріктеу,
- 2) меңзеу,
- 3) әсерлеу.

Ахмет Байтұрсынұлы

(Әліппелер мен мақалалар). Әдебиет танытқыш. Бес. том. шығ. жин. Құраст.: А.Ісімақова., Р.Имаханбетова., Алматы: «Алаш», 2003, 1 том, 179-184 б.

Жалқылау (айырыңқы) әдіс

Жалқылау әдіс – жалпылау әдіске қарсы жөндегі әдіс. Жалпылаудың асылы ұсақтан ірілету болса, жалқылаудың асылы – іріден ұсақтату.

Жалқылау әдістің жалпылау әдістен артықтығын қуалайтын пікір 18-ғасырдың аяғында туады. Бастап туған жері – Франция. Бастап қуаттаушылар бұл әдістің артықшылығын былайша дәлелдеген: бір нәрсемен баланы таныстырғанда, оның бөлімдерінен бастап таныстырмаймыз, тұтас тұрған тұлғасында таныстырамыз. Мәселен, шапанмен таныстырғанда жеңінен, жағасынан, етегінен, өңірінен бастап таныстырмаймыз, шапанның өзін алып көрсетіп таныстырамыз. Оқу үйреткенде де сөзді әріптен, буыннан бастамай, сөздің тұтас тұрған тұлғасынан бастап үйрету керек дейді.

Бұларша оқу үйрету үшін әліп-би кітабы болсын, басқа кітабы болсын – бірі де керек емес, түсінікті сөздерді алып балаларға түсіндірумен балалар сөздерді танып, оқып кетеді. Мағынасыз әріптерді, ежіктерді жаттаудан мағыналы сөздерді жаттау балаларға жеңіл де болады, көңілді де болады дейді.

Францияда мұндай пікір туып тарай бастағанда, немістерде де осы пікірге келушілер болды.

Неміс әлімі Гедике деген жалқылау әдісін қуаттаушының бірі болып пікір таратады. Ол қуаттағанда былай дәлелдейді: дүние танып, білім білуіміздің бәрі жалқылау әдіс жолымен болады? Дерексіз заттардан деректі затты бұрын танимыз, мүшелерін тұтас тұлғасынан бұрын танимыз. Балаға оқу үйрету де сол жолмен болу тиіс, оқу үйрету балаларға түсініксіз әріп сияқты дерегі кем нәрседен басталмай, түсінікті тұтас сөзден басталу керек дейді.

1791 жылы Гедике тұтас сөзбен үйрететін әліп-би кітабын шығарады. Бес жасар қызын сонымен үйретіп үш айда сауатын ашып, кітап оқитын

етеді. Үш айда сауат ашып, кез келген сөзді оқи білерлік ету – о заманда болмайтын оқиға.

Бір әріпті үйрету үшін бір Гекдике неше сөз алады? Мәселен: «а»- ны үйрету үшін бізше болғанда мынадай сөздерді алған: *ар, азық, арғын, ас, ақыл*.

Кітаптың бірінші бетіндегі бірінші жолдағы сөздер осылар болмақ. Басқа жолдардағы сөздер басқа болмақ, бірақ олардың ішіндегі «а» әрпі болмақ. Бұлардың «а-сы» басында келмейді, ортасында, аяғында келеді. Басында «а» келетін ату сөздер өз алдарына бір жол болып екі-үш жолдан кейін қайта-қайта келіп отырады. Елеулі болу үшін «а» әрпі бірде қызыл, бірде қара бояумен басылған. Үйрету тұтас сөзді оқудан басталады. Мұғалім 1-жолдағы сөздерді бір-бірлеп көрсетеді, оқиды; балалар көрсеткеніне қарап, мұғалімнің айтқанын олар да айтады, солай етумен балалар әлгі алған бір жолдағы бес сөзді бірден танып көрсеткенде айтарлық, айтқанда көрсетерлік дәрежеге жеткенде, сөздің буынын қайыруға түседі: онан әрі буынның әріптерін айыруға түседі.

Оны былай істегені мұғалім бірінші сөзді алып, «а-р» екеуін қоспай жіктерін ашып айтады да, неше бөлініп, айтылып тұр деп сұрайды, сонан соң әр бөлімін бөлек айтқызады. 2-ші, 3-ші, 4-ші, 5-ші сөздерді де солай етеді. Бәріні де басындағы дыбысы бірдей болып, басқаларыныкі ондай болмаған соң «а» дыбысы айрықша болып шығады. Сонда бұл дыбыстың әрпі мынау деп, «а» әрпін көрсетеді. басқа сөздерге де басқа әріптермен таныстырғанда істейтін әдісі осылай болған. Балалар бір беттегі сөздерді танып, оқырлық даражаға жеткенде, 2-ші беттегі сөздерге түскен.

Мұның тәсілі жеке балаларды оқытуға жараса да, мектепте көп баланы оқытуға жарамсыз болып шыққан. Негізгі кемшілігі сөзді жаттау, сөз әріптен, буыннан мағыналы, балаларға түсінікті болғанымен, не үшін бұлай «ат» етіп сызған нәрсе ат болып оқылуға тиісті, онысы балаларға түсініксіз, сондықтан бұл әдіс те іске асып жарымайды, бірақ жалқылау әдіс пікірі өшпейді.

Жалпылау әдіске жан беріп, күшейткен атақты француз оқытушысы – Жакото. Жакото үйрету – асылында үйренуге дағдыландыру дейді. Баланың үйрену талабын қоздырса, білімнің бәрін басқаның көмегіңсіз өзі-ақ алады. Балаға талаптық тәрбие беру үшін басынан табиғат жолымен үйрету керек. Табиғат жаратқан нәрсесін тұтас түрінде жарағады. Табиғат нәрсесін әуелі адам да тұтас түрінде түйеді. Бала оқытушы дәйім осыны есіне сақтау керек. Балаға ән үйретпек болсақ, әуелі дауыстың түрін (нотасын), дауыстың даражасын (тонын), сонан соң барып әнін үйретер ме едік. Әуелі әннен бастап үйретер ме едік дейді. Баланы өсімдікпен таныстырсақ, гүлінен, жапырағынан бастап таныстырамыз ба? Айуанмен таныстырсақ сүйегінен бастап таныстырамыз ба? Тұлға түрінде алып

таныстырамыз ғой. Бала үйреткенде сол жолмен үйрету керек. Нәрсенің бөлшегінен бастап үйретпей, тұтас тұлғасынан бастап үйрету – дерексіз заттан бұрын деректі затты алып таныстыру дейді.

Мұның да дәлелі алдыңғылардікіндей, бұ да әліп-би кітабы керек емес дейді. Бала үйретуге арықша кітаптың керегі жоқ, кез келген кітап жарайды. Кез келген кітаптың бір бетін алып, ішіндегі сөйлемдерді оқытып, оларды сөзге бөліп оқытып, сөздерді буынға бөліп оқытып, буындарды әріпке бөліп оқытып таныстырса, сонымен бала оқуды үйреніп алады, өйткені әліп-би әрпінің бәрі кітаптың бір бетінен табылады дейді.

Жакотаның әдісін өзгертіңкіреп осы күнде де қолданып отырған да бар. Американ әдісі деп айтылып жүрген әдістің негізі – Жакотаникі.

Жакоташа үйрету реті былай болмақ:

Кітаптың алған бетіндегі әуел келетін, мәселен, мынадай сөйлем екен – «қалаға жақын жердің бәрі жиын».

Осы сөйлемді мұғалім кеспе әріптен жасап, тақтай бетіне тізіп қойып, дауыстап әрі сөзін қолымен көрсетіп оқиды. Сонан соң оны балалар оқығанда, бәрі дауыс қосып көптеп те, жеке де оқиды жаңа да қалыпта ретпен оқымай, сөздерді есе қосып былайша оқиды.

Қалаға

Қалаға жақын

Қалаға жақын жердің

Қалаға жақын жердің бәрі

Қалаға жақын жердің бәрі жиын.

Осылай оқу балалар сөйлемнің ішіндегі кез келген сөзді танып алатын болғанша істеледі.

Содан кейін мұғалім басындағы сөзді алып, кеспе әріптен буынға бөлген түрде бөлек шығарып қояды да буын-буынға бөлгілеп оқиды. Балаларға да осылайша оқытып, сөз бірнеше бөлініп айтылатынын айтады. Сөздің бәрін осылай оқытып, солай айттырып болғаннан кейін, пәлен буынды, түген буынды көрсет дейді. Пәлен буын қай сөзде, түген буын қай сөзде деп сұрайды. Пәлен буыны бар, түген буыны бар сөзді көрсет дейді. Пәлен сөздің бас буыны, аяқ буыны қайсысы деген сұраулар болады.

Сөйтіп бір сөйлемнің өзінде балалар буынның бірнеше түрімен танысып қалады.

Әріппен таныстыру үшін де істейтін тәсілі осы. Бір буынды алып, мәселен, «ла»-ны алып, екі арасын ашып қойып, арасын бөліп оқиды, балаларға оқытады. Неше бөлініп айтылатынын сұрайды. Басындағы, аяғындағы әріп әрқайсысы не деп аталатындығын айтады, оқығанда қалай айтылатынын айтады. Содан соң білген әріптерін басқа сөздерден тапқызады. Содан әрпі екінші, үшінші тағысын тағы буындарды алып, істейтін ісінің реті бәрі осылайша болады.

Бір сөйлемді солайша үйреніп болғаннан кейін басқаларын алып, бұлайша үйретеді. Жалғыз қойылатын шарт – 1) балалар үйренген нәрсесін нық білу, ол үшін оқу сабағын дәйім басына бірінші сөйлемнен бірінші сөйлемнен бастап отыру, 2) жаңа сөйлемді оқытуға алғанда ішінде келетін бұрынғы таныс буындар мен таныс әріптерді балалардың өздері көрсетуі керек.

Сөйтіп, он шақты сөйлемді оқи білген кезде балалар бір жағынан әріптерді, бір жағынан буын түрлерін танып алып, бір жағынан оқуға жаттығып, әрмен қарай өз беттерімен оқуға жараған.

Жакото оқытуға ұста, әдісінде шеберлік толық болғанмен, Гедикенің әдісіндегі кемшіліктен бұл да құтыла алмаған. Ол кемшілік – оқыған сөздерін неге солай оқылатынын білместен жаттау. Ол кемшілігіне қаламай Жакотоның әдісі тәуір-ақ жайылған. Немістер Жакото әдісінің мәніне түсінгеннен кейін, Жакотоның әріпті әдісін дыбысты әріпке аудару шарасын қарастырады. Сөйтіп, бір заманда дыбысты жалқылау әдіс пен дыбысты жалпылау әдіс – екеуі қатар өркендеп күшейген кезі болған. Онан әрі барып екеуі қосылып бір әдіс түріне түскен, онысы жалқылау-жалпылау әдіс. Ол келесі жолы сөз болмақ.

А.Байтұрсынов

А.Байтұрсынов Тіл тағдылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). Алматы: «Ана тілі», 1992, 364-367 б.

Жалқылаулы-жалпылау әдіс

Бір жерде жалпылау, бір жерде жалқылау әдісі деп жүріп, ақырында екеуі жалқылаулы-жалпылау әдісі болып бірігеді. Бұл әдістің өзі қолдану жүзіндегі баспалдақтарына қарай бірнеше түрге бөлінеді.

1. «Шағын сөзді» деген түрі. Мұның асылы балаларға шағындап алған әр сөздің оқуы мен жазуын білдіру. Мұны әуелі қолданушылар Погел, Томас, Белме деген неміс оқытушылары, сонан басқалар алып түрліше қолданады. Бірақ, бәрінің негізі мынау болады:

Әліп-би кітабы болмақ, ол кітаптың ішінде: 1) сүгіреттер болмақ, 2) сүгіретті нәрселердің атын көрсететін баспа да, жазба да сөздер болмақ, 3) сол сөздерге ұқсас басқа да сөздер болмақ, 4) үйретілген әріптерден жасалған сөздер, сөздерден жасалған сөйлемдер, сөйлемдерден жасалған қысқа-қысқа әңгімелер болмақ, 5) түгел күйінде әліп-би ретімен жазылған әріптер болмақ. Бұл соңғысы үйрету үшін емес, әріп біткеннің бәрі үйретіліп болғандығын көрсету үшін қойылады.

Осылайша шығарылған әліп-би кітаптары бірінен-бірі негізгі жағына емес, 1) шағындап алған сөздің сандары жағынан, 2) сөздердің түрлері

жағынан, 3) сөздердің орналасуы жағынан, 4) оқуға алынған әңгімелері жағынан алынады.

Үйрету көшесі былай:

1. Әліп-би кітабының 1-і бетінде тұрған сүгіретті оқытушы тақтайға салады да, сол нәрсенің жайынан әңгіме қозғайды. Әңгіме балаларды қозғайды. Балалар мен оқытушы әңгімелесе-әңгімелесе барып, сол нәрсе турасындағы жұмбақтар, өлеңдер сияқты нәрселерді айтқызады немесе өзі айтады. Бұл әңгіменің пайдасы – алынған нәрсені балаларға анық танытып білім береді, сөйлесуге бойын да, тілін де үйретеді.

2. Салынған сүгіретті балалар дәптерлеріне көшіреді. Бұл көшіру балаларды сүгірет салуға үйрету емес, салғандары ұқсасын, ұқсамасын әркім әлінше салса болғаны. Мұның пайдасы сүгірет салуға балалар әуес болғандықтан, сүгірет салғандарына маз болып өздері рақаттанады, қарындаш ұстауға қолдары үйренеді.

3. Сүгіреттегі нәрсенің атын көшіру. Оқытушы сөзді тұтас күйінде тақтайға жазады. Балалар дәптерлеріне көшіреді. Көшіруден бұрын былай ету керек дейді: Оқытушы тақтайға жазып жатқанда, балалар карап бағып отырады. Жазып болған соң, балалар орнында отырып, оқытушының жазуына еліктеп, жазған сияқты болып, сұқ қолдарымен тақтай бетіндегі жазу бойымен жүргізеді. Сонан соң барып қарындашпен дәптерлеріне жазады.

4. Сөздің дұрыстарын айыру. Ол үшін оқытушы тиісті сөзді алады да, дыбыстарын анық етіп ашық дауыспен айтады. Әсіресе, кезінде үйретуге керек болып тұрған дыбысты айқындата айтады.

5. Сөзді әріптен бұтарлау. Ол үшін оқытушы әріп араларын ашығырақ жазады. Балалар соның ішінен үйретіп жүрген әріпті танып алып, бірнеше рет жазады. Солай бірнеше әріпті танығаннан кейін оқытушы енді әр әріпті жеке күйінде алып тақтайға жазып, бұл қай сөзде, қандай орында тұр деп сұрайды. Балалар әліп кітабына жазылған әріпті сөздің ішінен танып көрсетеді.

6. Әріптерден сөз жасау. Балалар 4-4 әріпті танитын болғанан кейін солардан құрап, сөз жасайды.

7. Баспа тану. Ол үшін жазба сөздің астына баспа сөз қойылып, екеуінің әрпі салыстырылады.

Шағын сөзді алынғы әдістерше не әріп жаттатып, не сөз жаттатып, балалардың басын қағыру жоқ. Жұмыстың бір ұшы оқытушыда, бір ұшы балаларда болып, бұлардың басы білім құятын тек ыдыс есебінде болмай, немесе бір жағы адамша, бір жағы машинаша істемей, екі жағы да зер салып істейтін болады.

Мұнысы алдыңғы әдістерден артық бір жері болмаса, екінші бір артық жері – аз сөзді оқи білумен балалар көп сөзді оқып кетуге жарайды.

Сондай артықтығы болғандықтан, бұл әдіс мәдениетті жұрттың бәріне де жайылады. Жұрт өзінің тілінің, емлесінің жүйесіне қарай түрліше ыңғайлап қолданады. Сондықтан пәлен әдіс, түлен әдіс деп түрлі атпен аталады. Атына қарамай, затына түптеп қарағанда бәрінің негізі бір болып шығады. Орыстарда түрлі атпен аталған әліп-би кітабы үйрететін әдістер, татарлардан, мәселен, түрлі атпен аталған әліп-би кітабы үйрететін әдістер, біздің қазақта да әліп-би кітабымен үйрететін, олардың бәрі де шағын сөз әдісінің негізінен құр емес.

II. «Жазу-оқу» деген түрі. Былай деп біреулер жазу мен оқу екеуін қабат үйретуді айтады, біреулер оқуды жазу арқылы үйретуді айтады. Әдістің затына соңғы мағынада айтулары дұрыс келеді. Өйткені – бұл әдісті қолданушылар оқу үйретуді оқудан бастау дұрыс емес, жазудан бастау дұрыс дейді.

Мұны былай дәлелдейді: «Жазу жоқ кезде оқу жоқ. Оқудан жазу дүниеге бұрын келген. Оқуды жазу тудырған» дейді.

Оқу білмейтін адамды үйреткенде жазу мен оқудың пайда болған жолымен жүру керек дейді.

Бұл әдістің өзі онша дүниеге көп жайылмағанымен, өзге жайылған әдістерді түзетуге дақылы болды. Мұнан бұрын оқу алда жүріп, жазу соңында жүруші еді. «Жазу-оқу» әдісі шыққаннан кейін екеуі қатар жүретін болды. Оқытушылар үйретуді оқудан бастаса, әдістер оқытқанын жаздырып отыратын болды; жазудан бастаса жаздырғанын, не жазғанын оқытып отыратын болды.

Бұл «жазу-оқу» әдісін орыстар, орыстан үлгі алған Ресейдегі басқа жұрттар көп қолданады.

III. «Дыбысты әдіс». Дыбысты әдіспен үйреткендегі істелетін істің негізгі бес түрлі:

- 1) балалармен әңгімелесу
- 2) оқу үйретуге де даярлайтын жұмыстар
- 3) сөзден дыбыстарды айырып шығару
- 4) әріптермен таныстыру
- 5) білген әріптерінен сөз құрау, соны оқу

Әңгімелесу. Бұл балалардың бойын үйрету үшін істеледі. Әңгімелескеннен кейін балалар оқытушыға үйір болады, оқытушы балалардың жайларын біледі. Әңгіме арқылы балалар мектептегі нәрселердің аттарымен, жүру-тұру жүзіндегі тәртіптерімен танысады.

Оқуға даярлайтын істер. Бұл - әуелі, «сөз» деген ұғым мен «дыбыс» деген не нәрсе екенін білдіру. Екінші, сөздің ішіндегі дыбыстарды айырту.

«Сөз» деген ұғымды таныту үшін оқытушы балаларға бір нәрсені айтады. Оның атаған нәрсесі туралы өзі бір нәрсе айтып, неше сөзбен айтылып тұрғанын сұрайды. Мәселен, балалар «тақтай» деген болса,

оқытушы «тақтай үлкен» дейді де, балалардан неше сөзбен айтылып тұр деп сұрайды. Сол жөнмен бірнеше рет сөздер, сөйлемдер алынып, сұралып өткеннен кейін сөздің не екенін біліп кетеді.

«Дыбыс» ұғымын таныту үшін істелетін тәсіл екі түрлі болады. Біреуі былай: оқытушы бір дыбысты айтады да, айтқаным не дыбыс деп сұрайды. Балалар естіген дыбысын айтады. Тағы бір дыбыс алып, тағы солай сұрайды, балалар сұрағанын айтып береді. Солай бірнеше рет істелгеннен кейін балалар «дыбыс» деген нәрсенің не екенін ұғады. Екінші тәсіл былай істеледі: балалардың көзін жұмғызып қойып оқытушы бір нәрсені сылдырлатады, немесе тықылдатады. Бірақ не істесе де балалардан «не естідіңдер?» деп сұрайды. Балалар естігенін айтады. Сонан оқытушы бір дыбысты айтады. Мұны да не естідіңдер деп сұрайды. Балалар естігенін айтады, солай бірнеше ірет істеп, бірнеше ірет сұрағаннан кейін «дыбыс» деген немене екенін балалар ұғады.

Дыбыс айырту үшін оқытушы өзі не балаларға бірдеме айтқызады. Сонан бір сөзді алады да, соны әуелі буындап бөлектеп айтады. Буындап бөлектеп айтқанда буын жіктері ашылып, әр буын бөлектеніп естіледі. Солай бірнеше сөзді алып айтқаннан кейін балалардың құлағы сөз буынын айыратын болады.

Буынды айыра білгеннен кейін дыбыстарын айыруға түседі. Ол айыруға қолайлы буын табылатын сөздерді алып, әуелі буынға бөледі де, сонан өзінің керек қылған буынын алып, дыбыстарын бөлектей айтады, немесе әнге салған сияқты созып айтады. Балалардың тез айырып үйренуіне соңғысы қолайлы. Буынды созып айтқанда оның ішіндегісі нендей дыбыс екені біліне қалады. Мәселен, «ара» деген сөздің «ра» деген буынын алып, әр дыбыспен созып айтса, әуелі «р», сонан соң «а» естілетіндігін құлақ қазір айырады. Мұндағы бір керек нәрсе, ол – алғашқы кезде алған буындардың әріптері созылатын болу тиіс: ол дыбыс айыру жұмысын көп жеңілдетеді.

Дыбысты айыра білгеннен кейін оларды қоса білуге кіріседі. Дыбыстарды қосып буын жасап, буыннан сөз жасау керек дейтіндер де бар, оның керегі жоқ дейтіндер де бар. Керек деушілердің пікірі екіге бөлінеді: біреулері әріп көрсетуден бұрын балалар сөзді дыбыстан құрап жасай білу керек дейді, екіншілері – дыбыс құрастыру әріптермен таныстырылып, соларды құрастырып, сөз қылып, қосар жерде істелу керек дейді. Әуелі, бұл үш түрлі пікірдің дыбысын құрастыру керек емес дейтіндер дұрыс емес. Дыбысты әдіс болмаса керек десе, онда жөн, ал дыбысты әдіс болса, онда дыбыстарды қостастыру болмаса, ол шала болмақ. Екінші әріптерді құрастырып оқыр кезде істелу керек деген пікір де дұрыс емес. Онда кеш болады, онда еш пайдасы тимейді. Олай болғанда сөздің дыбыстарын айырып үйретудің де қажеті жоқ, оны жазу кезінде істетуге болады.

Сөздің дыбыстарын айыра білу – соңыра жазуға керегі бар нәрсе, дыбыстарды құрастырып сөз қыла білу – ол соңыра оқуға керегі бар нәрсе. Дыбысты дыбысқа қосу әріпті әріпке қосудан жеңіл болады. Үйрету жеңілінен басталу керек. Ол үйретудің негізгі дабыл жолы.

Әріптермен таныстыру. Сөздің дыбыстарын айыра бергеннен кейін түрлі дыбыстарды қосып сөз қыла білетін болғаннан кейін әріппен таныстыруға түседі. Әріппен таныстыру іреті әріптердің әліп-би кітабындағы тұрған іретінше болады. Әліп-би кітабының басындағы бөлек әріптер, мәселен «а», «с» болса, сол әріптер бар сөзді алып, дыбыстарын айыртады. Сонан соң пәлен дыбыстың таңбасы мынау деп әрібін көрсетеді. Дыбыс таңбасы әріп деп аталатынын да айтады. Сонан кейін жаздырады. Басқа әріптердің арасынан іздеп таптырады.

Сонан кейін танытқан әріптерінен құрастырып, сөз қылып оқытады. Дыбыстарды айырту, құрастырып сөз қылу дұрысталып істеліп, балалар әбден әдісін алған болса, сол дыбыстардың әріптерін құрастырып, сөз қылып оқуға балалар қиналмайды. Бір-екі сөзді әріптен құрап оқығаннан кейін тез әдісін алады. Алғашқы кезде сөзді ылғи буындап қостырып оқытады. Сонан буындап оқып әдістенеді. Буындап оқу жаттыға бара қалыпты оқу түріне түседі.

Алдағыда Европа жұрттары соңғы кезде қолданып жүрген америка әдісі деген жалқылаулы-жалпылау әдісінің «тұтас сөзді» тағы бір түрін айтып, сонымен әдіс жалпы тарықын аяқтайық.

Бұл – ескі емлелі жұрттың шығарған, ескі емлелі жұрттың қолданып отырған әдісі. Ағылшын, француз жұрттарының емлелері араб емлесі сияқты ескі болады, ескі емлемен жазылған сөздің жазуымен оқуы бір-біріне сәйкес болмайды. Мәселен, арабтар «тырқы» деп жазып «таракқи» деп оқиды. Ағылшын мен француз емлесі онан да сорақы: біз олардың емлесінше жазатын болсақ, «жой» деп жазып, «жуа» деп оқыр едік. Ондай емлесі бар жұртқа дыбыстың құны шамалы: сөзді сүгіретін жаттап оқумен танып оқиды, әріп тек сүгірет мүшесінің орнына жүреді. Бұл күнде бұл әдісті әр жұрт өз тілінің, емлесінің ыңғайына қарай әртүрлі тұтынып отыр. Нағыз өзінің шыққан жері Америкада тұтынуы былай:

Жылдың ортасына дейін кітап қолдану жоқ. Балалар оқытушының тақтайға жазғанын ғана оқумен барады. Оқу әріптен, не дыбыстан басталмайды, тұтас тұрған сөздерді оқудан басталады, Мәселен, бір бала шегіртке ұстап әкелген екен.

Оқытушы: «Не әкелді?» - деп балалардан сұрайды. Балалар: «Шегіртке әкелді», - дейді. «Шегіртке әкелді» деген сөйлемді оқытушы тақтайға жазады. Өзі оқиды, балаларға оқытады. Сонан соң шегіртке деген сөзді кірістіріп, басқа сөйлемдер алады. Оны жазады, оқиды, оқытады. Сүйтесе сүйте «шегіртке» деген сөздің жазуы қайта-қайта ұшырап, балалардың

жаттарында қала-қала барып, әдбен таныс болып, бірден танитын болады. Бірден танитын болса, бірден оқитын болғаны. Басқа сөздердің де оқуын солай іретше үйретеді.

Солай етумен жарты жылдың ішінде 125 шамалы сөзді танып оқитын болады. Екі айдай сөздің дыбыс жағына жоламайды. Онан әрі ғана, балалар бірсыпыра сөздің оқуын енді біліп болды ғой дегенде барып, сөздің дыбыстарын айырта бастайды.

Дыбыс айыртуға тұқымдас сөздер алынады. Тұқымдас сөздердің дыбыстарының көбі бірдей болады. Дыбыс айыртуға түсерде жаңа айыртылған сөздер тұқымдастығына қарай сұрыпталып, бірінің астына бірі сатыланып жазылады. Соларды көре-көре, оқи-оқи жүріп сөздердің бәрінде де ұшырайтын ортақ дыбыстардың үнін де, әріптерін де айыратын болады. Американың жазуға үйретуі де оқуға үйрету сияқты әріптен басталмай, бүтін сөздің жазылуынан басталады. Бірақ жеңілдік үшін бастапқы кезде әрпі аз сөздер алынады.

Ахмет Байтұрсынов

А.Байтұрсынов Тіл тағалымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). Алматы: «Ана тілі», 1992, 368-372 б.

Әлібби тақырыбты Ақметтің байандамасы

1 - Әлібби түзеу деген түрік жұртында көптен келе жатқан мәселе. Мәселе қозғалғаннан бері түрік әліббиінің түзелген жақтары да бар. Түрік әліббиінің түбі арабтан шыққанмен, түрік тіліне икемделіп, өзгеріс кіріп, таза күйінде тұрмағандықтан, мен оны, араб әліббиі демей түрік әліббиі деймін.

2 - Осы күнгі жұрттардың бәрі де өзі шығарған әліббиін тұтынып отырған жоқ. Бәрінікі де өзгеден өзгертіп алған әлібби иауропа жұрттарының тұтынған әліббиінің түбі көне семит әліббиі. Көне семит әліббиін өз тіліне үйлестіріп пінікіе жұрты алған; Онан грек алған, гректен латын, иаурыпа жұрттары алған. Түрік әліббиінің түбі де көне семит әліббиі. Онан көпеліктер алған, көпеліктен араб өз тіліне үйлестіріп алған, арабтан иран, түрік жаңа басқа мұсылмандар алған. Солардың қайсысы да бірінің әліббиін бірі алғанда, тұрған қалпында алмаған, өз тілінің дыбыстарына қарай өзгеріс кіргізіп алған, тіліне әліббидің артығы болса, алып тастаған, кемтігі болса әріп қосып толықтырған, дәл келмеген әріптер болмаса, оның не түсін өзгертіп, не дыбысын өзгертіп алған. Сондай өз тіліне икемдеп өзгеріс жасап алған әліббилеріне әр қайсысы өз аттарын қойып латын әліббиі, орыс әліббиі дегенде, түрік өз тіліне

үйлестірген әліпбиін түрік әліббii деп, қазақ онан өз тіліне үйлестіріп алған әліббiiн қазақ әліббii деп атауға жолымыз болуға тиіс.

3 - Түрік жұрттары әлібби түзейміз десе, бәрі қосылып бір әлібби түзей алмайды; өйткені тілдеріндегі дыбыстарының түрлері бірдей емес. Дыбыстары бірдей болмаса, бәріне бірдей жалпылап әлібби жасауға болмайды, өйткені олай жасалған әліббидің не әріптері тұс келмеске тиіс, не әріптерінің дыбыстары тұс келмеске тиіс. Сондықтан түрік жұрттары үшін бір әлібби түзеу деген мәселені – бір әліббиді бәрі негізге алып, түрік жұртының әр қайсысы өз тіліне үйлестіру деп түсіну керек. Солай болған соң бізге ең әуелі, негіз боларлық әлібби керек; Сол әліббиді қарастырып табуымыз керек.

4 - Түрік жұрттары әліббii жоқ жұрт болса белгілі – белгілі әліббилерді алар еді де, түрлі жағынан қолайлы қолайсыздығынан қарар еді де, ұнатқан біреуін алар еді.

Түрік жұрты ондай емес, көптен тұтынып келе жатқан әліббii бар жұрт.

Көптен қолданып көзге үйір болып, көңілге сіңген, қалыққа тамыры таралған әліббиді тастай салып, басқа әлібби ала қойу оңай жұмыс емес. Солай болған соң түрік жұрттары бәріне бірдей негіз боларлық әлібби іздегенде, әуелі, өз әліббиінің ондай негіз болуға жарайтұн жарамайтұндығын анықтап ашарға керек. Екінші өз әліббii жарамаса, онан артық әлібби табарға керек. Үшінші, қолайлаған әліббиді түрік жұртының әр қайсысы өз тіліне үйлестіру керек. Әлібби түзеу жүзінде алдымен істелетүн осы үш жұмыс.

5 -Түрік жұрттарында әлібби түзеу мәселесі қозғалып жүрген себебі – бір кезде түрік жұртының бұтақтары өскен соң, бәріне бірдей шақ келмей жүргендігі, ол кемшілік түрік әліббiiнде жоқ деп ешкім айта алмайды. Бірақ сол кемшілігі не даражалы кемшілік? Негізді кемшілік бе, некен-сайақ кемшілік бе? Екінші сөзбен айтқанда түрік әліббiiн негізге алуға жаратпай шығарып тастайтұн кемшілік бе? Болмаса олай-бұлай түзетумен ондалатұн кемшілік бе? Осы жерін ашуымыз керек.

6 - Әлібби талғап бірін артық бірін кем дегенде, бірінде мін көп, бірінде аз дегенде, табан тіреп бағалайтұн бір тианақ болуы керек. Ол тианақ әлібби қасиеттерінен шығатұн нарқ боларға керек, ашып айтқанда онымыз әліббиді бұлды болсыз қылатұн сыпаттары боларға керек.

Менің ойымша жақсы әліббидің қасиеттері мынадай болуға керек:

1. Жақсы әлібби тілге шақ болу керек. Өлшенбей тігілген о жер бұ жер бойға жуыспай, қолбырап, солбырап тұрған кең киім сияқты артық әріптері де қолайсыз; Бойыңды қысып, тәніңді құрыстырып тырыстырып тұрған тар киім сияқты әрпі кем әліпби де қолайсыз болады.

2. Жақсы әлібби жазуға жеңіл болуға тиіс. Әліббидің әріп сүгіреттері қиын болса, мүшелері көп болса, жазуды ұзақтатып уақытты көп алады.

3. Әліббидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болу тиіс, әріпі тізгенде оңай тізілетұн, басқанда орынды аз алатұн әлібби баспа сөзді арзандатады.

4. Жақсы әлібби үйретуге де қолайлы болуы тиіс. Әрпі сара жазуға оңай, баспасымен жазбасының суреті жақын әліпби үйретуге жеңіл болады.

Жақсы әліббиге ылайық бұл төрт сыпатқа келмейтұн әліббилердің бәрі де кемшілікті әлібби болмақ. Тұтынып жүрген түрік әліббин бұлдағанымызда да, басқа әліббиді бұлдағанымызда да, осы төрт сыпат жағынан қарап бұлдауымыз керек.

7 - Тұтынып жүрген әліббидің о жер бұ жерін өзгертіп түзету деген оңай нәрсе; Тұтынып жүрген әліббиді тастап, басқа әлібби алу деген ол – өте қиын жұмыс. Оны істеуге көп қаржы керек. Ондай өзгеріс жасау: Істеуге адамы құралы сай, жұмсауға қаржысы мол, әлді жұрттардың қолынан келмек. Біздер сияқты анасы да мынасы да жоқ – мешеу жұрттарға бір әліббиді тастап екінші әліббиді ала қою оңай жұмыс емес. Солай болған соң, біз осы күнгі тұтынып жүрген әліббиімізді әбден тексеріп, негіз болуға тіпті жарамайтұн болғанда ғана, шарасыздықтан басқа әліббиді негізге алуымыз керек.

8 - Түрік әліббиінің қолайсыздығынан залал шегіп жүрген түрік жұрттарының әр қайсысы қандай кемшілігі бар екенін, ол кемшіліктері түзеуге боларлық кемшілік бе, болмайтұн кемшілік бе, – болмайтұн кемшілік бе, – ашу керек. Қазақ да, башқұрт да, ноғай да, өзбек де, түрікбен де, азырбайжан да түрік әліпбиінің негіз болатұн – болмайтұн кемшіліктерін әбден ашса, сонда түрік жұрты болып, басқа әлібби іздеуге болады.

Оған дейін латын әліббин аламыз деп, жасалып жатқан жобалар асыққандардың ісі болса керек.

9 - Мәселенің қазаққа қараған жағына келсек, біз түрік әліббин түзеп, тілімізге шағындап әлібби жасағанымызға он жылдан асып барады. Қазақ әліббиі түрік әліббин негізге алып, қазақ тілі үшін әлібби жасау оңай екендігін көрсетті. Қазақ басқа әлібби аламыз десе, өзгелерді еліктеумен аламыз демесе, өз әліббиі жарамағандықтан, шарасыз болып аламыз демейді. Қазақ тілінің дыбыстары анықталып ашылған, ол дыбыстарға әріп арналған. Әлібби деген осы болады. Біз әлібби түзейміз дегенде түрік әліббин тілімізге келмеген соң тастап түзейміз демейміз, әліббиіміздің түзелмей қалған жағы бар; Сонысын ғана түзейміз дейміз.

10 - Түрік әліббиінің басқа түрі қолайсыз. Онысы баспа ісі жүзінде де, үйрету жүзінде де кемшілік қылады. Біздің баспа әріптеріміз жазба сияқты тіркесіп басылады. Иаурыпа жұрттарының, онан басқа да жұрттардың көбінің ақ баспа әріптері дара басылады. Дара әріп сара көрінеді. Жазба түрінде тіркесіп басылған да, әріптің баста, ортада, аяқта ұшырайтұн түрлерінің бәрі алынып, бір әріп бірнеше түр болып саралығы кемиді.

Мұнан келетүн кемшілік, әуелі бір әріптің бірнеше түрде болуы әріп ұясын көбейтіп, әріп тізу жұмысын қиындатады; Екінші әріп саралығын кемітумен үйреткен шақта кемшілік қылады. Үшінші сол кемшілігінің кесірінен осы күнге дейін түрік жұрттары қол машина жасатып, тұтына алмай келді. Біз әлібби түзейміз дегенде әліббиіміздің осы кемшілігін түзетеміз дейміз.

Әлгі айтылған үш түрлі кемшілік бәрі келіп бір шұқырға құйатын кемшілік, әліббиіміздің баспа түрін даралаумен үш кемшіліктің үшеуі де жоғалмақшы.

11- Баспа түрін даралау қолдан келместей онша қиын да, көп те жұмыс емес. Әріп түрі дара мен тіркес екеуінің аралығында басылса оқуға болатұндығын көрсетерлік аз да болса тәжірибе бар. Қол машинаға жасалған әріптермен дара басылған сөздерді жылдам оқып кетпегенмен ақырында оқуға әр кімге де болады. Тануға болса, жылдам оқу деген көз үйренумен жаттығатын нәрсе, қол машинаға жасалған әріптер де көрбіле амалсыздықтан көніп отырған кемшіліктер бар.

Баспаға арнап жасаған әріптер де ол амалсыз жіберіліп отырған кемшіліктер болмайды. Сөйтіп қазаққа қолайсыздық қылып отырған түрік әліббиінің жалғыз ақ баспа түрі болып шығады; Сондықтан біздің әлібби түзейміз дегендегі істейтін ісіміз әріптердің баспасын дара түрге айналдыру болып шығады.

12- Қазақ тіліне түрік әліббиінен қолайлы әлібби бар шығар, оны неге қарастырмаймыз, оны неге алмаймыз деуші бар шығар. Солай болған соң мәселенің бұ жағында үндемей өтуге болмайды. Соңғы кезде түрік тіліне өте қолайлы деп жүрген әлібби латын әліббиі. Бұл әліббидің түрік әліббиімен салыстырғанда артықтығы жалғыз ақ баспа түрінің даралығында; Басқа жағынан қарағанда кемшілігі көп, артықтығы жоқ. Жоғарыда айтылған жақсы әліббиге лайық төрт сыпат жағынан сынға алып, екі әліббиді қатар қойып қарап шықсақ екеуінің де артық кем жері белгілі болмақ.

13- Жақсы әліббидің белгісінің бірі – тілге шақтығы деп едік. Әуелі екі әліббиді осы жағынан салыстырып қарайық: қайсысы қазақ тіліне сәйкесірек келеді екен.

Түрік әліббиінің қазақ дыбыстарына тұспа-тұс келгендіктен өзгертусіз, ережесіз тігілей алынған әріптер:

А, б, п, т, ж, д, р, з, с, ш, ғ, қ, к, г, н, л, м, н, и барлығы 19 әріп.

Бұрын дербес иемдеген дыбысы жоқ болып бірде олай, бірде бұлай жұмсалып жүргендіктен ережелеп бекітіп алып отырған әріптеріміз: ұ.

Латын әліббиін алуға жасаған жобаға қарағанда (Қалел жобасы), латын әліббиінен қазақ дыбыстарына тұспа-тұс келгендіктен өзгертусіз, ережесіз, тігілей алынатын әріптер:

A(a), B(b), d (д), l(Л), m(м), n(н), o(o), p(п), r(p), s(c), t(т), z(з), k(к), g(г) – барлығы 14 әріп. Нақ тұспа-тұс келмегенмен жуықтығы барлықтан ережелеп икемдеуге келетүн әріптер: e(е), j(ж), i(и), u(y) – бесеу.

Қазақ дыбысына жуық келетүн де әріп болмағандықтан өзгертіп алынатүн әріптер: g(ғ), k(қ), n(ң), ө(ұ) – төртеуі.

Мұның үстіне дербес бір әріп келмегендіктен, екі белгімен алынатүн ш дыбысының әріпі sh(ш) бар.

Бұл салыстыру жүзінде латын әліббиінен түрік әліббиінің анағұрлым артықтығы айқын-ақ көрініп тұр:

Түрік әліббиінен ережесіз, өзгертусіз 19 әріп қазақ дыбысына сәйкес келгенде, латын әліббиінен 14-ақ дыбыс сәйкес келіп тұр.

Түрік әліббиінен ережемен 4 әріп алынғанда, латын әліббиінен ережемен 5 әріп алынатүн көрінеді. Түрік әліббиінен өзгертумен алынған әріп біреу-ақ; Латын әліббиін алғанда ондай әріп төртеу болатүн көрінеді.

Түрік әліббиінде бір дыбысқа екі әріп алынбайды; Латын әліббиін алғанда ондайда болатүн көрінеді.

Жақсы әліббидің екінші сыпаты жазуға жеңілдігі деп едік. Енді ол жағынан да салыстырып қарайық.

Әріп суретінің оңай қиындығы да мүшесінің аз-көбі де қалам сермеуінен өлшенеді.

Қаламның бір сермеуімен жазылатүн әріп екі сермеумен жазылатүн әріптен шапшаңырақ жазылады, қаламның қысқа сермеуінен жазылатүн әріп ұзын сермеумен жазылатүн әріптен шапшаңырақ жазылады.

Бұ жағынан салыстырғанда да түрік әліббиінің анағұрлым артықтығы айқын екендігін көру қиын емес. Түрік әліббиіндегі қалам сермеу саны:

A(1/2-1), б(1-2), п(11/2-2), т(11/2-2), ж(11/2-2), д(1), p(1/2-1), з(1-2), c(1/2-1-3), ш(11/2-2-3-4), ғ(1/2-1), қ(11/2-2), к(2), r(3), н(3), н(11/2-2), л(1), o(1), ұ(2), y(2), e(2-1), ы(1), и(11/2-2) барлығы 33-41; оның да көбі нүкте.

2) Латын әліббиіндегі қалам сермеу саны:

a(2), b(2), p(2), t(2), j(2), hs(2), d (2), r(2), z(2), s(2), g(2), k(2), k(4), g(3), n(3), n(3),m(3), l(1), o(1), ө(2), u(2), e(1), y(2), i(2) барлығы 53 сермеу.

Жақсы әліббидің екінші сыпат жағынан да түрік әліббиі анағұрлым артық болып шықты. Түрік әліббиінде қалам сермеуі 41, латында 53. Түрік әліббиінде сермеудің көбі нүкте сияқты қысқа сермеу. Қысқа сермеулі әріппен ұзын сермеулі әріпті жазу екеуі бірдей болмайды.

Жақсы әліббидің екінші сыпат жағынан да түрік әліббиі анағұрлым артық болып шықты. Түрік әліббиінде қалам сермеуі 41, латында 53. Қысқа сермеулі әріппен ұзын сермеулі әріпті жазу екеуі бірдей болмайды.

Жақсы әліббидің үшінші қасиеті – баспаға қолайлылығы деген едік. Бұ жағынан бәйгені латын әліббиі бұл бәйгені де ала алмайды.

Жақсы әліббидің төртінші қасиеті үйретуге жеңілдігі деп едік. Әлібби

үйретуге жеңіл болады: 1) әріптерінің пішіні саралығымен; 2) баспа түрі мен жазба түрінің жақындығымен; 3) суретінің жабы сүгірейлігімен, - жазуға шеберлікті онша керек қылмауымен. Саралық жағынан түрік әліббинің осы күнгі түрі латын әліббинен төмен; өйткені баспасының бас, орта, аяқ түрлері әріп саралығын кемітетіндігі жоғарыда айтылды. Даралық жоқта әріпте саралықта болмайды баспасын саралағанда түрік әліббиі латын әліббинен саралық жағынан де кем болмайды. Қатталатын әліббиі ұлылы-кішілі әріптерімен алынса, түрік әліббиі үйрету жағынан да артық болады. Түрік әліббиі дараланған шақта латын әліббиі ұлы әріпсіз болған шақта, екеуі саралық жағынан да үйретуге жеңілдік жағынан да теңеледі. Баспа түрі мен жазба түрінің жақындығы жағынан салыстырғанда, түрік әліббиі латын әліббинен озады: баспаға түрік әліббинің жазба түрі алынған соң екеуінің арасында айырымы аз болатыны айқын нәрсе. Түрік әліббинің баспасын даралағанымызда, осы күнгі дара түрі мен тіркес түрінің орталығанда етіп баспа әріптер жасалса баспа түрімен жазба түрінің арасындағы жақындық ілгеріде де сақталмақшы. Дара түрін олай жасау қолдан келетүн нәрсе.

Сүгіреттерінің жабы сүгірейлігі жағынан салыстырғанда түрік әліббиі латын әліббинен тағы озады. Әріп жабы сүгірейлеу болса үйретуге келтіретүн жеңілдігі жазу үйреткен кезде болады. Бала болсын, үлкен болсын қат білмейтін адамның жазуға үйренбеген қолына әріп суреттері неғұрлым жабы сүгірейлеу келсе, – неғұрлым шеберлікті аз керек қылса, сол құрлым жеңілдік келтірмек. Латын әліббинен көрі түрік әліббинің жабы сүгірейлік көп екеніне ешкім таласбас деп екеуін қатар қойып қарап жатуды қажет көрмеймін, керек деушілер болса қатар қойып қарап өтуге де болады. Оның үстіне түрік әліббинің жазу үйреткендігі келтіретүн тағы жеңілдігі – түрік әліббинің 14 әрпін жазып үйренген соң, былайғы 10-ы үйретусіз жазылады. Сөйтіп манағыдан бергінің бәрін қорытып айтқанда, екі әліббиді салыстырып қарағандағы көргеніміз не?

Түрік әліббинің латын әліббинен кем жері баспа түрінің дара болмай, тіркес болғандығы. Басқа жағынан көбінесе түрік әліббиі артық болып шықты. Баспа түрін дараласақ, ол жалғыз кемшілік де жоғалмақшы. Әріпті даралау түрік әліббиін тастап латын әліббиін алудан әлбетте оңай болса керек.

15- Латын әліббиін алу деген сөз екі әліббиі әбден тексерілгеннен кейін шығып жүрген сөз бе, тексерусіз тек алайық дегеннен шығып жүрген сөз бе – ол жағы маған қараңғы. Тексеріп қарасақ, латын әліббинің түрік әліббинен кемдігі болмаса, артықтығы көрінбейді. Жаманнан жақсыға залалдан пайдаға бой ұрыу – жөні бар дұрыс іс оны әркім-ақ қостау тиіс, жақсыдан жаманға, пайдадан зиянға бой ұрғанда, оны дұрыс деп қостауға болмайды. Латын әліббиін аламыз деушілер ол әліббидің түрік

әліббиінен не артықтығын айқындап ашбай, пайдалы екендігін байналап түсіндірмей тек пәлен-түгендер алып жатыр; бізде аламыз дейді. Еліктеу мен лепірту базары көтеріңкі нәрсе екені ырас; Бірақ біреу алып жатыр екен деп латын әліббиін алуға болмайды. Біреудің істегенін дұрыс, бұрысын тексерместен істеу тек еліктеу болады; Тек еліктеуді маймылша еліктеу деп айтады. Тесе қарап тексеріп, түрік әліббиінен латын әліббиінің артықтығы мынау, пайдалылығы мынау деп көзге көрсеткен, ешкімді әлі көргенім жоқ. Көбінікі құр дүбірге қызу, дүрмекке еру сыйяқты көрінеді.

16-Латын әліббиін түрік әліббиінен кем де болса аламыз дер едік, Латын әліббиі иаурыпаның мәдениетті жұрттардың пәеді, сәнді әдебиеттерін өзімен ала келетүн болса, яғни ол жұрттар бізбен тұқымдас тілі жақын болып, олардың газет, жұрнал, пән кітаптарын оқып кететүн болсақ, әліббиін алған мен тіліміздің арасында ешбір жақындық болмаған соң, латын әліббиінен ондай пайданы көре алмаймыз. Болмаса, латын әліббиін тұтынған жұрттар орыстың орнында болып, аузына қарап, әмірін күтіп, балаларымызға тілін үйретіп отырған жұрттар болса екен. Онда да латын әліббиін түрік әліббиінен төмен болса да, алуда мағана бар дер едік. Ең болмаса, латын әрпін тұтынған жұрттар мен көрші отырып, аралас-құралас болып, қатысып, қабысып, түйіндесіп жатқан істеріміз болса екен; Онда да пайда-майдасы тиердер едік. Мұнда ода жоқ. Тіпті қолайлығын қойып, сұлулығы үшін аламыз десек, ол жағынан да латын әліббиінің жеңіп шығыуы нағайбыл; Өйткені сұлу жазу қолдың шеберлігіне қарайды. Қолы шебер адам екеуімен де сұлу жазады, қолы олақ адам екеуімен де жаман жазады жазбасы емес басбасының сұлулығы үшін аламыз десек, басба әріптің суреті шебер қолынан шығады, шебер қолынан екеуі де сұлу болып шығуы ықтимал.

17- О жақ бұ жағына қарап латын әліббиіне қызығарлық еш нәрсе таба алмаймыз. Латын әліббиін алғанда, келтіретүн пайдасы жоқ болмақ, істейтүн зияны көп болмақ зияны сол – бұл «сау басқа сақина тілеп алуда» болмай ауру үстіне ауру тілеп алу болады. Біздің осы күнгі ауруымыздың зоры: Мешел өскендіктен мәдениет жүзіндегі мешеулігіміз; надандық, сауатты адамдардың, іс қыла білетүн адамдардың аздығы, қаржысыздық, тағысын тағы мәдениет жағынан кемшіліктер. Сол аурудың үстіне латын әліббиінің ауруы келіп жамалмақ.

Латын әліббиін аламыз деушілер сол қиялын қалай жүзеге шығарамыз дейді екен? Түрік әліббиін қалайша қалдырып, латын әліббиін қалайша жүргіземіз дейді екен? Осы күнгі азда болса түрікше сауаттылықты латын әліббиінің жолына құрбан қылып, түрікше сауатты адамдарымызды сауатсыздыққа айналдырамыз дей ме екен? Әйтпесе бала оқытуға күш құрал қаржы табылмай жатқанда, түрікше сауаттыларды бір күнде латынша сауатты қылып жібереміз дей ме екен? Болмаса, бұрынғы

сауаттыларға газет, журнал, кітаптарды түрік әліббиімен бастырамыз дей ме екен? Олай ойлайтұн болса, осы күні бір әліббиімен бастыруға табылмай жатқан қаржыны латын әліббиі ала келеді дей ме екен?

Осылардың бәрін анықтап ашып, түрік әліббиін түзеуден латын әліббиін алудың оңайлығын көрсеткенше латын әліббиі түрік әліббиінен жұмысының жеңілдігі жағынан да бәйге ала алмайды, түрік әліббиін түзеу жұмысы жалғыз ақ басба әрпін даралау мен бітеді. Ол жұмыс латын әліббиін алудан жүз есе оңай болатұнына таласатұн адам табылар ма екен?

Ахмет Байтұрсынұлы

Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. Құраст.: Ш.Құрманбайұлы. Астана: «IC-Сервис» ЖШС 2005, 1925, 72-82 б.

Қалам қайраткерлерінің жайынан

Орынборға шақырған қазақ қайраткерлерінің съезі адам аз келгендіктен съезд есебінде болмай, кішкентай ғана кеңес түрінде болып өткені озған номерлерінде жазылды. Орынборда отырғандар, о жақ, бұ жақтан кез келгендер болмаса, съезге елден адам келіп жарытпады: үш-ақ кісі келді. Съезге атын атап шақырған адамдар да келмеді.

Келмеу себептерін түрлі жоруға болады.

Келмеулеріне бір жағынан, жол қаражатына қаржы жоқтығы себеп болған шығар; екінші жағынан, Жүсіпбек жолдас сияқты керексіз съезд деушілік те себеп болған шығар; үшінші жағынан, қазақ қайраткерлерінің Орынбор қаласынан қараңғы үйден жаман қашатындығы да себеп болған шығар; төртінші жағынан, өзгеріс уақытында қайрат жолы өзгеріп, қарқын беті қайтқаны себеп болған шығар. Бұл көп «шығардың» ішінде көбінен себеп болатын соңғы екі «шығар».

Съезге келуге ынталы адамдар болса қаржы да табылады, керексіз съезд деп те айтпайды. Мұның бұлай болуы келуге ынталы адамдар болмағандықтан, Орынборды көруге табиғаты шаппағандықтан болып отырған хал. Бұрын Орынбор қазақтың пікір құбылысындай болған заманда, съез түгіл жайда Орынборға келіп, бас қосып, қазақтың қамын ойласып, қайғысына дауа қарастырып қайтатын ел азаматтары енді еріншектік етіп келмей отыр деуге болмайды. Мұның мәнісін әрірек, тереңіректен іздеу керек.

Қазақ қалам қайраткерлері қайдан туған, қашан шыққан деп сұрау қойылса, жауап қиын емес.

1) Қазақ қалам қайраткерлері орыстың қорлық көрген, таяқ жеген, орыс табанында езілген жұрттан туған.

2) Қазақ қалам қайраткерлері қазақ басына қиын-қыстау зар заман түсіп, үстін торлап, қайғы бұлты қаптаған шақта шыққан.

Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық, зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілту, ауырын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес; кемшілік көрген жұрттан туып, кемшіліктен құтқаруды мақсат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қазақ қалам қайраткерлері жұртшыл, ұлтшыл, яғни халқына жаны ашитын, халқының жаны ауырғанда жаны бірге күйзелетін, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес. Олай болмаған болмаса, онда табиғат заңынан тысқары, адамнан шошқа, шошқадан күшік туған сияқты болып шығады.

Қазақ баласын ұлтым, жұрттым, бауырым деп үйреніп қалған қазақтың бауырмал қалам қайраткерлері октябрь өзгерісі болғанда бірден интернационал (бибауырмал) болып өзгере алмады, өзгелердей «алымсақтан бері» коммунист, интернационалист елім деп айтуға аузы бара алмады. Сондықтан бибауырмалдық жолға қызмет қылып, басшылық қыла алмады. Бауырмалдық жолында қаламмен қайрат етуін бибауырмалдық жолындағы үкімет хош көрмейтін болды. Сөйтіп, қазақ қалам қайраткерлерінің халінде дағдарыс болып, өзгерістен бұрынғы қарқындары қайтып, тартыңқырап қалды. Сол қайтқан қарқын әлі күнге қайта келіп жеткен жоқ. Бұрынғы қалам қайраткерлерінің бәрі де өзгерістен кейін қалам қайратына әлі белсеніп онша кіріскен жоқ.

Бұл айтылған себептің үстіне жамалған екінші себеп болды. Ол Қазақстанға ұлық болған адамдардың лағу-төңкеріс болса істің бәрі өзінен өзі істеліп, өзінен өзі өзгеріп кететіндей көруі. Қалыпты өзгертететін адамның ісі, яғни жұмсайтын күші, қайраты, ісі, білімі екендігін ойламады. Төңкеріс болды, патша үкіметінің орнына совет үкіметі орнықты: қазақты билеген, патшаның оң қолы болған чиновниктер қалып, олардың орнына совет үкіметінің оң қолы болып коммунистер қазақты билейтін болды. Елдің төбесі өзгерді, төресі өзгерді. Онан былайғысын өзгертуге көп күш, көп іс, түрлі еңбек, қайрат керек, яғни істей білетін түрлі адамдар керек.

Қазақтың оқығаны аз, оның ішінде халық ісіне қатысып, жұрт үшін жұмыс қылған адамдар аз. Бірақ аз да болса, қазақта қызмет қылып ысылған, төселген адамдар, қазақтың ісіне қатыспақ түгіл қарасын көрмеген, атын есітпеген жат жұрттың адамдарынан гөрі, қазаққа көбірек пайда келтіретіні шексіз.

Ескі үкімет тұсында, қазақтың басына қаптаған қара бұлттай қалың пәле торлаған заманда, жұрт үшін, ұлт үшін қызмет қылған, қиналған адамдарға «жұртшыл», «ұлтшыл» деген таңба басылып, олар қораға жолатпайтын қотыр мал сияқты шетке шығарылып, әлеумет жұмысынан аулақ ұсталды. Қазаққа жаны ашып, қазақ сөзін сөйлеген адам болса, оны ұлтшыл деп әдепсіздік еткен сиырдай қылатын болды.

Төбелеске шығатын адам сияқты, төсін ұрып, тұлданып «Жасасын бибауырмалдық!» - деген қазақ болса, қошемет айтып, қол шапалақтап, төбесіне көтеретін болды. Қазақтың көрген қорлығын, зорлығын айтатын адам болса, ауызға қағып сөйлетпейтін болды. Қазақ өзгеріс үшін құрбан болса, несі құрайды деуші болса, арқаға қағып, дұрыс пікір осы дейді. Солай болып тұрғанда қазақтың жұртшыл, ұлтшыл, бауырмал қалам қайраткерлері қалайша белсеніп, қалам қайратына кіріспек? Қалайша қаламды қолға алуға көңілі шауып, ықыласы түспек?

Қалам қайраткері – жолын тастап, көрінген жолаушыға ере беретін бұралқы ит емес. Бауырмал болып қалған қазақ қалам қайраткерлері, я бояумен түсін өзгертіп, я түленмен түгін өзгертіп бибауырмал болмаса, нақ ішін өзгертіп бибауырмал бола алмайды. Жалғыз қалам қайраткерлері емес, қазаққа жаны ашитын, басқа азаматтар да қазақтың басқалардан көрген кемшілігін айтпай тұра алмайды. Оны айтып отырса, бауырмал деген сөзден құтыла алмайды. Солай болған соң, я бауырмал деген сөзден қашып, бибауырмал үкіметтің ыңғайымен болып, қазақты басқалар пісіріп жесін, шикі жесін үндемей қарап отыруы керек: не бауырмал деген сөзді басқалар ауыр мағынада айтса да, қазақ азаматтары ауырламай, қазақтың сөзін қаймықпай сөйлеуі керек. Енді осыған жеттік.

Қазақ деп ауызға алмай, не болса о болсын, қараға қостық, не көрсе көппен бірге көрер деп отыруға болар еді, егер қазақ мәдениеті қасындағы халықтармен бірдей болса. Қазақ қасындағы халықтар: орыс, неміс, ноғай, жәуіт, ғайлар.

Бұлардың бәрінің де мәдениеті қазақ мәдениетінен жоғары. Мәдениеті жоғары халық – мәдениеті төмен халықты аз-көбіне қарамай жем қылатыны айдан анық, күндей жарық ақиқат. 200 миллион үнді халқын 50 миллион ағылшын жем қылып отырғаны, 500 миллион Қытайды өзінен он есе аз жұрттар әжуалап отырғаны – адам баласының теңдігі-кемдігі мәдениетіне қарай екендігін ыспаттайды.

Қазақ мәдениеті жәуіт, неміс, орыс, хатта ноғай мәдениетіндей болса да, «қазақ» деп айыра сөйлеп, ауыз ауыртып, әуре болмай-ақ, көппен бірдей көрер деп қояр едік. Қазақ айрықша сөз болатын халі айырықша болатындықтан.

Қазақ мәдениеті қасындағы жұрттан кем екенін біле тұра, мәдениеті кем халық мәдениеті зор халыққа жем екенін біле тұра, қазақты жемтік есебінде жей бер деп қазақ азаматтары тастай ала ма? Оны қазақ азаматтары істей алмайды. Оны істей алмаса, бауырмал деген сөзден құтыла алмайды. Олай болса, бауырмал десін, қазақшыл десін, ұлтшыл десін, оған құлақ ауыртып ауырламасқа керек.

Қазақ қасындағы жұрттардың қатарына жетіп теңелуіне керек ісімізді қолға алып, қанаттамасқ, қазақ күнін қараң қылатын бибауырмалдық

адам арасына жік салады, бауыр керек емес, «жасасын бибауырмалдық!» деп айқайлағанмен, адам баласының арасындағы құр айқаймен жоғалатын көрінбейді. Мәдениет жігін жоғалтпай өз жігін жоғалту оңай жұмыс емес. Бұл айқайдың қолынан келмейтін іс екендігіне көз жетті.

Алдымен бауырмалдық жігін жоғалту керек деп адасқандар адаса берсін, қазақ азаматтары мәдениет жігін жою жолындағы жұмысқа күшін, ісін сарп ету керек. Басқалармен мәдениеті теңеліп, жарыса, жармаса күнелтуге қазақ жеткен күні, қазақты қасындағылар қыңсылатуын қояды, қазақ азаматтарының қазақ үшін айырықша қайғыруы, қаны қызуы жоғалады, бауырмалдық өзінен өзі жоғалады.

Мәдениет алға басуы тірнек ісі шеберленуімен, сана-саңылау күшеюімен болады. Тірнек ісінен шыққан шеберлікті өнер дейміз, сана-саңылау күшінен шыққан білімді ғылым дейміз. Бұл екеуі де іштен адаммен бірге туатын нәрсе емес, үйренумен табылатын нәрсе. Үйрену дегеніміз – оқу. Сөйтіп, мәдениет жүзінде халықтың алға басуы, алдағы жұрт пен арттағы жұрт арасындағы мәдениет жігі жоғалуы оқуға келіп тіреледі.

Қазақта оқу ісі қалам қайраткерліріне қарап тұрғаны, олар не істеуге керектігі өткен номерлерде басылған съезге арналған мәселелерде айтылды. Мұнда айтайын дегеніміз: қалам қайраткерлерінің бас қосып бақыршылығын сөйлесуі. Қалам қайраткерлерін июнь съезіне «топалаң уақытындағы той» емес, топалаң келмеуіне амал қарастырайық деген ой еді.

Съезд июньде болмады деп қою керек емес, июньнен басқа да айлар, күндер көп, әлі де болса бас қосып сөйлесу, қалам қайраткерлерінің ұйымын жасау керек. Жазушыларымыз бытыранды болмай, ұйымдасып, бірлесіп іс істесе, бәлкім істері берекелі, өнімді болар. Өзгеріс болғанымен өзгермей тұрған қазақта қалып көп, қашаннан бері қазақ ішіне сіңіп, орнығып қалған қалыпты өзгерту оңай нәрсе емес. Бас өзгерді, бастық өзгерді, төре өзгерді, басқасы әлі қарап тұр. Қазақ көрген қорлық пен зорлық көбеймесе, кеміген жоқ. Жеуге жеңіл тұрғанды жеу – табиғи іс. Тіске жұмсақ болған соң, қай уақытта да жеуге қазақ жеңіл болып тұратыны мағлұм. Қазақты бұрын жегендері әлі жеп отыр, бұрын зорлық қылғандары әлі де зорлық қылып отыр. Өзгеріс кімге жағымды, кімге жағымсыз болып шыққаны көзі бар адамдар көрерлік, есі бар адамдар білерлік болды. Өзгерістің негізі тартыс, талас болған соң тіршілікке қайым біткен қайраттыларға, күн көруге ептілерге, дүние жиноға құмар адамдарға жағымды болғанымен, момындарға, ақ көңіл, анайы, аңқауларға жағымсыз болғаны шексіз.

Ақкөңілдік, анайылық, аңқаулық табиғаттан да болады, тәрбиеден де болады, яғни мәдениет жоғары-төмендігінен де болады. Көбінесе мәдениеті төмен жоғары жұрт ақ көңіл, анайы, аңқау келеді. Сондықтан да мәдениеті жоғары жұртпен араласқан жерде алдауына, арбауына

түсіп жем болады. Қазақ жеріндегі халық көбінесе қазақ пен орыс. Қазақ мәдениеті орыстан кем болған соң жем болатыны шексіз. Ол жем болудан мәдениеті жетілгенше құтылмайды. Қазақ жем болудан түбінде декрет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады.

Үкімет тарапынан қазақтың қазіргі күтетін көмегі – мәдениеті жетілгенше басқалардың зорлығынан қорғау, мәдениеті көтерілуіне қолдан келген жәрдемін аямау. Солай болған соң қазақ үкіметі құр декретін көбейтумен бола бермей, қазақтың мәдениетін күшейту жағына көз салып, көбірек күшін жұмсау керек.

Мәдениет күшейеді өнер-білім күшімен, өнер-білім күшейеді оқумен. Оқу ісі сабақтас әдебиетпен. Оқу әдебиетті күшейтеді, әдебиет оқуды күшейтеді. Оқу мен әдебиет бірін-бірі қолдап, бірін-бірі көтермелеп, бірін-бірі сүйейді. Оқусыз әдебиеттің күні жоқ, әдебиетсіз оқудың күні жоқ, қазақта оқу да, әдебиет те жаңа ғана көктеп көзге ілінген күйде тұр. Оның өсіп, үлкейіп, гүлденуі үшін көп іс, көп күш керек. Сол көп істі қолынан келгенше істейтін, сол көп күш шамасынан келгенше сарп ететін қазақ қалам қайраткерлері.

Ол қалам қайраткерлері бұл күнде өз жұмысында емес, өзге жұмыста жүр. Оларды өзге жұмыстан алып, өз жұмысына салу қазақ үкіметінің міндеті: қалам қайраткерлерінің жұмысы – әдебиет, әдебиетсіз оқу қуаттану жоқ, оқусыз мәдениет қуаттану жоқ, мәдениет қуаттанбай қазақ қорлықтан, зорлықтан құтылу жоқ. Орыстан қазақтың көріп отырған отаршылығы, омыраулығы қазақ мәдениеті орыс мәдениетінен төмен болғандықтан. Азаттық асылы мәдениетте, мәдениет күшеюінің тетігі оқу мен әдебиетте.

Ахмет Байтұрсынұлы

Ұлттың ұлы ұстазы (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсынұловқа арналады). Құраст.: В.Қ.Күзембаева. Алматы: «Комплекс», 2001, 75-81б.

Қазақша сөз жазушыларға

Бұл күндері адамдардың сөйлесетін тілдерінің түбі мұнарланған сағымдай алысқа барып жоғалады. Қанша қадалып қарасақ та, көзіміз оған жетпейді. Қай тілдің де болса қайдан шығып, қалай ғұмыр шеккенін ешкім анық білмейді. Тілдің ғұмыры ұзақ. Оның жолы жылдап емес, жүз жылдап емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзын ғұмырының ішінде түрлі нәрселер себеп болып, өзгертілмеген тіл жоқ: я азып өзгерілген, я асып өзгерілген, ел бұтақтап ескен сайын, тіл де бұтақтаған. Біздің түрік тілі әуелде бір тіл болса да, түрі басқаланып түрік тілінің арасына тарау-

тарау жік түскен. Сондықтан бұл күнде неше бұтақ түрік тұқымынан ел болса, сонша тарау тілінде басқалық бар. Тілдің басқалануына себеп болған – әртүрлі бөтен жұрттармен сыбайлас болып араласқандықтан. Түріктің балалары өсіп, алды-алдына тарап әртүрлі халықпен сыбайлас болған, араласқан түрлі жұрттың түрлі тілінің түрік тіліне жат сөздер, жат дыбыстар кірісіп, тіл арасының бірте-бірте жігі ұлғайған, мақсұт – сол жікті бітеп жалғау болса, оған түзуді қисық деп, дұрысты қате деп қыңыр жолмен кірмей, тура жолмаен келу керек. Шөнкі дұрыс пен қатені, қисық пен түзуді айыруға жаратқан көкіректе көз бар. Қате қайда, дұрыс қайда – қаралық. Дұрыс емле менен қате емлені айруға менің ойымша бұлай қарау керек шығар дейім: тіл табиғатына қарай емлені ыңғайлау ма? Жоқ, емле түріне қарай тілді ыңғайлау ма? Мен ойлаймын, емле – жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек. Тілдің табиғатына қарамай зорлап, емлеге таңып байласақ, қытай қатындарының аяғы болып шығады. Түрік тілінің бәріне хомуми емле болу керек десек, түріктің қай баласында азбаған тұнық тіл, түзу емле болса, соны аларға керек. Асыл тіл, түзу емле қазақта боларға тиісті. Неге десек: ата кәсібін тастамай істеп келе жатқан – қазақ. Басқа жұртқа араласпай, өз алдына оңаша, оқшау жүрген – қазақ. Жат жазудың ыңғайына қарап, басқалардан тілін бұзуға, арасына жазу жайылмаған түрік баласы – қазақ.

Сырттан бірен-саран жат сөздер келсе, оны жаншып кемітіп, өз тілінің қалпына түсіріп алған – қазақ. Жат жұрттың шалығы тимесе, жазу шалығы тимесе, кәсібі, ғұрпы өзгерілмесе, жалғыз тіл өзгерілді деп айтуға тіпті жол жоқ. Қазақтың тілі өзгерген тіл деп айтуға жол жоқ болса, емлесін де қисық деп айтуға жол жоқ: қазақта тілінің табиғатына хилаф келетін емле жоқ. Еділден бастап Ергіске дейін, Оралдан бастап Ауғанға шейін қазақта тіл де бір, емле де бір. Қойшы, түйеші, биеші емлесі деген қазақта жоқ нәрсе. Токсандағы шалының, тоғыздағы баласының – бәрінің емлесі біреу-ақ, ол емлесі дұрыс па, қисық па, қаралық.

Ең әуелгі біздің қисық көрінетін емлеміз «лер» орнына «дер», «тар», «лар» (жінішке сөздерде «дер», «тер», «лер») деп жазғанымыз. «Үш түрін жазғанмен, «лар» деп бір-ақ түрін жазса болмай ма?» деген. Бұл дұрыс болар еді, егер де сөздің бәрінің аяғы дауысты дыбыспен біте берсе. Сөздің аяғы дауыссыз дыбыспен де бітетін жері болады, һәм сондай жерде қазақта «лар» орнына «дар» я «тар» жазылады. Дауыссыз дыбыстан соң да «лар» жазсақ, болмай ма деген сөз, мәселен, «қараймын», «сөйлеймін» деп жазған соң, «бараймын», «бираймын» деп жазсақ болмай ма деген сықылды, я болмаса «малдай», «малда» деп жазған соң «малындай», «малында» деп жазбай – «малыдай», «малыда»

деп жазсақ болмай ма? деген сықылды. Сондай-ақ «балалар», «аналар», «аталар» деген сөздер «лар» мен жазылады деп «маллар», «нанлар», «атлар» деп жазу керек деген сөз «бараймын», «бираймын», «малыдай», «малыда» деп жазу керек дегенмен бірдей. Сөздің ұшығы бірде дауысты дыбысқа тіркеледі, бірінде дауыссыз дыбысқа тіркеледі. Дауысты, дауыссыз дыбыстың ауанына қарай сөздің ұшығы да өзгеріледі. Қазақ бұл екі орнын да айырады. Тіл табиғатынан қарағанда қазақтың солай істеуі дұрыс: «мал» – «малдай» дегенде («н») жоқ; «малды» – «малындай» дегенде «н» неге қосылады? Әрине, «малы» деген сөздің аяғы дауысты дыбыс болғандықтан қосылып тұр. «Малы» дегеннен шыққан ұшықтарды «мал» дегеннен шыққан ұшықтармен бірдей істеу керек десек, тіл табиғатына дұрыс келе ме? Сондай-ақ «бала», «ана», «ата» һәм «мал», «нан», «ат» деген сөздердің бәріне де «лар» бірдей болу керек деген емес. Қазақта жазу-сызу болмаған соң, жалғыз-ақ табиғаттың заңына ерген; сондықтан тілі азбаған. Өзгелер табиғатты зорлап, емлеге таңып, тілін аздырған. Мәселен, «малдар» деп айтып көріңіз, «маллар» деп айтып көріңіз. «Малдар» дегенде тілде кідіріс жоқ, тек жеңіл өте шығады. «Маллар» дегенде тертеге оралған шыбыртқыдай тілімізді қайтып алуымыз қиын. Бұл орынсыз жерде тұрған «л»-дың айтуға кемшілігі, естуге кемшілігі тағы бар. «Малдар» дегенде тіліміз таңдайға тірілмей, тиіп кәнә өтеді, «маллар» дегенде тіліміз таңдайға тіреліп, аузымыздың қуысын бітеп тастайды. Қамаудағы дыбыс пен ашықтағы дыбыс екеуі бірдей болмайды. Ашықтағы дыбыс ашық, көркем шығады. Қамаудағы дыбыс ажарсыз шығады. Дұрыстыққа салып тура көз бен қарағанда, тіл турасында күйінерлік іс қазақта емес, басқа түрік балаларында. Ашық дыбыстары [н] көмескі дыбыстарға, көркем дыбыстары [н] ажарсыз дыбыстарға алмастырып, тілдің сиқын бұзып, сынын кетірген басқа түріктер. Дауысты дыбыстардың ашық я көмескі болмағы – ауыздың көп я аз ашылуынан болады. Ауыз көп ашылғанда шыққан дыбыс ашық болады, ауыз тарылғанда шыққан дыбыс тұйықтау болады. Ауыз еркін ашылғанда шыққан дыбыс «а» барша дыбыстан ашық; сонан соң ауыздың тарылуына қарай екінші дәрежедегі дыбыстар шығады: жәй тарылса (Ә), дөңгелектеніп тарылса, «ә» (ө), онан әрі тарылғанда, үшінші дәрежедегі дыбыстар шығады: жәй тарылса; «ә» (и), дөңгелектеніп тарылса, «ә» (у) дыбыстың ашықтығы қай дәрежеде болса, көркемдігі де сол дәрежеде болады. Сондықтан 1-дәрежедегі я 2-дәрежедегі дыбыстарды үшінші дәрежедегі дыбыстарға алмастырсақ, сөздің де көркі сол дәреже төмен түседі. Сөздің көркі төмендесе, тілдің де көркі төмендейді; жоғары дәрежедегі дыбысты төмен дәрежедегі дыбыстарға алмастырып тілді аздырған кемшілік татар тілінде көп. Мәселен: «ә» (а) дыбысын «ә» (э), «ә» (и)-ге алмастырған: «ә» (ө) дыбысын «ә» (у)-ға алмастырған орындар көп. «ә» (а)-ны «и»-ге алмастырған жерлері: «алмай» (алмай) деген сөзді

«алмай» (алмай) деп, (э)-ні «ي» (и)-ге алмастырған жерлері: «кет» (кет)-ті «يت» (қит), айт (эйт) «ايت» (ит) деп, «و» (о)-ны (у)-ға алмастырған орындары: قول (қол)-ды قَوْل (қул), اوت (от) اؤت (ут) деп.

Бұлайша тілді бұзуға себеп болған нәрсе – жазу. Араб әліппесіндегі харіптер түрік тіліндегі кей дыбыстарға тура келмеген. Ол дыбыстарды жазуға басқа дыбыстардың харіптері жұмсалған. Түрік тілінде «و» (о) дыбысы бар, араб әліппесінде оған харіп жоқ; түрік тілінде «э» (э) дыбыс бар, оған тура келетін арабта харіп жоқ. Сондықтан «о» дыбысын «у»-мен жазған, «э» дыбысын «и»-мен жазған. Бұл дыбыстар айтылуынша оқылмай, жазылуынша оқылған. «А» дыбысы «и» дыбысына алмасуына себеп болып, түрік сөздерін де араб емлесімен жазамыз деген, мәселен: карамай – қарами.

Растыққа жүгінсек, түріктің тұнық тілі, түзу емлесі қазақта. Дұрыс емес деген «дің», «ды»-ларды һәм дұрыс деген «ның», «ны»-ларды алып қаралық. Мен айтамын: «ның», «ны» дұрыс емес, «дың», «ды» дұрыс деп. Неге десең: тіл табиғатына қарағанда «ны» келерге керек дауысты дыбыстардан соң, қазақта солай «ның», «ны» дауысты дыбыстардан соң келеді. Аяғы дауысты дыбыспен біткен һәм аяғы дауыссыз не жарты дауысты дыбыспен біткен сөздерді алып қарасақ, солай екендігі көрініп тұр. Мәселен:

мал – жарты малдан – жартыдан
малдың – жартының малдай – жартыдай
малды – дартыны малда – жартыда

Дауысты дыбыстардан дауыссыз дыбыстар көп. Қағида азына қарап емес, көбіне қарап жасаларға керек. Қазақша дауыссыз дыбыстан соң бәрінде «д» кіріп тұр; дауысты дабыстан соң екі-ақ жерде «н» кіріп тұр, үш орында «д» кіріп тұр. Қағиданы аздан шығармай, көбінен шығаратын болсақ, дауысты дыбыстан дауыссыз дыбыстар көп; «н» келетін орыннан «д» келетін орын көп, қалайша қазақ тіліндегі «дың», «ды» дұрыс емес, «ның», «ны» дұрыс деп айтамыз.

Онан әрі: «нан» дұрыс емес, «ндан» дұрыс деген – о да даулы сөз, табиғатқа салғанда екеуі де дұрыс, жолға салғанда екеуі де дұрыс емес, мәселен:

жол бойынша боларға керек: табиғат қалауынша:

атасыға	атасына
атыға	атына
қолыға	қолына

Сондай-ақ қазақтың «нан» етіп айтуға): табиғат қадауынша: қазақтың табиғат тартуынша: жол бойынша:

атасы	атасындан	атасынан
аты	атындан	атынан
колы	колындан	колынан

деп айтылады. Табиғатына қарамай, жолға түсіру керек болса: «атасына» демей, «атасыға» деп жазу керек, «атасынан» демей, «атасындан» деп жазу керек. «Атасыға» деп жазған татарларды көрмеген соң, біз де «атасынан» деп жазып жүрміз. Бұлардан басқа пысық көрінетін: «ма», «ме» орнына «ба», «бе» жазғанымыз; «ш» орнына «с» жазғанымыз. Бұларды қазақ айтады: солай айтылатын боған соң, солай хәм дейміз. Османылар «бін» дейді, біз «мен» дейміз, османылар «уар» дейді, біз «бар» дейміз; османылар «дағ» дейді, біз «тау» дейміз. Осы сөздердің қайсысы дұрыс? Османыларға сендердің «бін», «уар», «дағ» дегендердің дұрыс емес, «мен», «бар», «тау» деп жазу керек дейміз, жөн бе? Сол сықылды ба, бе дұрыс емес, ма, ме дұрыс деп айтудың жөні жоқ. Солай: ма, ме, яки ш жазсада түсінер; ол бірақ қазақша болмас. Татарлар неге «атасыға», «атасыдан», «атасыдай» деп жазбай, «атасына», «атасындан», «атасындай» деп жазады? Атасыға – атасындан – атасыдай деп жазса, түсінбес бе? Әрине, түсінеді, бірақ солай жазбайды. Олай жазса татарша болмайды. Қазақ та солай: ның, ны, лар, лық, лы орынсыз жерлерде келсе, ол сөз қазақша болмайды; жөнге тілдің өзі табиғаты тартуынша әрқайсысын өз орнына қойған. Тілдің өзінің қойған орнынан басқа орынға қойса, онда ол қойғанымыз ол тілше болмайды. Ол тілше болмаған соң, оның түбі ол тілді бұзу, өзгерту болады. Қазақ тілін өзгертіп, татар тіліне қосу болса, онда солай деп ашып айтарға керек. Емлесін қата десек, тастап бізге келер деген ой – қата: ол жақсы мен жаманды, қисық пен түзуді айырарлық қазақта көз жоқ дегендік болады. Егер де Гаспринскийдің сөзін тірілтеміз десек, ұлығ іс үшін ұсақ намысты қойып, түріктің тұнық тілін, түзу емлесін алу керек. Сол екеуі де қазақтан табылады. Азбаған асыл тілден емле шығарып соған қарап басқа емлелерді түзету керек.

Ақтығында айтатыным: бұл күнде жазылып жатқан кітаптарда, газеттерде, журналдарда қазақ тілінде болсын, татартілінде болсын анықталған қағидалы еміле жоқ. Қағида жоқ болған соң, қисық, түзу емле деп айтуға да жол жоқ. Тұтынып жүрген емлеміз сап түзеген солдаттардай болғанша, мұндай сөзді қозғау түзелуімізге себеп болады. Сондықтан бұл сөзді қозғаған Хасан Ғали әфендіге алғыс айтамыз.

«Қырық мысал», «Маса» тұрасында айтатыным: олар халық үшін жазылған нәрсе, халық айтуынша жазылған. Өз тілімізден шығарып емле түзегенше, халықтың айту ауанынан шықпаймыз. Басқаларда даяр емле бар ғой, соны алайық деп, қисық емлеменен тілімізді қисайтпаймыз. Тілдің ауанына қарамай, хариіптің, емленің ауанына бұрып тілдің көркін бұзған, әдеби тілмен жазамыз деп, жат тілмен жазып, өз тілінен айрыл-

ған басқа түріктердің ізіне түсіп, тілімізді аздырғанымызды мақұл көрмейміз. «Уақыт» пен «Шора»-ны оқығанда, қолымызға лұғат кітабын алып отырып оқимыз. Ойлаймын, арабша оқымағандардың бәрі де солай оқитын шығар деп.

«Уақыт» пен «Шорада» бастан аяғына шейін арабша сөз аз ба? Соларды лұғатдан іздеп отырып оқығанда, бастан-аяқ оқып шығуға қанша уақыт керек. Егер де нағыз түркі тілімен жазылса, арабша оқымаған адамдарға да лұғатсыз оқуға болар еді, оқығанда уақыты да көп кетпес еді.

Біздің қазақтың ісі жаңа басталып келеді. Не болары белгісі. Қазақ я құрып жоқ болар, я өз тілімен де өзгелердей тіршілік етер. 20-ншы ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті. Атаның аздырмай берген мүлкін, қолымызға алып быт-шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас.

А.Байтұрсынов

А.Байтұрсынов Тіл тағдылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). Алматы: «Ана тілі», 1992, 395-399 б.

Түрікшелер құрылтайы

Түрікшелердің 1-нші құрылтайы февральдың 26-нда басталып, марттың 6-да жабылды. Түрік нәсілді жұрттардың өкілін жібермегені аз болар. Қалмақтар да адамын жіберген. Бір шеті Стамбул, екінші шеті Киыр Күншығыстағы Жақыт – сол екі арадағы түрік нәсілді жұрттардың көбінің-ақ өкілдері болды. Бұрын қағаз жүзінде білісу болмаса, көрісуі жоқ түрік жұрттары бірін-бірі жүзбе-жүз көріп танысты.

Түрікше ілімдерден академия мүшелері: Бартольд, Олденбург, Крымский, толып жатқан жана тағы профессорлар болды. Бөтен мемлекеттерден неміс профессоры Менсель, мажар профессоры Майсереш, анатол түрік профессоры Көпірлі-зада мен Құсайын-зада болды.

Құрылтай қарауына арналған 14 бапты мәселе еді. Соның әрбірінен 4-5, қатта 8-9 баяндамалар жасалды. Бірақ мәселе көп болғанмен, құрылтай шақырушылардың көбінесе көздегені латын қарпы екендігі құрылтайды ашушылардың да, үкімет тарапынан құттықтаушылардың да сөзінен көрініп тұрды.

Солай болған соң қарыпқа қатысы бар мәселелерге көбірек зер салынып, солар көбірек талқыға түсіп, басқалары ат үстінен айта өткен сияқты болды.

Құрылтай програмындағы мәселелер мыналар еді:

1) Түрік жұрттарының тарихын тану жүзіндегі істердің кәзіргі күй мен

келешектегісі. Баяндамашылар: Бартольд, Баруздин деген профессор, татар тарикшысы Убайдуллин Әзиз.

2) Түрік жұрттарының мәдениетін зерттеу ісінің кәзіргі күйі мен келешектегісі. Баяндамашылар: Руденко, Майсереш, Миллер профессорлар мен Шурсен деген.

3) Түрік тілдерінің өзара жана мұғал (монғол), тунгуз, пин угор, жапон тілдерімен тұқымдастығы. Баяндамашылар: Шобан-зада мен Кинко деген профессорлар.

4) Түрік тілдерін тану жүзіндегі істің кәзіргі күйі мен келешектегісі: Баяндамашылар: Самойлович, Малов, Ашмарин деген профессорлар.

5) Емле [нің] жалпы негізі. Баяндамашы: Щерба профессор. Түрік емлелері. Баяндамашылар: татар қалам қайраткері Ибраһым ұлы Әлімжан, әзірбайжандық Аға-зада деген.

6) Пән сөздерінің жүйесі туралы. Баяндамашылар: Шобан-зада профессор мен Зиенат деген. Түрік тілінің пән сөздері туралы. Баяндамашылар: Зайналы, Одабаш, Байтұрсынұлы.

7) Әліп-би сыны пән жағынан, әліп-би сыны іс жағынан. Баяндамашылар: Яковлев, пен Жирков профессорлар. Түрік әліп-билері туралы. Баяндамашылар: Мамет-зада, Шарапұлы Әлімжан, Алпарұлы, Төрекұлұлы, Бердіұлы, Омарұлы.

8) Ана тілін үйрету әдісіндегі жаңа ағымдар туралы баяндамашы Щерба профессор. Түрік тілін оқыту әдістері туралы баяндамашы Епенді-зада.

9) Түрік әдебиет тілдерінің жетілуі туралы. Баяндамашы: Көпірлі-зада профессор мен Әкімұлы Нығымет.

10) Түрік әдебиет тілдерін тану жүзіндегі істің кәзіргісі, алдағысы. Баяндамашылар: Көпірлі-зада, Менсель профессор, Сағадидұлы Абдырақман.

11) Түрікші мекемелердің кәзіргі құрылған түрлерімен жақында істейтін істері туралы.

12) Өлке тану ісінің әдістері. Баяндамашы: Ольденбург.

13) Түрік жұрттарының мәдениет жүзінде соңғы кездегі жетілісі. Баяндамашы: Павлович.

14) Ұйымдасу мәселесі.

Осыншама толып жатқан мәселелер туралы толып жатқан баяндамалар қайсысы қай түрде жасалып, қалай қаралып, өткенін бейнелеп айтуға орын тар болғандықтан жана да құрылтайда не болып, не қойғаны турасындағы барша мағлұматтар түгелімен бәрі басылып шығатын болғандықтан, құрылтай қабарын түгел сөйлеймін демей, оқуға қатысы көбірек мәселелер ғана турасынан азырақ айтып өтпекпін.

Ол мәселелер: 1) емле; 2) пән сөз; 3) әліп-би; 4) ана тілін оқыту әдісі турасындағылары.

Бұл мәселелер туралы әуелі орыс ілімдерінің пән пәтуасы түріндегі баяндамалары болып, сонан кейін басқалардың баяндамалары болып отырды.

Емле туралы пән пәтуасын сөйлеген Щерба профессордың сөзі қысқалап айтқанда мынау болды.

Төрт жүйелі емле бар: 1) дыбыс жүйелі; 2) туыс жүйелі; 3) тарих жүйелі; 4) таңба жүйелі;

Дыбыс жүйелі емле – сөзді айтылуынша жазу (қазақ пен қырғыз емлесі дыбыс жүйелі болады). Туыс жүйелі емле – сөздің тек айтылуына қарамай, тегіне де қарай жазу (орыстікі туыс жүйелі емле). Тарих жүйелі емле – қашаннан жазып келе жатқан қалыпша жазу (арабтікі, араб емлесін өзгертпей қолданушылардікі, ағылшын, француз, немістердікі тарих жүйелі емле болады). Таңба жүйелі емле – сөз орнына таңба салу (қытай жазуы, бұрынғы екі сулықта болған аққаттардың, шумерлердің сүйір жазулары).

Бұл емлелердің ең жақсысы – дыбыс жүйелісі; үйткені бұ жүйелі емле үйренуге жеңіл. Емле жеңіл болуы тәрбиешілік жағынан да, бұқарашылық жағынан да артық. Жақсы емленің қасиеті үйренуге жеңілдігі мен ойды дұрыс ұқтыруы.

Онан соңғы жақсы емле – туыс жүйелісі. Ең қиыны тарих жүйелісі мен таңба жүйелісі деді.

Ибраһымұлы Әлімжан жасаған баяндамасында емле жеңілдету жүзінде түрік жұрттарында не істелгенін, қайсысының емлесі қай күйде тұрғанын, емле қай түрде болуы керектігінайттып өтті. Емле түзету жүзінде түрік жұрттарының алдағысы қазақ, арттағысы әзірбайжан, анатоли түркі болып шықты. Басқалары соның екі аралығында болды. Құрылтай дыбыс жүйелі емлені, керегіне қарай туыс жүйесімен үйлестіріп алуды қабыл етті. Әзірбайжандықтар араб қарпымен дыбыс жүйелі емле жасауға болмайды деп ойлайтын көрінеді. Сондықтан олар дыбыс жүйелі болған соң, латын қарпысыз болмайды деп, дыбыс жүйелі, латын негізді деген сөзді керек емес десек те болмайды, көпшілік қолында болған соң қыстырып өткізді. Ол жерде пікіріміз айырылатынын мәлім еттік те қойдық.

Пән сөздері туралы баяндаманың бірі менікі болғандықтан, өз баяндаманың да мазмұнын қысқасынан айта өтейін. Баяндамадағы айтқаным: пән сөздері жағынан да басынан-ақ қазақ басқалардан бөлек жол тұтынды, басқа түріктер әдебиет тілі араб, парсы сөздерімен шұбарланса көркем болады дегендіктен, екінші, өз тілдерінен пән сөзіне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала бергендіктен, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі бөлектеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жіберу даражаға жеткен.

Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты. Әдебиет тілі ауылдағы қазақтың қат білетін, білмейтін – қайсысына да болса түсінікті болуын көздеді. Тіл арасына жік түсіп айырылмас үшін, жат сөздерді амалсыз болған жерде ғана алатын тәртіп қолданды. Ол тәртіп қазақ білімпаздарының тұңғыш тобында қабылданғаны айтылды.

Сол жол басқа түріктер қолдануына да теріс болмас делінді.

Құрылтай қарары да осы негізді болды. Бірақ жалғыз қазақ емес, басқалар да қолданатын болғандықтан, біздің қолданған тәртібімізге қосқандары мынау болды: түрік жұрттары тілдерінің жақындығына қарай топталып бөлінсін, пән сөз топ ішіндегі жұрттардың бәріне ортақ түрде алынсын.

1-інші басқыштағы мектептерде қолданатын пән сөздер әр жұрттың өз тілінен алынуы абзал; 2-нші басқыштағы мектептерде қолданатын топқа ортақтастырып алған пән сөздер болсын. Жоғары мектептерде әлемге жайылған Европа пән сөздері қолдансын делінді.

Латын қарпын қолдаушы 7 баяндаманың екеуін ілім пәтуасы түрінде екі профессор жасады. Яковлев профессор әліп-би қандай қасиеттерімен жақсы болатынын, не үшін латын қарпын қолдайтынын айтты. Оның айтуынша, жақсы әліп-би тіл дыбысына түгел жету керек, қарып белгісі аз болу керек. Бұл екі қасиет – қазақ әліп-биінен табылатын қасиет. Қазақтан басқа да ондай әліп-би бар деп айтпады. Дәйекші қойып қарып белгісін азайту – бұл табылған ақыл деп. Латын қарпын жақтайтыны латын қарпы – жайылып келе жатқан қарып, арабтікі тоқталып қалған қарып деді. Онан басқа латын қарпының араб қарпынан пәлендей артықшылығы бар деп айтқан жоқ.

Жирков профессор араб қарпының сұлулығын, бірақ баспа істері жағынан қолайсыз жағын, қазіргі жеңілдетуге жасап жатқан өзгертулер араб қарпының сұлулығын бұзатындығын сөйледі. Мұның сөзінше баспаға жеңілдету мақсатпен араб қарпының сұлулығын бұзудан да өзінен безу артық деген пікір ұғылды. Латын қарпымен араб қарпын салыстырған жерінде арабтың ескі қарыптарын алып салыстырғандықтан, айтқан сөздері дәлелді бола алмай шықты.

Бұлардан кейін баяндама жасаған латыншыл бес кісінің бесеуі латын қарпы мен араб қарпын салыстырғанда (тістеріне жұмсағырақ болған соң) арабтың ескі қарпын алып салыстырумен болды. Көбі түк дәлелсіз болды. Араб әліп-биінің кемшілігі деп көрсетуге алған нәрселері біздің мұнан 15-16 жыл бұрын басын ауыртқан араб емлесінің кемшіліктері болып шықты.

Біздің 10-шы жылдарда шығарып ескі ұсқы қоймасына тастаған нәрселерімізді кейбіреулер 26-ншы жылдарға дейін тұтынып келіп отырып, соны өзгерту ниетке жаңа ғана кіргенін өздерінше бір артықша

жаңашылдық деп біліп, өздерін әлдеқандай өзгерісшіл көріп жүр екен. Тариқ жүйелі араб емлесінің тас талқанын шығарып бұзып-жарып, араб қарпымен-ақ дыбысжүйелі қазақ емлесін жасап алғанымыздан кабарсыз екен. Олар арабтың емлесін бұзудан қарпын тастау оңай; қарпын тастамай, емлесін бұзуға болмайды деп ойлайды екен. Араб қарпынан латын қарпына көшеміз деуінің ең негізгі себебі осы екен. Қазақ, қырғыз, башқұрт, татар араб емлесін бұзғаннан араб қарыптары қираған жоқ, қайта түзеліп жақсы бола бермекші. Бұл басқаларға мүмкін емес нәрсе сияқты көрінеді. Мәселен арабтың «حَدِّ» деген сөзін арабтың бес қарпымен «حَادٍ» деп жазуға болмайды. Латынның ғана бес қарпымен жазуға болады.

Араб қарпын қолдаушы екі баяндама болды. Оның да бірі, мәселен, Алпар ұлының баяндамасы, араб пен латын қарыптарының жақсы-жамандығын сөз қылмай, араб қарыптарына баспа жағынан жеңілдету мақсатпен жасалып жатқан өзгерістер туралы. Ол өзгерістермен жасалған тәжірибелер араб қарыптарын түбінен қопармай-ақ түрін азырақ өзгертумен да баспа жағының кемшілігі жоғалып, басқалардан артық болмаса, кем болмайтынын айтып, қандай өзгеріс жасалғандарын көрсетті. Өзгерткен қарыптардың ірілері осы күнде қолданылып, ұсақтары құйылып жатқандығын мәлім етті.

Араб пен латын қарыптарын таразыға тартқандай салыстырып, артық-кем жақтарын ыспаттап көрсетіп, арабтікін тастап, латындікін алуда түк мағына жоқтығын айтып сөйлеген баяндама асылында жалғыз Шарап ұлы Әлімжандікі болды. Латынға қарсы баяндама, сөйтіп, біреу-ақ десек те болады. Бірақ бір де болса, бірегей болды. 2 сағаттан астам айтылған баяндаманың мұнда жүзден бірін сыйғызу мүмкін емес. Сондықтан тек ұшығын ғана көрсетіп өтемін.

Баяндамашы мәселені асылынан алып, алшысынан қойып бастады. Ол айтты: біздер сөз қылып отырғанымыз – «әліп-би қалау» мәселесі емес, «әліп-би алмастыру» мәселесі, «әліп-би қалау» деген мен «әліп-би алмастыру» деген – екеуі бір емес. Түрік жұрттары әліп-биі жоқ жұрттар болса, алдына салған әліп-билерді қарап-қарап, ұнатқан біреуін алар еді. Түрік жұрттары – тұтынып отырған әліп-биі бар жұрттар. Көбінің әліп-бимен байласқан әдебиеті, мәдениеті бар. Тұтынып отырған әліп-биді тастап, бөтен әліп-биге көшкенде, қанша сауатты адамдар сауатсызға айналмақшы, қанша мұғалімдер қайтадан қат үйренбекші, қанша баспақаналардың қарыптары жаңадан жасалып, жаңадан құйылмақшы, қанша қарып тізушілер қайтадан үйренбекші, қанша қаржы шықпақшы, қанша еңбек сарп етілмекші. Осыншама құрбандықтың бәрін өтегендей алмастырып алатын әліп-биде бұрынғымыздан анағұрлым артықшылық болу керек. Сондай артықтық алатын әліп-биде бар ма екен деп алып, екі әліп-биді түрлі жағынан салыстыруға түсті.

Екі әліп-бидің де артық-кем жерлерін әншейін сөйлемей, әр түрлі ілім тәжірибелерімен ыспаттап, даусыз дәлелдер келтіріп баяндады. Ақтығында латын әліп-биінде көп құрбандықты өтерлік аса артықтық болмақ түгіл, араб әліп-биінен де көрі кемшіліктері көбірек болып шықты, бірақ құрылтай дүкені жасаушылардың қолында болғандықтан, күн бұрын қолайлап бәрін икемдеп қойғандықтан, қазанның құлағы қазаншының қалаған жерінен шықты: «Латын әліп-биінің артықтығына құрылтайдың көзі жетті. Енді алу-алмау әр жұрттың, әр мемлекеттің ықтиярында» деген қарар көпшілікпен өтті.

Қанша ыспат, дәлелдер болғанын түбінде құрылтай жұмысының мағлұматтары басылып шыққанда, әркім өзі көре жатар. Қарып мәселесі турасында қазақ тарабынан айтқанымыз мынау болды: біздер мәдениет жүзінде кейін қалған жұрт болғандықтан, мәдениет қуатымыз да, мал қуатымыз да шағын, сол шағын қуатымызды қазірде өте-мөте керек нәрселерге ғана жұмсап жатырмыз. Қазіргі бізге өте-мөте керек нәрсе – оқу кітаптары. Бар күшімізді соған салып жатырмыз. Басқа керек нәрселер де толып жатыр; оларды қоя тұрып, өте қерегін істеп жатырмыз. Қарып жағынан өте-мөте керек болып қысып тұрған мұқтаждық жоқ. Осы құрылтайда айтылған пән пәтуаларынша ең жақсы емле де, ең жақсы әліп-би де біздікі болып шықты. Емле мен әліп-би жағына келгенде, біз орыстан да, немістен де, француздан да, ағылшындардан да алда тұрғанымыз мәлім болды. Азғана күшімізді озған үстіне озамыз деп, озып тұрған жерімізге жұмсауымыз керек. Бізге жаны ашитындар қарып тауып береміз демей, мектептерімізді бұзау мен қозы алатын үйлерде пысынатпай, соларға үй салып берсе екен делінді.

Қарыптан соңғы жасалған баяндамалар талқыға түсіп сөз болмастан комиссияға жіберіле берді. Ана тілін оқыту әдісі ғана сөз болыңқырады, басқалары тіпті айтыс ашылмастан комиссияға кетіп отырды. Ана тілін оқыту әдісі туралы баяндама жасаған Щерба профессордың айтқан сөзінің қысқаша мазмұны мынау болды: осы кезде ана тілін оқытуға қолданатын әдіс мынау: дыбыс негізді әдіс, тұтас тұлғалы әдіс (америка әдісі дейтін). Қай әдісті қолдану қолайлы болуы емле жүйесіне қарай: дыбыс жүйелі емлені қолданушыларға дыбыс негізді әдіспен оқыту оңай, тарих жүйелі емлені қолданушыларға тұтас тұлғалы әдеспен оқыту оңай. Тұтас тұлғалы әдіс – ағылшын емлесінің ауырлығынан туған әдіс, Ағылшын емлесі тарих жүйелі. Дыбыс негізді әдіспен ағылшын емлесін үйрену азап, қатта мүмкін де емес. Дыбыс негізді әдіс дыбыс жүйелі емлеге өте қолайлы. Емлесі дыбыс негізді құрттар қолданған жерде үйретуге ең жеңіл, жемісі тез пісетін дыбыс негізді әдіс екені ақиқат.

Тұтас тұлғалы әдістің өзін оңаша алып, дыбыс негізді әдіспен салыстырғанда, түк артықтығы жоқ. Жазылуы мен айтылуы – екеуі екі

басқа, ағылшын емлесіне дегенде ғана тұтас тұлғалы әдістің артықтығы бар. Біздің орыс әдісшілерінің тұтас тұлғалы әдіске әуестенетіндері дыбыс негізді әдістен көрі оны көрнекірек дейді. Асылында, дыбыс негізді әдіс тарих жүйелі ағылшын емлесіне қандай қолайсыз болса, тұтас тұлғалы әдіс дыбыс жүйелі емлесі бар жұрттардың қолданылуына да сондай қолайсыз болады деді.

Құрылтай түрік жұрттары үшін дыбыс жүйелі емлені қабыл алған соң, оған қолайлысы дыбыс негізді әдіс болған соң, осы әдісті қабылдап қарар шығарды.

Ана тілін оқыту турасынан шығарған қарарға тағы да кірген баптар болды. Оның өте-мөте ескерерлігі мынау болды:

1) Ана тілін үйрену жағын жақсылау үшін түрік жұрттарының әр тілі анық танылуы керек. Тіл іліміне жетік білімпаздар шығару үшін оқытушы даярлайтын орта мектеп пен жоғарғы мектептерде тіл сабақтары мектептерде тіл сабақтары елеулі орын алу керек.

2) Бірінші басқыштағы мектептерде тіл сабағы жүзінде қалық әдебиеті басым боларға керек.

3) Екінші басқыштағы мектептерде тіл сабағы жүйелі ілім түрінде өз алдына оқытыларға керек.

4) Әдебиет 2-нші басқышта әлеумет тану ілімімен бірге кез келген түрде де, жүйеленіп әдебиет тарихы түрде де оқытылу керек. Тарих түрінде оқытылғанда ана тілінің әдебиетінен басқа ағайын жұрттардың әдебиеттерімен таныстыру керек.

5) Тіл білімі ереже жаттату түрде үйретілмей, сөздің тұлға, мағана, қисын жағын тану түрде үйрету керек. Сөздің тұлға, мағана жағын тануға керегі жоқ нәрселер тіл білімінің сабағына кірмеске тиіс.

Оқуға қатысты көбірек осы төрт мәселе сөзімен құрылтай әңгімесін тоқтатамын.

Ахмет Байтұрсынов

А.Байтұрсынов Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). Алматы: «Ана тілі», 1992, 411-416 б.

Ұлт һәм туған тіл (Патшалық һәм бостандық заманында)

Россияда залым патшалар дәурен сүріп тұрған шағында жалғыз славян ұлтын, оның ішінде байлары ғана өзінің барлығын білдіріп жасай алды. Байлардан шыққан жетіктер Россияда болған түрлі тілден сөйлеуші жүзден аса халықтың әрқайсысының да айырым ұлты, ұлтына қарай

тұрмысы, білім, өнері барлығын баяндап тек керек мағлұматты ... ғамалға құйылған уағында іс бүтіндей мұның керісінше болып шығып тұрды.

Патша үкіметінің ұлттар тұрмысын көріп, оларды көгертіп, көркейтумен ісі болмайды: ол әрдайымда халыққа көтере алмастай оларды өзінің мейірімсіз тырнағында тілегенінше жаншумен болды. Һәм миллиондаған халықты, әсіресе шет ұлттарды, қалайша қараңғылықпен аңсыз аюандықта өз пайдаларын білместей меңіреу, керектерін сұрай алмастай мылқау етіп ұстау қамында болып, сонымен ғана шұғылданады. Бұдан шығатын белгілі мағына әркімге де күндей анық көрініп тұр. Патша үкіметі шет ұлттарды аздап болса да ағарту, олардың ғылым, өнерде артта қалғандарын алға бастыру тіпті де қам жеген жоқ. Ол әрдайымда ұлттарды бір-біріне айдап салып, өшіктіріп, араларында қанды соғыстар ашып, әлсізін күштісіне талатумен болды. Бұл ұлттардың мекенін аударып аяғынан тоздырып жібереді, ескі үкіметтің басқа да шет ұлттардың білім, өнерін сендіріп, өздеріне қас болған ғұрпы-ғадеттерін қалдырып, діндерін жойып, бүтіндей, орыстыққа айналдыру сықылды ең нашар ғамалдары да болды. Шет ұлттар бейнетқорларының жазымын сатып, славян ұлтының жұмыскер қарашекпендері үшін бейне айырым бір мүлік жиған сияқты көрініп жалған саясаттар жүргізді. Іс жүзінде, әрине, бұнан дұрысында сондай бір мақсат жарыққа шыққан емес. Ол қара славяншылдықты өршітсе де, бейне тек қана славян байларының шат тұрмыспен дәурен сүрулері ыңғайына қарап іс етті. Бүтін Россияда болған, Россия халқының бірігуі миссионерлер қамы Һәм басқалар сияқты зор ұйымдардың бары да қызметтерін осы бағытқа ғана сіңірді. Һәм олар мемлекет бюджетінде зор шығындар жұмсалатын орындардан саналды, жалғыз ғана патша қазіретінің өзіне мәлім болған бұл шығындардың бәрі де жұмыскер қарашекпендер мен ұлттардың мойындарына келіп артулы еді.

Патшалық тәртібі гулеп тұрған замандағы іс басқарулар жоғарыда айтылған сияқты жырақта жатқан шет ұлттардың қараңғы таптарына білім өнер сәулесін түсірмектен бетер, олардың ішкі, тысқы бүтін тобы ұлттық сақтауын жоққа шығарды. «Ұлт» сөзі құрғақ қана болып қалды.

Бір халықтың өз тілінде білім-өнері болмаса, ол халықтың тілі бұзылып өзгереді Һәм көршілес күшті халықтың тілімен әсірелеп, ...соған қол болады, оның ішінде жаңалықтар көбейеді. Ол кішкене ұлттарды жаңартып, жандандырылмаған ескі тілі өзінің барлық маңызын жояды Һәм жылдам ұмытылады. Мұның мысалын тарих бетінде бек көп ұшыратамыз, бұрын да бірнеше халықтар болған, қазір біз олардың бірін де көре алмаймыз, Һәм олар жоқ. Міне бұлар – сол тілдері жойылып кеткендер.

Тіл болмаса, ұлт та болмайды. Яғни ол ұлт бүтіндей өлген, жоғалған ұлт болады.

Патшалық заманында көп ұлттар осындай халдерге душар болды. Мінекей, залым патша үкіметі қолында айырма уақ ұлттар осылайша ойыншық болып жүрді. Ұлы өзгерістің қуатты күшімен патша үкіметінің негізсіз ұясы быт-шыт болып таралды. Ол өзгеріс бізге сөз бен дінге үлкен бостандық берді. Һәм бүтін ұлттарға бірдей құрдастық, тегістік жолын ашты. Міне, қазір бізге айнала кеңшілік, қай жағымызда да тоқталыс беретін кедергі жоқ. Ұлтымыздың білім, өнерін, әсіресе, ана тілімізді қалайша Һәм өсірсек те жолымыз ашық.

Өнер, әдебиетімізді көркейту, шаруашылық жағымызды ілгері бастыруға еріктіміз. Осы айтылған мақсаттарды жарыққа шығарғанның соңында бізде де күшті ұлттармен қатар, ұлы өзгерістің үстімізге жүктеткен зор міндеттерін атқарған боламыз.

Жалпы өнер-білімнің ішіне ана тілі болуы да кіреді Һәм мұның керісінше ана тілі болудан ұлттың білім-өнері табылады. Ана тілін білмей тұрып, ешбір білім-өнерді таратуға мүмкін емес. Ең әуелі ана тілі қажет. Егер ана тілін білмесең, онда сен ол ұлттың баласы емессің. Ана тілін білмей тұрып ұлт білімін ала алмайсың. Ұлт білімі болмаса, онда әдебиеттің болмайтындығы өзі-ақ белгілі. Әдебиеті жоқ ұлттың өнері де өршімейді.

Тіл сақтауға мүмкін болғанда, тіл сақталуға тисі. Біз тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз.

Біз қазіргіде сөз Һәм ұлт бостандығы беріліп тұрған заманда ұлы мақсатты жарыққа шығару үшін еркін бостандық өзін өзі басқаратын ұлттар мен мемлекет бірігіп «Халық союзын» құруға борыштармыз. Сонда ғана біздің қазаққа ұқсаған уақ ұлттардың жәбіріне жықпайтын, бар күшін бүтін халыққа бірдей пайда табылатын орындарға жұмсайтын үкімет құрылып, жалпы жұрттың басқарылу құрылысының түп мақсаты табылмақшы. Бүтін халық Һәрқайсысы өзі тілегенінше ұлтының білім-өнерін жалпы халық союзының шығарған жолы бойынша орыс халқымен қолға ұстасып өршіте алмақшы. Осы Ұлы Россияны сонда ғана өзінің шын тұрған жері етіп таппақшы.

Ұмытпаңыз. Өзімізді басқа ұқсас халықтан айыратын белгіміз болған ана тілімізді білсек қана осы мақсаттарша жетпекпіз.

Егер ұлттың ешбір білім-өнері болмаса, оның кәсіп-харакеті де нашар болады. Мұның соңында ол күшті ұлттың қолтығына түседі, Һәм солайша біраз уақыт өткен соң ол ұлт бүтіндей жоқ болып кетеді. Осы айтылғандардың бәрі де білім-өнері болмаған ұлттың ұлт емес екендігіне дәлел.

Яғни ұлтшылдықтың нағыз белгісі болып табылады. Тіл мұнан басқа айырмаларда ұлттардың бәрі де бірдей. Тіл ешбір уақытта өзге нәрселерге бас имеске тиіс. Біз оны бегірек те сүюге Һәм түрлі жұқпалы шет тілдерден сақтауға борыштымыз. Тіл – айна, оның ішіне бүтін халықтың тұрмысы түсіп тұрады.

Бала анасының құрсағында-ақ, өз ұлтының тілімен ауызданады, бүтін денесі сонымен азықтанады. Өскеннен соң бала тілді жарыққа шығарушыға, өршітуге борышты.

Қазақ халқының келешектегі ұрпағының жазымы да осыған тіреулі. Біз ана тілімізді оқып білсек, соның арқасында ұлтымыздың білім-өнерін алға жібереміз, өршітеміз. Білімі ілгері болған жақта тұрмыстың тірегі болған кәсіпкер жолының кең болатындығы шексіз мәлім, онда шаруашылық жағы да орасан күшті әм өте сенімді болады.

Осы айтылған істерді орнына келтіргенде ғана өз ұлтымызға айырым басқалықтар даулай аламыз.

Ғұмар Қараиш

Ғ.Қараиш Замана. Алматы: «Ғылым», 1994, 221-223 б.

Қазақ тілін жүргізетін комиссияның құлағына алтын сырға

Қазақ тілі мемлекет тілі болды, енді заң-закон, бұйрық-жарлықтың, кеңсе істерінің бәрін қазақшаға айналдырамыз деп талпынғанымызға талай жыл, қазақ тілін жүргізу үшін орталықта дербес комиссия да құрылды. Бірақ орталық комиссияның өзі болсын, я жер-жердегі бөлімдері болсын, қазақ тілі қалай жүріп жатқанын жете тексеріп отырғандығына шегіміз бар. Комиссия ел арасындағы істер түгіл, орталық мекемелердің өзінде де не болып, не қойып жатқанын білмейтін көрінеді. Мұның растығына ішкі істер комиссариатының бір жарлығын (приказын) оқушылардың алдына тарталық. Бұл жарлықты Қызылорда облысының Төңкеріс комитеті алғаннан кейін, көшірмесін куәландырып қарауындағы 4-ауыл аткоміне қолданып орындап тұрмаққа жолдаған екен. Қазалорда қаласының көшесінде, «шырағым, мынаны бізге түсіндірші, өзіміз не екенін біле алмай қойдық» деп әлгі жарлықты қолына ұстап жүрген қазаққа кездестік. Бірақ, жарлықтың тіліне біз де түсіне алмадық. Содан кейін қазақ деген бірсыпыра елміз ғой, көп ішінен бір зерек табылар деген үмітпен мұны газет жүзінде жариялауды лайық көрдік. Оқып қараңдар, бір сөзі өзгертілген жоқ. Жарлық мынау:

П Р И К А З

Ішкі істер халық комиссариатының бөлеу бөлімінің бастығының, 70 санды 15 июльдегі осымен мәлім қылады қолданып орындап тұрмаққа дайындалған инструкторияны бұл инструктория қабылданған халық комиссар, халық соты, жер, су бөлімнен денсаулық бөлімінен 1. кімге қай бөлімнен бұйыратын міндетті жұмыс Сәлсәбет, ауылатком дайындалады.

Халық ортасынан міндетті жұмыс Сәлсәбет бұйырады. Өзінің қол астындағы отырғушы граждандарға Сәлсәбет ауыл атком дайындалады, яки сайланады. Әр төрт айдан бұрын өзінің айналасындағылар мен екі рет бір айда бір адам екі рет сайланады. Реттесіп үй басына барлық Сәлсәбет ауыл аткомдарды сайлайды. Еркек болса 20 жас пен 50 жастың арасында болса, 20 жас пен 45 жастың арасында болса әйел сайланады. Егерде Сәлсәбет ауылкомдарға қарсылық қылған адам болса ол уақытта Сәлсәбет ауыл атком 79 уголовный статьяға муашық айыпты қалап ұстайды. Сәлсәбет ауыл аткомынен ыхтиярсыз кетуге болмайды. Өзінің қарамағындағы Сәлсәбет ауыл аткомына бағынады. Сәлсәбет өзінің халқының тыныш болуы үшін нағызына қолын қойған копия дұрыс көшірілді, деп Қызылорда болревком іс басқарушысы Садақбаев.

Қызылорда облысының төңкеріс комитетінен ауыл комитетіне.

25.ҮІІІ – 25

ИСХ, № 429

Осының сыртындағы приказды қолданып орындап тұрмаққа
Қызылорда ревком жауапты хатшысы Удербайұлы.

Іс басқарушы Садақбаев.

Міне, осы да қазақша ма? Бүйтіп қазақшалағанша орысшаласа біреу оқыр еді. Түсінер еді. Бұл приказ бүкіл Қазақстан еліне тегіс жайылды ғой. Мұндай приказ біреу ғана емес, осы сықылды талай қазақша жазулар елдерде тарап кеткен шығар. Осы күнде де жаншылып жатқан шығар.

Қазақ тілін жүргізетін комиссия болсын, өзге мекемелер болсын, мұндай сорақы іске көзінің қырын салмаса, әрі-беріден соң «қазақшан» мынау болса, орыс болып-ақ кетелік деушілер табылмай ма? Сонда не бетімізді айтамыз?

Міржақып Дулатұлы

Міржақып Дулатұлы *Бес том. шығ. жин. Құраст.: Г.Дулатова., С.Иманбаева.*
Алматы: «Мектеп», 2003, 3 том, 186-187 б.

Тіл мәселесі

Бұрын патшалық дәуірінде тіл мәселесі қазақ, қырғыз, ноғай, башқұрт, өзбек, түрікпен секілді «бұратана» жұрттар үшін зор саяси мәселелердің бірі еді. Ол кезде мемлекет тілі – орыс тілі. Заң-заңдар орыс тілінде, оқу-оқыту да орысша болатын.

Ескі һүкімет орыс тілі тек мемлекет тілі болумен де көңілі көншімей, «бұратаналардың» тілін, дінін, азаттығын жоғалту саясатын бірте-бірте жүргізе бастаған еді.

Миссиялар ашты. Миссионерлер шығарды. Түрік қауымдары қолданып келе жатқан ғараб алфавитін жоғалтып, оның орнына орыс жазуымен Інжіл, Богослов, Псалтыр секілді христиан дінінің кітаптарын қазақша, ноғайша һәм басқа тілдерде басып шығарып, халық арасына тарататын болды. Жас күнімізде «кодай тағала Аураам пайгамбарға қорбандыққа қошқар жыберды...» деп оқитын едік.

Орыстан басқа жұрттар мекемелерге өз тілінде арыз жазуға, ауызекі мұңын шағуға болмайтын еді. Мәселен, судьяның өзі де һәм жауапкердің бәрі де қазақ болса да, «закон бойынша» қазақ судья қазақтардан переводчик арқылы орысша жауап алатын еді.

1909 жылы Дала уалайатының генерал-губернаторы Шмидт Ақмола, семей облыстарында орыстың тілін білмеген, хатын танымаған қазақ болыс бола алмайды деген жарлық шығарып еді. 1913 жылы Ташкент семинариясының директоры, миссионер Остроумов бір учительге: «Алла» деген сөз болмасын, «Құдай, патшаны сақта деген өлең қалмасын» - деп бұйырған еді.

Орыс тілінің базары көтерілді, күннен-күнге қадірі артты. Азғантай оқыған шәлдіріктер кәдеге асып, төре болды, түйме такты, көкке қарады. Переводчиктердің араны жүре бастады қазақ арасында, әсіресе Түркістанда. Переводчик деген өз алдына бір тап болды, қазақ-қырғыз орыстан бір есе қорлық көрсе, өзінен шыққан переводчиктеріне, төрешіктеріне екі есе жем болды. Түркістанда бұрын айына 15-20 сом жалование алып тұратын переводчиктердің көбі 50000-100000 сомдық пұлға, үй-мүлік, бау-бақшаға ие болды. Қазақ ішінде болыстарға пәсір болғандар екі-үш жылдың ішінде еріксіз байыды. «Ел билеген», бір-екі ауыз орысша былдырлап оттай білген атқа мінгендердің алды полковник, арты хорунжи шенін алды, омыраулары медальға толды. Надан халықтың кезінде «Құдай тілегін берген, аруақ орнап, нар шөккен орын» болды.

Сөйтіп жұрттың көбі орыс тілін, орыс оқуын білімді, өнерлі болу мақсұтымен үйренбей, дәреже алу, төре болу үшін оқитын болды.

Қалада оқып жүрген балалардан елге келгенде: «Шырағым, қашан төре боласың?» деушілер, қалжыңы жоқ, шынымен сұраушы еді. Мұның түбі неге соғатынын жұрттың көбі қапелімде сезген жоқ. Көңілінде «елде жоқ» школда оқып жүрген жас балалар, һәттә үлкендер де, бір-біріне орысша хат жасысатын болды, өзара орысша сөйлесетін болды.

Көрген өнегесі, алған тәрбиесі осылай болған соң, орысша оқығандар халықтан алыстап, өз елін өздері менсінбейтін кеселге ұшырай бастады.

Ұлтшылдықты біз осы күні ғана жек көріп отырмыз. Күні кеше – мұнан үш-төрт жыл ғана бұрын – коммунизм, интернационализм мұрнымазға исі келмей тұрғанда, қазіргі шіреніп отырған ұлтшылдардың

өзіне зар едік. Ол уақытта бізді ұлтшыл қылған жоғарыда отырған патша hükümetінің саясаты еді. Ол саясат пәлесі Россиядағы бұратаналардың бәрінің басына бірдей келгендіктен, «айлас қатын – мұндас» дегендей, діні бір, қаны бір, тіл негізі бір түрік қауымдары көңілдесіп, «шын орыс саясатынан» құтылу үшін «жалпы түрік тілін біріктіру» деген пікірге келе бастады. Бұл жолды бастаушы марқұм Исмағұлбек Гаспринский еді. «Түрікшілердің» ойы – «жеке-жеке жұтылып кетуіміз оңай болар, бәріміз қосылсақ, тамағынан өтуіміз қиын соғар» дегендік еді. Бұл пікірдің басқа жағы да бар шығар. Бірақ біз өзіміз осылай түсінуші едік. Әйтпесе, бәрі бірдей түріктің баласы болғанмен, Қырым ноғайын – қазандық, Қазақ ноғайын – өзбек, башқұртты – қазақ, түркіменді – башқұрт анық түсінбейтін. Бұлардың бәрі ортақ бір тілмен оп-оңай сөйлесіп кете алмайтынын білетін едік.

Енді бұл күнде жаһангерлік саясатынан құтылдық. Әр халық өз тілінде сөйлеуге, оқуға, жазуға ерікті. «Мынау – мемлекет тілі, бұл – міндетті тіл» деп зорлайтын hükümet – Кеңес hükümetі емес. Ол hükümet өлген. Бұрынғыдай енді тіл үшін алысу, арбасудың қажеті жоқ.

Енді әр халық өз тілінде оқуға, өз тілінде жазуға, өз тілінде тергеуге тиіс. Мемлекет законінен бастап, ауылный комитеттердің ісіне шейін, жазу әр халықтың өз тілінде болуы керек. Бұған енді дау-дамай жоқ. Тек жүзеге шығару ғана қалды. Сүйекке сіңген ескі дерттен құтыла алмай, бұл күнге шейін орыстан хатшы алып отырған болыстар бар, мұның атын өшіріп, енді «орысшалауды» ұмыту керек. Кеңес hükümetі қазір сауатсыздықты жоғалтпақ болып отыр. Олай болса, өзінше хат танымайтын бір азамат қалмай, мекемелерде, соттарда жауап беру түгіл, заң-законды өз көзімен, өз тілімен оқи білмейтін біреу де болмасқа тиіс.

Ортақшыл партияның һәм оның жолымен жүрген Кеңес hükümetінің негізгі мақсұтының бірі – жер жүзінің еңбекшілеріне ортақшылық пікірін тарату, миына сіңіру, сол рухта тәрбиелеу. Бұл мақсұтқа жетудің бірден-бір шарасы – һәм халықты осы шараға үндеу. Түсінікті тілде үндеу.

Жер жүзінде езілген жұрттардың бірі біздің қазақ-қырғыз екені рас болса, бұл жұртты теңгеру үшін көзін ашып, өнер-білім үйретіп, үгіт-насихат тарату қажет болса, қазақ-қырғыз тіліне тоқтаусыз жол ашып, бүгіннен бастап, «тілмаш жоқ, мінеки, тақсыр, тілмаш жоқ» дегізіп, қазақ-қырғызды енді сандалтпау керек.

Міржақып Дулатұлы

Міржақып Дулатұлы Бес том. шығ. жин. Құраст.: Г.Дулатова., С.Иманбаева. Алматы: «Мектеп», 2003, 3 том, 24-26 б.

Газет тілі оңды болсын

Бөтен жұрттармен араласқан, бөтен жұрттардың оқуын оқыған адамның тілі бұзылмасқа амал жоқ. Осы кезде қазақ тілін тексере бастасақ, сіңісіп кеткен жат сөздер толып жатыр ғой, жұрттың тілі де солай шығар. Ол ешнәрсе емес. Бірақ амалсыз алған сөздерден басқа да тілімізге жамау-жасқау кіріп барады. Қисынсыз қыстырылған жат сөздерді бір жағынан қуып жатсақ, екінші жағынан кіріп жатады.

Осыны байқап, тіл тазартудың неше түрлі шаралары істеліп келеді. Бұл жөнінде үлгі көрсететін орынның бірі – газеттеріміз. Кітаптан да газет жағы мықты болуымыз керек. Өйткені кітап жазушы кісі тегінде көп болмайды. Газеттер болса күн сайын пәлен мыңнан шығып, тарап тұрады. Газетке неше түрлі амал жазады. Газеттің бір нөмірін алып қарасақ та, онда кемінен 20-30 адамның жазған хат-хабары басылып отырады. Оның бәрі тілге шебер адамдар бола бермейді, бір өзі бұтып-шатып үйренген әдебімен, иә өзгеге еліктеуімен тілдің басын жарып, көзін шығарып жазады. Газеттер ондай адамдардың сөзін тілі үшін емес, хабары үшін басады. Бірақ газет басқармаларының көбі ондай теріс, ерсі сөздерді түзетпей, тезіне салмай шикі күйінде жіберіп қояды.

Газетке жұрт аса еліктегіш келеді. Әсіресе жазушы болудан дәмесі бар талапкер жастар еліктегіш болады. Олар газеттен жазылған сөзден үлгі алып, оң-терісін айырмай, еліктеп кетеді. Мәселен, газетте біреу бір рет «түсініс беремін» деп жазса, содан кейін жұрттың көбі «түсініс береді» деп отырады. Тегінде «Түсініс беремін» деу қате екенін тексермегендіктен солай жазады. Біреу «Некең заманы» деп бір рет жазған болса, кейбіреулер «Николай» деп жазуға атасының аты кететіндей, «Некең заманы», «Кешегі Некең тұсында» деп отырғаны. Бұдан келер-кетер шамалы шығар, тек еліктеудің күштілігін айтамын.

Газет тіліне еліктеу осындай күшті болғандықтан, басқармалар газетте басылған сөздерді шашау шығармай, бір сөзін де тексермей, түзетпей жібермеуге тиіс. Байқап отырсақ, басқармалар бұл міндетін толық атқармайды, көбінесе басылған мақалалардың иә хабардың маңызын мағына жағынан тексереді де, тілінің кемшілігін байқамай, ескермей жібере береді.

Бірнеше газеттен мысал келтірейін: 1) «Жұмыскер тілінін» 37-санында «Қазақ тілі кеңейіп келеді» деген сөз басылды; 2) «Қазақ тілінің» 58-санында «губернелік соттың шығыс билігі» деген сөз басылыпты. «Шығыс билігі» дегені выездная сессия; 3) «Кедей тілінін» 122-санында «ол айтылғандары ғамал жүзінде беркітіп алып қалу» дейді; 4) «Қызыл тудын» 124-санында «мінекей қайда жинақсыздық», 126-санында «жертендынды ызалы ғып ұстаудың амалын жаса» деген сөздер басылған; 5) «Кедейдің» 42-санында «қызыл тәртіпкер» деген сөзге кездестім; 6) «Еңбекші қазақтың» 233-санында «туған баласының қағылуға еркі жоқ»

деген сөз бар; 7) «Жас қайрат» газетінің 54-санында «Онда ғайра емес ед бойға енген» деген сөз Мәжиттің өлеңінен көрініп отыр.

Міне, мұндай ерсі сөздер қай газеттен болса да кездесе береді. Сондықтан бұдан былай газеттеріміз тіл жағына көңіл бөлінкіресе екен.

Тілмен қатар бір ескеретін – емле. Жұрттың көбі емлеге шорқақ қой. Және де ол шорқақтардың бәрі де емлені мектептен үйренуге «буындары қатыңқырап» кеткен. Тек газет, кітаптардан ғана көздері үйренумен біле алады. Сондықтан газеттің емлесінде қалу болмасқа тиіс. Осы кезде газеттің бір нөміріндегі бір сөздің өзі 2-3 түрлі жазылады. Мұны оқыған шала сауаттылар адасып қалады, қайсысы дұрыс екенін білмейді. Бұл жағы да ескерілісін. Өте-мөте газеттің тілі оңды болсын.

Міржақып Дулатұлы

Міржақып Дулатұлы *Бес том. шығ. жин. Құраст.: Г.Дулатова., С.Иманбаева. Алматы: «Мектеп», 2003, 3 том, 239-241 б.*

Орысшылаған қазақ тілі

Біздің жазушыларымыздың көбі – орысша оқығандар. Олар көбіне қазақшадан да орысшаға жетік. Жетік болмаса да, жетікке ұқсайды, жетік болып көрінгісі келеді.

Сондықтан олардың қазақша жазғаны да орысшаға ұқсап тұрады. Оны жазушының өзі секілді орысша оқығандар ғана болмаса, қара қазақ түсіне алмайды.

Осы кезде бұрынғыға қарағанда, әдебиет жағынан едәуір алға кеттік: басылып шыққан кітаптарымыздың саны бұрынғыдан мың есе артық, газет, журналдарымыздың саны одан да көп. Бірақ дұрысында біздің әдебиетіміз тек саны жағынан ғана алға басқан; сапасына қалғанда... мақтанарлық түгіміз де жоқ деуге болады. Жазушыларымыздың көбі орысша оқығандар болған соң, олардың қазақша жазғаны орысшаға ұқсаған соң, басылып шығып жатқан кітаптарымыздың да, газет-журналдарымыздың да тілі қазақша болмай, орысшылаған қазақ тілі болып отыр. Таза қазақ тілінде басылып шыққан сөз өте аз: олардың да көбі өлеңмен жазылған көркем әдебиет. Оны орысша қазақ тіліндегі көп сөзбен салыстырсақ, жоқтың аз-ақ алды болады. Сондықтан сан жағына сұрапыл алға кеткен әдебиетіміздің сапасы аз емес, мүлде жоқ, – дұрысында, жоқ та емес, қолындағы малы борышынан анағұрлым кем сорлының борышы сықылды болады. Кітаптың біреуінің тілі ғана қазақша да, тоғызынікі орысша қазақ тілі болған соң, бір қазақша кітап пен орысша қазақ тіліндегі бір кітап екеуінің біреуінің пайдасы екіншісінің зиянын өтейді де, қалған сегіз кітап таза зиян болып шығады.

Қазақ тілін іске асыратын болсақ, қазақ әдебиетін күшейтеміз десек, ең алдымен істің санын салмақтамай, сапасын ескеруіміз керек. Ол үшін қазақша деп жазылған сөздердің әлгі кемшіліктерін құрту керек. Оны құрту үшін әуелі сол кемшіліктің қандай екенін білу керек.

Ол кемшіліктің бірі – дыбыс жүйесі жағынан болатын кемшілік. Жазушыларымыздың көбі қазақ тілінің дыбыс жүйесін елемейді: орысшадан алынған сөздерді бұлжытпай, дәл Мәскеу орысының айтуынша жазады: мәселен, «Мәскеу» демей, «Москуа» деп жазады, «коменес» демей, «коммунизм» иә «коммунист» дейді. Осы сықылды сөздердің көбі-ақ ілім кеңесінде тексеріліп, қазақ тілінің дыбыс жүйесінше қабыл алынған; қазақ білімпаздарының сиезінде ондай сөздердің жалпы негізі де ашылып, тиісінше қаулы да шығарылған. Сондықтан қазақша деп жазылған сөздерді қазақша жазып, қазақша айтып үйренгісі келетін кісі оны оп-оңай-ақ үйрене алса керек.

Екінші кемшілік – сөз жүйесі жағынан болатын кемшілік, қазақша жалғау, жұрнақтарды елемегеннен болатын кемшілік. Жазушыларымыздың қазақша деп жазған сөзіне басқа тілдердің жұрнағын жалғап жібереді. Мәселен, «социализм» деген сөз қазақша «сатсиал» деп қабылданған, сондықтан «сатсиал» деп, «сатсиал» жолын жақтайтын кісі «сатсиалшыл» болуы керек еді. Бірақ біздің жазушыларымыз олай демейді, – «сатсиалист» иә «сотсиалист» деп жазады, – қазақ тілінде «ист» деген жұрнақ жоқ екенін елең қылмайды. «Техника» қазақша «технике» болса, «техникті» қазақша «техникеші» деу керек қой, бірақ біздің жазушыларымыз «Техникешіні» де орысшалап, «техник» деп жазады. Әдебиет тілі жалпы халықтың аузындағы тілге де әсер береді, әдебиет бүгін халықтың тілін тәрбиелейді. Біздің жазушыларымыз техникешіні «техник» десе, қазақтың тілін «шы» жұрнағын жоғалтып, «жылқышыны» «жылқ» деп айтқызатын болып тәрбиелейді ғой.

Үшінші кемшілік – сөйлем жүйесі жағынан болатын кемшілік. Біздің жазушыларымыз сөйлем ішіндегі сөздердің алдында айтылатынын артына, артындағысын алдына әкеліп, сөздерін орысша тізеді. «Таймінер жолдас» деудің орнына «жолдас Таймінер» деу де сол кемшілікке келеді. Бұл туралы «Қызыл Қазақстанға» айрықша мақала жазып едім, сондықтан мұның ережелерін қайта айырудың керегі де жоқ болар.

Төртінші кемшілік – жалпы кемшілік. Бұл кемшілік жазушының орысшаны да жете білмегенінен болады иә орысшаға жетіктігі асқынып кетіп, білім буынына түсіп кеткеннен болады. Мәселен, «сорпаны ішемін» демей, «сорпаны жеймін» деушілер бар; «бөркім жарасады» деудің орнына «бөркім жүреді» дейтіндер де жоқ емес; «өзеннен өту» дегенді «өзен арқылы өту» дейтіндер де бар. Со сықылды «сұрады», «ұсынды», «түсіндірді» сықылды қазақша сөздердің орнына орысшалап (иә басқа бір тілмен болса да өзі біледі) «сұрау қойды», «ұсыныс қылды»,

(«ұсыныс кіргізді»), «түсініс берді» дейді. «Сиездің қаулысынша» деудің орнына «сиездің қаулысы бойынша» дейді. Мұндай кемшіліктердің әрқайсысын өз алдына тексермесе, барлығын бір жалпы ережеге сыйғызуға болмайды. Бет-бетімен кеткен былық сөздерде ереже қайдан болсын. Дұрысында, мұндай кемшіліктерден құтылу үшін дыбыс жүйесі, сөз жүйесіндегі ережелердің де керегі жоқ, тек қана жазушының жазуын қазақша қылып шығаруға ниеті дұрыс болса болады: «түсініс беру» сықылды ерсі сөздердің ерсі екені орысшаға жетік жазушының өзіне де бірден сезіледі ғой. Сондықтан жазушы сөзін шынымен қазақша жазғысы келсе, орысшаға жетік те, қазақшаға шорқақ екенін көрсетіп қалу сықылды айрықша ниеті болмаса, «сұрау қою», «өзен арқылы өту», «ұсыныс кіргізу» сықылды сорақылық білмегеннен болмайды, – ондай сөздердің қазақша ерсі болатынын білмейтін қазақ болмайды. Сондықтан ондай сорақылықты тілдің заңы жағынан тексерудің қажеті де жоқ.

Міржақып Дулатұлы

Міржақып Дулатұлы *Бес том. шығ. жин. Құраст.: Г.Дулатова., С.Иманбаева.*
Алматы: «Мектеп», 2003, 3 том, 208-210 б.

Қазақ тілінің мұңы

(Мынбайұлы Жалау жолдасқа)

Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім.

Енді қандаймын?

Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым.

Мен не көрмедім?

Маған әкеліп парсы мен арабты қосты. Бергін келе шүлдіретіп ноғайды, былдырлатып орысты араластырды. Бір күндерде мені мүлде жоқ қылғысы келгендер де болды. Өлі де үшбақы болғыр Абайға өкпем жоқ. Тіріде маған ара түсушілер аз болды. Мен жылы сөзді, алдымен айналып кетейін, осы күнгі Ахмет (Байтұрсынов.ред) деген кісіден ғана естідім.

Төңкеріске шейін көрмегенім қалған жоқ. Төңкеріс болмаса бейшара қазақ менен айырылатын да шығар деп едім.

Төңкеріс болды. Қазақтың көзі ашылды. Қазақтың көзі ашылған соң, менің күнім туды ғой деп қуанушы едім. Жаны жәндем кеткір миссионерлердің, молдалардың, тілмаштардың қолжаулығы болудан құтылдым ғой деп ойлаушы едік. Оның үстіне қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын деген заң шықты. Төбем көкке төрт елі жетпеді. Бірақ, не керегі бар, босқа қуанған екенмін...

Жанның бәрі теңдік алып жатқан кеңес үкіметінің тұсында менің бұтымды бұт, санымды сан қылып кім көрінген созыла бастады. Өзгені не қылайын, отаршылдық саясатын қолданбас-ау дейтін білім кеңесі екеш білім кеңесі де мені аямады. «етістік», «сәрсендеме» деген жалаларды әкеп жапты маған. Бұйырмасын, біздің арамызда мұндай атты соғылғандар туралы болып көрген емес. Не амалың бар? Құдай басқа салған соң көніп отырмыз. Кітаптарында, газеттерінде маған көрсетпеген қорлығы тағы жоқ.

«Қазақыландыру» бір пәлесі шықты да көрген күнім бұрынғыдан да қараң болды. Бірдемені бұтып-шатып жазды да, міне, сені қазақыландырдық деді. Жақын арада Қазалы дейтін қалада «кәперәтив күн» деген бір күн болып, жұрттың бәрі желігіп көшеге шықты. Ұялғаным-ай кірерге тесік таба алмадым. Қолдарындағы қызыл туына сондағы жазғаны мынау: «Арзан тауара де дебенге һәм ауылдарға арзан астыт жұмыскерлер кетубі жақсу. Назыққанда амал би лелдік жеккуле-к пл! Жоғарлатуына керек канун есамклдiң арзандауыға тауарлерде өсемен жегере уктабр iңклаб».

Міне, жұртым, мені Қазалының «қазақыландырғандағысы» осы! Жасаған-ай, о мұндай да қазақыландыру болады екен!

Енді қайтемін? Бұл мұнымды кімге айтамын, кімге шағамын!...

Менің ойлап-ойлап тапқаным – жалау жолдас сен болдың. Сен өкімет басындағы ақсақалымыз едің. Сен нағыз қазақтың бел баласы едің. Сен адырайған адай едің. Мұнымды мен жалғыз-ақ саған шағамын. өзге кәмиссиялардың көбіне сенбеймін. Олардан да жақсылық көріп жүргенім жоқ. Газетке арнаған сөздерін суылдатып орысша жазады да шалашарпы тілмаштарына аудартып жанымды шығара жаздайды. «Тасты жапалаққа ұрса да жапалақ өледі, жапалақты тасқа ұрса да жапалақ өледі» дегендей бәз баяғы менің сорым.

Жалаужан, мен саған жалынам, «ауыл тілін» шығарамын, газетім нағыз ауыл тілімен, таза қазақ тілімен жазылады дегенде ішім елжіреп кетеді. Мұнына тілектеспін. Жортқанда жолың болсын, жолдасың Маркс, Ленин болсын, сенің керегіңе мен дайынмын. Бірақ мені қорға, таза сақта, көрінген тілмаштарыңа тағы да қор қылма. Әсіресе, Қазалы сықылдылардың «қазақыландырғанынан» қорға, Азар коменес болып кетсең де ата-бабаң қазақ еді ғой, мен солардың тілі едім ғой, не жазығым бар, ая мені!

Міржақып Дулатұлы

Міржақып Дулатұлы Бес том. шығ. жин. Құраст.: Г.Дулатова., С.Иманбаева. Алматы: «Мектеп», 2003, 3 том, 197-199 б.

Цифр жазуы

Біздің осы күні қолданып жүрген цифрларымыз араб цифрлары аталады. Бұл цифрларды Европа арабтан үйренген, бірақ мұның асыл түбі араб емес, үнді, бұл цифрларды араб үндіден алған, арабтан Еуропаға тараған. Күн шығыс халықтарының бұл күнге шейін қолданып келген цифрлары үнді цифрлары аталады. Үнді цифрлары мынау: १, २, ३, ४, ५, ६, ७, ८, ९, १०, әуелдегі үнді цифрлары осы. Кәзіргі араб цифрлары (1,2,3) үнді цифрларынан тұрпаты басқа ғана болғаны болмаса, екеуінің жазылу реті бірдей: цифрлардың дәрежесі оңнан солға қарай арта береді, оң жақ шеткі орындағы цифр бірлік санын көрсетеді, сол жақ жанындағы цифр ондық санын көрсетеді, оған жалғас сол жақтағы цифр жүздік санын көрсетеді, сөйтіп солға қарай ірілене береді. Мәселен, мың тоғыз жүз жиырма бес осылай жазылады: 1925 мұндағы бес (5) бірлік саны, екі (2) ондық саны, 9 жүздік, 1 мыңдық. Бұлай жазылған цифрды біз солдан оңға қарай оқимыз: әуелі сол жақ шеткі 1 мыңдықты, сонан соң оған жалғас 9 жүздікті, сонан соң 2 ондықты, ақырында 5 бірлікті оқимыз.

Цифрдың бұлай оқылуын сылтау қылып бірқатар білімпаздарымыз сан жүзінің амалдарын орысшадан солдан оңға қарай жазуға ұйғарады: мәселен «24-ке 48 қоссақ 72 болады» деген сөз « $24+48=72$ » болып жазылсын дейді. Қазақ тілінде басылып шыққан кітаптардың көбінде-ақ мұндай амалдар осылай солдан оңға қарай жазылған. Оқытушыларымыздың да көбі балаларға амалды солай теріс жазғызып үйретеді. Айтатын дәлелдері әлгі: жазылған цифрлардың қазақша оқылуы солдан оңға қарай болғаны.

Шынында, жазушыларымыздың да, оқытушыларымыздың да есеп амалдарын олай теріс қарай жазатыны – цифрдың теріс қарай оқылатындығын ойлағаннан емес, өздерінің дағдышылығынан. Біздің бұл кездегі азушыларымыздың да, оқытушыларымыздың да көбі орысша оқығандар. Бұлардың бәрі де төрт амалды теріс жазып дағдыланған. Сондықтан бұлар кітап жазғанда да, бала оқытқанда да өзінің ескі дағдысынан шыға алмайды. Есеп амалдарын оңнан солға қарай да оқуға болатынын ойламайды да, білмейді де: есеп амалының олай жазылғанын көрсе (мәселен: « $24+48=72$ » деп есеп жазылғанды көрсе), оны аяғын көкке көтеріп, төбесімен жүрген сықылды ерсі көреді, шегі атып күледі. Жазылған цифрдың қазақша солдан оңға қарай оқылуы дәлел емес, тек сылтау. Жазылған цифрды қазақша оқығанда солдан оңға қарай оқитынымыз рас, бірақ оны өту үшін әуелі сол жақ цифрды оң жақтан санағанда нешінші орында екенін біліп алуымыз керек, мәселен «1925»-ті сол жақ шеткі «1»-ден бастап оқитынымыз рас, бірақ оны «бір мың» деп оқу үшін, әуелі оның оң жағындағы үш цифрды көріп, оның үш бөлек екенін, «1»-дің өзі төртінші орында екенін іліп алуымыз керек. «1»-дің

оң жағындағы «925»-ті қолмен басып тұрып, оқушыға «1»-дің өзін ғана көрсетсек, оқушы оны «бір мың» демейді, «бір» деп оқиды. Жазылған цифрды оқуымыз теріс болғанымен тануымыз оңнан солға қарай, есеп амалының жазылу ретінде цифрдың оқылуы дәлел болуға жараса, оны танып білуіміз онан да артық дәлел болуы керек. Цифрларды тану үшін оңнан солға қарай тексереміз, бұл цифрмен жазылған сөздің де оңнан солға қарай жазылуын тілейді.

Біздің цифрларымыз әуелде үндіден шыққан. Үнді халқының жазуы да біздің жазуымыз сықылды оңнан солға қарай. Сондықтан үнді цифрды өз жазуының ыңғайынша дәрежесі оңнан солға қарай артатын қылып шығарған. Цифрды Еуропа шығарса, оның дәрежелерін солдан оңға қарай артатындай қылып шығарар еді, мәселен «1925»-ті «5291» деп жазатын қылар еді. Еуропа цифрдың жазылу ретіне артық баға бермеген, цифр жүйесін өз жазуына икемдеп өзгертпей-ақ, даяр күйінде ала салған. Цифр жүйесі үнді мен арабтың жазуына, солардың тіліне лайықтап жасалған. Тұрмыста көбіне кездесетін сан 20-дан арта бермейді. Үндіше 20-ның ішіндегі сан (орысша сықылды) бірлігінен басталып айтылады, мәселен 12-«дибазде» делінеді, бұл екі мен он деген мағынада. Арабша жүзге шейін де солай саналады, мәселен «саба'а уа тисғуна» дейді. Бұл «жеті мен тоқсан» деген сөз. Сондықтан үндіше де, арабша да 12, 14, 18 сықылды цифрлардың оқылуы да оңнан солға қарай, оны танып білу үшін де солай оңнан солға қарай тексеру керек. Еуропа тілдерінде де сан үндіше, арабша айтылады; орыс, француздардың саны үндінікі сықылды 20-ға шейін әуелі бірлігін, сонан соң ондығын айтады; немістің саны арабтікі сықылды 100-ге шейінгі санның бәрі де бірліктен басталып саналады (мәселен немісте 84-ті «фийр унд ахциг» дейді, «төртеу мен сексен» дейді), еуропаның бастауыш мектептерінде де сван жүйесін бастап оқытқанда әуелі 20-ның ішіндегі санды, онан соң 100-дің ішіндегі сандарды оқытады. Еуропаның жазуы солдан оңға қарай, өтсе де цифрды оңнан солға қарай оқытады, цифрлардың оқытылуы да оны оқу үшін тексеру жолы да оңнан солға қарай болғанымен, цифр жазуын (есеп амалдарын) өз жазуының ыңғайынша келтіріп, солдан оңға қарай жазады. Арабша (үндіше) цифр жүйесі Еуропаның тіліне де, жазуына да ыңғайсыз, бірақ Еуропа араб цифрының жүйесін бұзбай-ақ, есеп амалдарын өзінше жазып отыр. Біздің жазушыларымыз бен оқытушыларымыз әуелде оңнан солға қарай жазылу үшін жүйеленген цифрлардың олай жазылуын ерсі көріп қарашылдық қылып келеді. Қарашылдықты қою керек. Еуропаға еліктеген жақсы. Бірақ Еуропа қарашыл емес. Еуропаға еліктегенде онан ең алдымен қарашыл болмауды үйрену керек.

Міржақып Дулатұлы

Міржақып Дулатұлы Бес том. шығ. жин. Құраст.: Г.Дулатова., С.Иманбаева. Алматы: «Мектеп», 2003, 3 том, 200-202 б.

Тіл құрал Қазақ тілінің сарфі (Шығарушы Ахмет Байтұрсынов)

Жаңада ғана Ахмет Байтұрсынов шығарған қазақ тілінің сарфі «Тіл құралы» басылып шықты.

«Тіл құрал» туралы жазудан бұрын әуелі қазақ тілі жайынан біраз сөз айтып өтуді тиіс көреміз. Қазақ тілі жайынан біраз сөз айтып өтуді тиіс көреміз. Қазақ тілі жайынан газетамызда бұрын да сан жазылып еді. Қазақ тілі бай, таза, іргелі жұрт тілі деп бәріміз де айтамыз. Мұны іңкәр қылатынымыз жоқ Бірақ құр бай, таза деумен ғана тіліміз өздігінен сақталып, әдебиетіміз өрбіп кете алар ма? Қай жұрттың тілі болса да түү басында біздікі секілді таза да, бай да болған. Бірақ олар көрші жұрттардың сөзі қосыла-қосыла, жүре бұзылған. Біздің қазақ тілі бұрын ылғалсыз таза болса да, бұл кезде басқа жұрттармен араласа бастадық, басқа жұрттардың оқуын оқыдық. Бұл күнде шаһар сайын ноғай медреселерінде қанша қазақ баласы оқиды, бір жағы Бұхар, бір жағы Мекке-Медине, Стамбулда оқып қайтқандарымыз да бар. Солардың бәрі елге ноғайшылап, сартшылдап қайтып жүр. Бұлардың сөйлеген сөзінде, жазған хатында шет жұрттардың тілі аңқып тұр. Бұлар елге келіп жас балаларды оқытады. Сөйтіп, шет тілдер елдегі жас балаларға жұғады. Жас балалар келешектегі бір буын халық. Өзімізде жергілікті оқытушы жоқтықтан, қазақ балаларыноқытып жүрген ноғай молдалар аз ба? Бір ауыз арабша білмейтіндердің көбі осы күнге шейін хатының басына «һу аллаһ әл бәри, әлхат саф әл ғалаңдарды...» тізіп қоймай ма? Бұрынғы қазақ арасына тарап жүрген қисса-хикаялардың бәрі ноғайша, арабша, аралас тілмен жазылған. Орысша оқығандарымыздың көбі екі сөздің біріне орысша қатынастыруды үйреніс қылып алған. Осыдан топшылауға болады, таза деген қазақ тілі де, күн бұрын сақталуына қам қылмасак, бірте-бірте бұзылып кететіні. Қазақ тілінің мұндай жолмаен бұзылып кетуін көбіміз сезбей де қаламыз.

Олай болса сұралық, қазақ тілінің таза сақталуына бізде қам қылған кісі бар ма? Болса, ол кім?

Мен өзім медреседе оқымасам да, 1904 жылдан бастап ноғай әдебиетін үйренуге әуестендім. Сол жылдан бастап «Тәржіман» газетасын, онан кейін шыға бастаған өзге ноғай газеталарын һәм кітаптарын алып оқитын болдым. Лұғаттан қарап, кісіден сұрап, ноғай тілі, ноғай әдебиетімен таныстым, бұлар маған сінді. Бала күнімде оқи-оқи, қызығы басылған ескі қиссалардан басқа қазақта дәмді, мағыналы кітап болмаған соң, орысшаны былай қойғанда, мен әлгі үйренген ноғай әдебиетінен әдет ала бастадым: ноғай газеті, кітаптарында көп ұшырайтын араб, парсыны шын әдеби тіл осы екен деп аңғардым. 1908 жылы «О.Қ.-ты»

жазып жүргенімде әлгі «әдеби тілдерді» неғұрлым көбірек кіргізу жағын ескерусіз қалдырмадым. Сол жылдарда «Абай кітабы» һәм «Қырық мысал» шықты. «Қырық мысалды» көргенімде өзімнен-өзім ұялдым. Өзімнің һәм өзім секілділердің адасып жүргенін сонда байқадым да.

Екі жыл мұнан бұрын «Қазақ» газетасы шыға бастады. Шын қазақша жашылып, тіл мәселесін қолына ала туған осы «Қазақ» еенін ешкім бекер дей алмас. Бұл неден? Әрине, шығарушыдан дейміз. Төрт жылдан бері шығып тұрған «Айқап», шығып тұрақтанған «Қазақстан» бұл жағын жете ескерген жоқ. Кім қалай жазып жіберсе, сол күйінде баса бергенге ұқсайды. Мұны да бекер деушілер көп болмас.

Қазақ тілін қолына қалам ұстағаннан бері шылғи қазақша жаза бастаған Байтұрсынова қазақ емлесін шығарды, оқу құралдарын жазды. Осы екі жылдың ішінде орта есеппен 250 мың дана «Қазақ» нөмірі тарады. Жаңа емлемен 15-тей кітап шықты. Бұлар 45 мың данадай бар. Осының бәрі қазақ арасына тарап жатыр. Бұл емлені тосырмап, түсінбейміз, оқи алмадық деген ешкімді естігеніміз жоқ. «Қазақ» емлесін мұсылман медреселерінде, орыс школдарындағы шәкірттер, учительдер, мұғалімдер жабыла қабын еткендігі былтырғы «Қазақ» нөмірлерінің көбінен көпінеді. Бұл екі жылдық қана қызмет, иншаллаһ. Мұнан кейін артпаса, кемімес деген үміт зор.

Һәр істің бағыты оң болса ғана ерушісін адастырмайды. Өзі қайда бара жатқанын білмеген адамның етегінен ұстаушылар қайдан жол табады. Жақсыны – жақсы, жаманды – жаман деу, біреуді асырып мақтаған иә кемсітіп жамандаған болмайды. Олай болса, қазақ тілінің һәм жазуының таза сақталып, бір белгілі жолға түсуіне бірінші қам қылып, қызмет сіңірген, бұл жолда басшылық еткен кім деген сұрауға менің жауабым осы жазғандарымнан көрінсе керек. Енді түзу жолға бір түскен соң оқығандарымыздың әрқайсысы таза қазақша сөйлеуге, қазақша жазуға тырыса бастады. Мұның белгісі қазір көп. Тіл мәселесін бірінші дәрежеге қойған «Қазақ» газетасын өзіміз түгіл, ноғай бауырларымыздың газеталары да байқай бастады. Мысалы, жаңа арада «Тәржіман» газетасы (нөмір 260) «Қайда бара жатырмыз?» деген бір мақаласында: «Қазіргі Россияда шығып тұрған ұлт газеталарымыз, журналдарымыздың бірлі-жарымын қоспағанда, көбінің қолданып тұрған тілдері татарша ма, түрікше ме, орысша м, татар эсперантосы ма, не екенін білу қиын. Татар-түрік тілінің қағидасына бойсұнбауының үстіне, түрікше, татарша айтуға болатын сөздерінің өзін орысшамен айдап кетеді. Бұл қайғырарлық хал...» деп ноғай газеталарының һәрқайсысынан мысал келтіреді.

Бұл туралы «Құяш» газетасы (590 нөмір) бір мақала жазып, «Тәржіманның» бұл мақаласы біздің бір жаман жарамыздың аузы ашты, тіл туралы кешірілмес зор айыбымызды көрсетті» деп өз тұсынан мынаны жазады. «Егер орысқа қараған түрік рулары тілдерін орысшамен

толтырса, Болгария, Сербиядағыларымыз – болгар-серб тілдерімен, Қытайдағыларымыз – қытайшамен, Германия, Англия, Франциядағыларымыз неміс, ағылшын, француз тілдерімен қатысып, бітсе, түбінде бұл түрік тілінен не шықпақшы!.. «Борышын жасырған төлер, ауруын жасырған өлер» деген мақалды келтіріп, бұл туралы өзінің пікірін айта келіп, «Кұяш»: «Газеталарымыздың көбі таза түрікше жазамыз деп аузы айтса да, мұны істемей жүр, тіл туралы айтқанын орнына келтіруге жиһад қылып тұрған «Тәржіман» мен «Қазақ» газетасы» - дейді.

Енді «Тіл құралына» қайталық. Орысша грамматиканы, арабша нәһв сарфті жақсы білетін қазақ баласы жете аңғарып, ақыл таразысына салып, бір-екі рет оқып шықса, бұл кітаптың құнын білер: үстін қарап, саулатып өте шықса, шытырман тоғайда адасқандай, асылына түсіне алмас деп шамалаймын.

«Тіл құралдың» артықшылығы: жалпы қағидаларға сүйеніп, белгілі тәртіппен тізіліп, шылғи қазақ тілімен жазылған. Орысша, арабша нәһв сарфті жақсы білетіндер тез түсінеді дейтініміз – мұнда сарфте кездесетін әр нәрсе қазақ ша аталып, қазақ тілінің табиғаты сақталып, тура мағынасы өзгерілмей, өз атымен аталған. Сөз таба алмай қиналып, мағынасы дөп келмейтін еш нәрсе алынбаған. Мұнда қолданылған сөздер алғашқы кезде біраз жат көрінуі мүмкін көрінер: әрбір жаңа нәрсе басында солай болуы белгілі. Бірақ түсіне, жаттыға, құлақ үйір бола келе, жаттығы болмаса керек.

Қазақ тілін сақтаймыз, балаларымызды қазақша шыққан кітаптармен ұқтырамыз һәм әдебиетіміз шын қазақша болсын деген, бұлардың бәрінің негізі «Тіл құралы» (нәһв сарф) екенін ұмытпасқа керек. Бұл біздің оқу құралдарымыздың ең қиын, ең керекті мүшесі еді. Міне, бұл да көңілдегідей болып шықты.

«Тіл құралды» қолданып іске асыратын көбінесе мұғалімдер. Олардың көбі мұны өздері шалатүсінсе, иә балаларды үйретуге шорқақтық қылуы ғажап емес, бірақ бұған шығарушы айыпты емес: оқыту жолында қазақтан жөн-жосық көрген мұғалімдеріміздің кемдігінен. Бұл – екінші мәселе.

Міржақып Дулатұлы

Міржақып Дулатұлы *Бес том. шығ. жин. Құраст.: Г.Дулатова., С.Иманбаева. Алматы: «Мектеп», 2003, 2 том, 219-222 б.*

Қазақ тілін іске асыру

Қазақ тілін іске асыруға Қазақстан кіндік үкіметі осы жылғы шындап кірісіп отыр. Бұрынғы декреттің үстіне қосымша бұйрық-жарлықтар, нұсқаулар шығарып жергілікті үкімет кеңселерін оятып, ескеріп отыр.

Істеушісі болса, ынта-жігер болса, іс-құралдары болса, жұмыс жүзеге шықпай қалмайды.

Еңбекші қазақ тілінің өзіне берген құндылықтарымен пайдалануы қазақ тілін жүзеге шығуына байлаулы. Бұл турада бұрын көп жазылған, көп сөйлеген. Енді қалған сөзді шетке тастап, жүзеге шығару ретін іске жақындай отырып көрсетуіміз керек. Қазақ тілінің жүзеге шығуына күйіп жүрген, шамасы келгенше бөгет жасауға тырысып жүрген дұшпандарымыз да аз емес. Қазаққа қожалық құру, дірілдетіп алдына билетіп қою, сүйегіне сіңіп қалған ескі орыс төрегелі: шенеунік, тілмаштар: орыс отаршылдары, ұлтшылдары. Қазақша жазу танымай орысшалап кеткен қазақтың шәлдіктері, бәрі де қазақ тілін іске асырғалы отырған Ортақшыл партия, Кеңес үкіметі қазақтың халықшыл шын қызметкерлері. Қазір де қазақ тілінің дұшпандарына ешбір табан тірерлік тиянақ қалған жоқ. Олар іштерінен күйінер, мыжындаған сөздерін ғана айтып жүрген болар. Қазақ тілін жүзеге шығарушыларға еш бір бөгет жоқ. Кеңес үкіметі, орыстың таза ортақшылары шылбырдан тартып көмек көрсетіп отыр. Жолды тазалап, бөгетті бітіріп отыр. Ендігісі қазақ азаматтарына қалып отыр. Қазақ тілін іске асыруда қазақтың жазу, кеңсе ісіне жарарлық кісілерін іздетіп келсін, қызметке кіріссін. Бұлданып, бәлсініп жүрмесін. Жоғарыдан әмір күтіп тұрмай-ақ, ауылда, ұлыста өз беттерімен қазақша жүргізе бастасын. «Орысшаны қолдан, қазақша деп әуре болма» дегендерді газетке жазып жіберсін. Жергілікті прокурорларға тапсырсын. Мұғалімдер мектептерінің жоғарғы сағаттарында қазақ тілімен іс жүргізудің тәртібін үйренсін. Ел ішіндегі бос жүрген, рет білетін азаматтар қазақша жазу білетін егі тірі жігіттердің басын құрап қазақ тілін жүзеге асыратын ұйымша (кружок) жасасын. Сол ұйымша қазақ тілін кеңседе қалай қолданудың ретін үйретсін. Сол ұйымша өздерінен кісі жіберіп ауылдық кеңестің жұмысын ретке салсын. Ауылдық кеңселерге көмек көрсетсін. Ондай ұйымшалар алғы ақыны шерт етіп отырмасын, көмектерін тегін көрсетсін. Халықтың басы қосылған орында қазақ тілінің маңызын, тілін жүзеге шығаратын курстерге қолынан іс келетін таза жігіттерін жіберсін. Халықтың ұмтылуы, ел ынтасы деген осындай ретпен табылады. Істің бәрін жоғарыдан күтіп отырып өзіне берілген хұқықтардан пайдалана алмаған ел еш уақытта қатарға кірмейді.

Семейдің губерниялық обкомының жалпы мәжілісі: «Қазақ тілі осы жылы Қарқаралы уезінде жүргізілсін, басқа уездерге басқыштап кірсін» - деген сөздерді айтқан.

Алып отырған мағлұматтарға қарағанда губернияның Зайсан сияқты шетте жатқан уездерінде өз беттерімен қазақша іс жүргізуге кірісті дейді. Ондай Уездерді жасасын, көркейсін деп қуаныш білдіріп, басшыларына алғыс айтпай өте алмайды. Зайсан Уезі қазақ тілі жайында алғаш декрет шыққан 1921-жылдың өзінде-ақ істі қазақша жүргізуге кіріскен. Ыдырыс

Мұстанбайұлы барып ол ынталарына көмек көрсетіп, нұсқалар беріп кайтқан.

Губерния ол сияқты өз беттерімен қазақша іс жүргізгендерге қуанып отыр еді. Баскыштап кірсін дегенде «халіміз келмейді ғой» деген оймен айтқан, халық халдерінің келетінін көрсетіп істі жүргізе бастаса Губерния «жолың болсыннан» басқаны айтпайды, айтпауға тиіс. Семей губерниясының қай Уезі болса да қазақша жүргізуге іс бастаған сияқты. Енді кеңселерде жүрген азаматтар жан таласып істеулері керек. Кеңседе қолданатын барлық журнал, қатынас қағаз, бұйрық-жарлық, протокол, қаулы, хұқум, шақыру, есеп беру тағы-тағы өзге қағаздардың бәрін жақсы үлгі, жатық тілмен қазақша аударып баспаханаға көп етіп бастырып ұлыстарға, милицияларға, билерге, тергеушілерге тарату керек. Қазақ тілін жүзеге шығаруға нұсқаушы болған азаматтар өзін үлкен жауапты жұмыстың ауыр бейнетінің кірісі деп білуі керек. Басқа рахатын шетке лақтырып, ең әуелі өзі барлық кеңсенің ісімен танысып тілін үйреніп, құралдарын алуы керек. Сол құралымен уездік, ұлыстық кеңселерді түзетіп үлгі беруі керек. Жабайылықты, бұйығылықты тастау керек. Езілген, тепкіленген, қорлық көрген, жабы болған, қайраты сынған, қам көңіл болып жүдеген, қазақ азаматтары! Сен бүгін тіріліп отырсың, сенің тілің хукімет тілі болып отыр. Сол хукіметтің толық хұқықты нағыз мүшесі болып отырсың. Сен үлкен тарихи сынның алдында тұрсың. Қазақтың келесі буындарының алдында өздеріңе қара деген таңба қалдырма!

Қазақ тілін жүзеге шығаруды түні бойы түсінде көр, күні бойы ісінде көр! Жасасын Кеңес хукіметі! Жасасын құқықты қазақ тілі!

Мәннан Тұрғанбаев

С.Тәбәріқұлы Алаш арыстары. Қайран, Мәннан. Алматы: «Қағанат», 2002, 129-131 б.

Сезімі барға

Кеңселерде қазақ тілімен іс жүргізу керек деген сөзді көптен бері айтып келеміз. Қазақ еңбекшілеріне берілген құқықтардың орындалуына үлкен себеп қазақ тілінен іс жүргізудің жүзеге шығуында сөз жоқ. Мұны халық ұғынған болды. Үстіміздегі 1924 жылдың басынан бастап Қазақстандағы ыңғай қазақ ісін атқаратын кеңселерде жұмыс қазақша жүрмек. Әм деп те жатыр. Біз газета жүзінде Уездік, губерналық атқару комитеттерден қазақ тілін реттеп жүргізіп жатқаны жәйінде, әмсе есеп беруін сұрадық. Бұл сұрағымызға Зайсанның, Қарқаралы уездік атқару комитеттері ресми түрде жауап берді. Мұны уақытында газетке жазып шығардық. Кереку уезінен, Семей уезінен бір жарым ауылдық атқару комитеттері істеген

жұмыстарынан есеп берді. Оны да газетке жазып шығардық. Семейдің уездік атқару комитетінің атком мүшесінің мақаласына жауап ретінде бастырған мақалада өздерінің қандай шара қолданып отырылғандығы айтылады. Кереку уездік аткомы төрағасының газетіміздің уәкіліне ауызша берген мағлұматында қазақша іс жүргізуге кіріскендігі көрінген. Өскемен, Бұқтырма уездерінің аткомдеріне де қазақ арасында жұмыстың қазақша жүруіне бөгет болып отырған жоқ. Соңғы алып отырған мәліметтеріміздің бәрі де ендігі бөгеттің қызметкер жоқтығынан, ауыл аткомдерің қиқарлығынан болып тұрғанын көрсетеді. Жұмысқа ысылған ескі қызметкерлерден ел ішінде бос жүргені шұқыма сауда істеп жоқты ермек етіп істеп жүргені бар. Оларды қызметке шақырсақ та келетін емес. «Келмейді» мағлұмат алып отырмыз. «Қазақ ішіндегі ауылдық атқару комитеті қазақша жазбайды, хатшыны орыстан алады» деген мағлұматтарды алып отырмыз.

Қорытылып келгенде істің қазақша жүруіне еңбекші қазақ елінің құқы жүзеге шығуына қазақтың өзінен шыққан арамбездері бөгет болатын көрінеді. Олар кімдер: анау көрсетілген қызмет қашқындары, анау көрсетілген ауыл аткомдарының төрағалары. Біз бұл сияқты сұмдардың кеселімен қазақ тілінің іске асуы тоқталып қалады деп еш уақытта ойламаймыз. Жалғыз-ақ біраз уақыт көңілсіздік көрсетуімізге ішіміз пысады. Жә, енді бұл сұмырайлар турасында не істеуіміз керек? Әрине, бұл еңбекшіл қазақ елі ол сияқты сұмырайларға сеніп үлкен мақсатқа ұмтылған жоқ. Бейнетқор басшыларына сеніп, қазақ ол сияқты сұмырайларды біліп алып араларынан алыстап шығарып тастаулары керек.

Соңғы тұқымының (ұрпақтың) алдында, тарихтың қара тақтайында жазылулары керек. Міне, сол реттегі жұмысты орындау турасында пайда күзетіп (қуып), қалық қызметінен қашып жүрген қазақ жігіттерін уездік атқару комитеттері тізім жасап газета басқармаларына жіберулері керек.

Сол сияқты қызмет орындамаған, қиқарлық еткен, аутком басқармаларында тізім жасап газет басшыларына жіберілуі керек. Жалғыз-ақ айтатынымыз: бұл сияқты тізім ұшқары жасалмасын. Бәріне айтылып, алдынан өтіп, жауаптары алынып, дәлелге жасалатын болсын.

Қысқасы, қай түрлі қызметте болса да қазақ тілімен іс жүргізуге ашық қарсылығы дәлелмен айқындалған кісілердің (қазақтардың) тізімін басқару орнындағы басшылары ресми түрде газета басқармасына, газетке жіберіп тұру қажет деп табамыз.

Қызметте жүріп ол сияқты қарсылық көрсеткендерге өкімет те жазаламай қалмас. Олай болса да, олардың тарих жүзінде қараланулары керек деп білеміз.

Мәннан Тұрғанбаев

Ұлтшылдық

(«Абай» журналында жарық көрген Мәннанның мақаласы)

Қазіргі үстіміздегі заманда пікір көбейіп, түрлі партиялар туғызып, ол партиялар майданға түсіп жарысып-тыртысып отырғанын көріп отырмыз. Партиялардың барлығының көздеген мақсаты теріс емес, әрқайсысы өзінше жоба жасап, іске кірісіп отыр. Қай партия болсын, «дүниені түзетеміз, шын адамшылық жолы – біздің тұтынған жолымыз» - дейді.

Дүниедегі кісінің тұрмысын жақсы жолға салу туралы бұрынғы ғалымдар көп ойланған, көп қызмет қылған.

Ғайса пайғамдар тумастан төрт ғасыр (ғасыр – жүз жыл) бұрынғы ғалымдардан Платон деген білімді кісінің тұрмысын бір түзу жолға салу туралы ойланып, түрлі ереже шығарған. «Адамның санасы адамдардың ойыншығы болды» - деген еді. Одан бері де Ғайса, Мұхаммед пайғамбарлар да тұрмыс туралы жалпалық жол үйретіп, жөн сілтеген. Біздің пайғамбардың адам баласын бір санайтындығына дәлел қылып, көрсетемін. Құран Кәрімдегі аяттар алғы кісіге арналып, «Палиа алнас!» (Ей, кісі) деп айтылған. Мысалы, «Еренғайып», деп бір қауымға арнап келген емес, Иран, Рома сияқты мәдени халықтардан талай білімділер шығып, жалпы адам баласының қаліне қайғырған, кісінің тұрмысын түзетемін деп зарлаған. Осы жалпының қамын ойлаушыларды «кісішілдер» дейміз. Кісішілдердің қыран жолы, өз жұртының жетіліп, қатарға кіріп, басқа қауымдардың табанына түспеу жағы. Ол адамдар дүниедегі барлық адам баласы үшін қайғырмайды. Өзінің тар ауданды ел-жұрты үшін қайғырады. Міне, мұндай адамдарды «ұлтшылдар» деп атаймыз. Кісішілдердің ұлтшылдарға қарсы айтатыны: «Дүниені ұлтшылдар бүлдіреді: бір ұлтты екінші ұлтқа дұшпан қылып өсіреді. Ұлтшылдар құрыса, дүниедегі жалпы жұрт бір ауыл, бір бауыр болып кетер еді, - дейді. Ұлтшылдар айтады: «ұлтшылдықтың кісішілдікке ереуілдігі жоқ: әр ұлт тегіс мәдениетті болып теңелсе, кісішілдік өзі де өркендейді, ұлтшылдардың мақсаты басқа ұлттарға қастық ету емес, өз ұлтын қатарға қосу. Кісішілдердің өзі де мәдени жұрттан шықпақ. Ұлтшылдық намысын білмеген жұрттан кісішілдік қайдан шықсын!» - дейді. Осы көрсетілген көрсетілген екі пікір елдің бірі, біздің қазақта болса, бұл пікірлер кіре бастаған көрінеді. Адам баласында «өзімшілдік» деген нәрсе бар. Бұл өзімшілдік кісінің табиғатына тәңірінің орнықтырып жаратқан нәрссесі. Кісі өзімшілдіктен құтылаам дегенімен оңай құтылуы мүмкін емес. Әке мен бала суға бастаса, ортасында жалғыз тақтай болса, екеуі су бетінде сол тақтайға таласады.

Теңіз бетінде адасып, азықтары таусылып, аштан өліп бара жатқан адамдар бірін-бірі пісіріп жейді, кісіде өзімшілдік қандай күшті екенін

осы мысалдар көрсетеді. Дұрыс кісі де өзімішдік күшті дедік. Дүниедегі кісінің бәрі алғы өзімішлі болса, бас пайдасынан басқаны ойламаса, бірігіп жұрт болып жасау мүмкін емес қой. Олай болса өзімішдіктен құтқарып, көпшіл қылатын нәрсе болуға тиіс. Ол бар нәрсе тәрбие деп білемін. Тәрбиені ғылымдар мойындаған. Тәрбиенің жалпы ережелері бар: жақыннан алысқа, аздан көпке, оңайдан қиынға, жеңілден ауырға қарай бару керек деген. Сол сияқты кісі ең әуелі баға беріп, өзін сүйсін, онан соң жаны ашып ағайын-туғанына күйсін. Онан кейін ел-жұртын сүйсін. Ел үшін құрбан болсын, жанын қисын. Сонан соң бар адамды бауыр тұтып, пайдасы көпке тисін. Міне, әуелі өзін, онан кейін жақынын, онан Отанын, онан кейін бар адам баласын сүю боп табылу керек. Жақыннан, ұлтын сүймеген адам салғаннан барлық адамды жақсы көреді дегенге сенбеймін. Енді осы айтылған сөздеріміздің жобасын ұстап Қазақ жұртына келейік. Қазақ жұрты бұл күнге шейін көпшілікке үйренбеген жұрт. Бұрынғы заманда ел қамын жеген ерлер көп шығып, көпшілік мінездері болса да, Россияға қарағаннан кейін ол мінезден айырылды. Қазақ баласын оқытқанда, біліп шықса мал тауып береді, төре болып, беделімді күшейтіп, биік болады, дұшпанымызды мұқатып кек алып береді деген ойда болады. Білім алып көпке пайдасы тисін деген ой хабарында болмайды. Жақындарына мінерге көлік, сауарға сауын берсе, өзіне қоғам, күш қылу үшін береді, көмегі тиген адамын біржолата иемденіп алады. Не күшінен, не сөзінен, не еңбегінен пайда тимейтін кісіге (бірдемені көздемей) қайырылысқан қазақ болмайды. Газет, журнал ал, серіктікке жазыл десең әуелі өзіңнен тиетін пайдасы бар ма? – деп сұрайды. Жан пайдасын, көпшілік пайдасын ұғындырсаң, жұрт жұмылса көреміз. Я жазылған теріс емес, бәрі де жазылсын, пәленше неге алмайсың. Біз пәлендерден естіріміз. Бір маған деп арналған нәрсе емес шығар деп аяқсыз қалдырады. Мұқтаждарға жәрдем, игілік жұмыс деген нәрселерге жүре қарайды. Шариятқа мойындаймыз десе де, бұл күнге шейін шариятты таңдап неке, талақ, сират, зекет сияқтыларды орнына келтіріп отырған жері жоқ. Жаумен алыстан күн туса, неше есе көп болып, жеңулерін анық біліп тұрса да, қолға түскендерін құтқармақ түгіл, тастай қашып, өздері жан сауға қылып тозып кетеді, осы айтылғандардың бәрі қазақтың бас пайдасын көп пайдасы үшін құрбан қылмайтындығын, ұлтын анық сүймейтіндігін, сүйсе де жанын қимайтындығын, көп көгерсін демейтіндігін көрсетеді.

Қазақ қатарға кіріп жұрт болсын деген кісі тәрбиенің жолынан айрылмасқа керек, әуелі қазаққа өзінің кім екенін, адамшылық құқығын білдіруге, онан соң Отанын танытып, жақсы көргізуге, сонан соң дүниедегі барлық адам баласы бауыр екенін білдіріп, көпшіл адамды сүйгіш қылуға тырысу керек. Ұлтшылдық кісішілдікті айыра білмеген,

бас пайдасынан иіп іске асырмаған, мәдениеттен жырақ жатқан қазақ секілді жұртты салғаннан көпшіл қылам демей, әуелі ұлтшыл қылу керек. Қысқасы: ұлтшылдардың мақсаты әрбір ұлттарға мәдениет кіргізіп, бақыт таңының атауына себепші болмақ. Мәдениет күшейген соң өздері-ақ кісішілдік пікірін тауып алады. Ұлтшылдар әр жұртты шиеленістіріп, қырылыстыру, өз ұлты үшін басқаларды құрбан қылу деген ойдан жырақ.

Ұлтшылдар іс жүзінде кісішілдердің пікіріне қарсы келмейді, тұтынған жолдарын жұртты кісішілдікке басқыштап жеткізу деп ойлайды. Ұлтшылдар тәрбиенің ережесін көз алдынан кетірмейді. Үйрету секілді ғып қазақ арасына адамшылдық пікірін танытуға ұлтшылдардың ешбір қарсылығы жоқ. Бірақ ұлтшыл болу қата, адамшылыққа ылайық емес, ілгері басқыштағы жұрттардың терең пәлсапасын қазаққа қазір кіргіземін деушілерге қарсы болады. Жас балаға дүниедегі ләззат: нәрселердің бәрін дайындап, жасап қойған дастарханнан пайда жоқ. Ең пайдалы нәрсе – анасының сүті.

Мәннан Тұрғанбаев

С.Тәбаріқұлы Алаш арыстары. Қайран, Мәннан. Алматы: «Қағанат», 2002, 56-59 б.

Ана тілі

Мектепте оқылатын пәндердің біріне бірдей керекті бәрін қауысырып, орын алатын пән ана тілі екендігіне дау жоқ. Ана тілін жақсы меңгеріп алмай, өзге пәндерге түсіну мүмкін емес. Ана тілі – халық болып жасағаннан бергі жан дүниесінің айнасы; һаман өсіп, өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі. Жүректің терең сырларын басынан кешірген дәуірлерін, дүниеге көзқарасын, нанымын – айманын, қайғысын, қуанышын, қысқасы жанының барлық толқындарын тұқымынан тұқымға жеткізіп, сақтап отыратын қазынасы – сол халықтың тілі.

Ана тілін меңгеру – сөздерді жаттау, олардың жүйесін, өзгеру заңдарын білу ғана емес, тіл үйренумен бірге бала тілдің сансыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін, ойлау жүйесін, ой фәлсәфәсін де меңгереді.

Бала оқытуды тілден бастайды. Бастауыш мектептің көбінесе, айналдыратын оқуы – тілдің мүшелерін нық білдіріп, баланың тілін байыту. Орта дәрежелі мектепте үнемі тілді жаттықтыру, дағдыландыру керек. Әр сабақ, әр пән бір жағынан өзіне хас мақсұтын көздесе, екінші жағынан тіл түзетуге, тіл сабағының міндетін атқаруға тырысу керек. Бала сөйлегенде, жазғанда, тілді дұрыс қолдандыруға – әр оқытушының, әр мектептің міндеті. Осы соңғы пікір туралы бұл кезде хатта мынадай мәселе қозғалып отыр. Баланы тілге жаттықтырудың мағынасы: баланы

сөйлеуге, басқалардың сөзін ұғуға, өз бетімен жазуға, оқуға төселдіру. Бірақ бұл мағынасыз әдеттендіру, құрғақ төселдіру емес, тілге жаттығумен бірге адам ойлауға да жаттығады. Сөз, сөйлем, әңгіме дегенміз – жазуша, не ауызша кісінің өзі айтқан ойы, не басқалардың сөзі арқылы жасайтын ақылымыздағы жасырын ой. Сөз бен ой бірінен-бірі айырылмайтын қайнаса біткен нәрсе. Сөз – ойдың айнасы. Ойсыз сөз – сөз болмайды. Ой жетілу мен тіл жетілу қатар жүреді. Тілді ойдан бөлек жетілту мүмкін емес. Олай болса, тілді жеке пән ретінде оқыту дұрыс емес. Дұрыс еместігі мынадан тағы байқалады.

Мұғалім тіл сабағында сөйлеуге, жазуға, оқуға, қысқасы, әңгімеге жаттықтырады екен. Ал басқа пәндерді оқытқанда не істемек? Физиканы, жағрафияны, тарихты оқыту дегеніміз осы пәндердің құбылысы туралы әңгіме ету емес пе? Ендеше, тілге төселдіру ғой. Есеп үйрету – сан туралы ойлау ғана емес, есеппен айтылған ойды ұғу, ұққанын айта білу ғой. Теренірек қарасак, әр пәннің ісі баланың ойын қозғау, ойлағанын ауызша, иә жазумен сыртқа шығару. Олай болса, тілсіз оқылатын, ұғылатын пән жоқ екені анық.

Біреудің ойын ұқпай, өз ойын айта білмей, ешбір білім табу мүмкін емес. Бұл даусыз. Ендеше, ойға төселмеген жас баланың тіл ережелерін дағдыландыру, машықтандыру жұмыстарын ұғуы да қиын.

Тіл оқытушы мұғалім өз міндеті тілге машықтандыру деп ұғады, тіл үйретуге керекті ойдың әр тарауын қозғайтын мағлұматтар іздеумен оның жұмысы жоқ. Жаратылыс пәнін оқытушы мұғалім міндетін балаға білім беру деп ойлайды, тілге төселдіру оның жұмысы емес. Мұнан шығатын нәтиже: тілге жаттығатын бар мағлұмат тіл оқытуында болмайды. Жаратылыс оқушы, мағлұматтары көп болса да, ұқтыра алмайды, үйткені тілге төселдіре алмайды. Сөйтіп, екеуі де көздеген мақсатына жете алмайды. Тілді өзге пәннен бөлек оқыту баланың тілін де, білімін де жетілдіре алмайтындығын сезіп, бұрынғы мектептер басқа пәндерді көбейтуге тырысқан. Ондай шаражүкті бұрынғыдан да ауырлатқаннан басқа түк пайда берген жоқ.

Бұдан шығатын қорытынды мынау: білім тану жолы мен тіл үйрену жолын айыру дұрыс емес. Сондықтан ана тілін өз алдына пән ретінде оқыту ақыға да, табиғатқа да жанаспайды. Жоғарғы айтылғандардан қорытып, іс жүзінде қолдануға мынаны ұсынамыз:

1. Басқа пәндерден тіл оқыту айырым болмасын, қайта өзге пәндер тіл үйренуге керек етсін.

2. Жан дүниесінде тіл үйрену басты жұмыс емес, жанама жұмыс болғандықтан, бала әуелі тәжірибеге талпынып, нәрсемен танысып, сонан кейін сол нәрсе туралы сөйлесін, тыңдасын, жазсын, оқысын, тілге үйренсін.

3. Баланы тілдің әр түріне машықтандырғанда белгілі жүйе қолданылсын. Жазу, оқу тыңдаудан, сөйлеуден соң келеді. Сондықтан әуелі баланың көрген-білгені туралы әңгіме құрып, сонан кейін оқуға, жазуға үйретілсін.

4. Бала әуелі өз бетімен сөйлеуге, жазуға төселіп, сонан кейін үлгілі сөздерге еліктеуге мүмкіндік берілсін.

5. Әңгіме үшін берілетін мағлұмат кітаптағы даяр заттар бола бермей, баланың тәжірибесінен, көрген-білгенінен алынсын. Кітаптан өмірге емес, өмірден кітапқа қарай жылжысын.

Жүсіпбек Аймауытов

Жүсіпбек Аймауытов. Бес том. шығ. жин. Құраст.: Д.Қамзабекұлы., С.Аққұлұлы., Г.Ахметова., Б.Байғалиев., А.Асан. Алматы: «Ғылым», 1998, 4 том, 306-307 б.

Ана тілін қалай оқыту керек?

Бүгінде Америка әдісі, жиынды (комплекті) әдісі, тәжірибелі (лабораториялы) әдісі, құлшынды-белсенді (активнодвигательный) әдісі... тағы сондайлар майданға шығып, сөз болып жатыр. Бәрінікі – білім берудің төте жолын табу. Бізде көп әдістер түгіл жөнді бір де әдіс жоқ деуге болады. Елдегі шала мұғалімдерде қандай әдіс бар? Айтыңызшы! Рас, тіпті жұрдай емеспіз: “Әліпте жоқ, би астында бір ноқат” та өз әлінше әдіс боп келді. Ел мұғалімдерінің бала оқыту әдісі де соның ағайыны емей не дейсіз?

Тап осы қалыпта басқалардың қолданып жатқан көп әдісінің бірін ала қоюға ыңғайымыз келетін емес. Оқытушымыз, аспабымыз – бәрі шалағай. Және көп әдістер біз түгіл өзге өнерлі елде де жүйеленіп жетпей жатыр. Дегенмен, “көрің қадырға” жабыса беруден мән шықпайды. Қолдан келетін, пайдалысын біз де сығалап, шымқылап ала беруіміз керек.

Бұл мақалада “мынау пәлен әдіс” деп қолақпандай қып, қолға ұстата қоярлық пәлендей тартуымыз жоқ, орыстың түрлі әдістерін қарастырып, одан, бұдан құрастырып, әзірше ойымызға келген, тәжірибе етіп, қолданып жүрген қойыртпақ әдіс сымақтарымызды біз де айтқалы келеміз. Қарап отырғанмен, бүркей бергенмен бола ма? Журналға ықшамдалған мақалада қарқ қылуға да әуелі тіл оқытудың өзін былайша жіктеп алсаң, қалай болар екен:

- 1) жазу-сызу (емле) үйрету;
- 2) сөйлеуге, шығарма жаздыруға төселдіру;
- 3) тіл бақылау (грамматика);
- 4) әдебиет жайынан кеңес құру;

Бұл мақалада бастапқы екеуі туралы сөз қылармыз. Сөйтпесек, орын жететін емес. Тегінде әдіс туралы көп жазу керек қой. Бұлардың әрбіріне

бір мақала жазылса да, аздық қылады. Біздікі қысқаша, үстіртін әңгіме болар. Мұның ең қиыны – жазу (емле) үйрету болуға тиіс.

Бұған шейін жазу дыбыс әдісімен үйретіліп келді. Дыбыс әдісінің кемшіліктері көп. Дыбыстарды бір айыртып, одан әр дыбысқа таңба (қаріп) салып, ол таңбаларды түрлі түрде құрастыру жас балаға зор машақат екенін оқытушы білсе керек. Біздің таңбаларымыз қайбір тиянақты? Біресе есіктің тұтқасындай сораып тұрса, біресе шұнтитып, мықырайып қалады. Оның үстіне тап-таза естілетін дыбыс болған ба? Өте-мөте даусыздар. “Бигесекінді” (б) жеке күйінде айтып беріңізші! Сөз жоқ, басында “н” дыбыс шыға келсін. Басында есіртпеймін десең, аяғынан солаң етсін. Ол ол ма? Дыбыстардың жеке күйінде естілуі мен сөз ішінде естілуі тағы қайта келіп қалады. Мұның тағы бір жаман жері сол: салғаннан өлі дыбыс, өлі қаріп үйретеміз. Бұл психология заңына келмейді. Психологияның айтуынша, ұғым алу жолы былай: адам әуелі нәрсені бақыламақ. Бақылаған нәрсенің суреті (пернесі) мида қалмақ, ол пернеге ат қойылмақ, сөз тумас. Дыбыс әдісімен оқытқанда, нәрсе бақылмайды, перне қалмайды, сөз де болмайды, шуу дегеннен дыбыстың таңбасы деген “бірдеме” үйретіледі. Тағы да талай кемшіліктері бар. Әрпіміз, әліппеміз ыңғайына қарай, хат танытуға дыбыс әдісін қолданып жүрміз. Әйтпесе, қолға түспейтін төте әдіс бұл ғана емес.

Енді Америка әдісін қолдану керек деген әңгіме көтеріліп келеді. Бұл әдістің қандай екені туралы сөз көбейтудің керегі жоқ. Үйткені, оған лайықталып жазылған бізде әліп-би жоқ. Жаңа шығатын Ақаңның әліп-биі кітабында осы әдіспен оқыту жолы да көрсетілсе керек. Сол шыққан соң, бұл мәселе қозғала жатар.

Сонда да емле үйрету жайынан бір-екі сөз айта кетейік.

Бір нәрсе туралы адамның саңылау мүшелері неғұрлым жапатармағай қызмет етсе, соғұрлым ол нәрсені тезірек, нығырақ меңгеріп алмақ. Білімнің қиқымы бейне бір суда жүзген жеміс: бес бармақты батырып, шеңгелдемесең, уысыңа түк ілінбейді, іліксе де, аз келеді. Ендеше, білім алуға қармақты тұс-тұсынан салу керек. Ол қармақтар – саңылау мүшелеріміз (көз, құлақ, тіл, мұрын, қол дене). Балаға сөйлеңіз (тындасын!), жазыңыз (көрсін!) айтқызыңыз (тілімен қызмет етсін!), жаздырыңыз (қолымен, денесімен істесін!). Міне, тұс-тұсынан қармақ салған деп осыны айтады. Мүшелері жегілсе, оқушы тез меңгеріп, тоқып алады. Сабақ сайын оқушының есінде болатын бір мықты әдісі осы болу керек.

Танық нәрселердің атын жаздырмай тұрып, өзін, әйтпесе тұрпатын, суретін, үлгісін, жоспарын көрсету керек. Мұның бірі де мүмкін емес екен, ауызша ұқсас нәрсемен салыстырып оқыту керек. Сонда барып миына перне қонады, сонда барып перненің аты көкейінде қалады.

Бұрын емле үйретуге жатқа жаздыру сән боп жүрген. Жаңа хат танып келе жатқан адамға хатқа жаздырудан да кітаптан не тақтайдан карап жазған пайдалырақ. Үйткені, саңылау мүшелеріміздің ішіндегі ең шалымдысы көз болады. Ескі молдалар араб сөздерін қатасыз жазуды кітап көшірумен білетін. Көз деген - жақсы айна. Көркем жазуға да жол беру керек емес. Оны көркем жазуды көшіріп жүріп үйренгені жақсы. Хат жазу соңғы кездерде емле тексеру үшін ғана керегі болар. Онда да көп бола бермесін! Жазу үйрету туралы айтатынымыз осы-ақ. Енді сөзге төселдіру жайынан.

Сөзге төселдіру ә дегеннен басталу керек. Бісімілдесі – сұрау, жауап. Дұрыс қойылған сұрау дұрыс жауап алу керек. Дұрыс жауап бере алмаса, әуелі жолдастары, одан қалса, оқытушы түзетіп отырсын. Оқытушының түзетуі берілген жауаптың мәнісін түзету болмасын, сөйлемнің кырыс, қисынын түзету болсын, тілі жетпей тұрған жерін жөндесін.

Қазақ баласының бір әдеті: «бәлен етіп, сонымен кетіп, содан сүйгіп...» деген тәрізді нүктесіз шұбата береді. Сөйлегенде де, жазғанда да қысқа сөйлеуге уағдалана беру керек. Ұзын әңгімені аз сөзбен қысқартып айтқызу – сөзге төселдірудің бір керекті жері. Бала түгіл, әлеумет қызметкері боп жүрген кейбір азаматтардың топтарда орыс сөзін қазақшаға аударғанын тындасаң, олақтығы көрініп тұрады: қысқаша мазмұнын өз ойымен айтып бере алмайды, сөйлеушінің сүрлеуімен түгел айтып шығам деп әуре болады. Кетеусіз, татымсыз көпсөзділікке тұрмыс үйретеді ғой. Одан пайда да бар шығар, әйтсе де, зияны басым болар. Түбінде көпсөзді адам берекесіз келеді. Аз, дәмді, тиімді сөздің қадірін қазақ та білген ғой, білмесе, «ердің құнын екі ауыз сөзбен кеспей» деп, мақтамас еді. Қазақ баласы бұлдыратып, түссіз қылып сөйлейді: ақтан тигізіп, тапбасар сөйлейтін адам кем болады; көбінесе құба жондатып, тайғалақтатып, бетін қырпып, жалпы сарынға салып отырғаны. Сотта жауап берген кейбір қазақ бұлтақтатып, құйрығын ұстатпай қояды; жауабын олай да, бұлай да ұғынуға болады. Қызылдар, ақтар елге кезек келіп, ығыр болған кезде қай келгені қыр қазағынан: «Қызылды жақсы көресің бе? Ақты жақсы көресің бе?» деп сұрайды білем, сұрап тұрғаны ағы екенін, қызылы екенін қайдан білсін. Жауабы қайшы келіп қалса, өлгені ғой. Сонда қажекең тұрып: «Сізді жақсы көреміз. Сізді жақсы көреміз» деп құтылады екен. Әрине, мұндай тапқыштықта пайда да бар. Бұл – мақтарлық нәрсе. Ал үнемі бұлдырата беру ойды дұрыс шығармайды. Ой дұрыс болмаса, білім табылмайды. Оқытушы осы жағын баса аңду керек.

Мектепте қысқа әңгімелер қалай оқытылу керек? Салған жерден кітаптан оқыта бастамай, алдын ала сол әңгімеге балаларды даярлап алған жөн. Балалардың көргені, естігені жайынан сұрап, сурет көрсетіп,

әлдебір оқылған, сөйленген нәрседен, не өмірден алып, әйтеуір оқылатын әңгімеге балаларды төндіріп, ынталандырып алу керек. Содан кейін оқылса, әңгімені балалар құлшынып тыңдайды. Алдымен жақсы оқитын балаға, сонан соң төмендеуіне оқытылсын. Әңгіме қандай әсер берді екен, тыңдаушылар ойлансын. Ұғымсыз, жат сөздер түсіндірілсін. Суретті, көркем сөздері тапқызылсын, мазмұны қысқаша қайта айтқызылсын. Әңгіме бөлшектеліңсін. Бөлімдерінен сурет туғызылсын. (Онай сурет болса, балалардың қолынан келсе, тақтайға салғызылсын; қиын болса, ауызша суреттелсін. Болмаса, үйде салып келуге берілсін). Сұраулар қойылып, балалармен кеңесілсін. Әр бөлімдерін тақырыптатып қарасын. Әңгімедегі қаһармандар атынан сөйлетілсін. Әңгімеден баланың есіне не түсті екен, айтқызылсын. Қорытынды шығартылсын.

Оқылатын әңгіме қандай болу керек? Оны таңдау үшін, оқыту әдісін ескеру үшін мұғалім мынадай сұрауларды өзіне қойып алса, дұрыс болар еді: 1) осы әңгіме мектеп мүддесіне, баланың біліміне лайықты ма? 2) бұл сабақтың мақсаты не? Мөлшерлі уақытта сол мақсатқа жете алам ба? 3) қандай әдіс қолданамын: а) әңгімеде шәкірттерге не таныс, не танық? б) әңгімеге даярлау үшін, алдын ала қандай тұрғыдан қозғау керек? п) әңгіменің басқы пікірі қайсы? Жанамай пікірі қайсы? т) қиын сөздері, сөйлемдері: өзгеше жерлері қандай? ж) балалармен қай түрде кеңесемін? д) бұл әңгімеден дағдыландыруға (жаздыруға) қандай жұмыс, мәселе туғызуға болар еді? е) оқытқанда дауысты қай жерінде, қалай құбылту керек?.. Бұл сұраулар тек мысал үшін. Шалымды оқытушы әңгіменің түріне қарай, әдісін өзі таңдамақ.

Алғашқы кезде қысқаша көркем әңгіме, ертегі, мысал, өлеңнен бастап, жүре-бара маңызы да, көлемі де ұлғайып, әдебиеттің түрлі тарауларына жасалған жөн. Бас-аяғы жоқ ұзын әңгіменің бір қиқымын оқыту керек емес, аз да болса, бір нәрсе туралы толық айтылған, тұтас нәрсе оқытылу керек (ұзын романдардың әлдебір тақырыпқа жазылған лайықты жерлерін алуға, әрине, болады). Әуелі әліптеу (описание), содан кейін баяндау (повествование) түріндегі әңгімелер аралас алынған жөн. Әңгімелер, өлеңдер үлгілі әдебиеттен не балаларға арнаулы кітаптардан алыну керек. Өмірді әр жағынан суреттей алмаған, мақсаты, өнегесі сыңаржақ, анық көрініп тұрған, әйтпесе ерсі сөздер балаға оқытылмау керек. Тұрмыстың жаратқыштық жағын суреттеген, көңілді ашқандай, ойда түрткендей пернелі, үлгілі, сырлы сөздер оқылу керек.

Түріне қарай, әңгімелердің оқыту жолдары да өзгеше болады. Газет хабарлары сықылды қара сөзбен толғаулы өлеңдердің оқытуы бір емес. Ертегі, әуезелердің пернелі, кестелі сөздерін тастап, баланың өз сөзімен қайта айтқызуға болмайды. Олардың маңызы қиялға әсер беріп, шарықтатуында толғаулы, суретті, сәнді сөздерді, өлең-жырларды

өз сөзімен мылжаллау жарамайды: олардың маңызы сезімге әсер беріп, көңілді ұйытқытуында.

Өмірді дәл суреттеген, қаһармандарын толық мінездеген аса бір жақсылары болмаса, Крыловтың мысалдарын көп оқыта беруден де пайда аз, үйткені, тегінде ондай мысалдарда терең мән болмайды; күндегі өмірдің тәжірибесі қасқырды, түлкіні, аюды, бұлбұлды, есекті мінездеген мысалдарын алуға болады.

Баланы күн бұрын даярлап алған соң, толғаулы, көркем өлеңдерді, сөздерді әуелі оқытушы өзі оқып берсе, балаға әсері күшті болады. Толғаулы, ырғақты сөздер күй емес пе?! Күйді күйші тартса, құйма құлаққа сый емес пе? Күйге қарай көңіл күйі билемес пе? Жақсы оқылған, толғаулы сөз балаға әсер бере алмаса, мұратына жетпегені. Алғашқы алған әсер күшті болады. Ендеше күйлі сөзді көп оқып, жасытпаған жөн, 3-4 қайтара оқылса, жетеді. Қара сөзге қолданатын әдісті ақын сөзіне келгенде тастау керек. Мұнда назар ақынның пернесі, суретті сезімі жағына аударылу керек. Түсіндірем деп, ақынның тілін созғыласа, әсер бұзылады; түсіндіру әсерді әлсіретуге емес, күшейтуге жұмсалсын.

Көркем әдебиеттен оқытқаннан кейін, балаларға, мәселен, мынадай сұраулар қойылса, жарайды:

- 1) Әңгіменің қаһарманы кімдер?
- 2) Заманы, орны, уақыты, жағдайы нендей?
- 3) Басында, ортасында, аяғында айтылмай кеткен, жетпей тұрған сөздер жоқ па?
- 4) Шығарманың өте маңызды жерлері қайсылар?
- 5) Қандай сөздер, жолдар, сөйлемдер өте сұлу, жат, күшті келген?
- 6) Қандай сурет салуға, қай-қайсын айттыруға болар еді?
- 7) Қай жері күйге келтіріп оқуға, қай жері сымбатқа түсіруге қолайлы?
- 8) Қай жерлері өте қуаныш, мұң, қауып-қатер, қайғы, шаттық сезім туғызады?

Дауысты құбылтып, мұғалім оқи бастаса, мұның бәріне оқушы жауап бермей қоя ма?

Енді шығарма жазу туралы азырақ сөз.

Шығарма жазу – сөйлей білгеннің белгісі. Бірақ сөзшендік пен жазымпаздық бір емес. Әрқайсысына өзгеше зеректік, өзгеше дағды, еңбек керек.

Шығарманың материалын (дерегін) қайдан болса, содан алуға болады. Көбінесе шығарманы оқылған әңгімеден туғызу керек. Не әңгіменің өзі қайта жазылсын, болмаса әңгіме арқылы баланың есіне түскен нәрсе айтқызылып, содан кейін жазуға берілсін. Әрине, оны бір сабақта, бір сағатта істеп бітіруге болмайды; көлеміне қарай уақыт шамалану керек. Белгілі тақырыпқа, белгілі планмен жазу алғашқы кезде қиын

тиеді. Сондықтан әуелде плансыз жаздырып жүріп, бара-бара планды тәжірибе арқылы өздері тапқандай болса, тым жақсы. Тақырып көп жазу тілемейтін дәл, ықшам болу керек. Жылдың мезгілдері, өмірбаяны, көрген-білгені деген сықылды кең өрісті тақырыптардан қашу керек. Тақырыпқа жазып, төселуге класқа сурет әкеліп, іліп қойып, әліптеткен жақсы. Қазақ баласына класты, орындықты, шкафты суреттету сықылды өмірге керексіз жұмыстар берілмеген жөн, одан да «әке, шеше, туғаным не істеп жүр екен?» деген тәрізді ойландыратын, сезімін, қиялын ұстартатын нәрсені жаздырған артық. Бұл тәрбие жағынан да татымды. Оқушылардың бір бүйрегiнен ауылы, елі кетпегені жарайды. Бұған талай жерде оралып соғып отыру керек. «Өзі болып, төркінін танымай кететін» жаман қылықтар алды-артына қарап, ойланбағандықтан, өзіне есеп бермегендіктен туады. Неғұрлым шығарманың тақырыбы күндегі өмірден, әсіресе, еңбектен, істен, балаға пайдалы, зиянды, жұғысы бар нәрселерден алынса, соғұрлым бала жұмысына ынталы болмақ, ендеше, жемісті де болмақ.

Үй ішіне, жолдасына, танысына сәлем хат жазғызып үйрету де пайдалы нәрсе. Дардай жігіттердің хат жаза білмейтіндері көп болатын көрінеді (Әсіресе әскерлік мектепте).

Газет хабарларын оқытып, тақырыптатып, тілін, сөз құрылысын бақылату, ол хабарлар туралы кеңесу, мәселеге пікірлерін айтқызу, өздеріне көрген-білген елдегі жұмыстарды хабар қылып жаздыру, жақсысын басқармаға жіберіп тұру – міне, өмірге керекті, пайдалы тақырыптар. Газеттің белгілі бөлімдерін әр балаға не бірнеше балаға оқып отыруға тапсырса, бір-екі жеті өткенде сол бөлім туралы баяндамалар жасап, өздері жоба ұсынса, мұның бәрі жұртшылыққа, азаматтыққа аяқ басқанның нышаны болар еді. Газет оқуға қызықса, сөз жаза бастаса, әлеумет жұмысына араласқаны деп біл.

Оқылған, естілген әңгіменің мазмұнын қайта жаздырғаннан да бастан кешірген оқиганы, көрген-білгенін, өз пікірін жаздырған артық, бастапқыда сөз құрастыру жағына көбірек назар салса, соңғыда қиял, сезім, шығарғыштық қуаттары да қызмет етеді. Өз бетімен істеп шығарған қандай рақат! Өз күшіне сенімі артып, бір жасап қалады.

Шығарма жазылды. Оны қалай түзету керек? Өз қатесін жазушы өзі түзетуге кіріспесе, ондай шығармадан пайда да шамалы. Бұрынғы оқытушылар шәкірттің дәптерін қарағанда қызыл сиямен сызып-сызып, «жаман, жақсы» деп қоя салатын, болмаса, «пәлен жерін қайта көшір! Өне жері анадай боп кетіпті...» деп бірдеме жазып қоятын. Шәкірт «жаман, жақсы» дегенін көрсе болғаны, жаман болса, тыға салатын, жақсы болса, жайып салып, жолдастарына көрсететін. Ол жолмен шығарма түзету керек емес. Әсіресе, алғашқы кезде, жеке баланың жазғанына көптеп, бар

класс түзету керек. Бәрін бірдей класта түзетіп шығаруға уақыт жетпейді екен, бұған мынадай шара істеу керек: үлгі кылуға жақсы, жаман, орташа жазылған үш шығарманы алып, соларды көптің талқысына салып, мінетін түзету керек. Ол – бір. Екінші – шығарманың бәрін түгел оқып шығамын демей, ең оғаш жерлерін алып, тақтайға жазғызып, балаларға түзеттіру керек. Бірталай шығармаларды солай өткізуге болады. Тақтайға жаздырып түзеткеннің пайдасы: көз қанады, ал енді шығармаға төселген кезде оқытушы түзетіп әкеліп, оғаш жерлерін, тәуір жерлерін көрсетіп, қайырса да жарайды.

Олақ оқытушы бар баланың, жазғанын бір қалыпқа сыйғызып шығарам деп әуре болады. Әлгі «бірдеме» зорлық деген осы болады. Етікші, ерші ұста біткеннің қолы бір ме? Әркімнің өз ойы, өз оңтайы болады. Баланың ой желісі, өз оңтайы болады. Баланың ой желісін, өз оңтайын бұзып керек емес. Тек өз сарынымен келмей, үйлеспей тұрған сөздерін дұрыс құрастырып, не демек болғанын табу керек. Тамыршылық осында.

Жүсіпбек Аймауытов

Қайта оралған қаламгер (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, жазушы Жүсіпбек Аймауытұлына арналады). Құраст.: В.Қ.Күзембаева. Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2003, 95-100 б.

Ұлтты сүю

Ұлтты сүю әртүрлі. Қазақтың аты орыстың атынан озса, балуанын балуаны жықса, шешенін шешені сөзден тоқтатса, мардымсып, бар қазақ сүйсініп қалады. Қазақ жеңілсе, орыс та дардияды. Ноғай мен қазақ, сарт пен ноғай егессін, олар да солай. Бұл – әр жұрттың қанына біткен өзімшілдік. Тұрған жерін, өскен елін, өз тұқымын басқадан артық болса екен деген құрғақ тілек, құрғақ сезім ең төменгі дәрежедегі надан адамда да бар. Бұл қасиетті сезім емес; жерін, үйірін сағыну, жеріне тарту хайуанда да бар. Үйренген, тамақ жеген жерін жақсы көру – табиғаттың еріксіз каноны. Ұлт сүюдің ең төменгі дәрежесі осы.

Ақылы, сезімі ұстарған қазіргі мәдениеттің түрінде жүрген адам баласын алсақ, әр ұлт өзінің өскенін, өзінің көркейгенін, жетілгенін, өзінің қожалығын көкsep, жанын салып, қанын судай ағызып, дүние -мүлкін ортаға салып, алысып жатыр. Бұған қарағанда, адам баласының өз мешелділігі мәдениет өрлеген сайын күшейіп келеді. «Өзіне тілегенді біреуге де тіле», «Адам баласын бауыр тұт» деген көркем тілек далада қалып, тұрмыс күресі, қанішерлік майдандап тұр. Ұлты үшін құрбан болуға шыдағандық – ұлтшылдықтың осы күнде ең берік ережесі.

Зорлық, қиянат, қанішерлік жоғалып, бір заманда адам баласы бірін-бірі маңдайға шертпейтін, жер жүзіне ұжмақ орнайтын шақ бола ма? Жок па? Белгісіз болса, алыс. Өзі көксеу – тәтті қиял; заман көксететін емес. Ендігі мақсат – аяқ астында қалмай, тырбанып тырнақатар ретке кіру, дүниежүзінен жоғалып кетпес қамын қылу.

Ұлтын шын сүйіп, аянбай қызмет қылған азаматы көп жұрт күшті, өнерлі, білімді жұрт болып, күресте тең түсіп, басқаларға өзін елетіп отыр. Ұлты үшін құрмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр. Ұлтшыл жұрттар, әне, Германия, Япония, Англия, Түркиялар, олардың баласы жасынан «ұлтым» деп өседі. Есейген соң бар білімін, күшін өз жұртының күшеюіне жұмсайды. Олардың әр адамы – мемлекеттің керегі, қызметкері.

Көршіміз орысты алайық. Бұлардың қара халқы надан болды. Оқығаны ұлт қамын ойлаған жоқ, қызыққа, шенге дәрежеге салынып, бас пайдасынан өзгені ескерген жоқ. Шенеунігі өзі кожа, өзі төре болып, қара халықты менсінбеді, жан есебінде көрмеді. Кешегі ояздар, жандаралдар, генерал-губернаторлар өз алдына кішкене патша еді. Олардың ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болды, асуға, атуға әмірі жүрді. Қара халқы мен оқығанының арасында жақындық болмады, бірін-бірі жек көрді. Ақсүйек, дворяндар қара халықпен сүйкесуді бойына қорлық, намыс көрді. Екінші жағынан, орыс патшасын құдайдан жаман әспеттеп, көкке көтерді. Именді, қорықты, патшадан күшті әмір иесі бар деп ойлаған жоқ. Патшаны шырғалаған өңкей ақсүйек, шенеуніктер патшаны қара халықтан алыстатпаса, жақындатуға себепші болған жоқ. Қара халық қорлықта, қысымшылдықта жүріп жатты...

Қорлыққа көшіп, тепкіге шыдап жүрген орыстың қара мұжығы үнсіз, тілсіз, көнбіс надан емес. Қылжыр, өзімшіл, зор көкірек надан еді. Патшаның пәрманына, ақсүйектің тізесіне амалсыз көніп, кекетіп-мұқатып, сырттан қоржынып жүруші еді. Мұжықтың мұндай болған себебі – орыстың жоғарғы табынан шыққан талай атақты, білімді жазушылары мұжықты мадақтап, кітаптар жазып, көтеріп, өзімшіл қылып, тәңірсітіп жіберіп еді. Міне, осы халда жүрген орыстың бір тәңірісі Николай жоқ болып еді – не болды?

Тәңірсінген, өзін-өзі зор тұтқан қожа болып, мемлекеттің астын үстіне келтірді. Неше түрлі бассыздық, қылып Россияның күл-талқанын шығарды.

Жоғарғы айтылғаннан шығатын қорытынды мынау: орыстың ақсүйегі, оқығаны ұлт қамын ойлап, халыққа жаны ашып, қызмет қылған жоқ: «дәреже» қуып кетті. Тәңірімсінген қара халық жүгенсіз надан болып қалды. Қысқасы, орыс ұлтшыл жұрт еместігін, таптан тапқа, партиядан партияға бөлінген берекесіздігін көрсетті. Мұнан былай маңдайына тас

тиіп барып түзелмесе, бұ қалыпта үлгі аларлық, жіктерлік еш нәрсесі қалған жоқ.

Енді қазаққа келейін. Біз жұрт болуды жаңа ойланып, жаңа қамдандық, қазақ әлі ақсүйек, қарасүйекке, оқыған, оқымағанға бөлініп, арасына жік түскен жоқ. Бірақ жуан ата, жіңішке ата болып, жуанның жіңішкеге көрсететін зорлығы, қиянаты бар. Жақсы тәртіп, әділ билік орнаса, жуан мен жіңішкенің айырмасы жоғалып кетуі мүмкін. Басшы түзу болса, басшыдан бас тартып, ауа жайылатын халық аз, қазан бұзар, ар соққан біреулер болмаса. Қазақты тура жолға бастайтыны да, адастыратыны да - оқығаны. Оқығанын қазақ сыйлайды, соңынан ереді. Кәдірлейді. Сенеді. Білімді, ақылды, жақсылықты, үлгілі, тәртіпті, ақиқатты, әділдікті, қызметті оқығандарынан күтеді. Оқыған – қара халықтың шырағы (идеалы), бұқарасы сонша кәдірлегенін оқығандар білу керек. Халыққа қызмет қыла білмеген, үлгі, шырақ болуға жарамаған оқыған халықтың ықыласын қайырады, көңілін шығарады. Халықты өзінен алыстатады, өсек арқалайды, пайдасы артық тимейді.

Бұқараның әспеттеуіне қарай «бұл уақытта» төрт аяғы бірден түсіп, ұлт үшін жанын салып, сілетсіз, таза қызмет қыларлық шын «шырақ» табыла беруі қиын. Бұл уақыт – қазақтың мәдениетке аяқ басатын, шаруасы, тұрмысы, білігі өзгертін, ғаскер болатын, жалпы ұлт ісіне жол ашатын уақыт. Қазақтың өміріне көрмеген жаңалықтар кіретін уақыт – осы күнгі оқыған қызметкерлер. Қазақтың ескі қалпынан жаңалыққа көшетін – «көшпелі» заманның кісілері. Көшпелі заманның қызметкерлерінің қашанда болсын кемшілігі көп болмақ.

Әркім әртүрлі пікір тұтынып, әртүрлі жоба ұсынып, жаңалықты орнатуға жиһат қылмақ. Бірақ бұл буынның адамның тәжірибесі, тәрбиесі жетілмегендіктен істеген ісінде үстірттік, төселмегендік көп шығып, ойлаған мақсатына жете алмай, ескі өмірдің жауыздығымен алысуымен күні өтеді. Бұлардың істеп кеткен ісінен келесі буын тәжірибе алып, төселіп, анық қызмет қылатын, қызметінің жемісін көретін солар болады. Бұл жүрген буынның адамында кемшілік болатын бірнеше себептерін айтып өтейін.

Адамның өмірдегі ісі – алған тәжірибесінің жемісі. Жанның тәрбиеленетін үш түрлі сыпаты бар: ақыл, сезім, қайрат. Адам жаратылыстан ақылды болып, осы үш сыпаты бірдей тәрбиеленген болса, ол кісі әрі данышпан болады. Ал адам ісінде байыпты, табанды болып, көп ката жібермейді. Егер ақылы шамалы адамның үш жан сыпаты бірдей тәрбиеленген болса, ол адам өзіне-өзі қанағатшыл, өміріне ырза, орташа тығынды кісі болады. Бұл кездегі оқығандардың алған тәрбиесі қандай? Үш түрлі жан сыпаты бірдей жетілген бе? Соны айтпақпын.

Қазіргі оқығандардың тәрбие негізі қазақ ішінде салынған. Қара

қазақтың баласына беретін тағылымы белгілі. «Өтірік айтпа, қиянат қылма, адал бол, ажжүрек бол, өзін үшін оқыма, мен үшін де оқыма, ұлтыңа қызмет кылып, пайда тигізу үшін оқы!» деп үйреткен қазақ некен-саяқ шығар. «Шіркін, бәленшенің баласының қуы-ай! Кісі сыртынан сатып жіберетін», «кісіге ақынды жібермейтін бол, закон біл, ақша тап, даражаға ілін» деген мақсатпен оқытады. Айтса да, айтпаса да, қазақтың бұл ойы белгілі. Осы тәрбиемен өспеген бұл жүрген оқыған да кем шығар; жасынан баланың ақылы, сезімі қулық-сұмдыққа, біреуден артылуға, дәрежеқұмарлыққа үйренеді, бұл – бір.

Орыс шкөлінің тәрбиесі де оқығандарды ұлтшылдық, кішіпейілділік, таза жүректі қызметкерлікке артық әсер бермейді. Орыс балалары ұлт дегенді көп ескермейді, көбі өзіншіл, мақтаншақ, тәкаппар келеді. Олардан жақсы мінез шамалы, ал қызметке кіргелі көргені - Николайдың жадағай шенеуніктері. Олардың көретін рахаты: жақсы киім, жақсы тамақ, тройка арғымақ катаятса, секектеткен «мадмазел» (әйел). Мәжілісі - арақ, қарта, биллиард, салтанат, айбар: «Тақсыр-еке! Господин!», шұлғыған, шоқынған қара жұрт, міні, бұлардан алған тәрбиенің түрі осы сияқты, бұл - екі.

Ұлтымыз бар екенін, еліміз-жұртымыз бар екенін, жұртымыз қатарға кірмей, теңдік жоқ екенін, Николайдың қасқырлары қазақты ішіп-жеп құртып бара жатқанын сезгелі, «Ұлтқа құрмет қылайық» дегелі бес алты-ақ жыл болды. Әрине, бұл оянуға 1905-інші жылғы толқын, тағы әртүрлі түрткілер қамшы болған шығар; көбінесе ес кіргізіп оятуға, ұлтты танытуға себеп болған – «Қазақ» газетасы. Онан бұрын ұлт дегенді кім білген: көбіміз кеше өзгеріс болған күні ұлтымызды тауып алдық. Сондықтан оқығандардың кейбіреулері жан-тәнімен адал қызметімен ұлтына көрсете алмай, пайдасын не дәрежесін сағалап кетуі ғажап емес, себебі, ... – танылмаған сөз орны (Н.Қ.) «ұлтшылдық», «адалдық», «қызмет» деген нәрселер сүйегіне сіңіп өскен...» емес. Сырттан жапсырылған жамау.

Оқығандардың жолдан тайып кетуіне себеп болатын – бар адамның табиғатына біткен жергілікті мінездер. Орын, атақ, дәреже, мұқтаж-дықтың жоқтығы адамды тастырып, көтеріп жібереді. Бұларды кісінің кісісі-ақ көтереді. «Қой көрмеген қуалап өлтіреді» дегендей, бұрын қолына билік тиіп көрмеген жұрт білікті жақсылыққа жұмсай алмай, жаман жаққа жұмсап, адыраңдап, «тағдырың қолымда» деген сияқты пікірге түсіп кетуі де мүмкін, бұны Николайдың шенеуніктерін көз алдыма елестетіп айтамын.

Кейбір оқығандарда қара халықтан бойын аулаққа салғысы келіп, қызыққа, салтанатқа салынғысы келетін салқындық, ірілік мінездердің ұшығы сезіледі. Адам шалдуар нақысының әнімен кетсе, өзін-өзі тергеуге алмаса, жаман мінезінен тыйылып, жақсы жағын тәрбие қылмаса,

бұзылып кетуі оп-оңай. Меніңше, қара халықтан жиренгендік, ірілік – ұлтын сүюге, мұқтажын, сырын білуге жиһат қылмағандық деп білемін. Бұл мінез Николайдың шенеуніктеріне еліктеген болып табылады.

Орыстың білімін алуға, өнерін білуге, жақсы жағын жаттауға еліктеу – дұрыс та, кәпірлігін, мақтаншақтығын, рақымсыз, қызықшыл, қалташыл, антшыл «суық» шенеуніктігіне еліктеу, ақсүйек болуға, салтанат түзеуге, тұрмысын, жүрісін, үй ішін жат түрге салып, қазақтан қашыртуға еліктеу – үлкен мін, кемшілік. Бұ жағынан оқығандар арына төрелетіп, сақ болуы керек. Осындай әдетті күшейтуге себеп болатын күншығыс халқының табиғатында тағы бір мінез бар. Ол: антқұмар, зиннатқұмар, әйелшілдік, адымын алыстатпайтын ұсақтық, қайратсыздық, жалқаулық. Көңілдегісі болмаса, біздің тұқымдар тез табаны қайтып, қажып қалады. Мақсатының жолына құрбан болуға шыдамайды. Бұ да есте болсын.

Ақтығында айтпағым: оқығандар өзін-өзі тәрбие қылу керек. Қара халықтан жиренбей, жақын жүріп, сырласып, мұң-мұқтажымен таныс болып, өзі ұлтын сүюге, халыққа өзін сүйгізуге жиһат қылуы керек. Естеріңізде болсын: қара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын, баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек. Орыс тәрбиесін алған бала ұлт қызметкері бола алмайды. Қазаққа аюдай ақырған шенеунік табылуы оңай; ерінбей-жалықпай, бақырмай, шақырмай іс бітіретін, терісі қалың, көнбіс, табанды қызметкер табылуы қиын. Қазаққа зор кеуде ақсүйектің, ақша жегіш жалтырауық шенеуніктің, сұлу сөзді, құрғақ бектің керегі жоқ; адал күшімен өгіздей өрге сүйрейтін жұмысшы керек. Сол жұмысшы – оқығандар. Бекерге кеткен сағат, босқа өткізген минут – ұлт ісіне зор шығын.

Оқығандар! Бұл уақыт – жан тыныштық іздейтін, қызық қуатын уақыт емес, қызмет қылатын, еңбек сіңіретін уақыт. Ойлаңыздар: халық біз үшін емес, біз халық үшін туғанбыз, олай болса, мойнымызда халықтың зор борышы, ауыр жүгі жатыр.

Жүсіпбек Аймауытов

Қайта оралған қаламгер (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, жазушы Жүсіпбек Аймауытұлына арналады). Құраст.: В.Қ.Күзембаева. Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2003, 87-91 б.

Тіл қалай пайда болған?

Тілдің қайдан шыққаны туралы бұрынғы психология кітаптарында екі түрлі пікір болған. Бір пікір: сөйлеу жоғарыдан берілген сый («Кұдай бізге сөйлесін деп тіл берді») дейді. (Бұл ескі Көрін Қадірдің пікірі). Екінші пікір: адамда келісіп, үйлесіп, сөйлеу сол берекенің нәтижесі

болған дейді. Бұл пікір сөйлеушілерге мынадай сұрау қояр едік: адам ту баста сөйлей білмейтін болса, ана нәрсені олай деп атайық, мына нәрсені былай деп атайық деген сықылды қаулыға қалай келді екен? Қаулы қылу үшін сөйлеу керек қой.

Байқаймыз, тіл біржола туған жоқ сықылды; тіл бірте-бірте өсіп, жетілген, әр жұрттың тілі әртүрлі басқышта тұрған сықылды. Олай болса, тіл біржола, бір күнде, бір жылда туған жоқ, бірте-бірте дамып, өркендеп жетілді. Психологияның мақсаты: тілдің арғы тегін тексеру емес, тілдің өркендеу жолындағы басты-басты дәуірлерін қарап өту. Тіл – ішкі сырды сыртқа шығаратын құрал. Әр заманда тіл ішкі сырды әртүрлі шығаратын болған. Алғашқы кездегі адамның қызметі, көбінесе, жабайы қозғалыс болғанда соқыр сезім билеген еріксіз қозғалыс болса керек. Төңірегіндегі табиғаттың түрлі құбылысына кездесе, қорықса, қуанса, таңданса, бір жері ауырса, адам айқайлап дыбыс шығарып жүрсе керек. Сол дыбыс адамның қандай күйге түскенін маңайындағы басқа адамдарға білдірсе, міне сөйлеудің ең түбі осыдан басталған болу керек. Бұл – тілдің ең алғашқы дәуірі. Ендеше, алғашқы дәуірдің тілі, бұрынғыша айтсақ, «жанның түрлі күйін» қозғалу арқылы білдіретін құрал болған екен.

Екінші дәуірде адам көзі көрген нәрселердің дыбысына еліктеуге талпынса керек; сол еліктеп дыбыс шығару арқылы нәрселердің пернесін белгілесе керек. Мәселен, ит туралы ойлау үшін «ау-ау» деп иттің дыбысына еліктесе, тыңдаушылар оны ұғатын болса керек. Сол тәрзіді, арыстанды, қасқырды, мысықты, тағы түрлі аңдарды дыбысына еліктеп пернелесе керек. Найзағайдың шартылын, судың сарқырауын, ағаштың құлауын – бәрін де еліктеп атаса керек. Бұл екінші дәуір.

Үшінші дәуірде нәрсе мен дыбыс арасындағы байлау үзіле береді. Нәрсені атау үшін, дыбысына еліктейді, басқа бір белгісіне, басқа бір пернесіне сүйеніп атауға айналады. Бұл тілдің не дәуір өркендеген, жетілген заманы ғой. Әйтсе де ескіден қалған еліктеудің сарқыншағы осы күнге шейін сақталғандығы көрініп тұр. «Тарс-тұрс, күрс, күңгір, шиқ-шиқ, тыр-тыр, қылт-қылт, күж-күж...» сияқты одағайлар, содан шыққан етістіктер, есімдер – бәрі де еліктеудің салдары.

Адам тілінің осылайша өркендеген дәуірін бала да басынан кешіреді. Бала шыр етіп жерге түскенде, дыбыспен бірге туады. Шыр ету – жаңа жат дүниеге келгендегі дүниенің шіміріккенін, жағымсыз мерзім пайда болғанын көрсетеді. Алғашқы кезде бір жері ауырса, не қарны ашса, дауысын шығарып жылайтыны еріксіз қозғалыс, соқыр сезімінен туған белгі ғой. Бала дыбысын шығара жүріп дыбысымен сыртқы заттар арасында байланыс жасап, перне туғызып алады. Мәселен, бір жері ауырғанда жылайды екен (тақылжыры бөлеуде жатып шыққан екен дейді, ондай әңгіме салақ шешелерге көп болады екен ғой). Жыласа, шешесі келіп, бірдеме істейді (шешіп алады, құрғатады) екен, содан барып жаны

сая табады екен. Бұдан не байқалады? Бала жылау мен тыныштану арасында бір жақындық барын сезеді. Басқаша айтсақ, пернелері іліктеседі. Содан кейін, бала бесікте жатқысы келмесе-ақ, жылайтын болып алады. Бұл қай жылау десеніз, ішкі тілегін білдірудің жылауы. Жүре-жүре бала ішкі тілегін сыртқа шығару үшін дыбысқа еліктейді. Сиырды – «мө-ө», қойды – «ма», мысықты – «мияу», итті – «ау-ау», дейтін болады. Бара-бара олардың әлгіден басқа да аты барлығын естиді. Бір емес, әлденеше рет «сиыр», «ит» деген сөздерді естиді. Алғашқыда былдырлап, тілі жөнді келмей сүйте-сүйте машықтанып, әуелі бір буынды, екі буынды, содан кейін үш буынды сөздерді сөйлеп үйренеді. Төрт-бес буынды сөздерді бала көпке шейін айта алмаса керек. «Сәрсембай деші, қарағым» дегенде, баласы: «Сәрсе», әйтпесе «сәсе» дейтіні содан ғой. Балаға салғаннан қиын, көп сөз үйретпек болған ата-ана салғаннан қиын әңгіме, көп сан, терең мәселе туралы оқытпақ болған мұғалім – наданның наданы ғой. Бұл күнгі ересек адам тіл жүзінде ондай жетіліп, жүре-бара нәрсе мен дыбысы арасындағы байланысты қалдырған болса, бала да тап сол сықылды, пернелерді, онымен қатар сөздерді көбейген сайын еліктеуден шығып, ойын сөйлеммен айтуға жарайды. Бірақ баланың сөйлемі де қысқа, жабайы, жеңіл болады. Бала түгілі қарапайым адамның да сөйлемі қысқа, жабайы, жеңіл келеді. Күрделі, қиын сөйлемдерді олай ұқпайды. Өйткені сөз, сөйлем дегеніміз, ұғыммен, біліммен қабат өсетін құрал болды ғой. Бұдан шығатын абырет:

Оқытушылар, кітап жазушылар, газетшілер, саяси шешендер, әдебиетшілер, ақындар, сөздеріңізді өздеріңіз үшін емес, алдарыңыздағы балалар, қарапайым «үлкен балалар» үшін арнап сөйлеңіз, жазыңыз, әйтпесе, татымды пайда шықпайды, желге кеткен сөз болады.

Жүсіпбек Аймауытов

Жүсіпбек Аймауытов. Бес том. шығ. жин. Құраст.: Д.Қамзабекұлы., С.Аққұлұлы., Г.Ахметова., Б.Байғалиев., А.Асан. Алматы: «Ғылым», 1998, 4 том, 170-172 б.

Терминдер туралы (айтыс ретінде)

Қазіргі күнде бұрынғыдай емес, қазақ әдебиеті өсіп келеді. Бұрынғы ертектің, қиялшыл, байшыл жазушылардың орнын жыл сайын қазақтың жазушылары алып келеді. Тұрмыс ойды билейтін болса, тұрмысқа қарай әдебиет те өркендейді. Бірақ негізінде әдебиет тілден құралмайды. Тілге бай болып, тіл сара болғанда әдебиетке көркем түсінікті болады.

Маркстің айтуынша, текнікке құралы арасында өседі дейді. Қай жердің текнікесі алда болса, басқаға қарағанда тілге бай болып мәдениеті

де алда болады. Біріншісі – мәдениет жаңа әдебиетінен орнын алса, 2-ден жаңа тілінде алады. Тіл байлығы молайады. Бір жерде жаңа мәшине істеліп шықса, сол істеп шығарған елдің бірінші қойған аты да ат болып қалады. Ол мәшинені сатып алған ел сол атын атайды. Содан барып тіл байлығы кіреді.

Ресейге келген құралдардың аты да сол істелген сол жерінде қойылған аты мен аталып жүр. Мыйсалы: – термелетіп, барометір, телескоб, лөктірескөб, телепон, тырақтыр басқалар секілді. Мұндайға ешбір ел жаңадан ат қойам деп әуреленбейді. Құранға қойылған ат бұзылмаған соң, ол құралды істеп шығаратұн мемлекеттердің аттарын өзгерту керек емес еді. Бірақ Қазағыстанда олай болмай жүр. Жаңадан термен табылып, мемлекет атаулары да өзгертіліп жүр.

Жаңа термен алғандағы бірінші мақсатымыз – мемлекет тілінің ескісін түзетіп жетпеген түбір сөзін, толтырып тәртібті жолға енеміз. Артта қалған ел өз тілінде білім беру, осымен бірге басқа тілдегі пәндерді өз тілімізде аударғанда жетпеген жерге тұрмысқа қолайлы, түсінікті термендерді алып білімге, әдебійетке жол ашу болмақ. Қазақ екі тілге кедей, кейбір пән тіліне бізде атаулық жоқ. Оны қайтеміз?

Менің ойымша, қазақ тілінде аты бар сөзді алу керек, аты жоқ нәрсеге ат табу керек деп күмәнденуды қою керек. Тарлық жүзінде мемлекет аты бар елдерді айтшы, Сербіи белгіне деуб атағандай болсақ, аруағынан қорқып атамады ма екен деп келешек күлкі қылмай ма?

Келешек жастарға білім бергенде жер жүзіндегі мемлекеттің біз атымен таныстырмақ түгіл, мына қалыпта әріптеріне тілін кестірмей қайтамыз ғой.

Жаңа терменде мемлекет атауын былай атайды: сербіи, витальный, пырасный, жапан, Рұумын, армян, бесараб, Ұланды, Былжын, қылжы секілді.

Бұлай деб атауға зор себеб аяғының -ма-мен бітетіндігі. Менің ойымша, -на-ның бізге тіпті ауырлығы жоқ, қазақ ішіндегі Ақмолда, Мұқамедиа, Закария қайда қоямыз.

Атың ауыр деб қалай атамаймыз? Онан соң қазақ әйелдерінің аты көбіне аяғына -на-мен бітеді. Мәселен, разыйа, балқыйа, Марына, Зұлқыйа, Жайына, Нұрқыйа, Анапыйа деб келеді. Оның да құйрығын кеспекпіз бе? Осы әйтеуір атауға тілі келетін қазақтың Белгия, Германия, англыйа, пырансыйа деб атауға тілі келмейді деген бекер сөз. Мына қалыпта келешекте орысша білім алатын жастардың тілі оралымға келмей қалу қаупі жоқ емес.

Ал, енді мемлекеттің атын бұзғанда, мағынасы да бұзылып отыратын жерлері де бар. Мәселен, жапанда жұмыскер қыймылы десек, біреу даладағы жұмыскерлерді атады деб түсінуі мүмкін. Былжы деген сөзді біреу сазға батып етігін былжитыпты деп түсінбей ме?

Жалғыз мемлекет атындағы ғана емес, ау кейбір шәрдің ат, болмаса, бір атақты адамның аттарының аттары да бұзылыб кетіп жүргені бар. Ал енді кітап аударушылар – Латүшік көр деб аударған кітабына ат қойб жүр. Оның не екенін түсінетін кісі жоқ. Жай шамалап қарағанда олар да осындай мемлекет аты болуға тиіс.

Жүсіпбек Аймауытов

Терминология мәселелері (1910-1930 жылдар). Құраст.: Ш.Құрманбайұлы., О.Жұбаева
Астана: «1С-Сервис» ЖШС, 2005, 1 том. 87- 88 б.

Тіл туралы

Газет, журнал бетінде кейбіреулер «Кітап сыны» деп жазып, сөз жазады. Өзі білмейтін, өз жерінде жоқ бір сөз тауып алса, «мынау әлдекімнің тілі?» деп жағырқайды. Бұл дұрыс емес. Себебін айтайық.

Қазақтың әр елінде әр гүбірнесінде өздері ғана қолданатын, өзге елдер білмейтін тілдер бар. Мұны ғылым тілінде жергілікті тіл (провенциализм) деп атайды. Әдебиет қисынымен қарасақ, жергілікті тілдерді көп қолдану сөзді тарғылдандырып, ұғымсыз қылады. Бірақ ұғымсыз қылмайтын, пайдалы тілдер де бар.

Қазақтың қай елінің, қай гүбірнесінің тілі нағыз қазақтікі, қай елінікі будан, былтық тіл екенін кесіп айту қиын. Бірақ қай ел болса да көрші елінің тіл әсерінен сау емес. Мәселен, бөкейліктер татардың, арабтың, парсының, орыстың әсері көбірек болған, дін басылар, қызмет басылар сол елдермен көп араласқан. Жетісу мен Сырдарияда өзбектің әсері бар, Қостанайда орыс, ноғайдың әсері мол. Семейде, Ақмолада да араб, орыс тілдерінен әсер бар. Қысқасы, бір жағы, діннің, екінші жағы, өкіметтің, тұрмыстың ықпалымен жаттан жапсырып алған тілдер әр елде бар. Айта берсек, нағыз қазақтікі дерлік таза тіл аз болып қалады. Тілдің бірталайы арабтікі, парсынікі, сарттікі, қыпшақтікі болып шығады. Мәселен, мына тілдерді қай елдікі дер едік: «Жауап», «ырас», «ылайық», «пайда», «дұрыс», «дерт», «дауа», «егер», «әр», «пенде», «кісі», «пара», «дос», «бак» (бакша), «шатыр», «нұр», «залым», «зер», «мыс», «келдік», «өнер», «зақым», «топан», «мейман», «мысал», «дұм», «қымбат», «дәулет», «кеміл», «азат», «көр», «базар», «аспан», «берадар», мен... «дүкерт», «құп», «сақара», «данышпан»...

Баға келсек, мұның бәрі парсынікі. Кейбірі ғана арабтікі. Бірақ бұл тілдер бізге әлдеқашаннан араласып, сіңісті болып кеткен, сондықтан жат тіл екенін өзіміз де білмейміз. Өзгесін шығарып тастар едік, жауап, ырас, дұрыс, пайда ылайық, әр, кісі, пара, дос, өнер, қымбат, базар деген сөздерді қалай алмай тұрармыз? Қазақтың «мен» деген есімдігі бөтеннен алынса не дауа қыларсың?

«Зер» деп парсы жұрты алтынды айтады екен. Содан «зергер» туған. «Зер қадірін зергер білер» деген мақал да бар. «Келдік», «бас», «бас сүйек», «дүм» – «құйрық» («мылтықтың дүмі деп, дүмінді әрі сал» деп қазақ айтады); «қымбат» – баға («баға» да біздікі емес); «дәулет» – байлық, бақ («бақ» та біздікі емес; «азат» – еркін, бос, «көр» – соқыр, «шатыр» – театр, «бет – құл, «өнер» зеректік (талант); «мысал» ұйқас сықылды; бірадар – аға, «дүкірт» – ауырып қалды, «құп» – жақсы, «сақара» – шөл дала, «данышпан» – білгіш, о түгілі «қат», «қалам» – біздің тіліміз емес, «қат» – парсынікі, арткі десек, «қалам» – әрі үнді халқында, әрі грек (ионан) жұртында болған, бар тіл онымен тұра тұрсын.

Әр елдің өз жерінде айтылатын тілдер бар. Семей, ақмолалықтар «дөкей» десе, торғайлықтар «әйдік» дейді. «Өңшен», «жаппай», «кілең» деген сөздер бар. «Бір келкі», «бір ыңғай», «бір өңкей» деген сөздер бар; «әтей», «әдейі», «тіпті», «тіптен», «жортан», «жорма», «қасақана» деген сөздер бар, осылардың қайсысы дұрыс? Шын қазақтың таңбасы қайсысында басылып тұр? – айыру қиын. Бірақ сөздің өзін әр ел әртүрлі айтады, өздерінше «түзейді», басқаларша «бұзады». Мәселен, Семей жақ «кигіз», «кірпіш», «түндік» десе, Торғай жақ «киіз», «керпіш», «түндік» дейді. Семей жақ «қора», «кестеу» десе, Торғай «көң», «қыстау» дейді. Қай ел беті ашық қораны «аула» дейді. («Қыстау» бар елде болса керек). Бір ел «ершік» десе, енді бір ел «ыңыршақ», «содүлке» дейді. «Арысты» «жетек», «дерте», «ағлүбле» деп түрліше айтады. «Бел ағаш», «белдік», «білдік» деп түсіндіріледі. «Серенке», «шырпы», «оттық», «шақпақ» деп түрлендіреді. «Танша», «құнан шығар», «тай өгіз», «тана» деп әртүрлі айтады. «Көпене», «шөмеле», «отау», «шошақ», «мая», «іскірт» деп түрліше айтады. «Ара», «ара темір», «пышқы» деп түрліше айтады. Осының бәрін ерінбей, жалықпай қарастырып, салыстырып отырсаң, әр ел өзіне сөйлеп жүрміз деп ойлайды. Біз пәлен елдікі дұрыс деп айта алмаймыз, үйткені «әйдік» пен «дөкейдің», «жаппай» мен «кілеңнің», «бір ыңғай» мен «бір өңкейдің», «жорта» мен «жорияның», «кигіз» бен «киіздің», «сіңді» мен «сіңлінің», «түндік» пен «түндіктің» қайсысы дұрыс деу – надандық болар еді. Бұлар бізге жат тілдер емес, бәрі қазақтікі, кейбір дыбыстары өзгергенімен қазақтығын жоймайды.

Біздің тексеретініміз – бөгде, бөтен жұрттан өзіміздегі бар тілдің орнына тіл кіріп бара жатса, соны алып тастап, қазақ тілін аршып тазартып отыруымыз керек. Мәселен, «жетек» тұрғанда «ағлүблені» алып келсе, «қора», «көң», «там үй», «кірпіш үй» тұрғанда «земленкені» қыстырса, «мая», «шөмеле» тұрғанда «іскіртгі», «көпенені» қолданса, «оттық», «шақпақ», «күкірт» тұрғанда «серенкені» қолданса, «ыңыршақ», «ершік» тұрғанда «сөдөнке» немесе «сөделкені» қолданса, – міне, бұзылып бара жатқан деп осындай тілдерді айтуға болады.

Қазақ баласы бірінде жоғын бірінен алуға, ауысуына әбден болады, жатырқаудың керегі жоқ. Мәселен, Орал, Торғайдың «әйдігін», «кіленін», «дырауын», «керімін», «қасқасын», «сойын» неге алмаймыз, әбден аламыз: бұлар әдемі сөздер, әдебиетке керекті сөздер. «Керім-кербез» деген сөз Абайда бар, «қасқа» мен «жайсан» қазақта бар. «Сой» деген (ата тегі, тұқым) сөз біздің жақта жоқ, бірақ Кіші жүздің ақындарында, әдебиетінде бар тіл, оны алмасқа болмайды. Қазақтың өзінен жана тілдер көбейіп, табыла берсе, оған қуану керек: тіліміз сонда бай болады. Бөкейліктер «абиешшікті» «орман сақшысы» дейді екен, бері әкеліңіз, құшақтай аламыз. Адайлықтар «сарнау», «зікір салу» дегенді «сарсалу» дейді екен, қойынға саламыз. Түркістандық «тораңғы» деген ағашты біледі екен – тағы аламыз. Торғайлықтар «бір ыстанса жер» дегенді «бір қызым үй жер» дейді екен, о да теріс емес. «Жер майын»-мұнай дейді екен – әбден жақсы. Ең аяғы «пробкені» біреу «бопа» деп атаған екен, қазактікі болса – қабыл еттік.

Бірақ кейбір ел татардан, арабтан, бөгде елден тіл қолданып жүрсе, оны ала алмаймыз. Мәселен: бөкейліктер «жалақыны» «ғалапа» (алапа) дейді екен, «жал ақы» тұрғанда оны алуға болмайды. Ал ай аттарын (дәлу, құт,...сәуір, зауза...) аламыз ба, жоқ па – оны айрықша сөйлесу керек. Бір елдің тіліне бір елдің адамы күлу – бірінің-бірі тымағына күлген тәрізді нәрсе. Ол – тек заттың өзімшілдігі. Тегінде киімге күлудің қажеті жоқ. Тымақтың үлгісі, киімнің пішімі мәдениет жүзінде қандай екеніне айғақ. Киімі баяғы қалпынан мәз өзгермеген елдің салты да, санасы да пәлен өзгермеген болғаны. Мәдениет адамға сырттан кіріп, ішіне қарай тереңдейді. Өнерлі елдің киіміне, үй тұрмысына еліктеу «сені тәуір көрем»-нің нысаны. Оны тәуір көрсе, оның өнерін де үйренбек. Қостанай, Семей қазақтары киімдерін ықшамдап, орыс, ноғайға еліктеген болса, олар мәдениет жүзінде өзге елдерден озық болғаны. Сырдың, Адайдың, Бетпақтың, Зайсанның қазақтары әлі баяғы кең қолтық, жуан етігімен жүрсе, ол кейін қалғанның нысаны. Кейін қалғанға күлу керек емес, жан ашу, аяу, жәрдемдесу керек.

Қазақстанның ел болуы: үш жүзінің басы қосылуы, қыр мен сырдың жамырап табысуы бірінен-біріне түрлі өнегені жұқтырады, киім де, салт-сана да мидай араласады. Қазақтың астанасы Қызылордада тұрса, ондағы басқа елден барған азаматтар сырдың тілінен де телімін алады. Түркістан елдерінің «жүде», «құп», «қайыр» деген тілдері жалпы қазақтікі болып жетеді. Қайдан келсе де, қазақтың тілі болса, жатырқамау керек.

Жүсіпбек Аймауытов

Терминология мәселелері (1910-1930 жылдар). Құраст.: Ш.Құрманбайұлы., О.Жұбаева
Астана: «IC-Сервис» ЖШС, 2005, 1 том. 89-92 б.

Емле мен терминологияның кейбір мәселелері (Пікір алысу ретінде)

Қазіргі адамдардың сөз дыбыстарына балама (эквивалент) есебінде қолданылып жүрген әріптік таңбаларға жеткенге шейін, талай ғасырлардың өткендігі, талай ақыл-ой еңбегі сарп етілгендігі мәлім. Содан болғандықтан, қазіргі әріпті жазу - адамзаттың қоғамдық еңбегінің зор табысы, баға жетпестік жемісі деп есептеледі. Қай тілдің болсын жазуы әріптік болатын болса, сол тілдің жазуы үшін емле – негізгі заң.

Қазақ жазуы – әріптік жазу; демек, мұның да негізгі заңы – емле, яғни қазақ тілінің өзіне тән емлесі бар деген сөз. Емленің қолайлы болуы, – бір жағынан алғанда, – алфавитке де қарайлас құбылыс.

Осы күнгі қазақ тілі әріптік жазудың үш түрін біледі: арапша, латынша, орысша. Әуелгі екі түрдегі алфавиттер өз тұсындағы дәуірдің даму талаптарына сәйкес келіп, ежелгі «жазулардың» түрліше шартты белгілеріне қарағанда, прогрессивтік құбылыс болғанымен, тіліміздің советтік құрылыс дәуірлеріндегі дамуына төтеп бере алмады, емлені қыйындатты, сондықтан күн тәртібіне алфавитті жаңалау, өзгерту мәселесі қойыла келіп, ақыры дұрыс шешуін тапты: 1940 жылы орыс графикасына негізделген жаңа алфавитке көштік. Бұл тіліміздің лексикалық, грамматикалық, емлелік, терминологиялық жақтарынан жалпы баюына, іргелі, тұрақты болуына бірден-бір дұрыс шара болды. Дәл осындай объективтік мүмкіншіліктерге ие бола тұрып, емле қатесі деп аталатын өте қолайсыз жағдайлардан арыла алмай қойғанымыздың себебі не?

Біздің байқауымызша, толып жатқан ұсақ себептермен қатар, басты бір себеп бар сияқты. Ол себеп ана тіліміздің ауызша және жазуша түрін қазақ интеллигенттерінің бірсыпыралары жете бағаламайды. «Көзге айтқанның көнеуі жоқ» дегендей, дәл шынын айтсақ, осы күнгі қазақ тілінің орыс графикасына негізделген жаңа алфавитін білмейтін, осы жазумен хат жаза алмайтын, тіпті оқый білмейтін интеллигент қазақтар бізден табылады. Бір тілдің емлесін тұрақты ету үшін, оның көптік қасиеті болуы шарт, яғни қазақ тілінде шығатын көптеген газеттердің, журналдардың жазу принциптері, нұсқалары әрбір қазақ интеллигентіне, әрбір сауаты бар қазаққа үлгі болуы керек, ол үшін сол адамдар қазақ тіліндегі газеттерді, журналдарды оқығанда өз сауаттылығын арттыра беруді мақсат етулері керек. Емле сауаттылығына бірден жете қою мүмкін емес; көп оқу, қарастыру, дағдылану арқылы жетуге болады.

«Социалистік Қазақстан» газетінің 1947 жылғы 21 декабрьдегі санында жарияланған «Ленин мен Сталиннің еңбектерін қазақ тілінде нәсихаттау – республикамыздың бүкіл партия ұйымының айбынды

міндеті» деген мақаласында Шаяхметов жолдас былай деді: «Әрбір облыстық аудандық және бастауыш партия ұйымында бұл жұмысты жақсылап жолға қою керек, бүкіл үгіт-нәсихат жұмысында марксизм-ленинизмді қазақ тілінде нәсихаттау мәселелері лайықты орын алатын болу керек. ҚК(б)П облыстық комитеттері мен аудандық комитеттері жанында қазақ тілінде баяндамалар жасай алатын, лекциялар оқып алатын, газеттер мен журналдарға көпшілікке түсінікті мақалалар жаза алатын білімді нәсихатшылар коллективін құру керек. Әрбір қазақ-коммунист қазақ халқының қалың топтары арасында ана тілінде марксизм-ленинизм нәсихатын жүргізуге тиіс» (Қара әріппен мен жаздым. Ә.Е.)

Хат білетін адамдарымызды жетілдіріп, олардың ауыз сөзі мен жазу сөзінің мәдениеттілігін арттыра берудің қаншалық маңызды екендігін Шаяхметов жолдастың осы нұсқауынан анық аңғаруға болады. Емле сауаттылығына жетіспеген адамның ауыз сөзі де шалағай, ора-шолақ болады, өйткені жазу сөзі мен ауыз сөзінің мәдениеттілігін бір-бірінен айырып қарауға болмайды. Партияда бар және партияда жоқ қалың көпшілікке қазақ тілінде шығатын газет, журналдардың бұл жөніндегі пайдасы мен көмегі орасан зор; газет, журналдар өздерінің бұл жөніндегі тарихи борыштарына сәйкес те болып келеді.

Дегенмен, бұл тұста газет, журналдарымыздың бірсыпыра кемшіліктері де бар; ол кемшіліктер әсіресе емледе болып жүр.

Дәлел боларлық бірнеше мысал келтірелік. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1947 жылғы 15 августағы санында басылған «Қазақ әдебиеті мен әдебиет зерттеудің күрделі мәселелері туралы» деген Баишев жолдастың мақаласында әдебиет зерттеу ісінің принциптік мәселелері айтылып, бұл жөніндегі бірқыдыру кемшіліктердің беті ашылған. Мұндай мақалаларды көптеген адамдардың оқуы сөзсіз. Ал, осы мақаланың емлелік жағында көзге көрінерлік мынадай кемшіліктер бар: мақаланың бірінші бағанасында жоғарыдан төмен санағанда 35-жолда «қателер» деп жазылса, содан төменгі төртінші жолда, яғни 39-жолда «хателер» деп жазылыпты. Осы мақалада: абырой, мағына, қабілетті, қадырлы деген сөздер осы күйінде жазылыпты, ал «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» (1941 жылы) деген документте дәл осы сөздер қаблет, аброй, мағна, қадір деп жазылған. Осы екі жазудың қайсысын қолдануымыз керек? Емле заңы – көпке біртегіс ортақ нәрсе; әркім өзінше өзгерте алмайды. Сондықтан аталған сөздердің сөздіктегі жазылғанын алу керек.

Осында аталған сөздіктің бесінші бетінде мынадай нұсқау бар: «б) кейбір сөздердің аяғындағы «а» әрпі бізде жазылмайды. Мысалы: газет, минут, фабрик, т.б.» ал, газеттердің көпшілігінде «фабрика, фабрикалар» болып жазылып жүр. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1947 жылғы 8-октябрьдегі санында Нұрышев жолдастың «Терминология

жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмысын күшейту керек» деген мақаласы басылды. Сонда «мағына» деген сөз дәл осы түрінде қате жазылыпты. Аңғарылмағандықтан қате кеткен болар деп ойлайын десең, осы «мағна» деген сөз мақалада 11 рет қайталаған, он бірі де «мағна» болып, қате жазылған. Осы мақалада: әлдеқайда, біркезде, бірбеткей деген сөздер де қате жазылған.

«Оңтүстік Қазақстан» газетінің 1947 жылғы 24 декабрьдегі санының бірінші, екінші беттерінде басылған материалдарды тегіс құнттап оқып шыққанымызда, отыз бір емлелік, он жеті тыныстық қате табылды.

Емле туралы сөз еткенде, ең алдымен осында аталған екі газетке тоқталуымызда мынадай себептер бар: «Социалистік Қазақстан», «Оңтүстік Қазақстан» газеттерінің беделі өскендігі соншалық, олар мектептерде ресми оқу құралдарымен қатар ұсталады, бұл, әрине, өте сүйсінерлік іс; осыны біздер, мектеп мұғалімдері, күнделікті оқытушылық жұмысымыздың тәжірибесінде көріп жүрміз. Сөздің расын айтсақ, істің шындық халі мынадай: егерде кейбір сөздердің қалай жазылуы жөнінде «шатақ» бола қалса, мектеп оқушылары мен оқытушылары «Социалистік Қазақстанға» жүгінеді. Солай болғандықтан, көлемді газеттердің төрт бетіндегі материалдарда бірде-бір емле қатесі болмаса екен деп тілек қоямыз. Бұл советтік өскен заманымыздың мәдени тілегі және заңды тілегі.

Қазақ тілінің емлелік сөздіктерінің халі қандай? Бұл сұрауға жауапты сөздіктің өзі берсін.

Біздің қолымызда 1941 жылы шыққан «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» деген документ бар. Сөздіктің кіріспесінде мынадай нұсқау бар: «Жаңа орфографияның ережелерінде негізгі сөздеріміздің, жалғау, жұрнақтардың жазылуы айтылған, әр сөзге бірнешеде ғана мысал берілген. Сондықтан, оған кірмей қалған сөздер, тұлғалар толып жатыр. Қолыңыздағы орфографиялық сөздік бұл кемшіліктерді жоюға арналды». Бұл не? Ұшан-теңіз сөз байлығынан «бірнеше ғана мысал беріледі» де, «қолыңыздағы орфографиялық сөздік бұл кемшіліктерді жоюға» қайтып арналады? Сөз байлығын сүзе келіп сұрыптағанда, бірнеше ғана мысал беру, сайып келгенде, кемшілікке соғып жүр. Сөздіктің қамтуын тарылта берудің нәтижесінде, ол терминология және емле жөнінде басшылыққа аларлық шын мәнісіндегі документтің дәрежесіне көтеріле алмай жүр; тіпті, сөздіктің бір жері екінші жеріне қайшы келетін жағдайлар да жоқ емес: сөздіктің кіріспесінде «фабрика» деп жазылған сөз 98-бетте «фабрика» болып жазылған болса, сөздіктің беделі төмендемей ме? Сөздікте: әсіресе, көкрек, келсап, фән, құрлыс, Ханафия, хабар, нарқ, палуан, қуфия, неткен, неғып, дәстір, зиягі, зиялы, хиял, хиянат, мағлумат, хат, хурмет, худды, халық деген сөздер дәл осылай жазылыпты. Бұл әбден

дұрыс. Ал, осы сөздерді газет, журналдар, грамматика кітаптары, мектеп оқытушылары, әдеби шығармалар сөздікке бірыңғай жазып жүр ме? Жоқ. Ендігі жерде бұған төзе беруге бола ма? Жоқ. Сөздікті басшылыққа алу керек. Бұлармен қатар, жазылуы жөнінде әлі де ойласуды керек ететін бірнеше сөздер бар сияқты. Мәселен: нәсихат, табиғат деген сөздердің бірінші буынында сөздікте «ә» жазылыпты; сөздікте «кәте» деп жазылыпты; бұларды: насихат, табиғат, хәте деп жазсақ, орындырақ болмас па еді. Сөздікте орынсыз кеткендік те аздап бар. Мысалы: Бәрбасар, Бөрібай, Базархан, Баймақан, аңрау, ақырату, ататек, ата кәсіп деген сөздердің әртүрлі жазылуына дәлел не? Оның үстіне айта кетуді керек ететін нәрсе – Базархан, Баймақан, Бәрбасар, Бөрібай деген сөздердің жалқы есім екендігі сөздікте ескертілген, солай болғандықтан, мұндай сөздердің жазылуында бірқалыптылық болса қайтеді? деген сұраудың қойылуы заңды болатын сияқты. Сөздіктің өзара қайшылықтарын атамай кетуге тағы болмайды.

«Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде» мынадай ереже бар: «Баир, Таир, Нурпеис... сияқты жалқы есім болған сөздерде «и» сонорға айналмайды, сондықтан оның артынан «ы», «і» әрпі жазылмайды». Бұл басшылыққа аларлық нұсқау делік. Ал 1941 жылы шыққан «Қазақ тілінің орыс графикасына негізделген жаңа алфавиті мен орфографиясы» деген екінші бір документте «Жанпейіс» деген жалқы есім дәл осылай жазылыпты. Бұл тұстан – Жанпейіс пен Нұрпейістің айырмасы қанша?-деген заңды сұрау туатын сияқты. Және, біздің оқытушылық тәжірибемізде мұндай сұраулардың кездесіп жүретіні де рас, ал мынанікі дұрыс, мынанікі бұрыс деуге бізде дәрмен жоқ, өйткені сөздіктердің бәрі де – көпшілікке арналған заңды документтер; ондай документтерге жеке адамдардың құлақ қоймауына немесе ондай документтерді жоққа шығаруына еркі жоқ.

Емлеміздегі біркелкі кемшілік біріккен сөздер мен қысқарған сөздердің жазылуында болып жүр. Қазақ ССР Жоғарғы Советі бекіткен (10-ХІ 1940-ж.) ережелік заңның 27 §-де былай делінген: «Бірнеше сөзден құралғанмен, бір мағынаға ие болған сөздер қосылып жазылады. Олар мыналар... Алматы, Аманкелді...». Солай болғанда, Қозыкөрпеш, Баянсұлу, Қызжібек секілді сөздерді баспасөз бетінде неліктен бөлектеп жазып келеді? Қызжібек деген сөздің бір компоненті болмаса, ол сөз әдебиет тарихының белгілі кейіпкерінің атын білдіре алмаған болар еді, демек екі сөз бірігіп бір мағынаға балама болып тұр екен.

Қысқартылған сөздер жөнінде де бірсыпыра ойлану әлі де керек. Қысқартылған сөз өзінің толық түрінің баламасы болу керек. Мысал үшін айтсақ ССРО дегеннің толық түрі – Советтік Социалистік Республикалар Одағы – деген болып шығады. Ал, «ТАСС» деген сөзді осы қалпында

қысқартып қолданып жүрміз. Қазақ тілі сөйлем заңына сәйкес толық түрін айтсақ: «Советтер Одағының телеграфтік агенттігі» деген болып шығады: қысқартылуы толық түріне дәл емес. Осы сөзді қазақша «СОТА» деп қысқартсақ, дұрыс болар еді. Бұл, әрине, алғашқы кезде құлаққа ерсілеу естілуі мүмкін, бірақ зәредей де қиыншылықсыз, етене болып кетер еді.

Емле белгілі принциптерге негізделіп қалыптастырылады. Қазіргі қазақ емлесінің негізделгені – морфологиялық-фонетикалық принцип. Егерде осы екі принциптің үстіне тарихи принцип дегенді де негізге алсақ принциптік жалпы жүйеден шығып кеткен сөз болмас еді және әрбір сөздің дұрыс жазылуын түсіндіруге де болар еді. Шынында: хор, кер, паз, кеш, мен, бен, пен, нікі, дікі, тікі деген қосымшалардың қандай сөзге болса да осы қалпында жалғануы, өленді сөйлемнің үнемі бас әріптен басталуы осы тарихи принципке жатпай ма?

Осы тұрғыдан алғанда, ғасір, ғалім, мұғалім деген сөздерді де дұрыс жазар едік.

Сөздікте жазылған «Нарқ», «Халық» деген екі сөздің жазылуына екі түрлі мөлшер қолданғандығына дәлел қайсы? Екеуі де зат есім; тәуелдесек, халқым, нарқым, халқы, нарқы болып, әуелгі буындағы «ы» жокқа шығады; «халық» деген сөздегі «ы» фонемін жазбағаннан емлеге келерлік нұқсан болмас еді; қайта, осы тектес сөздердегі аса маңызды емес «ы» ларды біркелкі ықшамдап жазуымыздың артық «жүгін» алып тастаған болар едік. Шынында да: тыйын, сыйыр, жыйын секілді сөздерді: тиын, сиыр, жиын деп жазсақ әлдеқайда қолайлы болмас па еді? Дәл осы бағытта доцент Балақаевтың да ұсынысы болған.

Бұл мақалада сөз етілген мәселелердің кейбір оқушыға тіпті ұсақ көрінуі де мүмкін Біздіңше, ендігі жерде осындай өте ұсақ кемшіліктерге де жол беріп отыруға болмайды, үйткені баспасөздегі, жалпы жазу сөзіндегі ұсақ-түйек кемшіліктерді елемей көне берсек, ондай кемшіліктерге әбден бой үйреніп кетуі мүмкін.

Редакциядан: Еркеков жолдастың «Емле мен терминологияның кейбір мәселелері» деген мақаласында көрсетілген кемшіліктер (бір сөздің бірнеше түрде жазылуы т.б.) «Халық мұғалімі» журналында да көп кездеседі. Мұндай кемшіліктердің келешекте болмауына журналдың редакциясы айрықша көңіл бөліп отырмақшы.

Еркеков жолдастың мақаласын оқушылар жұртшылығының пікір алысуы ретінде басып отырмыз.

Әлімхан Еркеков

Терминология мәселелері (1910-1930 жылдар). Екі том. шығ. жин. Құраст.: Ш.Құрманбайұлы., О.Жұбаева, Астана: «1С-Сервис» ЖШС, 2005, 2 том. 55-62 б.

Тіл

Жанның жайын жарыққа шығару жолы. Жанның жайын жарыққа шығару үшін, жанның сырын сыртқа білдіру үшін адамның екі құралы бар: біреуі – мимика, біреуі – сөз. Мимика дегеніміз – жанның сырының дене арқылы сыртқа білінуі (бас изеу, күлу, жылау сықылды). Мимика тілін әркім-ақ ұғады. Бірақ мимикамен бар нәрсені ұқтырып болмайды. Мимика – ішкі сезім тілі. Мимика арқылы ойды жарыққа шығаруға мүмкін емес. Ойдың тілі – сөз. Біз сөз арқылы ғана неше түрлі ойымызды сыртқа білдіре аламыз хәм басқа адамдардың ойларын біле аламыз. Сөз болмаса, адамда білім болмас еді. Атын атап, сөзбен бекітіп тастамасақ, жанда суреттер, ұғымдар тұрмас еді. Сөз болмаса, сөзбен адамзаттың бірін-бірі ұғысуы болмаса, жер жүзіндегі осы күнгі адамзат тұрмысы деген тұрмыс та болмас еді. Қысқасы, жан көріністерінің ең қымбаты – ой, ой тілі – сөз.

Мағжан Жұмабаев

Мағжан Жұмабаев Үш том. шығ. жин. Алматы: «Білім», 1996, 2,3 том, 288-289 б.

Тілдің адам өмірінде хәм ұлт өмірінде алатын орны

Тіл – адам жанының тілмашы. Тілсіз жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар жарық көрмей, қор болып қалар еді. Адам тіл арқасында ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. Ойлаған ойын сыртқа шығарып басқаға ұқтыра алса, адамның не арманы бар. Жазушы, ақын деген сөз – ойлаған ойын әдемілеп жарыққа шығара алатын адам деген сөз. Тілі кем болса, адамның қор болғаны. Ойың толып тұрып, айтуға тілің жетпесе, іш қазандай қайнайды да. Қысқасы – адамның толық мағынасы мен адам аталуы тіл арқасында.

Тіл әрбір адамға осындай қымбат болса, әрине, ұлт үшін де қымбат. Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағандығын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат ешнәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тынық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмыс, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды,

терең тіл жоқ. Түрік тілімен сөйлеймін деген түрік балалары күндерде бір күн айналып қазақ тіліне келмекші. Қазақ тілін қолданбақшы. Осы күнде-ақ айналып келе жатыр. Татардың әдебиет тілі жыл-жыл сайын қазақ тіліне жақындап келеді. Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік елінің келешек тарихында қазақ ұлты төрден орын алмақшы. Келешектің осылай болуына біздің иманымыз берік.

Мағжан Жұмабаев

Мағжан Жұмабаев. Үш том. шығ. жин. Алматы: «Білім», 1996, 2, 3 том, 289-290 б.

Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан

Белгілі, мұнан бес-он жыл бұрын хат біледі-міс деген қазақтардың қолдан-қолға түсірмей, құлқынын құртып, құмартып оқитын кітаптары: «Зарқұм», «Салсал», «Алпамыс» тағы да солар секілді «қырды-жойды», «қиратты», «жеті бас», «айдаһар», «пері», «жалмауыз кемпір», «дәу» дегендей ұшы-қиыры жоқ түпсіз өтірік, қисынсыз хикаяттар еді. Міне бұған қазақ отағасылары көздерін жұмып, нанып, мейірлері қанып, кеңілдей түсіп, шұлғысып, мүлгісіп отырған еді. Сондай шөп-саламмен қандары ұйып, жандары ұйықтап қалғығаннан қалғып, қаннен-кеперсіз отырған бір заманда... «тұр-тұрдан хабар келіп, ұйқыдан маза кете бастады». Бырқырап ұйықтай беруден жиренбеген, бұрын мұндайға құлақтары үйренбеген халық «Аллаңнан ойбайым жақсы» дегендей қылып, әуелгі кезде ордаңқыраса көздері шалған соң, көкіректері сезініп, құшағын жайысып, жарбаласып түсті. Бұрынғы «Зарқұмдарын» құмға көміп, «Салсалдарын» суға лақтырып, пері қыздарын аспанға ұшырып, ақырындап ескі достарына қош айтыса бастады. Сонан бері қарай беттері бермен етпеттеуде.

Жаңа бір жас иіс туды, дегенді құлақтары шалса, қолдарын жайып, құшақтарын ашып, искеуге – мұрындарын, сүйуге – ауыздарын даярлап тұрмақ та. Қазақ секілді қараңғы көшпелі халықтың ішінде шыққан газет, журналдардың малтықпай тез жүріп, жеңіл кетулері сол етпеттеп тұруларының арқасы, өйтпесе, Самарқан, Түркістан, Бұхара, Ташкент жақтағы газеттер секілді адым жер шықпай, арбасы төңкеріліп қала берер еді. Олар мәдениетті болғаны қайда? Атам заман. Ата-бабаларымыз өнер-білімді сол жақтан іздеген...

Бет бері қарап, қол оң жайылғаннан бері қарай жыл сайын бестеп, ондап «жас иіс» жаңа талап риссалар да туып тұрды. Бірақ бұларды туды деп құр туғанына ғана сүйінбесе (екеу-үшеуін былай қойғанда) «осы қарағым

ер жетіп ернім аққа тиер-ау» деп үмітке кіріп, түшіркенерлік біреуі жоқ. «Қой бұты қозы саны» дегендей құраған, сұраған бірдеңелер. - «Бұрынғы кисаларымыздың-ақ (әдебиет) ақ көңілге күйе жағып адастырудан басқа пайдасы жоқ, бас қатырғыш хикаят еді» дедік. Ал енді адастырмай қанға қуат, көңілге көрік беріп алды түзуге қарай бұра бастайтын ақ үстіндегі кара қайсы? Ол жоғары айтқан кейіп жоқ, келісім жоқ, құр қатын ойбай. Екшеп-екшеп қарасақ «ойбай-ойбай бетім-ау, қайтермін-ау! Пәлен-ау, түген-ау» деп құр зарлаған құр ойбайдан басқа дым да шықпайды. Қайта бұрынғыларымыз «хикаят» болса да тілі қазақша, рухы қазақ рухына қарай бейім келгендіктен өзін сүйдіруші еді. Бұл жаңа ойбайда шата тілдер көп араласқан. Кейде шүлдіреп, кейде шолжындап жығылып-сүрініп жүрген жайы бар. Шүлдірге мысал:

*«Қолыңа ал қаламыңды,
Қайғырып хал мұстақпал заманыңды.
Намунә әр нәрседен көшіргіш ал,
Яза бер, ойыңа алған кәләміңді.*

(«Милли шигыр»)

*Халықты бүкүн құяш шеттен,
Ыслахлық енді керек ертеректен.
Ашық қыл біздің үшін газым атам»...*

(«Әдебиет өрнегі»)

Керексіз шолжындап алғанға мысал:

*«Ойладым бір хикая шығаруға-ай
Қалсын деп жақсылардың құлағында-ай,
Қазақтың өткен хәлін естіп мен»...*

Сүрініп соқпағы қиыспағанға мысал:

*«Хан болып, халықты билеп бағзылары
Көрсетіп әділшілік мінген таққа.*

Қан төгіп, бағзылары қаһарлы боп,

Аямай зұлымшылық еткен халыққа.

Ішінен дін үйренген ғалым шығып,

Үндеген, хақ деп білген шаригатқа,

Үйреніп дүние ғылымын данышпандар.

Тырысып шақыруға жұртты жарыққа;

Табылып арасынан жауыздар да,

Жол бөгеп надандықпен тарқан артқа...»

Қараңыз осылардың ішінде қайда қазақ тілі, қайда қиысқан назым? Қайда көңілге, тілге ойнау, теп-тегіс, өрескелсіз өлшеусіз өлең?..

Бәрі бір қатын ойбай екендігі әр қисыннан мысал жазып көрсетуге орын тар. Сонда да біреу, екеуін көрсетсем энеукүнгі «Оян» рисала-

сында жазылған харіптердің орындарын ғана ауыстырған шала жансар (тәржіме) көшірме екендігін менен бұрын өздеріңіз-ақ айтарсыздар! Көшірме болғанда да жетіспей қалған жерім жинаған, бүркеулі жерін ашқан, кеткенін келтірген, кемтігін толтырған түзу көшірме дейсіздер ме? Жоқ, жоқ еліктей алмай солықтап, соқпақтап айырылып қалған көшірме. Мысалы:

*Көзіңді аш! Оян... көтер басты,
Өткізбе қорлықпенен бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп жарамасты.*

Бұл түпкі нұсқа.

*Ал, қазақ көтер басты, аш көзіңді,
Бір уақыт адам санап сен де өзіңді.
Тұрсаңдар қараңғыда қор боласың
Алашым теріс деме бұл сөзімді.*

Міне, бұл ананың көшірмесі. Мұның аты солықтау былай тұрсын аңқылдау емес пе?

Бұзылған қанымызды түзеп, қарайған көңілімізді жуып, жанымызға пайда, дертімізге шипа болады-мыс деген жараспал жаңа әдебиетіміздің «қатын ойбайға» айналып, әркім соны ән көріп бара жатқан соң, қазақ жазушылары-ау алдарыңа салып айтып отырмын: құр ойбай дегенмен ойбайдың да ойбайы бар ғой, жылаудың да жылауы бар ғой. Туыстағы тұрмыс дерті, зығырыңды қайнатып, бармағыңды шайнатып ықтиярсыз ызалы ызғарын төгеді, сай-сүйегің сырқырарлық ащы зарлы бебеулерін қағып көңі толқыған, жүрек түйінін тарқатады. Мен анық ақ сүйек, аты жоғалмайтын өлең деп, өнер деп соны айтамын. Сырт көрінісі қатын ойбай тұрсын, шайтан ойбай болып көрінсе де дәмі бар, маңызы бар ойбай сол, қайнаған қанның, қиналған жанның, толғатқан көңілдің, толғанған жүректің сығындысы сол. Соның үшін ондай «ойбай», ондай «бебеу» табыла қалса, салған жерден өзі де шертке шипа бола кетеді. Басқаларға қарағанда пайғамбардың жүрегінен құйылған құрандай соқыр кісі сыбдырынан танырлық аққұла ашық тұрады. Марқұм Абай өлеңдері секілді.

Байтұрсынның «Қырық мысалдағы» мысал соңдарынан айтқан секілді. «Азаматтың», «Қайтер едің», «Шағым» деп өз басына түйіскендерін айтуы секілді.

Қарасақ бұл айтқандардың бәрінде де өздерін жұртқа ауыз айтып көрсетушілік бар. Мәселен, марқұм Абайдың:

*«Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі,
Өрнегін сендей сала алмас...*

Саудырсыз сары қамқаны

.....
Сезімде жаз бар шыбынсыз...»

А.Байтұрсынның:

Бәленің түрін көрген мен сары маса..

М.Дулатовтың:

Бәйге алмас болғанменен жүйрік шаптай

.....

деген өлеңдері секілді. Бірақ айтқандары артығымен шын. Шын жылы-ғын жастың тамшысы, рас қайнаған сорпаның сөлі болғандықтарынан сезілмейді, сезілсе де басқалардыкіндей көзге қатал, көңілге суық тимейді. Қайта өзінді сүйсіндіріп әкетеді. Осы айтылған ретпен болмай күндікке ізденіп, өзінше ойыннан ұйқасыңқырап шыққан керекті-керексіз сөзді «өлең» деп қуанып жаза беру – дергі жоқ кісінің ыңқылдағаны. Толғағы жоқ қатынның бебеулегені қандай жексұрын болса, бұ да сондай жексұрын болады. «Қисынсыз қышқырған неткен тантаық» деп Абай айтқанның көбіне ұшырап жүргендер көп.

Нағыз шынын айтқан уақытта, қазақ тіліне деп бастырылған кітаптардың көбінде қазақтың исі де жоқ. Неге десең, дені бытпырақ, бытпырақ болмағандардың ағыны теріс. Рухын тексерсек, баяғы айтылған «қатын ойбай». Ал енді қазақты сіріге жамаған былғарыдай қай жеріне апарып жапсырамыз! Мен тілімізге шата тілдердің шатысуынан бегірек тілдің ағыны теріске бейімдеп, өріс алып бара жатуынан қорқамын. Біз бұралқы тіл кірмей ұйысқан сөз болса, ойбай мынау қазақша екен дейміз. Ескі сөздің қаспағына жаңа сөздің қаймағын апарып қатарластырып қарасақ та, ол ағын мен бұл ағынның арасы алты айшылық алыс кеткендігі көрінеді. Мәселен, мынау сөз:

«Әбілхайырдың Россия қол астына кіруінің мақсаты хәм де қазақ хандарының халық қасында күшсіз екендігі, саяси істерде қазақ хәм басқа шарық халқының хайлакер, ант бұзғыш, суз-қасд екендігі Русь үкіметі қасында анық мағлұм болмағандықтан, Әбілхайыр ханның бұл өтініші жағарғы даһираларда қуанышпенен қабыл етеді. Неге десеңіз, қан төгусіз, тек тұрғанда бірнеше миллион халықтың өзі тіліп қосылуы Россия үшін бір шәриф еді».

Бұл мұсылманша оқу мен жазушы атына кірген жастарымыздың тұңғышының сөзі. Жоғарғы мынау сөздің ағына салыстырып қараңыз:

«Қазақта бір мақал бар еді: «Батыр деген бір барақ ит, екі қатынның бірі табады, би деген ақ шарифат, ілуде бір-ақ қатын табады» деген. Сол айтылған билер жүзден шықты: Үйсін, Төле би, орта жүзден шықты; арғын Әйтеке би, кіші жүзден шықты; Алшын Әйтеке би, ең ақыры кеше қазақ Россияға қараған заманда Шоң билер болды. Ол қазақтың

ортасына құдай жаратқан билері бар заманда халық қандай халде болды, қой үстінде торғай жұмыртқалаған заман болды. Кеше Шоң деген кісі тоқты ұрлаған ұрыны таттырып өлтіртті. Жеті ұрыны бір көлдің басына тарттырып өлтіргеннен, сол көл «Ұрының көлі» атанды. Міне бұл тым арманындағы кісінің сөзі емес, мұнан 50-60 жыл ана бұрын жазылған сөз.

Мұның аты: тіліміздің орнын сипалап қалуға бейімдеп бара жату болады.

Осы күні қазақша сөз боп жазылады – қара бұқара жеңіл ұғынады. Егер орысша оқығандардың аузынан шықса, құдай өзің жөн бер!.. Шәкірттер өзді-өзі ғана ұғынады да қояды. Қара бұқара құлақты саңырау, дөненесін аңғаруға болмайды. Бұ... қалай? Мен түсіне алмаймын, жауап та бере алмаймын. Бұларды мен сыншы болып жазып отырғаным жоқ; сыншы болуға өзім сыннан өткен кісі емеспін. «Сабасына қарай піспегі» көргенімше көзге шыққан көсеудей сүйелдерін ғана көрсетіп отырмын. Шын тездің қолына түсіп түзете бастаса, бір журналы бір кітаптың саны толтырар әдебиетімізді бар деп атауға болады. Бірақ жетілген жұрттардыкіндей азуы алты қарыс емес. Соған қарай сыншы да балаң, бар моншағымызды бай қызының қолындағысына апарып салыстыра берсек, біздің бұлбұл дегеніміз қарға болып, дүлдүл дегеніміз есек болып шыға бермес пе екен?

Сұлтанмахмұт Торайғыров

Сұлтанмахмұт Торайғыров. Екі том. шығ. жин. Құраст.: Б.Мамраев., А.Еспенбетов., Қ.Ергөбеков. Алматы: «Ғылым», 1993, 2 том, 138-143 б.

Ахмет Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында

Бар ғұмырын өз халқына шын құштарлықпен қызмет ету жолына бағыштаған, бар бақытын содан тапқан, табиғаты бөлек жандар болады. Ахмет Байтұрсынұлы сондай адамдар қатарындағы ұлағатты ғалым.

Ахмет Байтұрсынұлы мәдениетіміз бен ғылымымызға қалтқысыз қызмет сіңірген, таланты мен тағдыры, жан дауасын тек сол мақсаттан тапқан жан. Ахаң – күрделі тұлға, зерделі ғалым.

Күрделі болғанда ел-жұртының тарихы мен тағдыр талантын терең біліп толғаған, танымына лайық алысқа қол ұсынған алғашқы оқымыстысы.

Кең құлашты, ұлан-асыр терең ойлы ғалым – халық ұлы өмірдің қай саласында да өз пікір-толғамын, бағдар-бағытын білдіріп келеді. Осыншама санқырлы қызметін жазған еңбектері арқылы жалпылама тізбелеп жеткізуге болар, бірақ шағын мақалада саралап айта алмасымыз анық. Дегенмен де мәдениетімізге орасан еңбек сіңірген адам ер жасы елуге келіп отырған шағында, біз оның қазақ әдебиеті мен халық ағарту

істері саласындағы қайталанбас қызметін атап өтуге өзімізді парыздармыз деп санаймыз.

Аханның асқан ағартушылық жұмысын «Маса» атты кітабының басында келтіретін әйгілі Қожанасырдың сөзі арқылы тануға болады. Жиналған қалың жұрттан Қожанасыр былай деп сұрайды: «Сендер менің не айтқалы тұрғанымды білесіңдер ме?» Халық: «Білмейміз», – деп айқайлайды. Сонда Қожа: «Білмесендер несін айтамын», - деп түсіп кетеді.

Халық тарап кетеді. Келер жолы жұрт Қожаның қойған сұрағына оның не туралы айтатынын білетіндіктерін айтса, ол білетін болсаңдар несіне айтамын деп кетіп қалады. Қауым амалсыз тағы тарасады. Үшінші жолы жұрт жартысы білетінін, жартысы білмейтінін жеткізсе, сонда Қожа: «Білетіндерің білмейтіндеріңе үйретіндер», - деп тағы ештеңе айтпапты. Осы екі ауыз сөзде Қожанасырдың барлық ойының түйіні жатыр.

Ахаң Қожаның осы бір әпенділігін кітабында тегіннен-тегін келтірген жоқ. Шындығында да, Ахаң өзінің бүкіл саналы өмірін сарп еткен қазаққа өзі білген нәрсесін ұтымды жеткізуден жалықпады. Сол үшін жанын сала тер төкті. Сондықтан да болар, оның еңбегінің өнімді жағы ағарту алқабында. Осыған дейін ел ішінде оқу-ағарту ісіне дәл Ахмет Байтұрсынұлын-дай еңбек сіңірген ешкім жоқ.

Оның мәдени-ағартушылық қызметі ашық та айқын; егер біз әдебиетіміздің тарихына, тағдыр-талайына қатысты ең сорақы жағдайды еске түсірсек, ол ауыр да азапты күй Екінші Николай құлағанша болды. Соның зардабы біздің ұрпақ санасында әлі де сезіледі.

Қалай ұмытайық, бәрі де біздің есімізде. Сорымыздың зоры ана тілімізде оқып, білім алудың тұтқасы дүмше молдаларды, кашқындар мен Хиуадан, Қарақалпақтан, Бұқарадан, Түркістаннан, Қазаннан, Сейітшілдер тобы мен Стерлитамақтан ақ шалмадан басқа түгі жоқ келімсек оқымыстысымақтардың, шәкірт тәрбиелеудің қарапайым жөн-жосығын да білмейтіндердің тізгінінде кеткені еді. Олар балаларды соқыр сеніммен арбап, діни ілімге оқытып, ата-аналарды тозақ отында молланың шыбығы тиген жер күймейді дегенге иландырып, жас шыбықтай солқылдаған жас ұрпақтың жанын да, тәнін де қинап азаптады. Олар молданың қолында сырттай, сыпайы, кешірімді көрінгенімен, іштей тасбауырлық, түйін байлап, кектеніп өсті: Абай айтқан өлмес өлең жолындағыдай:

Кітапты молда теріс оқыр,

Дағарадай болып сәлдесі,

Малқұмар көңілі бек соқыр.

Бүркіттен кем бе жем жесі, - деп түсінеді.

Жан баққан, мал андыған молдада не қасиет болсын. Қасиетті жазуды бұрып оқуға ақ шалманың өзі де тоқтау сала алмады. Молданың айтқанын істеме, істегенін істе деген... Дүниеқоңыздық, байлыққа құмарлық оларды да аздырып біткен-ді. Олжаға таласқан құзғыннан не айырмасы бар?

Осының бәрі – біздің кешегі, рухани мәдени болмысымыздың жанды жеген дерті – қылмысты шындығы. Біздің құрдастарымыздан, әйел затын қоса айтқанда, молдалардың ойды өсіріп, сананы серпілткен мағынасыз, мәнсіз «ұстаздығын» кім түсінбейді?

Екінші жағынан орыс-қазақ мектептеріне көңіл аударсақ, оның патша өкіметінің отарлау саясатына сай ашылғаны, соған бағытталғаны да бәрімізге аян. Бұратана мектептерге арналған заңның бірінші тармағы бәрімізге таныс.

Бұл мақсаттың ашық та айқын көрінісі патша әкімдері мен ағартушыларының әртүрлі мейрамдарда сөйлегендерінен анық байқалады. Торғай губернаторы Барабаш өзінің мүшел мерекесінде «Өзіме бағынышты қазақ халқына православиялық дін мәдениетін таратып үлгермедім» - деп өкінгенін қарттар біледі.

«Тағы жұрттардың ағартушысы» Ильминскийдің халық ағарту министрі Д.Толстой қатысқан қазан-татар семинариясының ашылуында сөйлеген сөзі баршаға белгілі. Ол бұратана мектептің басты мақсаты: бұратаналар арасында орыс православиялық шіркеуінің ықпалын күшейту, бұратаналардың біртіндеп орыстануына жағдай жасау еді. Патша өкіметі өз мақсатын қадағалай отырып, қазақтарға ана тілінде оқуға рұқсат етпеді; рұқсат бергеннің өзінде жағдайды ауырлата түсті. Медреселердің ашылуына орай қазақ тілінде миссионерлік бағыттағы кітаптар көптеп шығарылды, православиялық діннің мифологиялық транскрипциясы алынды.

Аз-маз сауаты бар қазақ осы істің басында Ильминский мен Победоносцев, Яковлев, Мироглов және басқалар болғанын, ал өмірде жүзеге асырушылар Алекторов, Васильев, Присне екенін біледі.

Осы жолдарды жазып отырған адам бала кезінде ауылда бағынышсыз мектеп болғандықтан пристав келе жатыр дегенде, сабанның астын үңгіп тығыламыз деп тұншығып өліп қала жаздағаны әлі есінде. Міне, осындай мүсепір қиын кезеңде Ахмет алғашқы болып дауыс көтеріп, қазақ мектептерін бір жағынан, дүмше молдалардан, екінші жағынан, патша миссионерлері ықпалынан құтқару үшін қызмет етті. Болашақ ұрпақты молдалардың дүмше дым білместігінен, сол секілді миссионерлердің жаңашылдығынан құтқару үшін Ахаң жалғыз күресті. Бұл жолда Ахаң жалғыз да алғашқы ағартуша болды. Оның жаңа қазақ алфавитін жасауы іс жүзіндегі ішкі және сыртқы жаулармен күресінің көрінісі болатын біздің тіліміздегі барлық дыбыстарды сақтай отырып, дыбыс үндестігінің заңдылығы бойынша жаңа әріптер белгілеп, ана тіліміздің синтаксисі мен этимологиясын жасап шықты. Қазақ тілінде қолданылмайтын, мүлдем қажетсіз он екі араб әрпін әліппеден алып тастады. Бұл жазу емлеміздегі көптеген қиыншылықтарды жойды.

Бұған дейін бізде өз әліппеміз болған емес, дүмше молдалар әліппе жасай алмай, балаларды «әліп-би» шартымен қағаз жүзінде оқытса, ал миссионерлер Васильев, Алекторов Рожинский және басқалар қазақ әліппесін орыс транскрипциясымен берді.

Сондықтан да Ахметтің жаңа алфавиті мен жаңа әліппесі біздің мәдени өркендеуімізге зор пайдасын тигізетін құбылыс еді. Жаңа алфавит тіліміздің таза сақталуына мүмкіндік туғызды. Жаңа алфавит әлемдік мәдениетпен араласа түсу жолын жеңілдетте түсті. Жаңа алфавит халық мектептерінің өркендеуі жолында алып адым жасағаны анық.

Қазіргі кезеңде Ахметтің алфавитімен басылған кітаптар, журналдар, газеттер мыңдаған баспа табақпен даланы шарлап, ең алыс қараңғы түкпірлерге дейін тарап кетті. Ал Ахметтің кітаптары болса қазіргі қазақ мектептерінде қолданылатын жалғыз оқулық. Оны Кир Наркомпрос қайталап бастырып шығармаса, сол қалпында қалмақ.

Адамзат қоғамының идеологиялық жағынан толысуы өмірден де, техникалық прогресстен де қалыс қалып келеді. Сондықтан да идеология болмыстың (өзге) салаларынан консервативті. Идеологиядағы кертартпалық консервативтік ағымның салқыны, әсіресе, кейін қалған халықтарға, мәселен қазақтарға қатты зиянын тигізеді. Бұл, әрине, тың тұжырым емес. Идеологиялық консерватизм халықтың дамуына үлкен кедергі келтіреді. Бұл ой алфавиттік реформаға да қатысты. Мысалға орыс алфавитін орнықтыру мәселесі өткен ғасырдың 60-шы жылдары столыпиндік кезеңде шаруалардың орыс ойшылдары арқасында азат етілуімен тұспа-тұс келсе де, екінші Николайды құлатқаннан кейін ғана жүзеге асты. Мәдениеті бізден сөзсіз жоғары тұрған орыс қоғамының өзі дайын алфавитті тұрақтандыру үшін бұдан да күшті күресте айрықша қажыр-қайрат таныту керек болды.

Қазақ арасында «Қадим» (ескіше) және «Жәдит» жаңаша, төтеше оқу деген мағына нақ осы кезден басталады. Бірақ бас-аяғы он жыл ішінде ескі молдалардың сағы сынып, біздің мектептерде жаңа азаматтық заң жеңді. Біздің мұғалімдер оқытып жатқан бүгінгі европалық әдіс – Ахмет Байтұрсынұлының жанашырлық қызметінің жемісі.

Ахметтің жаңа оқулықтары жаңа әдістермен, қазақ өміріндегі жағдайға ғана орайластырылып қойылмаған, сонымен бірге ең соңғы жаңа методика мен дидактика әдістері тұрғысынан жазылған. Қандай да танымның, методиканың негізі – салыстыру. Талантты, озық ойлы методистердің бәрі де ежелден-ақ оқулықтарын осы салыстыру тәсіліне сүйеніп жазған. Ахмет өз әліппесіндегі материалдары да осындай жолды ұстанып отырып әзірленген. Ұғымға да, есте сақтап үйретуге де оңтайлы. Мысалы: *ас* сөзі аяғына қосылғанда *аса*,; соңына «р» жалғасақ *асар*; егер «а»-ны алып тастасақ *сар* және *т.б.* деген сияқты.

Немесе сал сөзіне «А»-ны қоссақ, сала шығады, оған «Р» қоссақ,

салар болады және т.б. Мұндай мысалдардан шәкірттер біртіндеп сөздердің ұқсастығы мен айырмашылығын танып, мұғалімнің арнайы жетектеуінсіз-ақ жеңіл және еркін меңгеріп, жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге ауысып өзі-ақ үйрене бастағанын аңғармай да қалады әрі өз бетімен оқып та кетеді. Тәжірибенің көрсеткеніндей жаңа әліппемен оқып-жазып үйрену үшін орташа қабілетті балаларға төрт апта уақыт жетеді екен.

Ахмет Байтұрсынұлы педагогика мәселесі мен ғана шектеліп қалмай, халық ағартудың басқа салаларында да, әсіресе, тілге қатысты қыруар істер тындырды.

Дәрежелі ғылымның дәлелдеуінше, тіл – мәдени өркендеудің басты факторы. Тіл жоқ жерде халық, біріншіден, ұлттық бет-бейнесінен айырылып қалады, екіншіден рухани, мәдени тозғындауға ұшырайды. Тілсіз, сөзсіз ақыл мен ойды қозғай алмайсың. Ал ой-санасыз сөз жоқ. Яғни, сөйлей білмесе, адамның хайуаннан айырмасы аз.

Міне, осы тұрғыда Ахаң өлшеусіз көп қызмет етті. Бізге тілдің тереңдігі мен шеберлігін, тіл мәдениетінің мәнін, қасиетін дәлелдеп, тілімізді құрметтеуге мәжбүр етті. Оның тіліміздің тазалығы мен дербес өмір сүруі үшін күресі бұл саладағы аса зор еңбегі – кеңінен мәлім, кім-кімнен болса да зор.

Бір кездерде мұсылмандар арасында ерекше бір толқын -пантюркизм болған еді. Ол кезде мәдени жағынан жоғары тұрмыз деп есептеген татар интеллигенциясы өзге түркі халықтарын татарландыруға, ішінде қазақ та бар, басқа да ұсақ түркі тайпаларын да ешқандай себеп-салдарсыз татар санауға болады дегендей ұсыныс та жасады. Оның өзі күллі түркі тектес жұртшылықта татар тілі қабылдансын дегеннен басталған еді. Кезек қазақ тіліне де таяған. Сол тұста Ахметтің ана тілімізді қорғап сөйлеуіне тура келді. Осыған байланысты «Шекіспей бекіспейді» деген мақаламен «Туған тілім» өлеңі жазылды. Міне содан үзінді.

*Кенің бай, келімің мол туган тілім,
Дыбыстың сөз ғып теріп буган гүлін,
Қайырған қайдағыны жүйірік ең сен
Мен қосып құтыла алмас құсам білім.*

*Мен болман болдырамын татар десең,
Мен жатпан босағаңда жатар десең.*

Осылай ана тілімізді қорғай жүріп, әдебиет пен тіл ғылымын дамытты, ілгерілетті. Енді біздің тілімізге ешкім тиісе алмайды, ал ол уақытта жағдай мүлде басқа еді ғой. Қазір бізге өз тілімізде жазуға, оқуға, сол арқылы мәдениетті көтеруге толық мүмкіншілік бар, газет оқу халық ағартушылығын арттыра түсетіні де сөзсіз. Орынбор губерниясында айдауда жүріп те Ахмет қазақ тілінде материалдардың жетіспеуіне,

жұтандығына, көмектесетіндердің жоқтығына қарамастан «Қазақ» газетін шығарады. Газеттің техникалық жұмысын өз жары мен қызы атқарады. Несиеге ала тұруға экспедитор мен хатшы да, алғашқыда каражат та болмады. Газет қазақ өмірін жан-жақты әр қырынан алып, өкіметтің арам пиғылын жоғарыдан бастап урядниктерге дейін сынап-мінеп отырды, сол үшін де газетке бірнеше рет айып салынып, редакторы бастап үйреді. Мұның да бастаушысы – Ахмет Байтұрсынұлы.

Ахметтің мәдениетімізге сіңірген еңбегі орасан зор, жазған кітаптары да аз емес, ол кітаптар ағарту мақсатында қызмет етумен қатар да, ғылыми тұрғыдан да аса құнды.

Сондықтан Ахмет Байтұрсыновтың әдеби қызметіне қысқаша ғана тоқталсақ.

Біздің жазба әдебиетіміз әлі жас. Ол қазіргі ақындар шығармасына да әсер етіп, өзіндік өрнек бедерін танытып қалады. Басқаша айтсақ, ақынға әсер тигізіп қана қоймайды, халықтың мәдени өсу деңгейінен, рухани құнарынан да хабардар еді. В.Г.Белинскийдің ақын – өз халқы мен ғасырының перзенті деген ойы шындықтан туған. Әлбетте, ақын – суреткер. Шығармасының мәні, нәрі шындықтан алынуға тиіс, онсыз ол дерексіз қызыл сөзге сүйенген тілші. Сондықтан да заман тудырған, уақыт толғандырған сұрақтарға ақын сергек қарауы керек. Уақыт шындығымен бірге толғанып, ел тағдырымен жаны бір тұруы шарт. Онсыз ақын құр өлеңші. Бұлай қарағанда, Ахметті өз дәуірін шындықпен суреттеген сергек ақын деп айта аламыз.

Халық Абаймен танысқаннан кейін:

*Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін,
Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін;*

Оның ескі ақындар өлеңіне деген:

Ақындары ақылсыз надан келіп

Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап, - деген уытты сынынан соң, «Құны түскен кешегі өлеңнің» уақыты келмесе кеткен. Бұған біздің әдебиет тарихымыз да куәгер. Абайдан бастап әдебиетімізде жаңа бағыт пайда болды. – Егер, біз Абайды сол бағыттың кірпішін қалап, жаңа әдеби құрылысқа сілтеме жасады десек, Ахмет Байтұрсынов ірге тасын салып, қабырғасын көтерді. Ендігі әрлеп-сырлауы, әшекейлі күмбезі – болашақ ақындардың ісі.

Бұл бағыттың бет-бағдары – біздің ақындарымыздың халықты жарыққа, білімге мәдениеттің даңғыл жолына, жарқын өмірге жетелуге ұмтылдыруы. Біздің ақындар ақындығымен коса ағартушы да, ғалым да.

Ахмет шығармаларының сырт пішіні шебер: карапайым, оқуға жеңіл сазды, сөздері үйлесімді, ұйқасы ұтымды болып келеді. Көркем шығарманың пішіні туралы Ахмет өз өлеңінде:

*Оюын ойып, орындап қойып,
Тұр салғандай өрнекке.
Қиыннан қиып, қиырдан жиып
Құрап сөзді термекке,* - деп қалай жазса, солай орындауға ұм-

тылған. Ақын, ағартушы аудармамен де көп айналысты. Көркем туындылары негізінен осы екі салада – аударма және түпнұсқа болып жазылған. Бәрінен де Ахметтің ден қойып, көп аударғаны Крыловтың мысалдары, сосын Пушкин, Лермонтов шығармалары, басқа да өзі қалаған орыс ақындарының туындыларын ана тілімізге түсірді.

Бұл орайда Ахмет Байтұрсыновты жаңа аударманың көш басшысы десек те болады. Аудару шеберлігі сондай, егер оқырман түпнұсқамен таныс болмаса, онда шығарманың өзге әдебиеттен екенін аңғармай қалар еді. Мысалды «Олегтің заты туралы әнінін» басынан келтірейік:

*Жар салып жасақ жияр білімді Олег,
Білімсіз хазарлардан алмаққа кек.
Қаласын, егіндерін азасы үшін,
Отпенен қойған арнап қылышқа,* деп.

Немесе, осындағы Пушкин сыпаттаған ат сынын алайық.

*Сен неге жүйрік атым кісінейсің?
Жабығып мұнша неге түсті еңсең?
Ерігіп ауыздығын қарш-қарш шайнап,
Бұл қалай, бұрынғыдай сілкінбейсің?
Әлде мен бабын тауып бақпадым ба?
Болмаса жемнен қысып сақтадым ба?
Әйтпесе, әбзелдерің сәнді емес пе?
Жібектен тізгініңді тақпадым ба?
Малдырып сом алтынға үзеңгіңді
Тағанды шын күмістен тақпадым ба?*

Ал түпнұсқамен салыстыратын болсақ, әуелде кім-кімнен аударғанын аңғару қиынға соғар еді. Ахмет Байтұрсынұлы Пушкиннен бе, әлде Пушкин Ахмет Байтұрсынұлынан ба? Бұл жәй аудару емес, өнер жарыстыра творчесволықпен жеткізу. Аударма үлкен өнер. Басқа халықтарда да небір ұшқыр, жүйрік аудармашы-ақындары ішінде Жуковскийді мойындап, соған жүгіну қалыптасқан. Біздіңше, аудармашы ретінде Ахмет Байтұрсынұлы Жуковский секілді таланттардан артық болмаса, кем соқпайды. Орыс әдебиетін қалай білсе, қазақ тілін де солай түсінетіндер бізбен келіседі ғой деп сенеміз. Ахаңның аударма арқылы мәдениетімізге қосқан үлесі жөнінде осылай ойлаймыз.

Ахметтің шығармаларының, музасының негізгі мәні – құр ой-қиялдан емес, қоғамның құрылысына, патша өкіметі құрылымына деген көңіл толмаушылықтан туған тебіреністер. Жаркын болашаққа, білімге, жарық өмірге күштарлыққа толы жігерлі толғаныстар. Ол халыққа қызмет етуде кеткен жаңсақтық пен қастандықты танып ашуда, оны түзетуде әшкерелеушілікті мақсат еткен ақын творчествосының сыншылдық, жол ашушылық сипаты күшті. Соның бәрі де халық мүддесімен астасып жатады. Ақын бір өлеңінде Николай патшаның режімін былай суреттейді:

*Боламын неғып ырза туысыма?
Туыптын таршылықтың уысында.
Шамам жоқ жан-жағымға қол созарлық,
Тар өмірдің қысылғандай қуысына.
Айта алмай шын сөзіңді қорғалайсың,
Туғаның бүйітіп қор боп құрысын да.
Бар пайдаң өз басыңнан арталмаса,
Мал құрлы мағына жоқ тұрысында.*

Ел-жұртына қызмет сіңіргісі келген көзі ашық азаматтардың дәрменсіз мүшкіл халін сезбеу мүмкін емес. Бұл – сол дәуірдің өзекті шындығы. Ақын Ахметтің айтуынша халық жағдайы былай көрінеді:

*Малың алдау, талауда тұр,
Жаның арбау, қамауда тұр,
Аяғыңды тұсау қысты
Жақтарың құрсау қысты
Көрмесінде пердең мықты.*

Осындай сыйшылдығы үшін ақын патша өкіметінің қыспақ та көрді. Қуғынға да ұшырады. Патша үкіметіне қатысты жазылған өлеңдері үшін түрмеде отырған ақын былай толғайды.

*Пәле деген төбеті балтырымнан қауып тұр.
Жау білегін сыбанып,
Пышағын қайрап жанып тұр.*

Бірақ, жабылған жала, қуғын-сүргін ақын үнін тұншықтыра алмады. Шындықтың үні үнемі Ахаң тілінен естілді де тұрды:

*Байқасақ, жезде,
Бауыздар кезде
Үн шығу бар емес пе?
Үндемей өлсек,
Сүйекпен көмсек,
Кейінгілер демес пе?
«Лақ құрлы бақырмай,
Өлген екен япырмай».*

Бұл жалаң қарсылық, жайдақ егес емес-тін. Сонымен бірге халықтың ішін жайлаған бойкүйез еріншектік, парықсыздық, басқа да түрлі жаман әдеттерден акын өзі де жиренді, басқаларды да жирендірді. Бейқам, бейжай жұрт санасын қозғауға барын салды.

Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларының басым бөлігін өлеңмен жазған, прозасы жоқ. Қарасөзбен жазғандары газеттік, журналдық мақалалары мен оқулықтары ғана. Жарияланған шығармаларының ішінде лирикалық дүниелері кездеспейді. Бірақ, лириканы да тамаша жазғанын «Дүниеге» атты жарық көрмеген элегиясынан аңғаруға болады. Ол роман, повесть, драмалық көркем туындыларды әзірлеген жоқ. Оған мұршасы да болмаған тәрізді.

Ахаң өзінің қуатын халықтың зәру мәселелеріне, күнделікті қажеттілігіне арнап, сарп еткен қаламгер. Өлең-мақалалары да, ғылыми да, ғылыми-зерттеу еңбектері де халық ағарту ісіне бірден-бір қажетті, өнегелі жолдың басы болған дүниелер. Қазақ халқы үшін Ахмет жасаған әдеби дүниенің көркемдік-әлеуметтік таным әлемінің әсері ғаламат. Оның «Маса» мен «Қырық мысал» кітаптары шыққанда халайық қалай қуанышпен қарсы алғаны есімізде.

Өзімнің шағын шолуымды акынның белгілі «Адамдық диханшысы» өлеңімен аяқтайын:

*Адамдық диханшысы қырға шықтым,
Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаптым, ектім,
Көңілін көгертуге құл халықтың.*

Иә, Ахмет Байтұрсынұлы адамдық дәнін, қайырымдылық, махаббат мәйегін септі. Міне, қайырымдылық дәнін себуші мүлде жаңа жағдайда, өзі күрескен өмірден түбірінен өзгеше қоғамда 50 жасқа толып отыр. Туған әдебиетіміз бен халық ағарту ісіне пайдалы ұлы еңбек сіңірген қазақ халқының ірі әдебиетші-ағартушысын шын жүректен құттықтаймыз!

Қ.Құлманов Телжан Шонанұлы, Астана: «ҚЭКО» ЖШС, 2008, 129-139 б.

Көркем аударма туралы

Алдымыздағы май айында болғалы отырған мәдениет съезінің бір талқылайтын мәселесі тіл туралы. Октябрь төңкерісі аясында өркендеуіне кең жол ашылған тіліміз, аз жылда көп олжа тапты. Соның бір пұтағы басқа тілдерден кітаптар аудару сол аудармалардың ішінде көркем әдебиетте бар. Аударма деген ат бізде жаңалық емес. Төңкерістен бұрын

да араб, парсы, орыс тілдерінен аударғандар аз болмаған. Бірақ төңкерістен бергі аударған заттардың сан жағы да, сапа жағы да бұрынғыдан басқа. Өйткені әр тап өзі үстем боп тұрғанда, өзіне лайықты ғана шығарманы аударды. Тап тілегіне келмейтін шығармаға сараң болады.

Бұл таптық астар аударманың темасында да, әдісінде де, тілі мен стилінде де, аңғарылады. Діншілер араб-парсыдан қазақ тіліне дін кітаптары мен «Қу бас», «Жұм жұма» сияқты кисаларды аударған. «Жұм жұма» өлеңі қазақ арасында Исламның күшеюіне көмек еткен. Абайдың Некрасовты аудармай Пушкин мен Лермонтовты аударуы, «Қазақ» газетінің Горькийді аудармай Чехов пен Толстойды аударуы. Байтұрсынұлының Некрасовты, Салтыковты, Горькийді, аудармай, Крыловты, Пушкинді, Лермонтовты, аударуы да осындай таптық көз-қарастан туған. Қазақтың ақсақал, бай табы орыстың феодал мен байлар табының жазушыларын сүйсініп оқыса, пролетариат пен еңбекші кара шаруалар Горький сияқты пролетариат жазушыларын сүйсініп оқиды, қазақ тіліне солардың көп аударылуын тілек етеді. Некрасовтың «Солдаттың анасын», «Темір жолын», Пушкиннің «Жебірайыл Намасын» ұлтшыл ақындар аударған жоқ. Ілияс аударды. Бұл мысалдардан аттап аудармаққа өз қарабылынан қарап аударатынын жаңа аударма темасын тандап алудың – таптық астары барлығын көреміз.

Мұнан пролетариат қажат таптың көркем әдебиеттегі классиктерін аудару керек емес деген сөз тумайды, тек пролетариат аударманы өз қарауынан сұрыптап пайдаланды деген шығады. Шекспир, Гете, Пушкин, Толстой, Тургенев, Салтыков, Чехов, Фердауси сияқты ұлы классиктерді тек пролетариат қана дұрыс бағалап, дұрыс түсініп, дұрыс құрметтей алады. Абайға пролетариат қана мәңгілік ескерткіштер жасап отыр.

Аударманың темасы сияқты әдісінің де таптық астары бар, кейде табы жат аудармашылар түбірді жалған түске де бояды.

«Надо пропитать комсомольцев духом коммунизма» деген Ленин сөзін Әлиханның «комсомолдарды коммунистік иіспен сасыту керек» деп аударуы түбірді пролетариатқа жат тап адамның жалған түске бояуы болады.

Маркс пен Энгельс «Коммунистік монетесте» коммунистік төңкеріс болатынын айта келіп: «Die proletarler haben nic htsin ihir zu verlie gen al side ket ten» деген жерін Басанов басқарған аудармада «Пролетарии могут потерять в ней только свои цени» деген де, Адоратский басқарған аудармада: «Пролетариями нечего терять в ней кроме своих ценей» деген. Соңғы аудармада қатты сенім, төңкерістік аттаныс ұраны зыңылдайды да алдыңғы аударма ол ойды солғындау елестетеді.

Бұл мысалдарға қарағанда түбірді түрлі-жаға созбайға салып аударуға да, түбірге қолдан келгенше сәйкестіріп аударуға да болатынын көреміз.

Бұл негізгі мәселе туралы біз бұл жерде Ж.Әзімбайдың: «Жазушының стилін мүмкінше бұзбай дәл аудару керек» деген ойына қосыламыз. Оның макаласындағы басқа кейбір ойларына қосыла алмаймыз.

Төңкерістен бері аударма көбейіп те, сапасы артып та келеді. Талай жақсы аудармаларымыз бар. Өйтпесе де аудармамыз әлі дәлдікке жете алмай келеді. Ондай кемшіліктің бірнеше түрін байқаймыз.

Оның бір түрі жоғарғы көрсетілген Міржақыптың аудармасы сияқты түбірге тікелей қиянат қылып, түбірді өз табының қарабылынан өзгерту. Мұндай бағытқа кезінде соққы берілген соң бұл күнде байқалмайтын сияқты. Бірақ аудармашылардың кейбірі көзге түспей, кейде қателіктер кетеді. Түбірді еркін аударудың екінші түрі – түбірге аудармашы өзінен қосып, кемітуі, өңдеуі. «Шақнама» осы сияқты аударылған көрінеді. Енді кейбір аудармалар – түбірді өздерінше әдемілеп, олпы-солпысын алған болады. Түбірдің сөйлемдерін кескілейді, ұзын сөйлемін қысқартады, қысқасын ұзартады. Сонан соң, түбірдің кемшілігін жойып қазақша ұлшындырып түсіндірдім деп тынышталады. Сондай аудармалар Гогольдің «Өлі жандар», Тургеневтің «Аталар мен Балалары», Гоголь «Өлі жандарын» былай бастайды: «Ворота гостиницы губернского города выехала довольно красивая рессорная не большая бричка, в какой ездят холостяки; отставные подполковники, также капитаны помищики имиющие около сотни душ крестьян словом, все те, которых называют господами средней руку».

Оны қазақша былай аударған: «Н» қаласы губернелік қала еді. Осы қаладағы үлкен мейманхананың қақпасы да жеп-жеңілтек, эп-әдемі солқылдақ арба мінген бір жолаушы келіп кірді. Жұрттан иығы аспаса да, бірер жаз кара шаруаны билеп, кеуде буындарына қосылатын бір мырзалар болады. Әлгі кірген арбаның сыры көршісіне қарағанда сондай мырзалардың қатарына қосылатын қызмет жақыннан азандыққа айналған салт басты бойдақ полковник штап капитан алпауыттардың бірі мініп жүретін арба дерлік еді. Бұл аударма сөзінің жартысы артық оны астынан сызып көрсеттік, бір қатары түбірі де жоқ /үлкен, жеп-жеңілтек т.т./, бір қатары қазақ тіліне салақ қараудан артық кеткен/ «Салт басты», «Бойдақ екені бір сөз»/.

Аудармаларда әуелі «бір жолаушы келіп кірді» деп соңғы сөйлемде «Әлгі кірген арбаны» дейді. Бірін-бірі қайсы. Сөйтіп Гогольдің 484 мыңда таңбалы 1-томы қазақша 585 мыңдай таңба болып шыққан. Гоголь орыс тілінің негізін қалаушылардың бірі. Гоголь тілінің жекеше қасиеті оның орамды сөйлемдерінде. Аударма Гогольдің стилін түсінбей, тек Гогольді түсінікті қылам деп түбір тілінің қасиетін жойып жіберген.

Аударушы онымен де місе тұтпай, Гогольдің жұрттан озған жорға атын онан да бетер безендірем деп өз жанынан артық эпитет, артық метафора,

артық троптар қоса берген. Аударма бетіне орынсыз опа далапты жақ-қызған да алған. Біздің ұсынысымыз көркем әдебиетті, классиктерді тартқылап, әдемілеу, тілін безендіру аудармашының қолынан келмейді. Классиктерді бұзбай қолдан келгенше стилі мен мағынасын бұзбай дәл аударалық.

Түбірді бұзып аударудың тағы бір түрі түбірдің тілі мен идеясын дұрыс түсінбегеннен туатын сияқты. Орыс сөзінің орайына түсінбей, мұндай аудармашылар өзі түсінбеген жерін шамамен аударып жібереді, түбір «бас» десе бұлар «күлак» деп қояды. Мысал алсақ «Өлі жандардың» VII – бөлімінің басында Гоголь бойына біткен шабытын пәрменінше жіберіп, ақындықтың тиегін ағытқанын кім білмейді? Бұл жерде Гоголь орғытып, ойқастап өз ақындығына да көз салып, әр шығармаларына сын бергенін кім білмейді? Ақындықты ағызып келе жатып Гоголь: «И долго еще суждено мне гудной властью идти об руку с мойми странными героями озирать всю громаднонесущуюся жизнь, озирать ее сквозь видный миру смех и незримые, неведомые ему слезы» дегенін, осы соңғы сөздері Гогольдің белгісінің үстіне ойып жазылғанын кім білмейді. Мұны қазақша бұлай аударыпты: «Жүгі ауыр тағдыр маған үкім еткен керемет бір күштің жетегіне еріп әңгімедегі жат қаһармандармен қол ұстап отырып әлде талай жерді жармалақпын», «Странные герой қалай», «Жат қаһармандар» болады? «Күлкімді көзілдірік етіп» қалай болады? Сонан соң іле шала Гогольдің: «И далеко еще то время, когда иным ключом грозная вьхога вдохновения подымится» дегені «Өзгеше кілтпен шабыт сандығының аузы ашылып...» - деп аударылған «ключ» – қайнар, бұлақ емес пе, ол қалай кілт бола қалды? Орыс тіліне ақын сөзі мен идеясына түсінбеу осы болады тағы.

Түбірді қиқалап, бұзып, аударудың тағы бір түрі мен себебі – түбірде көрсетілген елдің ия таптық әдеп-ғұрпына, мәтел-мақалдарына, тұрмысына түсінбеуден болатын көрінеді.

Бұған да бір мысал келтірілік: Тургеннев «Аталар мен балалары» деген атақты романында «Кирсонов» деген қаһарманның атасын: «всю жизнь своего тянуть – лямку» деп таныстырады. Мұны қазақша: «Өмір бойынша кеудесін қайыспен шандып өтті» деп аударған «Лямка» Еуропа халықтарының мойнына киіп кеме сүйрейтін қамыты. Орыстың «Тянуть лямку» деген мақалы қазақша арқасынан ер кетпеу, көні ағармау, ауыр жұмыста күн өткізу деген мағынада келеді. «Кеудесін қайыспен шанду» қазақша «Балдыр батпақ» мағынасыз сез. Сол романда Кирсоновтың ұлы шешесі: «допускала детей утром к ручке» деген жері: «Баланы таңертең ағып жатқан өзенге шығарды» деп аударылған. Орыс ақсүйектерінің әйелдері таңертең балаларына қолын сүйдіретін әдегі болған, сонда «допускать к ручке» дейтін бұл қалай «ағып жатқан өзен» болмақшы?

Аударушы әуелі орыстың тілін білмейді, екінші әдетін білмейді, үшінші Тургеневке орыс тілін үйретер болып: «ручка» -ны «ручка» -ға айналдырады. Тургеневтің: «Оно не могла привыкнуть к глухой столицей жизни» дегенін қазақша «Ол астананың у-шу өміріне үйрене алғанда жоқ еді» болып шыққан.

Қиыр түкпірден келген әйелге Петров «глухая столица» екенін Тургеневтің қырағы көзі шалған. Өйткені, үйден келген әйелге бағып отырған тауығы, сауған сауыны, шомылып жатқан өзені, салып жатқан егін у-шу малы жоқ астана қамау сияқты көрінген. Оны біздің аударушы сезбейді, Тургеневтің «Миловидная девицасы», «мұнайым қыз»-ға айналған. Орыстың «Она принадлежала к числу матушак командирша» деген мақалы: «Әйел кәмәндірдің санатына жатады» сияқты мағынасыз сөз тізбегіне айналған. Мұның бәрі түбірге аударушы өз жұмысына жауапты қарамай, түбір тілін, идеясын ондағы елдің мінез-құлық, әдеттерін жақсы білмей аударғаны аңғарылады. Орыстың «матушка комавдирша» деген Пушкин кезінен әдебиетіне сіңген мәтел сөзі.

Ондай әйелдің байы бұрын шетте қызмет қылып, бірақ жұмыспен ісі болмаған. Үйдің де, түздің де, қызметтің де бөлігі әйелдің қолында болған. Сол әйел «матушка командирша» атағын алған. Қазақша «Би» шешейге жақындайды. Пушкиннің «Капитан қызының» шешесі де осындай – би шешей. Кирсоновтың шешесі де осындай би командирше. Енді бір жаман әдет – кісі аттарын қазақшалау «Өлі жандардағы» Чеховтың Окуркова «Қалдық қызы» болып аударылған. Бұл әдетті тастау керек.

Бізде тағы бір әдет түбірдің өзінен аудармай, аудармадан аудару. Аудармадан аударуымыз – түбірдің бел баласы емес, «Құдының құдысы», «Құнан қойдың сорпасы» болып шығады. Сөйтіп, көпшілік Шекспирдің, Гетенің шығармаларының тұнығын сүзіп іше алмайды. Бұл туралы «Әдебиет газетінің» 6-нөмірінде оймызды толығырақ жазғанбыз. Сондықтан бұл жерге оны көп сөз қылмай, тек әр шығарма мүмкін болғанша түбірдің өзінен аударылсын деп ұсынамыз. Оның үшін аударушылар шет тілдерді үйренсін. Аударушыларға арналып шет тіл курстары ашылсын. Енді бір мәселе – өлеңдегі аудару туралы. Өлеңді аудару қара сөзді аударудан да қиынырақ. Өлеңнің идея – мағынасымен қатар ырғағы да, ұйқасы да, мөлшерін де сақтап аудару керек. Бұл күнге шейін Еуропаның қандай өлеңі болса да ақындарының көбінесе қазақтың төрт жолдағы 12 буынды қара өлең мөлшерімен ия 8 буынды жыр мөлшерімен аударып келеді. Бізше бұл дұрыс емес. Лермонтовтың «Демон» деген поэмасын Абай да, Сәкен де, тағы біраз ақындарымыз 12 буынды төрт жолды қазақ мөлшерімен аударған. Аудармалары жүзіктің көзінен өтетін сұлу бола берсін, бірақ әдістері дұрыс емес деп ойлаймыз.

«Демон», «Евгений Онегин», «Пауст» сияқты поэмалары ұлы ком-

позитор музыкаға салып, операға айналдырған. Опера түбір тілде сақынаға қойылса да, аудармасы қойылса да сол күйлермен сол әндермен айтылады. Ол күйлер біздің 12 буынымызға келмейді. Біздің аудармаларымыз сақынада қойуға жарамайды, Жылда дүние астаналарының сақынасында қойылатын операға айналған поэмаларды аударғанда біздің сақынамызда да сол күй сол әндермен қойылатын етіп аударымыз керек.

Көркем аударма түбірді дәл аударып шығарма құрылысының, стилінің, тілінің ерекшелігін сақтау керек. Бірақ дәл дегендей құр сөзбе сөз аудару салу деп түсінбеу керек. Дәл аудару деп түбірдің мағынасын бұзбай дәл түсіндірудің үстіне оның ырғағын, сөзінің оралымын, тілінің өзгешелігін, оқушыға беретін әсерін, ойының құйқылжуын келтіріп аударуды түсінуіміз керек. Қазақ сөйлемі құрылысының өзгешеліктері бар. Сондықтан түбірдегі сөйлемдер сөзінің орнын қазақша алмастыру керек. Түбірдегі өткір сықақ, келемеж, тапқыр қуақы сөздердің құрышын келтіріп аудару керек. Бірақ дәкір қалжыңбасқа айналдыру керек емес. Кейде ондай жерлердің түлеуіне қазақ тіліндегі сықақ, күлкі, қуақы сөздерді салып жіберуі де мүмкін. Өйткені түбір қазақ тілінде емес, басқа тілде жазылғанын естен шығармау керек. Сондықтан түбірді қазақ тілінде жазса, жазушы осындай сөздерді ұстаушы еді деп ойлау қате.

Түбір әрі қазақ тілінде емес басқа тілде жазылғанын оқушы сезерліктей қылып аудару, әрі түбірдің мағынасы мен стилін, тілін дәл аудару-аудармадағы диалектілік қайшылықтың бірлігі болады.

Бұл қиыншылықты жеңу үшін, тіліміздің сөзі мен терминдер жетілген болу керек. Не дегенмен, тіліміз сөз бен терминге төңкерістен соң көп байып қалды. Сол байлықты еңбекші көпшілік төл мал қылып кетті. Мұнан былайда тіліміз жетіле бермек, байый түспек. «Қалауын тапса қар жинады» толық пайдаланса осы күнгі тілімізбен де сүп-сүйкімді аудармалар жазуға болады. Бұларды кейбір тәуір аудармаларымыз көрсетіп отыр.

Аударушы түбірдің де, аудармасын да тілдерін жете білу керек. Оның үстіне екі тілді сөздердің, лебіздердің бір-біріне сәйкестігін де білу керек. Бұл да жеткіліксіз, екі елдің де, шығармадағы таптардың да мінез, әдеттерін жақсы білу керек. Міне, осыларды білудің үстіне аударушы түбірді бастан айақ оқып алып идеясына, стиліне сөздеріне жақсы түсініп алу керек. Сонан соң барып аударуға кірісу керек.

Аудармада қойылатын тағы бір талап – стилін, мүмкінше сөйлем өзгешеліктерін сақтап аудару. Сол бағыт бас ақындардың аудармаларында сезіледі. Мұны баста аударуымыз да, қолдануымыз да дұрыс. Түбір жазып отырған жерінің мағынасына, мақсатына қарай стилін бірде екпіндетіп, бірде тежеп, бірде құйқылжытып, бірде солқындатып отырады.

Аударма осы құбылыстарды сезіп, сақтап отыруы керек. Мәселен, Гоголь сесіі қорып жолда келе жатып ойға шомған жерін, ұзын тізбектен көшкен елдей, шумақтармен жазады. Қаһарманның сипатын, мінез-құлқын, ішек-сілең қатарлық ойнақы, қуақы тілмен жазады. VI жаңа соңғы бөліміндегі ақынның орыс жері орыс елі, тройка туралы ойларын «Бірде шығар шарыққа, бірде сарқып тұнжия» зымыратып береді. Бұл жерлердің

Қ.Құлманов *Телжан Шонанұлы, Астана: «ҚЭКО» ЖШС, 2008, 147-153 б.*

Пушкин шығармаларының аудармасы туралы

Пушкин қазақ тіліне шет пұшпақтап аударыла бастағалы 50 жылдай болды. Сонан бергі аудармаларды толық қамтуға бір мақала жеткіліксіз. Сондықтан, біз амалсыз иінді ғана жалпы шолып өтпекпіз. Орыс пен батыс Европа әдебиетінің құнарлы бұлағынан емін-еркін тұна ішіп, тәрбие алған Алтынсаринді қоя тұрсақ та XIX ғасырдың соңғы жартысында туған қазақ ақындарының бірқатары Пушкиннің шығармаларымен таныс сияқты.

«Орыста Гоголь менен Пушкин өткен,

Сөздері кейінгіге өлмей жеткен.

Соңғылар әрбір сөзін пайдаланып,

Жайылып жер жүзіне даңқы кеткен» - дейді Құбәкір ақын.

Бірақ, Құбәкірдің Пушкинді аударған – аудармағаны бізге таныс. 1884 жылдардан бастап Пушкинді Абай аударма бастаған көрінеді. Сонан бері Пушкин шығармаларының аудармасын қарастырсақ, қазақ аудармаларының шарты, қазір ішіндегі жүрген жолы мен асқан белдерін көзге анық елестететін сияқты. Пушкин аудармасы әдіс жағынан да тема жағынан да басынан үш дәуірді өткізді деуге болады. Бұл дәуірлер қоғамдық тұрмысымыздағы жалпы аударма тарихымен, аудармаға көз қарастың өзгерісімен байланысты.

Алғашқы дәуір – Абай, Шәкәрімдер аудармаларының дәуірі. Жалпы айтқанда, бұл дәуірде Пушкин бұрынғы қисалар сарынымен аударылған. Бұрын ертегілер мен қисалардың тек ұзын ырғағы алынып қана қазақ тіліне аударылған, түбірдің стилі, композициясы, тіл ерекшелігі кейіпкерлер жыға тануға келмейтін, түбірдің тек жалпы сүрлеуі ғана қалатын. Абай мен Шәкәрім Пушкинді де осылай аударған. Пушкинге қиса аударудың әдісін өте-мөте көбірек қолданған Шәкәрім. Қара сөзбен жазылған «Добровскийді» өлеңмен аударғанның өзі осыны көрсетіп тұр. «Добровский Пушкин! Несколько лет тому назад в одном из своих Кизшла Петрович Троскунов» деп бастаса, Шәкәрім:

*«Жер айналмай тұрмайды дүние жай
Келер кетер адамзат із қалдырмай.
Қол кеткен көп заманның бір кезінде
Болыпты Троскунов деген бір бай»,-*

деп қолтума пәлсапасын араластыра аударады. Осы 4 жол өлең ішінде тек Торайғыров /оның да аты өзгерілген/ деген жалғыз-ақ сөз Пушкиндікі. Оның үстіне:

«Жоқ өлме-жаным тірі өлеңімде,

Жаңғырат қуармайды денем гүлде» /аударма Қалидікі/ деп отырған, кеңес тұсында жаңғырып отырған Пушкиннің Шәкәрім «Келер кетер адамзат із қалдырмай» деген молдалар пәлсапасын салып, қиянат жасайды. Сонымен ақырында Шәкәрім аудармасынан ия Пушкинді тануға ия бір дәуірдегі орыс тұрмысының суретін көруге, ия Шәкәрім Пушкиннің мына жерін аударып отыр деп салыстыруға да болмайды. Шәкәрім бұрынғы ертегілерді өлеңмен аудару әдісінің шеңберінен шықпаған да, шығуды ойламаған.

Абай аудармаларында ерекше бір жаңалық сезіледі. Ол жаңалық Абайдан бұрынғы аудармаларымыз тарихында болған жоқ-ты. Жаңалық дегеніміз – Пушкиннің өз ырғағын қазақ поэзиясында бұрын болмаған түрді сақтап аударуы. Абайдың бұл бағытты әсіресе Татьяна мен Онегин хаттарынан көрініп тұр. Біздің ойымызша, Татьянаның «Алғашқы хаты», Онегиннің «Соңғы хаты», «Татьянаның соңғы сөзі», «Е.О.» операсындағы әндерге салуға келіп қалады. Дегенмен Абай аудармасы қандай көркем, қандай сұлу десекте, ұстаған Абай әдісінің ішкі мазмұны бұрынғы аудару жолынан тым жырақ ете алмаған.

Қ.Құлманов Телжан Шонанұлы, Астана: «ҚЭКО» ЖШС, 2008, 159-161 б.

Емле кемшілігін жою туралы

1. Бір бөлімдегі тәуір бала мен нашар баланың арасындағы айыр-машылық аспан мен жердей болып отыр. Мұнан тәуір бала ілгері жүре алмайды. Нашар баладан бәрібір пайда жоқ, ол тек бөлімнің арасында тізім болады да отырады.

Сондықтан өте нашар баланы бөліп, өзінің мардамы жететін бөлмеде ұстау керек. Сол бөлменің дүрмегіне ілесе алатын нашар балада айрықша арнаулы көмек ұйымдастыру керек. Көмек түрі – нашар балаға сабақ үстінде айырықша зейін салу, кітап, құрал, қағаз, қарындашы мен қамсыздандыру, жетісіне екі-үш рет бөлек оқыту, жәрдем беру, ата-аналарын шақырып алып, түсіндіру т.т.

2. Бірінші, екінші бөлімдерде балалар сөзді, буынды, дыбыстарды тастап кетуінің басты себебі – сөз, буын, дыбыстарды дұрыс жітей алмаудан, оқытушының диктант әдісін білмеуден.

3. Жазғанда сөзді, буынды, дыбыстарды тастап кетумен күресу үшін 1, 2 – бөлімдерде балаларды көшіріп жазуға көп дағдыландыру керек. Көшіріп жазуды оқушылар көбінесе емле кемшілігін жоюда жәрдемші ету керек.

Үйге көшіруге берген жұмысты да оқытушы түзеп, бақылап, сынап отыруы керек. Үйге көшіруге берілетін текст өте кішкене болуы керек. Көшіргенде бала емленің керекті жерлерінің астын қызыл иә көк қарындашпен сызып отырсын.

4. Емледе жаттықтыру үшін диктант жүру керек. Диктанттың екі үлкен айырығы бар:

Сақтандыру және сынау – тексеру диктанты. Сақтандыру диктанты үш түрлі – көру, есту, шығарма жазу.

5. Емлені дұрыс білу үшін оны грамматикамен тілдің басқа жұмыстарымен байланыстыра отыру керек, жазған сөздерін бала грамматика жағынан талдап отырсын.

6. Тыныс белгілері, бір жағынан, сөйлем мүшесінің ережелерімен байланысты болса, екінші жағынан, баланың дұрыс ырғағына келтіріп сөйлеуі және оқуымен де байланысты. Сөйтіп, тыныс қателерінің бір ұшы оқуға келіп тіреледі, оқу үстінде де тыныс белгілерін түсіндіре отыруы керек.

7. Мектепте баланың білімін сынаудың бір жолы – жазған жұмыстарындағы қателерін түзету. Қате түзетудің түрлі жолдары бар. Әр түрлі жұмыстың қатесін әр түрлі жолмен түзету керек.

8. Қолы жаман баланың қатесі де көп болатынын экспедиция жұмысы көрсетіп отыр. Сондықтан баланың анық, әдемі жазуына күнде зейін салып отыру керек.

9. Емле жөнді жүрмеуіне себептің бірі – мектепте құрал кемістігі кезде «Әліппе», «Емле кестесі», «Тыныс белгілерінің кестесі» жоқ.

10. Басқа пәндер сабағы сияқты, емле сабағы да үш түрі болады:

а) жаңа білім беру;

ә) білімді сіңіру;

б) білімді тексеру – сынау.

Бұл үш түрдің бірі қалып қойса, емле сабағы дұрыс жүрмеген болады.

А. Жаңа білім беру желісі мынадай болады:

1. Бұрынғылармен байланыстыру (жаңа біліммен сабақтас бұрынғы білімдерін келте қайтару).

2. Балаларға жаңа ілімнің мақсатын түсіндіру. Мысалы, «Бүгін қос сөздер жағын үйренеміз» деген сияқты.

3. Жаңа білім беру: кітапта иә тақтада жазулы текстен керек құбылысты бақылап, оқытушының жетегімен көзін үйрету, салыстыру.

4. Оқытушы жетегімен қорыту шығару.

5. Қорытуды жазып алу.

6. Балалар өз бетімен жұмыс істеп, бұл білімді сіңіру.

а) ұсақ мысалдар ойлап табу;

б) сол ережеге ылайықты сөздерден кесте жасау.

с) кітаптан мысалдар іздеп табу;

ж) оқу құралдарында берілген жұмысты орындау.

7. Балалардың з бетімен істеген жұмыстарын тексеріп сынау.

8. Үйге жұмыс тапсыру.

9. Істеген жұмысын шолу (біз не істедік).

В. Емленің жаңа ережесін сіңіру сабағының желісі мынау:

1. Өткен сабақпен байланыстыру (өткен сабақта не білдік).

2. Мақсат қою (бәлендей ережені сіңіру).

3. Көрсету диктанты (жаңа, дұрыс жазылған үлгілерді байқату).

4. Керек сөздер кестесін жасау.

5. Мысал ойлап тауып, оны жазу.

6. Емле сөздігіне керек сөздерді жазып алу.

7. Үйге ықшамдап жұмыс беру.

Екінші сабақта да жаңа ереже өзі реттеп сіңіріледі. Оның үстіне көшіру, текстті оқу, түсіндіру, білім сынау, тексеру және үйге жұмыс тапсырулар болады.

Үшінші сабақта өткенді қайталап, тақтаға керек сөздерді жаздырып, сабақ мақсатын түсіндіреді. Оның үстіне мынадай жұмыстар қосылады:

1. Оқытушы тұрғысынан керек текстті оқу.

2. Оған сұрау қойылады (балалардың түсінігін байқау үшін).

3. Текстен соң бөлек сөйлемдер оқылады.

4. Грамматика жағынан талдау болып, тақтаға жазылған сөздер емлесі түсіндіріледі.

5. Жазады.

6. Жазғанды тексеру, сынау.

7. Үйге жұмыс тапсыру.

Төртінші сабақта шығарма, диктант істеліп, керек сөздерді иә әріптерді балалардың өздері тауып жазады.

Балалардың қателері түзеледі, тексеріледі, сыналады.

Бесінші сабақта тексеру жұмысы жүргізіледі.

Алтыншы сабақта балаларға жіберілген қателер жайында қосымша сұрақ болады. Міне, сөйтіп, бір ереже балалардың миына әбден сіңген соң, келесі ережеге көшу керек.

11. Балалар жақсы сауатты бола алмауына бас себеп – оқытушылар білімінің тапшылығы, әдіске шорқақтығы, тәжірибесінің кемдігі, грам-

матика мен емлені дұрыс білмеуі, оқытушылардың бір жерден, екінші жерге суси беруі деді.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінен хрестоматия. Б.Белгара. Оқу құралы. Астана: Мемлекеттік тілді жеделдете оқыту республикалық орталығы. 2007, 28-30 б.

Емле кеңесінің қорытындысы

Араб әліппесі кезінде емлеміз кемшіліксіз сияқты көрінетін. Ол араб әліппесінің кемшілігінен екен: араб әліппесі тіліміздің көп қасиеттерін бүркеп байқатпайды екен: әсіресе, сөздің түбірі жалғау-жұрнақтармен қалай қосылып жазылуын айыру қиын екен. Жаңа әліппеге көшкен соң бұрынғы емлеміздің көп кемшілігі айқындалады.

Былтыр өткен латыншылардың тұңғыш комперенсиесінде емле әңгіме болды, шешуі білім ордасы мен кіндік жаңа әліп комитетіне тапсырылды. Былтыр күзден емле жиылыс болып, пікір қорытылды. Самойлович, Шобанзада, Одахин сияқты түрік тілдері мамандарының пікірі алынды.

Білім кеңесі құрған комиссия пікірлерді қорытып, тезис жасап, «Б.Қ.» Еңбекшіл қазақ. – Ред. газетінде жариялады.

Үйен айының 2-4 жаңасында Қызылордада емле кеңесі өтті. Қазақтың тіл мамандары басқа кеңеске арнап орыстың бірқатар тіл мамандары мен түрікшіл білгіштері де шақырылды. Ленинградтан Юдахин, Мәскеуден Поливанов, Ташкенттен Унсетнен, Шмит сықылды орыстың оқымыстылары келді.

Сол кеңестің қабыл алған емлесін «Жаңа мектептің» осы нөмірінде жариялап отырмыз. Емлемізде қандай өзгеріс болды. Әуелі емлеміздің негізі анықталды, бұрын емлеміз дыбыс жүйелі дегенмен де, белгілер көп араласатын еді. Мәселен, басқа сөзбен айтқанда, дұдамал жерлерді жазушы едік. Мысал: «Оқы-оқу» бұған қарай «жаз-жазу». Бір дыбыс анық естілсе де, өзгерген күйіне қарай басқа әріпті жазушы едік. Мысалы: «сап» естілсе де «саб» жазу сияқты. Осындай айнымал негіздер тез сауаттануға біраз кедергі болатын. Енді емлеміз негізгі тек дыбыс жүйесі болды: сөз қалай естілсе, солай жазылады. Бұл тез сауаттануға көп жеңілдік келтіреді.

Онан соң қазақтың төл сөзі мен шеттен кірген және кіресек сөздерге бір-ақ түрлі емле ұсталды: шет сөздер де дыбыс жүйесімен қазақ тілінің заңына көндіріліп жазылатын болды. Бірақ орынсыз жерде шетсөз бұзылып жазылмайды. Сөзді «төл», «шет» деп айырмағанда ғана қалың еңбекшілерге тез сауаттану, шет сөзді сіңіру оңай болмақшы. Орынсыз шет сөздің тұлғасын бұзбасақ басқа елдер тіліндегі ілім терминдерімен

пайдалану жеңіл болмақ. Шет сөздер емлесі ең қиын мәселенің бірі болса да, кеңес шығыс тауып, жоғарғы айтқан негізді қабылдады. Кеңесте үлкен тартыс болған да осы шет сөз емлесі. Кейбір жолдастар да шет сөзді бұлжытпай жазу керек деген ойға бейімділік болыңқырады. Бұл жолды ұстағанда қазақ сөзінің, жат сөздің емлесі деген екі емле болып, қалың еңбекшілерге қиындық келер еді. Енді бір ағым шет сөзді адам танымастай өзгертіп, орынды-орынсыз жерде де «қазақыландырып» жазу, мысалы «осмысты» «оспыс» деп, «космитикені» «коспетик» деп жазу сияқты. Мұндай жазуды алсақ, қазақ тілі мен шет тіл арасына көрме құрған болар едік; көзге перде киіп, басқа ел тілін көргіміз келмеген болар еді. Сондықтан бұл ойды жақтаушы Елдес ұсынысына кеңес тегіс қарсы болды. Емле негізінде дыбыс жүйесін бүркеніп туыс жүйесін салғысы келген Ақан пікірі де бүркемеде қалды, туыс жүйесін алсақ қалың өсуіне бөгет тұратын болды. Емленің негізі өзгерген соң, бұрынғы жауымыздың көп жерлері де өзгерді. Мәселен, бұрынғы «саб, қаб, отырыб» жазылады, бұрын түрліше «оқыту, қуу, келуу, күллеу» болып жазылмақшы. Бұрын тұқымын қуалап «баратун, келетун» сияқты жазылатын сөздер енді естілуінше «баратын, келетін» жазылмақшы.

Кеңестің тағы бір көзге көрінерлік жұмысы қазақ тілінің келешегімен санасады. Қазақ тілінде, басқа тілдерде де бірнеше сөздер қосарланып жүреді де, ақырында бәрі екпінге, бір дыбыс заңына, бір стимилогы жүйесіне көне басады. Мысал: солай етсе-сүйтсе, бұл күні – бүгін. Бірақ кейбір сөздер бір мағыналы ғана болып қалса да, дыбыс заңдары және басқа жағынан қосылып жетпеген, әйтсе де бара-бара жымдасып келіп кетіп, иа ашық оңашаланбақшы. Мәселен: «еді» қысқарып «ді» болған, бірақ сонда да «еді» түрінде сақтаған. Бұлардың мұндай жетілмеген күйін көрсету үшін сызықшамен көрсету керек: «келгенді, барған-ды». Бұл сызықшалар бөлекшелердің түп сөзге қосылып, жетпегенін, әрі бас билігін жойып келе жатқанын көрсетеді. Тіл өсе келе бұл бөлімшелер басқалануға да, қосылуға да мүмкін.

Жаңа емле мен емле мөздігі басылып шықпақ. Жаңа емле жайында орысша-қазақша кітап басылып шықпақ.

Жиылыстың тағы бір қазақ тіліне келтірген пайдасы – дыбыстарымызды ілім жолымен жіктеп, белгілі заңдарын көрсеткендік. Сол заңдарға сүйеніп емле жасауымыз.

Жаңа емле дыбыстарымыздың күшті заңдарына құрылған соң үйренуі бұрынғыдан анағұрлым оңай. Әріптермен танысқан соң аз уақыт ішінде дұрыс жазып-оқып кетуіне болады. Жаңа емлеміздің жұртшылық жағынан, мәдениеторнату жағынан маңызы осында.

Емлеміздің негізі дыбыстарымыздың еліктіру мен іріту заңдарына құрылып отыр. Еліктірудің бір түрі саналған үндестік заңы қазақ ті-

лінде бірте-бірте құрып келеді. Қазақ тілінде де, басқа түрік тілдерінің көбінде де таңдай үндестігі сақталып, ерін үндестігі иа мүлдем жойылған, не жойылып келеді. Сондықтан кеңес емле негізінде, таңдай үндестігін алса да ерін үндестігін алған жоқ. Бұл да тіліміздің өсу бағытын ескергендік.

Бұрын әркім өз білімінше кез-келген жерге «ы-і» әріптерін жаза беретін. Баспаханадағы «ы-і» жетпей шатақтар туатын. Аударара қарап, актара тексерген соң кеңес: екі буын ішінде де үнді мен үнсіз дыбыстар арасына дауысты дыбыс салмай сыбай тұратынын ашты. Мысал: «қарт, ұлт, төрт» сияқты. Сондықтан анық естілмеген жерде бір буында сыбайлас үнді мен үнсіз арасына «ы-і» салып жазудың керегі болмай қалды. Бұл «ы-і» аз да болса кемуіне себеп.

Біздің тілімізде әзір шұбарлық болмай келді. Сондықтан арасы 3000 шақырым жердегі қазақтар бірін-бірі бір ауыл адамындай түсініп келеді. Емлеміз тіліміздің айқын заңдарына құрылған соң тіліміздің өткен өмірі, бұл күнгі күйі, келешегі толық еске алынған соң мұнан былай да әдебиет тіліміз халық тілінен қашықтамайды деп сенеміз. Тіліміз шұбарланып тармақтануға, 8 диалекке бөлінуге жол ашылмайды деп білеміз. Қалың еңбекшілер тез сауаттануына емлеміз оңтайлы болды деп дәмеленеміз. Жаңа мәдениет орнатуға мұның мәні зор.

Әрине, мінсіз іс қылу қиын. Емлеміздің кемістігі де болмай қалмас. Оны тұрмыс көрсетер.

Күзге шейін жаңа емлені оқытушылар курстерінде, кәмпарансие-лерінде толық үйрену керек. Осы күзден жаңа емле мектепте ұсталуы міндетті.

Телжан Шонанұлы

Телжан Шонанұлы мұралары (шығармалар, зерттеулер және мақалалар) Жур. «Жаңа мектеп», 1929, №5. ТЕЛЖАН. Жауапт.шығ. М.Мырзағұл, Б.Мырзабай. Алматы: «Ел шежіре», 2007, 265-268 б.

«Қазақша-орысша тілмаш» туралы түсінік

Басқарушы мен болғандықтан оқушы жолдасқа түсінік беруді міндетім деп ұғындым. Біздер «тілмашты» жағропалықтарға арнап жазғандықтан өте сирек айтылатын сөздерді кіргізді. Қазақ сөздерінің басбасына орысша «мағына» бердік. Егер қазаққа арнап жазатын болсақ «утонуть»-тың тұсына батпақ, кетпек, ғарық болмақ деп үшеуін де қосақтар едік. Оқушы жолдас тегінде батпақ пен кетпекті біледі екен, ғарық болмақ дегенді білмейді екен.

Тізушілер – Бұралқы ұлынан басқасы, Ақмоланың темірқазығындағы елдердікі. Сондықтан Ақмоланың жергілікті сөздері де мол кіріп отыр. «Тілмашқа» кірген сөздердің бірсыпырасы Радловтан, Будаговтан алынған. Қазақ тіліндегі ескі-жаңалы кітаптардан алынған.

Мәскеудегі «Кіндік баспасөз» Мағжанға қаратып, біреуге көшіруге берген. Сол көшіруші де біраз шатақ кіргізіпті. «Қақалған үстіне жұдырық» дегендей, 400-дей сөз баспадан қате кеткен: кейбір сөздердің мағынасын жойып, не ауыстырып жіберген. «Қазақтың баспасөзінің қатесін көрсе еуропа әйелдері бала тастар еді», - деп Қыр баласы айтушы еді. «Тілмаштағы» баспаның қатесін көріп Қыр баласына қол қойдым. Ал енді оқушы жолдастың пікіріне келейік:

«Оюланбақ», «шешеленбек», «әтештенбек» сөздерді керексіз табады. «Оюланған мінезінді таста!», «Шешелеп келіп тамақ іштім», «Әтештенбе!» деген сөйлемдерді еуропалықтар оқыса керексіз табар ма екен? Оқушы жолдас: «Қазақша да емес, түсінікті де емес, жатық та емес» деп біраз сөздерді келтірді. Қазақша дегенде қазақтың төл сөзін іздейсіз ғой. Олай болғанда қазақтың сөйлеп жүрген сөздерінің жартысы араб пен парсінікі деушілер бар. Оларға не дейсіз? Орамалды сіз қазақтың төл сөзі деп ойлайсыз ба? Қазақша емес деп дауласқаннан кейін, әрине сізге түсінікті де, жатық та болмайды. Қазақ арасында айтылатын сөз бе? Сөз емес пе? Қазақ кітаптарында кездесе ме? әңгіме сонда болу керек. «Тауқымет» Жүсіпбек пен Мұхтардың жазғандарында кездеседі. «Ғадауат» Абайда бар. «Саранжам» Наурызбай батырдың қызбен айтысатын қисасында бар. Қазақ жас бала өлсе «шапағатты болсын» деп көңіл айтады. «Соламай» – Көкшетау уезінің сөзі.

«Тонғармақ – баспа қатесі, дұрысы – «тонқармақ» үйді, шөмелені дауыл құлатса тонқарып кетті дейді. «Ақыланбақ»-ты екінің бірі айтады. Соңғы төрт сөздің орысшасын Радловтан алғанбыз. «Тазданбақ» екі орында айтылады: 1) Еліріп сөйлеген кісіге «тазданба» дейді. 2) Соры бетіне шыққан шақатты көргенде «тазданған екен» дейді. «Ғаріп» – түбі арабтікі. Төңкерістен бұрынғы қиссаларда көп кездеседі.

Оқушы жолдас-ау! Өзіңіз білмеген сөздің бәрін керексіз қылу, қазақша емес, түсінікті емес деу ақылға сия ма? Сыр қазақтарының «әрекетін» арқа жағында бәле мағынасында қолданады. Арқаның «әжептәуірін» бөкейліктер жаман деген мағынада жүргізеді. Осындай ретпен түсініксіз сөздерді, «Тілмашқа» кірмеген сөздерді, газет не журнал бетіне жариялап отырса, келешекте шығатын «Тілмаштың» толық болуына, кемшіліксіз болуына себеі тиеді.

Қошке Кемеңгерұлы

Қошке Кемеңгерұлы Таңдамалы. Алматы: «Қазақстан», 1996, 182-183 б.

Жат тіл оқыту әдісі

Тіл оқыту әдістері толып жатса да, ең жақсы әдіс туралы мәселе дұрыс шешілген жоқ. Сонда да тіл оқыту әдісін қарастырушылар негізінде екіге бөлінеді.

Бірінші ағымдағылар тіл үйретуді әріптен (дыбыстан) бастап көшу; одан сөзге, сөзден сөйлемге көшу керек дейді. Бұлай оқыту үйлестіру (синтез) әдісі болады.

Екінші ағымдағылар тіл үйретуді байланысты сөйлеуден (связная речь) бастау керек, содан сөйлемдерді жіктеу, сөйлемнен сөзді жіктеу, сөзден буынды жіктеу, буыннан әріпті жіктеу керек дейді. Тіл құралын қолғабыс ретінде керекті жерінде ғана қолданып отыру керек дейді. Бұлай оқыту талдау (анализ) әдісі болады.

Талдау әдісін осы күнде жақтаушылар көп. Бірақ талдау әдісінің кемшілік жері: Тіл құрамына үстірт қарағандықтан, жат тілді терең тексерге алмайды және жат тілмен ана тілді салыстыра алмайды. Әлі де болса тексерілетін жері бар. Сонда да жат тілді жазу, сөйлеу жолымен үйреткенде төменгі жобаларды ұсынады:

1. Жат тілді оқытқанда, аса қиын жерлерді ғана ана тілімен түсіндіру керек.

2. Жат тілді оқыту әдісі ана тіліндегідей болмау керек.

3. Сыртқы тұлғасын қиын орындарда ғана жат тілден ғана тілге аудару керек.

4. Ана тілден жат тілге өте сирек аудару керек.

5. Тіл құрамының ережелерін оқылатын сабақта түсіндіріп отыру керек.

6. Класта кітап оқыту сабақтың негізі болу керек.

7. Жат тілдің әдебиет тарихын толық оқытудың керегі жоқ.

8. Орта, жоғары кластарда үйден даярлап келуге сабақ беріп отыру керек.

9. Жат тілде өлең-тақпақ айтуға үйрету керек.

10. Орта, жоғары кластарда жазуға жаттықтыру керек.

Осы күнде талдау әдісінің үш түрі бар:

Бір түрі – әр елдің әдісі: тіл құралының ережелері оқылған сабақтан құратылып шығарылады, бірақ бір тілден екінші тілге аудару болып отырады.

Екінші түрі – көрнекті әдісі. Мұнда шама келгенше ана тілі қолданылмайды. Күндегі өмірде сөйленетін сөздерден бастап, дыбыстармен таныстырғаннан кейін тура әңгімеше сияқты оқуға кіріседі, тіл құрамының ережелері оқылған сабақтан қорытылады. Көрнекті әдіс Еуропада көп таралған. Соңғы 15-20 жылдың ішінде Ресейге де жайылып келеді.

Үшінші түрі – жаратылыс әдісі. Мұнда ана тілі деген, аудару деген болмайды. Бала жаратылысында ана тілін қалай үйренсе, мұнда да жат тілге солай үйрену керек дейді. Бұл әдіс Америкада көп қолданылады.

Әр ел әдісінің қолайсыздығы: оқушы аударуға және тіл құрамына сүйеніп кетеді, сөйлесуге ора шолақ болады.

Жаратылыс әдісінің қолайсыздығы: ана тілді, тіл құралын мүлде керексіз табады. Жат тілді үйретуді ана тілінің жолына түсіріп, жаратылыс заңмен орындау еш уақытта мүмкін емес.

Технердің ойынша, ең дұрыс, қолайлысы – көрнекті әдіс.

Мәскеудегі Центральный Гумманитарный Педагогический Институт жанындағы комиссия үйлестіру әдісін молырақ қолдануды дұрыс табады.

Комиссия пікірінің мазмұны:

1. Мектепте жат тілді толық, мүлтіксіз үйрену мүмкін емес. Сондықтан оқушылардың жаттығу жағын қарастыру керек.

2. Оқушылар ең кемі жат тілдегі кітапты оқи, түсіне білу керек. Ауызекі сөзге түсіне білу керек.

3. Жат елдің мәдениеті, әдебиетімен біраз танысу керек.

4. Оқытушыларды жаттықтыру жолы – жат тілден үйретілген сөздердің мәнісіне түсіндіріп, тіл құрамының ережелерін ұғындыру.

5. Оқыту реттері: оқу, аудару, жаттығу және сөзді көбірек жаттату.

6. Ана тілдің Тіл құралындағы, сөйлем жүйесіндегі ережелермен жат тілдікіні салыстырып отыру.

Фриденбергтің «Еңбек мектебіндегі әдісі»:

1. Мектепте жат тілді оқытқанда сөйлеу жағын ғана мақсат қылуға болмайды.

2. Жат тілді үйреткенде көз, құлақ, қозғалыс әдістерін қолдану керек

3. Оқытушы дұрыс, ашық, қатты сөйлеп оқушыларға үлгі болу керек.

4. Оқушылардың әр сөзді дұрыс айтуына назар салу керек.

5. Ана тілден жат тілге аударудың керегі жоқ.

6. Сөзді құрғақ жаттау жағын азырақ алып, көбінесе сөзді жаттықтырумен есте қалдыру керек.

7. Аударғанда жеке сөздің мәнісінен түсіну қажет емес. Тек сөйлемнің мәнісіне түсінсе болады.

8. Тіл құрамының ережелерін оқушыларға оқылып отырған сөйлемдерден байқау керек.

«Кітап оқу жобасы» Ганчина мен Кестеренікі:

1. Кітап оқу белгілі жобамен болу керек.

2. Оқу екі түрлі: түсіндіре оқу, не шолып оқу.

3. Түсіндіре оқуда ережелер жағынан тексеріледі.

Көбінесе дұрыс, дәл ұғу жағына, сөз мәнісіне, әлпетіне назар салынады. Түсіндіре оқуды II семестрден бастауға болады.

4. Шолып оқуда өз бетімен тексеру үшін үйлерінде де оқитын сабақ беру керек.

«Сөзге байыту жолы» Ганчинанікі:

1. Тексерілетін, жатталатын сөздер көпке ортақ сөздер болу керек.

2. Сөз жаттағанда әуелі деректі сөздерден бастап, содан дерексіз сөздерге көшу керек.

3. Сөзге байыту үшін алғашқы кезде жеке сөздерді көбірек жаттату, артынан сол сөздердің басқа мағыналарын көрсетіп, қосақтап сөйлемдер жасату керек.

4. Құрғақ жаттаумен сөз миға қонбайды, ұмытыла береді. Олай болмас үшін сөздерді қосақтап, өзгертіп сөйлемдер жасату керек.

5. Қосақтау (жіктеу) реті екі түрлі: не сыртқы тұлғасына қарай жұрнақ қосқызу, не бір ұғым айналасына кіретін сөздерді бірінғай жіктеу. Осының екеуін де қолдану керек.

«Жазу жолы» Фридинбергтікі:

1. Тіл үйрету үшін жазу – үлкен құрал.

2. Жазу реттері мынадай болу керек:

а) Тексерілген сабақты түсініп көшіру.

б) Тіл ережелерінің жаттықтыратын сұрауларға жазып жауап беру.

п) Етістіктерге жалғау қосу.

т) Оқып өткеннен кейін кітапты ашып қойып, сөздердің тұлғасы, жағы, шағы сияқтыларды өзгертіп айттыру, жаздыру.

ғ) Көркем әдебиеттен аударту.

д) Бір тақырып алып сол туралы оқушыларды бірлестіріп (коллек) жаздырту.

е) Оқылған әңгімеше сияқтыларды қорыттырып (конспект) жаздырту.

«Алғашқы жылдарда оқыту әдісі және програм» Мамунанікі:

1. Жат тілді оқыту үшін ана тілді білу керек.

2. Сабақтың негізі күндегі ауызекі сөздер болу керек.

3. Көз, құлақ, сезімдерін, қозғалыс орындарын күшейту үшін әр түрлі нәрселер, суреттер, ойындар, өлеңдермен пайдалану керек. Әуелі класқа, одан кейін үйге, қораға, бақшаға, көшеге, қалаға, ауылға, мемлекетке, жер жүзінде тиісті нәрселер болуы керек. Суреттер сол жат елдің тұрмыстарын айқын көрсетерліктей болу керек. Өлеңдер ырғақты болғандықтан әр сөзді дұрыс айтуға жаттықтырады. Өлеңнің арқасында оқушының құлағы жат елдердің тіліне, дыбысына жаттығады. Әр түрлі ойынды ойнағанда, ойнаушылар жаңадан сөз қосады.

4. Алғашқы жұмаларда жазу-оқу болмайды. Тек оқытушы үшінші бөлімде көрсетілген ретпен әр сөзді дұрыс айтуға жаттықтырады. Одан кейін оқытушы оқушыларға таныс сөздерді қара тақтаға жазып, дауыстап оқыттырады. Сөзді бөлмей тұтас оқыту керек. Екінші семестрде таныс сөздерді кітаптан оқыту керек. Оқытушылар таныс сөзді оқыса аудармай ұққандықтан жат тілде ойлауға үйретеді. Алғашқы жылы түсіндіре оқу ғана болу керек. Әуелі оқытушы өзі оқиды. Сол оқылғаннан оқушыларға айтқызады. Содан кейін оқытушы ережелер жағын жіктеп көрсетеді.

5. Оқумен қатар жазуға үйрету керек. Көшірілетін сөйлемдерді күні бұрын түсіндіру керек. Оқушы таныс сөйлемдерді көшіргенде дауыстап оқып отыру керек. Жаттатқызғанда да осылай болу керек. Одан кейін суреттерге қарап нәрселердің аттарын жаздырту, біраздан соң сөйлем құрастыру.

6. Тіл құралы жеке оқылмайды. Тек оқытушы жат тілдің тұлғаларын байқауға үйретіп ана тілінікімен салыстыру керек. Сөйлеудің түйіні етістік болу керек. Нені болса да етістікке байланыстыру керек.

«Әдебиетті оқу жолы» Мамунанікі: Қарап оқу – сабақ берудің негізі. Қарап оқуда екі түрлі, екі мақсат бар: не жат елдің тіл құрылысымен таныстыру, не жат елдің мәдениетімен таныстыру. Оқилуға арналған деректі саясат, шаруашылық, қоғам тұрмысымен байланыстырып сайлап алу керек. Бұл үшін әдейі арналып жазылған кітаптар, журналдар болу керек. Әдейі арналып жазылған кітапта көркем сөз өрнектері қарасөзбен де өлеңмен де болу керек. Және жат тілдің, жат елдің қара шаруалары, жұмысшылары туралы да, төңкеріс қозғалысы туралы да, қазіргі шаруашылық, қоғамшылық туралы да болу керек.

«Аударудың керектігі» – Ганчинанікі. Мәскеудегі білім-тәрбие институтының програмында: «Мектеп жат тілдегі кітапты оқуға, ұғуға үйретеді», - дейді.

Оқылғанды ұғынуға екі жол бар.: бірі – аудару, екінші – сөзге түсіну. Осы күнгі білім, тәрбие пәні аударусыз да жат тілді ұғуға болатындығын сипаттап отыр. Оқылғанды ұғу үшін тілдің, сөзді тұлғасын айыра білу керек.

Оқымастан бұрын таныс емес сөздердің мәнісі, тұлғасы айтылады. Содан кейін оқытушы дауыстап оқиды. Осы ретпен жалпы мәнісі түйістіріледі. Ең артынан оқытушы ұғымсыз сөздердің мәнісін толық түсіндіріп екі сөздің арасындағы байланысты көрсетеді. Бұларды түсіндіргенде бұрынғы таныс сөздерді мысалға алу керек. Онда да қиын жерлерді ғана аудару керек.

Аудару екі түрлі. Бір түрі – жеңіл сөйлемдерді аударғанда, негізіне жақынырақ аудару. Екінші түрі – көркемшілік жағын көздеу. Ана тілден аударудан онша пайда шықпайды. Өйткені мектепте жат тіл туралы алатын білім ана тілден толық аударуға шамасы келмейді.

Қошке Кемеңгерұлы

Қошке Кемеңгерұлы Таңдамалы. Алматы: «Қазақстан», 1996, 185-189 б.

Мектеп қай тілде болу керек? (айтыс ретінде)

Оқудың негізі – ауыл мектебі. Ол мектепті көздеген мақсатқа жеткізу үшін үйі, құралы, сайманы, кітабы, оқытушысы сай болу керек. Қазіргі ауыл мектебінің төрт түлігі сай деп ешкім айта алмайды. Бірі болса, бірі жоқ. Осы күнде ауыл мектептерінде комплекс (жиынды) әдіспен оқыту прграммаға кіргендіктен мектепте алдымен керегі оқытушы болып отыр. Оқытушы жеткілікті біліммен комплексті қолданса, мектептің басқа кем-кетіктерін толтырады. Балаларға керекті білім береді. Өйткені комплекске керек жаратылыс, шаруашылық жағдайлары ауылдан табылады. Ал енді ауыл мектептеріндегі оқытушыларды алсақ, комплекс әдісін жүргізе алатындары некен-саяқ. Жазғы даярлау курстерден, педтехникумдерден шығып жатқан оқытушылар қайда? Қой бағып жүр ме? Курстен шыққан толық білімді пысықшылардың көбі түрлі себептермен басқа орындарда қызметте жүр. Ең аяғы милиция болып жүр, не ілгері қарай оқып кетеді. Педтехникум бітіргендері әке десеңде ауыл мектебіне бармайды. Шаһарлы жерлерде қалады. Сонымен ауыл мектебіндегі оқушылардың көбі басқа қызметтерге қолы жете алмаған, не жарай алмағандар не шалғайлар, не өз шаруасымен байланыстылар. Бұл соңғы реттегі оқытушылар комплекс әдісін жүргізе алмайды. Көрнекті әдіспен оқытуға оқыту аспаптары, кітаптары басқа жағдайлы шарттары болмайды. Екі әдістің бірі болмаған соң, шала білімді оқытушылар бетімен оқыта береді. Балалар тиісті білімді ала алмайды. Осындай дүмбілез біліммен ауыл мектебінен бітіргендер шаһардағы орта мектептердің даярлау бөлімдеріне түседі. Өткен жылға шейін емтихан болған жоқ. Сондықтан әрбір оқытушы біліміне қарамай ілгері бөлімге кіретін болды. Әуелде білім жеткісіз шала жансар болғандықтан орта мектепте оқу ауыр болады. Жөнді түсінбейді, жыл сайын түсінбеу молая береді. Сондықтан бұл уақытқа шейін орта мектеп бітірді деген қағаз алушылар көп, бірақ толық білім алушылар аз.

Және бұл уақытқа шейін ауыл мектебін де бітірмей, болар болмас даярланумен орта мектептерге түсіп жүргендер де көп. Енді емтихан шығып отыр. Бұдан былай ауыл мектептерін бітіргендерге өріс бұрынғыдан тарылады. Қағазбен ілгерілей беруге болмайды. Бұдан былай ауыл мектебі жоғарыдағы айтылған күйде болғанда ауыл мектебін бітіргендер орта мектепке түскенде ілгері бөлімге түсе алмайды. Ауыл мектебінде соңғы жылда оқилуға тиісті сабақтарды бір жыл қайталап оқиды. Олай болса ауыл мектебінің соңғы жылына шығарылған шығын желге кеткен шығын деп есептеу керек. Әзір ауыл мектептеріне жеткілікті комплекс әдісін жүргізерлік оқытушыларды таба алмайтын болсақ, ауыл мектебінде оқу жылдық болу керек. Осыған қарап орта мектептердің неше жылдық болуын шешу керек. Мұны шешпестен бұрын орта мектептерде

оқу қай тілде болу керектігін шешу керек. Кейбір жолдастар орта мектеп орыс тілінде болсын дейді. Ондағы дәлелдері:

1) Қазақ тіліндегі орта мектепті бітіргендер орыс тіліндегі жоғары мектептерге түсе алмайды.

2) Жеткілікті қазақша оқытушы жоқ.

3) Орта мектепке жеткілікті қазақша кітап жоқ дейді.

Әр дәлелдің салмағын өлшеп көрейік. Бірінші дәлелді бетке ұстайтындар: Осы уақытқа шейін жарым-жарты қазақ тілінде болып келген педтехникумдерді, институттерді мысалға алады. Бұларды бітіргендердің орыс тіліндегі жоғары мектептерге түсе алмайтындықтарын көрсетеді. Бұл уақытқа шейін орта мектептегі қазақ оқытушыларының кемшіліктері: 1) Әуелде жеткіліксіз біліммен секірулері. 2) Орыс тіліне шалағайлықтары. Бұған себеп – орыс тілінің қазақ балаларына орыстарға арналған әдіспен оқытылуы. Сондықтан орыс тілінде оқытылатын басқа пәндерге де қазақ балалары түсінбейтін. Бұл кемшіліктерді жоюға болады. Ең мықты дәлел: жеткілікті оқушы жоқ деген. Егер орта мектепте оқу орыс тілінде болса бізден еш уақытта жеткілікті оқытушы шықпайды. Ұлт мектептері, ұлт мәдениеті болмайды. Және басқа түрік ұлттары орта мектебін өз тілінде жүргізіп жатқанда қазақтың өз алдына ауа жайылуы қисынсыз. Орта мектеп орыс тілінде жүрсе қазақ тілінде кітап басылудың қажеті болмай қалады. Пән кітаптары қазақ тіліне аударылмайды. Жеткілікті кітап жоқ деген күшті дәлел емес. Бірсыпыра кітап шығып қалды. Орта мектепте қолданылатын лабораторный әдіске қолайлы кітаптарды шығару бір-ақ жылдық жұмыс. Орта мектепте оқу қазақ тілінде болса, алдымен керегі жаңа түрмен орыс грамматикасын қазақшаға үйлестіру ғана «Орысша-қазақша толық тілмаш» шығару. Осы күнде орыстарда неміс, ағылшын тілдері қандай әдіспен оқытылса, бізде де орыс тілі сондай әдіспен оқытылу керек. Орыс тілін оқытудан бастамастан бұрын, орыс тіліндегі әдебиет, пән кітаптарын түсініп оқырлық дәрежеге жеткізу не болмаса орысша сөйлеу, орысша сөз, сөйлеммен дұрыс құрастыру көбінесе тәжірибемен болады. Орта мектепте қазақша тиісті пәндерден толық мағлұмат алғандар, орыс тілін толық үйренгендер орыс тіліндегі жоғары мектептерге даусыз түсе алады. Жалғыз-ақ тіліндегі пән кітаптарының терминдерін бір шолып өтсе болады. Әзірге ашылып отырған, ашылатын орта мектептерді қазақ тілімен жүргізу үшін орта, жоғары мағлұматы барлардан реттілерін таңдап алып оқыту әдісін үйрету үшін үш айлық курс ашып, орыстың атақты оқытушыларын шақырып отыру керек.

Енді бір бес жылда орта мектептерге жеткілікті оқытушылар еркін шығады. Оған шейін жеткілікті оқытушылар шығарғанмен табылмайды деп, үміт кесетіндер басым болса тәжірибе үшін Ташкент пен Қызылордадан екі орта мектеп ашып бірыңғай өтуді қазақ тілінде жүргізу керек. Орта мектеп қазақ тілінде болса, жоғары мектеп те бара-бара

қазақшаға айналады. Орта мектеп қазақ тілінде болған күнде округтік қалада ашылатын 2-басқыш мектеп те, педтехникум де жеті жылдық болу керек. Екеуінің де алғашқы үш жылы даярлау болады. Даярлауышқа ауыл мектебін бітіргендер кіреді. Үш жылдық даярлауышта жана әдіспен орыс тілін көбірек оқыту керек. Осы даярлауышты бітіргендердің 50 процентін техникумдерге, рабфактарға жіберіп отыру керек. 3 жылдық даярлауышты жақсы бітіргендер техникум, рабфакке кіріп орыс тілінде берілетін сабақтарды тыңдауға әбден жарайды. Әр ауданда жатақты (интернат) 5 жылдық үлгілі мектеп болу керек. Осы күнде мұндай мектеп Өзбекстанда ашылғалы жатыр. Мұны бітіргендер орта мектептің негізгі бөліміне түсетін болсын. Енді ауыл мектептері көпшілікке отырықшылыққа қарай үйлес болу керек.

Қошке Кемеңгерұлы

Қошке Кемеңгерұлы Таңдамалы. Алматы: «Қазақстан», 1996, 190-192 б.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
«Дала уалаятының газеті»	7
«Айқап» журналы	16
«Қазақ» газеті	30
«Сарыарқа» газеті	73
«Абай» журналы.....	79
«Шолпан» журналы	93
«Ақ жол» газеті	124
«Сана» журналы	209
«Таң» журналы	221
«Жас Түркістан» журналы	232
Тіл мәселесіне қатысты құжаттар	241
Алаш қайраткерлерінің жинақтарынан алынған тіл мәселесі туралы материалдары.....	253

«Қазақ энциклопедиясының» Бас директоры
ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі,
филология ғылымдарының докторы, профессор
Б.Ө.ЖАҚЫП

Қайрат САҚ

АЛАШ КӨСЕМСӨЗІ:

ТІЛ МӘСЕЛЕСІ

КӨПТОМДЫҚ

II том

Редакторы МАУЫТОВ Н.К.
Корректоры ӘЛІМҰХАМЕТОВА М.Қ.
Тех. редакторы АҚЫЛОВ С.Т.

**АЛАШ КӨСЕМСӨЗІНІҢ
ТАҚЫРЫПТЫҚ КӨПТОМДЫҒЫНЫҢ
II-ТОМЫ**

**Ғылыми жоба жетекшісі
және жалпы редакциясын басқарған:**
Қайрат Сақ – ф.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің профессоры

Құрастырушылар:
Эльмира Ерікқызы – жобаның ғылыми қызметкері
Алтынтас Дәулетқызы – жобаның ғылыми қызметкері.

ISBN 9965-893-98-5



Басуға 05.07.2014 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x90 1/16. Офсеттік баспа. Шартты б.т. 25,0.
Таралымы 2000+400 дана. Тапсырыс №

Қазақстан Республикасы Мәдениет және Спорт министрлігінің
«Қазақ энциклопедиясы» ЖШС
050035, Алматы қаласы, 8-ықшамаудан, 19^а-үй.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі, 41.